

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
НАО «АТЫРАУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Х. ДОСМУХАМЕДОВА»  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

NJS "Kh.DOSMUKHAMEDOV ATYRAU UNIVERSITY"



Қазақ Педагогикалық ғылымдар Академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Шолпан Исағалиевна Жанзақованың** 60 жасқа толу мерейтойына арналған **«ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭТНОПЕДАГОГИКА: ӘДІСНАМАСЫ, ТӘЖІРИБЕСІ, БОЛАШАҒЫ»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары

13 қараша 2020

Материалы международной научно-практической конференция **«ЭТНОПЕДАГОГИКА В МИРОВОЙ И КАЗАХСТАНСКОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ: МЕТОДОЛОГИЯ, ПРАКТИКА, ПЕРСПЕКТИВЫ»**, посвященная 60 - летию академика Казахской АПН, доктора педагогических наук, профессора **Шолпан Исағалиевны Жанзақовой**.

13 ноября.2020

Materials of international scientific and practical conference **"ETHNOPEDAGOGY IN THE WORLD AND KAZAKHSTAN SYSTEM OF EDUCATION: METHODOLOGY, PRACTICE, PROSPECTS"** will be held, which is dedicated to the 60th anniversary of professor **Sholpan Issagaliyevna Dzhanzakova**, the academician of the Kazakh Academy of Pedagogical Sciences, and Doctor of Pedagogical Sciences.

November 13.2020

Атырау, 2020

УДК 37.0(069)  
ББК 74.00  
Ә 45

*Жалпы редакциясын басқарған* **Идрисов С.Н.**- Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау университетінің ректоры

*Жауапты редакторлар* **Қойшығұлова Л.Е.**- Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау университетінің проректоры  
**Базарғалиев Ғ.Б.**- «Педагогика»  
кафедрасының доценті, п.ғ.к.,  
**Иманғалиев А.С** - п.ғ.д., профессор;  
**Мұханбетжанова А.У.**-п.ғ.д., профессор;  
**Умирбекова Ж.Б.**-п.ғ.к., профессор.

**ISBN 978-601-262-397-0**

**Ә28«ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭТНОПЕДАГОГИКА: ӘДІСНАМАСЫ, ТӘЖІРИБЕСІ, БОЛАШАҒЫ»:** Қазақ Педагогикалық ғылымдар Академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Шолпан Исағалиевна Джанзакованың** 60 жасқа толу мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. **«ЭТНОПЕДАГОГИКА В МИРОВОЙ И КАЗАХСТАНСКОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ: МЕТОДОЛОГИЯ, ПРАКТИКА, ПЕРСПЕКТИВЫ»:** Сборник международной научно-практической конференции посвященная 60 - летию академика Казахской АПН, доктора педагогических наук, профессора **Шолпан Исағалиевны Джанзаковой.** - Атырау: «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» баспасы. 2020, 434 бет.

**ISBN 978-601-262-397-0**

Жинақта еліміздегі және әлемдік білім- ғылым кеңістігіндегі этнопедагогика мен этнопсихология мәселелерінің маңыздылығы және оны зерделеудің заманауи мүмкіндіктері ғылыми-теориялық, әдіснамалық, практикалық тұрғыдан қарастырған халықаралық және еліміздегі көрнекті ғалымдардың пайымдаулары берілген. Сонымен қатар, ЖОО профессор- оқытушылары мен колледж жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің, докторанттар мен магистранттардың ұлттық идея, білім беру жүйесіндегі оқу- тәрбие үдерісін этнопедагогикаландыру жөніндегі ғылыми- тәжірибелік жүйеленген мақалалары ұсынылған.

В сборнике представлены материалы по проблемам этнопедагогике и этнопсихологии в научно- образовательном пространстве и возможности теоретических, методологических и практических аспектов современных исследований в трудах отечественных и зарубежных ученых, преподавателей вузов, докторантов и магистрантов, учителей школ и колледжей.

2020 жылғы 13 қарашада Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде өткен

**«ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ  
ЭТНОПЕДАГОГИКА: ӘДІСНАМАСЫ, ТӘЖІРИБЕСІ, БОЛАШАҒЫ»**

атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ашылуында Университет Ректоры,  
профессор С.Н.Идрисовтың  
сөйлеген сөзі

***Құрметті Республикалық ғылыми-практикалық конференция қонақтары, әріптестер!***

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Педагогика» кафедре – лабораториясының меңгерушісі, Қазақ Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Джанзакова Шолпан Исағалиқызының** 60жылдық мерей тойына арналған **«ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭТНОПЕДАГОГИКА: ӘДІСНАМАСЫ, ТӘЖІРИБЕСІ, БОЛАШАҒЫ»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қош келдіңіздер!

Педагогика ғылымында өзіндік орны бар, болашақ педагог мамандарды даярлау, шәкірт тәрбиелеу мен оқыту ісін дамытуға үлкен үлес қосып жүрген республикаға белгілі жетекші ғалымдарымыздың бірі - Джанзакова Шолпан Исағалиқызы 60 жасқа толып отыр. Саналы өмірін білім беру саласына арнаған ұстаз 1960 жылғы 13 қарашада Гурьев қаласында дүниеге келді. 1978 жылы Гурьев қаласындағы №1 Гагарин атындағы мектепті бітіріп, Гурьев педагогикалық институтының биология-химия факультетінің «биология және химия пәнінің мұғалімі» мамандығын 1983 жылы үздік тәмамдайды. Шолпан Исағалиқызы алғаш еңбек жолын Гурьев қаласындағы №7 орта мектепте биология және химия пәнінің мұғалімі болып бастады. 1988 жылдан бүгінге дейін жоғары кәсіби білім беру саласында – Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ұстадық етіп келеді. Еңбек мансабын педагогика және психология кафедрасының оқытушысы қызметінен бастап, лауазымдық өсудің әр түрлі сатысынан өтті. 1991 жылы кафедраның аға оқытушысы, 2000 жылы Психология кафедрасының меңгерушісі, 2005 жылы Сырттай қысқартып оқыту факультетінің деканы қызметін, 2008 жылы университет жанындағы педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі БД 14.61.02 біріккен диссертациялық кеңестің хатшысы, 2010 жылы Жалпы және халықтық педагогика кафедрасының профессоры, 2011 жылдан бері «Педагогика» кафедре – лабораториясының меңгерушісі қызметін атқарып келеді.

Құрметті Шолпан Исағалиқызы! Қандай да бір лауазымды жұмыстарды атқарсаңыз да, оған асқан жауапкершілікпен, адал да ар тазалығымен қарайтынызды біз, әріптестеріңіз, жақсы білеміз. Сіз ғылым саласында еселі ғылыми ізденіспен еңбек етудесіз. Біз сіздің кәсіби педагогикалық шеберлігіңіз бен әділдігіңізді, ғылыми ортадағы беделіңіз бен танымалдығыңызды құрмет тұтамыз және мақтан етеміз.

Джанзакова Шолпан Исағалиқызы отандық педагогика ғылымына зор үлес қосқан ғалым. Соның бір айғағы, өзінің ғылыми еңбектерінен бастап, жетекшілік еткен шәкірттерінің кандидаттық, докторлық диссертацияларының тақырыптары бүгінгі білім берудің өзекті проблемаларына арналған. Бүгінде ғылыми бағыт берген жүздеген шәкірттеріңіз республикамыздың түпкір-түпкірінде еселі еңбек етуде.

Қазіргі уақытта елімізде қоғамдық өмірдің барлық саласында, оның ішінде, күрделі де қиын саласы – **білім мен тәрбие беру** жүйесінде де тиімді түрде модернизациялау мен трансформациялау процесі жүріп жатыр. Өйткені ұлттық білім мен тәрбие берудің салаларын жүйелі реформалау зор әлеуметтік-практикалық маңыздылыққа ие. Алайда қазіргі этнопедагогикалық білім мен тәрбие беру жүйелерін түбегейлі реформалау жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың бірлігі негізінде ғана толық жүзеге асуы мүмкін.

Білім беру саласын жүйелі реформалау жаңа әдістемелік тәсілдерді, идеяларды және парадигмаларды қажет етеді. Нақтырақ айтсақ, тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан өз ұлттық білімі мен тәрбие беру саясатын жете зерттеу мен жүзеге асыру сияқты қиын да жаңа мәселелерді алға қойып отыр. Осы тұрғыдан алғанда бүгінгі өткелі отырған конференцияны сондай ізденістердің жалғасы, болашақ шешімін табуды қажет ететін жаңа мәселелерді қоятын ғалым-ұстаздар мен практик-ұстаздар қатысып отырған басқосу деуге толық негіз бар. Бүгінгі халықаралық конференцияның тақырыбы - **«ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭТНОПЕДАГОГИКА: ӘДІСНАМАСЫ, ТӘЖІРИБЕСІ, БОЛАШАҒЫ»** дұрыс аталған.

Еліміз егемендік жолымен дами бастаған жылдарда біз де әлемдік білім кеңестігіне кіре отырып, олардың озық тәжірибелерінен үлгі алу мақсатында белгілі қадамдар жасадық, басқа елдердің іс-тәжірибелерімен таныстық. Бізге осы елдердегі педагогикалық процестерді оңтайландыру теориясы, дамыта оқыту мен тәрбиелеу, үздіксіз білім беру және жастарды саяси қолдау тұжырымдамалары ерекше қызығушылық тудырды. Сонда байқағанымыз, ХХ ғасырдың аяғына қарай көптеген дамыған елдерде білім мәселесін елдің стратегиялық мақсаттарының бірі деп қарастырып, алдын-ала қамданулары. Мысалы, АҚШ Президенті жанындағы Ұлттық комиссия «ХХІ ғасыр үшін американдықтардың білімі», ал Германияда «Білім болашақ үшін», Францияда «Болашақ білімі», Жапонияда «ХХІ ғасыр үшін білім беру үлгісі» деген ұлттық жобалар жасалған. Мұның бәрі – осынау үшінші мыңжылдықта кез-келген орнықты түрде дамушы елдерде білім беру басымдылығы басты заң болып табылады деген ойды нақтылай түседі. Сонымен білім берудің жаңа парадигмаларының концептуалдық негізі жоғары білімді бай рухани мазмұндылықпен жеке мен жалпының мүддесін икемді үйлестіре алатын гуманистік ойлауды қалыптастыруға ықпал етуі керек. Ендеше, жекелеген этностар өз ерекшеліктерін *-тілін, ділін, руханиятын* сақтай отырып, әлемдік әлеуметтік кеңістікпен қауышуы қажет.

Қазақстан көп ұлт мекендейтін ел. Сондықтан республикамызда этносаралық және конфессияаралық келісімді, адамзаттық бірлікті қамтамасыз ету біздің еліміздің жалпы дамуының, әлеуметтік-экономикалық, саяси жаңғыруының маңыздышарты болып табылады, әлеуметтік саясатымыздың басты бағыттарының бірі болып есептелінеді.

Бұл мәселеде өскелең ұрпақ арасында этностық және діни төзімділік идеялары мен дәстүрлерін әрі қарай нығайтуға негіз болуы тиіс бірқатар шаралар аталған. Солардың ішінде үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріне арналған этномәдени білім мен тәрбие беру бағдарламасын әзірлеуге ерекше көңіл аударылған.

Дәстүрлі принциптерді сақтай отырып, біздің оқу орнымызда да білім мен тәрбие беру жүйесін заман талабы мен ұлт мүддесін қорғау ісіне бағыттау мақсатында біраз жұмыстар істелуде. Солардың бірі егемен ел ретінде дами бастаған күнімізден бастап, университетімізде ұлттық құндылықтарға, білім мен тәрбиенің этномәдени аспектілеріне ерекше назар аударылуын айтар едім.

Мен бүгін өз жұмысын бастағалы отырған Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда ұлттық білім мен тәрбие берудің негізгі басымдықтары айшықталып, болашақтағы дамуына ғылыми-әдістемелік болжамдар жасалынады, сөйтіп келешекте зерттелетін жаңа проблемалар тұжырымдалады деген сенімдемін.

**Құрметті конференцияға қатысушылар! Сіздерге шығармашылық шабыт, творчестволық табыс, жұмыстарыңа сәттілік тілеймін!**

## БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕГІ ІШКІ РЕЗЕРВТІҢ МАҢЫЗЫ

А.Қ.Құсайынов, д.п.н., профессор, академик

Педагогикалық ғылымдар академиясы, Алматы

*Ключевые слова: система образования, среднее образование, качество обучения, внутренний резерв, эксперимент, система управления*

*Аннотация: В статье представлена информация о проводимом эксперименте «Повышение качества образования на научной основе». Цель эксперимента – широкое использование внутреннего резерва области, районов, школ для повышения качества системообразующих.*

*В 2018-2019 учебном году в эксперименте приняли участие 1554 ученика и 138 учителей 2 и 6 классов 18 школ Толевийского и Ордабасинского районов. Поскольку эксперимент оказался успешным, в 2019-2020 учебном году к нему присоединились Отырарский и Сайрамский районы, и было решено продолжить его в 3 и 7 классах Толевийского и Ордабасинского районов. Всего в эксперименте приняли участие 43 школы, 385 учителей и 3171 учащийся из 4 районов.*

*Keywords: education system, secondary education, quality of teaching, internal reserve, experiment, management system*

*Annotation. The article tells about the running experiment on the scientifically-based improvement of quality of education. Эксперимент был направлен на улучшение использования внутреннего резерва области, районов и школ для повышения качества системообразующих компонентов.*

*In the 2018-2019 academic year, 1,554 students and 138 teachers of grades 2 and 6 of 18 schools in Tolebi and Ordabasin districts participated in the experiment. Since the experiment was successful, in the 2019-2020 academic year, Otyrar and Sairam districts joined it, and it was decided to continue it in grades 3 and 7 of Tolebi and Ordabasin districts. A total of 43 schools, 385 teachers and 3171 students from 4 districts participated in the experiment.*

Қазіргі уақытта білім сапасын көтеру, әсіресе ауыл мектептерінде оқитын оқушылардың білім сапасын көтеру – мемлекеттік деңгейдегі аса маңызды проблемалардың бірі болды. Білім сапасын бағалаудың Халықаралық PISA зерттеулері де, елімізде, бұл проблеманы шешудің қажеттігін көрсетіп отыр [1].

Орта білім беру жүйесі аса күрделі жүйе, сондықтан оның басқа да күрделі жүйелер сияқты көптеген жүйе құраушылары болады. Біз өз зерттеулеріміздің негізінде білім беру жүйесінің 8 жүйе құраушысын қарастыру қажет деген қорытындыға келдік. Олар: білім стандарттары мен оқу бағдарламалары; оқу әдебиеті; педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі; білім мониторингі; рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру; ғылыми-зерттеу жұмыстары; басқару жүйесі; материалды-техникалық база [2].

Осы жүйе құраушыларының қайсы болса да білім сапасын көтеруге ықпал етеді. Демек, орта білім беру сапасы жоғары болуы үшін, оның жүйе құраушыларының сапалары да жоғары болуы керек. Осы жүйе құраушыларға жеке-жеке тоқтап айтар болсақ, біріншіден, білім стандарты мен оқу бағдарламалары оқушылардың функционалды сауаттылықтарын қалыптастырып, нәтижеге бағдарланған білім бере алатындай деңгейде жазылуы керек; екіншіден, оқушылар қолданатын оқу құралдарының сапалары жақсы болуы керек; үшіншіден, барлық сыныптарда барлық пәндерден сабақ беретін мұғалімдердің кәсіби құзыреттері жоғары болуы қажет; төртіншіден, жоғарыда айтылғандай, барлық сыныптарда оқитын барлық

оқушылардың білім сапалары барлық пәндер бойында бірдей бағалануы керек; бесіншіден, барлық сыныптарда оқушыларға, олардың жас ерекшеліктеріне қарай саналы тәрбие беру мәселесі іске асырылуы керек; алтыншыдан, білім сапасын көтеруге қажетті ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, олардың нәтижелерін тәжірибеде қолдануды іске асыру керек; жетіншіден, әлемдік озық тәжірибелерге негізделген басқару жүйесі енгізілуі керек, әсіресе, әлемдік тәжірибе негізінде, аудандық білім беру жүйелері мен мектептерді басқару ісіне кадр тағайындау мәселесі ерекше назарда болуы керек; сегізіншіден, мектептер қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілуі керек.

Бұл біздің пайымдауымыз, орта білім сапасына қатысты басқа ғалымдардың да өз пайымдаулары болуы мүмкін. Біз басқа пайымдауларды да қарастыруға дайынбыз, себебі бұл ғылыми мәселе. Ал ғылымда шек жоқ.

Осындай қорытынды жасай отырып, орта білім беру сапасын көтеру мәселесін төмендегі формула арқылы көтеруге болады деп тұжырымдама жасадық. **Бұл формула, білім сапасы мен оны құраушылардың байланысын көрсетеді. Білім сапасын құраушылардың сапасы жоғары болса білім сапасы да жоғары болады (профессор А.Құсайыновтың формуласы):**

$$C_{\text{біл}} = C_{\text{ст}} + C_{\text{о}} + C_{\text{ккб}} + C_{\text{мс}} + C_{\text{т}} + C_{\text{ғзж}} + C_{\text{бас}} + C_{\text{мтб}}$$

$C_{\text{біл}}$  – білім сапасы;

$C_{\text{ст}}$  – білім стандарттары мен оқу бағдарламаларының сапасы;

$C_{\text{о}}$  – оқу әдебиетінің сапасы;

$C_{\text{ккб}}$  – педагог кадрлардың кәсіби біліктілігінің сапасы;

$C_{\text{мс}}$  – білім мониторинг сапасы;

$C_{\text{т}}$  – рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы;

$C_{\text{ғзж}}$  – ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасы;

$C_{\text{бас}}$  – басқару жүйесінің сапасы;

$C_{\text{мтб}}$  – материалды-техникалық база сапасы [3].

Еліміз егемендік алған жылдардан бері білім сапасын құраушылардың әрқайсысының сапасын көтеру мақсатында көптеген жұмыстар атқарылды. Арнайы академиялар, институттар, орталықтар құрылып, оларға нәтижелі жұмыс жасаулары үшін қажетті қаражат бөлінді. Олар жоспарлы түрде, тиесілі жұмыстарын атқарды. Олардың жұмыстары қадағаланып, бағаланып отырды. Бірақ, білім сапасы көтерілмеді. Неге?

Әлемдік тәжірибе, барлық елдерде осындай бағыттарда көптеген жұмыстар жүргізілетінін, ал білім сапасы осы жұмыстар ғылыми негізде жүйелі түрде жүргізілген елдерде ғана көтерілетінін көрсетіп отыр. Сонда біз осы жұмыстарды «ғылыми негізде жүйелі түрде жүргізу» дегенді қалай түсінуіміз керек? Ол үшін тағы да білім сапасын қарастырайық.

**Бір шелек суды тазарту үшін, алдымен, бір тамшы суды тазартуды үйрену керек. Бұл шындық. Егер біз бір тамшы суды жақсы тазарта алатын болсақ, онда бір шелек суды да, бір тонна, он тонна суды да жақсы тазарта алатын боламыз. Білім беру сапасын көтеру мәселесін де осылай қарастыру керек. Біз, алдымен, бір оқушының білім сапасын көтеруді іске асыра білуіміз керек. Егер бір оқушының білім сапасын көтере алатын болсақ, онда онымен бірге бір сыныпта оқитын барлық оқушылардың, басқа да жүздеген, мыңдаған, он мыңдаған оқушылардың білім сапаларын көтере алатын боламыз.**

Егер білім сапасы, жоғарыда айтылғандай, барлық жүйе құраушылардың нәтижелілігін көтеру мақсатында жүйелі түрде атқарылған жұмыстардың негізінде көтерілетін болса, онда бір оқушының білім сапасын көтеру үшін осы жүйе құраушылардың сапасын көтеру жұмыстарын сол оқушыға қатысты ғылыми негізде жүйелі түрде жүргізу керек. Сонда ол баланың білім сапасы көтерілетін болады. Бұл оқушылардың білім сапасын көтеру жұмыстарының ғылыми негізде жүйелі түрде жүргізілуі болып табылады.

**Енді осыны мектептегі оқу үдерісіне қатысты қарастырайық. 7-ші сыныпта оқитын бір оқушының білім сапасын көтеру үшін, біріншіден, 7-ші сыныптың оқу стандарты мен барлық оқу бағдарламалары талапқа сай жазылуы керек; екіншіден, оқушылар жақсы жазылған оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі керек; үшіншіден, осы сыныпта барлық пәндерден сабақ**

беретін мұғалімдердің кәсіби деңгейлері жоғары болуы қажет; төртіншіден, барлық оқушылардың білім деңгейін барлық пәндер бойында бірдей бағалауға қол жеткізу керек; бесіншіден, барлық оқушыларға, олардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, саналы тәрбие беру мәселесі іске асырылуы керек; алтыншыдан, білім сапасын көтеру мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оның нәтижелерін білім сапасын көтеруге қолдана білу керек; жетіншіден, мектепте, сыныпта басқару жұмыстарын сапалы жүргізу керек; сегізіншіден, сыныпты қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету керек.

Осы жұмыстар тегіс атқарылатын болса, онда сол оқушының және онымен бірге бір сыныпта оқитын басқа да оқушылардың білім сапасы көтерілетін болады. Жұмысты осылай жүргізе отырып, жүздеген, мыңдаған балалардың білім сапасын көтеруге болады.

Бұл әрине теориялық тұжырым. Тәжірибе жүзінде оны іске асырып көруге болады ма? Бұл жұмыстан қандай нәтиже болады?

Бізді осы сұрақтар ойландыратын еді.

Оқушыларға тәлім-тәрбие беру жұмыстары, негізінен, мектептерде атқарылады. Сондықтан, бұл теориялық тұжырымдаманың дұрыстығын мектептерде эксперимент жүргізіп қана анықтауға болады.

Жоғарыда, елімізде барлық жүйе құраушылардың сапасын көтеру мақсатында республикалық деңгейдегі мекемелер мен ұйымдардың басшылығымен көптеген жұмыстар атқарылып жатқаны айтылған болатын. Бізге «**облыстық, аудандық білім басқармаларының, мектептердің ішкі резервтерін пайдалана отырып, осы құраушылардың сапаларын көтеру мақсатында ғылыми негізде жүйелі жұмыс жүргізілетін болса, оқушылардың білім сапасы қандай деңгейге көтерілген болар еді?**» деген ой келді.

Ойластырып көрсек, Білім стандарттары мен оқу бағдарламаларының, оқу әдебиетінің, ғылыми жұмыстардың сапаларын көтеру жұмыстары тек қана республикалық деңгейдегі мекемелер мен ұйымдардың басшылығымен атқарылатын жұмыстар екен. Ал қалған құраушылардың сапасын көтеру мақсатында, ішкі резервтерді пайдалана отырып, жүйелі жұмыстар атқаруға болады.

Осы оймен, 2018 жылы көктемде Түркістан облыстық Адами әлеуетті дамыту басқармасының басшыларымен бөлістік. Олар бұл идеяны мақұл алып, Төлеби және Ордабасы аудандарында эксперимент өткізу жөнінде шешім қабылдады.

Төмендегі суретте эксперимент идеясы көрсетілген.



**1-сурет – Орта білім беру сапасын көтеру мақсатында ішкі резервті пайдалану**

Суреттің жоғары жағында білім сапасын көтеру мақсатында тек республикалық деңгейдегі мекемелер мен ұйымдардың басшылығымен атқарылатын жұмыстар, ал сол жағында, ішкі резервтерді пайдалана отырып білім сапасын көтеру мақсатында жұмыс жүргізуге болатын жүйе құраушылар көрсетілген.

Эксперименттің мақсаты – ішкі резервтерді пайдалана отырып, жүйе құраушыларының



сапасын көтеру негізінде оқушылардың білім сапасын көтеру.

Экспериментті нәтижелі жүргізу үшін оның Тұжырымдамасы жасалып бекітілді. Онда эксперименттің мақсаты мен міндеттері, педагог кадрлардың, білім мониторингінің, рухани адамгершілік және патриоттық тәрбие берудің, экспериментке қатысты жүргізілетін зерттеу жұмыстарының, басқару жүйесінің, материалдық база сапасын көтеру мақсатында атқарылуы қажетті жұмыстар көрсетілді[4].

Осы Тұжырымдама негізінде оны жүргізудің Кешенді бағдарламасы жасалды. Онда Облыстық әдістемелік орталықтың (ОӨО), Аудандық әдістемелік кабинеттердің (АӘК) және экспериментке қатысатын мектептердің (ЭМ) атқаратын жұмыстары көрсетілді.

Экспериментті қолдау мақсатында Түркістан (Шымкент) облыстық білім басқармасы, Педагогикалық Ғылымдар Академиясы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ашық акционерлік қоғамы (НЗМ ААҚ) және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті (ОҚМУ) арасында 4 жақты меморандум жасалды.

Экспериментке 2018-2019 оқу жылында Төлеби және Ордабасы аудандарынан 18 мектептің 2-ші және 6-шы сыныптарында оқитын 1554 оқушы және 138 мұғалім қатысты. Эксперимент нәтижелі болғандықтан оған 2019-2020 оқу жылында Отырар және Сайрам аудандары қосылып, Төлеби және Ордабасы аудандарында 3-ші және 7-ші сыныптарда оны жалғастыру жөнінде шешім қабылданды. Жалпы экспериментке 4 ауданнан 43 мектеп, 385 мұғалім және 3171 оқушы қатысты.

Экспериментке қатысатын мұғалімдер арнайы таңдалып алынған жоқ. Қандай сыныптар алынса, сол сыныптарда сабақ беріп жүрген мұғалімдер алынды. Мұндағы мақсат мектептің шынайы жағдайын ескеру болды. Экспериментке еңбек өтілі аз, санаты төмен, мемлекеттік және жекеменшік оқу орындарын сырттай оқыған көптеген мұғалімдердің қатысты.

Ауылдық жерлерде орналасқан мектептерде 2 оқу жылында көлемді эксперимент жүргізу барысында қиындықтар да болды. Біз – осы экспериментке қатысушы барлық әдіскерлер мен ұстаздар, айына бір рет бас қосып, оның барысын, жетілдіру жолдарын, кездескен проблемаларды шешу мәселесін талқылап, ақылдасып отырдық. «Кемедегінің жаны бір» деген принципті ұстанып, бір команда ретінде ортақ нәтижеге бірлесе жұмыс жасадық. Бұл дұрыс шешім болды, оның дұрыстығын өткізілген Ақылдасу сабақтары да дәлелдеп отырды.

Ақылдасу сабақтарын өткізу эксперименттің бір жаңалығы болды. Оның мақсаты – ұстаздар қауымдастығын құрып, мұғалімдердің сабақтарды бірге дайындап, қатысып, оларды ашық түрде талқылау болды. Бұл жаңалықты ұстаздар қауымы үлкен түсінушілікпен қабыл алды.

**2018-2019** оқу жылында Ордабасы ауданында **975**, Төлеби ауданында **604**, жалпы **1579** ақылдасу сабақтары өткізілді. Бұл сабақтарды талқылауға шамамен **6000 аса мұғалімдер қатысты**. Ал **2019-2020** оқу жылында экспериментке қатысқан мұғалімдер **3000**-нан аса Ақылдасу сабақтарын өткізіп, ол сабақтарға **12000**-нан аса мұғалім қатысты.

Ақылдасу сабақтары мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін көтеруге, бірге жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыруға, бір-біріне шынайы қолдаушы болып, сабақ сапасын көтеру проблемаларын бірге талқылап шешуге, білім сапасын критериялды бағалау жүйесін жетілдіруге және қандай тақырыптар бойынша ПШО мен НИШ тренерлерінің көмегі қажет екенін анықтап, өздерінің шеберліктерін жетілдіріп отыруларына оң ықпал етті.

Іс-сапармен келгенде оқушылармен, ата-аналармен кездесіп, сұхбаттасып отырдым. Бір мектепте мынадай әңгіме естідім. Эксперимент жүргізіліп жатқан 2-ші сыныпта оқитын оқушы сабақтан кейін үйге келгенде ата-анасына: *«Біздің сабақтарға басқа мұғалімдер жиі келіп қатысады. Біздің апай сабақты өте жақсы беретін болғандықтан, олар үйрену үшін келеді екен»* депті.

Бұл әңгіме мені қатты толқытты. Осындай сөздер айтқан оқушының ұстазына деген мақтаныш сезімінің артқанын сезіп, осынша құрметке ие болған мұғалімнің оқушылары жақсы оқушы болатынына ешқандай шүбә келтірмесек те болады, біздің мақсатымыз да осы емес пе?! – деп ой түйдім.



Эксперименттік сыныптарда «Мұғалім–оқушы–ата-ана» үштігінің жұмысын жетілдіруге көп көңіл бөлінді. Оқу жылы басында ата-аналарға эксперименттің мақсат-міндеттері түсіндіріліп, сабақтарға қатысып жүрудің, ашық қарым-қатынас жасаудың қажеттілігі мен маңыздылығы түсіндірілді, ата-ана күндері белгіленді. Осындай жұмыстардың арқасында ата-аналардың белсенділігі артты. Олар «Білім сапасын көтеру үшін ата-аналар не істеу керек?» – деген тақырыптарда жиналыстар өткізетін болды. Мен 2 мектепте осындай тақырыпта өткен ата-аналар жиналыстарына қатысып, дән риза болдым. Жиналысқа көптеген ер адамдар қатысты. Осы үштіктің жұмысы жақсы деңгейге қойылған сыныптарда оқушылардың білім сапасы, міндетті түрде, көтерілетін болады.

Эксперимент «Кадр бәрін де шешеді» деген қанатты сөздің шындығын тағы да дәлелдей түсті. Осы экспериментке қатысқан әдіскерлер, мектеп басшылары мен ұстаздар ай сайын жолығып, кеңесіп отырғандықтан 2 жыл уақыт ішінде бір-бірімізді әбден түсінгендей болдық. Барлығымыздың көзіміз жеткен бір шындық, ол, аудандық әдістемелік кабинеттің басшысы ниетті болса эксперимент жұмыстары аудан көлемінде дұрыс жолға қойылады, мектеп директоры ниетті болса, мектепте дұрыс жүргізілетін болады.

Әлемдік тәжірибеде білім беру саласында жүргізілетін реформалар мен оқушылардың білім сапасын көтеру жұмыстарының нәтижелілігі мектеп директорларының жұмысына тікелей байланысты болатынын көрсетіп отыр.

Осыны ерте түсінген Жапон елі мектеп директорларын білім беру сапасын көтерудің басты қозғаушы күші ретінде қабылдап, оларды тағайындау мәселесіне мемлекеттік деңгейде ерекше мән береді. Жапонияда адами қасиеті мол, оқушылар мен ата-аналарға сыйлы, тәжірибелі ұстаз әдіскер дәрежесіне көтеріледі, танымал әдіскерлердің ішінен директордың орынбасарлары бекітіледі, ал мектеп директорлары – сол директордың орынбасарларының ішінен конкурстық тұрғыда тағайындалады. Осындай жұмыстардың негізінде білім беру саласында өзіндік орны, айтар ойы бар, басқару ісін жетік меңгерген, танымал, білікті ұстаз мектеп директоры болып тағайындалады.

Біз осы тәжірибені де ой елегінен өткізгеніміз дұрыс болар деп ойлаймын.

Эксперимент жұмысына үлкен ұстаздық жүреппен, жас ұрпақ келешегіне деген аталық қамқорлықпен, шынайы адал көңілмен қатысқан Төлеби және Отырар аудандарының әдістемелік кабинеттерінің меңгерушілері А.Тұрғанова мен Д.Ембайға, экспериментке қатысқан көптеген мектеп директорлары мен олардың орынбасарларына, (бірінен-бірін бөле алмағандықтан аттарын айта алмай отырмын), көптеген ұстаздарға шынайы алғысымды білдіргіміз келеді. Осы жандардың риясыз мол еңбегінің арқасында эксперимент нәтижелі жүргізілді.

Жасалған Меморандум негізінде эксперименттің жақсы жүруіне Шымкент қаласындағы ПШО мен НИШ мектептерінің тренерлері мен М.Әуезов атындағы ОҚМУ оқытушылары мол көмек көрсетті.

Экспериментке қатысқан сынып оқушыларының **білім сапасы** салыстырмалы түрде **3 бағытта**: бірінші, **Төлеби ауданында** экспериментке 2018-2019 оқу жылынан бері **қатысып келе жатқан 10 мектеп** пен 2019-2020 оқу жылында **қатысқан 20 мектептің арасында**; екіншіден, **Отырар ауданында** экспериментке **қатысқан 5 мектеп** пен **қатыспаған 5 мектептің арасында**; үшіншіден, **Ордабасы ауданында** экспериментке 2018-2019 оқу жылынан бері қатысып келе жатқан 4 мектептің ішінде **экспериментке қатысқан сыныптар мен қатыспаған сыныптар** арасында анықталды.

Осы салыстырмалы зерттеулердің нәтижесінде төмендегідей **қорытындылар жасауға болады**:

– **Төлеби ауданы** бойынша білім сапасын көтеру мақсатында ішкі резервтерді пайдалана отырып 6 бағыт бойынша жүйелі түрде жұмыс жасауға **бір жыл көлемінде болса да машықтанған мектеп ұжымы**, ондай тәжірибе жинамаған мектеп ұжымына қарағанда, оқушыларға **жақсы білім бере алды**;

– Отырар ауданының Әдістемелік кабинеті мен экспериментке қатысқан мектептер ұжымы білім сапасын көтеру жұмыстарын 6 бағыт бойынша жүйелі түрде жүргізуінің арқасында, экспериментке қатыспаған мектептерге қарағанда, жақсы нәтижеге жетті;

– Ордабасы ауданының тәжірибесі бір мектептің ішінде білім сапасын көтеру жұмыстары 6 бағыт бойынша жүйелі жүргізілген сынып оқушыларының білім сапасы, ондай жұмыстар жүйелі жүргізілмеген сыныптарға қарағанда, жоғары болатынын көрсетті.

Салыстырмалы зерттеулер, эксперимент идеясының дұрыстығын, ішкі резервтерді кеңінен пайдалана отырып білім сапасын құраушылардың сапасын көтеру мақсатында жүргізілетін жұмыстар жүйелі түрде, бір баланың, бір сыныптың білім сапасын көтеруге бағытталып атқарылатын болса, онда сол сыныпта оқитын оқушылардың білім сапасы көтерілетінін дәлелдеп отыр.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құсайынов А. Салыстырмалы педагогика. – Алматы: ROND&A, 2011. – 256 б.
2. Құсайынов А. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы, 2013. – 196 б.
3. Құсайынов А.Қ. Алғы сөз // Білім сапасын ғылыми негізде көтеру: Түркістан облысы Ордабасы және Төлеби ауд. 2018-2019 о.ж. жүргізілген эксперименттің қорытынды есептер жинағы. – Алматы: ПФА, 2019. – 264 б.
4. Түркістан облысында білім сапасын ғылыми негізде көтеру мақсатында өткізілетін эксперименттердің тұжырымдамасы. – Түркістан, 2019. – 16 б.

**ББК 74.00**

**УДК**

### **ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ В СТИМУЛИРОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ СТУДЕНТОВ В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ВУЗЕ**

**Л.В. Мардахаев**, д.п.н., профессор,  
Российский государственный социальный университет, г. Москва (Россия)  
Почетный академик МАНПО,  
Заслуженный работник высшей школы РФ

*Ключевые слова:* воспитание, профессиональное воспитание, социализация, профессионально-ориентированная социализация.

*Резюме:* в статье раскрываются сущность и содержание социализации и профессионально-ориентированной социализации обучающихся в вузе; сущность профессионального воспитания, его назначение в стимулировании профессионально-ориентированной социализации студентов в педагогическом вузе.

Социализация – это естественный, закономерный процесс социального развития, определяющий личностное становление человека, направленность и качественное самоизменение его социальности на протяжении всей его жизни. Она является следствием реализации социальности конкретного человека, обуславливающей его социальное становление и дальнейшее самоизменение, под воздействием социокультурной среды жизнедеятельности, воспитания и самоактивности. [6]

Профессиональная подготовка педагогов представляет собой особую среду и учебно-воспитательный процесс, под воздействием которых происходит профессиональное становление педагогов. По своей сущности профессиональное становление педагогических кадров в вузе представляет собой их профессионально-ориентированную социализацию. По ней понимается – *естественный, закономерный процесс социального становления специалиста в процессе его обучения по профессиональному назначению*. Такое становление сопровождается идентификацией специалиста по его педагогическому назначению и предусматривает:

- становление *сферы сознания* (мировоззрения), обусловленное содержанием педагогической деятельности;
- овладение *своеобразием культуры профессионально-педагогического поведения*, сложившегося и принятого в педагогическом сообществе;
- складывание *социоролевого положения в социуме*, обусловленного профессией педагога;
- становление *чувства долга и личной ответственности* выпускника – деонтологии педагогической деятельности;
- формирование *индивидуального стиля профессиональной деятельности педагога*;
- накопление *опыта педагогической деятельности по профессиональному назначению*.

По своей сущности профессиональная идентифицированность (от лат. *identifico* – отождествлять) педагога – это свидетельство степени соответствия выпускника личности педагога по его профессиональному (предметному или социально-педагогическому) назначению. Такая идентификация (самоидентификация) представляет собой становление личностной тождественности обучаемого в соответствии с его профессиональным назначением, в том числе и педагога. Она представляет собой естественный процесс профессионально-личностного становления (социализации) и развития обучаемого на основе его профессионального обучения и профессионального воспитания в социокультурной среде вуза (колледжа), а также профессиональной деятельности в период практики. По ней можно судить о типичности (не типичности) становления выпускника как педагога.

Результат профессионально-ориентированной социализованности выпускника (выпускников), его (их) идентифицированности следует рассматривать как с позиции выпускника, так и с позиции вуза (колледжа)

С позиции выпускника – самоидентифицированность, как он сам оценивает себя, насколько соответствует личности педагога, образ которого у него сформировался в процессе овладения им профессией.

С позиции вуза (колледжа) – степень идентифицированности выпускника (выпускников), характерная для конкретного учебного заведения. Эта конкретность обусловлена совокупностью факторов, характерная для конкретного вуза (колледжа), которые выступают наиболее существенными факторами профессионально-ориентированной социализации студентов:

- благоприятность среды, которая характеризуется нравственно-психологической атмосферой обучения; традиции вуза (колледжа);
- организация учебно-воспитательного процесса;
- профессиональное воспитание;
- информационная и методическая обеспеченность сопровождения учебного процесса, а также их доступность для обучаемых;
- профессорско-преподавательский состав и прежде всего предметной подготовки (особый фактор!) – личный пример для обучаемых;
- развитость научной базы и базы практик
- мотивированность и активность самообразовательной деятельности студентов.

Самоидентификация и идентификация как оценка соответствия – это инструментальный выявления результата идентификационного становления (профессиональной

идентифицированности) конкретного человека в ситуации профессиональной подготовки, профессиональной деятельности на уровнях самооценки или аттестационной оценки.

Профессионально-ориентированное идентификационное становление происходит в социокультурной среде вуза (колледжа), под воздействием сложившихся в ней профессионально-ориентированных взглядов, ценностей, носителями которых выступает профессорско-преподавательский состав, их профессионально-педагогической подготовленности, устоявшихся эмоциональных связей, определяющих формирование мировоззрения обучаемых; профессионального воспитания; норм и правил, выступающих регулятором их профессионального поведения в период различных видов практик, обусловленных потребностями профессионального назначения выпускника, а также мотивированности и активности каждого из них в процессе овладения профессией. [6]

*Социокультурная среда вуза* – это тот социокультурный фон, на котором происходит профессионально-ориентированная идентификация обучаемых. Как говорят: «Среда порождает себе подобных». Наиболее благоприятная среда, как правило, складывается в профильных вузах (военных, педагогических, медицинских, технических и пр.), где сформировался профессорско-преподавательский состав со своей деонтологической основой профессиональной деятельности, культурой взаимоотношения, сложившимся опытом подготовки соответствующих кадров.

*Профессорско-преподавательский состав* – это престиж и авторитет вуза – своего рода лакмусовая бумажка, характеризующая потенциал формирования будущего специалиста. Именно он обеспечивает профессиональную идентификацию обучаемых. Как профессионалы педагоги выступают первичным и ярким примером личной культуры и профессионализма для студентов. Известна истина, что только личность формирует личность, а в вузе (колледже) – становления личности профессионала. Богатство личности профессорско-преподавательского состава вуза определяется: духовно-нравственной основой отношения к обучающимся и педагогической (профессиональной) деятельности, обусловленной их профессиональной подготовленностью, педагогическим мастерством, общей культурой и культурой профессиональной деятельности. Многие известные ученые и специалисты с большой гордостью называли и называют себя учениками ведущих преподавателей вузов, у которых они учились.

Пандемия, проявившаяся в мировой практике, в том числе и в России, привела к активизации дистанционных форм обучения, в том числе и в системе профессиональной подготовки кадров. Практика показала, что подобная форма в исключительный период имеет право быть. Появились даже утверждения, что в скором времени она может стать основной формой обучения. Однако, реализация задач обучения в дистанте позволило выявить существенные недостатки в обеспечении, профессионально-ориентированной социализации (идентификации) в процессе становления выпускника. К таким недостаткам следует отнести:

- нарушается духовная связь «педагог – обучающийся», «преподаватель – студент»;
- педагог не чувствует дыхания аудитории, реакции обучаемых, не может управлять их познавательной деятельностью, адекватно реагировать на ситуацию в аудитории, проявление отдельных студентов, адекватно реагировать на нее;
- студент не чувствует общего настроения познания – он одинок, порой быстро теряет интерес к учебному материалу, адекватно реагировать на приглашения к диалогу с преподавателем;
- студент в лучшем случае стремится продемонстрировать свое участие в учебном процессе, получить оценку, а не знания;
- не редко в учебный студента процесс вклиниваются факторы, негативно сказывающиеся на его активность в обучение (появляется ребенок, кошка или собака, нарушается связь и многие другие);
- некоторые студенты, чтобы продемонстрировать свое участие, подключается к занятиям на улице, в автобусе, метро, на рабочем месте или еще где, которые никак не могут быть благоприятными для обучения.

Встречаются и множество других подобных примеров негативного проявления на учебный процесс. Изложенное позволяет сделать вывод, что дистанционное обучение не может заменить аудиторного, оно должно только дополнять его. При этом необходимо адекватно оценивать трудозатраты педагогов на информационное дополнение образовательной деятельности. Важно включать дополнительную нагрузку, обусловленную потребностями информационных технологий, в учебную нагрузку преподавателей, а решать эту проблему за счет его личного времени.

*Профессиональное воспитание студентов* – это один из компонентов стимулирования их становления как специалистов, профессионально-ориентированной социализации (идентификации) по профессиональному назначению.

Обращаясь к материалам, представленным в системе Интернет, показало, что проблема «профессионального воспитания» не получила предметного исследования. Под ней понимают:

- целенаправленный процесс движения личности к самостоятельно и добровольно выбранной профессии;
- формирование профессиональных и личностных качеств, способов и стратегий профессиональной культуры человека – основы для решения актуальных социально-профессиональных задач;
- часть общей системы воспитания, формирующей отношения в сфере «Человек-профессия», и др.

Изложенное не позволяет понять, что же такое профессиональное воспитание. По своей сущности воспитание – это целенаправленный процесс обеспечения становления культуры обучаемого по профессиональному назначению. При этом понятие «культура» – это и мировоззренческое, и эмоциональное, и поведенческое проявление в соответствии с определенным идеалом. Термин «профессиональное» свидетельствует о направленности воспитания, обусловленного потребностями становления обучаемого как специалиста по профессиональному назначению. Данный факт побуждает обратиться к компонентам становления идентификационности специалиста по его педагогическому назначению (что должно сформироваться) и выделить в нем аспект профессионального воспитания, к которым относятся:

- *сфера сознания выпускника*, определяющая педагогическую направленность его личности;
- *культура профессионально-педагогического поведения*;
- *осознание социоролевого положения как педагога*;
- *чувства долга и личной ответственности* выпускника – деонтологическая основа его педагогической (профессиональной) деятельности;
- *индивидуальный стиль профессиональной деятельности педагога*;
- *опыт педагогической деятельности по профессиональному назначению*.

*Сфера сознания выпускника* формируется всем учебно-воспитательным процессом, и на занятиях и во внеучебное время. Посредством учебного процесса студент приобретает собственно педагогическое знание, на основе которого у него формируется педагогическое мировоззрение, интересы, мотивы, цели, идеалы по профессиональному назначению. Это мировоззрение характеризует особенности педагогической направленности личности каждого выпускника. Эта направленность носит деонтологический характер, так как обусловлена нравственным сознанием педагога. Она проявляется в его потребностях, интересах, мотивах, целях, идеалах, осознанном отношении к себе как специалисту-профессионалу, повседневно выполняющему особую социально значимую миссию, своей профессиональной деятельности и ее нравственно выраженной результативности. По своей сущности деонтологическая направленность педагога – это *движитель его социализации и повседневного проявления* в профессиональной сфере деятельности, в быту, в работе над собой.

Профессиональное воспитание по формированию деонтологической направленности будущих педагогов реализуется через содержание читаемых учебных дисциплин и внучебную воспитательную деятельность.

*Культура профессионально-педагогического поведения* – это качественная характеристика повседневного педагога. В ней представлены личностные особенности, через которые педагог повседневно реализует свое профессиональное мастерство по своему социальному назначению. Понимание ее существа определяется тем, что профессиональная деятельность педагога реализуется через его личность и педагогическую культуру деятельности. Культура личности педагога проявляется через: культуру образа жизни; культуру внешнего вида; культуру поведения; культуру речи.

Как отмечал С.А. Калабалин: «Каждый педагог хочет он или нет, воспитывает по образу своему и подобию, а, значит прежде всего сам должен являться примером настоящего человека» [3, с. 135]. Это связано с тем, что в процессе обучения педагог представляет собой авторитет, уважение и любовь обучающихся. Он невольно становится для них примером, которому многие его обучающиеся подражают, или наоборот, если они его не любят, то не любят и предмет, который он преподает.

Осознание выпускником своего *социоролевого положения как педагога* – понимание, что он выполняет государственную функцию – непосредственно участвует в формировании личности подрастающего поколения. Ему доверяют исключительно ценное в государстве – благополучие и перспективы личностного роста. Как подчеркивала Г.К. Калабалина: «Нам, педагогам, доверили самое дорогое в жизни – детей, которых мы должны вырастить достойными сынами и дочерьми нашей великой Родины. Поэтому мы всегда должны быть требовательными к себе, повышать свою деловую квалификацию, идейно-политический уровень, расширять общий кругозор, быть активными строителями новой, замечательной жизни...» [1, с. 210].

*Чувства долга и личной ответственности* выпускника – деонтологическая основа его педагогической (профессиональной) деятельности. Такая основа формируется в процессе подготовки педагога в вузе (колледже). **Деонтология педагога** – это учение о его нравственном долге как специалиста-профессионала. Оно включает идеалы, ценности, требования, нормы, принципы и правила его нравственно-обусловленного профессионального поведения. Эта нравственная обусловленность складывается естественным образом в среде жизнедеятельности социального педагога. По существу деонтология педагога позволяет определить нравственные требования, предъявляемые к его личности и профессиональной деятельности и находит свое проявление деонтологической готовности и деонтологической культуре.

*Деонтологическая готовность* представляет собой состояние предрасположенности знаний, умений, навыков педагога к выполнению им деятельности в соответствии с требованиями профессионального долга. Она формируется на морально-этической (деонтологической) основе овладения профессиональным мастерством (профессиональной подготовленности специалиста) и предрасположенности к осознанной нравственной самореализации в профессиональной сфере деятельности.

*Деонтологическая культура педагога* – это качественная социально-педагогическая характеристика его подготовленности и повседневного проявления в профессиональной сфере деятельности в соответствии с требованиями деонтологии (нравственных норм и правил профессиональной деятельности). Она основывается на нравственно-мировоззренческих установках и включает в себя взаимосвязь его деонтологической направленности и профессиональной подготовленности, определяющие повседневное проявление.

*Чувства долга и личной ответственности выпускника* формируется всем учебно-воспитательным процессом вуза (колледжа), начиная с первого курса и до выпуска. Обеспечивается это на основе деонтологического подхода к профессиональной подготовке. Важнейшим фактором его действенности выступает профессиональное воспитание. Оно определяет направленность и содержание воспитательной деятельности по обеспечению профессионального становления каждого студента, стимулированию его профессионально-ориентированной социализации.

*Индивидуальный стиль профессиональной деятельности педагога* – это личностно-ориентированное деятельностное проявление педагога, которое приобретает профессионально выраженный характер. Главным в индивидуальном стиле – это гуманность педагогической деятельности по профессиональному назначению и ее результативность. В нем отражается сама личность педагога и его личностное деятельностное своеобразие. Конкретного педагога

Изложенное находит отражение в *опыте педагогической деятельности по профессиональному назначению студентов, приобретенным ими в процессе подготовки в вузе (колледже)*.

Действенность профессионального воспитания студентов во многом определяется, насколько удастся обеспечить их мотивированность и активность в самообразовательной деятельности. Только сам студент может овладеть профессией в социокультурной среде вуза (колледжа), когда он мотивирован, может грамотно выстраивать свою самообразовательную деятельность и активно реализовывает себя в самообразовании.

Таким образом, в процессе подготовки педагога происходит профессионально-ориентированная социализация каждого обучаемого, ведущая его к идентификации по профессиональному назначению. Важнейшей составляющей этого процесса является профессиональное воспитание, которое стимулирует развитие профессионально-ориентированной социализации студентов, мотивируя и активизируя их целенаправленную и целесообразную самообразовательную деятельность.

### Литература:

1. Калабалин, А.С. Педагогические размышления. – 2-е изд., испр. и доп. / А.С. Калабалин; сост. и ред. Л.В. Мардахаев. – Москва: Группа МДВ, 2017. – 256 с.
2. Калабалина, Г.К. Педагогические размышления: сборник. – 2-е изд., испр. и доп. / Г.К. Калабалина; сост. и ред. Л.В. Мардахаев. – Москва: Группа МДВ, 2018. – 312 с.
3. Калабалин, С.А. Педагогические размышления: сборник. – 2-е изд., испр. и доп. / С.А. Калабалин; сост. и ред. Л.В. Мардахаев. – Москва: Группа МДВ, 2019. – 408 с.
4. Кертаева, Г.М., Мардахаев, Л.В. Формирование деонтологической направленности сознания будущих педагогов / Г.М. Кертаева, Л.В. Мардахаев // ЦИТИСЭ: Электр. науч. журнал. – 2015. – № 4 (4). – С. 17.
5. Мардахаев, Л.В. Профессионально-ориентированная социализация обучающихся и необходимость ее стимулирования / Л.В. Мардахаев // ЦИТИСЭ: Электронный научный журнал. – 2017. – № 3(12).
6. Мардахаев, Л.В. Социальная педагогика: педагогика становления и развития личности : учебник для студентов средних и высших учебных заведений, магистрантов и аспирантов / Л.В. Мардахаев. – Москва ; Берлин : Директ-Медиа, 2019. – 260 с. DOI: 10.23681/493546
7. Мардахаев, Л.В. Социализация в становлении личности: социально-педагогический подход / Л.В. Мардахаев // ЦИТИСЭ: Электронный научный журнал. – 2018. – №1 (14).
8. Мардахаев, Л.В. Профессиональная идентификация в процессе профессионально-ориентированной социализации обучаемых / Л.В. Мардахаев// ЦИТИСЭ: Электронный научный журнал. – 2019. – №1 (18).
9. Мудрик, А.В. Социализация вчера и сегодня : учеб.-метод. пособие / А.В. Мудрик. – М. : Московский психолого-социальный институт, 2006.
10. Мудрик, А.В. Социальная педагогика: учеб. для студ. пед. вузов / А.В. Мудрик. – 7-е изд., испр. и доп. – М. : Издат. центр «Академия», 2009. – С. 8–149.
11. Профессиональное воспитание // Электронный ресурс / [https://career\\_counseling\\_support.academic.ru/372/профессиональное\\_воспитание](https://career_counseling_support.academic.ru/372/профессиональное_воспитание) (дата обращения 25.10.2020)



**ЭТНОПЕДАГОГИКА  
В КОНТЕКСТЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ:  
АКТУАЛИЗАЦИЯ НАУЧНОГО НАСЛЕДИЯ Г.Н. ВОЛКОВА**

**ETHNOPEDAGOGICS  
IN THE CONTEXT OF INTERCULTURAL COMMUNICATION:  
ACTUALIZATION OF THE SCIENTIFIC HERITAGE OF G. N. VOLKOV**

**ЭТНОПЕДАГОГИКА  
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ КОНТЕКСІНДЕ:  
Г. Н. ВОЛКОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫН ӨЗЕКТЕНДІРУ**

С.Л. Михеева, канд. филол. н.

Чувашский государственный педагогический университет  
им. И.Я. Яковлева, г. Чебоксары (Россия)

О.А. Дмитриева

Чувашский государственный педагогический университет  
им. И.Я. Яковлева, г. Чебоксары (Россия)

А.П. Никитин

Чувашский государственный педагогический университет  
им. И.Я. Яковлева, г. Чебоксары (Россия)

*Ключевые слова:* этнопедагогика, Г.Н. Волков, межкультурная коммуникация, межэтническое взаимодействие

*Key words:* ethnopedagogics, G. N. Volkov, intercultural communication, interethnic interaction

*Түйіндісөздер:* этнопедагогика, Г.Н. Волков, мәдениетаралық коммуникация, этносаралық өзара іс-қимыл

«Этнопедагогика» пәні бойынша қазақ этнопедагог-ғалымдары көрсетілген құралдардан басқа да төмендегі оқу құралдарын шығарып пайдалануда:

1. Әбілова З.,Қалиева К. Этнопедагогика оқулығы.- Алматы. ҚХӘТМУ,1999.-394 б.;

2.Дүйсембінова Р.Қ. Қазақ этнопедагогикасын мектеп практикасына ендіру. –Алматы: Ғылым, 2000.-356 б.;

3.Мағауова А. Этнопедагогика в системе профессиональной подготовки учителя.- Семипалатинск: СГУ,2001 .- 77 с.;

4. Бахтиярова Г.Р. Халық тағылымы – тәрбие қайнары: қазақ этнопедагогикасы материалдарын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауда пайдалану.-Алматы:Ғылым,2002.-177 б.;

5.Тілеуова С., Әліпбек А. Этнопедагогика.- Шымкент: ХҚТУ, 2004.-187 б.

6. Қурбанходжаев С.Н., Аңламасова Г.А. Этнопедагогика.- Түркістан Қ.А.Ясауи атындағы: ХҚТУ, 2005.-148 б.;

7.Қалиев С.,Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. – Астана: 2007.-400б.;

8.Баубекова Г.Д.Этнопедагогика. –Астана : Дарын , 2007.-210 с.;

9.Есекешова М.Д.Этнопедагогика.-Астана : Принт – А, 2007.-125 б.;

10.Ибраева К.Ж.Этнопедагогика в профессиональном образовании . –Астана: 2007.-137 с.;

11.Джанзакова Ш.И. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері.- Атырау,2007.-293 б.;

12. Төлеубекова Р.К.,Жұматаева Е. Этнопедагогика .- Павлодар: ПМУ, 2007. -124 б.;

13.Мұқанова Б., Ильясова Р. Этнопедагогика.- Астана : Фолиант, 2008.-400 б.;

14.Чемоданова Г.И . Этнопедагогика.- Петропавловск: СКГУ, 2008.-123 с.;

15.Байсарина С.Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы, 2009.-200 б.;

16.Ибраимова Л.Н. Этнопедагогика.- Тараз: ТарМПИ, 2009. -124 б.;

17.Көшербаева А.Н., Шолпанқұлова Г.К. т.б. Этнопедагогикалық білім негіздері. – Алматы: Адам және қоғам, 2009.-131 б.;

18. Айтжанова З.Ж. Этнопедагогика. – Ақтау: КМТЖИУ , 2010.-91 б.;

19.Еркибаева Г. Этнопедагогика.- Алматы: ГигаГЕЙД, 2012.-126 с.;

20.Сманова Н.Т.Этнопедагогика.- Алматы: Нұр Принт,2012.-135 б.;

21.Хайруллин Г.Т. Этнопедагогика.- Алматы: Мир,2012. -78 с.;

22.Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика.-Алматы: Қарасай, 2012. -248 б.;

23.Қожахметова К.Ж.,Джанзакова Ш.И. Этнопедагогика–дербес оқу пәні.- Алматы: Қазақ университеті, 2013.-177 б.;

24.Ботабаева Ә.Е.,Ботабаев Н.Е., Саипова А.Т.Этнопедагогика.-Тараз: 2013.-168 б.;

25.Дүйсенбаев А.Қ. Этнопедагогика.-Ақтөбе,2013.-186 б.;

26.Қалиев С.,Кукушин В.С. Этнопедагогика.-Алматы: Дәуір, 2014. -336 б.;

27.Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика.-Алматы: Қазақ университеті,2014.-256 б.;

28. Ұзақбаева С.А. Этнопедагогика.-Алматы, 2018.-310 б.;

29. Бахтиярова Г.Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті.-Ақтөбе,2019.-354 б.;

30. Джанзакова Ш.И. Этнопедагогика жеке оқу пәнінің ғылыми құрылымы.-Атырау: Х.Досмухамедов атындағы АУ,2020.-318 б.



«Этнопедагогика» оқу пәні бойынша жарық көрген жоғарыдағы оқу құралдарына мазмұндық талдау Қ.Бөлеевтің «Қазақ этнопедагогикасының дамуы» атты оқу құралдарында жан-жақты жасалынған [12].

Болашақта жоғары педагогикалық оқу орындарының оқытушылары мен бағдарлама авторларына ескеретіп айта кететін мәселе, болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындайтын «Этнопедагогика» оқу пәнінен типтік бағдарламасы мен оқу құралдарының атын «Қазақ этнопедагогикасы» деп атап, оны негізгі пән ретінде оқыту керек. Сондай-ақ «Қазақ этнопедагогикасы» оқу пәнінің жаңа типтік бағдарламасын және соған сай оқулық жасау қажеттігі туындап отыр. Біздіңше «Қазақ этнопедагогикасы» оқу пәнінің типтік бағдарламасының құрылымдық мазмұны мынадай үш бөлімнен тұратынын анықтадық: Кіріспе. 1 бөлім-«Қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық және теориялық негіздері»; 2 бөлім-«Қазақ этнотәрбиесі»; 3 бөлім-«Қазақ этнодидактикасы»; Қазақ этнопедагогикасы пәні бойынша жарық көрген әдебиеттер. Қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық және теориялық негіздері – қазақ этнофилософиясы, қазақ этнофольклористикасы, қазақ этномәдениеттануы, қазақ этнографиясы, қазақ этнопсихологиясы, қазақ этнопедагогикасының тарихы бойынша зерттеулер арқылы жасалынады. Қазақ этнотәрбиесіне қазақтың ұлттық тәрбиесінің түрлері – еңбек, кәсіби, адамгершілік, имандылық, эстетикалық, экологиялық, дене, салауаттылық, патриоттық, ұлтжандылық, құқықтық, экономикалық, отбасылық тәрбиелер бойынша зерттеулер арқылы жасалады. Қазақ этнодидактикасына қазақтың халықтық білімдерін оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану бойынша жасалынады. Сонда ғана қазақ этнопедагогикасы – болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындаудың негізі болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан. – 2.04.2017 ж.; Ұлы даланың жеті қыры//Егемен Қазақстан. –21.11.2018 ж.
2. Бөлеев Қ. Қазақ халқының этнопедагогикасы Оқу пәнінің бағдарламасы. – Жамбыл: ЖамМПИ,1992.-17 б.
3. Жарықбаев Қ.Б.,Қалиев С.К., Әбілова З.»Қазақ этнопедагогикасы» дәрісінің бағдарламасы. – Алматы: РБК,1993.- 47 б.
4. Ұзақбаева С. А., Қожахметова К.Ж.Қазақ этнопедагогикасы.Оқу бағдарламасы.-Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университеті. 1995.-19 б.; Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы.- Алматы: Өнер, 1998.-22 б.
- 5.Табылдиев Ә.Қазақ этнопедагогикасы. Оқу бағдарламасы.-Алматы:Қазақ университеті, 2004.-36 б.
- 6.Тотанова А.С., Қыяқбаева Ұ.Қ. Этнопедагогика . Типтік оқу бағдарламасы.-Алматы:Абай атындағы ҚҰПУ,2006.- 12 б.
- 7.Джанұзақова Ш.И. «Этнопедагогика» арнаулы пәннің бағдарламасы,- Атырау: Х.Досмұхамбетов атындағы АтМУ,2006,-12 б.
- 8.Қалиев С., Имашева А.Т. «Этнопедагогика» курсының бағдарламасы.- Алматы: КазМемҚызПУ, 2009. –13 б.
- 9.Пірәлиев С.Ж., т.б. Этнопедагогика.Типтік оқу бағдарламасы.-Алматы: Абай атындағы ҚҰПУ, 2010, 2013, 2017.-17 б.
10. Бөлеев Қ. Қазақ этнопедагогикасының дамуы. Оқу құралы.- Тараз: ТарМПИ, 2012. –165 б.



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКА ӘДІСНАМАСЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Таубаева Ш.Т., *Әл-Фараби атындағы  
ұлттық университеттің педагогика  
және білім беру менеджменті кафедрасының  
профессоры, педагогика ғылымдарының докторы*

Қазіргі таңда педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы **әлемдік педагогикалық мәдениеттің гуманистік құндылықтары мен дәстүрлеріне бағытталу** қажеттілігі айқын көрініс табуда. Оқытушы шеберлігі оқыту үдерісін үлгілей отырып, оның мазмұнына инновациялық астарын қоса білуінде және білім алушылар бойында этикалық мінез-құлық, адамгершілік сипаттарды қалыптастыру үшін жағымды жағдай жасауында.

Қашан да әрбір азамат ұлттық дүниетанымы төңірегінде ойланып, өз жобасын құрастырып, оның қисынды іске асуын ойша пайымдап жүретіні бәрімізге мәлім нәрсе. Ұлттық даму тұжырымдамасы ұлттық идеядан бастау алады деп тұжырымдайды. Ұлттық идея жайлы саясаткерлер, тарихшылар, психологтар, мәдениеттанушылар салалы пікірлер айтуда. Бұл орайда ұлттық өркениет Батыс пен Шығыстың өркениетінен нәр алатынын тілге тиек етеді. Мақсатымыз – ұлттық сананы, психологияны, ойлау жүйесін, дүниетанымын, парасатын, рухын, бейнесін, сондай-ақ ұлттың инновациялық қабілетін дамыту. Бұл дегеніміз – ұлттың генеалогиялық құрылымы мен генетикалық қорын белгілі бір тұжырымдама негізінде пайымдау. Осының бәрі – ұлттық қауіпсіздігімізге, өркениетке алдыңғы қатарда кіріге алуымызға себеп болмақшы [1].

Қазақстан жаһанданушы әлемге енуде, болашаққа мақсатты ұмтылуда. Осы үдерісте ол өз тарихына ерекше ден қойып, тәуелсіздік жағдайында тарихты жаңадан пайымдауда, өйткені тарихсыз халық және оның мәдениеті жоқ. Мәдениеттің рухани құндылықтарсыз өмір сүре алмайтыны ақиқат. Заманауи қазақ жастарының, Ұлы дала ұрпақтарының санасын рухани жаңғыртуда тарихи тұлғалардың әлемнің және өз Отанының біліміне, ғылымына, мәдениетіне қосқан үлесі, өмірлік қағидалары мен әділеттік жолындағы күресі, адамзатқа жасаған игілік істері сияқты құндылықтардың маңызы арта түсуде. Сондай тұлғалардың бірі – Әбу Насыр әл-Фараби.

Адамзат тарихында ұрпаққа тәрбие берудің жалпы адамзаттық идеяларын жүзеге асырып, жаңа педагогикалық жүйенің қалыптасуында өз заманында Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған әлемге әйгілі ойшыл, ғұлама ғалым, ұлттың ұлы кемеңгері кемел адам тұжырымдамасын жасаған Әбу Насыр әл-Фараби мен толық адам концепциясын ұсынған ұлт данышпаны Абай Құнанбаевтың алатын орны ерекше. Әл-Фараби жетілген тұлғаны тәрбиелеу үшін **«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»** деген басты қағиданы ұсынды [2; 3; 4].

Қазақстандағы педагогика ғылымы қазақтың ұлттық рухы, тілі, тарихы, мәдениеті, менталитеті мен тәрбие жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихын, әлемдік мәдениеттің жетістіктерін, жалпы адамзаттық тәрбие тарихын тұжырымдау негізінде қазақтың тәрбие тәжірибесін әлемдік педагогикаға танытатын ғылым болуы тиіс. Бұл мақсат заманауи тәуелсіз Қазақстан жағдайында халықтың рухани ахуалына, ұлттық болмысына сай қазақ педагогикасының әдіснамасын жасауды қажет етеді. Бұл ретте Қазақстан Республикасындағы ХХ ғасырдың 50-жылдарынан, яғни көрнекті ғалым, мемлекет қайраткері Төлеген Тәжібаевтың зерттеулерінен өз бастауын алатын этнопедагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістерінің даму бағыттары, әдіснамасы, мазмұн мен зерттеу әдістерін жүйелі іске асыру арқылы жас ұрпақтың тарихи, мәдени, лингвистикалық, географиялық санасын, демек ұлттық санасын қалыптастыру мақсаты өзектендіріле түсуде [5].

Ұлттық сана халықтың ұлттық коды болып танылады. Ұлттық мазмұндағы білім мен тәрбие нақтыланып, білім беру үдерісінен орын алуда Әсіресе, тәрбие үдерісін зерттеудің әдіснамасын жаңарту қажеттілігі, жүйе құраушы тұғырларды іздестіруге әкелді. Демек, тәрбиенің ұғымдық-түсініктік аппаратын, теориясы мен технологиясын, әлеуметтік және этникалық педагогиканың базалық категорияларын түсіну мен бағалауға жаңаша көзқарас қажет болды.

Тәрбиелік заңдылықтарды біле отырып, тәрбие жұмыстарын алдын ала болжауға және ол іске терең мазмұндық, әрі әдістемелік мән-бағдар беруге болады. Тәрбие мәселелерін зерттеу үшін тәрбиенің дүниетанымдық негіздері туралы түсінік нақтылануда. Тәрбиеде дүниетанымдық көзқарастың қызметтері орасан зор. Қоғамда және жеке адамда дүниетанымдық ұстанымдардың ауысуының бірнеше себептері бар. Олар: **өкіметтік элитаның ауысуы, екіншіден, дүниетанымдық көзқарастардың өзгеруіне ғылым күшті әсер етеді. Үшіншіден, халықтық ұлттық және тарихи ерекшеліктері, дәстүрлері.** Сонымен, дүниетанымдық көзқарас идеяларының негізгі көздері өкімет, ғылым және халық. Дүниеге көзқарастың ядросы – адамның шығуы, оның жердегі миссиясы және мәнмәнділіктегі орны туралы идеялар. Бұл мәңгілік күрделі сұрақты түсіну үшін тәрбиеленуші адамның жауапкершілігі және педагогикалық өзіндік санасы болуы керек. Педагогикалық өзіндік сананың құрамына өзін-өзі тану ( өзін-өзі байқау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі іске асыру, өзін-өзі өзектендіру) және өзін-өзі бақылау (өзін-өзі бағалау, өзіндік тиімділік) енеді [6].

Жиырмамыншы ғасырдың соңында педагогика бірегей ғылыми негіз болып табылған марксистік идеологиядан бұғауынан босанып шықты. Теориялық ой феноменология, герменевтика, постмодернизм сияқты бағыттармен байыды. Қазір іргелі тәрбие теориялары қалыптасты деп батыл айту қиын. Дегенмен, тәрбие феноменін зерттеуге бағытталған теориялық тұғырларды қысқаша талдап көрейік. Өйткені тұғырдың өзі педагогикалық шынайы болмысты зерттеудің тұжырымдамаларын ұсынып, тәрбиенің қайсібір бейнесін ұсынады. Әр тұғырдың өз категориялары, теориялық пайымдаулары жеткілікті.

Қазіргі кезде тәрбие теориясында **қалыптастырушы), мәдениеттанымдық, синергетикалық әлеуметтендірушілік, герменевтикалық, антропологиялық психотерапевтік** тұғырлар жеткілікті деңгейде нақтылануда. Тәрбие жүйесіне және тәрбиелік қатынастарды құруға **үш жаһандық дүниетанымдық жүйелер** өз әсерін тигізуде. Олар: **космоцентризм, теоцентризм және антропоцентризм.** Космоцентризм - өте ертеден келе жатқан дүниетанымдық жүйе. Оның негізіне бастан-ақ Табиғат пен Космосты ерекше дәріптеу алынған. **Космоцентризм** адамның, қоғамның және табиғаттың дамуының бірдей заңдылықтарының қызметін көрсететін жаһандық дүниетанымдық жүйе деп танылды. **Теоцентризм** – бұл әлемді жасаушы Құдай, негізін салушы және жаратушы деп ұғынылады. Бұл ілімнің тұжырымдамалық негіздері – Торада, Библияда және Құранда мазмұндалған. **Антропоцентризм** - әлемдік дүние ортасында Адамды оның билеушісі ретінде қойған жаһандық дүниетанымдық жүйе.

Сонымен, **үш дүниетанымдық жүйе** тікелей тәрбие жүйелерін анықтап, бірімен бірі ретімен алмасып отырған. Тіпті, бүгінгі күні де үшеуі белсенді түрде қызмет етуде. Тәрбиелік қатынастарға танымдық табиғат тән. Бұл қатынастар әдіснамалық деңгейде ғылыми ұғым және тәрбие тәжірибесі ретінде негізделген. Өйткені, тәрбиелік қатынастар дегеніміз - ұйымдастырылған таным. Таным олардың мазмұнын анықтайды, ал ұйымдастыру – қатынастарды қалыптастыру ерекшелігі. Тәрбиелік қатынастар - тәрбиеленуші мен тәрбиелеуші Адамның таным барысында өзара әрекеттің ерекше қасиеті. Соңғы кезде тәрбиелік қатынастар, тәрбиелік кеңістік, тәрбиелік үдеріс, тәрбиелік үдерісті жобалау әдіснамалық негіздеу нысанына айналып, қарқынды түрде зерттеулер жүргізілуде [7: 8; 9].

Жиырмамыншы ғасырдың соңғы ширегінде, яғни 1974 жылы профессор, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей білім академиясының академигі Геннадий Никандрович Волковтың «Этнопедагогика» атты оқу құралының дүниеге келуі, Кеңес Одағының республикаларындағы педагогтардың ұлттық тәрбиенің қайнар көздерін шұғыл іздестіріп, оның ғылыми негіздерін дәлелді теориялар мен тұжырымдардан табуға, өз ұлтының бай тәлімдік

тәжірибесін зерттеуге бірден бір себепші болды. Жалпы адамзаттық тәрбиенің мақсаты, мазмұны, әдістері анықталып, оқушылар тәрбиесінің үлгілі мазмұны толығымен іске асырылып жатқан уақыт еді.

Ғылымда бағыт көп. Әрбір ғалым өзінің танымдық, өмірлік, кәсіби және менталдық тәжірибесіне, интеллектуалдық әлеуетіне сәйкес белгілі бір ғылыми бағытта еңбек етеді. Ғылымда жаңа білім жасап шығаратын өндіріс деп ұғынсақ, ғылыми бағыт соны идеяны, теорияны, ұстанымды түсінуге негіз болады. Өйткені, ол бағытта нақты ғылымнан қор жинақталған, реттелген, жүйеленген. Осы бар қорға сүйене отырып, ғылыми бағытқа келген жаңа ғылыми қызметкер әуелі ғылыми бағыттың бағдарламасымен, жасаған еңбектерімен танысады, ой түйеді, қай бағытта зерттеу керектігін аңғарады. Осындай жаңа ғылыми бағыттың бірі – этнопедагогика мәселелері. 1974 жылы Г.Н. Волковтың еңбегі жарық көргенге дейін көбіне халықтық тәрбие мүмкіндіктерін оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға назар аударылды. Қазақстан Республикасында соңғы жиырма бес жылда теориялық қағидалар зерделеніп, эмпирикалық материалдар тәп-тәуір жинақталды десек болады. Ал осылардың ғылыми тұжырымдамаларға, ұстанымдарға ұласуы әзірге баяу өрістеуде.

Ұлттық білім мазмұны, ұлттық тәрбие әдістері жалпы ғылымда, оның ішінде педагогика ғылымында саралануда. 1990 жылдан бері, 35 докторлық, 250 кандидаттық диссертация этнопедагогика саласында қорғалды. Бұл – баға жетпес құндылық. Бұл салада профессорлар Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, С.А. Ұзақбаева, К.Ж. Қожахметова жетекшілік етіп ғылыми мектептер қалыптасуда [10; 11].

Сол 1990-жылдары *Құбығұл Жарықбаев пен Серғазы Қалиев құрастырған «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы»* қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Бұл антология – аса құнды кітап, себебі ол зерттеушіге бағыт-бағдар беруші еңбек. Зерттеушілер осы ізденістерге сүйеніп, халықтық тәрбие тәжірибесін, этнопедагогикалық зерттеулерді жоғары деңгейде жүргізді.

Жаңа ғылыми білім, яғни этнопедагогиканың пайда болуы бірқатар әдіснамалық мәселелерді туындатады. Осы уақытқа дейін дайындалған «Қазақтың тәлім-тәрбиесі», «Қазақтың педагогикалық ой-пікірлер антологиясы» (Қ. Жарықбаев, С. Қалиев), «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» (С. Қалиев, К. Аюбай), диссертациялық зерттеулер, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген философия, педагогика, психология бағыттарындағы зерттеулер нәтижелері ғылыми ізденіске өте қажет. Ғылымтанудағы, әсіресе педагогикалық ғылымтанудағы қағидаларға сүйенсек, зерттеушілер этнопедагогика ғылымының негіздерінің, әдіснамасы мен теорияларының, ұстанымдарының, әдістерінің қай уақытта, кімнің еңбегінде, қай түрде бастау алғанын қазақ тілінде жете танысуға мүмкіндік алып отыр. Осы материалдардың жинақталуымен тұспа-тұс жүйелі ғылымдардың жетік меңгергендігінің арқасында этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері зерделене бастады [12].

Қазақстанда жинақталған халықтың тәрбие тәжірибесі мен этнопедагогиканың даму бағыттарын саралау үшін біз ғылым философиясы, педагогиканың философиясы мен әлеуметтік тәрбие философиясы қағидаларын басшылыққа алдық

Аталмыш қағидалардың әлеуетіне тоқталайық.

Ғылым және білім беру философиясы педагогикаға тәрбиенің мағынасы мен мақсатын анықтауға, адамзат болмысы мен ойлауының қағидаларын дұрыс түсінуге көмектеседі, қоғамдағы өзгерістер туралы пайымдауларды ұсына отырып, тәрбиенің әдіснамалық тұғырларын нақтылай түседі. **Ғылым философиясы** - бұл базалық ғылымдарды сынау, мәселелендіру және тақырыптандыру зерттеу пәні болып табылатын метағылым. **Жалпы ғылым философиясы дегеніміз** – базалық ғылымдар философиясының қағидаларын жинақталған түрде бейнелейтін пән. Жалпы ғылым философиясының маңызды міндеті - пәнаралық байланыстарды метағылымдық деңгейде зерделеу. **Нақты ғылым философиясы** метағылымдық пайымдаулар ғылыми қауымдастық мойындаған өзара тығыз байланысты қағидалар жиынтығы болғанда ғана қалыптасады. **Арнайы ғылым философиясы дегеніміз** –

әрқайсысы нақты бір ғылымның философиясы (мысалы физиканың, психологияның және т.б.) болып табылатын пәндер жиынтығы [13].

Философия педагогика ғылымын дүниетанымдық деңгейде де талдайды. Зерттеудің бұл саласы **педагогика ғылымының философиясы, білім беру философиясы, дидактика философиясы, тәрбие философиясы** деп аталады. Педагогикадағы пайда болған жаңа әдіснамалық бағдарлар ғылыми танылған соң педагогтардың танымдық және тәжірибелік қызметінің логикасына әсер етеді, яғни әзір қайта қарауға жатпайтын шүбәсіз білімге айналады. Екінші мыңжылдықтың соңындағы оқиғалар тап қазір осындай сәт туғанын көрсетеді.

Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы саласында ғылыми айналымға енген қолданыстағы негізгі ұғымдардың қатарына **педагогика мен білім беру философиясы, тәрбие философиясы, әлеуметтік тәрбие философиясы** жатады.

**Педагогика мен білім беру философиясы дегеніміз** – зерттеу пәні педагогика ғылымдары, сондай-ақ жалпы мәдени мәнмәтінде алынған білім беру мәселелері болып табылатын метағылым. **Тәрбие философиясы** – тәрбиенің мәнін, оның ұстанымдары мен құндылықтары жалпы адамзат пен мәдениеттің нақты тарихи және ұлттық бөліктерінің жеке тұлғаның қалыптасуы мен оған мәдени құндылықтарды беру үдерісі барысында өзара әрекеттесуі деп анықтайтын педагогика философиясының саласы. **Әлеуметтік тәрбие философиясы** – тәрбиенің әлеуметтануы мен әлеуметтік педагогикалық виктимологияның нәтижелері негізінде халықтың мәдениетін көтеру мақсатындағы тәрбиені қоғам қажеттіліктеріне сай жүргізу логикасын ұсынатын тәрбие философиясының саласы [14]. Осы қағидалар этнопедагогикалық зерттеудің басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Қазақстанда этнопедагогикалық зерттеулер он шақты бағытты қамтиды. Зерттеулер халықтық тәрбиеден халықтық педагогикаға, одан этнопедагогиканы пайымдауға қарай өрбіді (1-кестені қараңыз). Кестеде зерттеу бағыттары, тақырыптары, зерттеулердің негізгі нәтижелері мен зерттеушілерді қамтыды.

### 1-кесте. Этнопедагогика саласындағы зерттеулердің негізгі бағыттары

№ П/П	Зерттеу бағытының атауы	Тақырыбы	Негізгі нәтижелері мен зерттеушілер
1		2	3
1	Халықтық тәрбиенің қайнар көздері мен тарихы. Ұлттық тәрбие мазмұны. Халықтық педагогиканың ғылыми-практикалық негіздері	1. Национальные обычаи и традиции и их влияние на воспитание детей и молодежи 2. Халықтық тәрбиенің ғылыми-педагогикалық негіздері. 3. Халықтық педагогиканың идеяларын оқу-тәрбие үдерісіне ендіру. 4. Жастарға ұлттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері. 5. Ұлттық мәдениет оқушы тұлғасын тәрбиелеу негізі. 6. Қазақ қыздары гимназиясы ұлттық тәрбие	Историко-педагогическая характеристика обычаев и традиций (А.Х. Мухамбаева).  Тәлім-тәрбие хрестоматиясы, «Қазақтың тәлім-тәрбиесі» атты оқу құралы, «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы», 10 томдық. (С.Қ. Қалиев). Халықтық педагогикадағы балалар тәрбиесіне қойылатын талаптар құрастырылды (Т.А. Коңыратбаева, А. Абдикарим). Халықтық тәрбие туралы оқу құралдары (К.А. Оразбекова, Б.Ж. Жиентаева, Б.К. Өтешова).  Пакет программ по различным видам национальной культуры (Т.М. Шакирова). Программы «Қыздар әліппесі», «Класс айымдары» и др. (Л.С. Сырымбетова)

		жүйесі ретінде 7. Халықтық педагогика пән ретінде. 8. Халықтық педагогиканың теориялық және қолданбалы негіздері.	Программа спецкурса «Основы народной педагогики», пособия (С. Фаббасов)  Монография (А.А. Қалыбекова).
2	Халықтық педагогика: мәні мен мазмұны	Халықтық педагогикадағы эстетикалық, адамгершілік, экологиялық, еңбек, патриоттық, валеологиялық, отбасылық тәрбие	Студент жастарға эстетикалық, адамгершілік, экологиялық, еңбек, патриоттық, валеологиялық, отбасылық тәрбие беру Тұжырымдамасы (М.Х. Балтабаев, Ш.Б. Құлманова, Т.А. Қышқашбаев, Е.Ш. Козыбаев, Р.Қ. Дүйсенбінова, А.С. Иманғалиев, У.М. Әбдіғаппарова, С.А. Жолдасбекова, С.К. Әбилдина, С.Т. Иманбаева).
3	Халықтық педагогикадағы эстетикалық, адамгершілік, экологиялық, еңбек, патриоттық тәрбие	1. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие. 2. Халықтық педагогикадағы патриоттық тәрбие 3. Халықтық педагогикадағы еңбек тәрбиесі. 4. Жоғары педагогикалық білім беру мазмұнының этникалық компоненті 5. Қазақ халық педагогикасын дағы қыздарға моральдық-этикалық тәрбие беру	Монография, оқу құралдары, Тұжырымдама (С.А. Ұзақбаева) Монография, оқу құралдары (С.Т. Иманбаева, Р.А. Жанабаева) Монография, оқу құралдары (К.К. Шалғынбаева).  Монография, құралдар (Ш.М. Мұқтарова).  Тұжырымдама, оқулық (Г.Т. Алдамбергенова, Ж.Т. Сарыбекова) .
4	Оқушыларға этномәдени білім берудің ғылыми-педагогикалық негіздері	1. Жастарға этномәдени білім беру.  2. Жоғары мектеп жағдайында этнос субъектісін қалыптастыру.  3. Жалпы білім беретін мектепте этнос субъектісін қалыптастыру.  4. Қазақстандағы этномәдени білім беру: теориялық негіздері мен тәжірибесі.	Концепция языковой политики и строительства в Республике Казахстан, Концепция этнокультурного образования в Республике Казахстан (Ж.Ж. Наурызбай). Программа курса «Этнокультура казахского народа». Программа курса «Этнопедагогические аспекты культуры стран изучаемого языка» (Б.Е. Кайырова).  Учебное пособие (Г.К. Тілеужанова).  Монография (Р.М. Айтжанова).  Монография (М.Е. Ержанов).

5	Этнопедагогиканың теориясы мен әдіснамасы	Қазақ этнопедагогикасының теориялық және әдіснамалық негіздері	Теоретически обоснована структура и содержание методологии этнопедагогики. Концепция этнопедагогического образования. Монография, учебники, пособия. Программа курса «Казахская этнопедагогика». Журнал «Этнопедагогика в системе образования» (К.Ж. Қожахметова)
6.	Этнопедагогика дербес оқу пәні ретінде	Этнопедагогиканы дербес оқу пәні ретінде құрастырудың ғылыми негіздері.	Монография, учебное пособия, методика (Ш.И. Джанзақова).
7	Білім беру жүйесіндегі этнопедагогикаландыру	1. Қазақ этнопедагогикасының материалдарын педагогикалық пәндерді оқытқанда пайдалану. 2. Қазақ этнопедагогикасының материалдарын оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану. 3. Халықтық педагогиканың идеяларын Білім жетілдіру институты жүйесінде қолдану.	Методика обучения будущих педагогов к использованию народных игр (Г.Р. Бахтиярова).  Концепция внедрения материалов казахской этнопедагогики в учебно-воспитательный процесс. Оқу-әдістемелік кешендер (Р.К. Дүйсембінова). Система использования идей народной педагогики в системе деятельности ИУУ (С.Х. Бектенғалиева).
8	Салыстырмалы этнопедагогика	1. Қазақстан мен Германия мектептеріндегі тәрбие мазмұнының этнопедагогикалық негіздері. 2. Қазақ және неміс халықтарының дәстүрлі мәдениетіндегі этнопедагогикалық идеялардың сабақтастығы .	Научно-методическое пособие «Введение в сравнительную педагогику» (Б.А. Жетпісбаева).  Учебное пособие (О.Я. Сүлейменова).
9	Этнодидактика	1. Этнопедагогика негізінде оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастыру. 2. Этнодидактика. 3. Болашақ мұғалімдерді даярлаудағы көркем өнер. 4. Қазақ этнопедагогикасын оқып-үйренудің дидактикалық негіздері.	Методика преподавания физической географии на материале этнопедагогики. Учебные пособия.  Монография, учебник, пособие (Алметов Н.Ш.). Монография, учебник, пособие, методика (К. Ералин).  Монография, учебник, пособие, методика (А.Т. Табылдиев).
10	Педагог мамандарды	1. Болашақ мұғалімдерді оқу-тәрбие үдерісінде халық педагогикасының	Программа спецкурса «Использование прогрессивных традиций народной педагогики в ситеме профессиональной

	этнопедагогикалық дайындау	<p>прогрессивті дәстүрлерін қолдануға дайындау.</p> <p>2. Болашақ мұғалімдерді мектептегі ұлттық тәрбиеге даярлау теориясы мен практикасы.</p> <p>3. Студенттердің этнопедагогикалық білімдері мен біліктері жүйесін қалыптастырудың дидактикалық негіздері.</p> <p>4. Бастауыш сынып мұғалімдерін этнопедагогикалық даярлау жүйесі.</p> <p>5. Болашақ мұғалімдерді оқу-тәрбие үдерісінде қазақ этнопедагогикасы материалдарын қолдануға әдістемелік дайындау .</p>	<p>подготовке будущего учителя» (А.С. Мағауова).</p> <p>Ұлттық тәрбие курсының бағдарламасы, Монография, оқулық, құралдар, әдістеме (Қ. Бөлеев).</p> <p>«Қазақ этнопедагогикасы» оқу бағдарламасы (Ж. Асанов).</p> <p>Программа спецкурса, научно-методические рекомендации (Н.М. Көшерев).</p> <p>Арнайы курс бағдарламасы, монография (Ф. Бөрібекова, Е. Битабаров).</p>
11	Қазақ мектебіндегі білім мазмұнының дамуы	Жалпы білім беретін қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие үрдісінің дамуы.	Монография, стандарттар, оқулықтар (Ш.К. Беркімбаева).

Этнопедагогиканың әдіснамасын зерделеуде ресейлік ғалым Ш.М.-Х.Арсалиев «Методология современной этнопедагогике» (М., 2013) атты монографиясы ерекше орын алады. Монографияда этнопедагогиканың әдіснамалық негіздерін қалыптастыру мәселесі Тұжырымдамасын әлемнің заманауи бейнесімен тығыз байланыстыра қарастырылды. Соңғы кезде бұл мәселе ғылымтану, этнопсихология, этносоциология, этнология ғылымдары түйісінде зерделденуде. Этнопедагогикалық зерттеу нәтижесінде ұлттың тәрбиелік-білімдік дәстүрлерін жүйелі тану арқылы белгілі бір халықтың педагогикалық мәдениеті туралы білімдер жинақталады [15].

Этнопедагогика әдіснамасы этнопедагогикалық білім теориясы, этнопедагогикалық зерттеу әдістері, құралдары туралы мәліметтерді мазмұндайды.

Этнопедагогикалық зерттеулердің философиялық экзистенциализм, прагматизм, диалектикалық материализм, неотоцизм, неопозитивизм, «философия жизни», фрейдизм и неофрейдизм, бихевиоризм, эволюционизм и неоэволюционизм, диффузионизм, социологиялық және этнопсихологиялық ғылыми мектептер, функционализм, мәдени релятивизм және т.б. құрайды. Этнопедагогикалық зерттеулердің гносеологиялық ресурсына этникалық, этникалық мәдениет, инкультурация, миф, фольклор, дін, тәрбиелік-білімдік дәстүрлер, салттар, этноның ерекше рәсімдері, этикалық-мінез-құлықтық таптаурындар, тұрмыстық-отбасылық нормалар, ұлттық ойындар және т.б. жатады. Бұл саладағы ізденістер этнопедагогикалық құбылыстарды зерттеуде этнопедагогикалық білім, этнопедагогикалық жүйе, этнопедагогикалық технологиялар, жаңа тұғырлар, әдістер, әдістемелерді жан-жақты қарастырады. Көптеген зерттеулердің практикаға бағытталғандығын аңғаруға болады.

Жоғарыда айтылғандай, кез келген жаңа пәнді құру ғылымтану қағидаларының логикасына сүйенетінін басшылыққа ала отырып, профессор К.Ж. Қожахметова ең әуелі ғылыми пәннің моделіне сай этнопедагогиканы ғылым ретінде жүйелеп алды да, пәнаралық әдіснама деңгейінде, педагогикалық ғылымтану мен педагогикалық деректану жетістіктерінің негізінде, этнопедагогиканың мәнін анықтау мақсатында Т.И. Огородниковтың

«Этнопедагогика – педагогиканы этнография және фольклормен байланыстырушы ғылым саласы» деген тұжырымына сүйенді. Сөйтіп, этнопедагогиканы педагогикалық ғылымдар жүйесінде қарастырады, этнопедагогиканы этнография, педагогика, фольклор ғылымдарының түйіскен саласы екендігін нақтылай түсті. Жаңа ғылыми білім ретінде этнопедагогиканың пайда болуы, оның жеке ғылыми пән ретінде қарастырылуының заңды екендігі, этнопедагогиканың пәні, құрылымы және қызметтері, оның педагогикалық ғылыми білім жүйесіндегі орны туралы мәселелерді шешуді қажет етеді. «Этнопедагогика педагогиканың бір саласы бола отырып, өзінің жеке пәніне ие бола ала ма?» деген сұрақтар да туындап отырса керек. Әрине, бұл күрделі. Сондықтан да профессор этнопедагогиканың дербес ғылыми пән екенін, оның өзіне тән зерттеу пәнінің бар екенін дәлелдеуді жөн деп тапты [16; 17; 18].

Қазіргі уақытта бұл тұжырымдар жаңа пайымдаулармен толабықтырылуда. Сондықтан бүгінгі күні *этнопедагогика әдіснамасы дегеніміз* – этникалық топтардың моралдық–этикалық және эстетикалық дүниетанымдарының қалыптасуына, қоғамның өз санасының дамуына сәйкес, болмысты қайта құру мақсатында олардың бала тәрбиелеу және оқытудағы эмпирикалық тәжірибесінің тарихы мен теориясын зерттеу әдістері туралы ілім [15].

Заманауи ғылымда түрлі негіздер бойынша, мысалы, ғылыми пәндер (философия, психология, педагогика т.б.), *қосымша объектісі бойынша* (әрекеттік, мәденитанымдық, жеке тұлғалық т.б.) жіктеуге болатын көптеген тұғырлар бар. Көптеген тұғырлар бір-бірін жоққа шығармайтыны, қарастырудың түрлі жоспарларын іске асыратыны анық. И.А. Зимняя көптұғырлық мәселесін қарастыра келіп, И.В. Блауберг, Э.Г. Юдин ұсынған философиялық, жалпы ғылымилық, нақты ғылымилық және өзіндік әдіснамалық төрт деңгейде талдауды негіздеуді ұсынды.

Түрлі деңгейлі тұғырлар жөнінде мысалдар келтірейік. Бірінші, философиялық деңгейде, мысалы, *генетикалық және эволюциялық тұғырлар* болса, екіншісі - жалпы ғылымилық деңгейде *пәнаралық, кешендік, синергетикалық, атқарымдық, парадигмалық, интегралдық* және т.б. болады. Нақты ғылымилық не басқа ғылымдар деңгейінде *психологиялық-педагогикалық, мәдени-тарихи, мәдениеттанымдық-тұлғалық, әрекеттік тұғырлар* бар. Осы деңгейге сондай-ақ, білім беруге қатысты, мысалы, *аксиологиялық, контекстік, герминеветикалық, тұлғалық-әрекеттік* және т.б тұғырлар жатады [15].

Білім беру кеңістігінде әдіснамалық талдаудың барлық деңгейлеріне көптұғырлылық тән. Кез келген құбылыстың түсіндірмесінде көптұғырлылық оның мазмұнына, әдіснамалық базасына, практикалық негізіне терең талдау жасауға ықпал етеді. Мысалы, қазіргі заманғы білім беру кеңістігін зерттеушілер *жүйелілік, аксиологиялық, құндылықтық, антропологиялық, өркениеттік, парадигмалық, интегративтік, интегралдық, синергетикалық, герминеветикалық, мағынаға орталықтандырылған, тұғырлық, әрекеттік, диалогтік, көпсубъектілік, тұлғалық-бағдарлық, технологиялық, тапсырмалық, атқарымдық, әлеуметтік-мәдени, құзыреттілік, кәсіби бағдарламалық, контекстік* және т.б тұғырларды бөліп алады.

Заманауи білім беру кеңістігін зерттеудегі көптұғырлылық психология және педагогика ғылымдарында болып жатқан үдерістерді қайта пайымдауға деген ұмтылыстарды, оларды жаңа әдіснаманың көмегімен қандай да бір құбылыстарды сипаттауға қажеттісін таңдап алуды айғақтайды. Аталған барлық ғылыми талдаудың түрлі деңгейлерінде пайдаланылады. Сонымен қатар, этнопедагогика бойынша көптеген еңбектер қазір бізге аталған ғылымның нақты ғылыми жүйесін ұсына алмайтынын, тек кейбір тұғырлар мен әдіс, құралдарды ғана еске салатынын атап өтуге болады. Дегенмен, этнопедагогикада басқа да ғылымдар секілді, жүйеленген әдіснамалық талдаусыз зерттеу жүргізілмейді.

Заманауи *этнопедагогиканың әдіснамалық негіздері*. Педагогикадағы көптұғырлықты негіздеу үшін әдіснамалық талдаудың төрт деңгейлі тұжырымдамасы басшылыққа алынады. Талдаудың төрт деңгейіне сәйкес келесі тұғырларды (ыңғайларды) ұсынылады:

- *дүниетанымдық деңгейде* - әртүрлі ауқымдағы тарихи субъектілердің (тұлғалардың, халықтардың, этностардың, ұлттардың, аз халықтардың) шығу, қалыптасу және дамуы туралы



гуманитарлық білімнің философиялық және аксиологиялық формалары, генетикалық және эволюциялық тұғырлар;

**-жалпы ғылымилық деңгейде** - жүйелілік, интегралдық, синергетикалық, мағынаға бағытталғандық, парадигмалық тұғырлар;

**-нақты ғылымилық деңгейде** - тұлғаға бағдарлық, мәдениеттанымдық, антропологиялық, әрекеттік, мағыналық тұғырлар;

**-әдістемелік деңгейде** - технологиялық, коммуникативтік тұғырлар.

Сонымен, осы тұжырымдаманы негізге ала отырып, ғалымдар бірінші деңгейде философиялық-материалистік әдіснамаға сәйкес қазіргі танымның рөлі күшейіп келе жатқан келесі әдіснамалық ұстанымдарды ұстанады:

**-объективтілік ұстанымы** - болмысты оның нақты заңдылықтары мен жалпыға ортақ формаларында тану;

**-жан-жақтылық ұстанымы** - болмыс құбылыстарының баршаға ортақ байланысы;

**-нақтылық ұстанымы** - нақтылы немесе ойша көрініс беретін барлық жақтары мен байланыстарының жиынтығы түріндегі зат немесе жүйе;

**-тарихилық ұстанымы** - өткендегі, қазіргі және келешектегі жай-күйлердің тұтас, үздіксіз бірлігі түрінде болмыстың уақыт осінде бағытты түрде өзіндік дамуы;

**-қайшылық ұстанымы** - заттар мен құбылыстарда нақтылы болатын қайшылықтарды есепке алу [15; 16].

Этнопедагогикадағы әртүрлі деңгейлерде қолданылатын тұғырларды талдау ғылыми көзқарасты кешенді түрде жүйелеп көрсетуге мүмкіндік жасайды.

**Этнопедагогиканың зерттеу пәні** – этнопедагогикалық болмыс, оның этнопедагогикалық зерттеулердегі көрінісі деп тұжырымдады. Сондай-ақ, ғылым этнопедагогиканың педагогика ғылымдары жүйесіндегі алатын орнын және оның басқа ғылымдармен байланысын нақтылауға ұмтылды, сол сияқты оның құрылымын анықтау үшін педагогикалық пәндер арасындағы байланыстар типін қарастырды. Этнопедагогиканың әдіснамалық негіздерін жасауға қажет этнофилософия, этнопсихология, этномәдениеттану, этнография – сияқты ғылым салаларының білімдерінің ғылымаралық кіріктіру ұстанымдары арқылы үйлесімді ықпалдасуының тетіктерінің қызметтері сараланды. Аталмыш ғылым салалары этнопедагогиканың пәндік, нысандық белгілеріне ерекшелеуге тікелей қатысты. Этнопедагогиканың әдіснамасын жүйелеу үшін педагогиканың әдіснамалық қағидаларының ғылыми әлеуетін жіктеп, этнопедагогиканың қызметін, заңдарын, заңдылықтарын, теорияларын, категорияларын, ұғымдарын, терминдерін ажыратып нақты көрсетті.

**Этнопедагогиканың әдіснамалық негіздерін** жасауға қажет этнофилософия, этнопсихология, этномәдениеттану, этнография сияқты ғылым салаларының білімдерінің ғылымаралық кірігуі ұстанымдары арқылы үйлесімді ықпалдасуының тетіктерінің қызметтері сараланды. Аталмыш ғылым салалары этнопедагогиканың пәндік, нысандық белгілерін ерекшелеуге тікелей қатысты. Этнопедагогиканың әдіснамасын жүйелеу үшін педагогиканың әдіснамалық қағидаларының ғылыми әлеуетін жіктеп, **этнопедагогиканың қызметін, заңдарын, заңдылықтарын, теорияларын, категорияларын, ұғымдарын, терминдерін** ажыратып нақты көрсетті. Этнопедагогика – әлеуметтік-гуманитарлық ғылым. Әзірге ғылымда гуманитарлық әдіснама енді ғана өз ойларын нақтылауда, гуманитарлық сараптама (экспертиза) да жаңадан қалыптасып келеді [16].

Этнопедагогика саласының ғалымдарының әдіснамалық тұғырларды, әдіснамалық ұстанымдар мен зерттеу әдістерін дамыту қорын біз бірнеше оқулықтар, оқу құралдары мен хрестоматияларда кеңінен талдап, жоғары педагогикалық білім беру мазмұнына енгізумен айналысудамыз [19; 20; 21; 22]. Олардың ішінде Г.Н. Волков, Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев, С.А. Ұзақбаева, К.Ж. Қожахметова, Ш.М. Арсалиевтің этнопедагогиканың ғылым ретінде қалыптасуына, оның әдіснамалық негіздерінің нақтылануына қосқан үлестерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Этнопедагогика саласындағы зерттеулерде қолданылып жүрген, сондай-ақ қолданылуы керек әдіснамалық тұғырларды, әдіснамалық ұстанымдарды, зерттеу әдістерін 2-кестеде ұсынып отырмыз.

2-кесте. Этнопедагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері

Этнопедагогиканың әдіснамалық негізі	Әдіснамалық тұғырлар	Әдіснамалық ұстанымдар	Зерттеу әдістері
<p><b>Этнопедагогика әдіснамасы</b> дегеніміз – этникалық топтардың моралдық–этикалық және эстетикалық дүниетанымдарының қалыптасуына, қоғамның өз санасының дамуына сәйкес, болмысты қайта құру мақсатында олардың бала тәрбиелеу және оқытудағы эмпирикалық тәжірибесінің тарихы мен теориясын зерттеу әдістері туралы ілім. Замануи <b>этнопедагогиканың әдіснамалық негіздері.</b> Педагогикадағы көптұғырлықты негіздеу үшін әдіснамалық талдаудың төрт деңгейлі тұжырымдамасы басшылыққа алынады. Талдаудың төрт деңгейіне сәйкес келесі тұғырлар (ыңғайлар) ұсынылады:</p>		<p>Әдіснамалық ұстанымдар:  <b>-Объективтілік ұстанымы,</b>  <b>-Жан-жақтылық ұстанымы,</b>  <b>-Нақтылық ұстанымы,</b>  <b>-Тарихилық ұстанымы,</b>  <b>-Қайшылық ұстанымы.</b></p>	<p>Этнопедагогиканың әдістері:  <b>1. Фольклорлық материалдарды зерделеу әдістері</b>  <b>2. Жазба әдебиетерді зерделеу</b>  <b>3.Археологиялық материалдарды талдау</b>  <b>4. Далалық зерттеулер</b>  <b>5. Тарихи-педагогикалық талдау әдісі</b>  <b>6.Социологиялық әдіс</b>  <b>7. Салыстыру әдісі</b>  <b>8.Этнопедагогикалық эксперимент</b>  <b>9. Халықтық-педагогикалық құбылыстарды теориялық зерттеу әдісі</b></p>
<p>- <b>дүниетанымдық деңгейде</b> - әртүрлі ауқымдағы тарихи субъектілердің (тұлғалардың, халықтардың, этностардың, ұлттардың, аз халықтардың) шығу, қалыптасу және дамуы туралы гуманитарлық білімнің философиялық және аксиологиялық формалары, генетикалық және эволюциялық тұғырлар.</p>	<p><b>1. Генетикалық тұғыр.</b>  <b>2. Эволюциялық тұғыр</b></p>		

Этнопедагогиканың әдіснамалық негізі	Әдіснамалық тұғырлар	Әдіснамалық ұстанымдар	Зерттеу әдістері
<p><i>-жалпы ғылымилық деңгейде</i> - жүйелілік, интегралдық, синергетикалық, мағынаға бағытталғандық, парадигмалық тұғырлар.</p>	<p>1. <i>Жүйелілік тұғыр</i>  2. <i>Тарихи-логикалық тұғыр.</i>  3. <i>Интегральдық тұғыр.</i>  4. <i>Парадигмалық тұғыр.</i>  5. <i>Синергетикалық тұғыр.</i></p>	<p><i>Интегралдық тұғырдың жалпылама ұстанымдары:</i>  -«МЕН» ахуалының ең жоғарғы күйіне ұмтылу ұстанымы,  -тұтастық ұстанымы,  -қозғалыста болу ұстанымы;  -өзбетіндік ұстанымы,  -топтық жұмыс ұстанымы.</p> <p><i>Этнопедагогиканың синергетикалық ұстанымдары:</i>  - субъектілік ұстанымы,  -қосымшалық ұстанымы,  -ашықтық ұстанымы,  -тұлғаның этномәдени дамуының бір сызықтық болмауы ұстанымы,  - «тұтастың бөліктерден үлендігі» ұстанымы,  -әрбір тұлғаның өзіндік құндылығын мойындау ұстанымы,  -тұлғаның даму үдерісінің қайшылықтығы ұстанымы,  -даму үдерісінің қайшылықтығы ұстанымы  -этномәдени кеңістікте білім алушы мен оқытушының дамуының бірыңғайлығы ұстанымы.</p>	
<p><i>-нақты ғылымилық деңгейде</i> - тұлғаға бағдарлық, мәдениеттанымдық, антропологиялық, әрекеттік, мағыналық тұғырлар;</p>	<p>1. <i>Тұлғаға бағдарлық тұғыр</i>  2. <i>Әрекеттік тұғыр</i>  3. <i>Мағыналық тұғыр</i>  4. <i>Мәдениеттанымдық тұғыр</i>  5. <i>Антропологиялық тұғыр.</i></p>		
<p><i>-әдістемелік деңгейде</i> - технологиялық,</p>	<p>1. <i>Технологиялық тұғыр,</i></p>		

Этнопедагогиканың әдіснамалық негізі	Әдіснамалық тұғырлар	Әдіснамалық ұстанымдар	Зерттеу әдістері
коммуникативтік тұғырлар.	2. <i>Коммуникативті к тұғыр.</i>		

Ғылыми мектептің пайда болу, қалыптасу, даму жолдарын зерттеушілер ғылыми мектептің ғылыми іс-әрекет пен басқарудың жинақы әрі бағдарлы негізін басшылыққа алып бес типін, ғалымдардың төрт тобын (ойлаудың жаңа тәсілін жасаушылар, ғылымдағы ірі ғалымдар, іргелі ғылымдағы өз үлесі барлар, ғылымның қолданбалы саласының мамандары) атап өтеді. Ғылыми мектептің құрылуы тек зерттеуші өнеріне үйретумен шектелмейді, сондай-ақ ғалымдар жалпы мәселені немесе бағдарлама бойынша жұмыс жасауға күштерін біріктіру үшін де ұйымдасады. **Профессор С.А.Ұзақбаеваның ғылыми мектебінің зерттеушілік ахуалының ерекше белгілері:** профессордың жоғары ғылыми талап қоя білуі және оны орындауға жұмылдыру шеберлігі, ашықтығы, сынның ашық айтылуы, оның жеке ғылыми ізденістерге үнемі қолдау көрсетуі, тәжірибелік жұмысты ғылыми талдауға баулуы, ғылыми ізденістің білім беру практикасымен тығыз байланыста жүруін қадағалауы, тақырып таңдауда ізденушілерге еркіндік беруі, ғылыми шығармашылыққа баулуы, зерттеушілермен жеке және ұжымдық оқытуды (үйретуді) ұйымдастыруы [23].

Нағыз ғылыми жетекші, ғылыми мектеп көшбасшысы С.А.Ұзақбаева тұжырымдаманы іске асыра алады, өзінің ғылыми көзқарасына сенімді, басқа ғылыми мектептермен ынтымақтастықта жұмыс жасайды. Өзінің айналасына ізденімпаз, шығармашыл жастарды жиып, оларды жасампаздыққа бастады. Ғылыми мектеп қалыптасудың қиындықтарын да басынан кешіріп, төзіп, өздерін-өздері көндіріп үлкен жолға бет алды. Сонда профессор, біріншіден, оқытуды шебер ұйымдастыруды (жеке де, топты да), екіншіден, мектеп өзара әрекет пен корпоративті оқыту дағдыларын меңгерген, үшіншіден, ол ғылыми жетекші ретінде тьютор, тәлімгер, кеңесші қызметін атқарып жүр. Профессор С.А.Ұзақбаева шәкірттерін оқыта отырып, «болашақтың беталысын», «оқытудың нәтижелерін», «ойлаудағы нәтижелерін» алдынала пайымдап, ол әрі басқарады, әрі көшбасшы бола алады. Осындай қасиеттер тән профессор бұрын кеңес дәуірінде ғалым Г.Н. Волковтың еңбегінен басқа, одақтас республикаларда бірлі жарым кандидаттық диссертациялар даярланған тақырыпты үлкен жанашырлықпен, қайрат-жігермен, ерекше бір ынтымақпен зерттеуге кірісті. Бұған әрине ғалымның өскен ортасы, білім алған ордасы, қызмет орны әсер етті. Әрине, профессордың ғылыми бағытын сынаушылар да жеткілікті.

Бұл жолда профессор әсіресе ұлттық тәрбие мен білім мазмұнын айшықтай түсті. Әрбір ғылыми жұмыс қорғалғанда ол бір жеңіске жетіп, ендігі асуды алуға ұмтылатынын байқаймын. Сырттай қарағанда диссертацияның саны көбейіп, сапасы қайда барар екен деп кейбіреулер түсінбей де қалуы ықтымал, ал профессор С.А. Ұзақбаева болса халық педагогикасының мәнін, мазмұнын, сан қилы қырларын, бай тарихын терең зерделей келіп, осының бәрін маржандай тізсем, соған уақыт жетсе екен деп те ұмтылыста жүреді. Бұл ғылымға, халыққа деген сүйіспеншілік қой. Білім мен тәрбие мазмұнын бүгін қалай түсініп жүрміз? Қазіргі ғылыми-әдістемелік пайымдаулардан байқағанымыздай, ұлттық білім мен тәрбие мазмұнын мектептің оқу жоспарының инварианттық бөлігінде емес, негізінен вариативті (жылжымалы) бөлігінде, ал жоғары оқу орнындағы пәндер блоктарының таңдау курстарында оқытып жатыр. Айталық, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде тәрбие жұмысының өзегі етіп ұлттық құндылықтарды (әдепті, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты, мәдениетті) ала отырып, 1-курс студенттеріне арнап «Әдептану» факультативтік сабағын енгізіп жатыр. Сондай-ақ, ұлттық тәрбие кафедрасы ашылып, сол бағытта бағдарламалар, оқулықтар даярлануда.

Профессор К.Ж. Қожахметова өзінің ізденістерінде академик Г.Н. Волковтың қағидаларына, ғылыми жетекшісі профессор С.А. Ұзақбаеваның халықтық тәрбиенің терең философиялық, тарихи, әлеумсеттік бастауларын талдауларына сүйене отырып,

этнопедагогиканың тарихи этнопедагогика, аймақтық этнопедагогика, талдау этнопедагогикасы, ойын этнопедагогикасы, мектепке дейінгі этнопедагогика, афористикалық этнопедагогика отбасы этнопедагогикасы, этнопедагогикалық антропология, этнопедагогикалық білім беру, этноәлеуметтік педагогика, салыстырмалы этнопедагогика, субэтникалық педагогика, этномәдени білім беру педагогикасы сияқты салаларын айқындады. Бұл талдауы этнопедагогикалық зерттеулерді жүйелеуге де көмегін тигізді деген пікірдеміз.

Сондай-ақ, профессор этнопедагогика саласында эмпирикалық, тәжірибелік деңгейдегі зерттеулердің бағыттарын құптай келе, әдіснамалық зерттеулердің қажеттігін үнемі зерттеушілер есіне салып отырады. Этнопедагогиканың мақсаттары, міндеттері, нысанасы, пәні, пәні, қызметі, әдістері, ұстанымдары, заңдары заңдылықтары, теориялары, тұжырымдары, зерттеу көздері, ұғымдары, терминдері, категориялары бүгін де, болашақта да өз зерттеулерін күтуде. Оның ішінде, педагогикалық әдіснамалық зерттеулер этнопедагогикадағы ғылыми танымды жетілдіруге бағытталуын баса көрсетіп, этнопедагогиканың әдіснамасының дамуының түпкілікті бағыттарына көңіл аударуды талап етеді.

Міне, соңғы 25 жылдай уақыт «бізде осы ұлттық білім мен тәрбие мазмұны бар ма, оны кім тауып жасап ғылымға-білімге әкеледі, әкелгенмен, біз неге оқырып қараймыз?» деген сұрақтар мазалайды. Өзімізден өзіміз шошимыз ба қалай? Иә, дәл осы жағдайда Сақыпжамал Асқарқызының жасап жатқан еңбегі ұшан-теңіз, игерілмеген тың жер, жаңа ғана шығып келе жатқан көк шөптей, тынысты кеңейтіп, өткен ата-баба мұрасын танып-біліп алуға бір ынта туғызады ма деймін.

Педагогика ғылымында қарапайым ұғымдар да орын алып келгені сөзсіз. Қарапайым дейтініміз, оның ғылыми негізсіз болжамдануын көрсетеді. Халықтық педагогика деген термин көптен айтылып, жазылып, ғылыми зерттеу тақырыбынан да көрініс тапқан тұстар аз емес! Ал егер халықтың педагогика ғылыми және оқу пәні болса, оның әдіснамасы қайсы, пәні, нысаны қайда, заңдылықтары, ұстанымдары қандай негізде жасалған? Міне, көптеген сұрақтарға жауап табу қажет. Демек, халықтың педагогика емес, халықтық тәрбие тәжірибесі ғой... «Педагогика» деген сөз ғылыми пәнмен, оқу пәнімен қатар айтылса дұрыс болар еді.

Этнопедагогика саласындағы профессор К.Ж. Қожахметованың ғылыми жетекшілігімен дайындалған 4 докторлық, 19 кандидаттық диссертацияларды 6 топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Қазақ этнопедагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздері. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың әдіснамалық мәселелері.
2. Салыстырмалы этнопедагогикалық зерттеулердің мәні, мазмұны. Тарихи-мәдени шығармашылық мұраның этнопедагогикалық әлеуеті.
3. Мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылықтарын және этностық мәдениетін қалыптастыру үдерістері.
4. Мектептің тәрбие жүйесін дамыту мәселелері. Мектеп басқару теориясы мен әдістемесі. Мұғалім біліктілігін жетілдіру тетіктері.
5. Білім беру ұйымдарында этнос субъектісін қалыптастырудың әдіснамасы. Көптілді және көпмәдени білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері.
6. Оқушылар мен студенттердің технологиялық мәдениетін қалыптастырудың теориясы мен технологиясының этнопедагогикалық негіздері.

Өздеріңіз көріп отырғандай, ғылыми нәтижелер қомақты, зерттеулер әдіснамалық, теориялық деңгейде жүргізілген және нәтижелердің білім беру ұйымдарында енгізілу дәрежесі жоғары, интеллектуалдық әлеуеті биік. Осылай дейтініміз, осы бағыттардағы жүздеген зерттеулер ғылыми ізденістердің логикасын, әдіснамалық тұғырларын, зерттеу әдістерін тәжірибелерінде пайдалануда. Бұл ғылыми мектептің зерттеулерімен этнопедагогиканың әдіснамасы зерделеніп, этнопедагогика ғылыми және оқу пәні ретінде тез қалыптасып бітпейді, әлі де бұл мәселенің зерттелетін тұстары баршылық. Сонымен бірге, ғылыми мектеп зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып, этнопедагогикадан оқулықтар, оқу құралдарын даярлау үстінде. Ғылыми мектеп алыс және жақын шетелдермен тығыз байланыс орнатқан. Ғылыми мектептің Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы «Білім беру жүйесіндегі Этнопедагогика –

**Этнопедагогика в системе образования»** журналы республиканың білім беру саласына, ғылыми қызметкерлерге белгілі, танымал. Журнал бетінде академик Г.Н. Волковтың ғылыми тұжырымдары, оның шәкірттерінің пайымдаулары, болжамдары, белгілі этнопедагогтардың ой-пікірлері және олар туралы мазмұнды, мәнді мақалалар өз оқушыларын тәнті етуде.

**Профессор К.Ж. Қожахметованың ғылыми мектебінің ізденістік ахуалының ерекше тұстары:** профессордың мектеп мүшелерінің білім беру практикасында тәжірибені жинақтап, талдай білу деңгейінің жоғары болуын және тақырып аумағындағы әдебиетті мәнді талдай білуін талап етуі және осы жұмысқа зерттеушілерді ұйымдастыра білуі, зерттеудің объективті, шындық педагогикалық болмыстан алынуы, зерттеу ісінің шеберлігіне ерінбей үйретуі, ғылыми мінбелерде өз ойларын айтуға, ғылыми дискуссияларға қатысуға бағыттауы, тақырып саласында мемлекеттік іс-шараларға қатысуын қадағалауы, сын-ескертпелерді үнемі ойландырып жауап іздетуі, тақырыптың болашағын іздестіруі өз айналасындағы шәкірттерін бір ұжымның мүшелері етіп баптауы кімге де болса үлгі деп білемін.

Ғылыми мектеп өз басынан даму баспалдақтарын, қиындықтарын, қарсы пікірлерді талдап бағамдауды, сынаққа төтеп беруді басынан өткізді. Ғылыми ойлар талқылап, талдап, мақұлданып барып, көңілге қонбақ. Өйткені этнопедагогика - әлеуметтік-гуманитарлық ғылым. әзірге ғылымда гуманитарлық әдіснама, гуманитарлық сараптама (экспертиза) да жаңадан қалыптасып келеді [24].

**Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құру логикасы әдіснамалық мәселе ретінде профессор К.Ж. Қожахметованың ғылыми мектебінде орындалды. Ш.И. Жанзақова** профессор К.Ж. Қожахметованың ғылыми кеңесшілігімен «Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері» атты докторлық диссертациясын 2007 жылы Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде сәтті қорғап шықты. Зерттеу жұмысының мазмұнында этнопедагогиканың тарихы, этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері, этностық тәрбие, салыстырмалы этнопедагогика, этнодидактика және оқу-тәрбие үдерісін этнопедагогикаландыру этнопедагогика пәнінің құрамдас бөліктері ретінде құрастырылған.

Қазақ этнопедагогикасы, мәдени және рухани құндылықтар, дәстүрлер адамның азамат болып қалыптасуында, оның адамгершілік сапаларын қалыптастыруда, тұтас алғанда жеке тұлғаны әлеуметтендіруде әрдайым маңызды рөл атқарған. Сондықтан осы феномендердің тарихи ролін объективті бағалау, түрлі тәрбие институттарының қалыптастырушы ықпалын зерделеудің қазіргі кезде қажеттілігі артып отыр. Өткеннің тағылымдық өнегелерін білу, оны ой елегінен өткізу және қолдану этникалық педагогикасының тәрбие мәселелерін шешуге ықпал етеді. Демек, қазақ этнопедагогикасын зерттемей және тағылымдық құралдарын пайдаланбай жан-жақты жетілген тұлғаны тәрбиелеу мүмкін емес. Қоғамдық ортада ізгілік қатынастарды орнату және этнопедагогиканың синкреттік дәстүрлерін қайта өркендету негізінде білім беру мен тәрбиелеу мазмұнына жаңаша көзқарастар енгізу ерекше мәнге ие. Мұндай тағылымды құралдардың мазмұнында тұлғаны туған жерге сүйіспеншілікке, үлкендерді сыйлауға, салт-дәстүрлерді сыйлауға, ізгілік қатынасты орнатуға және адамгершілікке тәрбиелеуге негіз болады. Осы салада ғалымның бірнеше зерттеулерін негізге алуға болады, атап айтқанда оның «Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері», К.Ж. Қожахметовамен бірлесе жазылған «Этнопедагогика как самостоятельная учебная дисциплина (теоретико-методологический аспект)», К.Ж. Қожахметова және Ш.Т. Таубаевамен авторлық бірлестікте жазған «Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах», «Бастауыш сынып оқушыларының этноэкологиялық мәдениетінің мазмұны», «Этнопедагогика» атты оқу құралдары, Д.Г. Ингамовамен авторлық бірлестікте «Педагогические условия воспитания интеллигентности у старшеклассников на образах казахских просветителей», А.Қ. Дүйсенбаевпен бірге жазған «Түркі халықтарының этнопедагогикасы» оқу-әдістемелік кешені жарық көрді. Ш.И. Джанзакова тынымсыз зерттеушілік қарымымен қазақ этнопедагогикасы ғылымындағы әлі де көп зерделеуді қажет ететін этнопедагогиканы жеке пән ретінде ғылыми бағытын зерттеп жүрген белгілі ғалымдардың бірі. Зерттеуші өзінің ғылыми ізденістерін іс жүзінде ұдайы қолданысқа енгізіп жүреді. Соның бір айғағы ретінде оның К.Ж.

Қожахметовамен бірлесіп жазған «Этнопедагогика – жеке оқу пәні» атты оқу құралының (Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынысымен №1 хаттамасы 18.02.2013ж.) жарық көргенін атап айту керек. Бұл ғалым еңбегінің бұрынғыдан да кең диапазонда таралуына мүмкіндік береді. Студенттердің зияткерлік әлеуеті. Оқу құралы. ЖК «Сагаутдинова М.Ш.» баспаханасы, Алматы. (2015). (С.Т. Иманбаева, С. Карабалинамен авторлық бірлестікте). «Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру («Өзін-өзі тану» пәні бойынша)». Оқу құралы. Алматы: ЖК «Сагаутдинова М.Ш.» баспаханасы, (2015). (Б.К. Мустафинамен авторлық бірлестікте). Кейінгі жылдары зерттеулерінің нәтижесінде бір топ авторлық бірлестікте «Ратушаға ту тіккен қазақ батыры» атты оқу құралы М.К. Маденовпен авторлық бірлестікте (2015 ж.) Атырау «Ақ Жайық» баспасы, «Әлеуметтік педагогика» терминдік сөздігін (2020 ж.) авторлық бірлестікте «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» оқу құралын және «Этнопедагогика жеке оқу пәнінің ғылыми құрылымы» атты монографиясы шығарылды [25; 26; 27].

Бұл жолда профессор К.Ж. Қожахметова шәкірті доцент С.С. Қоңырбаевамен бірлесе отырып, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «Қазақ аруы» атты арнайы курстың мазмұнын ашып, оны интеллектуалдық тәрбие мектебіне айналдыруға аянбай атсалысуда. Ғылыми мектеп аясында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуде. Этнопедагогика саласындағы тұжырымдамалар мен теориялар болашақ ұлттың интеллектуалдық әлеуетінің негізіне алынады. Себебі, этникалық мәдениет көп этнопедагогика этномәдени білімнің қайнар бұлағы болып табылады. Ғылыми мектеп мүшелері этнопедагогиканы оқыту әдістемесін іздестіруде. Оған дәлел аталмыш журналдағы рухани кемелдену сабақтары, тренингтер, конференциялар, глоссарий және тағы басқа тәжірибелер, ойлар, пікірлер. Ұлттық білім мазмұнын, ұлттық тәрбие мазмұнын этнопедагогикаға негіздеп жасау жолдары іздестірілуде. Демек, профессор К.Ж. Қожахметованың жетекшілігімен этнопедагогиканың әдіснамасы, теориясы, әдістемесі, технологиясы тұтасымен толыққанды зерделенуде. Әрине, бұл ғылыми мектеп жалпы ғылымның, педагогиканың, этнопедагогиканың интеллектуалдық әлеуетін ғылым философия мен әдіснамасының ең соңғы жетістіктері арқылы зерделеп, ұлттық білім мен тәрбиені биікке көтермек.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Қазақ аруы» атты таңдау курсы жүргізіліп келеді. Бүгінгі күнде көптеген жоғары оқу орындарында тәрбие мәселесі бірінші кезекке қойылып отыр. Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастырылуымен тәрбие жүйесінің қазақстандық моделін іздестіру бағытында бірқатар облыстарда ғылыми практикалық конференциялар өткізіліп, тәжірибелер сараланды, болашақ мамандардың кәсіби, интеллектуалдық және әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне барынша қолайлы жағдай жасауға үлкен мән берілуде. Ұлттық идея, елдік мұрат, интеллектуалдық ұлт тәрбие жұмысындағы басшылыққа алатын бағыттарға айналуда. Сайып келгенде, осындай ізденістер нәтижесінде ұлттық білім мен тәрбие мазмұны айшықтала түспек.

Қазіргі ғылыми-әдістемелік пайымдаулардан байқағанымыздай, ұлттық білім мен тәрбие мазмұнын мектептің оқу жоспарының инварианттық бөлігінде емес, негізінен вариативті (жылжымалы) бөлігінде, ал жоғары оқу орнындағы пәндер блоктарының таңдау курстарында оқытып жатыр. Айталық, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жастардың өзіндік ұлттық санасын қалыптастыру мақсатында «Мәңгілік ел» атты пәннен жаңа оқулық даярланып, республиканың жоғары оқу орындарында оқытыла бастады [28]. Сондай-ақ тәрбие жұмысының өзегі етіп ұлттық құндылықтарды (әдепті, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты, мәдениетті) ала отырып, 1-курс студенттеріне арнап «Әдептану» факультативтік сабағын енгізіп жатыр. Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастырылуымен тәрбие жүйесінің қазақстандық моделін іздестіру бағытында бірқатар облыстарда ғылыми-практикалық конференциялар өткізіліп, тәжірибелер сараланды, болашақ мамандардың кәсіби, интеллектуалдық және әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне барынша қолайлы жағдай жасауға үлкен мән берілуде. Ұлттық идея, елдік мұрат, интеллектуалдық ұлт тәрбие жұмысындағы басшылыққа алатын бағыттарға айналуда. Сайып келгенде, осындай ізденістер нәтижесінде ұлттық білім мен тәрбие мазмұны айшықтала түспек.

Дидактика білім мазмұнындағы әлеуметтік тәжірибе, мәдениет жетістіктері жеке тұлғаның ішкі мәдениетіне айналады деп тұжырымдайды. Білім мазмұнын жасау жайлы педагогика ғылымында үш тұжырымдама кеңінен таралған деуге болады. **Біріншіден**, білім мазмұны педагогикалық тұрғыдан өңделген ғылым негіздері, **екіншіден**, білім, білік, дағды, дүниетанымдық идеялар жиынтығы, **үшіншіден**, әлеуметтік тәжірибе, білімдер, әрекет тәсілдерін іске асыру тәжірибесі, шығармашылық әрекет тәжірибесі әлемге құндылық-эмоциялық қатынас тәжірибесі деп қарастырылады. Білім мазмұны алға қойылған мақсаттардың көрінісі болғандықтан осы төрт бөліктің бәрі әртүрлі көлемде білім мазмұнынан орын алады.

Тәрбие мен білім негізінен жасөспірімнің әлеуметтенуіне ықпал етеді. Кешегі кеңестік дәуірдің құндылықтары енді басқа мазмұнға, ұстанымға бағытталғанмен, оның орнына қандай мұраттар-идеялар, құндылықтар-дүниетанымдар, идеялар мен ұстанымдарды әкелдік? Жаңа тәрбие жүйесінің табиғатқа үйлесімділік, тұтастық, әрекеттік, тұлғаның жеке ішкі әлеміне бағыт алу, жас ерекшелікті ескеру, ізгілік ұстанымдары соңғы 30 жылдағы басылымдарда әртүрлі әдіснамалық тұрғыдан негізделді, тәжірибеде тексерілді.

Ұлттық мектептегі білім мазмұны, оның ұлы мұраты, ұлттық мектептегі тәрбие, ұлттық дүниетаным тақырыптарында бірқатар оқу-әдістемелік құралдар жарық көрді, зерттеулер жүргізілді. Бұл ізденістер міндетті түрде ұлттық білім мен тәрбие мазмұнын баяндайтын қосымша ретінде, оқытылуы міндетті емес пән деңгейінде ұсынылады. Қазіргі тәрбиенің халықтың тәрбиелік тәжірибесіндегі тарихи бастауларына ғылыми-әдістемелік талдау жасалып, ұлттық білім мен тәрбие мазмұны эмпирикалық-қолданбалы деңгейде құрастырыла бастады. Айталық, қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, балалар мен жастарды сәндік-қолданбалы өнерге үйрету, экологиялық мәдениет, музыкалық тәрбие, адамгершілік тәрбиесі. Осы зерттеулерде «Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесі», «Қазақ халқының балалар мен жастарды еңбекке тәрбиелеу дәстүрлері», «Экологиялық өлкетану» арнайы курстарының мазмұнында халық педагогикасынан ұлттық білім мен тәрбие мазмұнын «қазып», «мәпелеп» «тірілтудің» логикасы көрінеді. Ол: халықтың әлеуметтік жағдайы, көзқарастары, дүниетанымы, тәрбие мақсаты, міндеттері, негізгі қағидалары, дәстүрлі тәрбие түрлері, тәрбиелеудің құралдары мен әдістері, тәрбие идеялары, ой-пікірлері, көзқарастары бүгінгі тәрбиемен байланысы, тәрбие тәжірибесін практикада пайдалану жұмысы, сондай-ақ, ұғымдық-түсініктік-терминологиялық қатарлар (мысалы, «ұлттық құндылық», «ұлттық парыз», «ұлттық келбет», т. б.) мәні, құрылымы, мазмұны нақтыланып, анықтамалар берілген.

Ұлттық білім мен тәрбие мазмұны осылай жинақталып, қорғалып, ұсынылып, жекелеген оқу орындарында пайдаланылып, мақалалар, оқу құралдары жазылып, жерге шашылған сынаптай бытырап, әзірге ресми білім мазмұнына толығымен кіре алмай тұр. Белгілі этнограф ғалым, профессор Ақселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты этно-мәдени пайымдаулары, философ Ж. Молдабековтың «Қазақтану» деген еңбегі, Ж. Наурызбайдың этномәдени білім беру жүйесі, А. Құралұлының «Ұлттық дүниетаным» атты оқу-құралдары, этнос мәдениетін ойластырған ғылыми мақалалар, халықтың философиясынан, тарихынан, математикасынан, физикасынан, географиясынан қазірге қажет білімдерді жүйелеуге ұмтылысты байқататын әдістемелік жұмыстар ұлттық білім мен тәрбие мазмұны бар екенін делелдеп, соны білім мазмұнын көрсететін құжаттарға ендіру туралы ізденістер жүргізуде.

Қазақстан Республикасындағы этнопедагогика әдіснамасының даму тенденциялары мен болашағы ғылыми қауымдастықты үнемі ойландырады.

Этнопедагогика әдіснамасы негізінде осы саладағы жетістіктерді тұжырымдап тиімді қолдану мен этнопедагогикалық зерттеулерде педагогикадағы әдіснамалық бағдарлардың әлеуетін интеграциялау қажеттігі туындады.

Қазақстан халықтарының этнопедагогикасы тұжырымдалатын уақыт жетті.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы этнопедагогикалық зерттеулер нәтижелерін басшылыққа алып жасалғаны жөн болар еді.



Келешектегі этнопедагогикалық зерттеулер «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» «Ұлы дала өркениеті», «Мәңгілік ел», «Ұлы ойшылдар мұрасы», «Рухани-адамгершілік білім беру», «100 кітап» мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға бағыттылуы керек [29; 30; 31; 32; 33; 34; 35; 36].

Этнопедагогика әдіснамасы мәселелері бойынша республикалық әдіснамалық семинарлар, конференциялар, пікірталастар жүйелі өткізілген осы саланың дамуына өз ықпалын тигізер еді.

Қазақ ұлты ұлт болып, саяси бостандықты баянды ету үшін жас ұрпақтың жан дүниесі мен жүрегі ұлттың терең тарихынан өрбіген білім мен тәрбиеге сусындап, өзін өзгеден кем көрмейтін, өз мәртебесін түсінетін болып өсуіне, өзін-өзі толық тануына, мына жаһандану заманында ұлттық білім мен тәрбие мазмұнын ертеңгі интеллектуалдық ұлттың меңгеруі мен дағдарысты еңсеруге даяр болуына бірден бір бағдаршам болмақ.

## Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. // Ана тілі. № 52 (1153), 21 желтоқсан, 2012 ж., 4 қаңтар 2013 жыл, 1, 8-13 беттер.
2. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. Азаматтық саясат. Бақытқа жол сілтеу. Бақытқа жету жайында/ «Бағзы замандардан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы». Жиырма томдық: «Әл-Фараби философиясы». – Астана: Аударма, 2006. – 2 Т. – 507 бет.
3. Абу Наср Аль-Фараби. Добродетельный город: Философские трактаты. - Алматы: Международный клуб Абая, 2014. – 504 с.
4. Таубаева Ш.Т. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы//Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2020. - № 1 (62). – 4-20 беттер.
5. Тажимаев Т.Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. Алма-ата, 1965.
6. Безрукова В.С. Педагогика: учебное пособие. – Ростовн/Д: Феникс, 2013. – 381 с.
7. Новикова Л.И. Воспитательная система как феномен педагогической действительности /В кн.: Теоретико-методологические проблемы педагогики в условиях становления и развития целостной системы непрерывного образования. Сборник тезисов XII сессии Всесоюзного методологического семинара. 21-22 марта 1988 г. – М., 1988, с. 79-82.
8. Новикова Л.И. Воспитание как педагогическая категория //Педагогика. – 2000. – № 6. – С. 28-35.
9. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. -254 бет.
10. «Әлемдік және Қазақстандық білім-ғылым кеңістігіндегі этнопедагогика және этнопсихология» Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының, Халықаралық Педагогикалық академиясының академигі, профессор Клара Жантөреқызы Қожахметованың 65 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2016 – 554 бет.
11. «Білім беру жүйесін модернизациялау: тенденциялар, проблемалар және перспективалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: «Абылайхан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, «Полилингва» баспасы, 2019. – 626 бет.
12. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Бірінші том. (VI ғасырдан XX басына дейінгі кезең. Редакция алқасы: Шаяхметов Ш.Ш., т.б. Құрастырғандар: Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 бет.
13. Канке В.А. Философия науки: краткий энциклопедический словарь. – М.: Издательство «Омега - Л»2009. – 328 с.
14. Таубаева Ш. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 388 бет.
15. Арсалиев Ш.М-Х. Методология современной этнопедагогики. – М.: ГЕЛИОС АРВ, 2013. – 320 с.
16. Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: Ғылым, 2008. - 350 с.
17. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. -254 бет.
18. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. -256 бет.

19. Таубаева Ш. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 388 бет.
20. Таубаева Ш.Т. Философия и методология педагогики: научные школы стран СНГ и Республики Казахстан: хрестоматия. Под ред. д.филос.н., профессора А.Р. Масалимовой. - Алматы: Қазақ университеті, 2017.- 402 с.
21. Таубаева Ш. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері. Оқулық. Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 360 бет.
22. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2016. - 432 бет.
23. Профессор Ұзақбаева Сақыпжамал Асқарқызының ғылыми мектебі. – Алматы, 2019. – 172 бет.
24. Профессор Клара Жантөреқызы Қожахметованың ғылыми мектебі – Научная школа профессора Клары Жантуриевны Кожухметовой. Құрастырған авторлар: Ш.Т. Таубаева, М.С. Юнусова, С.С. Қонырбаева. –Алматы, «Арна ltd» баспасы, 2016. – 336 бет.
25. Кожухметова К., Таубаева Ш., Джанзакова Ш. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах. Учебно-методическое пособие для студентов высших педагогических учебных заведений, магистрантов, аспирантов и докторантов в области педагогики. – Алматы, 2005. – 174 с.
26. Қожахметова К.Ж., Джанзакова Ш.И. Этнопедагогика – дербес оқу пәні. Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 177 бет.
27. Джанзакова Ш.И. Этнопедагогика жеке оқу пәнінің ғылыми құрылымы. Монография. Атырау, 2020.
28. Мәңгілік ел. Оқулық./ М.Б. Қасымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. - 336 бет.
29. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Оқу құралы. –Алматы: Сана, 1995. – 352 бет.
30. Липский И.А. Социальная педагогика: Методологический анализ: Учебное пособие. – М.: ТЦ Сфера, 2004. – 320 с.
31. Мардахаев Л.В. Методологические основы национального воспитания //Педагогика и психология. - 2014. - № 1 (18). - С. 62-75.
32. Ритцер Джордж Әлеуметтану теориясы. Sociological Theory: Астана: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 829 бет.
33. Таубаева Ш.Т. Педагогическое науковедение и науковедческие основания методологии педагогики: интерпретация ученых //Материалы Международной научно-методической конференции «Развитие методологии научно-исследовательской и образовательной деятельности в условиях духовно-нравственного возрождения казахстанского общества», 13-14 октября 2017 года. – Алматы: Қазақ университеті, 2017, с.134-138.
34. Перминова Л.М. Развитие теории и практики обучения в контексте методологических исследований В.В. Краевского//Сборник научных трудов Международной научно-теоретической конференции, посвященной 90-летию со дня рождения российского ученого-педагога, академика РАО Володара Викторовича Краевского «Методология педагогики в контексте современного научного знания». 22 сентября 2016 г. – М.: ФГБНУ «Институт стратегии развития образования РАО», 2016, с. 33-43.
35. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 328 бет.
36. Таубаева Ш.Т., Максұтова И. Дидактикадағы инновация. Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2020. – 368 бет.

## **ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫН МЕКТЕП ПРАКТИКАСЫНА ЕНДІРУ**

Дюсембинова Р.Қ.- Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Қазіргі уақытта Қазастанда әлемдік ақпараттық және білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасу үстінде. Сонымен қатар бүткіл дүниежүзі халықтарының аландатушылығын тудырып отырған COVID-19 індеттің таралуы ересектерді де, балаларды да үйреншікті емес өмір салтымызды өзгерткен өзін-өзі оқшаулауға мәжбүр

етті. Бүгінгі күндегі өзін-өзі оқшаулау іс жүзінде бір жағынан ерікті болса, екінші жағынан жайсыз эмоционалды өзгерістерді сезіндірген мәжбүрлі екендігі баршамызға аян. Осы ретте қашықтықтан оқыту қоғам мен білім беруді ақпараттандырудың объективті процесінің нәтижесі бола отырып, білім арудың ең перспективалы түрі болып табылады.

Қашықтықтан оқыту тіпті мұндай жоспарланбаған жағдайда қиын кезеңдерден өтіп қана қоймай, болашақ ұрпаққа тереңірек және біртұтас білім мен тәрбие беруге көмектесе алады. Оған дәлел Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» № 345 бұйрығына сәйкес нақты іс-шаралардың жүзеге асырылыа келе жатқандығы [1;2].

Қашықтықтан оқыту-білім алушыларға оқытылатын материалдың негізгі көлемін жеткізуді, оқыту процесінде білім алушылар мен оқытушылардың интерактивті өзара іс-қимылын, оларға оқытылатын оқу материалын игеру бойынша, сондай-ақ оқу процесінде өз бетінше жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялар жиынтығы ұсынылды.

Бүгінгі таңда «EL ARNA» («Радио Классик» арнасында), «Balapan» («Қазақ радиосы» арнасында) телеарналарында тиімді интернет-платформалары арқылы білікті педагогтар қосымша аудиосабактар ұйымдастырылып жүргізуде. Орта мектептерде мұғалім мен оқушылардың байланыстары «Kundelik.kz» электронды журналы, «Bilimal.kz», «Mektep.edu.kz» жүйелері арқылы жүзеге асырылуда. Алғашқыда ақпараттық технологияларды пайдалану оқу-тәрбие жұмысында қиындықтар тудырғанымен, өте келе бұл бағытта да едәуір тәжірибе жинақталуда.

Мұғалімдер күнделікті сабақтарды түрлі интернет-платформалары арқылы өткізеді және оқушылардың өздік тапсырмаларды орындау нәтижелерін электронды журналдар, интернет-платформалар, электрондық пошта, WhatsApp, Aitu-чат және басқа білім ресурстары арқылы қорытындылай алады.

Жоғары және орта оқу орындарында медиабілім платформаларын Мәселен, «ZOOM», «Moodle», Cisco WebEX», «Microsoft Teamns», «Socrative», «QuizSlide», «Mentimeter», «Kahoot» және т.б. орта мектептер мен балалар шығармашылығы орталықтарында «Opiq», «Bilim media Group», «Daryn Online», «NIS Play», «STEM академиясы», «Imektep» және т.б. қолданудың көкжиегі күнен күнге кенее түсуде.

Бүгінгі балалар мен жастар компьютерлік техниканы тез игереді. Есі кіргеннен бастап олар ұялы телефонға жармасып компьютерді еркін қосып, Интернетке кіруге тырысады. Отбасылық қауымдастықтардың Ұлттық Одағының (UNAF) мәліметтері бойынша, кәмелетке толмаған балалардың өзі де жыл сайын әр түрлі экрандық медиамен 1400 сағат бойы байланыста болады [3].

Медиабілімнің әлемнің көптеген елдерінде білім беру процесінің маңызды бөлігіне айналуы мәселелері бүгінде педагогика, психология, әлеуметтану, философия, мәдениеттану, өнертану, филология, саясаттану және басқа да түрлі ғылымдардың өкілдерінің назарын аударуда.

Қазіргі заманғы медиа-фильмдер балаларға гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық білімдерді, сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) мен ұлттық құндылықтарды (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) меңгерулеріне мүмкіндік бере отырып, өміріне де, денсаулығына да қауіп төндіретін құмар ойындарға, есірткі, психотроптық немесе есеңгірететін дәрумендер, темекі, алкоголь сияқты заттарды қолдануға, зорлық-зомбылық, жан-жануарларға қатыгездік немесе порнографиялық сипаттағы әрекеттер жасауға еліктеушілік тудыруы мүмкін. Әсіресе әлеуметтік желілерде таралып отырған жағымсыз көріністердің бірі- кибербуллинг. Ағылшын тілінен алғанда проблемасы бар балалар «bully», яғни «бұзақылық» деген ұғымға саяды. Мамандардың айтуынша мұндай мазмұндағы ақпараттар балалар мен жастардың депрессияға, бұзақылыққа ұшырауына, тіпті оқшауланып тұйықтануына, өзін-өзі бағалауын төмендетіп өзіне қол жұмсау сияқты сорақылыққа әкеп соқтыруы мүмкін.

2017 жылдың 12-ші сәуір күні жарияланған мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет», - дер атап өткендей болашақ қоғам азаматын тәрбиелеуде жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) мен ұлттық құндылықтардың (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) бірегейлігін қамтитын қазақ этнопедагогикасын пайдалануға басты назар аударуға тиіспіз [4].

Біздер өз тарапымыздан Қазақстан мектептерінде балалар мен жастарды осындай келеңсіз жат қылықтардан сақтап, олардың алдын алу мақсатында оқу-тәрбие процесін қашықтықтан оқыту технологиясын құралдары арқылы жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтардың (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) бірегейлігін қамтитын қазақ этнопедагогикасын пайдалану негізінде ұйымдастырудың келесі үлгі мазмұнын ұсынымыз [5].

**Контент-1. Ауызекі шығармаиылығы** саласынан мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, балаларға арналған қаламақ, санамақ, саусақ ойындары, жұптасқан және топтасқан, командалық интеллектуалдық ойындар, аңыз әңгімелер, ертегілер, әйгілі билер мен шешендердің ұлағатты сөздері, айтыс өлеңдері, тұрмыс-салт, тарихи, батырлар, лиро-эпос жырлары үлгілерімен, Ұлы Түркі қағанаты тұсындағы көне түркі жадығаттары, түркі ғұламаларының Отан-ана, халық, еңбек бірлік ерлік ынтымақ туралы жыршы-жырау мен билердің, қазақ ақын-жазушыларының, шетелдегі қазақ жазушыларының шығармашылығы.

**Контент-2.Сәндік-қолданбалы өнері** саласынан киіз үйдің құрылымымен, жиһаз-жабдықтарымен, табиғи заттармен сарамандық жұмыс әдістері, ою-өрнек түрлері, зергерлік бұйымдар, ұлттық киім үлгілері әшекейлері, ұлттық саз аспаптарының үлгілері, темір ұсталығы мен зергерлік өнер, төрт түлік малды өсіріп, күтіп, баптаудағы ата кәсіп түрлерімен, ұлттық дастарқан мәзірі .

**Контент-3 Саз өнері** саласынан халық әндері, халық композиторлары, ақын-жыраулары мен жыршыларының шығармалары, халықтың басынан өткен тарихи оқиғаларды, ерлердің қаһармандық істерін, табиғат көріністерін, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты бейнелейтін, сондай-ақ қиял-ғажайып, нақтият, сатиралық-юморлық және лирикалық сипаттағы әндері, терме-толғаулары, айтыс әндері, күйлерін, қазақ композиторларының әндерін тындату, үйрету, айтыс, әншілік күйшілік өнері, әншілік мектептері.

**Контент-4. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-жоралғылары**саласынан бала тәрбиелеуге байланысты дәстүрлер, діни мейрам, салт, рәсімдер, үйленіп, шаңырақ құруға орай өткізілетін той-томалақ түрлері, адамға қазасына байланысты жоралғылар, отбасы этикасы және адамдармен қарым-қатынасқа байланысты салт-дәстүр, ырым-нанымдар.

**Контент-5. Педагогикалық даналық ой-пікірлері, көзқарастары, идеялары** саласынан ертегілердегі, аңыздардағы, мақал-мәтелдердегі адамгершілік қасиеттерге берілген баға; Ұлы Түркі қағанаты тұсындағы жадығаттардың, Орхон-Енисей жазбаларының мазмұнындағы, түркі ғұламаларының еңбектеріндегі, дала ойшылдарының шығармашылығындағы, „зар заман“ ақындарының, „бес арыстың“, қазақтың классик қаламгерлерінің туындыларындағы адам, қоғам, табиғат жөніндегі идеялардың, пікірлердің, көзқарастардың жалпыадамзаттық құндылықтармен байланысы; қоғам туралы түсінік табиғат пен қоғамның арақатынасы, адамдардың қарым- қатынасын реттейтін идеялар, адамның бойындағы биологиялық және әлеуметтік нышандар; адамның дүниені танып-білу, ою тую үрдістері, адам өміріндегі білімнің ролі, адамның қоғамда атқаратын қызметі мен тұлғалық қасиеттері; ел басқаруға деген, табиғат құбылыстары, даму үрдістері туралы ой- пікірлер; табиғат ресурстарына деген көзқарастары.

**Контент-6. Халық ілімдері**саласынан күнделікті өмірде қолданған салмақ, ұзындық, уақыт, жылдамдық тәрізді негізгі өлшем бірліктерін, төрт түлік малды өсіру, санауға байланысты фольклорлық есептер; геометриялық фигура, жануар, өсімдік тектес ою-өрнектер;

тіл ұстарту біліктілігі, сөйлеу мәдениеті, саз өнері, бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнері бойынша құрақ құрау негізінде заттың түрін үйлестіру (композиция), пішініне қарай орналастыру, заттарды жазықгы бейнелеу, мүсіндеу, әшекейлеу, құрастыру технологиясы жөнінде жинақтаған тәжірибесі мен сәулет, мүсін өнері жөніндегі ілімі; баланың ақыл-ойын, көру, есту, қозғалыс қабілеттерін дамытатын интеллектуальдық, қимыл-қозғалыс, әлеуметтік, жұптасқан, топтасқан ойын түрлері; арифметикалық амалдарға, тендеуді шешуге құрылған қара есептер, қазақтың мүшел қайыру дәстүрі мен „Арифметикалық прогрессия“ арасындағы байланыс; қазақтың ұзындық өлшем бірліктері; физикалық шамалардың көне өлшемдері мен халықаралық „Si жүйесінің“ арақатынасы; А.Иассауи мазарындағы тайқазан құрылысының маятник тербелісінің периоды және Фуко маятнігінің қасиетімен сабақтастығы; жыраулар поэзиясындағы ел, мекен, табиғат, тау-тас, өзен-көл туралы географиялық ілімдер; таза заттар мен қоспалардың қасиеттері және сүзу, суалту, суыту, кристалдандыру процестері туралы химиялық ілімдер; Шоқ жұлдыздар, жұлдыздар картасы, Жетіқарақшы, Үркер жұлдыздары, аспан денелерінің құбылыстары мен ерекшеліктеріне қатысты астрономиялық мағлұматтар; Халық күнтізбесі, астрологиялық, метеорологиялық ілімдер; адамдардың, жан-жануарлардың, өсімдіктердің түрлі қасиеттерін сипаттайтын ілімдер; адамды, жылқыны сынауда ойшылар, шешендер қолданған психологиялық, биологиялық, анатомиялық, физиологиялық ілімдер; тұңғыш лингвист түркі ғалымы М.Қашқаридың „Диуани лұғат ат-түрік“ энциклопедиясы, айтыс, шешендік өнері, әншілік күйшілік өнерлері жайлы арнайы кәсіби ілімі; тарихи-әдеби, этнографиялық мұрағаттарда сақталған қазақ халқының ежелгі тарихи, діни ілімдері; ел басқару, әулет басқару, хандық құру жөніндегі қоғамдық ілімдер (би- шешендердің әділдік шешімдері, „Қара найза“ сияқты жазалау тәсілі, Шыңғыс ханның „Жаса“ заңы мен Тәуке ханның „Жеті жарғысы“), „Қоянды жәрмеңкесі“, „Ұлы Жібек“ жолы туралы мағлұматтар мен экономикалық ілімдер; ата-бабаның жауынгершілік дәстүрі, елін, жерін қорғау тәжірибесі, әйгілі „Жеті құрылымның“ мән-маңызы; „Құйрық жеу“, „Ай қоралан“, „Үлкәр серік“, „Үш соғыс“, „Қайта ұрыс салу“ сияқты әскери-соғыс тәсілдері ілімдері.

Қорыта келе Қазақстан мектептерінде оқу-тәрбие процесін қашықтықтан оқыту технологиясын құралдары арқылы жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтардың (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) бірегейлігін қамтитын қазақ этнопедагогикасын тиімділікпен пайдалануға **интернет-платформалары:** BilimLand, Kyndelik Kz, Darin online; **сандық білім беру ресурстары:** Mектеп.OnLine, Qaradomalak Studio, Opiq.z; Microsoft TEAMS, GoogleClassRoom; **әдістері:** білім берушілер мен білім алушылардың ақпараттық-білім беру ортасымен және өзара іс-қимыл әдістері (белсенді және интерактивті); оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері, оқу материалдарын трансляциялау әдістері (кейс-технология, ТВ-технология, желілік технология); оқу қызметін ынталандыру әдістері (қызығушылықты дамыту әдістері және жауапкершілікті дамыту әдістері); бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері (жеке және топтық, репродуктивті және шығармашылық, синхронды және асинхронды). және репродуктивті әдістер көрсету, иллюстрация, түсіндіру, әңгіме, әңгіме, жаттығу, міндеттерді шешу, оқу материалын жаттау, жазбаша жұмыстар, қайталау); **құралдары:** Skype оқу кітаптары (қағаз тасымалдағыштағы қатты көшірмелер және оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың, анықтамалықтардың және т.б. электрондық нұсқасы); желілік оқу-әдістемелік құралдар; кәдімгі және мультимедиялық нұсқалардағы компьютерлік оқыту жүйелері; аудио және бейне оқу-ақпараттық материалдар; зертханалық қашықтықтан оқыту практикұмдары; қашықтықтан қол жеткізумен тренажерлер; қашықтықтан қол жеткізумен деректер және білім базалары; қашықтықтан қол жеткізумен электрондық кітапханалар; сараптамалық оқыту жүйелері (ЭОС) және геоақпараттық жүйелер (ГАЖ); **формалары:** бейцнелекция, бейнеконференция, форум, вебинар, көрме, виртуалды экскурсия, викторина, веб-квест, жобалау, фотофлэшмоб, акция және т.б ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» № 345 бұйрығы <https://egemen.kz/article/24813-qazaqstan-respublikasy-bilim-dgane-ghylm-ministrigininh-buuryghy-%E2%84%96345>
2. 2020-2021 оқу жылында Қазақстан республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр - Сұлтан қ.: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 384 б. <https://nao.kz/blogs>
3. Отбасылық қауымдастықтардың Ұлттық Одағының (UNAF) мәліметтері [www.udaf77.fr](http://www.udaf77.fr)
4. 2017 жылдың 12-ші сәуір күні жарияланған мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press)
5. Дюсембинова Р.Қ. Қазақ этнопедагогикасын мекп практикасына ендіру.- Алматы: Ғылым, 2000.-356 б.

УДК 371

## ЭТНОПЕДАГОГИКА ЭПОХИ ЦИФРОВИЗАЦИИ: КОНТУРЫ ПОСТПАНДЕМИЧЕСКОЙ МОДЕЛИ ОБРАЗОВАНИЯ С ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ ОРИЕНТАЦИЕЙ

Алметов Негматжан Шадиметович

Южно-Казахстанский университет им.М.Ауэзова, г.Шымкент, Казахстан

**Кілттік сөздер:** этнопедагогика, цифрлендіру дәуірі, білім берудің постпандемиялық моделі, этномәдени бағдар, этнопедагогикалық тұғыр, полипарадигмалдық тұғыр.

### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала этнопедагогиканың цифрлық қоғамдағы рөлі мен орнына арналған. Пандемия жағдайында және пандемиядан кейінгі кезеңде білім беру мәселелерін шешудегі этнопедагогиканың әлеуеті айқындалған. Халықтық педагогиканың идеялары мен тәжірибесін жүзеге асыру негізінде этномәдени бағдарланған білім берудің постпандемиялық моделін құру мәселесі қарастырылған.

**Key words:** ethnopedagogics, digitalization era, postpandemic model of education, ethnocultural orientation, ethnopedagogic approach, polyparadigm approach.

### SUMMARY

The article is devoted to the role and place of ethnopedagogy in digital society. A potential of ethnopedagogics in solving problems of education in pandemic and post-pandemic conditions is revealed. The problem of building a postpandemic model of education with ethnocultural orientation based on the implementation of ideas and experience of folk pedagogy is considered.

В истории образования немало примером обращения к народной педагогике в трудные периоды становления и развития образовательных систем. Так было, в первые годы Советской власти, когда единая трудовая школа строилась на идеях и опыте народной педагогики. Народная педагогика ярко отражалась в содержании образовательных программ 1920- 30- годов [1]. В постсоветский период в республиках бывшего Союза в становлении и реформе образования важное место занимало народная педагогика как фактор возрождения национальных ценностей, сохранения национальной идентичности, трансформации этнокультурного наследия подрастающего поколения и их воспитания в духе гуманизма и патриотизма.

В нынешний, трудный для образования период пандемии также актуально обращаться к народным истокам обучения и воспитания, которые прошли испытания через века. Народные педагогические идеи и опыт не теряли свою ценность и требуют изучения, осмысления и применения с точки зрения новых образовательных парадигм, реалий образовательной практики периода пандемии.

Нам кажется, что начатая в 1990-годах положительная тенденция этнопедагогизации образования за последние годы заметно ослабилась, это на фоне ориентации на передовой из мировой опыт, тотальной технологизации образования, непрерывного внедрения педагогических инноваций, глобализации образования, а теперь цифровизации. Пандемия вызвала проблемы мирового, регионального и национального масштабов в образовании.

Пандемия внесла многие существенные коррективы в экономику, в социальную сферу и образ жизни людей. С серьезными проблемами столкнулся и система образования. «Пандемия коронавируса оказывает длительное негативное влияние на сферу образования, качество человеческого капитала и социально-экономическое развитие в странах Центральной Азии, где дети и молодежь составляют почти половину всего населения. Эксперты полагают, что кризис ставит под угрозу будущие доходы подрастающего поколения. Так, они прогнозируют увеличение уровня функциональной безграмотности среди подростков. Это означает, что растет число учеников, которые не могут использовать навыки чтения, письма и математики для эффективного участия в жизни общества» [2].

*«Пандемия коронавируса наносит системе образования и обучения удар такой разрушающей силы, что последствия будут ощущаться на десятилетия вперед, включая экономические потери в размере \$44 млрд только в Центральной Азии. И это не самый пессимистический сценарий»,* - отметила **Айша Вауда**, ведущий специалист Всемирного банка по вопросам образования в Центральной Азии [2].

Образовательные системы многих стран быстро реагировали на вызовы пандемии, создав «антипандемические модели образования», заключающийся в такой организации учебно-воспитательного процесса, которая отвечает санитарным нормам и правилам нераспространения коронавируса, обеспечивая при этом максимальную возможность для качественного усвоения обучающимися образовательных программ, организации совместной работы педагогов и обучающихся в онлайн и офлайн формате.

В мировой практике мы наблюдаем три основные разновидности антипандемической модели образования: 1) дистанционное (онлайн) обучение; 2) частичное офлайн обучение в сочетании с дистанционным обучением; 3) офлайн обучение со строгим соблюдением санитарных требований (школьникам с согласия родителей предоставляется возможность офлайн обучения, например ученикам 1- 5 классов, у которых еще недостаточно развиты общеучебные навыки и умения) .

«На данный момент имеются выраженные сложности, препятствующие эффективному обучению в ситуации пандемии... Технологическое обеспечение школ не связано с более высокой академической успеваемостью школьников: в среднем по странам ОЭСР один дополнительный компьютер на каждого учащегося в школе был связан с 12-балльным снижением показателей чтения до учета других факторов и с 6-балльным снижением после учета социально-экономического статуса учащихся и школ», - - пишет М.Л.Агранович. «Эта отрицательная связь может иметь множество причин, но она указывает и на то, что для

достижения образовательных результатов требуется больше, чем просто наличие оборудования и технологий. Для обеспечения адекватного уровня обучения в онлайн-формате важна не только технологическая оснащенность, но также и навыки учителей по преподаванию в новых условиях», - продолжает автор [3].

«Для казахстанских школ сложившаяся ситуация также была абсолютно новой и неожиданной. Нам пришлось увеличить на одну неделю продолжительность весенних каникул и использовать это время на экстренную подготовку к организации учебного процесса в нестандартных условиях карантина. В ходе подготовки к новому формату обучения были определены основные проблемы», - отмечает министр образования и науки Республики Казахстан А.Аймагамбетов в своем интервью газете «Литер» [4].

Со стороны государства, исполнительных органов проделаны реальные шаги финансово-экономического, нормативно-правового, организационного, материально-технического и ресурсного обеспечения учебно-воспитательного процесса (особенно дистанционного обучения) в период пандемии. Ведется большая работа по развитию профессиональных компетенций учителей и других педагогических кадров по вопросам онлайн обучения и киберпедагогики. Организуются онлайн семинары для родителей.

Большая часть педагогической общественности восприняла и с пониманием относится к вынужденной мере организации образовательного процесса в период пандемии, хотя немало и критических высказываний по поводу организации обучения во время карантина. Учащиеся и студенты адаптировались к новым условиям и показывают более высокие результаты. Семьи стали своеобразной образовательной средой, в котором обучаются все. Родители брали на себя часть функций учителей, организаторов-менеджеров учебного процесса.

Несмотря на многие критические замечания родителей и некоторых деятелей, выбранные антипандемические модели образования оказываются единственно реально возможными в сложных условиях распространения и угрозы повторных распространений коронавируса.

*Период пандемии показал ряд проблем и недостатков существующих образовательных моделей и систем:*

- технико-технологическое отставание образования в плане цифровизации;
- недостаточный, порой низкий уровень цифровых компетенций педагогов, их профессиональная отсталость от современных требований организации учебно-воспитательного процесса средствами информационно-коммуникативных технологий;
- слабая готовность некоторой части педагогов к инновациям, хотя систематическое внедрение инноваций в школу уже стало обычным явлением, традицией;
- слабо развитая киберпедагогика и методика обучения средствами цифровизации;
- низкий уровень функциональной грамотности родителей как результат их недостаточного участия в жизни школы, формального характера связи семьи и школы;
- недостаточно развитая родительская педагогика в семьях;
- недостаточное внимание к формированию общеучебных умений и навыков у учащихся.

Для решения указанных проблем нужен комплексный подход, требующий сперва грамотно констатирующего анализа функционирования антипандемических моделей организации педагогического процесса, а затем прогнозирования и практического обоснования эффективности реальных педагогических действий. Мы убеждены в том, что в совершенствовании антипандемических моделей образования важное место должно занимать этнопедагогика – наука о народной педагогике, а также теория и практика этнокультурного образования.

В докладе мы исходим из того, что разработка и внедрение этнокультурно ориентированной антипандемической модели образования является действенным практическим шагом решения проблем образования в период пандемии и в постпандемический период.

*Потенциал этнопедагогике в совершенствовании антипандемических моделей образования мы видим в том, что:*



- народной педагогике характерны многие особенности, обуславливающие его «живучесть» во все исторические времена, в становлении и развитии этносов [5]. Это – массовость, практичность, сохранение, аккумуляция и трансформация гуманистических ценностей, коллективный характер творческих начал и др.;

- народная педагогика сохраняется и передается через традиции и обычаи, являющаяся своеобразной формой организации жизни и быта семьи, этнических общностей, которые реально конкурирует, и пока не уступают новым формам жизни и быта «цифровой семьи», когда и в семейном кругу люди все больше используют средства цифровизации и мало общаются с другими членами семьи;

- в большом информационном потоке из средств цифровизации, которого воспринимает человек, информация народного (этнокультурного) содержания может занимать своеобразное место, ибо она близка к сердцу, понятна, прагматична и «чиста от компьютерного негатива»;

- этнокультурный педагогический материал легко и доступно передается через средства цифровизации, его хорошо воспринимает цифровое поколение с «3D восприятием»;

- народная педагогика обогащает содержание семейного воспитания, разнообразит формы организации семейной жизни и воспитания детей [6];

- природосообразный характер народного воспитания усиливает эколого-ориентированный характер содержания обучения и воспитания, связь личности обучающего и воспитанника с природой, способствуют преодолению отчуждения человека от природы, профилактики компьютерной зависимости, предупреждению ухудшения здоровья детей и молодежи под воздействием цифровых средств [7].

«Возвращение» народной педагогики в школу в цифровом веке, очевидно, будет связано с трудностями, противоречиями объективного и субъективного характера. Среди руководящих работников образования, менеджеров, педагогов много тех, которые рассматривают народную педагогику как материал из истории педагогики и образования. На фоне педагогических инноваций эпохи цифровизации с привлекательными иностранными названиями, народная педагогика кажется устаревшей, примитивной, которой, как бы все знают и само по себе используется. Однако нужно понять, что народная педагогика не народная медицина, и не народная астрономия.

На самом деле, «карантинная весна» 2020 года показала, что сегодняшние семьи далеки от правильной народной педагогики. Рост семейных конфликтов и семейного насилия, паническое настроения некоторой части родителей по поводу дистанционного обучения говорит о том, что современным субъектам воспитания очень хватает опыт народной педагогики. Рост негативных явлений среди детей и подростков под влиянием цифровых средств, все более тревожит педагогическую общественность. И здесь народная педагогика может решать многие проблемы.

Цифровые средства все глубже проникают в жизнь современного человека, семьи. Огромное пространство коммуникации, небывалый поток разного рода информации, которой невозможно «педагогически переработать», «проводить через педагогический фильтр» вызывает множество трудностей в воспитательной деятельности. Школе все трудно становится решать проблемы влияния медиа на сознание и поведение детей, причем самими современными педагогическими средствами. Пандемия усугубляет проблемы обучения и воспитания детей, связанные с цифровизацией.

Поэтому, на наш взгляд, нужно вернуться к народным истокам в воспитании и обучении. Здесь подразумевается новые подходы к изучению, освоению и применению идей и опыта народной педагогики с учетом современных цифровых реалий. Первым шагом в этом направлении может быть проектирование этнокультурно ориентированной постпандемической модели образования.

*Проектирование этнокультурно ориентированной постпандемической модели образования может быть основа на следующих педагогических условиях:*

- теоретическое и практическое обоснование роли и места народной педагогики как источника развития образования в период пандемии и постпандемический период;

- достижение признания администрациями школ, менеджерами образования разного уровня народной педагогики как педагогической инновации, готовности руководителей школы поддержанию инициатив в области развития этнокультурного образования [8];
- развитие ценностного отношения учителей-практиков к этнопедагогическому наследию, повышение их интереса к народной педагогике, потребности и мотивированности использования его элементов в практике учебно-воспитательного процесса;
- пропаганда идей и опыта народной педагогики среди широкой педагогической и родительской общественности;
- анализ этнокультурно-образовательного потенциала обновленного содержания образования в школе, поиск новых возможностей этнопедагогизации преподавания школьных предметов;
- расширение этнокультурного компонента в содержании школьного образования;
- проектирование и реализация моделей смешанного обучения (оптимальное сочетание офлайн и онлайн обучения) с соблюдением принципа природосообразности;
- использование возможностей средств цифровизации в этнокультурном образовании школьников (онлайн курсы, виртуальные экскурсии по сакральным местам народной истории, организация учебной коммуникации и др.);
- применение народных дидактических и воспитательных средств как механизмов обеспечения информационной безопасности детей;
- разработка и применение здоровьесберегающих этнопедагогических технологий, обеспечивающих психологическую разгрузку школьников, уменьшение вредного влияния компьютерных средств на здоровье детей;
- разработка электронных учебных материалов с использованием элементов этнокультуры;
- развитие функциональной грамотности родителей в аспекте организации дистанционного обучения детей в семейных условиях средствами этнодидактики;
- использование семейной этнодидактики как фактора развития познавательного интереса, учебной мотивации и познавательной деятельности детей народными средствами обучения;
- включение этнокультурного компонента в систему характеристик качества и результативности образовательного процесса;
- организация этнопедагогической подготовки будущих учителей с использованием цифровых технологий.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Орлова А.П. Национальной школе – опыт народной педагогики (20-е, 30-е годы) // Советская педагогика.-М., 1991.-№ 7.- С. 88-91.
2. Проблемы образования из-за пандемии могут стоить Центральной Азии \$44 млрд . Онлайн-брифинг Всемирного банка на тему: «Образование в Центральной Азии // <https://forbes.kz>.
3. Агранович М.Л. Организация образования в условиях пандемии. Практика стран ОЭСР // <https://firo.ranepa.ru/novosti/105-monitoring-obrazovaniya-na-karantine/789-agranovich-ekspertiza>.
4. Система образования Казахстана в условиях пандемии. Первые уроки. Интервью с министром образования и науки РК А. Аймагамбетовым // Литер, 2020, 19 мая /<https://liter.kz/>.
5. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика.- Алматы: Ғылым, 1998.
6. Атемова К.Т. Влияние глобализации на развитие современного традиционного семейного воспитания // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований, 2014.- № 9-1.
7. Джанзакова Ш.М. Этнопедагогизация экологического воспитания младших учащихся в казахской школе// Диссертация ... канд. Пед. наук : 13.00.01. – М., 1998. - 195 с.
8. Алметов Н.Ш. Этнопедагогические основания модернизации современного урока в Казахстане// “Сырдария” университетінің 10 жылдығына арналған “Жаңа әлемдегі Қазақстан

және Ұлттық білім беру проблемалары” халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбектері, 2008.-С.24-297.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДА БАТЫС ӨЛКЕСІ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫН ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

**Иманбаева Сауле Тохтарқызы**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Педагогика кафедрасының профессоры, п.ғ.д., ХПБҒА –  
ның академигі*

Біздің алдымызда тұрған негізгі міндет - ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға қалыптастыру. Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие беру, жалпы тәрбие беру - бүгінгі күн тұрғысынан алғанда өзекті, әлеуметтік - педагогикалық мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің алдында жігерлі, батыл, интеллектуалды қасиеті жоғары азамат тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Бұған бүкіл қауым – ата-ана, қоғам, зиялы қауым өкілдері болып ат салысқан жағдайда өз шешімін табуы сөзсіз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. ...саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз. Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім»[1], - деп ұсынылып отырған идеяның негізі қазақ елінің қасиеті, ұлан байтақ жері, рухы асқақ, намысы биік ел, қазақ елінің қалыптасуындағы мызғымас берік идеологиялық негізі, ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие т.б. мәңгілік ел идеясын іске асырудағы негізгі ұстанымы болып табылатыны көреміз. Қазақстанда әлемнің алпауыт та алып елдерінің көшіне ілесуде интеллектуалды ұлт қалыптастыру, интеллектуалды әлеуетті арттыру – негізгі стратегиялық міндет болып табылатындықтан қоғамның алдында тұрған негізгі міндет - рухы күшті тұлға, халық, қуатты мемлекетті қалыптастыру мәселесі тұр. Ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға - өз ана тілін білетін, басқа тілді құрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық салт-дәстүрден нәр алған, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын адамды қалыптастыру көзделеді. Осы тұрғыда тұлғаны қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің, бәсекеге қабілетті зияткер тұлға қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің орны ерекше. Бүгінгі егемен еліміздің елдігі мен бірлігі ұстаз тәрбиелеген жас ұрпақтың рухының биіктігінде, біліктілігі мен білімінде екені әлемдегі жаһандану үдерісі көрсетіп отыр. Осының басы-қасында ұстаз, ғалым, тәлімгерлер тұр. Ұстаз ұлы тұлға! Бүгінгі егемен еліміздің елдігі мен бірлігі ұстаз тәрбиелеген жас ұрпақтың рухының биіктігінде, *біліктілігі мен білімінде екені әлемдегі жаһандану үдерісі көрсетіп отыр. Бәсекеге қабілетті зияткер тұлға қалыптастыруда ұстаздың орны ерекше.*

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы, ақпараттандыру технологиясы, негізгі халықтың рухани – адамгершілік құндылықтарын дамыту стратегиялық бағыт болып отыр.

Бүгінгі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті аясында атқарылып отырған жұмыстар негіз бола алады.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен Үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие беруге байланысты Республикалық үйлестіру кеңесінің құрылуы. Үйлестіру кеңесінің мүшелері елімізге танымал, қоғам қайраткерлері мен белгілі ғалымдар.

-Қазақстан Республикасы тәрбие тұжырымдамасында берілген тәрбиенің бағыттарын толықтай қамтып отыр. Мемлекеттік деңгейде дайындалған тұжырымдаманың негізгі өзегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі дайындаған бағыттар жан-жақты қамтылған. Тәрбиенің басым бағыттарына: ұлттық тәрбие.

**Ұлттық тәрбиенің мақсаты** – жастардың тарихи және әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, рухани мұраларды иеленуі, ұлтаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетіне қол жеткізуі, қоғамның әлеуметтік даму жағдайына әлеуметтенген, интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, халық бірлігі, мемлекетіміздің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын патриот-азаматты қалыптастыру болып табылады.

Студент жастардың рухани - адамгершілік әлеуетін қалыптастыруда 2008 жылдан бастап «Ұлттық тәрбие» элективтік курстың университеттің оқу тәрбие үдерісіне енгізілуін атап өтуге болады.

Кезінде алаштың азаматтары негізін қалаған ұлттық білім беру жүйесі бүгінгі таңда өз дәрежесінде жалғасын тапқанын көруге болады.

XX ғасырдың басында ұлт зиялылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Х.Досмухамедов т.б. ұлттық білім мен тәрбие жүйесінің негізін қалады. Зиялы қауым өкілдерінің негізгі миссиясы - бақытты зиялы ұлтты қалыптастыру еді.

Алғашқы «Педагогика» оқулығының авторы М.Жұмабаев ұлттың бақытты болу үшін неге көңіл аудару керек екенін нақты көрсете білді.

Ғалымның айтуынша «Ұлт бақыты - тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның, ұлтын асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі - әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі - әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты», - қоғам мүшелерінің бақытты болуы ұлт бақытының негізі екеніне тоқталады.

Осыдан бір ғасыр бұрын жазылған тұжырым ХХІ ғасыр қоғамын қалыптастыруда негізгі мұрат болып табылады. «... әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол *ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті*», - деп ұлттық тәрбиеге аса мән береді.

Расында да, ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басында тәуелсіз елімізде қоғамдық даму үрдісінде ұлттық рух, ұлттық тәрбиеге деген бетбұрыс айқын байқалады. Ұлттық парыз, намыс, сезім, сана, рух, т.б. құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады. Ұлттық идея - рухани құндылықтарды жаңғыртуда үлкен дем береді. Ұлттық рух - бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті. Ұлттық идея - ұлттық болмыстың, тарихтың көрінісі.

Жас ұрпақ бойындағы ерлік пен елдіктің рухын себетін негізгі күш – туып өскен жері мен елі, ұлттық мұра мен ұлттық байлығымыз екені дау туғызбайды. Ұлттық рухты қалыптастыруда жеке адамның рухы мен халықтың руханилығы негізгі орын алады.

Қоғамда ұлттық, ұлттық патриотизм, ұлттық тәрбие ұғымына әртүрлі көзқарас бар. Ұлттық деген ұғымды жекеленген, оқшауланған ұғым деп қабылдауға тырысады. Жоқ, ұлт бар жерде, ұлттық патриотизм бар. Қазақ халқының жер бетінен жойылмай сақталуы да ата-бабаларымыздың ұлттық рухының жоғары болуында десек артық айтпаған болар едік, яғни бұл - тарихи шындық.

Ұлтжандылық дегеніміз – елі мен жерін, халқының бостандығын және мемлекет ретінде тәуелсіздігін сақтау, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу. Яғни, аталған идеяларды іске асыру бүгінгі жаһандандыру үрдісінде, ұлттық идеялардың әлемдік идеялармен

өзара сабақтастыру жағдайында, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттер қатарынан көрінуі тұтас педагогикалық процестен күрделі, түбірлі өзгерісті талап етеді.

Ерекше атап өтетін жағдай «Ұлттық тәрбие» пәні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің оқу - әдістемелік кеңесінде педагогикалық мамандықтар бойынша білім бағдарламасына енгізіліп отыр. «Ұлттық тәрбие негіздері» атты элективті курсында қамтылған мазмұнның ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2012 -2020 жылға дайындалып жатқан мемлекеттік кешенді бағдарламада көрініс беруі үлкен нәтиже деп бағалауға болады.

Қазақ халқы елі мен жерін жауға бермей ұрпақтарына аманаттауы бұл ұлттық рухтың биік шыңы деуге болады. «Қазақ» деген терминнің өзі ер, ер жүрек деген мағынадан туындағандықтан, ұлттың бойындағы қасиеттер де ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұра іспеттес.

Бүгінгідей өркениетті заманда жастар тәрбиесіне ерекше мән беріліп отыр. Тәрбие – ұлттардың нығаюының және ұлттық сана-сезімнің дамуының бөлінбейтін тетігі болатын, сол арқылы әлемдік өркениет пен мәдениеттің дамуында әр халықтың өзінің тарихи тағдырын, өзінің орны мен рөлін жете түсінуіне әкелетін құбылыс.

Елбасының мақаласында «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», - деп атап көрсетуі де, қазақ халқының жер бетінен жойылмай сақталуы да ата-бабаларымыздың ұлттық рухының жоғары болуында десек артық айтпаған болар едік, яғни бұл - тарихи шындық[1]. Елі мен жерін, халқының бостандығын және мемлекет ретінде тәуелсіздігін сақтау, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу. Яғни, аталған идеяларды іске асыру бүгінгі жаһандандыру үрдісінде, ұлттық идеялардың әлемдік идеялармен өзара сабақтастыру жағдайында, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттер қатарынан көрінуі тұтас педагогикалық процестен күрделі, түбірлі өзгерісті талап етеді.

XX ғасырдың басында қалыптасқан ұлттық идеяларды сабақтастық тұрғыда оқу - тәрбие үдерісіне енгізу арқылы, ұлттық сананы қалыптастыру мәселесіне аса мән бере отырып, ұлттық тарихи құндылықтар жүйеленіп берілді. Х.Досмухамедов ұлттық білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесін, оның мұраларының құндылығын ескере отырып, республикадағы жоғары оқу орындарындағы педагогикалық мамандықтардың оқу жоспарына таңдау пән ретінде оқу жоспарларына енгізу қажет. *XX ғасырдың басы қазақ халқы үшін - ұлттық тарихи құндылықтарымызды ұрпақтан - ұрпаққа жалғастырушы алтын көпір іспеттес.* Интеллектуалды ресурстарымен бәсекеге түсе алатынын, бәсекеге қабілетті тұлғаларды берді. Ғұламаның «Заманымыз мәдениет заманы, мәдениетке білім жеткізеді. Білім оңайлықпен қолға түспейді, Білім алуға көп еңбек, аса сабыр керек. Білім мысқылдап кіреді. Білімді алу үшін көп сарғаю керек. Еңбек қылмай білім жоқ», - деген тұжырымы күзінретті кәсіби маманды қалыптастыруда білімнің құндылығын, мәдениеттің негізгі көрсеткіші: **Халел Досмухамедов** Алаш партиясының негізін, ұлттық мектеп және қазақ тілінің, Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орнының негізін салушы ғалым, ұлттық баспасөз, түркітану мәселелері, қазақ батырлар тарихын зерттеуші ғалым ретінде, ұлттық сөздіктің негізін салушы ғалым ретінде танылды. Осы тұрғыдан алғанда Қадыржан Бірәнұлы Сейталиев Батыс өңіріндегі ғылыми кеңістікті құруға белсене ат салысқан дара тұлғалардың бірі. Оның бойындағы адами қасиеттер, тазалық, ғылымға деген әділеттілігі ешкіммен салыстыруға келмейтін қасиеттері болып табылады.

Себебі, ғалым ретінде сол кеңестегі көптеген диссертациялық жұмысқа оппонент болғанымда, ол кеңестің ғалым атты әлемдік кеңістікте өз орнының бар екені айқын аңғарылатын. Олардың есімі «ұлы дала елінің ғұлама ойшылдары» атты тізімде алдыңғылардың қатарынан орын алады.

XXI ғасырда батыс өңіріндегі педагогика әлемі атты ғылыми мектепте Ә. Мендешева, А.С.Иманғалиев, Ш.И.Джанзақова, Ж.С.Хасанова, Ғ.Базарағалиев т.б. тұлғалар ғылым атты үлкен биікке көтерілді, қанша парасатты тұлғалар осы батыс өңірінің ғылыми мектебінде қалыптасуына ықпал етіп, өзіндік қайталанбас ғылыми мектепті қалыптастырды.

Елбасының «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе *жас ұрпақ бойындағы ерлік пен елдіктің рухын себетін негізгі күш – туып өскен жері мен елі, ұлттық*

*мұра мен ұлттық байлығымыз* екені дау туғызбайды», - деген тұжырымы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру аясында» идеясын іске асыруда, тәрбие мен білім беруде бүгінгі халықаралық ғылыми практикалық конференцияда мерей тойы аталып отырған педагогика ғылымдарының докторы, профессор Джанзақова Шолпан Исағалиқызының еңбектерін ерекше атауға болады.

Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық қасиеттер Сізді қазақ елінің ғана емес, жақын және алыс шетелдердің де белгілі және беделді педагогы деңгейіне көтерді. Мемлекеттік білім беру саласында жауапты қызметтер атқарды. Мектепте биология-химия пәнінің мұғалімі қызметінен бастап Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, Психология кафедрасының меңгерушісі, сырттай қысқартылып оқыту факультетінің деканы, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі лауазымына дейін көтеріліп жас ұрпаққа терең білім, мағыналы тәрбие беруге өлшеусіз үлес қосты.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті жанындағы педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі БД 14.61.02 біріккен диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы қызметтерін атқару барысында Батыс өлкесінде ғылыми мектепті қалыптастыруға өз қолтаңбасын қалдырды.

«Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертацияңызды сәтті қорғап шықты. Ғылыми ізденістеріңіздің нәтижесінде «Этнопедагогика жеке оқу пәнінің ғылыми құрылымы» атты монография, «Этнопедагогика» оқу құралы қолданысқа енгізілді.

Профессор Ш. Джанзакованың шығармашылығынан туындаған 170-ке жуық ғылыми жұмыстарыңыздың негізгі нәтижелері ретінде «Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері», «Этнопедагогика как самостоятельная учебная дисциплина (теоретико-методологический аспект)», «Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах», «Бастауыш сынып оқушыларының этноэкологиялық мәдениетінің мазмұны» атты оқу-әдістемелік құралдары, «Этнопедагогика – дербес оқу пәні», «Студенттердің зияткерлік әлеуеті», «Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» атты оқу құралдары, «Түркі халықтарының этнопедагогикасы» оқу-әдістемелік кешені, «Әлеуметтік педагогика» терминдік сөздігі жарық көрді. Республикалық және шетелдік ғылыми басылымдарда Elsevier компаниясының Scopus мәліметтер базасында және Web of Science Core Collection базасында еңбектері, ғылыми жетекшілігімен 4 ғылым кандидаты және 38 магистр ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады.

Бүгінгі мерей той иесіне осындай мерейлі күні зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілеймін. Жас ұрпаққа сапалы білім беру жолындағы күрделі де жауапты қызметте бұдан былай да абырой биігінен көріне берсін!

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. /Айқын. 13 сәуір, 2013
2. Тарихи тұлғалар. Танымдық көпшілік басылым. –Алматы: Алматыкітап баспасы, 2008.- 376 бет.
3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. –Алматы: Білім, 2003. -280 б.
4. Кожаметова К.Ж., Таубаева Ш., Джанзакова Ш.И. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах. Учебно-методическое пособие. – Алматы: 2005. -174 с.
5. Джанзакова Ш.И. Этнопедагогика - жеке оқу пәнінің ғылыми құрылымы. Монография. Алматы. 2020. - 318 б
6. Мәңгілікел. Ұлттықтәрбие. Алматы. АбайатындағыҚазҰПУ. «Ұлағат» баспасы. 2015. – 460 б.
7. Ұлттық тәрбие. Оқу құралы. – Алматы: 2014. - 280 б.

## ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК – ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ КОМПОНЕНТІ РЕТІНДЕ

С.К.Абильдина, п.ғ.д., профессор

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

*Ключевые слова: этнокультурное образование, этнокультурное воспитание, этнокультурное обучение, этнокультурная компетентность, профессиональная подготовка.*

*Резюме: в статье рассматривается актуальность формирования этнокультурной компетентности как компонент профессиональной подготовки будущих педагогов. Раскрыто понятие этнокультурная компетентность, проанализирован ряд зарубежных и отечественных трудов ученых, и приведена авторская формулировка данного понятия. Даны рекомендации по формированию этнокультурной компетентности будущих педагогов.*

*Keywords: ethno-cultural education, ethno-cultural education, ethno-cultural training, ethno-cultural competence, professional training.*

*Abstract: the article considers the relevance of the formation of ethno-cultural competence as a component of professional training of future teachers. The concept of ethno-cultural competence is revealed, a number of foreign and domestic works of scientists are analyzed, and the author's formulation of this concept is given. Recommendations on the formation of ethno-cultural competence of future teachers are given.*

Еліміздің қазіргі білім беру саясатындағы басты бағыттардың бірі - оқыту мен тәрбиенің этномәдени бағыттылығы болып отыр. Қазақстанның тұтастығы мен болашағы көп ұлтты болуымен де байланысты. Қазақстан Республикасында 120-дан астам ұлт пен ұлыстардың өкілдері тұрады. Бұл өз кезегінде, әр ұлт өкілінің төл мәдениетін, ана тілін сақтап, ұлттық салт-дәстүріне қызығушылығын арттыру, оларды игеруге ұмтылысын күшейту қажеттілігін туындатады. Сонымен қатар, өз мәдениетімен қоса ортақ Отанға, мемлекеттік тілге құрметті арттыру, халықтың этностық-мәдени мүдделерін іске асыру – білім беру саласындағы аса маңызды міндеттердің бірі екендігі сөзсіз.

Әрине, этномәдени тұрғыда толыққанды дамыған, көпмәдениетті ортаға бейімделген, шығармашылық қабілеті жоғары, нарықтық бәсекелестік жағдайында өмір сүруге дайындалған, өзіндік ұлттық бет-бейнесі анықталған этнос субъектісін қалыптастыру - алдымен педагогтың этномәдени даярлығына байланысты. Педагогтың білім берудің көп мәдениетті кеңістігінде кәсіби қызметке дайындығы оқушының этномәдени тұлғасының дамуын педагогикалық қолдаудың өзіндік шарты болып табылады. Біз мақаламызда болашақ педагогтардың этномәдени құзіреттілігін қалыптастырудың маңызы мен мәніне тоқталамыз.

Педагогикалық теория мен практикада этнопедагогика ғылымы қанат жайып, этномәдени білім беру қайта жаңғыртылып, дамытылды. Бұл Ресей ғалымдары: Г.Н.Волков, М.В.Богуславский, Л.Н.Беленчук, В.К.Шаповалов, Отандық ғалымдар - С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Ж.Ж.Наурызбай, Р.Қ.Дюсембинова, Қ.Бөлеев, Ә.Табылдиев, Ш.М.Мухтарова, Ш.И.Джанзакова, С.Т.Иманбаева, А.Қ.Нұрғалиева, С.Қ. Әбілдина, Г.Р.Бахтиярова т.б.. зерттеулерінде кеңінен көрініс тапты. Біз алдымен, «этномәдени білім беру», «этномәдени тәрбие», «этномәдени оқыту», «этномәдени құзіреттілік» т.б. терминдердің ұғымдық деңгейлерін, қолданылу аясын анықтап алуды қажет деп таптық.

Жүргізілген ғылыми-ұғымдық талдау зерттеуіміздің басты категорияларының бірі – «этномәдени білім беру» түсінігінің анықтамасына тоқталуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда ғылыми әдебиеттерде қазіргі этномәдени білім беруді сипаттайтын анықтамаларға түрлі көзқарастар қалыптасты.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңында этномәдени білім ұғымына былайша сипаттама берілген: «Ана тіліміз бен төл мәдениетімізді әр елдің мәдени-рухани құндылықтарын қоса игеру арқылы тұлғаның этностық мәдени сәйкестілігін сақтауға бағытталған білім». Ресей ғалымдары бұл ұғымға өз зерттеулерінде өзіндік түсіндірмелерін келтіреді. Мәселен, Л.И.Набок жүйелі, тарихи дамымалы тұтастық ретінде түсіндірілетін мәдениеттің этникалық аспектілерін оқып үйренуге бағыттау десе, У.С.Борисова полиэтникалық ел ретінде Ресейдің жалпы мемлекеттік білім берудің органикалық құрамдас бөлігі, көпқырлы тарихи - саяси, әлеуметтік мәдени және педагогикалық ұйымдасқан құбылыс, оның негізі этномәдени құндылықтарды (тіл және әдебиет, тарих және мәдениет, рухани мұра) шығармашылық тұрғыдан игеру деп түсіндіреді[1].

Ғылыми айналымға этномәдени білім беру тұжырымдамасын ендірген ғалым Ж.Наурызбай «Этномәдени білім беру» терминін «білім беру саласында этномәдени мүдделерді асыру» ұғымын категориялық тұрғыдан құру тұрғысынан қарастырады. «Этномәдени білім беру – тұлғаның этномәдени біртектілігін сақтай отырып, өзінің ана тілі мен мәдениетіне әлемдік мәдениет құндылықтарын игере отырып жақындастыруға бағытталған оқыту мен тәрбиелеу жүйесі», деген өз анықтамасын ұсынған [2].

Этномәдени білімділік жасөспірім тұлғаның әлемдік өркениет жетістіктері мен дәстүрлі мәдени мұраны игерумен қатар белсенді қолданып, өзінің этникалық біртектілігін сақтап және дамыта отырып, жалпымемлекеттік құндылықтарды қабылдауы арқылы жүзеге асады.

Жалпы білім беруді ұлттық дәстүрлерге бағыттап дамытуды көптеген зерттеушілер білім берудің этномәдени бағыттылығы ретінде қарастырады (В.К.Шаповалов, А.В.Панькин т.б.). В.К.Шаповаловтың пікірінше, білім берудің этномәдени бағыттылығы оқыту мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері, мазмұны, технологиясының тұлғаны заманауи өркениет жағдайында өзін-өзі анықтауға қабілетті этнос субъектісі және көпұлттық мемлекет азаматы ретінде дамытуға бағытталуымен сипатталады [3].

Сонымен, этномәдени білім беру – этникалық мәдениетке бағытталған, білім беру мазмұнында ана тілі, халық дәстүрлері, табиғи түрде кіріккен қазақстандық мәдениет пен әлемдік мәдениетке иек артатын білім беру идеологиясы, педагогикалық жүйе, мектеп өмірін ұйымдастыру формасы болып табылады[1].

Бүгінгі таңдағы ғылыми әдебиеттерде қазіргі этномәдени білім беруді сипаттайтын анықтамалар туралы қалыптасқан түрлі көзқарастарды саралап, ұғымдық-терминологиялық аппарат жүйесін жасадық.

Біз этномәдени білім берудің құрылымдық бөліктеріне мыналарды жатқызамыз:

- өзінің төл мәдениетін саналы, сыни тұрғыдан игеру нәтижесінде оқушыларды мәдениетаралық толеранттылыққа тәрбиелеу;

- этномәдени дәстүрлерді танып-білуде бейнеленген жеке тұлғалық мәнге ие болуын қамтамасыз ететін оқушылардың әлеуметтік ортада өзін-өзі танып-білуі мен өзін-өзі жүзеге асыруы;

- тұлғаның этномәдени сабақтастығының траекториясы мен оны мәдениетаралық диалогке дайындау жағдайында педагогтер мен балалардың педагогикалық, әлеуметтік өзара әрекеті.

Оқушыға этномәдени білім беру логикасы оның әлемінің үнемі кеңейтіліп отыратын көптеген бейнелері ретінде мәдениет кеңістігіне ендіруді қарастырады.

Этномәдени білім берудің сипаттамасы және оның негізгі категориялары: этномәдени даму, этномәдени тәрбие, этномәдени оқыту. Оларға берілген анықтамаларды қоштай отырып, этномәдени даму дегеніміз баланың мәдени ортаға ену процесі деп санаймыз, онда тұлғалық жаңа құрылымдары бірнеше мәрте қайта жаңғыртылады және бекітіледі, соның негізінде тұлғаның тұрақты этникалық құрылымы жеткілікті дәрежеде қалыптасады.

Педагогикада этномәдени тәрбие көп зерттеліп, педагогтердің назарын өзіне аударған категория (Е.М.Аджеева, А.Н.Басова, К.Ж.Қожахметова, Ж.Ж.Наурызбай және т.б.).



Этномәдени тәрбие – ұрпақтардың мақсатты бағытталған өзара әрекеті, соның нәтижесінде жеткіншек ұрпақта этникалық өзіндік сана, этнос мүшесі ретінде өзіне сәйкесті қатынас, өз ұлты үшін мақтаныш сезімі, туған тіліне, өз халқының тарихы мен мәдениетіне, сондай-ақ басқа этностар өкілдеріне құрмет пен толеранттылық сезімі қалыптасады. Оның мәні тұлғаның заманауи өзгермелі жағдайларды ескере отырып, ұрпақтар сабақтастығы негізінде тұлғаның этникалық болмысын қалыптастыру, дамыту және сақтау.

Этномәдени тәрбие полимәдениетті тұлғаны тәрбиелеудің алғашқы басқышы және өзінің алдына көршілес мәдениеттерге деген қатынасты қалыптастыруға көмектесуді міндет етіп қояды. Өзінің этникалық мәдениеті арқылы полимәдени тұлғаны тәрбиелеу жүзеге асады.

Бірқатар зерттеушілер (П.П.Пидкасистый, Ж.Ж.Наурызбай т.б..) этномәдени оқытудың негізі педагогтер мен оқушылардың өзара шығармашылық әрекеті деп санайды. Оның негізінде этникалық мәдениетті тану, халықтың қоғамдық тарихи тәжірибелерін бейнелейтін дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, этнокөркем іс-әрекет тәжірибесін игеру.

Этномәдени оқыту категориясы көп зерттеле қоймаған категория, негізінен, ол дәстүрлі мәдениетті ұрпақтардан ұрпақтарға жеткізу моделі ретінде ұғынылады.

Қазіргі мектеп жағдайында халықтық дәстүрлермен араласу, көркем мәдениет шығармаларын орындау ұзақ уақытқа созыла алмайды. Сол себепті педагогқа оқытудың халықтық және қазіргі технологияларын үйлесіммен кіріктіру қажет, арнайы шешілуге қажетті міндеттерді күрделілігіне қарай бірізділікпен құру қажет.

Сонымен, этномәдени даму, тәрбие және оқыту этномәдени тұлғаны қалыптастыруда бірін бірі толықтырады.

Ж.Ж.Наурызбай этномәдени білімнің көпэтносты Қазақстан халқы үшін ұлттық болмысты қалыптастырудағы ерекше рөлін атап көрсетеді. “...бүгінгі таңда біз ұлттар мен ұлыстардың, әсіресе білім беру саласындағы этникалық сұраныстарды жүзеге асыру мәселелерін терең ойластыруымыз керек. Бұл арада ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың, мәдениеттілік мүдделердің құралы болып табылатын **білім беру** ісі алдында басты-басты үш қызмет тұр.

Олар:

–табыстаушылық (ұлттық мәдениетті өркендету, сақтау және дамыту);

–даралаушылық (адамның, этникалық топтың немесе этностың ұлттық мәдени қажеттіліктерін, жеке тұлғаның ерекшеліктерін айқындау);

–ынтымақтастырушылық (мәдениеттердің өзара бірлігін, кірігуін, байытуын, жеке тұлғаның әлемдік және ұлттық мәдениет жүйесіне ұмтылысын қамтамасыз ету) [2, 43 б.].

Сонымен қатар ғалым адамгершілік құндылықтары қалыптасқан мәдениетті тұлғаны қалыптастыру үшін: тілдік сана, тарихи сана, географиялық сана, көркемдік сана қажет деп, әр ұғымға бүгінгі күн тұрғысынан түсініктеме береді. Тілдік сана - ана тілін, мемлекеттік және шетел тілдерін білу ғана дүниенің бар құбылысын, бояуын, әуенін санаға құю, тарихи сана - этникалық және мемлекеттік сананың негізі. Ұлттық ой-сана, этностың мыңдаған жылдық аңыз-әпсанасы, бейне-белгілері, наным-сенімдері халықтың тарихын білу арқылы ерекшеленеді. Тарихи сананы қалыптастыру – тарихи танымның дұрыс қалыптасуына тәуелді. Географиялық сана - ...планеталық, ғаламдық, экологиялық саналар деңгейіне самғаумен бірге кіндік кескен жер, туған өлке, Отан, өз шаңырағын қастерлеу сезімімен қатар тыныстау парыз, көркемдік сана - ұшқыр қиял, нәзік сезім, әсемдікке құштарлық, әдемілікті бағалай білу, көркемдік талғам, өнер туындыларына тәнті болу қасиеттері.

Жоғарыда атап көрсетілген тілдік сана, тарихи сана, географиялық сана, көркемдік санамен бірге қоғамның дамуы сол қоғам мүшелерінің біліктілігі мен білімділігіне байланысты деп атап көрсетеді [2].

Жоғарыдағы анықтамаларды жалпылай отырып, *этномәдени білім беру әр халықтың өз ана тілі, тарихы мен әдебиетін, мәдениетін, бір сөзбен айтқанда, жалпы этномәдени құндылықтарын игере отырып, басқа халықтың осы құндылықтарына төзімділікпен қарау* деп білеміз.

Сонымен, оқушыларға этномәдени білім беру балаларға ана тілін, төл мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын, жалпыадамзаттық мәдени қазынаны игерте отырып, олардың

мәдениетаралық ұлттық сана-сезімі мен этномәдени сәйкестілігін қалыптастырып, төзімділігін тәрбиелеуге бағытталған білім беру жүйесі болып табылады.

Құзыреттілік өз саласы бойынша нәтижелі іс-әрекетті атқару үшін білімінің, іскерлігі мен тәжірибесінің болуы. «Этномәдени құзыреттілік» термині – жаңадан енген ұғым, оған берілген бірыңғай анықтама жоқ. Сөздікте былайша анықтама берілген: «этно­мәдени құзыреттілік – адамның басқа этникалық қауымдастықтардың өкілдерімен өзара іс-қимылының, өзара қарым-қатынасының ерекшелігі мен шарттарын дұрыс бағалауға, келісім мен өзара сенім ахуалын қолдау мақсатында олармен ынтымақтастықтың барабар нысандарын табуға мүмкіндік беретін білімінің, іскерлігі мен дағдыларының көріну дәрежесі».

«Этномәдени құзыреттілік-педагогтың іс-әрекеттік параметрі. Этно­мәдени құзыреттілікті меңгерген тұлға қалыптасқан жағдайға сай, лайықты, игілікті, жоғары адамгершілік қасиеттерге ие, өзінің этномәдени құзыреттілігі үшін жауапкершілік ала отырып, бағдарлану дағдыларына ие» [4].

Этно­мәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін тек этномәдени қызмет процесінде бағалауға болады. Этно­мәдени құзыреттілікті меңгерген тұлға жоғары этномәдени білімге, жоғары моральдық қасиеттерге және қалыптасқан жағдайда сай өзін ұстау қабілетіне ие болады.

Демек, этномәдени құзыреттілік тиімді этносаралық өзара іс-қимылға ықпал ететін өзінің және басқа мәдениетке қатысты көрінетін мінез-құлықтың негізгі қасиеттерінің бірі болып табылады. Болашақ педагог этномәдени құзыреттілікті әртүрлі деңгейде меңгеруі тиіс.

Студенттердің этномәдени құзыреттілікті жоғары деңгейде меңгеруін сипаттайтын қасиеті толеранттылық, сын тұрғыдан түсінуге, өзінің және өзгенің көзқарасына күдік туғызуға және дәлелдеуге қабілеттілік[5].

Жалпы, этномәдени құзыреттілік арқылы біз тиімді этносаралық өзара түсіністік пен өзара іс-қимылға ықпал ететін іскерліктер, дағдылар мен мінез-құлық үлгілері арқылы жүзеге асырылатын белгілі бір мәдениет туралы объективті идеялар мен білімдердің жиынтығында көрінетін жеке қасиетті түсінеміз.

Этно­мәдени құзыреттілікті қалыптастыру білім мазмұнына этномәдени компонентті енгізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің шарты мен тәжірибені тасымалдау формасын ұсынатын білім беру кеңістігінде жүзеге асырылуы тиіс.

Біз болашақ педагогтарды кәсіби даярлау барысында тілдік құқықтары мен этномәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған негізгі білім беру бағдарламасын меңгертуді қажет деп санаймыз. Модульдік білім беру бағдарламасындағы «Педагогика және білім берудің тарихы», «Педагогика», «Білім берудегі менеджмент», «Мәдениеттану», «Латын негізді қазақ жазуы», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі», «Психология», түрлі арнайы курстар және т.б. пәндер мазмұнына этномәдени компонентті енгізу мүмкіндігі зор. Осы пәндер мазмұнына енген тіл, этностық психология, этноэтикет, халықтық педагогика, халық ауыз әдебиеті, халықтық тәрбие тәжірибесі арқылы болашақ мамандардың этномәдени құзыреттіліктерін қалыптастыруға әбден болады.

Осының негізінде болашақ педагогтар мынадай этномәдени құзыреттіліктерге ие болады:

- этномәдени тәртіп ережелері мен адамгершілік нормаларын меңгеру;
- түрлі мәдениеттердің қалыптасу тарихын түсіну, мәдени тәжірибені игеру және беру тәсілдерін меңгеру;
- ойлау мәдениетін меңгеру, оның жалпы заңдарын білу, жазбаша және ауызша сөйлеу қабілеті, оның нәтижелерін дұрыс (логикалық) ресімдеу;
  - мемлекеттік тілде жазбаша және ауызша қарым-қатынасты жүзеге асыру және екінші тілді білу қажеттілігін түсіну;
- этномәдениеттанушылық білімді талдау мен бағалаудың психологиялық-педагогикалық құралдары жүйесін меңгеру;
- көпмәдениетті қоғамн дамуындағы ақпараттың мәні мен маңыздылығын түсіну;
- этникалық мәдениеттегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсіну қабілеті;

- халықтың қоғамдық тарихи тәжірибелерін бейнелейтін дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, этнокөркем іс-әрекет тәжірибесін игеру;
- өз ұлты үшін мақтаныш сезімі, туған тіліне, өз халқының тарихы мен мәдениетіне, сондай-ақ басқа этностар өкілдеріне құрмет пен толеранттылық сезімі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбілдина С.Қ. Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім берудің қалыптасуы мен дамуы. - Алматы: Әрекет-Принт баспасы, 2011.- 349 б.
2. Наурызбаев Ж. Этнокультурное образование школьников: курс лекций для студентов педвузов. – Жезказган, 1995.-85 с.
3. Шаповалов В.К. Этнокультурная направленность Российского образования: автореф. ... докт.пед.наук. – М., 1997. – 42 с.
4. Королева Г. М. Развитие этнокультурной компетентности педагогов в современной социокультурной среде // Фундаментальные исследования. 2011, № 8. С. 280-283
5. Идентичность и толерантность /Под ред. Н.М.Лебедровой. - М.: Институт этнологии и антропологии РАН, 2002. С. 10-34.

### **ПРОФЕССОР Ш. ДЖАНЗАКОВАНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**А.Қ.Дүйсенбаев,**

**Баишев университеті, Білім берудің жоғары мектебінің деканы, п.ғ.к., доцент  
Ақтөбе қаласы.**

Қоғамның барлық тарихи даму кезеңдерінде тұлғаны тәрбиелеу, адамгершілік, ізгілік, әдеп туралы зерттеу проблемалары көптеген ғалымдар мен педагогтердің назарын аударып келеді. Елдің, халықтың тағылымдық тарихын, рухани мұраларын ғылыми негізде санаға сіңіру, тәрбие құралдарын пайдалану арқылы ата-бабамыз, абыз аталарымыз бен әзіз аналарымыз рухани сананың тәрбиешісіне айналды. Қазіргі жаһандану үрдісінде ұлттық құндылықтар мен халықтық тағылымдарды сақтай отырып, әлемдік деңгейден көріну мақсатында халқымыздың сан талайлы тағдырының айнасы – жан-жақты жетілген тұлғаны тәрбиелеу ғылыми педагогиканың алдында тұрған басты міндеттердің бірегейі болып отыр. Қазақ дәстүріндегі этнопедагогикалық ресми бастаулардың, арнайы құрылған ұлттық тәрбие негіздерінің, дала мәдениетіндегі өнегелік үлгілердің, рухани кеңістіктегі шартты орталықтың бастапқы тұлғасына айналған ата-бабаларымыздың тағылымдық мұралары өзіндік тәлімдік ой иірімдері мен төлтума озық ғибраттық идеялары бойынша парасаттылықтың биік деңгейінен көрінетін халық педагогикасында айрықша орын алады.

Сондықтан елдің, мемлекеттің тұтастығының темірқазығы – халық педагогикасын зерттеу ісі ғылымдағы қасиетті міндеттердің біріне айналды. Бауырлас түркі халықтарында этнопедагогиканың оқыту, тәрбие, әдістемелік аспектілері Г.Н.Волков (Ресей), Я.И.Ханбиков (Татарстан), К.Пирлиев (Түркіменстан), А.Ш.Гашимов (Әзірбайжан), А.Э.Измайлов (Қырғызстан), К.К.Қыдыралиев (Қырғызстан), К.К.Тусупбекова (Қырғызстан), Н.Сафаров (Өзбекстан) т.б. зерттеулерінде қарастырылды.

Осы кезеңде Қазақстанда этнопедагогика, халық педагогикасы, оның әдіснамасы мен теориясы мәселелерін философ ғалымдар Д.Кішібеков, О.Сегізбаев, А.Нысанбаев, Ж.Әбділдин,

Ғ.Есім, А.Тайжанов, С.Нұрмұратов және т.б. өз зерттеулерінің негізгі нысаны ретінде қарастырды. Ал педагогика саласында бұл проблема Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Ж.Ж.Наурызбай, К.Ж.Қожахметова, Қ.Бөлеев, Р.Қ.Дүйсенбінова т.б. ғалымдар еңбектерінде зерделенді.

Профессор К.Ж.Қожахметованың шәкірті Ш.И.Джанзакованың негізгі еңбектерін біреулер біліп, біреулер білмеуі мүмкін. Ол елімізде тұғыш рет «Этнопедагогика» ғылыми негізде пән ретінде ЖОО оқу үдерісіне енгізген болатын. Осыған сәйкес негізгі материалдарды Ресейдің ғылыми орталығы Мәскеу қаласындағы Ұлттық білім беру мәселелері институтындағы белгілі ғалым, академик Г.Н.Волковпен кеңесіп, қазақ халқының этнопедагогикасын ғылыми, практикалық тұрғыдан терең зерттеуді қолға алды. Көптеген ғалымдар арасында қызу пікірталас тудырған күрделі проблеманы зерттеу оңай болған жоқ. Ол аталған тақырыпты жан-жақты зерттеп, 2009 жылдан бастап педагогикалық мамандықтарға арналған «Этнопедагогикасы» пәнін оқу процесіне енгізіп, қазақ, орыс мамандықтарына бірдей оқытылды. Осы салада ол бірнеше халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференцияларда (Дюссельдорф, Анкара, Москва, Волгоград, Алматы, Астана, Атырау т.б.) ғалымдар арасында баяндамалар жасап, өз идеясын талқыға салды. Профессор Ш.Джанзакова 2005 маусым айында Атырау қаласында өткен «Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика: тәжірибесі, мәселелері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастырып, онда ТМД және Қазақстанның этнопедагогика саласындағы көрнекті ғалымдары арасында «Этнопедагогиканы дербес пән ретінде оқыту» туралы өз проблемасын ортаға салды. Аталған конференцияда:

- Үздіксіз этнопедагогикалық білім берудің даму бағыттары;
- Этнопедагогика – кәсіптік-педагогикалық білім беру жүйесінің негізі;
- Мұғалім кадрларын даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінде этнопедагогикалық құндылықтарды пайдалану;
- Қазіргі білім беру мекемелерінде этнопедагогиканы оқытудың жаңа технологиясы мен әдістемесі секілді келелі мәселелер қаралды.

Студенттерге этномәдени білім беру проблемасын әлі де терең зерделеуді керек ететін жеке пән ретінде енгізудің ғылыми бағыты бүгінгі күні де негізгі мәселелердің бірі болып қалып отыр. Қазіргі этнопедагогиканы зерделеушілердің халық тәрбиесін кеңінен әлеуметтік-философиялық мазмұндауға ұмтылу бәсеңдемей келеді. Яғни этнопедагогиканың тағылымдық бағыты өткен заманның тәлімдік тәжірибесін, сол кезеңдегі тәрбие өнегелерінің өміршеңдігін, мәдени, моральдық, психологиялық факторлардың ролі мен мәнін ашып көрсету болып табылады.

Ол қазақ этнопедагогикасын зерттеуші белгілі ғалым, профессор К.Ж.Қожахметованың ғылыми кеңесшілігімен «Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері» атты докторлық диссертациясын 2007 жылы Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде сәтті қорғап шықты. Зерттеу жұмысының мазмұнында этнопедагогиканың тарихы, этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері, этностық тәрбие, салыстырмалы этнопедагогика, этнодидактика және оқу-тәрбие үдерісін этнопедагогикаландыру этнопедагогика пәнінің құрамдас бөліктері ретінде құрастырылған.

Қазақ этнопедагогикасы, мәдени және рухани құндылықтар, дәстүрлер адамның азамат болып қалыптасуында, оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда, тұтас алғанда жеке тұлғаны әлеуметтендіру де әрдайым маңызды роль атқарған. Сондықтан осы феномендердің тарихи ролін объективті бағалау, түрлі тәрбие институттарының қалыптастырушы ықпалын зерделеудің қазіргі кезде қажеттілігі артып отыр. Өткеннің тағылымдық өнегелерін білу, оны ой елегінен өткізу және қолдану халық педагогикасының тәрбие проблемаларын шешуге ықпал етеді.

Демек, этнопедагогиканың тарихи қалыптасуы халықтың дамуымен байланысты болып табылады. Ғалым Ш.И.Джанзакова: «Қазіргі таңда этномәдени білім берудің негізгі мақсаты – ұлттық рух, азаматтық парыз, елдік пен бірлік ұстанымдары болып табылады. Демек, мұндай тағылымдық өнегелердің дені қазақ ойшылдары мен қоғам қайраткерлерінің мұраларындағы

«ұлттық рух» идеяларымен байланысты», - деп тұжырымдаса, осыған сәйкес, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Рух – 1. *Философ*. Табиғи материалдық бастамадан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы білдіретін философиялық ұғым. 2. Рухани күш-қуат, батылдық», - деп сипаттама беріледі. Ал, философиялық сөздікте: «Рух (лат. spiritus – леп, дем, иіс) – сөздің кең мағынасында материалдық бастамаға қарағанда идеалдыққа санаға бабарабар ұғым», - деп келтіреді.

Олай болса, рухты санаға қатысты қарастырамыз. Сана тек адамға ғана тән болса, рух сананың объективті мәніне ие болған көріну формасы. Адамның дүние туралы түсінігі негізінен рухани қасиеттерді тануға байланысты болып келеді. Ал рухани қасиеттер әлеуметтік ортада қалыптасады. Демек, әлеуметтік орта мен рух адам болмысының басты анықтаушыларының бірі болып табылады. Біздің пікірімізше, рухы биік, күшті елдер қашанда бағы таймаған, «мың өліп, мың тіріліп», жасампаздыққа қол жеткізген. Ондай жасампаздықты жасаушы рухы биік тұлғалар. Ал, ондай тұлғаларды өмірге әкелетін көп факторлардың бірі әлеуметтік орта, әлеуметтік бағыт-бағдар, тәлімдік тәжірибелер болып табылады.

Жоғарыда келтірілген деректерді негізге ала отырып, профессор Ш.И.Джанзакова студенттерге этномәдени білім берудің жан-жақты қарастырып, оны ғылыми тұрғыда негіздеп дәлелдеді. Оның зерттеулерінің нәтижесінде «Этнопедагогика – жеке оқу пәні» атты оқу құралы жарыққа шықты. Оқу құралының мазмұнынды мәдени мұра, руханият, адамгершілік құндылықтар, салт-дәстүрлер тағылымдары қарастырылған.

Студенттерге этномәдени білім берудің тағылымдық өнегелеріне мәдени және рухани құндылықтар, дәстүрлер адамның азамат болып қалыптасуында, оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда, тұтас алғанда жеке тұлғаны әлеуметтендіруде әрдайым маңызды роль атқарған. Сондықтан осы феномендердің тарихи ролін объективті бағалау, түрлі тәрбие институттарының қалыптастырушы ықпалын зерделеудің қазіргі кезде қажеттілігі артып отыр. Өткеннің тағылымдық өнегелерін білу, оны ой елегінен өткізу және қолдану халық педагогикасының тәрбие проблемаларын шешуге ықпал етеді. Демек, этномәдени білім мен тәрбие және руханият мәселелерін зерттемей және тағылымдық құралдарын пайдаланбай жан-жақты жетілген тұлғаны тәрбиелеу мүмкін емес. Қоғамдық ортада ізгілік қатынастарды орнату және этнопедагогиканың синкреттік дәстүрлерін қайта өркендету негізінде білім беру мен тәрбиелеу мазмұнына жаңаша көзқарастар енгізу ерекше мәнге ие. Мұндай тағылымдық құралдар негізгі мазмұнында тұлғаны туған жерге сүйспеншілікке, үлкендерді сыйлауға, салт-дәстүрлерді сыйлауға, ізгілік қатынасты орнатуға және адамгершілікке тәрбиелеуге негіз болады. Осы салалада ғалымның бірнеше зерттеулерін негізге алуға болады, атап айтқанда оның *«Этнопедагогика как самостоятельная учебная дисциплина (теоретико-методологический аспект)», «Этнопедагогика», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі»* атты оқу құралдары жарық көрді.

Ол кезінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті жанындағы педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі БД 14.61.02 біріккен диссертациялық кеңесінің мүшесі және ғалым хатшысы қызметін атқарып келді. Батыс Қазақстанда педагогика саласының ғалымдарын дайындауда бұл Кеңестің еңбегі зор болды.

Профессор Ш.И.Джанзакова өзінің жемісті еңбегінің нәтижесінде 2001 жылы қазан айында Атырау облысының әкімінің Құрмет грамотасымен 2006 жылы қазан айында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, 2007 жылы тамыз айында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» және 2015 жылының қазан айында Ы.Алтынсарин атындағы төс белгілерімен марапатталды. 2016 жылы Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайланды. 2017 жылының қараша айында Қоғамдық марапаттар жөніндегі Республикалық Кеңестің «Білім беру саласының үздігі» медалімен, 2020 жылының қаңтар айында Қазақстан Республикасы Университеттер қауымдастығының Ахмет Байтұрсынов атындағы күміс медалімен марапатталды. 2020 жылы ақпан айында Қазақстан Білім және ғылым министрлігінің «2019 жылдың ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантына ие болды.

Белгілі ғалым Ш.И.Джанзакова тынымсыз зерттеушілік қарымымен әлеуметтік ғылымдар бағытындағы әлі де көп зерделеуді қажет ететін студенттерге этномәдени білім берудің мәселелерін зерттеп жүрген белгілі ғалымдардың бірі. Зерттеуші өзінің ғылыми ізденістерін іс жүзінде ұдайы қолданысқа енгізіп жүреді. Соның бір айғағы ретінде оның **«Этнопедагогика жеке оқу пәнінің ғылыми құрылымы»** атты монографиясының жарық көргенін атап айту керек. Зерттеу жұмысының мазмұнында білім, таным, тағылым, этностық тәрбие, ғылыми пікірлер мен тағылымды өнегелер қарастырылған. Бұл ғалым еңбегінің бұрынғыдан да кең диапазонда таралуына мүмкіндік береді.

Профессор Ш.И.Джанзакованың жетекшілігімен көптеген ғылым кандидаты мен докторлары өз зерттеулерін сәтті қорғап шықты. Ол – қазіргі кезде этнопедагогика, педагогика, әлеуметтік педагогика мәселелерімен айналысып жүрген ғылыми мектебі қалыптасқан ғалым.

Ғалым, ұстаз, халқымыздың тәлім-тәрбие, салт-дәстүрін жинақтаушы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Джанзакова Шолпан Исағалиқызы қазақ халқының этномәдени білім мен тәрбие және руханият мәселелерін әлі де зерттеп, ғылыми айналымға енгізеді деп білеміз.

## **«ЭТНОПЕДАГОГИКА» ОҚУ ПӘНІНІҢ ЖОҒАРЫ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МӘРТЕБЕСІ**

Ш.И.Джанзакова, п.ғ.д., профессор

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

*Кілттік сөздер:* этнопедагогика, этнопедагогика ғылыми пән ретінде, этнопедагогика оқу пәні ретінде, мазмұндық блок, процессуалдық блок

*Резюме:* в статье рассматриваются следующие аспекты: формирование учебной дисциплины из научной дисциплины, «Этнопедагогика» как самостоятельная учебная дисциплина, состоящая из содержательного и процессуального блоков.

*Summary:* the article deals with the following aspects: the formation of an academic discipline from a scientific discipline, «Ethnopedagogy» as a separate academic discipline consisting of content and procedural blocks.

Қазақстан Республикасы– көп ұлтты мемлекет. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына жолдауында «Еліміздің өсіп келе жатқан бітімгершілік әлеуметі алдағы уақытта да мұқият сақталып дамытыла береді» деген (1,23). Осыған байланысты рухани дамуды қамтамасыз ететін басты факторларды бірі, білім беру жүйесі, Қазақстан халқының тарихи өткені мен бүгінгі өміріндегі бүкіл мәдени байлықты пайдалануды ұйымдастырып, ұлттық тарихи бірлікті нығайтуға өз үлесін қосуда. Қазіргі уақытта баспасөз бетінде ұлттық идея мәселенің кеңінен талқыланып, пікірлер айтылуыда кездейсоқ емес.

Жоғары білім жүйесінде болашақ мұғалімдерді даярлау жұмысында бірқатар өзгерістер мемлекеттік деңгейдегі тұжырымдама, бағдарлама негізінде енгізілуде. Жоғары кәсіптік білімнің жіктеуіші, мемлекеттік білім стандарттары жасалынды, бекітілді, типтік оқу бағдарламалары даярланып, оқулықтар даярлануға байқау ұйымдастырылып жатыр. Осы жағдайда кәсіптік білім беру жүйесіндегі оқытатын пәндер мазмұны екшеленіп, нақтыланып жаңартылуда. Қазіргі білім көбінесе күнделікті қажеттіліктерден асып, елімізге қажетті дәстүрлі құндылықтарды сақтау мен дамытуға әзер толық бағыттала қойған жоқ сияқты. Туған халқын,

тарихын аялап, ондағы бар оң құндылықтарды қазіргі өмір иірімінеендіру жұмысы жүруде. Білім беру үрдісіне жауапкершілікпен қарағанүкімет халқы, болашақ ұрпағыалдындағы борышын адал орындай алады демекпіз.

Ұлттық идея Қазақстанның өркениеттік дамуының себепшісі екеніне күн сайын көзіміз жетуде.Қазақстанның болашағы осында тұратын ұлттар мен ұлыстардың көркеюіне тікелей байланысты болмақ.Осы аталмыш міндеттерді іске асыруға күш-жігер жұмсайтын кәсіптік педагогикалық білімніңнәтижесі іспетті. Болашақ мұғалімді этнопедагогикалық тұрғыдан даярлау үшін педагогикалық циклдегібүкіл пәндердің, оның ішінде этнопедагогика пәнінің маңызы аса зор.Этнопедагогиканы ресейліккөрнекті ғалым Г.Н.Волков «Ұлттық қорғау педагогикасы» деп айтуы орынды-ақ. Оның бұланықтамасына негіздеме жеткілікті деуімізге болады. Г.Н.Волковтың алғаш рет 1971 жылы «Ұлттыққорғаудың этнопедагогикалық бағдарламасы" атты баяндамасынан осы уақытқа дейін монографиялар,оқу құралдарын жазып даярлаған еді. Оның пікірінше, этнопедагогиканың пәні – тәрбиенің (ұлттық,этникалық дәстүрлер) халықтық құралдары. Этнопедагогиканың мәні оның мәндік сипаттамасыменанықталады. Бұл – педагогиканың тірі жаны іспеттес, педагогика дәнінің ұрығысияқты.Балатуыпұлгермей-ақ, этнопедагогикада өмірсүреді.«Этнопедагогикада баланың әкесі де, шешесі де, атасы, арғыатасы бар», - Г.Н.Волков.Бұл – ғалымның бірінші тезисі.Ал екінші тезис – тәрбиенің мәңгілігі. Мәңгілік – өткен тарихта,мәңгілік болашақта. Бұл адам мен адамзаттың мәңгілігін белгілеп тұр. Тәрбие этнопедагогика кеңістігіндеүлгі мен махаббатта. Осы анықтаманы ғалым - әрі мән, әрі мазмұн, әрі әдістеме, әрі технология жәнежауапкершілік. Адамның этнопедагогикалық анықтамасын ұсынған: «Адам дегеніміз тәрбие мақсаттарынқоя алатын қабілеті дарыған және ол мақсаттарды этникалық өзін-өзітәрбиелеу және өзара тәрбиелеудеңгейінде жүзеге асырады, яғни ұлттық сананың тікелей қатысы бар тіршілік иесі». 3-тезис – тәрбиеніңүздіксіздігі, этнопедагогикалық кеңістікті кенейту қажеттігі. 4-тезис этнопедагогика бұлмахаббатпедагогикасы. 5-тезис этнопедагогикалық инварианттар, олар: тұлғалар символдар, оқиғалар символдаржәне идеялар символдар. 6-тезис - өмірбаяндық деректер. 7-тезис жекетұлғалар (персоналийлер). Міне,осындай тезистер аясында ғалымдар этнопедагогиканың мәртебесін нақтылағанда, ғылымға тиістібелгілерді пайдалануда. Ғылым болғандықтан да, ол шын мәнінде этнопедагогикадағы, барлық аймақтардың тәрбиенің халықтың дәстүрлеріндегі жалпы тұжырымдарды қорытуы керек. Жеке тұлғалықидеал (мұрат) сол халықтың педагогикасының негізі болып табылады.

Қазақ этнопедагогикасы – дербес педагогикалық оқу пәні, біртұтас жүйелі білім болып саналады. Ол педагогика ғылымы аясында қазақ философиясының, этнопсихологиясының, этнос теориясының, этнографиямен, мәдениеттанудың тоғысуы нәтижесінде қалыптасқан (Қожахметова К.Ж.).

Этнопедагогиканың қайнар көзі – адам өмірінің өн бойында жанұяда білім жүйесі мерекелерінде үздіксіз жүретін этникалық тәрбие жүйесі. Этнопедагогика педагогикалық ғылымның заңдылықтарын ұстанымдарын, әдістерін, тәсілдерін пайдаланады. Педагогикалық ғылымның заңы мен оның заңдылықтары педагогикалыққұбылыстар арасындағы байланыстарды объективті түрде көрсете алады, бұл этнопедагогикаға да тән үдеріс.

Педагогика ұстанымдары міндетті түрде этнопедагогикада жетекшілік жағдайда пайдаланылады. Педагогикадағы ғылым мен оқу пәні арасындағы байланыс жөнінде Н.В.Савиннің көзқарастарын мақұлдаймыз, себебі, ғалымның тұжырымдамасы бойынша, ғылымның шыңына шығу үшін оның негізін анықтаудың бастау қажет. Бұл тұжырым пән оқулықтарын жазуда негіз болады. Ғылым мен оқу пәні бір-бірімен тығыз байланысты және ол өте күрделі байланыстар. Ғылым өз пәні туралы барлық білімін жинақтайды. Оның міндеті пәнді толығырақ және терең зерттеп, ашып көрсету. Ғылым оқыту үдерісінде белгілі бір бағыт-бағдар бергенмен, бұл оның басты қызметі емес. Оқу пәні ғылымды толығымен қамтымайды, оның негізін ғана білдіреді, себебі оқитын адамның дайындығы мен жасы, оқыту міндеті ескеріледі, оның негізгі қызметі – оқыту. Пән ғылым жүйесінің нақты көшірмесі болуы міндетті емес. Пән құрылымын анықтауда біліммен қаруландыру міндетті бірінші орынға шығарылады. Оқулықты құрастырғанда ғылым мәліметтерінің жаңа көшірмесі жасалмайды, ғылым

жүйеленіп, ұғымдар нақтыланып, тереңдей түседі. Оқулық өзінің негізгі оқыту қызметін атқара отырып, белгілі бір жүйеде құрылады. Кей жағдайда оны құрастырудың осы жүйесі ғылым жүйесінің өзіне де оң ықпалын тигізеді. Оқу пәні ғылымдағы тиімділерін өзіне кіріктіре отырып, сынама тастың бірі ретінде ғылыми жағдайларды тексеруге қызмет етеді. Ғылыми ұғымдар, категориялық оқу пәнінде шығармашылықпен қайта өңделгеннен кейін олар ғылымда нақтыланған кейпі өзгерген түрде пайдалануы мүмкін.

Бұл тұрғыда, В.И.Гинецинскийдің оқу пәндері «әлеуметтік шындықтың көптеген аймақтарымен байланысқан тарихи дамуда болатын педагогикалық практиканың қойнауында қалыптасады және жұмыс істейді» деген идеясы назар аударуға тұрарлық.

Егер бұл сұраққа біз қарастырып отырған зерделеу тұрғысынан қарасақ, қазақ педагогикасы біте қайнасқан ғылымдар тоғысында қалыптасты деген қорытындымыздың растығына көз жеткізуге болады және бұл қазақ этнопедагогикасы мазмұнының оқу пәні ретінде қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Біз қазақ этнопедагогикасының мазмұнына гносеологиялық көзқарас тұрғысынан қарап, оның тұғырының негізі халықтың білімі екенін көрсетеміз. В.И.Гинецинский атап көрсеткендей, оқу пәнін құрастыру мәселесі белгілі бір дәрежеде білімді іріктеу және сол білім түрлерінің өзін қалыптасқан мәдени қордан алынуының, оқу-тәрбиесінің үдерісіне сәйкес іріктелген білім жиынтығын ретке келтірудің білім компоненттері мен сол білім түрлерінің өзін ажыратудың, білімді сұрыптау және жіктеудің өлшемдерінің мәселелері болып табылады.

Қазіргі педагогикалық әдебиетке оқу пәні бірнеше компоненттерден тұратын құрылымын ретінде көрсетіледі:

-идеялық-теориялық түйін

-базалық (негізгі) мазмұны

-супплетивтік – қызметтік (қосымша) мазмұны және факультативтік бөлігі.

Бұл тұрғыда, автордың оқу пәнінің жобасын құрастыру үшін төмендегідей тапсырмалар орындау керек деген идеясының әдістемелік мағынасы зор. Ол тапсырмалар:

1.Құрастырылған оқу-танымдық қызметінің пәндік аймағын анықтау.

2.Танымдық қызметке кіретін объектілерді шеңберін сызып көрсету.

3.Көрсетілген объектілерді зерттеп – үйрету үшін қажетті ұғымдар мәселелер мен әдістер тізбегін бағыттап көрсету.

4.Оқу пәні шегінде игерілетін заңдылықтарды тұжырымдау.

5.Қалыптасатын оқу пәні сүйенетін жалпы қағидаларды тұжырымдау.

6.Оқу пәні мазмұнын игерудің өлшемдері.

7.Белгілі бір кәсіби – педагогикалық қызметі дамытудың маңыздылығын көрсететін міндеттер тізбегін тұжырымдау.

Оқу пәнінің біртұтас тұжырымдамасы болмауы және оқу пәні туралы түсініктің тек пәндік мазмұнында ғана болуы әр түрлі пәндердің өздеріне тән ерекшелігін көптеген білімалушылардың сол пән мазмұнының ең аз мөлшерін игеру деңгейінің төмен болуын түсіндіре алмайды. Сондықтан, теориялық және тәжірибелік құралдардың көмегімен жекелеген пәндердің ерекшеліктерін, құрамын ескере отырып, оқу пәндерінің бәріне тән белгілерін анықтау қажетті туындайды. Осындай теориялық сұрақтардың өңделмеуі салдарынан іс жүзінде оқу пәндері бағдарламасының оңтайлы құрылымын, оның элементтерінің құрамын және бір топқа жататын пәндерді екінші топтағыдан ажыратып анықтауға мүмкіндік болмайды. Қазіргі оқу пәндерінде білім түрлері толық қарастырылмаған, қажетті оқу бөлігі көрсетілмеген, оқыту тәсілдері бір ізге салынып, көбейтіліп басылып отырғандықтан, әр түрлі сипаттағы оқу материалдарын оқушылардың игеруінде елемеушілік басым. Сондықтан оқу пәнінде қойылатын талаптарды талдап, этнопедагогика оқулығының құрылымын қарастырамыз.

Оқу пәні заңдардың ұғымдар мен ғылыми әдістердің қарапайым жиынтығы емес, басқа да маңызды компоненттерден тұрады, бұл тұрғыдан оны оқыту мен тәрбиелеу үшін арнайы жасалған «ерекше білім» деп қарастыруға болады (А.И.Маркус).



Бұрын оқу пәнін ғылым негіздерінің синонимі деп қарастырады, бұл оның тар мағынасы еді, шындығында оқу пәнінің құрамына түрлі мазмұнды игеру үшін қолданылатын басқа тәсілдер енгізілген.

Оқу пәні – оқыту үдерісінде оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған жалпы орта білім мазмұнын жүзеге асыратын құралдар (оқу пәні- мазмұны+құрал).

Білім мазмұны оқу пәні бір-бірімен мақсат және құрал ретінде қатынаста болады. Оқу пәні мен ғылым негіздері – біртұтас ұғым, ал оның құрамдас бөлігі болып табылатын «оқу пәні» құрамы және жүйесі жағынан мазмұн және үрдіс барысында қалыптасады. Оқу пәні 2 болжанды тұрады негізгісі – мазмұн+құралдар блогы немесе үрдіс блогы.

Оқу пәндері мазмұнындағы жетекші компоненттік рөл атқаратын:

Мазмұндық блок:

- Пәндік ғылыми білім
- Әрекет тәсілдері
- Шығармашылық әрекеттегі тәжірибе
- Құндылық қатынастардағы тәжірибе

Процессуалдық блок:

- Қосымша білім кешені
- Әрекет тәсілдері
- Үдеріс ұйымдастыру түрлері

Егер, білім мазмұнын мектепке берілетін әлеуметтік тапсырыстың педагогикалық түсіндірмесі десек, оқу-пәні білім мазмұнының бөлігі ретінде ол да әлеуметтік тапсырысқа жатады, сонымен қатар, оқушының жалпы танымдық әрекет заңдылықтары мен оқыту жағдаяттарына сәйкес оқыту барысында білім мазмұнын жүзеге асырады.

Оқу пәні – игеруіне тиісті білім мазмұны мен оны оқушылар игеретін тәсілдерді, олардың тәрбиесі мен дамуын жүзеге асыратын негізгі құралы. Яғни, оқу пәні – білім мазмұнын беруге арналған арнайы педагогикалық үйлесім, бұл жағынан ол біртұтас, соған қарамастан екі бөлімнен тұрады: мазмұндық, процессуалдық.

Білім мазмұнының төрт компоненттік құрамы оқу пәндерінің белгілі бір топтарын құрады. Оқу пәндеріндегі жетекші компоненттер:

- Ғылыми білімдер жиынтығы (химия, физика, биология, география, тарих, астрономия).
- Әрекеттің белгілі бір тәсілдерді (математика, тілдер, сызу, дене тәрбиесі, еңбек, АӘД, техникалық пәндер).
- Шығармашылық әрекет тәжірибесі.
- Көңіл күй құндылықтары қатынасы тәжірибесі, әлемнің бейнелік көрінісі (әдебиет, көркем-сурет, музыка, би).

«Кіріктірілген пән» деген ұғым жай қосу емес, оқу материалындағы әрекет кірігуі, оның мәні мен өзара байланыс пен жинақылыққа қарағанда әлдеқайда тереңде жатыр.

Оқу пәннің құрастыру мәселесіне байланысты туындайтын заңдылықтар:

-кез келген оқу пәні көрсетілген типтердің біреуіне жатады және ол өзінің дидактикалық моделіне сәйкес құрастырылуы тиіс;

-оқу пәнінің әр типінің өзіне сәйкес мазмұнын жеткізу, осы игеруде ұйымдастырудың өзіндік жүйесі бар;

Егер пәннің жетекші қызметі оқушыларды нақты ғылым негізін, оның маңызды ұғымдары мен заңдары жүйесін таныстыру болса, онда оқу материалының құрылымы мен жүйесі ғылыми ұғымдардың даму заңдылықтарын оқушы санасына сәйкестендіріп жасалуы тиіс.

Ал, егер пәннің жетекші қызметі белгілі бір әрекет тәсілдерін қалыптастыру болса(білік және дағды), онда пәннің материалдық логикалық желісі практикалық қызметі игеру ерекшеліктеріне сәйкестенуі тиіс:

Оқу пәндерінің типтері бір-бірінен қызметі мен мазмұндық жетекші компоненттері бойынша ажыратылатын болғандықтан, сол компоненттерді жеткізу барысында

пайдаланылатын оқыту әдістер де сол пәннің типі үшін жетекші барысында пайдаланылатын оқыту әдістер де сол пәннің типі үшін жетекші ұстанымында болу тиіс;

Оқу пәнінің мазмұны оның жетекші компонентінің ерекшеліктеріне байланысты сол әдістерді жүзеге асыру тәсілдерінің ерекшелігіне сәйкес болып табылады.

Оқу пәнінің әртүрлі типтерінің ерекшеліктері оқыту әдістерін таңдауда шектеулік сипатта болады, сондықтан оқыту тәсілдерін таңдауда пәннің жетекшілік қызметін ескеру керек.

Сонымен қатар, этнопедагогиканы университеттік білімнің педагогикалық бөлігі деп тану үшін олпәнді зерттеуге ғылыми пәндік тәсілді қолдану қажет. Бұл ретте этнопедагогикалық білімнің құрылымдық элементтері (мән, байланыс, құрылым, құрамы, сипаттама, қызмет, қасиет, ерекшелік, ұстаным, тұжырымдама, кезен, түр, бағыт, жолдар) қарастырылады. Сонымен этнопедагогиканың педагогика ғылымы жүйесіндегі орнын да ескерген жөн деп ойлаймыз. Этнопедагогиканың өзі бүкіл ғылымның құрылымын қайта жаңғыртады. Айталық оның іргелі және қолданбалы бөліктері, ғылыми-тәжірибелік (тұлғаның этникалық даму педагогикасы немесе этникалық тәрбие), интегративті (ортапедагогикасы), пән аралық (этномәдени білім) және кешенді (этнопедагогикадағы кәсіби білім) салалары, ғылыми бағыттары, ағымдары, мектептері бар. Этнопедагогиканың жалпы бөлімдері мыналар: этнопедагогиканың тарихы, этнопедагогиканың әдіснамасы, салыстырмалы этнопедагогика. Бұл саладағы білімдер этнопедагогикалық әрекеттің барлық түрлерінде, этнопедагогикалық жүйелердің барлық типтерінде, барлық этнопедагогикалық үрдістерде көрініс табуда.


*Оқулық – білім мазмұнын* оқу материалы деңгейін нақтылы түрде көрсетудің негізгі формасы.

Этнопедагогика мазмұны көрініс табатын оның оқулығының педагогика оқулығы сияқты ЖОО-ның басқа оқулықтарынан айырмашылықтары болуы тиіс, өйткені педагогикалық білім ғылымының басқа салаларынан айтарлықтай ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Ол философия, психология, медицина, филология, тарихт.б. білімдер жетістіктеріне зінепайдаланады. Бұл жағдай этнопедагогика оқулығының моделін құру қажеттігін растайды.

Педагогикалық білім жүйесі әрі білім аралық, әрі пәндік-педагогикалық сипатта болады.

Этнопедагогикамен іргелес ғылымдарды былайша топтастыруға болады: этнопедагогиканы негіздеуге қажет ғылымдар; этнопедагогикамен шектесетін ғылымдар (зерттеу тақырыбының бірдей болуы); этнопедагогиканы толықтырушы ғылымдар.

Жоғарыда біз «Жалпы оқу пәні» теорияларын талдап оқу пәндерінің ғылым пәндерінен айырмашылығын ажыраттық. Сонымен қатар, «оқу пәні мен оқулықтың ара қатынасы қандай?» деген сұрақ туады. Бұл мәселені де біз қарастырдық. Оның мәні мынада: «Оқу пәні – білім мазмұнын беруге арналған біртұтас арнайы педагогикалық құрылым. Ол екі бөлімнен тұрады: *мазмұндық және үрдістік*. Яғни, оқу пәні – білім алушылардың білім сапасын тереңдетумен қатар тәрбиелік дүниетанымдық деңгейін дамытуға арналған білім мазмұны мен оны игеретін тәсілдерден тұратын арнайы құрал».



Сурет 1 - Этнопедагогиканың жеке оқу пәні ретіндегі болжамдық моделі

Осы орайда, «Этнопедагогика» оқу пәніне келер болсақ, ол интегративті білім саласы болғандықтан, оның мазмұндық блогын этнофилософиядан, этнопсихологиядан, этномәдениеттанудан біріккен білімдер жүйесі құрайды, ал іс-әрекеттік-үрдістік блогын құрайтын – негізгі мазмұнды студенттерге меңгертуге бағытталған әдіс-тәсілдер жиынтығы. Бұл арада, біз «Этнопедагогика ғылыми пәні» мен «Этнопедагогика оқу пәнінің» де айырмашылығын нақтылаймыз. Себебі, оқу пәнінің міндетіне барлық ғылыми білімді қамту кірмегендіктен, оқу пәнінің түрі мен негізгі мақсатына байланысты оның мазмұны түзіледі. Бұл мазмұнға сәйкес этнопедагогика және қазақ этнопедагогикасы ғылымдарының жетістіктерін тұтастай қамтуға арналған оқу пәнінің бағдарламасы жасақталып, сол бойынша Атырау университетінің «Білім» тобының барлық мамандықтарына 2008-2015 жылдары міндетті пән ретінде оқытылды. Қазіргі таңда тек «Педагогика және психология» мамандығының студенттеріне оқытылады. Бұл пәннің жалғасы ретінде магистратура білім алушыларына «Тұлғаның интеллектуалдық потенциалын қалыптастыру негіздері» пәні жүргізіледі. Бұл пәндерді оқыту тәжірибесінен байқағанымыз – білім алушылардың қызығушылығы мен белсенділігі жоғары.

«Этнопедагогика» оқу пәнінің болжамдық моделіне сәйкес «Этнопедагогиканың даму тарихы», «Этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері», «Этностық тәрбие», «Этнодидактика», «Оқу-тәрбие үрдісін этнопедагогикаландыру», «Салыстырмалы этнопедагогика» бөлімдері бойынша оқу материалдары іріктеніп, жүйелеп түзді.

Келешекте зерттеп отырған мәселе өзінің жалғасын жеке оқу пәні ретіндегі этнопедагогиканың біз ұсынған құрылымындағы әр бөлімдерінің теориялық негіздері мен білім беру тәжірибесінде пайдалану жолдарын, сонымен қатар оқыту әдістері мен формаларын іздестіруде табуы мүмкін.

Соңғы жылдардағы зерттеулерге талдау жүргізсек, «Этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері» бағыты кенже қалды. Мұның бір себебі – соңғы он жылда кандидаттық, докторлық диссертацияларды қорғау бойынша кеңестердің жабылуына байланысты көптеген этнопедагогика саласындағы зерттеулер тоқтатылып қалды.

Елімізде «Мәдени мұра», «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламаларының жүзеге асырылуына байланысты ұлттық кодты сақтау мәселесі ерекше мәртебеге иеленді, ұлттық мазмұндағы білім мен тәрбиеге бет бұрып, олар білім беру үдерісінен орын алуда. Бұл жағымды тенденциялардың қажеттігін ағымдағы жылдағы мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауы да меңзейді, онда «Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады» делінген. Жаһандану үдерісінде ұлттық болмысты, ұлттық-мәдени құндылықтарды сақтап қалу жолында Г.Н.Волков айтқандай «ұлтты құтқарушы ғылым» этнопедагогиканың әлеуеті орасан зор. Сондықтан Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Ә.Табылдиев, К.Қожахметова сынды ағаларымыз бен апаларымыздың еңбектерімен қазіргі жастарымыздың таныс болуы қажет. Өйткені болашақ ұстаздарымыз қазақ этнопедагогикасын зерделемей және тағылымдық құралдарын пайдаланбай жан-жақты жетілген тұлғаны тәрбиелей алмайды.

**СЕКЦИЯЛАР ОТЫРЫСЫ**

**СЕКЦИОННЫЕ ЗАСЕДАНИЯ**

**I. ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**I. КАЗАХСТАН В НОВЫХ УСЛОВИЯХ: ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И  
ВОСПИТАНИЯ**

**I. KAZAKHSTAN IN NEW CONDITIONS: PROBLEMS IN EDUCATION AND  
UPBRINGING**

**Модераторы:** д.п.н., профессор Мухамбетжанова А.У., п.к.н., Утешкалиева А.М.  
**Аудитория:** ГУК 242

**ӘОК 37-072**

**ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ  
ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ**

Л.Е.Қойшығұлова, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Әлеуметтік мәселелер және жастар  
саясаты жөніндегі проректоры

А.Ө.Мұханбетжанова, п.ғ.д., қауымдастырылған профессор  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Инновациялық білім беру факультетінің  
деканы

*Ключевые слова:* образование, общество, молодежь, будущее, воспитание

*Резюме:* в статье раскрываются история становления и перспективы развития национальной системы образования в Казахстане.

*Keywords:* education, society, youth, future, upbringing

*Summary:* the article reveals the history of formation and prospects for the development of the national education system in Kazakhstan.

Ғасырлар тоғысында еліміз тәуелсіз мемлекетке айналып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуға бағыт алуда. Кез келген жаңа тәуелсіз мемлекеттің рухани дамуының өзіндік ерекшеліктері оның аумағында мекен ететін халықтардың тұрмыс-тіршілігімен, дәстүрлі

мәдениетімен, салт-дәстүрімен және өткенінің тарихи сабақтастығымен айқындалады. Даму үрдісінде қол жеткізген тарихи тәжірибе із-түзсіз жоғалып кетпейді, ол ұлттық идеяда, мәдени-әлеуметтік және құндылықтар жүйесінде белгілі ретпен жинақталып отырады. Өркениетті әлемнің таңдаулы мүшесі болу – елдің рухани және мәдени қуатына, ғылымы мен біліміне байланысты. Қазақстанның ғылымы мен білімінің стратегиясы ұлттық білім мен тәлім-тәрбие идеяларын сақтай отырып, әлемдік білім кеңістігіне кірумен анықталады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» халқына жолдауында «Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық тұсында болады», - деп атап көрсеткен. Бұл тұрғыда, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу қажеттігі де білім мен тәрбие беру ісіне жүктелетіні, ал ол үрдіс әлемдік жаһандандудың тұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге әкелетіні сөзсіз.

Жаһандану жаңа қоғамда орын алған экономикалық өзгерістер мен технологиялық жетістіктер – қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім жүйесіне өзіндік әсерін тигізеді. Сонымен қатар, білім беру дүниежүзілік интеграциялық үрдіспен қатар дамуда да маңызды роль атқарады. Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық қасиеттер, ғылым және практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Білім беру – ғылыми мағлұмат беру арқылы адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру үрдісі, қоғам мүшелерінің мәдениетін дамытудың негізгі шарты. Білім беру жүйесінің басты міндеттері – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіпке үйретуге бағытталған біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Білім - оқыту мен өз бетінше іздену негізінде жүзеге асады.

Қандай қоғам болса да ол болашақ ұрпақ арқылы биологиялық және рухани жаңарады. Бүгінгі жаһандану қоғамы жастары да білімнің озық тәжірибелері негізінде жан-жақты қалыптасуда. Дегенмен, қазіргі білім берудің қалыптасуының ұзақ тарихы бар екені сөзсіз. Сол тарихты тану, оның тарихи даму кезеңдерін білу заңды қажеттілік. Өз кезеңінде білімнің генезисіне, оның өткені мен бүгінгі болашағына, басқаша айтқанда, білім философиясына негіздемей ұлттық біліміміз де толық болмайды деген сөз.

Осы ұстанымды басшылыққа алып тарихқа көз жүгіртсек, қазіргі кезеңдегідей оқу болмағанына көз жеткіземіз және бұл барлық халықтарға тән. Тоқтаусыз жүріп жатқан таным үрдісі үйрету мен үйрену арқылы ұрпақтан ұрпаққа білім қорын жеткізіп отырады. Қазақтың: «Ұяда нені көрсен, ұшқанда соны ілерсің», «Ата көрген оқ жонады, шеше көрген тон пішеді», т.б. мақалдарының мән-мазмұны да осында екені сөзсіз.

Білім философиясына тарихи-танымдық ұстаныммен келетін болсақ, білім беру, оқыту жүйесінің генезисі – оның қалыптасу тарихының тұтастығы мен бірлігі. Бұл тұрғыдан алғанда біз адамзат тарихында өзі өткен көзқарас қалыптасуының үш негізгі түрін атап өте алмаймыз. Бүкіл әлеуметтік-тарихи даму мен жетілуді де аталған сатыларсыз елестету қиын. Олар - аңызнамалық (мифология); діни; философиялық (дүниені білім, ғылым жетістіктері, практика арқылы, заманмен үндестіре отырып тану) болып бөлінеді. Қазақтың кең-байтақ өлкесінде білім ісінің пайда болып, даму тарихы да өзінің ілкі бастауларын сонау ерте замандардан алады. Қазақстан жерінде, әсіресе, оның отырықшы аудандарында орта ғасырдық ерте дәуірінде-ақ (ҮІІ-ҮІІІ ғ.ғ.) көптеген мектептер (мұсылманша бастауыш оқу орны) мен медреселер, діни білім беретін ортадан жоғары оқу орындары жұмыс істей бастағаны тарихтан белгілі. Қазақ қоғамындағы білім беру ісі "қазақтың тұңғыш ұстазы" ретінде танылған Ы.Алтынсарин есімімен тығыз байланысты. Қазақ даласында Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі мен идеялары бүгінде педагогика саласының ғылыми-зерттеу жұмысына айналды. Оның ағартушылық қызметі қазақ халқының рухани-саяси отарлау саясатының қысымшылығына тұспа-тұс келді. Бұл саясатты тоқтатуға ағартушылардың жергілікті саяси күші болмады. Тек ұлттық білім беру жүйесін заман талабына сай, миссионерлік ағарту-оқу ісінің негізгі заңдылықтарын қабылдай отырып, Қазақстанда халық ағарту ісі жаңа жолға түсті. ХІХ

ғасырдық аяқ кезінде "қазақ мектептері қандай болу керек" деген мәселе күн тәртібіне қойыла бастады. Осы жөнінде бір-біріне қарама-қарсы екі көзқарас пайда болды. Бірі - бұратана халықты шала сауатты қалдырып, төл мәдениетінен қол үздіріп, бірте-бірте орыстандыру саясатын көздейтін миссионерлер (Н.И.Ильминский, т.б.), ал екіншісі – орыс халқының прогрессивті озық мәдениет үлгілерін игеру арқылы "Өз елін өркениетті елдердің деңгейіне көтеру қажет"- дейтін қазақ ағартушылары (Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев) еді. Оқытудық жәдид (төте оқу) деп аталатын ағымы отаршылдық орыстандыру саясатына қарсы түркі тектес ұлттардың өзін-өзі сақтап қалу жолындағы қажырлы күресінен туған еді. Жәдид ағымының көшбасшысы белгілі турколог-лингвист А.Байтұрсынов болды. Жәдидшілер бастауыш мектеп мәселесіне айрықша мән берді, осыған орай бірнеше оқу құралдарын жарыққа шығарды. Жәдид ағымы мектеп бітірушілердің медреселерде немесе жоғары оқу орындарында білімін әрмен қарай жалғастыру, олардың өз ықтиярымен мамандық таңдап алу мүмкіндігіне жол ашты, жұрттың бұл мектепке деген ынта-ықыласы тез өріс алуына жағдай туғызды.

Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін ағарту саясатындағы басты мәселенің бірі - жаңадан ашылып жатқан ауыл мектептерін мұғалім кадрларымен қамтамасыз ету жайы еді. Бұл міндет үш түрлі жолмен жүзеге асты: біріншісі, бұрынғы патшалы Ресейдің мұғалім-кадрларын мектепке тарту, екіншісі жолы - білімге құштар сауатты жастарды қысқа мерзімді курстардан өткізу, үшіншісі, арнайы педагогикалық оқу орындарын көптеп ашу арқылы мұғалім даярлау. 1922-23 оқу жылдары Академиялық орталық ұлт мектептері төл оқулықпен, бағдарламамен қамтамасыз етуде біраз шараларды іске асырды, төл тілімізде 14 оқулық шығарылды. Олардың ішінде "Физика", "Грамматика", "Алгебра", "Мектеп гигиенасы", т.б. бар. Бұл оқулықтарды жазуға қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы топ өкілдері: А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Асфендияров, Т.Жомартбаев, Қ.Сәтбаев, Ә.Ермеков, Т.Жолдыбаев, т.б. қатысты. Республикада жоғары білімді кадр даярлауда Алматы қаласында тұңғыш ашылған Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институты үлкен рөл атқарды. 1929 жылы араб алфавитінен латын графикасына көшті. 1940 жылы латын алфавитінен орыс жазуына көшу ісі өркениет жолындағы тағы бір үлкен соққы болды. Оқу-ағарту саласындағы осындай үлкен бұрмалаулар ұлт мәдениетінің дамуына кері әсерін тигізді. 1945-60 жылдары мектептер мен онда оқитындар саны күрт өсе бастады. 1950-60-шы жылдары тың игеруге байланысты мектептердің саны күрт өскенімен, қазақ мектептері көбірек жабылып, оның орнына орыс-қазақ және орыс мектептері көбірек ашылды. 1980-90 жылдары елімізде жаппай халыққа орта білім беру саласында біраз жұмыс жүргізілді. Соның бірі - мектепке 6 жастан бастап қабылдау.

Педагогика ғылымындағы білім беру жүйесінің дамуына жасаған талдаулар білім беру мен тәрбиедегі дағдарыс кенеттен пайда болмағандығын көрсетеді. Оның бастаулары 30 - жылдардың басында көрініп, 70 - жылдары жалпы орта білім беруді күрделі бағдарламамен оқыту және постиндустриалды қоғамның қарқынды қалыптасу міндеттерін шешуге қабілетсіздігімен байқала бастады. 60- жылдардың орта тұсында кеңестік білім әлем деңгейінде алдыңғы орындардың қатарына шықты. Білімдік бағдарламалардың негізділігі, мектеп оқушыларының білім сапасының көсеткіштері, жоғары, арнаулы орта білім ауқымдарының өсуімен ерекшелене түсті. Кейін бұл даму қарқыны баялап, білім беру жүйесіндегі динамика тек кеңестік емес, батыс және дамушы шығыс мемлекеттерінде де тоқтай бастады. Қоғамда күрделі процестер белең алып, нәтижелері тек 80 - жылдардың ортасында анық көріне бастады. Экономиканың даму қарқындылығы баяулап, бұрынғы идеологиялық бағдар көмескілініп, әлеуметтік тұрақсыздық, адамдар арасындағы қарым-қатынас өзгерді, нәтижесінде адамгершілік-рухани құндылықтардың толымсыздығына әкелді. Жастар қоғамдағы білім мен қабілеттің сұранысының болымсыздығын сезе бастады. Мәдениеттің, ұлттық дәстүрлердің, салт-сананың төмендеуі білім берудің тиімді саясатын жүргізуді қиындата берді.

80- жылдардың ортасында бірқатар өлшемдер бойынша білім беруде батыс елдерден артта қалушылық көріне бастады. Әсіресе, жоғары білім беру ауқымы бойынша дамыған елдерден артта қалушылық байқалды. Шетелдік әріптестер білім берудегі саралау және даралау бойынша алға шықты. 90 - жылдардың басында экономикадағы қайта құрулар мен өмірдің әлеуметтенуі, елдің нарықтық экономикаға бет бұрысы білім беру саласына да әсер етпей қоймады. Қазақстан

Республикасының білімдік кеңістігін де 90-жылдарда бастап реформалану жағдайын басынан өткерді. Бұл жаңартуларға «қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің динамикасы жағдайында білім беру саласында қалыптасып отырған, ұлғаймалы тенденциялар, сонымен қатар қоғам мен мемлекеттің болашақ дамуының жолдарын ескеретін, түпкілікті әзірленген стратегиялық реформалар әсер етеді. Көрсетілген қиындықтарға қарамастан, білім беру жүйесі даму тұғырын сақтап қалуға ұмтылды. Білім беру жаңа сапаға: өзгермелі, демократиялық және вариативті сипатқа көшті. Оқу мекемесінің типін, бағдарламалар деңгейін т.б. таңдау мүмкіндігі туды. Білім беру жүйесі жаңа бағыт іздеу, оқыту мазмұнын жаңартуға бет бұрды. Әлеуметтік жағдайды, жаңашылдық өзгерістер мен әлемдік педагогикалық тәжірибені ғылыми тұрғыдан талдау білім беруді дамытудың жаңа бағдары - жаңа стратегиясын таңдауға себепші болды.

Алдымен білім беру мақсаттарының өзгерісі, ізінше оның тиімділігі мен өлшемдері келді. Білім беру жүйесі әлі де болса соңғы нәтиже ретіндегі білім, білік және дағдыға бағдарланған. Білім деңгейі мектеп бітірудегі және жоғары оқу орындарына түсудегі негізгі өлшемдер ретінде қарастырылады. Ежелден белгілі: «көп білім ақылдылыққа үйретпейді». Сондықтан оқыту - міндетті түрде тәрбиелік қызметпен сабақтасуы қажет», - деген пікір айтады.

Кеңес өкіметінің білім беру жүйесінің өзіндік мазмұны болды. Бірақ халықтың рухани құндылықтары білім беру жағдайында есепке алынбады, немесе жеткіліксіз оқылды. Бұл мифологияға, біздің тарихымызға қатысты жағдайлар болды. Ал дінге деген көзқарасымыз «дін – апиын» дегеннен аспады. Ал шындығында, тарих пен дінге қатынасыз тұтас таным да, білім мен білік те, тәрбие де болмайтындығын бүгінгі өмір көрсетіп отыр.

Жоғарыда айтылған Кеңестік білім мен тәрбие жүйесінің көлеңкелі жақтары да көп болды. Оның төмендегідей белгілерін атап өтуге болады:

- Одақ ішінде барлық ұлттар үшін бір типтік оқулықтар мен бағдарламалардың болуы;
- жан-жақты жетілген тұлғаны тәрбиелеуде интернационалистік мазмұнда, ұлтжандылықтан мүлдем хабарының болмауы;
- міндетті түрде орыс тілін оқыту, басқа тілдерді болашақсыз деп жариялау;
- ұлттық мәдениетті мансұқ ету. Ал ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайтыны сөзсіз;
- «түрі ұлттық, мазмұны пролетарлық болсын» деген формула халықтық рухқа сай келмеуі; Себебі, халықтың рухани дүниесі біртұтас құбылыс. Ол «мазмұн» мен «түрге» бөлінбейді т.б.

Еліміз егемендік алғаннан кейін білім негіздерін демократиялық, интеграциялық принциптерге орайлас әр баланың жеке-дара ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқытып, тәрбиелеу талап етілді. Осы жайттар ұлт мектептерінің жаңа бағдарламаларынан елеулі орын алды. Арнаулы білім салаларына икемі бар балаларға арналған лицей, гимназия, колледж, медреселер сияқты мектептің жаңа түрлері ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы Заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік саясат принциптері айқындалады.

Қазақстандық білім жүйесін модернизациялаудың негізгі бағыттарының мақсаты – оның нарықтық экономика жағдайында, жаһандануды ескере отырып, қайта жасалуын қамтамасыз ету. Білімді модернизациялау осы салада жинақталған позитивті әлеуетті сақтау негізінде бұл үдерісті тереңдетіп, дамытудың жаңа құқықтық, ғылыми-әдістемелік, қаржылық-материалдық және кадрлық сәйкестік қажеттілігін туғызады.

Бүгінгі таңда Еуразиялық аймақта болып жатқан, түбегейлі өзгерістер дәуірі, адамзат баласының барлық қызмет ету саласының жан- жақты дамуына, соның ішінде білім беру мазмұнының дамуына әкеліп отыр. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, ұлттық әлеуеттің дамуы келесі факторлармен анықталады: жаңа ғылыми жаңалықтарды меңгерумен, білім беру деңгейі және кәсіби білімділік мазмұнымен. Қазақстан жоғары мектебінің жаңа даму сатысының негізінде келесі басымдылықтар жатыр: республиканың жоғары оқу орындарының



желісін рационализациялау, студенттер контингентін қалыптастырудың жаңа моделіне көшу, жоғары білім беру сапасын көтеру, ғылым мен білімді интеграциялау.

Әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлар біліктілігі мен оларды қайта даярлау жүйесіне зор маңыз берілген. Мұның өзі ұлттық білім мен ғылым жүйесінің даму бағыттарын тың арнаға, жаңа сапаға жеткізудің қажеттілігін алға тартады. Осыған байланысты қазіргі уақытта Қазақстанда білім мен ғылымның өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үрдіс білім беру парадигмаларының өзгеруімен қатар жүреді.

Жаңа білім беру парадигмалары бірінші орынға тұлғаның білімін, білігі мен дағдысын емес, оны жан – жақты дамыту, ұлттық тәлім – тәрбиені бойына сіңірту, рухани жан дүниесін қалыптастыру міндетін қойып, мемлекетіміз білім кеңістігіне аяқ басқан кезеңінде, ғылым – білімнің құндылығын, рухани маңыздылығына айрықша басымдық береді. Жаһандану үрдісінде дамыған елдердің үздік үлгісі, ықпалы сезілмейді деуге болмайды. Оны да ескеріп, жіті зерделеп, ұлттық ерекшеліктерімізге сай ұтымды, тиімді жақтарын өмірге, тәжірибеге батыл енгізуге болады. Мұның біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға, ғылымды нақтылы бағыттар төңірегінде дамытуға септігі тиері сөзсіз. Осы реттен келгенде, орта және жоғары мектеп жүйесін белгілі бір бағытқа бұрып, білім - мен ғылым ісін ортақ мақсаттар төңірегінде топтап, қатар дамыту – іргелі ғылыми ізденістерге, нәтижелі істерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Дүниежүзілік стандарттар деңгейінде білімді дамыту алдымен оқу орындарының ғылыми-педагогикалық негізіне байланысты. Бұл бағытта ұлттық тәрбие беруде қазіргі білім ұйымдары алдына үлкен міндеттер қояды. Әр заманның өз қаһармандары, дәуір мойындайтын тұлғалары, бүгінгі азаматтық қоғам жағдайында ұлттық тәрбие берудің басты мазмұны болуы тиіс.

Жаһандану үрдісі бел алып келе жатқан қазіргі кезеңде Қазақстанның дүниежүзілік интеграциялық үрдістерден тыс қалуы мүмкін емес. Ал бұл үрдістердің ең алдымен елдің білім беру жүйесіне әсер етуі – табиғи жағдай. Олай болса, біздің біліміміз де басқа елдермен тең болуы керек, ал ғылымға деген жаппай ұмтылыс, жаһандану тұсындағы өміршең түсініктен туындайды. Себебі, оның жетістіктерінсіз қазірдің өзінде нарық жағдайына бейімделген, бәсекелестік қабілеті жоғары, тұрақты экономикаға қол жеткізу мүмкін емес. Алдыңғы қатарлы елдердің арасында жоғары деңгейде дамудың жолы - өзіндік ғылым саласы. Мемлекет ғылымсыз еріксіз шикізат көзіне, қоршаған ортаға, адам өміріне қауіпті радиоактивті қалдықтардың үйіндісіне айналады. Мұндай жағдайда ұлттық болмысы қалыптасқан халық ретінде сақталу қиын болады.

Ғылым үлкен капиталдың жұмсалуын қажет етеді. Зерттеушілерінің бірі Ресейлік ғалымдардың ақпарат алу мүмкіндігі Батыстағы әріптестеріне қарағанда жүз есеге кеміді деп есептейді. Ендеше, жаһандану тұсында ұлттық сананың алтын қазығы білім мен ғылымда қағылуы керек.

Көне заманға көз жүгіртсек, ата-бабаларымыздың ілім іздеуден, жаңа көзқарастан, айырықша жаңалық тауып оны санада қалдыруға ұмтылған, сол арқылы тәлім-тәрбиелік идеяларын дамытқан. Сол идеяларды заманауи талабына сай жария ету білім мен ғылымдағы, тәрбиедегі басты шарт.

М.Әуезовтың пікірінше, халық пен халықты теңестіретін бірден-бір нәрсе – білім мен ғылым. Өйткені, ұлттық ғылым мен білім жүйесі қоғамның қозғаушы күшіне айнала алатын сала және басқа елдермен жарыс ұйымдастыруға да болатын сала. Ендеше, дүниеге әлемдік ғылымға үлес қосатындай жаңалықтар әкелуге қабілетті ұлттық ғылымның өзіндік болмысы, бағыт – бағдарламасы, өзгеше қолтаңбасы болуы шарт.

Қазақстан үшін білім мазмұнын жаңарту мен ақпараттық өркениеттің талаптарына лайықтап, жаңа педагогикалық технология мен инновациялық ұлттық рухани құндылықтармен үйлестіре оқытып, тәрбиелейтін этностық мәдени білім жүйесін құру – бүгінгі күннің келелі мәселесі.

«Қазақтың тағдыры да, келешек ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі»- деп қазақтың жарық жұлдызы М.Жұмабаев қазіргі кезеңге арнап айтқандай, келешекте ақынның сөзі алдыңғы буын өкілдерінің жолбасшысы болары анық.

Бүгінгі таңда халықтық мәдениетке интеграцияланған, баланың жеке басының дамуына педагогикалық жағдай жасайтын, рухани жағынан таза, дүниеге тік қарайтын, қоршаған ортамен жүйелі байланыс түзетін, білімнің жаңа мазмұнымен байланысқан, бәсекеге қабілетті жаңа ұрпақ өсіріп, дамытып жетілдіретін мектеп – жаңа қоғам мектебі, яғни болашақ мектебі болуға тиіс. Ғұлама ғалым Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз қолға білім салма» деген бағдарлы ойын педагогиканың діңгегіне, мектеп жұмысының тірегіне айналдыру баршамыздың міндетіміз. Білім беруді ұлттық құндылықтармен өркениетке негіздеп шәкірттердің өз күш жігерін, әлеуетін пайдалануға баулу керек. Сондықтан да мектеп реформасын тек мектептің басқару жүйесімен оқыту процесін ғана қамтып қоймай, сол мектептің мұғалімдерін жаңа бағытқа қарай кәсіби шеберлігін күнділікті ұштауын талап ету қажет.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердің мәселесі - біздің ұлттық өрлеуіміздің нұрлы болашағымыздың мәселесі. Біздің мемлекетіміздің негізін қалаған қазақ халқының ұлттық мектебінің бүгінгі жайы, ертеңгі дамуы Қазақстан Республикасының даму болашағын айқындайтын фактор деуге болады. Ұлттық мектеп тағдыры қай қилы заман да да, қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып келген ең өзекті мәселелердің біріне саналды. Қазіргі таңда Қазақстан бүкіл әлемдік білім кеңестігіне ену табалдырығында. Өмір ағымына қарай білім беру жүйесінің моделі күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Сондықтан заман талабына сай жаңа мазмұнда білі беруді ұйымдастыру 12 жылдық оқытуға көшумен тікелей байланысты. Сондықтан әрбір педагогтың, білім беру ұйымдары мен білім беруді басқару салалары басшыларының әрбір аталған мәселеге үлкен мән беріп дұрыс шешімін табуға өзіндік үлес қосуы - өмір талабы. Ұлттық мәдениетті сақтаудың кепілі ретінде қазақ мектебінің алдында жауапты міндет – төл мәдениетіне уызына қанған, өзге мәдениеттерді танып, әлемдік құндылықтарды игеру арқылы рухани баю мен дамуға бағыт ұстанған, жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу.

Сонымен ұлттық мектеп біріншіден, ол Қазақстан мемлекетінің мүддесіне сай болуы міндетті, олай дейтініміз: ұлт дәстүрі тұрғысында білім алған бала өз елінің қамын ойлайтыны заңдылық, екіншіден мектептің білім беру әдісіне жаңа тұжырымдамалар мен бағдарламалар жасалып, олар мектептегі негізгі тұлға – оқушы мен педагог мүддесін толық қамтитын әрі қорғайтын болуға тиіс. Балалар қабілетін аша отырып, білімге құштарлықты арттыру бағытындағы іс-әрекетке негізделгені дұрыс. Өйткені, білім қажеттілігін терең түсініп, оны үйренуге ұмтылған бала өмірге де қиындықсыз бейімделеді, үшіншіден, оқушының жас кезінен кәсіби бағдарламасын анықтау мақсатында жұмыстар жүргізіліп, азаматтық сапасын жетілдірсе, сонда білім беруде, болашақ елдің дамуы да нәтижелі болуға тиіс. Ол үшін мектептер бірнеше сатыға бөлінсе, оқушылар өз біліміне қарай іріктелсе деген ой туады.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстар ұйымдастыру ғылыми педагогика және ұлттық педагогика (тәрбие беру құралы) арқылы жүзеге асырылады.

Ұлттық мектептегі тәрбиенің негізгі міндеттері:

- оқушыларды ұлт алдында тұрған ерекше өзекті мәселелерді даярлау;
- өз халқының ғасырлар бойы қол жеткізген табыстарын бағалауға

бейімдеу;

- ата-баба салтын және дәстүрлі әдет-ғұрпымен қайта табыстыру;
- мектептің тәрбие жүйсін ғылыми педагогика мен ұлттық педагогикаға

негіздеу;

- оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыру;
- ата-бабаларымыздың асыл мұралары арқылы рух, ұлттық мақтаныш,

ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін құрметтеу сезімін жетілдіру;

- экономикалық, экологиялық, эстетикалық, құқықтық, патриоттық тәрбие т.б.

Осы орайда тәрбие мен білім беруде этнопедагогика элементтерін мүмкіндігінше әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы бере отырып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады: жастардың танымдық қабілетін жетілдіру, жас ұрпақтың рухани, мәдени, білім мен ғылым құндылықтарын игеруге мүмкіндіктер беру, ұлттық тәрбие арқылы адами қасиеттерді қалыптастыру, ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу, шығармашылық қасиеттерін ояту, данышпандық көреген қасиеттердің дамуына жол ашу.

Ұлттық тәрбиенің өзегі – отбасы, маңызды бөлігі, яғни тармағы – халық тарихы мен мәдени ескерткіштер де саналады. Бұл ретте көптеген рухани жұмыстар кезеңін күтіп тұр. Себебі тарихи салт-сана, ұлттық зерде-мәдениетті азаматтың рухани қазынасы. Өзінің тегін білу, ұлттық ерекшеліктеріне арқа сүйеу тиіс. Оның адамгершілік, өнегелілік, тәрбиелік байламы қазіргі дәуірдің жалпы қазақстандық шаңырақтың мұратына сәйкестенуі қажет. Бұл пікірлерімізді ғылыми сараптау мен ізденіс, оқу мен тәлім-тәрбие жұмыстарының нәтижесі анықтайды. Ол этнопедагогикалық бағдарламалардың үлесіндегі міндет.

Білім беру Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Ендеше бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесін, ұлттық мектебімізді қалыптастыруымыз қажет. Қазіргі жаһандану заманында өзге мемлекеттердің көлеңкесінде қалмай, ықпалына ермей, дәстүріміз бен тілімізді түлету, ұлттық мәдениетімізді сақтау, қазақ болмысынан туындайтын этникалық ерекшелігімізді баянды ету. Ол - тіл, дәстүр, ұлттық сана мен рух, отаншылдық. Жас ұрпақ санасында осы рухани құндылықтар қалыптасса, еліміздің шын мәнінде егеменді жолмен дамып, оның байлығы ұлтқа қызмет етері сөзсіз. Білім беру саласында әлемдік тәжірибелерді үйрене отырып, патриоттық тәрбиенің бастауы болып табылатын этномәдени білім мен тәрбиені естен шығаруға болмайды. Қоғамның ұлттық негізде жаңаруы жоғары мектепте ұлттық тәрбие ісін дамытудағы жетекші фактор болып саналады. Бұл оқу орындары жұмысын ұлттық негізде құру, яғни ұлтымыздың өмірінен орын алған ұлттық білімдер жүйесін тандап, соның негізінде студенттерді даярлау қажеттігін дәлелдей түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 . Білім туралы. - Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. Алматы: Литера, 2000. - 96 б.
2. Г.Қ. Нұрғалиева, С.Мусин. Салыстырмалы педагогика. -Алматы: Ғылым, 1999.
3. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. - Алматы: Сана, 1995.
4. Қ.Ж.Туребаева. Жаһандану және ұлттық тәрбие негіздері. оқу-әдістемелік кешен. – Ақтөбе, 2006. - 98 б.
5. К.Ж.Туребаева. Ұлттық тәрбие негіздері. Монография. – Ақтөбе. 2008. -270 б.
6. О.Қ.Силыбаева. Қазақ мектебінің ұлттық тәрбие жүйесі. Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. №5 2006 ж.

УДК 159.9.075

## **СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНАЯ АДАПТАЦИЯ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ: К ВОПРОСУ ОБ ОРГАНИЗАЦИИ ДИАГНОСТИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ**

Т.В. Черникова, д.псих.н., профессор

Волгоградский государственный социально-педагогический университет, г. Волгоград

*Ключевые слова: социально-культурная адаптация, психологическая адаптивность, иностранные студенты, мультикультурный регион, экспресс-диагностика, мониторинг, самооценка, экспертная оценка, опрос, контент-анализ.*

*Резюме. Представлено содержание экспресс-диагностики особенностей социально-культурной адаптации иностранных студентов в вузах из мультикультурных регионов России и Казахстана. Составные части диагностической программы направлены на разносторонний охват проблемы. Личностно-психологические аспекты адаптации изучаются путем самооценки предметно-деятельностной и коммуникативной сторон, социально-культурные – путем соотношения потребительно-прагматической и идентификационно-консолидирующей характеристик этого процесса, запросы о психолого-педагогической поддержке – путем анализа материалов опроса.*

*Keywords: socio-cultural adaptation, psychological adaptability, foreign students, multicultural region, express diagnostics, monitoring, self-assessment, expert assessment, survey, content analysis.*

*Abstract. The content of express diagnostics of the peculiarities of social and cultural adaptation of foreign students in universities from multicultural regions of Russia and Kazakhstan is presented. The components of the diagnostic program are aimed at comprehensive coverage of the problem. The personal and psychological aspects of adaptation are studied through self-assessment of the subject-activity and communicative aspects, socio-cultural – through the correlation of consumer-pragmatic and identification-consolidating characteristics of this process, requests for psychological and pedagogical encouragement – through the analysis of survey materials.*

Наличие иностранных студентов в организациях высшего образования любого государства является не только одним из индикаторов качества его деятельности в структуре показателей рейтинговой оценки. Одновременно с документом о профессиональной квалификации выпускники вузов привозят на родину отношение к стране получения образования, сформированное в процессе социально-культурной адаптации в период обучения. Традиционно считается, что граждане из-за рубежа с дипломом, выданным в другой стране, формируют своеобразную «подушку лояльности» по отношению к этой стране. Прагматическое значение этого явления повышается в условиях введения и действия международных экономических санкций, а также скрытого и явного военного противостояния государств.

Форс-мажорные обстоятельства 2020 года, вызванные эпидемиологической ситуацией коронавируса в мире, актуализировали вопрос социально-культурной адаптации студентов из-за рубежа в связи с объективной необходимостью перевода образовательной подготовки в дистанционный режим. Потребовалась корректировка содержания и средств работы в вузе, в связи с чем актуализировалась проблема целевой подготовки профессорско-преподавательского состава, организованного в интерактивном режиме. Предстоит инвентаризации и аккумуляции технологических возможностей подготовки по предметным дисциплинам, максимально насыщенной культурно-страноведческим материалом с его возможностями интеграции общечеловеческих контекстов, смыслов, устремлений.

С целью объединения научного потенциала исследований и методических разработок в этом направлении на базе Калмыцкого государственного университета им. Б.Б. Городовикова по предложению д.п.н., проф. А.Б. Панькина создана инициативная группа ученых из университетов Южного Федерального округа Российской Федерации и Атырауского университета им. Х. Досмухамедова Республики Казахстан. Содержание первого этапа работы состоит в проведении диагностического исследования на выборке иностранных студентов для выявления особенностей их социально-культурной адаптации и изучению возможностей оказания психолого-педагогической поддержки в вопросах социально-культурной адаптации в новой для них образовательной среде в отдельном вузе и в мультикультурных социальных обстоятельствах жизни региона в целом. По итогам реализации созданных в условиях коллективного проекта инновационных образовательных средств предстоит повторный

мониторинговый срез для определения эффективности проведенной работы с последующим распространением опыта.

В данной статье предложено обоснование содержания эмпирического исследования, главной характеристикой которого является *экспресс-диагностика*. Она предполагает получение на большой выборке поверхностного унифицированного диагностического среза вместо глубокого многостороннего исследования по нескольким тестовым методикам. Выбор экспресс-диагностики отвечает одновременно нескольким требованиям. Это, во-первых, требование доступности и краткости, что связано с дистанционной формой диагностики студентов, проживающих в других странах и владеющих русским языком на уровне иностранного. Во-вторых, экспресс-диагностика позволяет сфокусироваться на ключевых аспектах и избежать избыточной детализированной информации, слабо относящейся к существу исследования. В-третьих, выбор такого подхода обусловлен целевой ориентацией психолого-педагогического исследования, конечный результат которого выводит научный коллектив за пределы констатирующей диагностики на повышение квалификационного уровня преподавателей.

Полученные эмпирические данные позволяют за короткий период времени определить проблемные для каждого вуза аспекты, что выведет их на конструирование локальных моделей, постановку целей и задач по усилению компетентности профессорско-преподавательского состава, работающего с иностранным контингентом обучающихся, в условиях интерактивного обучения в ходе повышения их профессиональной квалификации. Ожидается, что улучшение показателей социально-культурной адаптации иностранных студентов произойдет по итогам изменения позиции преподавателей, транслирующих усиленный социально-культурный контекст дисциплин, изучаемых иностранными студентами. Информированные по результатам диагностики о сильных и слабых сторонах адаптационного процесса, протекающего в условиях эпидемии коронавируса при ограничении прямого контакта с образовательной средой вуза, помещенной в широкий территориально-экономический контекст, преподаватели продемонстрируют не только повышенную мотивацию, но также усиленную технологическую оснащенность. На это будет направлено содержание курсов повышения квалификации, организованных по типу обмена опытом, презентации и защиты оригинальных идей, группового решения творческих задач и т.п. Ожидается, что повторная диагностика, проведенная не ранее чем через полгода, покажет изменение показателей социокультурной адаптации иностранных студентов в лучшую сторону.

Перед началом экспресс-диагностического исследования проводится демографический анализ иностранного контингента обучающихся в организации высшего образования. Анализ проводится либо с указанием данных иностранных студентов, принявших участие в исследовании, либо с указанием данных всего иностранного контингента по вузу. Для этого они заносятся в предлагаемые формы таблиц с приложением необходимых текстовых пояснений. Они касаются, например, возрастного диапазона респондентов, предпочтения профиля обучения в зависимости от страны постоянного проживания и др.

Для исследования предложены два средства экспресс-диагностики самооценочно-экспертного типа и дополнительный опросный бланк, материалы которого обрабатываются отдельно с помощью метода контент-анализа. Систематизированные суждения опросных листов дополняют диагностическую картину показателей психологической адаптивности и социально-культурной адаптации.

*Первое диагностическое средство* составлено нами по методу самооценки психологической адаптивности. Десять раз выраженное согласие с десятью предложенными утверждениями сложится в максимальный балл. Внутреннее разделение самооценочных суждений по тематике на две группы (относящихся к деятельностной или к коммуникативной сторонам психологической адаптивности) дадут возможность дифференцировано интерпретировать результаты. Процедура стандартизации методики позволит определить показатели в баллах для разделения выраженного признака на высокие, средние и низкие значения.

Обработка материалов первого раздела бланка диагностического исследования позволяет изучить личностно-психологические аспекты адаптации, которые рассматриваются как генерализованность признака, характеризующего потенциальную возможность успешности осуществления процесса. Обработка данных проводится путем:

подсчета суммы плюсов – положительной оценки десяти утверждений, с которыми выражено согласие; сумма положительных ответов отражает общий показатель степени психологической гибкости личности как важнейшей предпосылки успешности осуществления адаптационных процессов;

подсчета суммы положительной оценки первых пяти утверждений, с которыми выражено согласие; их сумма отражает предметно-деятельностный аспект психологической предпосылки осуществления адаптационных процессов (тяга к свежим впечатлениям, скорость усвоения учебного материала, переключение активности в работе с одного предмета на другой, легкость в чередовании интенсивной деятельности и отдыха, быстрота вхождения в новые ситуации и новую деятельность);

подсчета суммы положительных оценок второй половины утверждений, с которыми выражено согласие; их сумма отражает коммуникативный аспект психологической предпосылки осуществления адаптационных процессов (интерес к изменившемуся кругу общения, легкость вхождения в контакт с новыми людьми; репутация мобильного человека, регулирующего свою активность в ответ на аргументированное мнение со стороны).

*Второе диагностическое средство* сконструировано нами по методу групповой оценки явления, распространенного со времен социальной психологии советского периода. Стандартизация показателей даст возможность, как и в первом случае, дифференцировать количественные значения по уровням значений. Дифференциация показателей по двум тематическим группам поможет провести качественный анализ явления социально-культурной адаптации, обусловленный особенностями вуза и контингента обучающихся.

Обработка материалов второго раздела бланка диагностического исследования позволяет изучить собственно социально-культурные аспекты адаптации, которые рассматриваются как выраженность признака, характеризующего реальный результат успешности осуществления процесса. Обработка данных проводится путем:

подсчета суммы баллов, накопленных по итогам 10-балльной оценки степени согласия с каждым из 10 утверждений; максимальная оценка, отражающая социально-культурные аспекты адаптации, может составлять в сумме 100 баллов;

подсчета суммы баллов по итогам оценки первых пяти утверждений; полученная сумма в максимальном выражении 50 баллов будет отражать культурный интерес и потребность в изучении страны получения образования (ее языка, содержания профессии, искусства, образа жизни представителей другой культуры); превалирование показателя по первой пятерке оценочных суждений над второй станет косвенным отражением потребительно-прагматического характера социально-культурной адаптации; потребление в данном случае означает получение образовательной услуги как реализации одной из социальных ролей (потребителя) в ряду других – гражданина, работника, семьянина и т.д.;

подсчета суммы баллов по итогам оценки второй части утверждений; полученная сумма в максимальном выражении 50 баллов будет отражать начало интеграции с социально-культурными обстоятельствами жизни в стране получения образования (принятие традиций как понятных и близких, расширение деловых и межличностных контактов, анализ вероятности проживания в новой стране и вариантов обустройства жизни в ней); превалирование показателя по второй пятерке оценочных суждений над первой станет косвенным отражением идентификационно-консолидирующего характера социально-культурной адаптации иностранных студентов.

На выборке иностранных студентов (около 700 человек), обучающихся в Калмыцком государственном университете им. Б.Б. Городовикова, нами совместно с Э.А. Сокальским проводится стандартизация общих показателей, с тем чтобы полученные данные могли быть использованы в других вузах как отражающие высокий, средний и низкий уровни адаптации в

двух ее взаимодополняющих аспектах – личностно-психологическом и собственно социально-культурном. По всей выборке и группам студентов из ближнего и дальнего зарубежья, мужчин и женщин, определяются средние значения и стандартное отклонение по ключевым показателям самооценки психологической адаптивности и оценки социально-культурной адаптации.

Информативными в плане сравнения могут стать диагностические значения по выборкам студентов из ближнего и дальнего зарубежья. Например, обнаруженное смещение показателей адаптации в сторону высоких значений у студентов из ближнего зарубежья может быть истолковано как наличие так называемого «советского следа» – транслированного родителями и прародителями отношения к общекультурным основаниям жизни в Советском Союзе.

В целом показатели наличия или отсутствия нормальности распределения дадут возможность для интерпретации полученных результатов, исходя из того, что:

А. Личностно-психологический аспект адаптации выступает показателем степени психологической гибкости личности как важнейшей предпосылки успешности осуществления адаптационных процессов. Этот показатель рассматривается как потенциальный ресурс адаптационных возможностей личности в двух видах его проявления – предметно-деятельностном и коммуникативном.

В. Социально-культурный аспект адаптации в его общем значении выступает показателем глубины происходящих процессов. На поверхностном уровне адаптации присутствует культурный интерес к стране получения образования, ее языку, искусству, традициям. Этот начальный уровень адаптации носит потребительски-прагматический характер; адаптация в этом случае осуществляется по типу приспособления к окружающей среде. Продвинутый уровень социально-культурной адаптации носит идентификационно-консолидирующий характер; адаптация происходит по типу выхода за ограничения, накладываемые окружающей средой. В таком случае происходит интеграция личности с социокультурными обстоятельствами жизни в стране получения образования.

Для составления совокупной картины в окончательном варианте выполненного в рамках проекта исследования предстоит: а) определить общий характер адаптации иностранных студентов по ЮФО РФ; б) сравнить обобщенные данные студентов из ближнего и дальнего зарубежья по ЮФО РФ; в) сравнить эти показатели с данными из университета Республики Казахстан.

Жалпы ойлаудың сындарлығы туралы айтқанда біртұтас және жекелеген операцияларды шешу тәсілдерінің ұтымдылығына баға беру; өз іс-әрекетін бақылауды жүзеге асыру, міндеттерді шешудің әр түрлі тәсілдерін қолдану нәтижесін болжау білігін білдіреді.

ЖОО студенттерінің сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыру көптеген шетелдік ғалымдар (Линдсей к., Р. Ф. Томпсон, К. С. Халл, Е. Ю. Грудзинская, А. В. Федоров, Е. И. Федотовская, Д. М. Шакирова) өзіндік сана-сезім саласын кеңейтудің, танымдық белсенділікті арттырудың, жастардың табысты тұлғалық және кәсіби қалыптасуының маңызды алғышарты ретінде қарастырады. Осыған байланысты қазіргі педагогикалық ғылымда сыни ойлауды дамыту технологияларын теориялық негіздеуге көп көңіл бөлінуде [1].

Қазіргі педагогикалық жүйеде болашақ маманның тұлғалық қасиеттерін сындарлы ойлау негізінде қалыптастыру оның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуының ажырамас бөлігі болып табылады. Сыни ойлау түсінігі туралы тұтас түсінік маман дайындау процесін түрлендіруге және жетілдіруге және оны тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Психология бұл ұғымның мәнін оның ағу механизмдерін зерттеу арқылы ашуға мүмкіндік береді.

Жоғары мектептің білім берудің құзыреттілік моделіне көшуі студенттердің сыни ойлауын дамытудың теориялық-педагогикалық аспектілерін технологиялық деңгейде ғана емес, мазмұндық деңгейде де зерттеу қажеттілігін тудырады, өйткені құзырет өзара байланысты білім, білік, дағды, практикалық және шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі, мағыналық бағдарлар жиынтығымен сипатталатын білім алушының білім беру дайындығына қойылатын әлеуметтік талап болып табылады.

Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарын талдай келе, сындарлы ойлауға берілген сипаттамаларды келесі мазмұнда көре аламыз:

Сын тұрғысынан ойлау-ақыл-ой қызметінің ерекше түрі, ол адамға өзіне ұсынылған көзқарас немесе мінез-құлық моделі туралы ақыл-ой пікір білдіруге мүмкіндік береді (Р. Х. Джонсон). Бұл белгілі бір фактілерге, нормалар мен құндылықтарға сәйкестігін анықтау мақсатында пікірлерді тексеруге бағытталған ақыл-ой әрекеттерінің бірізділігі (Р.Парк).

Сын тұрғысынан ойлау құрылымында логикалық операциялар: талдау, синтез, салыстыру, жалпылау, абстракциялау (В. Н. Брюшинкин, Д. Клустер, А. В. Федоров) ерекше мәнге ие болады.

Сын тұрғысынан ойлау шығармашылықпен тығыз байланысты, бұл шығармашылық ойлауды дамытудың бастапқы нүктесі (С.Заир –Бек).

Ойлаудың бұл түрі өзіндік ойлау іс-әрекетіне қатысты рефлексия болуын, ұғымдармен, пайымдаулармен, ақыл-оймен жұмыс істей білуді, аналитикалық іс-әрекетке, сондай-ақ басқа адамдардың ұқсас мүмкіндіктерін бағалауға (Г. В. Сорина) қабілеттіліктің дамуын болжайды.

Сын тұрғысынан ойлау пікірлердің дәйектілігі мен қисындылығымен, проблемалар мен күрделі мәселелерді түсіндіруге ұмтылысымен, күтпеген және объективтілігімен, дәлелдердің батылдығымен, тұжырымдалған ережелердің нақтылығымен, ақпараттың анық баяндалуымен, қарама-қайшы фактілерді анықтай білуімен ерекшеленеді (Э. Бинкер, Р. Пол, Э. Мартин, К.Адамсон).

Сын тұрғысынан ойлау тек когнитивті ғана емес, сонымен қатар тұлғаның ерік және эмоционалдық салаларымен тығыз байланысты (Линдсей Қ., Р. Ф. Томпсон, К. С. Халл)[2].

Ғалымдардың берген анықтамаларына сүйене отырып, біз сындарлы ойлау - бұл объективті тұжырым жасауға, ақылға қонымдылық тұрғысынан логикалық әрекет етуге, кез келген нәрсеге түрлі көзқарас тұрғысынан қарауға және мәселені шешудің жаңа мүмкіндіктеріне ашуға көмектесетін рефлексивті, бағалаушы ойлау деген анықтаманы қолдаймыз.

Болашақ мұғалімдерді оқушылардың сындарлы ойлауын дамытудың маңыздылығын оның ең алдымен, білім алушылардың өзін-өзі бағалау, бақылау және өз іс-әрекетін жоспарлау арқылы өз бетімен білім алуға жетелейтін метакогнитивті қабілеттері мен біліктерін дамытуымен түсіндіре аламыз. Яғни бүгінгі тез өзгермелі әлемде білім алушылардың практикалық әрекетіне аса қажетті ақпаратты сауатты талдау және бағалау дағдыларын жетілдіруі.

Ресейлік зерттеу жұмыстарында бүгінгі ақпараттық қоғам жағдайында сыни ойлау тәжірибесінің жоғары білім мазмұнындағы орнын баса көрсете келе, оны қалыптастыру құрылымын төрт компонентке сәйкес қарастырады, олар: білім, зияткерлік және практикалық дағдылар, шығармашылық қызмет тәжірибесі, эмоциялық – құндылық компоненттері. Сындарлы ойлауға оқытудың білімдік компоненті сындарлы ойлаудың мәні мен ерекшеліктерін ашатын ұғымдарды, логика ережелері, талдау, қорыту, салыстыру, жіктеу, сыни ойлауды қалыптастыру тәсілдері, сыни және шығармашылық ойлаудың ұқсастығы мен айырмашылықтары туралы түсініктерді қамтиды. Сындарлы ойлауды сипаттайтын зияткерлік біліктерде: проблеманы анықтай білу, ақпаратта қамтылған тұжырымдар мен дәлелдерді талдай білу, қарама-қайшылықтарды анықтау, сенімділікті, ақпарат көздерін бағалау үшін өлшемдер

әзірлеу, негізгі және екінші дәрежелі фактілерді көрсете отырып, электрондық көздермен жұмыс істеу, себептік-тергеу байланыстарын салыстыру, қорыту, белгілеу, фактілерді, құбылыстар мен процестерді жіктей білу және ақпаратпен жұмыс барысында эвристикалық, проблемалық әдістерді пайдалану білігі ерекше маңызға ие болады[3].

Енді күнделікті практикада кең қолданыс тауып жүрген сындарлы ойлауды дамыту технологиясына тоқталсақ, ол үш кезеңді қамтиды:

Бірінші кезең - ой шақыру кезеңі, мақсат: бар білімді өзектендіру, жаңа ақпарат алуға қызығушылық ояту, білім алушының өз мақсатын қоюы. Оқытушының әрекеті білім алушыларды оқытылатын тақырып бойынша бар білімді ашуға, оны белсендіруге және меңгеруге деген ынтасын арттыруға бағытталған; білім алушы әрекеті оқытылатын тақырып бойынша оған не белгілі екенін «есіне түсіреді», болжам жасайды, жаңа материалды оқығанға дейін ақпаратты жүйелейді, жауап алғысы келетін сұрақтар аясында ойқозғайды.

Екінші кезең – мазмұнын ұғыну кезеңі (жаңа ақпарат алу, білім алушының қойған мақсатына түзету енгізу. Оқытушының әрекеті жаңа ақпаратпен жұмыс істеуде тақырыпқа қызығушылық сақтау, біртіндеп «ескі» білімнен «жаңа» білімге жылжу; білім алушы әрекеті мәтінді оқиды, тыңдайды және жаңа ақпаратты ұғыну өлшеміне қарай белгілеп отырады «мен үшін жаңа ақпарат т.б»). Бұл кезеңде жаңа ақпаратпен тікелей жұмыс істеу түрлері (мәтін, фильм, дәріс, көрнекі материалдар, т.б.) орын алып, жұмыс жеке немесе жұппен жүргізіледі.

Үшінші кезең - ой қорыту, рефлексия кезеңі (жаңа білім игеруі, білім алушының оқытудың жаңа мақсаттарын қоюы). Оқытушының әрекеті білім алушыларды алғашқы болжам жазуға бұру, өзгеріс, толықтырулар енгізу, ақпаратты зерттеу негізінде шығармашылық, зерттеу негізінде шығармашылық, зерттеу немесе практикалық тапсырмалар беру; білім алушы әрекеті мазмұнын ұғыну кезеңінде алған білімдерін пайдаланып, «жаңа» ақпаратты «ескі» ақпаратпен салыстырады. Рефлексия кезеңінде оқылған ақпаратты талдау, шығармашылық өңдеу, интерпретация жүргізіледі. Жұмыс жеке немесе жұппен ұйымдастырылады.

С.И.Заир-Бектің тұжырымдауынша, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы арқылы білім алушылардың білімдерінің даму механизмі келесі мазмұн құрайды:

бар білімді өзектендіру, жетіспейтін білімді және қиындықтарды анықтау, сұрақтарды құрастыру, қорытынды – оқу іс-әрекеті мақсатын қоюы:

жаңа ақпаратпен танысу, оны бар біліммен сәйкестендіру, алдыңғы қойылған сұрақтарға жауап іздеу, қиындықтарды, қарама -қайшылықтарды анықтау, мақсаттарға түзету енгізуі;

жаңа ақпаратты жүйелеу және біріктіру, оны бағалау, алдыңғы қойылған сұрақтарға жауап, сұрақ құрастыру, оқу іс-әрекетінің жаңа мақсаттарын қоюы[3].

Практика көрсетіп отырғандай, танымдық тапсырмаларды шешуде сындарлы ойлау келесі қызметтерді атқарады:

Ынталандыру, яғни студенттің жаңа идеяларды және шешімдерді өз бетімен ғылыми-іздену қажеттілігін қалыптастырумен көріністабады.

Бағалау-тексеру қызметі, жаңа ақпаратты бағалауы, оның тиімді және тиімсіз жақтарын табу, жасалған шешімдердің дұрыстығын дәлелдеу.

Түзету қызметі, қалыптасқан сындарлы ойлау жаңа ақпаратты іздеу аумағын нақтылауға көмектеседі, ол өз кезегінде туындаған мәселені тез шешуге жәрдемдеседі.

–Болжам жасау қызметі, өз іс-әрекет нәтижесіне қызыға қарауы.

Дамыған сындарлы ойлау болашақ мамандардың іс әрекеттің түрлі тәсілдерін меңгеруге, жедел шешім қабылдауға, практикада меңгерген білімді практикада қолдануға, жаңа білім игеруге ынталандырады. Сондықтан да олардың сындарлы ойлауын дамытуда оқытушы продуктивті диалогты жүзеге асыруға қажетті қасиеттерді қалыптастыруға жете назар аудару қажеттігі, атап айтқанда, әңгімелесуші адамға деген құрмет, өзге адам пікіріне шыдамдылық, даулы мәселелерді талқылаудағы икемділік. Бұның тиімділігі - оқу үдерісін шынайы өмірге жақындатуға үлкен мүмкіндік туғызып, болашақ мамандардың алған білім, дағдыларын өмірде оқу және практикалық тапсырмаларды шешуде кеңінен қолдана алуларына көмектесуі.

Қорыта айтқанда, ғылыми білімнің қарқынды өсуі, өркениетті дамытудың қазіргі кезеңінде ақпарат алудың жаңа тәсілдерінің қарқынды таралуы білім алушылардың келіп түскен

ақпаратты сындарлы ойлау тұрғысынан талдауға, осы негізде дәлелденген ұстанымдар тұжырымдауға, гуманистік құндылықтар контекстінде алған білім мен біліктерді шығармашылықпен қолдануға үйрету маңыздылығын дәлелдеп отыр.

Болашақ мұғалімдердің сындарлы ойлауын дамытуға бағытталған сабақтағы оқытушының басты міндеті - оған қажетті психологиялық-педагогикалық шарттарды құра білуі, атап айтсақ, біріншіден, ғылыми ізденіске, ойлауға жетелейтін белсенді оқыту әдіс тәсілдерді, инновациялық технологияларды қолдану.

екіншіден, сабақта әрбір адамның өз ойын еркін айтуына қажетті ерекше жағымды психологиялық ахуал тудыру. Сонымен қатар ең маңыздысы және бастысы бұл оқытушының айтылған барлық пікірлерге құрметпен қарап, сын айтудан қашық болып, ынтымақтастық атмосфера орнатаалуы.

үшіншіден, оқытушы әдеттегі басты рольден, ұзақ монолог сөзден бас тарту, студенттердің басты рольге енулеріне көмектесе отырып, сабақ құрылымының бұзылуына, оған басшылық етуді басқару.

төртіншіден, болашақ мамандардың сындарлы ойлауын дамытуда ақпараттық білім беру технологияларының рөлін ескеру. Білім беру үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану білім алушылардың ақпаратты іздеу және қайта өңдеуде уәждемесін, мүмкіндіктерін арттырудағы дидактикалық мүмкіндіктері орасан зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Грудзинская Е. Ю., Мариико В.В. Активные методы обучения в высшей школе. Учебно-методические материалы по программе повышения квалификации «Современные педагогические и информационные технологии». 2007, 182с.

2. Халперн Д. Психология критического мышления Д. Халперн. СПб.: Питер, 2000. 512с.  
Кузьмина А.А. Психолого-педагогические аспекты развития критического мышления студентов // Молодой ученый. 2017. №15. С.591-593.

**УДК37.018.1**

## **ПСИХОЛОГО – ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЛИЧНОСТИ В СЕМЬЕ**

С. Г. Аслялиева

старший преподаватель НАО «Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамелова», г. Атырау

*Кілттік сөздер:* отбасы, отбасылық тәрбие, халықтық педагогика.

*Key words:* family, family education, folk pedagogy.

*Аңдатпа:* мақалада отбасылық тәрбиесінің өзектілігі қарастырылады. Сонымен қатар отбасы тәрбиесінде халықтық педагогиканы қолдану.

*Summary:* the article discusses the relevance of family education.

В настоящее время в обществе отмечается повышенное внимание к семье со стороны всех социальных институтов воспитания. Это объясняется объективными процессами, развивающимися в обществе – гуманизацией и демократизацией общественных отношений, ростом понимания того, что приоритет в воспитании детей принадлежит, прежде всего, семье. В связи с этим необходимо все усилия направлять на восстановление взаимопонимания в семье,

на повышении педагогической культуры родителей, на совершенствование воспитательного потенциала семьи.

Пристальный интерес к семье объясняется и рядом других обстоятельств: ухудшением демографической ситуации в стране, усложнением психологического, эмоционального, духовного мира современного человека, ростом его потребностей, которые также во многом формируются в семье.

Наконец, нельзя не считаться и с тем, что меняется и сам объект воспитания – ребенок. Он становится все более информированным и развитым, поэтому руководство его духовным и нравственным созреванием требует более высокой культуры и педагогического мастерства взрослых.

В таких условиях школа не может полностью переложить всю ответственность за воспитание детей на семью, отказаться от работы с родителями. Необходимо искать новые подходы в организации сотрудничества с ними, изменять содержание и формы взаимодействия с семьей.

Проблемы семьи с давних пор волновали известных философов, психологов и педагогов. Не оставляли равнодушной вопросы семейного воспитания и народную педагогику. Казалось бы, давно пора решить все семейные проблемы. Но с развитием общества, с его продвижением вперед, проблемы семьи выступают все острее, требуя скорейшего решения.

Сегодня проблема воспитания детей находится в центре внимания ученых республики, педагогических коллективов и всей общественности. Ведутся поиски новых подходов к созданию новой концепции воспитания, системы образования.

Изучение народного опыта воспитания на всех этапах исторического развития входило в круг научных интересов педагогов прошлого.

Современные направления, пути, методы и приемы совершенствования учебно – воспитательной работы в школе нужно находить в передовых традициях народной педагогической мысли.

Самые ценные педагогические мысли, сочинения, как показывает история педагогической мысли, имеют глубокие народные корни. На народном идеале воспитания в семье основан выдающийся труд Я. А. Коменского «Материнская школа». Свою «Книгу для матери» знаменитый швейцарский педагог И. Г. Песталоцци создал, обобщив опыт швейцарской школы народной педагогики. Он был убежден, что природосообразное воспитание, начатое в семье, должно затем продолжаться в школе. С «педагогическим гением народа» связаны идеи К. Д. Ушинского, И. Алтынсарина, А. Кунанбаева, Ч. Валиханова.

Большое значение семье как главному воспитательному институту придавали и просветители Казахстана: Абай в своих «Словах назиданиях» указывает на ответственность семьи за воспитание детей «Не будет успокоения тебе, если сын останется невеждой, не будет счастлив он сам, и не будет от него блага народу. Вечный страх перед создателем и вечный стыд перед людьми тебе за того сына».

Древних мыслителей Востока занимали многие проблемы бытия, явления природы, но в центре их внимания всегда был человек и его воспитание. Великие мыслители хотели видеть человека всесторонне развитым, образованным. Все мыслители были едины в том, что необходимо систематическое воспитание детей с раннего детства.

Прогрессивные традиции педагогики семейного воспитания имеют все основания служить могучим средством воспитания детей в современных условиях. В условиях революционных преобразований всего уклада жизни новые требования предъявляются к семейному воспитанию детей.

Народная педагогика, прогрессивные народные традиции, обычаи, приемы и методы воспитания должны стать прочной основой для решения этих задач.

Народ на опыте многих поколений убеждался, что основа семьи – взаимная любовь.

«Семья без любви – дерево без корней». Из сказанного вытекает вывод, что народная мудрость рассматривает семью как источник счастья, как шедевр природы, приветствует семью, созданную на основе взаимной любви, непоколебимо стоит за дружный, трудолюбивый



семейный коллектив, советуется с большим тактом подходить к решению возможных семейных конфликтов.

Выражая общее мнение всех народов, свято любящих детей, пословица утверждает: «Кто не любит детей, тот никого не любит».

Кем станет человек – полноценной личностью или нравственным уродом, участником или помехой в делах общества, его защитником или бедой – во многом определяется тем, насколько правильное семейное воспитание он получил в детстве.

#### Список использованной литературы

1. Сейсембаев К. Проблемы использования прогрессивных идей и опыта казахской народной педагогики в подготовке детей к школе и в семейном воспитании. Алматы, 2000
2. Сарсенбаева Т. У. Национальные традиции в семейном воспитании. М., 2003

#### ӘОК 37-54

### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ БАУЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН КЕШЕНДІ ЖОЛДАРЫ

Ұ.Т.Туленова, профессор, п.ғ.к.  
магистр А.Б.Куанова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

*Ключевые слова:* начальная школа, творчество, познавательная деятельность, познавательный интерес, творческое задание, действие.

*Резюме:* Статья посвящена формированию личности ребенка, уровню сформированности уровня мышления, развитию навыков творческого мышления.

*Key words:* primary school, creativity, cognitive activity, cognitive interest, creative task, action.

*Summary:* the article is devoted to the formation of the child's personality, the level of formation of the level of thinking, the development of creative thinking skills.

Бүкіл адамзат қоғамның ХХІ ғасырдың алғы шебіне, яғни ғылыми-техникалық прогресс пен өркениетті даму дәуіріне бет бұру кезеңінде жаңа қоғамға лайықты өмірден өз орнын табатын жеке тұлғаны қалыптастыру - негізгі міндеттің бірі. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан- 2030» жолдауында егемен елімізді өркендетудің стратегиясы мен тактикасын белгіледі және мектеп тәжірибесіне әртүрлі педагогикалық технологиялардың енгізілуі математика пәнін үйрету жұмысының маңыздылығын арттыра түседі. Білім беруді демократияландыру, ізгілендіру және оқыту сапасын арттыру - қазіргі күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе.

Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білім деңгейімен айқындалады.

Қазіргі кезеңде оқу жүйесіндегі негізгі мақсат - жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, іскер, өзіндік ой-толғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жанды тәрбиелеу.

Бастауыш мектептің негізгі міндеті - баланың жеке басын қалыптастыру, ойлау дәрежесінің қалыптасу деңгейін, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.

Оқушының танымдық шығармашылық іс-әрекетінің табысты өтуі мұғалімге, оның ізденіс әдістерін дұрыс таңдап алуына байланысты.

Бастауыш сыныптағы шығармашылық әрекет жүйесін М.Р.Львов үшке бөледі:

1. Оқушыда шығармашылық әрекет үшін алғы-шарт болатын қасиеттерді тәрбиелеу. Оған байқампаздық, қарым-қатынасқа түсуге даярлығы, тілдік және жалпы белсенділігі, еске сақтауға даярлығы, ойлау ерекшелігі жатады. Бұл қасиеттер дәстүрлі танымдық, оқу әрекеті үшін өте пайдалы. Шығармашылық үшін кездескен қиындықтарды және өз жалқаулығын жеңе білу қажет. Шығармашылық эмоциямен, танымдық қызығушылықпен, қиялмен тығыз байланысты. Шығармашылық әрекет адамгершілік, ой және дамуы жылдам дамыған оқушыларда сәтті жүреді.
2. Тұлғаның ерекшелігі, өзіндік түр-әлпеті шығармашылық әрекет түріне жатады. Шығарма, әңгіме, эссе жазу кезінде адамның тұлғалық ерекшелігі көрінеді. Шығарма ретінде оқушының өз өмірінен, сурет бойынша, көркем фильм, мультфильм, қойылымдар, табиғатты немесе ауа-райын бақылау, салт-дәстүрдің бір көрінісін сипаттауға болады. Жазбаша жұмыстармен қатар, оқушы суреттерінде тұлғалық ерекшелігі көрінеді. Оқушы диалог, оқу ырғағы, тіпті жазуы арқылы өзінің тұлғалық ерекшелігін көрсетеді.
3. Оқушылардың танымдық процесте зерттушілік, құрастырушылық әрекеттері.

Балалардың таным қызығушылықтары мен белсенділіктерін, шығармашылықпен ойлауын дамытуда педагогтар алдына мынадай шарттар қойылады:

*Таным қызығушылығын дамыту шарттары:*

- интеллектуалдық қысым және интеллектуалдық тартыстар жағдайын туғызу;
- шығармашылық және зерттеу іс-әрекеттері бар сабақтар ұйымдастыру;
- өзіндік таным мен зерттеу дағдыларының қалыптасуына ықпал ету;
- балалардың танымдық бастамалары мен өз бетінше жұмыс істеулеріне қолдау көрсету немесе мақтау, мадақтау.

*Таным белсенділігін дамыту шарттары:*

- әрбір бала үшін даму жұмысының траекториялары;
- әрбір баланың потенциалдық мүмкіндіктерін ашуға қолдау көрсетудегі жоғары педагогикалық іс-әрекет;
- білім беру үрдісінің ерекше формалары мен білім берудің арнайы мазмұнының сипатын беретін арнайы педагогикалық жағдайлар.

*Шығармашылық ойлауды дамыту шарттары:*

- шығармашылықтың тууына ішкі кедергілерді жою;
- жұмыс істеу барысында бала зейінін ақыл-ойға шоғырландыру;
- қиял ширақтығын қолдау;
- жалпы шығармашылық іс-әрекетке бағыт-бағдар беру.

Психологиялық және педагогикалық зерттеулер мен мектепке дейінгі мекемелер жұмысының тәжірибесі балалардың шығармашылық қабілетін ойын негізінде мектепке дейінгі кезеңнен бастап дамып, қалыптасатынын дәлелдейді.

Соңғы зерттеулерге сүйенсек, шығармашылық ойындарды төмендегідей топтау орын алып жүр:

- 1) балалар еңбегімен байланысты ойын (Бұл ойын барысында бейнелеу және құрастыру іс-әрекеттері бірігіп жүзеге асады. Соның негізінде балалардың еңбекке деген қызығушылығы оянып, белсенділіктері артады).
- 2) Ақыл-ой тәрбиесімен байланысты ойын (Психологиялық үрдістер негізінің қалыптасуы. Бұндай ойындар барысында баланың ойлауы, қабылдауы, есте сақтауы, қиялы және тілі дамиды).
- 3) Ақыл-ой белсенділігін арттыратын ойындар (Бұл ойын қиялдау негізінде жүзеге асады. Рөлді таңдап образына кірген адамына еліктей отырып, сол кісінің іс-әрекетін, не айтқанын, өзін қалай ұстауын келтіре отырып, өзінің ойлау қабілетінің жаңа деңгейге өтуіне мүмкіндік беруі).

- 4) Жүйелі түрде дамытатын ойындар (Бұндай ойындар баланың көркемдік шығармашылықтарының дамуына ықпал етеді. Музыкаға, биге қабілеттері байқалып, дамиды).

Балалар шығармашылығы – шығармашылық іс-әрекеттің дамуының алғашқы сатысы. Бала шығармашылығының қоғамдық педагогикалық құндылығына да мән берген жөн. Бала қоршаған ортаны түсінуін, оған көзқарасын көрсетеді, бұл оның жан дүниесін ашуға көмектеседі. Бала көркемдік шығармашылық арқылы өзін таниды, ал айналасындағыларға өзін танытады. Ол үшін шығармашылық іс-әрекеттердің төменгідей көрсеткіштерін анықтауға болады.

I топ - балалардың шығармашылыққа деген ықыласының сипаттамасы – айналасуы, шартты ахуалдар, қиялдау.

II топ – балалардың шығармашылық іс-әрекеттері амалдарының сапасына сипаттамасы, яғни жылдамдығы, жаңа міндеттерді шешудегі тапқырлық, әр түрлі нұсқаларды пайдалану, таныс түзгіштерді дұрыс қолдану.

III – топ, өнім сапасының көрсеткіштері - өмір құбылыстарына, кейіпкерлерге, заттарға тән сипаттамаларды таңдау және оны орынды пайдалану.

Оқыту үрдісінде әрбір пәнге байланысты іс-әрекетте әр түрлі болады. Мысалы, әдебиеттік оқуда сөз шығармашылығында балалар әр түрлі теңеулерді, ұйқастарды әңгіме желістерін табуға тырысады.

Шығармашылықты қалыптастыру жолдарын зерттеу тапсырмаларды күрделендірудің үш кезеңін анықтауға мүмкіндік туғызады. Олар:

1. Балаларға шығармашылық іс-әрекетте алғашқы бағыт-бағдар беретін тапсырмалар. Олар педагогпен бірігіп, әрекет етеді. Шығармашылық әрекеттің кейбір құраушыларын ғана пайдаланады: тап, өзгерт, ойлан тап, құрастыр деген сияқты.

2. Балалардан мақсатты әрекетті шешімін табуды талап ететін тапсырмалар. Ересек адаммен біріккен шығармашылық балаға ескінің орнына жаңаны табуға, бұрынғыны жақсартуға, өзгертуге болатыны жөнінде түсінік алады.

3. Балалардан дербестікті қажет ететін шығармашылық тапсырмалар. Олар ойынның, әңгіменің желісін ойлап табады, өз әрекеттерін жоспарлайды, мәнерлік құралдарды таңдайды. Бұл тапсырмалар әр баланың қабілетін ашады, бала өз шығармашылығының өмірде қажет екендігін түсінеді (өлең, ертегі құрастыру, суреттер көрмелері, әндер мен өлеңдер концертті және т.б.).

Шығармашыл тұлға, яғни жас дарын жасының ерекшелігіне, қызығуына қарамастан өзгелерден даралығымен, табандылығымен, шұғыл шешімділігімен, өз күшіне деген сенімділігімен, сезім ұшқырлығымен, өз бетімен жұмыс істеуге деген құштарлығымен, асқан шабытымен ерекшеленеді. Бұндағы мұғалімнің басты міндеті – оқушының бойында жасырын жатқан мүмкіндіктерін ашып, дамыту. Бұл оқушыдан салыстыру, жоспарлау сияқты бала үшін қиындау тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Бастауыш білімнің мемлекеттік стандартының алғашқы нұсқасы және соған сәйкес оқу бағдарламалары дайындалып, іс жүзіне асып жатуы қазіргі кездегі мектепті дағдарыстан шығаратын шешімдердің бірі. Онда білім берудің мақсаты түбегейлі өзгеріп, бірінші кезекке оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жеке тұлғаны тәрбиелеу мақсаты қойылды.

Мұндағы мақсат - әр оқу пәнінің орнымен рөлін көтере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыруға бағыттау. Сондай-ақ бағдарлама оқушылардың жалпы ойын, шығармашылық қабілетін дамыту, олардың қажетті білімді өздері алуын және оны практикада қолдана білуін талап етеді. Кейінгі жылдары білім беру жүйесі өз қызметі барысында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Кеңестік білім беру саласында орын алған білім беру жүйесінің шектен тыс идеологияландырылуы, өмірден және әлемдік тәжірибеден алшақ болуы, тарихи-мәдени этнопедагогикалық құндылықтарды ескермеу т.б. кемшіліктерге жол бермей, бұрынғы қол жеткізген жетістіктерді сақтай отырып, білім жүйесін әрі қарай дамыту жолдары белгіленді. Білім берудің мазмұны мен мәнін ашуда соңғы он жылдықта білім беруді ізгілендіру барысында жеке тұлғаны дамыту бірінші орынға қойылды. Біздің пайымдауымызша, шығармашылық іс

әрекет – оқушының өзіндік танымдық қажеттіліктерін, өз мүмкіндіктерін іске асырудағы қиындықтарды жеңе отырып, жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға жетелейтін білім мен әрекеттің әдістерін меңгеруде, жаңа нәтижеге жетуге мақсатты бағытталған іс әрекет.

Бүгінгі таңда қоғамның дамуына ондағы болып жатқан үлкен өзгерістерге байланысты білім беру жүйесінің алдында жаңа талаптарға сай дайын білімді, дағдыларды қайталайтын емес, өзінің сонылығымен, біртумалығымен ерекшеленетін жаңа идеялар иесін, ашқан жаңалықтарын, алған білімдерін өмірлік жағдаяттарға сай қолдана алатын, ойлаудың сындарлық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру тұр.

Осы міндетті шешу жолында жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің басында оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, ой-пікірінің белсенділігі мен дербестігін кеңейту, танымдық қызығушылығын арттыру тұрғаны сөзсіз. Осы іс-әрекеттерді жүзеге асыру нәтижесінде біз біліктілігі қалыптасқан, қоғамға бейімді жас ұрпақ, жаңа буын тәрбиеленеді деп сенеміз. Қазіргі ғылым мен техниканың шарықтаған заманында өмірге икемді, шығармашылық қабілеті жоғары, әр салада ойлау деңгейі қалыптасқан, тыңнан жол таба алатын белсенді азамат негізі мектептегі оқу-тәрбие процесінде қаланады. Сондықтан, оқушы әрекетін тек дайын білімді қабылдауға ғана емес, өз бетімен ізденуге, белсенділік танытуына, шығармашылық дағдыларын дамытуына бағыттау қажет. Шығармашылық дағдылардың қалыптасып, дамуы оқушының жаңа жағдаяттарға байланысты білім, біліктерін қолдана білуден, таныс объектілердің жаңа функцияларын көре алудан, мәселенің белгілі шешімімен қатар өзгеше, тиімді әдістерін іздестіруден және таба білуден көрінеді. Тұлғаның даму мәселесін теориялық талдау педагогтар үшін аса қажет. Мұғалім әрекеттің әр түрінің оқушыны дамыту мүмкіндіктерін білуі және бұл мүмкіндіктерді жеке тұлғаны қалыптастыруда қолдануы қажет. Жеке тұлға белгілі бір әрекеттер нәтижесінде қалыптасады. Ол тәрбиенің әсері ғана емес, өз күштерін, қабілеттерін жүзеге асыру процесінде дамиды. Философтардың бұл ілімі педагогика ғылымы үшін өте маңызды, себебі педагогикалық процесс барысында адамның тек білім, білік, қабілеттері қалыптасып қана қоймайды, сонымен қатар тұлғаның әлеуметтік дамуы жүзеге асады. Тұлға үнемі даму үстінде болу үшін әрекет шығармашылықпен байланыста болуы қажет. Тұлғаның өзі қажет етуі бойынша дамуы - бұл ішкі белсенді ойлау әрекеті. Ол тұлғаның өзіндік оқу әрекетіне, дербестігіне, өзін-өзі бақылауына, бағалауына бастау болады. Біздің пайымдауымызша, шығармашылық іс әрекет – оқушының өзіндік танымдық қажеттіліктерін, өз мүмкіндіктерін іске асырудағы қиындықтарды жеңе отырып, жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға жетелейтін білім мен әрекеттің әдістерін меңгеруде, жаңа нәтижеге жетуге мақсатты бағытталған іс әрекет.

Шын мәнісінде, қазақ халқының алғашқы шығармашылық дүниетанымының мол үлгісі фольклорда тұнып тұр. Шығармашылықтың негізі, мәдени рухани қазынасы байырғы ауыз әдебиеті түрлерінде тұрмыс- салт жырлары, аңыз, ертегілері, мифология, батырлар жырлары, лиро- эпостық және тарихи жырларда жатыр. Біздің бабаларымыз өз кезегінде өмір құбылыстарын, қоршаған табиғаттың сыр- сипатын, жұмбағын, болмыстың мәні мен мақсатын образдық шығармашылық ой арқылы келесі ұрпағына жеткізе білді.

Бүгінгі таңда қоғамның дамуына ондағы болып жатқан үлкен өзгерістерге байланысты білім беру жүйесінің алдында жаңа талаптарға сай дайын білімді, дағдыларды қайталайтын емес, өзінің сонылығымен, біртумалығымен ерекшеленетін жаңа идеялар иесін, ашқан жаңалықтарын, алған білімдерін өмірлік жағдаяттарға сай қолдана алатын, ойлаудың сындарлық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру тұр. Адам бойындағы қасиеттерде психологтар - сезім, сана, сенім, қайрат, мінез - құлық дағдысы деп бөлген. Жеке адамның қалыптасу өрдісінде адамгершілік сезімдер ерекше орын алады. Ғалым С. Қалиев «Адамгершілік қасиеттерді бала бойына кішкентайынан дарытуда оларды ізгілікке, қайырымдылыққа, адалдыққа тәрбиелеуде ертегі, мақал – мәтелдер, аңыз - әңгіме, жұмбақ, жаңылтпаштардың тәлімдік мәні аса зор. Ауыз әдебиетінің асыл үлгілерімен әлдилеп, аялап өсіріп, ел қорғайтын азамат етіп шыңдап шығаруда ұлттық мәдениетті тәрбиенің асыл арқауы ету бүгінгі күннің басты міндеті» дейді .

Шығармашылық тұлға негізгі бастауыш сыныпта қаланатыны анық. Осы жастағы балалар бойында шығармашылық қабілетінің бастаулары жатыр. Тек өмір тәжірибесінің, дара дүниетаным, дара эстетикалық көзқарастың жетіспеуінен олардың бойларындағы шығармашылық қабілетті ашып көрсете алмайды.

Бүгінгі таңда бастауыш сыныптарда оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары кеңінен орын алуда. Оларды пайдаланудың мақсаты – оқушылардың жеке басын дамытуға бағытталған білім мазмұнын тұлғалық-бағыттаушылық материалдарымен толықтырылып, олардың қажеттілігін өтейтін, танымдық қызығушылығын арттыратын, білімді меңгеруде өздігінен белсенділік танытуға ынталандыратын, нәтижелі-шығармашылық іс-әрекетке түсуге жұмылдыратын, өздігінше қорытынды жасай білуге қабілетті тұлға қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Селевко Т.К.Современные образовательные технологии. Москва. 1998.
2. Кішібаева Д.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық тұлғасын қалыптастыру. Алматы, 2004, 113 б.
3. Кішібаева Д.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру. Шымкент, 2006, 159 б.
4. Нұрмұханова Г.Е. Оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастыру. //Қазақстан мектебі, Алматы, 3 б.
5. Елубаев Е. Оқушының танымдық қызығуын оятудың жолдары. //Бастауыш мектеп, 2007, №8, 7-8 б.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Ищанова Гүлназит Ермаковна аға оқытушы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті  
Атырау қаласы

### **Аңдатпа**

Мақалада бастауыш сынып оқушыларында танымдық қызығушылықты қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылады. Қазақстандық білім беру жүйесінде жаңа буын мемлекеттік білім беру стандарттарын енгізу жағдайында тұрақты танымдық қызығушылықты қалыптастыру, сондай-ақ оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру арқылы ынталандыруды арттыруға бағытталған оқыту әдістері мен тәсілдері басымдыққа ие болады. Бұл дегеніміз оқушының өзін-өзі дамыту және оның теориялық және практикалық тәжірибені қалыптастыру үшін қажет жаңаны ашудағы белсенділік аймағында жеке басының өсуінің негізі деп санайды.

**Кілттік сөздер:** таным, танымдық қызығушылық, бастауыш сынып оқушысы, белсенділік, іс-әрекет, жас ерекшелігі.

### **Psychological and pedagogical aspects of the formation of cognitive interest in elementary school students in the learning process**

The article discusses the psychological and pedagogical aspects of the formation of cognitive interests in elementary school students. In the context of the implementation of the new generation of state educational standards in the Kazakh educational system, the methods and training methods aimed at increasing motivation through the formation of persistent cognitive interest, as well as enhancing the

cognitive activity of students, become priority. It is believed that they are the foundation of personal growth in the zone of his activity on self-development and the discovery of a new one, necessary for the formation of theoretical and practical experience.

**Key words:** cognition, cognitive interest, elementary school student, activity, actions, age peculiarity.

Елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер білім саласын жетілдіруді талап етеді. Бастауыш стабыдағы кезең – оқушыда оқу әрекеті қалыптасуының ең оңтайлы кезеңі болып табылады. Өз бетінше оқу әрекетін қалыптастырудың жоғары деңгейі – танымдық қызығушылықтарының дамуына ықпал етеді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиетті талдау бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамыту ерекшеліктерін қарастырудағы авторлардың әртүрлі тәсілдері бар екенін көрсетті.

Г.И.Щукина өзінің дамуына қызығушылық белгілі бір сатыда өтіп, бұл ретте қызығушылықты, танымдық қызығушылықты көрсете отырып, дамудың жоғары деңгейлерінде танымдық қажеттілікке айналады деп есептейді. Алайда, оның пікірінше, бастауыш сынып оқушыларына танымға деген қызығушылық айтарлықтай сипат емес, тек қана кіші жасөспірімдерде көрініс бере бастайды [1,97].

Н.Г.Морозова танымдық қызығушылықты дамыту үдерісінде басқа кезеңдерді бөліп көрсетеді: эпизодтық уайымдау, пәнге немесе іс-әрекетке эмоциялық-танымдық көзқарас, тұлғаның эмоциялық-танымдық бағыты. Бастауыш сынып оқушысының жас ерекшеліктерін сипаттай отырып, ол осы жастағы танымдық қызығушылықта эмоционалдық компонент неғұрлым айқын көрінетінін анықтайды [2, 5-11].

Н.А.Морева танымдық қызығушылықтың базасы - таным қажеттілігі деп есептейді. Ол үш кезеңде қалыптасады: шындықты қарапайым бағдарлау, қоршаған ортаның құбылыстары мен пәндеріне таңдау қатынасы, танымға деген рухани қажеттілік [3, 94-95].

Б.С.Волков бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамыту үдерісін сипаттай отырып, оны оқу процесімен байланыстырады. Бастапқыда қызығушылыққа деген қарапайым көріністер болады. Мазмұны бойынша ол нақты фактілерге де, білімнің теориялық мазмұнына да бағытталуы мүмкін. Оқу-жаттығу барысында бастауыш сынып оқушысында құбылыстардың мәнін, байланыстары мен заңдылықтарын тануға деген қызығушылықтары дамиды. Сонымен қатар, ол бастауыш сынып оқушыларының қандай да бір пәнді оқуға деген қызығушылығы сирек кездеседі деп тұжырымдайды [4, 25-26].

Қарастырылатын құрылымда бастауыш сынып оқушысының танымдық қызығушылығы бастапқыда жаңашылдық, қызықты фактілерден білім алушылыққа ауысып, зерделенетін құбылысты түсіну ниетімен, оған өз зейінінің шоғырлануымен қоса жүретін қызығушылық түрінде көрінеді. Мұндай қызығушылық көбінесе оқуға жалпы тұрақсыз оң көңіл-күйде көрінеді. Әдетте, осы даму кезеңінде бастауыш сынып оқушысының танымдық қызығушылығы жан-жақты болуы, көптеген оқу пәндерін қамтуы және оларды зерделеуді ынталандыруы мүмкін. Мұндай қызығушылықтар ұзақ уақыт бойы оқушылардың танымдық іс-әрекетінің қозғаушы күші бола алмайды, ал оның әсерінен алынған білім тез ұмытылады.

Одан әрі білім алу қабілеті біртіндеп танымдық қажеттілікке ауысады, ол мотивке, содан кейін - танымдық бағытқа айналады. Оқушы тұлғасының танымдық бағыты таным пәніне, мазмұны мен үдерісіне таралады, ал білім, білік және дағдыларда, қарым-қатынас жүйесінде және шығармашылық қызмет тәжірибесінде іске асырылады. Танымдық бағыт болған жағдайда оқушы оқу қызметімен айналысуға, оның ерекшеліктерін тікелей тануға, онда жетілдіруге ұмтылады. Н.Г.Морозовның пікірі бойынша, оқушының жаңа оқу жағдайында бағдарланудың белсенділігі, сонымен қатар, міндетті емес жағдайда танымдық іс-әрекетке жүгінуі байқалады [2, б. 9-10].

Танымдық қызығушылықтың көрсетілген даму кезеңдері оқшауланбаған. Қызығушылықтың бір сатысынан екінші сатыға ауысуы алдыңғы қатардың жоғалуын

білдірмейді. Олар танымның бірыңғай актісінде қатар өмір сүре алады, жаңадан пайда болған нысандармен бірдей қалады және жұмыс істей алады.

Танымдық қызығушылық тұлғаның психикалық қасиеттері мен жағдайының динамикалық кешені болып табылады. Ол өсе алады, күшеюі немесе сөнуі мүмкін. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру үшін оның даму деңгейін анықтауды үйрену қажет. Зерттелетін құбылыстың деңгейлерін анықтаудағы қиындық оның даму динамикасына көзқарастың алуан түрлілігімен байланысты. Танымдық қызығушылықтың деңгейін бөлуге байланысты әртүрлі көзқарастар бар.

Сонымен, Н.Г.Морозова олардың орнықтылық көрінісінің түріне қарай қызығушылықтың екі деңгейін бөледі. Олардың бірі - жағдайлық (эпизодтық) - оқытудың эмоциялық тартымды жағдайларына қызығушылықтың жекелеген өршуімен сипатталады. Ол сырттан тұрақты ынталандыруды талап етеді және жеке тұлға құрылымында ерекше із қалдырмайды. Екіншісі - жеке немесе бастамашыл. Бұл қызығушылық тұрақты және жағымсыз сыртқы факторларға қарамастан үйренеді. Ол оқушының танымдық оқу қызметіне оң көзқарасымен сипатталады және оқушы тұлғасының танымдық бағытын реттейді [2].

П.И.Щукина қызығушылықтың басқа деңгейлерін анықтайды: аморфты, кең және маңызды. Олардың біріншісі оқуға деген жалпы қызығушылықпен көрінеді, өзгергіштікпен, жағдайлылықпен, бейсаналықпен сипатталады және ынталандыру күші жоқ. Екінші - білімді гаубицаның жоқтығы, белсенділікке оң көзқараспен сипаттайды. Қорытындылай келе, үшіншісі - бұл тұлғаның жоғары белсенділігі, практикалық тиімділігі мен бағдарлануын анықтайтын тұрақты сипаттамасы [1].

В.В.Давыдов, А.К.Дусавицкий, В.В.Репкин танымдық қызығушылық деңгейлерін оқушының оқу іс-әрекетінің жекелеген аспектілеріне бағыттай отырып ажыратады: оқу нәтижесіндегі білімге, білім алу жолына [5, 6, 7].

Оқушылардың танымдық белсенділігі мына үш белгіге тән:

- Оқу- танымдық әрекеттің қоғамдағы маңыздылық бағыты;
- Оқу- танымдық әрекеттің интеллектуалдық сипаты;
- Оқу- танымдық әрекеттің реттеушілік сипаты.

Сондай — ақ, танымдық белсенділігін дамыту тиімділігі мынадай жетекші фактормен анықталады:

- Оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу;
- Оқу үрдісінде мәселелік оқытуды кеңінен енгізу;
- Материалдарды айтып түсіндіруде жүйелік ұстанымын қамтамасыз ету;
- Бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар кешенін шешудегі қол жеткен табыстарды «нығайтуды» қамтамасыз ету, т. б. [7].

Ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, оқу әрекеті барысында бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру үшін мұғалім өз тарапынан ұйымдастырушылық, дұрыс басшылық және оған оқушылардың өздерінің белсенділік танытуына жол беруі тиіс.

Оқушының белсенділігін арттыру үшін оның бойында ізденіс, бағдарлай білу қасиеті, зерттеушілік қабілеттерін көре білуіміз қажет. Біз оқушылардың қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың қызығушылығын оятамыз, олардың танымдық қызығушылықтарын жетілдіруге ықпалымызды тигіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Активизация познавательной деятельности учащихся является одним из условий эффективности и повышения качества учебно-воспитательного процесса. Учеб. пособие. - М.: Просвещение, 1979. - 160 с.
2. Морозова Н.Г. Формирование познавательных интересов у аномальных детей (сравнительно с нормой). – М.: Просвещение, 1969.

3. Морева Н.А. Технологии профессионального образования: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. Заведений. М.: Издательский центр «Академия», 2005. - 432 с
4. В.В.Давыдов. Теория развивающего обучения. – М.:Интор, 1996. – 554 с.
5. А.К.Дусавицкий. Развитие личности в учебной деятельности. – М., 1996 .
6. В.В.Репкин. Развивающее обучение и учебная деятельность. – Рига, 1992.
7. Рысбекова А. «Танымдық қабілетті арттыру шрттары», «Қазақстан мектебі» журналы № 7–2010ж, 38–39 бб.

## ТҰЛҒАНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Г.М.Тажигалиева аға оқытушы

*Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті,*

**Аңдатпа.** Мақалада тұлғаның азаматтық құндылықтарын қалыптастыруда жалпы-адамзаттық құндылықтардың басымдықтарын, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуын, патриотизмге, еңбексүйгіштікке, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеу көзделеді. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сүйене отырып, жалпыұлттық идея аясында мемлекеттік саясат, қоғамдық талаптар, отбасылық тәр-бие құндылықтары және тұлғаның жеке мүдделері мен мақсаттарының теңгерімі негізінде, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кіріктірілуі арқылы азаматтық тәр-биенің әдіснамасын, білім беру жүйесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға бағдарланған.

**Түйін сөздер:** *Азаматтық тәрбие, азаматтық құндылық, жалпыұлттық идея, тәрбие құндылықтары, азаматтық тәрбиенің әдіснамасы.*

**Аннотация.** *В статье рассматриваются проблемы формирования гражданских ценностей лично-сти, предусматривающие воспитание приоритетов общечеловеческих ценностей, жизни и здоровья человека, свободного развития личности, патриотизма, трудолюбия, уважения к правам и свободам че-ловека. Основываясь на концептуальных основах воспитания, в рамках общенациональной идеи форми-рование гражданских ценностей ориентировано на повышение методологии гражданского воспитания, воспитательного потенциала системы образования на основе государственной политики, обществен-ных требований, ценностей семейного воспитания и баланса личных интересов и целей личности. Раз-витие гражданских ценностей рассматривается также через взаимную интеграцию учебных и воспи-тательных процессов.*

**Ключевые слова:** *гражданское воспитание, гражданская ценность, общенациональная идея, ценно-сти воспитания, методология гражданского воспитания.*

**Abstract.** *The article deals with the problems of formation of civil values of the personality, providing education priorities of universal values, human life and health, free development of the personality, patriotism, diligence, respect for human rights and freedoms. Related on conceptual bases of education, within the national idea it is focused on increase in methodology of civil education, upbringing potential of an education system on the basis of state policy, public requirements, values of family education, balance of personal interests, the purposes of the personality and also through mutual integration of educational and upbringing processes.*

**Keyword:** *civil education, civil value, national idea, education values, methodology of civil education.*

«Азаматтық тәрбие дегеніміз бала-ларды қоғамның саяси өмірінің негіз-дерімен таныстыру, өзінің азаматтық міндеттерін орындауға дайындығын қалыптастыру. Азаматтық



тәрбие жеке тұлғаның азаматтық сана-сезімін, конституциялық, құқықтық көзқарасын қалыптастыруды қарастырады.

Азаматтық тәрбиенің негізгі мақсаты — адам бойында Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, қоғамның адамгершілік идеалдарын, бейбітшілікке деген ұмтылысын, қоғам мүддесі үшін еңбек ету қажеттілігін тәрбиелейді» [2].

«Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі тәрбиені дамытудың келешегін, басым бағыттарын, тәрбиенің мақсаттарын, міндеттерін, бағалау өлшемдерін және механизмдерін анықтайды.

Тұжырымдамадағы бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие беру мәселесі қамтылады. Бұдан байқайтынмыз аталған тәрбие бағыты тұлғаның құндылықтарын қалыптастыруда негізгі орын алады. Бұл бағыттың мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриот қалыптастыруға, тұлғаның саяси мәдениетін дамытуға ықпал ету, балалар мен жастардың құқықтық мәдениетін, құқықтық насанын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру [1].

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;

ҚР Конституциясына, заңнама-сына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке;

елдегі ұлтаралық және конфессия-аралық келісімге, халықтар достығына;

өз елінің экономикалық және әлеуметтік мәдени даму саласындағы және әлемдік аренадағы жетістіктеріне;

басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;

өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;

құқықтық біліміне, заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне;

құқықтық-әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарауы;

мақтаным сезімінің болуы және жауапкершілік танытуы [1, 12-13 бб].

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие беруді іске асыру механизмдеріне сабақтар, оқу пәндері, сабақтан тыс іс-әрекеттер, қосымша білім беру, дебат және пікірталас клубтары, патриоттық форумдар, акциялар арқылы ерлік, намыс және абырой тағылымдарына машықтандыру, оқушылардың мемлекеттілік нышандарын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге арналған байқаулар мен олимпиадалар, қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа да этностардың мәдени мұрасы, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу бойынша өлкетану экспедициялары, мемлекет, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен, құқық қорғау, әділет органдары қызметкерлерімен кездесулерді өткізу жатады.

Балалар мен жастардың бастамашыл жобаларын дамыту, қоғамдық қорлармен бірлескен қызметтер, әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер, саяхаттар, ақпараттық-құқықтық материалдар тарту, «сенім қызметтері», «Мен және заң» акциясын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады [1].

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бойынша К. Құнантаева, С. Ешімханов, Ә. Жұмаханов, Е.Ө. Жұматаева, Е.З. Батталханов, С.Т. Иманбаева, А. Бейсембаева, М.В. Зима, И.И. Валеев, Г.Н. Волков, Н. Ромашов, С. Нұрмұқашева, Ж.А. Мақатова, С.Б. Омарова т.б. зерттеу жұмыстарын жүргізгені белгілі.

Тұжырымдамада Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбиені өзара сабақтастыра отырып қарастырады.

Жалпы тұлғаның бойындағы азаматтық құндылықтарды қалыптастыру мәселесі А.С.Макаренконың еңбектерінде негізгі орын алады. Оның «Ұстаздық дастан»,

«Мұнара үстіндегі тулар», «Ата-аналарға арналған кітап» атты еңбектерінде тұлғаның бойындағы ерлік, азаматтық, патриоттық қасиеттерді қалыптастыру жан-жақты сараланып берілген. Тұлғаның бойындағы азаматтық құндылықтарды ұжым арқылы тәрбиелеу негізгі миссия болып табылады. Еңбектерінде А.С.Макаренко тұлғаның сапалық қасиеттерін қа-

лыптастыруда барлық тұлғаларға ортақ сапаны ескерсе, келесі тұлғаның даралық сапасын дамытуды да ескеру керектігін баса айтады. А.С.Макаренко басқарған қиын балалар мекемесінен елімізге та- нымал азамат тұлғалардың шығуы да оның тәрбиелік идеясының ерекшелігін, оның тұлғаға деген сенімі, тәртіпке бас ию, ар мен намысты жоғары қоюы т.б. атап өтуге болады [3].

«Азаматтық тәрбие – қоғамдық ізгі мұраттарды, ар-намыс сезімін, тұлға- лық ішкі еркіндікте, тәртіптілікте, басқа адамдарға және мемлекеттік билікке құрмет және сенім білдіру десек, Қа- зақстандық патриотизм – Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстар- дың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік биіктен көрінуі үшін білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміз- дегі бейбітшілік, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш-жігерін жұмсау» [4].

Ж.А. Мақатова Қазақстанда 1917- 1930 жылдар аралығында азаматтық тәрбие беруде ХХ ғасырдың басындағы азаматтық құндылықтарды зерделей отырып, азаматтық тәрбиенің негізгі қағидалары, ұстанымдары, дамуы мен қалыптасуын жан-жақты зерттеген [5].

Жоғарыдағы ғалымдардың ғылыми еңбектерін саралайтын болсақ, азаматтық тәрбие, тұлғаның бойындағы азаматтық құндылықтарын қалыптастыру мәселелері тәрбие тұжырымдамасында берілген тәрбие бағыттарымен өзара сабақтастыра беруімен қатар, әсіресе патриоттық тәрбие, оның ішінде қазақстандық патриотизммен, әскери тәрбиемен байланыстыра отырып қарастырады.

Патриоттық тәрбие, әсіресе әскери– патриоттық тәрбие мәселесі Қазақстан- дық және Ресей ғалымдарының еңбек- терінде негізгі орын алады. Патриоттық тәрбиені зерттеуші Ресей ғалымдары- ның бірі Ю.Н.Галанин «Патриоттық тәр- бие – тұлға бойына негізгі рухани құн- дылықтарды қалыптастыру».

Патриоттық сезімін тәрбиелеу, ерлік дәстүрлерге және әлемдік жаһанданды- ру үрдісіне Ресейдің ғылыми-техникалық және мәдени тұрғыда қосқан үлесіне мақтаныш, әр түрлі әскери жағдайларда Отанға шын берілген, Отан үшін жанын қиюға дайын болу»,– деген тұжырым жа- сай келе, патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттарын айқындайды. Бұл: азаматтық тәрбие; азаматтық патриоттық тәрбие; ұлттық патриоттық тәрбие; ерлік патриот- тық тәрбие; әскери патриоттық тәрбие [6,15б.].

Жалпы құндылықтар бала кезден, ана сүтімен бірге, ұлттық мәдениет, ұлттық дәстүр, өзінің ана тілі арқылы, өз тарихын, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру барысында адам бойына сіңісті болады. Қоғамдағы даму үдерісі жоғарғы деңгейге жету үшін қоғамды құратын тұлғалардың азаматтық құндылықтары- ның сапалық деңгейлерінің ықпалы өте зор. Қазақстанды мекендейтін 130-дан аса ұлыс пен ұлттардың арасындағы бір- лік, татулық, елдік қасиеттерінің жақсы қалыптасуы азаматтық құндылықтар- дың нәтижесі деп бағалауға болады.

«Патриоттық құндылық - қоғамдағы із- гілік қарым-қатынасты, табиғат пен адам арасындағы мейірімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамыту, елі мен туған жерін, Отанын сүю, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштықты сақтау үшін күресу [5].

*Азаматтық тәрбие* – азаматтық сезім, сана, тұлғаның азаматтық сапасын, нақты азаматтық бағытын, халқына са- налы түрде, өз еркімен қызмет етуге да- йын болу. Азаматтық тәрбие азаматтық, азаматтық мәдениет, азаматтық бағыт тұрғысынан сипатталады. Азаматтық, азаматтық мәдениет тұлғаның бойында мектептен, әсіресе бастауыш мектепте қалыптасады дейді.

*Азаматтық-патриоттық тәрбие* – жастарға қажетті құқықтарын іс жүзінде қамтамасыз етуге, жастар мен мемлекет арасындағы құқықтық қатынастарды қамтамасыз етуге бағытталады [5].

«Азаматтық, – дейді Г.Н.Филанов, – негізгі әлеуметтік функцияларды ұлтара- лық, тұлғааралық, отбасылық тұрмыстық қатынастар мен еңбек іс– әрекеттерінде адамгершілік құндылықтар мен жалпы қабылданған нормаларды орындау ба- рысында тұлғаның кешенді тұрғыдағы сапалық белгісі, саналы түрде әр адам өз құқығын қорғау, Отанға деген сүйіспен- шілік және оның мүддесін қорғау».

Бұл мақалада мақал-мәтелдер мен жұмбақтар халықтық тәрбие құралы ретінде қарастырылды. Мақал-мәтелдер тәрбиенің әртүрлі проблемаларының шешімін табуға көмектеседі. Мақал-мәтелдердің халықтық педагогикадағы рөлі. Еңбек туралы мақал-мәтелдерге тоқталдық. Мақал-мәтелдерді бейнелеу формалары атап өтілді. Сонымен, мақал-мәтелдер, әндер мен жұмбақтардың тәрбиелік мәні зор екендігін таныдық.

### Summary

This article examined proverbs and riddles as a means of public education. Proverbs reveal problems that address different aspects of parenting. The role of proverbs in folk pedagogy. We stopped at proverbs and sayings about hard work. The forms of expression of proverbs were noted. Thus, proverbs, songs sayings and riddles have an important educational value.

**Ключевые слова:** пословицы, поговорки, загадки, средство воспитания, трудолюбие.

Пословицы и поговорки, загадки, песни, сказки, народный эпос и былины представляют собой народную память, сохраняющую духовный опыт народа, это- основные средства народного воспитания. Именно они выступают как эффективные средства воздействия на человека с тем, чтобы формировать определенные личностные качества (качества совершенного человека), раскрыть прекрасное, воспитывать нравственные качества, доброту, трудолюбие и т.п.

С давних времен пословицы и поговорки заняли достойное место в сокровищнице народного творчества. Они распространяются среди лиц старшего возраста, но чаще применяются по отношению к детям и молодежи. Это коллективное представление народа, общественное мнение о воспитании, т.к. оно создается всем народом. Со временем некоторые пословицы видоизменяются, другие выпадают из употребления. Сохраняются те из пословиц, которые необходимы для духовных потребностей народа в данный период.

Как отражение идей народной педагогики, пословицы раскрывают те проблемы, которые рассматривают различные стороны воспитания. К примеру, таджикская пословица «Одно слово может разрушить весь мир» говорит о силе слова, о необходимости пользоваться словом вдумчиво, осторожно.

Содержание пословиц относится к проблеме воспитания детей и места детей в жизни народа; к проблеме целей, средств, содержания и методов воспитания; к проблеме этической оценки поведения, соотношения поощрений и наказаний; к проблеме трудового и нравственного воспитания; к проблеме наследственности, в том числе наследования личностных черт и влияния среды на личность; к проблеме воспитания детей с самого дня рождения и роли матери в воспитании детей; к проблеме отношения к старшим, к немощным людям и т.д.

Немало пословиц касается вопросов обучения, в них подчеркивается значимость грамотности, применения повторений и т.д. Поговорки типа «Не битьем, а лаской» (русская) рекомендуют определенные методы обучения. Пословицы вида «Что узнал в юности - высечено на камне, что узнал в старости - написано на льду» (татарская) рекомендуют начать обучение и воспитание детей с самого раннего возраста.

Можно условно выделить пословицы нравственные, познавательные-интеллектуальные, эстетические, производственные и т.д. Некоторые пословицы содержат также житейские советы. В пословицах и поговорках особое место отводится формированию нравственных качеств: правдивости, доброты, благородства, благодарности, совершенства и т.п.



В народной педагогике одной из главных задач воспитания признается задача формирования качества трудолюбия. Поэтому в пословицах и поговорках труд рассматривается как решающее условие жизни человека и возвеличивается душевное удовлетворение от участия в трудовой деятельности. Подчеркивается связь трудового воспитания с нравственным, умственным, физическим совершенством. Много внимания уделяется формированию человеческого достоинства, воспитанию настойчивости и последовательности в труде, ответственности и упорства в разных видах труда. Пословицы превозносят трудовую солидарность и взаимопомощь в труде. Они способствуют осознанию силы народа, которая выражается в коллективном труде.

Значительное место отводится вопросам формирования трудовых умений с раннего возраста. К таким относится, например, узбекская пословица «Дочке десять лет - матери дела нет». Положительно оценивают пословицы и поговорки организацию трудового воспитания человека с самых ранних лет жизни. Мудрость народного воспитания обращает внимание на подражательность детского труда и значимость личного труда для любого человека. Немало пословиц посвящено вопросу передачи трудового опыта в рамках взрослый-ребенок, отец-сын, мать-дочь. В пословицах проводится также сравнение трудовых умений поколений.

Пословицы и поговорки возвеличивают умелого человека, высмеивают нерадивых и неумелых работников, а также праздность и тунеядство. Отражается резко отрицательное отношение к пьянству как спутнику лени и безделья. К примеру:

-Хорошее дело само себя хвалит (хакасская).

-У бросившего работу останавливаются челюсти (армянская).

-Из маленькой лени - большая лень, из маленького дела - большое дело (бурятская).

-Человека греет не шуба, а работа (туркменская).

-Лень - ключ несчастья. Лень и безделье подобны преступлению. Завершенный труд благоухает розой (азербайджанские пословицы).

Некоторые пословицы и поговорки содержат практические советы по тем или иным видам труда, эти советы возникли на основе многолетнего практического опыта людей. В качестве таких пословиц можно было бы привести, например, такие, как «Сей в грязь, будешь князь» (русская), «Один весенний день кормит целый год» (татарская) и т.д. У северных народов-оленоводов распространены меткие выражения, направленные на воспитание бережного отношения ко мху в тундре. В самом деле, мох является кормовой базой оленеводства; небрежное отношение к ней может нарушить всю систему хозяйствования оленеводов. Мордовская пословица «Яблоками насытишь желудок, а березой - душу» призывает бережно относиться к лесу. Таким образом, труд связывается с бережным отношением к окружающей среде, с пониманием красоты.

Пословицы и поговорки раскрывают содержание оригинальной системы трудового воспитания народов. В них отражаются задачи трудового воспитания, как общие для многих народов, так и специфические задачи того или иного народа. К примеру, в пословицах горцев красной нитью проходит мысль об уважении к труженику и результатам его труда, об обязанности человека оказывать помощь любому человеку в труде, о бережном отношении к результатам своего и чужого труда и т.п.

Пословицы обычно используют по одному, реже применяют по две и более (до шести) пословиц одновременно. Увеличение количества пословиц применяется с целью повысить действенность их воспитательного воздействия на слушателей. При этом усиливают мысль основной пословицы, присоединяя другую пословицу, аналогичную первой по значению. В иных случаях вторая пословица служит как бы комментарием к первой, что способствует непосредственному раскрытию содержания, основной идеи первой пословицы.

Внешняя форма пословиц благоприятна для запоминания, в небольшом объеме вмещается значительный объем информации. Большинство пословиц рифмовано, что также способствует их более легкому запоминанию. Пословицы сформулированы таким образом, что их содержание оказываются применимыми во многих ситуациях различной направленности.

Основная идея пословицы внешне может иметь следующие формы:

- дружеский совет или совет старшего человека (предсказание, правило) - это обобщающая информация о детях, о родителях, о воспитании и т.д.;
- фрагмент теории, близкой к требованиям и правилам воспитания;
- выражение некоторой философской идеи;
- остроумный афоризм; примером такого афоризма может служить, например, выражение: «Отец любит дочь и гордится сыном; мать любит сына и гордится дочерью».

Часто пословицы формально состоят как бы из двух частей. Первая часть иногда содержит довольно простое, житейское утверждение, тогда как вторая часть приводит неожиданное высказывание. Такое сочетание приобретает заметную силу воздействия на слушателя. К таким пословицам можно было бы отнести, например:

- Хороший человек даже и умрет, но его слово не умирает (ногайская).
- Глаза страшатся, руки делают (русская).
- Красота - до вечера, доброта - до смерти (чеченская).

Многие пословицы построены в виде противопоставления. При этом часто применяются такие противопоставления, как «Родина – чужбина», «Молодость – старость», «Красота – безобразность», «Ум – глупость», «Правда – кривда», «Строгость – кротость», «Работа – праздность», «Добро – зло», «Здоровье – хворь», «Жених – невеста» и т.д.

Во внешней форме пословиц применяются также слова и понятия, близкие для любого человека, это способствует более легкому привлечению внимания слушателей. В качестве таких слов используются: род (племя), дом (двор), семья, дети, ученье, грамота, взаимность, признательность, честь (почет) и т.п.

Народные песни представляют собой сложную форму поэтического творчества определенного народа. Они соединяют поэтическое слово и мелодию, поэтому обладают значительными возможностями влиять на чувства и сознание слушателей. Народные песни - это высшая национальная ценность, показывают вековые чаяния народа и его сокровенные мечты. Они ориентированы на добро, на счастье, призывают к нравственным поступкам, к ценностному, бережному отношению к народным традициям. Очевидно, этнические особенности и отличия одних народов от других отражаются также в их песнях. Эти различия находят свое выражение в типах песенных мелодий и в традиционных, наиболее часто используемых поэтических образах, сравнениях, в текстах народных песен.

В народных песнях воспеваются Родина и народное счастье, здоровье и национальные традиции, преклонение перед родителями и лучшие нравственные качества, любовь и высоконравственные поступки, отношение к природе и самоотверженный труд, отвага и бесстрашие и т.п. Поэтому народные песни раскрывают внутреннюю и внешнюю красоту человека, способствуют эстетическому, нравственному, трудовому, патриотическому воспитанию личности. Припевки-частушки изобилуют острым, метким словом в легком зарифмованном виде, при их использовании отпадает нужда в длинной назидательной проповеди. Песенное воспитание-воспитание чувств, оно приобщает человека к братству человеческому. Еще одной характерной чертой песен является то, что сам процесс пения полезен для здоровья, развивает легкие, голос и т.д.

Народные песни могут быть классифицированы по возрастным категориям: та или иная песня имеет свой круг любителей, наиболее приверженных именно к песням данного характера. Вся жизнь человека от раннего возраста до глубокой старости сопровождается народными и авторскими песнями. Они разнообразны по форме и по содержанию. Отношение слушателей к тем или иным формам и содержанию песен меняется со временем. К примеру, можно было бы назвать некоторые песни времен Великой Отечественной войны, сегодняшнее отношение к ним со стороны людей старшего возраста и со стороны молодежи.

Народные колыбельные песни являются наиболее природообразными, т.е. наиболее соответствующими естественным возрастным особенностям, природе ребенка. Нежная песня способствует психическому развитию маленького человека. Такие песни поет мать своему младенцу, а четырех - пятилетние дети поют младшим братишкам, сестренкам и своим куклам.

Колыбельной песней убаюкивают, усыпляют ребенка, все это пронизано любовью и лаской. Младенец еще не понимает смысла и значения песни, но отлично улавливаются нежность и любовь в пении, в мелодии, в интонациях.

Известно, что психологический портрет человека складывается в основном до пяти лет. Поэтому правомочно говорить о памяти раннего детства, которая сохраняет яркие образы, быть может, в подсознании. Следовательно, очень важны и песни раннего детства, именно они играют особую роль в формировании психологического портрета личности. «Песня матери - главная песня в мире, начало всех человеческих песен. Если бы не было ее, колыбельной, то не было бы на свете и других песен» (Расул Гамзатов).

Основное содержание песен младенческого возраста включает в себя любовь матери к ребенку, мечты матери о будущем ребенка, любовь к родным местам и т.д. Эти песни содержат также информацию о других детях, о взрослых и взрослой жизни. Все это содержание ненавязчиво дается в поэтических образах, нередко в образах животных, птиц и т.д.

Пестушки (пестовать - нянчить) - это короткие стихотворные припевы при легком телесном прикосновении. Поэтому применение пестушек является легким массажем с физическими упражнениями и пожеланиями. Здесь словесное воздействие подкрепляется комфортным положением для ребенка. Все это обеспечивает разнонаправленное воздействие на ребенка в соответствии с его природными особенностями.

Потешки представляют собой как бы продолжение пестушек. Здесь в шуточной форме выражается отрицательное отношение к лени, безделью. При этом одновременно играют с ручками, ножками ребенка, с его носиком и т.д. Таким образом, потешки также обеспечивают комплекс средств воздействия, причем на благоприятном эмоциональном фоне для ребенка.

Песенные и непесенные прибаутки, приговорки применяют обычно уже для 2-3-летних детей. Эти средства направлены на воспитание вежливости, уважения к взрослым, положительного отношения к труду. Используются также песни и песенки детских игр. Такое сопровождение игр способствует развитию речи, формированию чувства ритма и т.д. Подобное же значение имеют считалки, часто применяемые в детских групповых играх.

Замечено, что отрочество не пользуется очень большим набором песенного искусства. Для мальчиков обычными являются песни о богатырях, героях, разбойниках, охотниках и т.д. У девочек больше распространены хороводные и посиделочные песни. Дети данного возраста чаще пользуются скороговорками, считалками, дразнилками под незатейливый мотив. Хороводные песни используют с приплясыванием, с танцевальными движениями.

Наиболее распространенными являются веселые, задорные, шуточные песенки. Но в них проявляются моральные проблемы, заметны чувства жалости, сочувствия и желание помочь в беде. В соответствии с особенностями данного возраста выражается стремление заслужить более высокое положение в глазах окружающих.

Юность имеет богатый песенный репертуар, особое место начинает занимать любовная лирика. Именно в этих песнях имеют место самая высокая поэзия и задушевная музыка; в них сердечные страдания, сожаление о прошедшем, надежды на счастливую встречу и т.д. У юношей распространены также песни о труде, героизме, о личных достижениях, личных качествах. У девушек больше распространены песни-раздумья, мечты, песни с добрыми чувствами по отношению к родителям и близким.

Разнообразны песни взрослых. Можно выделить песни о труде и борьбе, песни социального протеста, песни ритуальные, обрядовые песни и т.д. Песни - гимны зовут к верности заветам предков, к данному государству. В песнях взрослых следует отметить особую глубину содержания, философский смысл, мелодичность. Воспеваются труд, его результаты, любовь к родине, родная природа, душа народа. Во многих песнях звучит клятва не забывать родителей, выражаются преемственность поколений, стремление понять свое место в мире и т.д. Используется богатый набор поэтических образов, как, например, белый дом отца (матери).

Загадки представляют собой комбинированное средство воздействия на сознание с целью активизации умственных усилий слушателя. Загадки позволяют получать знания из разных

областей. Чаще всего загадки используются взрослыми, но направлены на детей, которые воспринимают их с большим интересом. Загадки способствуют решению различных воспитательных и обучающих задач, в том числе:

-учат анализировать предметы и явления, сопоставлять свойства и качества предметов;

- развивают мышление, быстроту умственных реакций, вовлекая слушателей в активную мыслительную деятельность;
- призывают к нравственному совершенству и совершенствованию, возвышая такие качества, как доброжелательность, правдивость и т.д.;
- воспитывают эстетический вкус, т.к. имеют эпическую форму;
- развивают наблюдательность, сообразительность.

По содержанию принято различать загадки о человеке в целом, о его личностных качествах(чистота, правдивость и т.д.), об отдельных органах человека (глаза, зубы, волосы, пальцы), о труде и орудиях труда, которые развивают память, формируют убеждения и т.п. Выделяют интерес также загадки о живой и неживой природе (о солнце, о лесе, об овощах, о животных и т.п.). По форме можно выделить загадки - миниатюрные рассказы, загадки - поэтические обобщения, песни - загадки, а также загадки-триады и загадки-тетралогии.

Пословицы, поговорки и загадки представляют собой этнопедагогические миниатюры с экономным использованием слов. Они очень лаконичны; вмещают необходимую информацию в небольшом объеме и несут большой воспитательный заряд.

#### Литература

- 1.Волков Г.Н. Этнопедагогика. - М., 2000.
- 2.Кукушин В.С.Этнопедагогика.-М.,2002.
- 3.Мудрость народная. Жизнь человека в русском фольклоре. -М., 1994.
- 4.Петрова Р.Н. Фольклорная педагогика народов Урало -Поволжья. -Чебоксары, 2003.
- 5.Пралиев С.Ж., Хайруллин Г.Т., Бейсенбаева А.А., Толеубекова Р.К. и др. Этнопедагогика. -Алматы, 2010
- 6.Чистов К.В. Народные традиции и фольклор. - М., 1986.
- 7.Этнопедагогика народов Казахстана /Под ред. Г.Н.Волкова и К.Ж.Кожаметовой. - Алматы., 2001..

## ИНКЛЮЗИВТІ ТОПТАҒЫ ТЬЮТОРЛАР ҚЫЗМЕТІНІҢ РӨЛІ

Ж.Н.Сабирова, пс.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

А.Е.Амиргалиева7М01101-Педагогика және психология мамандығының магистранты

*Түйіндеме.* Бұл мақалада, инклюзивті топтағы балалардың жалпы білім беру ұйымының ортасына табысты араласуы үшін, педагогтармен ата-аналарды байланыстырушы буын қызметін атқарушы тьюторлар жұмысының маңызды аспектілері қарастырылады.

*Кілт сөздер:* инклюзивті білім беру, тьютор, педагогикалық қолдау, ерекше қажеттіліктері бар оқушылар.

*Резюме.* В данной статье рассматриваются основные аспекты работы тьюторов, которые служат связующим звеном между учителями и родителями для успешной интеграции инклюзивных детей в общеобразовательную среду.

Ключевые слова: инклюзивное образование, тьютор, педагогическое сопровождение, учащиеся с особыми потребностями.

*Summary.* This article examines the main aspects of the work of tutors, which serve as a link between teachers and parents for the successful integration of inclusive children into the general educational environment.

Keywords: inclusive education, tutor, pedagogical support, pupils with special needs

Қазіргі таңда әлем елдері инклюзивті білім беруді балаларды кез келген түрде шеттетуді болдырмайтын, барлық тұлғаларға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін және ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай жасауды қарастыратын идеологияға негізделген оқытуды ұйымдастырудың перспективті формасы ретінде мойындайды. Осы орайда «инклюзивті қоғамға көшу» адамдар арасындағы айырмашылықтар тұрақтылық қауіпі ретінде емес, өзара бір бірін байыту қоры ретінде қарастырылатын әлеуметтік қарым-қатынастарды қалыптастыру терең және күрделі процесс екендігін түсінген жөн.

Білім беруді дамыту саласындағы мемлекеттің басымды міндеттерінің бірі – әр балаға, оның ішінде білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға сапалы білім алуға бірдей қолжетімділіктерін қамтамасыз ету болып табылады. Сапалы білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында оқушылардың осы санатына арнаулы білім алу жағдайлары құрылғанда қол жетілетін болады.

ҚР «Білім туралы» заңына (2007) сәйкес арнайы білім беру жағдайларына арнайы білім беретін оқыту бағдарламалары, арнайы оқыту әдістері, техникалық құралдар, өмір сүру ортасы жатады.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды табысты оқыту үшін оқыту үдерісіне психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асыру қажет. Инклюзивті тәжірибе саласындағы соңғы жетістіктерді ескере отырып, жаңа педагогикалық тұрғыда білім беру кеңестігінде жаңа педагогикалық ұстаным – инклюзивті мектептегі тьюторды қалыптастыру үшін жақсы жағдай жасалған.

Дамуындағы ерекшеліктері бар бала немесе осындай балалар білім алатын топтар үшін тьютор – дамуындағы ерекшелігі бар баланың арқасында, оған қарамастан айтарлықтай жоғарғы білім беру және әлеуметтік деңгейіне қол жеткізу мүмкіндігі туындайтын ресурс.

Тьютор қызметінің мақсаты – инклюзивті тәжірибе жағдайында баланы жалпы білім беру ұйымының ортасына білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыны табысты араластыруы. Тьютор әр білім беру кезеңінде педагогтарды, арнаулы педагогтарды, психологтарды, басқа да бала үшін қажет мамандарды үйлестіруді қамтамасыз ететін байланыстырушы буын болуы мүмкін.

Тьютор қызметінің мазмұны мен ерекшелігі бірнеше факторлармен шарттастырылады, бұл – баланың бұзылыстарының ерекшеліктері, оның белсенділігінің деңгейі, түзетушілік үдерістегі ата-анасының қызығушылығы, мекеменің инклюзивті білім беруге дайын болуы [1].

Алайда бүгінгі таңда тьюторлық жұмыс нормативтік рәсімдеу толығымен қарастырылып және заңмен бекітілмеген. Осыған байланысты қолдаушы маман-тьютордың қызметін түсіндіретін нақты нормативтік құжаттаманы әзірлеу өзекті болып табылады және қолданбалы сипатқа ие, себебі инклюзивті тәжірибедегі білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау бойынша қызметтің мазмұнды құрамдастарына бағдарлайды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатының басымды бағыттарының бірі болып азаматтардың барлық санаттары үшін қолжетімділік пен сапаны арттыруға бағытталған білім беруді жаңғырту болып табылады, ол өз тарапынан білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту және білім беру жолдарын өзгертуді анықтайды.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға білім беру мобильді экономикаға қатысты әлеуметтік-бейімделген іс-әрекеттің дағдыларын игерген әлеуметтік-белсенді тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Осы міндетті іске асырудың жолдарының бірі кедергісіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша басты идея іске асырылады. Осындай

ортаның көрсеткіштерінің бірі кешенді қолдау жүйесі болып табылады, оның ішінде тьюторлық та бар.

Білім беру саласындағы тьютор кәсібінің туындауы әлеуметтік және мәдени шындық тағы өзгерістермен шарттастырылған, атап айтқанда бірнеше жылдар бойы жалпы білім беретін тәжірибеден тыс қалған білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін инклюзивті көзқарас аясында жалпы білім беретін мектепте білім алуға өз құқығын іске асыру мүмкіндігін алды. Мектеп өз тарапынан білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың білім мен дамудың тиімді үдерісінің жағдайында қалыптастыру проблемасын кезіктірді.

Инклюзивті білім беру жағдайында тьюторлықты жүргізу аталған проблемаларды шешеді және оқу үдерісін максималды жекешелендіруге, білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне мүмкіндік жасайды.

Тьютор – жалпы және жеке білім беру үдерісінде білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қолдайды, жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады, дәстүрлі оқытушы мен білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушысының арасындағы көпір болып табылады. Тьютордың оқу үдерісін жекешелендіруі ерекше қажеттіліктерді қажет ететін оқушылардың білімін, біліктілігін, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып қана іске асырылады. Жалпы алғанда тьютор қызметінің мақсаты білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушының қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын, қызығушылықтары мен проблемаларын есепке ала отырып оқыту бағдарламалары мен оқу жоспарларын қолдау және түзету ретінде жасала алады [2].

Бүгінгі таңда оқыту тәжірибесі мен теориясында «тьютор» түсінігінің анықтамасының және оқыту жүйелерінің осы анықтамаларына сәйкес келетін бірнеше жолдары бар. Отандық зерттеушілердің көбінің көзқарасы бойынша, «тьюторлық қолдау жетістіктерінің қызығушылықтары мен талпыныстарына тұрақты рефлексиялық қатынасында құралатын баланың білім берудегі қимылын ұйымдастырудан тұрады».

Тьютор қызметіндегі негізгілердің бірі ретінде білім алушының дамуының жеке бағдарламасын әзірлеу, оның ресурстық картасымен жұмыс істеу, оның жеке білім беру жолын қолдау болып табылады. Ресурстық картаны қалыптастыру үшін тьютор әлеуметтік және мәдени ортаның барлық қолданыстағы мүмкіндіктерін пайдаланады, ол үшін тьюторлық іс-әрекетінің толыққандылықтың негізгі қағидаттары – антропологиялық, әлеуметтік және мәдени қағидаттарын басшылыққа алады [3].

Педагогикалық қолдау – оқушы әрекет ететін, ал педагог осы іс-әрекетті іске асыру және түсіну үшін жағдайлар жасау барысында туындайтын өзара байланыс. Қолдаудың негізгі нәтижелері – тек білімдер, жұмыс істеу тәсілдер, жекелей білім беру қызметі ғана емес, сонымен қатар оқушының өзінің білім беру нәтижелері, мағынасы мен мәнін санасына жеткізуі.

Педагогикалық қолдау оқытушыдан оқушыға жауапкершілікті тапсыруды түсіндіреді. Қолдаудың негізгі нәтижелері – оқытушы және оқушы деп бағдарланатын өзара байланыс нормалары. Осыдан келіп, педагогикалық қолдаудың екі түрін айқындап алуға болады:

- сырттай берілген нормаларға негізделген нормативтік қолдау;
- қолдауға қатысушылардың өздерімен анықталатын нормаларға негізделген гуманитарлық қолдау.

Инклюзивті білімде тьютор – білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушыны білім беру және әлеуметтік ортаға табысты араластыру үшін жағдайлар жасайтын және баланың қоғамда табысты болуына, мектеп ортасына бейімделуіне, өз мүмкіндіктерін көрсетуге көмек ететін маман.

Тьютормен оқу процесін жекелендіруі ерекше оқушының білімін, біліктіліктерін, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін есепке алған жағдайда ғана іске асырылады.

Оқытушымен мамандармен және ата-аналармен тығыз байланыста тьютор табысты оқуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін балаға қолайлы орта қалыптастыруы керек [4].

Тьютордың жұмысының мақсатын баланы мектеп ортасына табысты араластыруды ұйымдастыруда деп көреді, ал бұл табыс когнитивті, коммуникативті және эмоциялық орта тарапынан анықталады, сонымен қатар олардың жекелігі де қарастырылады, алайда тьютордың

осындай балалармен жұмысы көмектің бірнеше түрлерін пайдаланудан туындауы керек, олар: ынталандырушы, бағыттаушы және білім беруші.

Инклюзия енгізілген мектептерде жағымды нәтижелерге қол жеткізілді, оқу үдерісін ұйымдастырудың түрлі сызбалары әрекет етеді.

Оларға сәйкес тьютор үш әр түрлі ұйымдастырушылық міндеттер орындай алады.

1. Тьютор – дамуындағы ерекшеліктері бар баланың жеке қолдаушысы. Қазақстандық мектептерге инклюзияны енгізу бойынша мамандардың бағалауы бойынша, бүгінгі таңда инклюзивті сынып оқытушысы баланың дамуында бұзылысы бар баланың маманы болып табылмайтын, ал керісінше, тьютор сәйкес арнаулы білім бар болатын көрінісі шындыққа жанасады. Осындай жағдайда тьютор барлық сыныптың оқыту сапасын кемітпей, дамуының ерекшеліктері бар оқушының қажеттіліктеріне оқытушының ыңғайласуына көмек көрсетіп, қарасты бала үшін оқу үдерісін нақты және ыңғайлы етіп құрайтын маман функциясын өзіне алады.

2. Тьютор – оқытушының көмекшісі. Бұл жағдайда оқу жүктемесі оқытушымен қалыптастырылады, ал тьютор барлық оқытушылардан дәптерлерін жинап, сыныптың тәртібін оқытушының тапсырмаларын орындау уақытында сақтай отырып, ұйымдастырушылық сәттерде көмекшісі ретінде шығады.

3. Тьютор – сыныптағы екінші оқытушы. Өзіндік оқуға мүмкіндігі жоқ баланы мойындау құқықтарын бұзуға жатады, дамуындағы ерекшеліктері бар бала оқитын сыныпта барлық балаларға, дамуында ерекшеліктері бар балаға басымдырақ көлемде оқуға кезектеп көмек көрсететін екі оқытушы жұмыс істейді.

Қорыта келгенде, тьютор баланың ынтасын қолдайды, бағдарламаны игеруіне көмек көрсетеді, оқыту мен әлеуметтенудің бірінші нәтижелеріне талдау жасайды. Қажеттілік туындап жатса, баланың оқу бағдарламасына түзетулер енгізіледі. Баяулап баланың жекелігінің деңгейіне арта бастайды және тьютордың көмегі азая бастайды. Әр кезеңде тьютор барлық қатысушыларды түзетушілік-оқыту үдерістегі баланың оқуы мен әлеуметтенуінің табыстылығы туралы ақпараттандырады, қажеттілік туындап жатса, баланың кеңесшілерден кеңес алуын ұйымдастырады және білім алуда ерекше қажеттілігі бар баламен жұмыс жасайтын басқа да ұйымдардың мамандарымен өзара байланысты үйлестіреді. Тьюторлық қолдаудың ұзақтылығы бейімделушілік бағдарламаның тиімділігіне, баланың табысты әлеуметтенуі мен табыстылығының деңгейіне байланысты анықталады. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында білім беру мекемелеріне балаларды тьюторлық қолдаудың түрлі тәжірибесі жинақтала басталды. Сонымен қоса, отандық білім беруде жақында ғана инклюзивті білім беру жүйесінде тьютор қызметін реттеуге көмек беретін нормативтік құжаттардың жобалары туындай бастады, инклюзивті тәжірибеде тьюторлық қызмет тәжірибесінменгеру мүмкін болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Каргин С.Т., Алшынбекова Г.К., Боброва В.В., Даупбаева К.Т., Жарболова А.Г. Инклюзивті тәжірибе жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды тьюторлық қолдаудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері: Әдістемелік құрал. – Қарағанды: академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2018. – 78 б.

2 Дудчик С.В. Развитие познавательного интереса младших школьников средствами тьюторского сопровождения: Автореф... диссер. канд. пед. наук. – М., – 2008.

3 Ковалева Т.М. Основы тьюторского сопровождения в общем образовании: учебно-методическое пособие. – М., Педагогический университет «Первое сентября», 2011. – 56 с.

4 Карпенкова И.В. Тьютор в инклюзивной школе: сопровождение ребенка с особенностями развития. – М.: ЦППРиК «Тверской», 2010. – 88 с.

## ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ БАҒЫТТАРЫ

Жұбанғалиева Г.Г – п.ғ.м. аға оқытушы,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы

Маденова Л.М. – п.ғ.м, аға оқытушы,  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қаласы

**Ключевые слова:** образование, инновации, цифровизация, технологии, интеллект

**Keywords:** education, innovation, digitalization, technology, intelligence

**Аннотация:** В статье основное внимание уделяется в развитие современного педагогического образования и умению молодежи активно участвовать в учебном процессе.

**Abstract:** The article focuses on the development of modern pedagogical education and the ability of young people to actively participate in the educational process.

Инновациялық-технологиялық компонент- педагогикалық инновациялық қызмет білім беру үдерісін қайта құрумен, жетілдірумен, жаңа, тұрақты элементтерді енгізумен байланысты. Педагог психологиялық-диалогтық және әдістемелік ақпараттың алуан түрлі ағымында бағдарлануы, әртүрлі ақпарат тасымалдаушыларды пайдалана білуі, ақпараттық технологиялар құралдарын меңгеруі, жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін осы құралдардың көмегімен ақпаратпен жұмыс істей білуі тиіс. Педагог баланың тұлғасын дамытуға әртүрлі құралдармен гуманистік бағытталған болуы қажет. Когнитивті, компонентті дамыту педагогикалық қызметті жүзеге асырудың заманауи құралдарын, нысандарын, әдістері мен технологияларын меңгеруге ықпал етеді. Бүгінде еліміздің экономикасының барлық салаларын цифрландыру күн тәртібінің басты тақырыптарының бірі болып отыр. Осы бағытта жүріп жатқан белсенді жұмыстың басым бағыттардың бірі білім беруді қамтиды. **Білім саласындағы цифрландырудың ең басты міндеті білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті ел жастарын дайындау.**

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына мүлдем жаңа міндеттер қойып отыр. Ол - өз жұмыс орнына және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру. Оларды даярлау үшін білім беру саласында қазір дидактиканың мүмкіншіліктерін, жаңа идеяларды және білім беру технологияларын сарқа пайдалану қажет.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «білім алушылардың бойында қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыратын заманауи білім беру технологиялары оқу процесіне енгізілетін болады»- деп көрсетілген (1).

Педагог – ғалымдар қазіргі кезде қолданылып жүрген білім беру технология терминін әр қырынан ашып көрсетуде.

Т.И. Шамова, «білім беру технологиясы – қатысушыларға комфорттық жағдайды қамтамасыз етіп, нақты нәтижеге жету мақсатындағы білім беру процесін жобалаудағы, ұйымдастырудағы және коррекциялаудағы мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетінің процестік жүйесі» десе, В.П. Беспалько «оқу үрдісін жүзеге асырудың мазмұндық техникасы» деген анықтама береді. (2,3).

Жалпы білім беретін мектептер үшін педагогикалық технология мынадай басты төрт шартты қанағаттандыруы тиіс (В.П. Беспалько):

а) педагогикалық технология оқытудағы педагогикалық экспроматтарды жоюы қажет;



ә) оқушының оқу танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие процесінің жобасына негізделуі қажет;

б) оқу мақсатын диагностикалық зерттеу жолымен анықтап, оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп бағалауды қажет етеді;

в) практикада оқу процесінің толықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Қазіргі уақытта педагогикалық әдебиеттерде төмендегідей білім беру технологиялары ұсынылады:

- дамыта оқыту технологиясы /Л.В. Заньков, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов/;
- модульдық оқытудың технологиясы;
- ірі-блоктық оқытудың технологиясы /П.М. Эрдниев/;
- перспективалық – озық оқыту технологиясы /С.Н. Лысенко/;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- ойындық оқыту технологиясы;
- оқу материалдарының схемалық және белгілік модельдерінің негізінде жеделдетіліп оқытудың технологиясы;
- жекелеген оқытудың технологиясы /Инге Унт/;
- сынып ішіндегі саралап оқыту технологиясы /Н. Гузик/.

Қазіргі оқыту технологиялары мұғалімнің «дайын білімді» баяндауынан гөрі, оқушыға толық не жартылай өз бетінше жұмыс істеуге бағытталған. Осы жағдайды ескере отырып, біз оқыту барысындағы мұғалім мен оқушының бірлескен оқу қызметінің негізгі түрлеріне тоқталуды жөн көрдік. Оқушылардың танымдық білімі мен білігін қалыптастыру мақсатындағы оқу қызметінің қарқынын арттыру үш кезеңнен тұратын арнайы әдістемелік ұсыныс жүйесінің негізінде ұйымдастырылуы тиіс: жаңа білім беруге дайындық, жаңа білім беру және жаңа білімді бекіту. Бұл ұсыныстар оқытудың әдіс-тәсілдерін құралдары мен түрлерін жетілдіру, қазіргі технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Осының арқасында жаңа сабақ түсіндіру, бекіту, қайталау сияқты кезеңдерден тұратын кешенді сабақтар пайда бола бастады.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларын меңгеру өте күрделі де ұзақ процесс. Кейде ол мұғалімнен оқытудың үйреншікті әдіс-тәсілдерінен арылуды талап етеді. Сондықтан, мұғалімге оқыту технологияларын үйретуді арнайы кәсіби тұрғыдан ұйымдастыру керек. Бір технологияның өзін әр мұғалім орташа дәрежеде, ұқыпты, дәл нұсқау бойынша немесе шығармашылықпен іске асыруы мүмкін. Бұл жерде технологияны жүзеге асырушының тұлғалық компоненті, белгілі бір ерекшеліктері елеулі түрде әсер етеді, сонымен бірге оқушы әрекеті – оның қабылдауы, ынтасы, құштарлығы негізгі рөл атқарады.

Оқыту технологияларын қолдану мұғалімнен қажетті теориялық және әдістемелік даярлықты талап ететіні сөзсіз. Мұғалімдердің осы саладан даярлық деңгейін арттыру мақсатында жүргізілген сауалнамалар мен әңгімелесулер нәтижесі олардың оқыту үрдісіне қазіргі технологияларды пайдалану жөніндегі теориялық және әдістемелік білім, дағды деңгейлерінің төмен екендігін байқатты.

Педагогикалық әдебиетті, жұмыс тәжірибесін қарастыру осы үрдісті ұйымдастыру және басқару мыналарды қамтитын белгілі бір базаға негізделеді:

- білім беру технологияларының банкі, олардың тұжырымдамаларының ақпараттық базасы, алгоритмдері, оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі;
- технологияны таңдаудың өлшемдері;
- мектептің оқу-тәрбие жұмысына технологияны енгізудің механизмдері.

Мұғалімдерге оқу жылы бойы жүргізілетін «Мектептің оқу үрдісінде білім беру технологияларын пайдалану» атты арнайы семинарда білім беру технологияларын меңгеру мынадай кезеңдерде жүргізілуі мүмкін:

- білім беру технологиясын теориялық негізделуі;
- технологияның процедураларын меңгеруі;
- мұғалімнің әдістемелік құралдарды меңгеруі;
- қолданылатын технологияның нәтижесін анықтаудың әдістері және өлшемдері.

Мектептерде дамытушылық оқыту технологиясын енгізу үшін мынадай тақырыптарды таңдап алуға болады. Білім беру технологиялары туралы түсінік, олардың ғылыми негіздері және классификациясы, дамытып оқыту технологиясының жалпы негіздері, дамытып оқыту жүйесіндегі сабақ, әртүрлі сыныптарда пәндерді дамытып оқыту т.б. Семинардың тақырыптарын зерделеу мынадай міндеттерді шешуге көмектеседі:

- ұсынылып отырған семинар мұғалімдердің кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіріп, үнемі ізденіс үстінде жүруге жол ашады, дағдыландырады;
- әртүрлі жаңа технологиямен танысу мұғалімдерге іс-тәжірибесін жинақтауға, өзіндік технологиясының қалыптасуына көмектеседі;
- семинар жаңалыққа деген біржақты көзқарастан сақтап, әр пәннің ерекшелігіне қарай қажеттіні іріктеп, айыра білуге жол ашады.

Семинардың соңғы сабағында «оқыту үрдісінде білім технологиялары» атты проблемдік іс-әрекеттік ойын өткізілгені абзал. Ойын мынадай мақсаттарды қояды:

- «білім беру технологиясы» ұғымының теориялық негіздерін ұғыну;
- мектепте қолданылатын технологиялар туралы білімді жүйелеу;
- әртүрлі білім беру технологиясының өзара іс-әрекетін, олардың мұғалімдер қолданатын оқыту құралдарымен, педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесімен байланысын анықтау.

Ойында мынадай проблемалар талқыланады:

1. Білім беру технологияларына өзіңіздің қатынасыңызды білдіріңіз. Сіздің пікіріңізше олардың қайсысын мектепте қолдану керек. Бірінші сұраққа тапсырмалар:

1) сіз тыңдаған білім беру технологиясының құрылымын моделдеңіз /анықтаңыз, сипаттаңыз/,

2) практикада сол технологияны қолданудың алгоритмін жасаңыз,

2. Білім беру технологиясын қолдану оқушы, мұғалім үшін не береді?

3. Мектепте оқыту технологиясын қолдану жолында қандай кедергілерді көріп тұрсыз?

Мұғалімдердің қазіргі оқыту технологияларын оқыту үрдісінде қолдануға даярлық, оқыту технологиясына қызығушылық, ынта қою, оның мақсат, мазмұнын, болашағын түсініп, оны іс жүзіне асыра білу әрекеттеріне белгілі бір мақсатты, жүйелі дайындықтың нәтижесі болып табылады.

Алдыңғы қатарлы педагогикалық практика білім беру технологияларын мектеп практикасына енгізу көбіне педагогикалық ұжымның мәдени – білім беру дәрежесіне және ұмтылыс күйіне байланысты екенін көрсетіп отыр.

Қазіргі педагогикалық білім беруді дамытуда басты назар жастардың оқу үрдісіне белсене қатысып, өзіндік көзқарасын, шешімін жеткізе білуге аударылады.

Ұлттық құндылығымызды сақтай отырып, ел дамуына белсене араласып, өзіндік үлес қоса алалтын, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үшін ең озық жетістіктерді қабылдай біліп, өткенімізді заман талабына сай қайта жаңғыртып, жастар санасына жеткізе білу-басты міндет.

Оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізумен қатар адами капиталды дамытуымыз керек. Берілетін білім-мемлекеттің жан-жақты дамуының көрсеткіші. Еліміздің әлемдік үрдіске енуі білімнің жаңа сапалық деңгейін арттырады. Жаңартылған білім жүйесі болашақтың иесі болар, елдің айбынын асқақтатар жастарға үнемі қайталанып отырылатын шиыршық жүйесімен білім беріледі. Бұл- сапаға бағытталған еңбек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға рналған мемлекеттік бағдарламасы. //Егемен Қазақстан. 14 желтоқсан 2010.
2. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М., 1989.
3. Шамова Т.И., Давыденко Т.М. Управление образовательным процессом в адаптивной школе. М., 2003.

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ РЕФЛЕКСИВТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

**Қ.Қ.Шалғынбаева**  
**Қ.О.Қазиев**

*п.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*  
*Астана қ., Қазақстан*  
*Психология және арнайы білім беру кафедрасының аға оқытушысы, магистр*  
*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті*  
*Атырау қ., Қазақстан*

**Кілттік сөздер:** этнопедагогикалық мәдениет, рефлексивтік тәсілдер, өзін-өзі талдау, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі дамыту.

Бұл мақалада болашақ педагог-психологтардың этнопедагогикалық мәдениетін рефлексивтік-педагогикалық тәсілдер арқылы дамытудың жолдары қарастырылады. Этнопедагогикалық мәдениет, рефлексивтік-педагогикалық тәсілдердің мәні, құрылымы және мазмұны ашып көрсетіледі. Сонымен қатар болашақ педагог-психологтардың этнопедагогикалық мәдениеті құрылымы ақпараттық-мазмұндық, тұлғалық, іс-әрекеттік компоненттер ретінде түсіндіріледі. Болашақ педагог-психологтардың этнопедагогикалық мәдениетін дамытуын қамтамасыз ететін механизм ретінде өзіндік талдау, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі дамыту секілді рефлексивтік - педагогикалық тәсілдердің құрылымы сипатталады.

**Ключевые слова:** этнопедагогическая культура, рефлексивные подходы, самоанализ, самопознание, самооценка, саморазвитие.

В данной статье рассматриваются пути развития этнопедагогической культуры будущих педагогов-психологов через рефлексивно-педагогические подходы. Раскрываются сущность, структура и содержание этнопедагогической культуры, рефлексивно-педагогического подхода. При этом структура этнопедагогической культуры будущих педагогов-психологов трактуется как информационно-содержательный, личностный, деятельностный компоненты. В качестве механизма, обеспечивающего развитие этнопедагогической культуры будущих педагогов-психологов, описывается структура рефлексивно-педагогических подходов, таких как самоанализ, самопознание, самооценка, саморазвитие.

**Key words:** ethno-pedagogical culture, reflexive approaches, self-analysis, self-knowledge, self-esteem, self-development.

Abstract this article discusses ways to develop the ethno-pedagogical culture of future teachers-psychologists through reflexive pedagogical approaches. The essence, structure and content of ethno-pedagogical culture, reflexive-pedagogical approach are revealed. At the same time, the structure of the ethno-pedagogical culture of future teachers-psychologists is interpreted as information-content, personal, and activity components. The structure of reflexive-pedagogical approaches, such as self-analysis, self-knowledge, self-assessment, and self-development, is described as a mechanism that ensures the development of ethno-pedagogical culture of future teachers-psychologists.

Қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге сәйкес Қазақстандық білім беру жүйесінде де оңтайлы жаңалықтар болуда. Соның бір көрінісі – педагогтың этнопедагогикалық мәдениетінің

қалыптасу мәселесіне бет бұру болып отыр. Саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер бүгінде халықтардың этникалық өзіндік санасының өсуіне, этнопедагогикалық мәдениеттің дамытуға әкеліп соғады.

Осыған байланысты жоғары оқу орнында дайындық барысында алынған мамандық пен біліктілік көбінесе түлектің әртүрлі қызмет салаларына қосылуы мен жұмысын анықтайды. Біз көпұлтты елде және халықтардың өзіндік ерекшелігін сақтауға, өз мәдениетінің бірегейлігін атап көрсетуге деген ұмтылысымен сипатталатын қоғамда өмір сүріп жатқандықтан, болашақ мамандардың этнопедагогикалық мәдениетін дамыту мәселесі өте өзекті. Себебі, болашақ педагог-психологтардан терең этнопедагогика саласындағы теориялық білім мен практикалық дағдылар, әр түрлі этностардың мәдениеті мен тарихы туралы білім, ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының өзгешелігі, ұлттық психологиялық, этникалық ерекшеліктерін білу, көп ұлтты ұжыммен өзара қарым-қатынас орната білуді қажет етеді, осыған байланысты этнопедагогикалық мәдениетті дамыту қажеттілігі туындайды.

Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық теория мен практикадағы қарастырылып отырған мәселенің жай-күйін зерттеу, болашақ педагог-психологтарды тиімді жұмысқа, психологиялық-педагогикалық қызметке кәсіби даярлаудың факторларының бірі этнопедагогикалық мәдениет болып табылатынын да көрсетеді.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, болашақ педагог-психологтардың этнопедагогикалық мәдениеті студенттердің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің бір бөлігі, арнайы этнопедагогикалық білімінің жалпыланған және тұтастық сипаттамасы (ақпараттық-мазмұндық компоненті), одан әрі кәсіби өсуі мен кәсіби қызметі үшін мәдениетті жете ұғынуы (тұлғалық компоненті), психологиялық-педагогикалық қызметтегі этнопедагогикалық сипаттағы біліктерді қолдануы (іс-әрекеттік компоненті) ретінде қарастырылады. Демек, болашақ педагог-психологтардың этнопедагогикалық мәдениеті құрылымы ақпараттық-мазмұндық, тұлғалық, іс-әрекеттік компоненттен тұрады.

Этнопедагогика мәселесі ресей ғалымдары (Г.Н.Волков, Я.И.Ханбиков, А.Ш.Гашимов, А.Ф.Хинтибидзе, К.Пирлиев, А.Э.Измайловт және т.б.), қазақстандық ғалымдар (Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Ж.Наурызбай, Ә.Табылдиев, Ж.Асанов, Қ.Белеев, И.Халитова, С.Ғаббасов, Р.Төлеубекова, К.К.Шалғынбаева, Ш. Жанұзақова, Р.Дүйсембинова, Т.Әлсатов, Ұ.Әбдіғашпарова және т.б.) еңбектерінде жан-жақты зерттелініп, әртүрлі аспектіде қарастырылып, бірнеше бағыттары қалыптасқан. Демек, болашақ педагог-психолог мамандарды даярлауда этнопедагогикалық білім берудің мақсаты ұлттық сана-сезімді, өз халқының тарихына, мәдениеті мен дәстүрлеріне біртұтас көзқарас қалыптастыру.

Жоғарыдағы аталған ғалымдар зерттеулері болашақ педагог-психологтардың этнопедагогикалық мәдениетін дамыту мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін ашып көрсетуде басшылыққа алынады.

Отандық педагог-ғалым К.Ж. Қожахметованың пікірінше, «этнопедагогикалық мәдениет» ұғымы өз халқының дәстүрлі тағылымдық мәдениетін сипаттайтын өлшемдерді меңгеріп, оның тәрбиелік маңызын құндылық деңгейінде қабылдап, заман талабындағы оқу мен тәрбие үрдісінде лайықты үйлестірілетін әлеуметтік-педагогикалық үлгі. «Этнопедагогикалық мәдениет» ұғымының мәнін «педагогикалық мәдениет» пен «мұғалімнің этикалық мәдениеті» ұғымдарының үйлесімі арқылы ашып көрсетуге болады. Сондай-ақ, «Этнопедагогикалық мәдениетті» жаңа сапа деп қарастырар болсақ, бүгінгі заман сұранысына, педагогикалық талап пен іс-әрекетімен жауап береді [1].

Ал ғалым Ш.И. Жанұзақова «Қазақтардың этнопедагогикалық мәдениетін этнос субъектілерін қалыптастыруда танымдық және тәрбиелік маңызы бар этнопедагогикалық білімдердің, рәміздік нысандардың, адамдар қарым-қатынасының үлгілері мен нормаларының материалдық, рухани және дәстүрлі тұрмыстық мәдениетінің жиынтығы» - деп тұжырымдайды [2].

Жалпы бүгінде ЖОО-да оқылатын этнопедагогика және педагогикалық цикл пәндерінің болашақ педагог-психологтар үшін тәрбиелік әсері аса қуатты, болашақ мамандар ретінде студенттердің идеялық сенімін, адамгершілік бейнесін қалыптастырады, сонымен қатар

олардың ұлттық кәсіби даярлықтан өтуіне жағдай жасайды. Осыдан, болашақ педагог-психологтардың этнопедагогикалық мәдениетін дамытуда олардың этнопедагогикадан теориялық білімдерін жетілдіру, ұлттық рухта тәрбиелеу басты алғышарт болып табылады.

Сондықтан этнопедагогикалық мәдениет педагог-психологтардың тұлғалық құрылымының элементі ғана емес, оның кәсіби педагогикалық құрылымын байытудың қажетті факторы деп есептелінеді.

Болашақ педагог-психологтардың этнопедагогикалық мәдениетін дамытуға рефлексивтік тұрғыдан келудің ерекшелігі оның кәсіптік даярлық үдерісінің педагогикалық және психологиялық негізін күшейту қасиеті бар екенін көрсетеді, ал бұл этнопедагогикалық мәдениет саласындағы білім мен дағдыларды дамытуға ғана емес, сондай-ақ қабілеттерді дамытуға да ықпал етеді. Мысалы, студенттерді рефлексиялауға, логикалық ойлауға, алдын-ала болжауға, күрделі әлеуметтік-этникалық жағдайларды дұрыс басқаруға үйретуді, ақпаратты дұрыс түсінуді, қолдануды қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге рефлексивтік-педагогикалық тәсілдер болашақ педагог-психологтар ретінде студенттерге іс-әрекеттің негізгі компоненттерін, оның мағынасын, түрлерін, әдістерін, мәселелерін және оларды шешу жолдарын, нәтижелерін есте сақтауға, анықтауға және саналы түсінуге, әрі қарай жұмыс істеуге нақты мақсат қоюға көмектеседі.

Рефлексивтік-педагогикалық тәсілдер өзін-өзі дамыту ретінде пайдалану тұлғалық даму, әлеуметтік өзара әрекеттесу, өзін-өзі анықтау, кәсіби қызмет мәселелерін дербес зерттеуде алынған білімі мен өмірлік тәжірибені өзектендіреді.

Ресей ғалымдары (С.Б.Елканов, И.Ф.Исаев, Л.М.Митина, Н.Г.Баженова т.б.) болашақ педагогтардың этнопедагогикалық мәдениетін дамытудың рефлексивтік - педагогикалық тәсілдері кешенін бөліп көрсетеді: өзін-өзі талдау; өзін-өзі тану; өзін-өзі бағалау; өзін-өзі дамыту.

Л.М. Митина мамандарды кәсіби даярлау үрдісінде өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі талдау әдістерін қолдануға үйрету олардың педагогтардың кәсіби сана-сезімін қалыптастырудағы маңыздылығын көрсетеді [3].

Е.Л.Еринаның пікірінше, рефлексивті әдістер (өзіндік талдау, өзін-өзі тану) тұлғаның эмоционалды, адамгершілік және интеллектуалдық көріністерін даралауды; жаңа білімді интериоризациялауға, яғни өмірдің құрылымын білу арқылы адам психикасының ішкі құрылымын ашуға және идеяларды, сезімдерді қайта құрылымдауға ықпал етуді қамтамасыз етеді [4].

Педагогикада «интроспекция» ұғымы көбінесе танымдық контексте қолданылады, оның кәсіптік-педагогикалық іс-әрекеттегі аспектілерін (И.А.Зимняя, А.К.Маркова, А.А.Реан және т.б.) жалпыланған түрде педагогикадағы өзін-өзі тану «адамның хабардарлығы» деп түсіндіреді.

С.Б. Елканов интроспекцияны сыни бағалауды қажет ететін күрделі үрдіс ретінде анықтай отырып, өзіндік талдаудың жеке жағдайын өзін-өзі салыстыру әдісі ретінде қолданады. Мұндай әдіс студентті өзін үнемі өзгеру процесінде, даму динамикасында көруге мүмкіндік береді, оның өзін-өзі жетілдіруінде маңызды болып табылады деп тұжырымдайды [5].

Сондықтан болашақ педагогтардың этнопедагогикалық мәдениетін дамыту кезінде өзіндік талдау, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі дамыту секілді рефлексивтік-педагогикалық әдістерін қолдану қажет.

Өзін-өзі танудың негізгі қозғаушысы адамның өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі жетілдіруге бағдарлануда орын табады және оның өзі туралы жеткіліксіз білімге, соның ішінде осы үдерістерге не әсер ететіндігі, не кедергі келтіретіндігі бірқатар нақты *қарама-қайшылықтар* арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан өзіндік үрдістердің төмендегідей сипаттамасына да назар аударуға болады: өзін-өзі тану (рефлексия, өзін өзін-өзі басқаратын дербес тұлға ретінде саналы түсінуі); өзін-өзі таныту (өзін, өзіне және басқа адамға қатынасы арқылы «нақты МЕН»-ін саналы түсінуі); өзін-өзі бағалау (өзінің және басқаның оқу-кәсіби іс-әрекетінің нәтижесін, стратегиясын, әлеуетін салыстыруы); өзін-өзі өзгерту (өзі туралы түсініктерінің мәнді жүйесін қалыптастыруы); өзін-өзі реттеу (өзін-өзі басқаруы); өзін-өзі өзектендіру (өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін толық пайдалануы).

Қорыта келгенде, жоғары оқу орнында кәсіби дайындау барысында болашақ педагог-психологтардың этнопедагогикалық мәдениетін дамыту үрдісін арнайы педагогикалық білімді игертудің, этнопедагогикалық мәдениетке қажетті белгілі бір тұлғалық сапалар мен құндылық қатынастарды дамытудың, этнопедагогикалық сипаттағы кәсіби дағдыларды меңгертудің мақсатты, үздіксіз және педагогикалық ұйымдастырылуы деп түсінеміз.

Демек болашақ педагог-психологтардың этнопедагогикалық мәдениетін дамыту оның құрылымдық компоненттерінің (ақпараттық-мазмұндық, тұлғалық, іс-әрекеттік) өзара байланысы мен өзара шарттылығымен қамтамасыз етіледі.

Сонымен болашақ педагог-психологтардың этнопедагогикалық мәдениетін рефлексивтік-педагогикалық тәсілдермен дамыту маңызды болып табылады.

Болашақ педагог-психологтардың этнопедагогикалық мәдениетін дамыту үдерісінде рефлексивтік - педагогикалық тәсілдерін қолдану: арнайы этнопедагогикалық білімді меңгеруге; этнопедагогикалық мәдениетке құндылық қатынас пен тұлғалық сапаларын дамытуға; этнопедагогикалық сипаттағы кәсіби біліктілікті меңгеруге мүмкіндік береді; тұрақты азаматтық ұстанымы бар белсенді, әлеуметтік бейімделген маман ретінде дамытуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 254 бет
2. Қожахметова К.Ж., Жанұзақова Ш.И. Этнопедагогика. Оқу құралы 2005.
3. Митина, Л.М. Психология профессионального развития учителя. -М., 1998. - 200с.
4. Ерина Е.Л. Педагогические условия формирования рефлексивной позиции старшеклассников в учреждении дополнительного образования детей. дис.... канд. пед. наук. – Магнитогорск, 2002. – 199с.
5. Елканов С.Б. Основы профессионального самовоспитания; будущего учителя: учеб. пособие для студентов пед. институтов. - М.: Просвещение, 1989. - 189с.

## **ЛОГИКА ВНЕДРЕНИЯ РЕЗУЛЬТАТОВ ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В СИСТЕМУ ОБРАЗОВАНИЯ**

Атырауский университет им. Х. Досмухамедова  
ст. Преподаватель , магистр Турегалиева В.С.  
научный сотрудник, магистр Джуманова К.Д.  
магистр Балапашова Ж.Б.  
Venera-t77@mail.ru  
zhanar14.02.77@mail.ru

### **Аннотация:**

Этнопедагогикалық зерттеулердің нәтижелерін білім беру жүйесіне логикалық енгізу, болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда этнопедагогикалық тәсілдеме. Зерттеудің өзектілігі халық мәдениетін құрайтын ұлттық құндылықтарға жүгінумен, ана тілін, әдет-ғұрпын және дәстүрін сақтау арқылы этникалық мәдениетті жандандыруға деген ұмтылыспен байланысты. Қазіргі қоғамда этнопедагогикалық білімнің, оның ішінде білім беру жүйесіндегі маңыздылығы артып келеді.

**Түйінді сөздер:** этнопедагогика, білім беру жүйесі, логика, этнопедагогикалық зерттеулер.

**Аннотация:**

Логической внедрения результатов этнопедагогических исследований в систему образования, этнопедагогическому подходу в профессиональной подготовке будущих учителей. Актуальность исследования обусловлена обращением к национальным ценностям, составляющим культуру народа, стремлением к возрождению этнической культуры через сохранение родного языка, обычаев и традиций. В современном обществе повышается значимость этнопедагогического знания, в том числе и в системе образования.

**Ключевые слова:** этнопедагогика, систему образование, логика, этнопедагогических исследований.

**Annotation**

Logical implementation of the results of ethnopedagogical research in the education system, ethnopedagogical approach in the professional training of future teachers. The relevance of the research is due to the appeal to national values that make up the culture of the people, the desire to revive ethnic culture through the preservation of the native language, customs and traditions. In modern society, the importance of ethnopedagogical knowledge is increasing, including in the education system.

**Keywords:** ethnopedagogics, system of education, logic, ethnopedagogical research.

С трансформацией общества в XXI веке изменилась государственная политика в области образования. В настоящее время важным для образования становится освоение и сохранение подрастающими поколениями ценностей этнической культуры и ее вклад в мировую культуру. Интенсивность происходящих изменений в казахстанском обществе стимулирует рост национального самосознания народов, возрождение национальных культур, народной педагогики, изменение ценностных идеалов, обращение к национальным ценностям, составляющим культуру любого народа, стремление к возрождению этнической культуры через сохранение своего родного языка, обычаев и традиций. Возрастает интерес к этничности, повышается значимость этнопедагогического знания в современном обществе, в том числе и в системе образования [1]. Обращение в воспитании к национальным традициям, к народной педагогике обусловлено тем, что в условиях полиэтничности общества возникает ситуация существования на ограниченной территории многочисленных этнических групп, представителей разных национальностей и культур, со своими ценностями, менталитетом, традициями, нормами и образом жизни. Этнический состав в образовательных учреждениях неоднороден по национальному составу, культурной и конфессиональной принадлежности, уровню обученности и воспитанности. В современном профессиональном образовании нашел отражение принцип соединения национально-государственной и территориальной основ формирования государственного устройства. Это связано с тем, что на протяжении длительного времени Казахстан был и остается полиэтническим, поликультурным, поликонфессиональным государством [2].

В ходе исследования были использованы общенаучные методы теоретического исследования (анализ, синтез, интерпретация, сравнение, классификация, индукция, дедукция, абстрагирование, обобщение, моделирование и др.), совокупность эмпирических методов (наблюдение, беседы, интервью, анкетирование, изучение документации, педагогический эксперимент), статистические методы (количественный и качественный анализ опытно - экспериментальных данных).

Главные задачи государства в сфере образования сводятся к становлению единого образовательного пространства, гармонизации национальных и этнокультурных отношений.

Значительные изменения содержания образования в высшей школе обусловлены вступлением Казахстана в единое мировое образовательное пространство, присоединением Казахстана к Болонской образовательной декларации [3]. Открытая система высшего образования позволяет создать единое образовательное пространство с учетом сохранения культурного разнообразия отдельных стран и различных образовательных систем. При построении системы педагогического образования в вузе необходимо оптимально сочетать требования мировой образовательной системы, национальные особенности и реальные возможности определенного региона и вуза.

В сфере высшего образования, в процессе присоединения Казахстана к Болонской декларации особую актуальность приобретает этнопедагогическая подготовка учителя.

Много современных казахстанских ученых занимаются исследованием проблемы этнопедагогической подготовки будущего учителя [4, 5].

Предпосылки разработки методологии этнопедагогического исследования:

В частности, в рамках специального направления детально разработаны следующие аспекты: - развитие личности средствами этнической культуры и народной педагогики (Ф.В.Абаева, А.М.Аджиева, М.Ю.Айбазова, Д.К.Алиева, Ш.М.Арсалиев, В.Х.Аюбов, А.А.Байчорова, Х.Х.-М.Батчаева, Х.Х.Боташева, В.М.Григорьев, М.Б.Гуртуева, Б.А.Кадыров, А.О.Караева, Ж.Ю.Кочиева, Л.И.Кучинский, Д.М.Маллаев, Э.Е.Хатаев, К.М.Текеев, И.М.Шаманов, и др.);

- этнокультурная направленность образования (В.С.Агеев, С.Г.Айвазова, Л.Г.Андреева, А.Т.Битарова, Н.Ш.Блягоз, З.Х.Боташева, С.Г.Ваниева, Г.Н.Волков, Т.А.Гуриев, Э.С.Дзуцев, Л.З.Джамбаева, О.Г.Дробницкая, З.В.Канукова, Т.Б.Кодзаев, А.С.Койчуева, Е.В.Кузнецова, К.В.Кулаев, В.В.Лезина, И.А.Морозов, С.В.Недбаева, А.Б.Панькин, Т.Н.Петрова, В.Д.Плахов, И.О.Попова, К.Ю.Салпагарова, Н.С.Сарсенбаев, А.Р.Текеев, С.В.Уарзиати, А.А.Хадарцева, Х.Х.Хадииков, А.Х.Хадиикова, Е.Е.Хатаев, В.Ю.Хотинец, Ф.А.-А.Чотчаева, Н.А.Шагаева, В.К.Шаповалов и др.);

Исследование проблем методологии современного научного знания было названо приоритетным. Рекомендовано обратить особое внимание на проведение крупномасштабных теоретико-методологических исследований, обязать психолого-педагогические журналы организовать дискуссии по проблемам методологии науки и научного исследования, повысить уровень методологической культуры научных работников и педагогов. Проанализируем последний аспект ввиду его недостаточной изученности. Методологическая логика внедрения специалиста в области этнопедагогики включает в себя способность к педагогическому анализу и синтезу, развитие критичности, наблюдательности, творческого воображения. Такая культура подразумевает развитость мышления на трех уровнях:

- методологическое мышление, ориентированное педагогическими убеждениями педагога; - тактическое мышление, позволяющее материализовать этнопедагогические идеи в технологии этнопедагогического процесса;

- оперативное мышление, проявляющееся в самостоятельном творческом применении общих этнопедагогических закономерностей к частным, уникальным явлениям реальной этнопедагогической действительности.

Методологическое мышление исследователя в области этнопедагогики – это особая форма деятельности сознания, пережитая, переосмысленная, построенная самим специалистом методология личностно-профессионального самосовершенствования. Развитое методологическое мышление исследователя определяет возможность генерации им новых идей в конкретных проблемных ситуациях, т.е. обеспечивает эвристичность. В условиях формирования методологической базы этнопедагогического исследования принципиально важным для научного работника становится методологический поиск. Он определяется как деятельность специалиста по 36 обнаружению смысла, основы, идеи учебного материала или этнопедагогического явления.

По их мнению, только учитель способен организовать процесс обучения и воспитания детей в тесной связи с национальными традициями воспитания, обычаями, на основе



многовековой культуры народа в конкретных региональных условиях. Ведущей идеей модернизации образования обозначен компетентностный подход, который можно рассматривать как ведущий в этнопедагогической подготовке будущего учителя. Новые педагогические реалии существенно повлияли на назначение педагога -учитель становится связующим звеном между этнической, национальной и мировой культурами, способным решать задачи поликультурного образования, воспитания гражданственности подрастающих поколений.

Основы этнопедагогической подготовки закладываются в высшем учебном заведении, поэтому важно, чтобы в содержание педагогического образования включались компоненты этнопедагогической направленности. В ходе проведенного нами исследования были проанализированы результаты научных исследований и практического опыта в сфере этнопедагогической подготовки студентов в педагогических вузах, изучено состояние проблемы отбора и структурирования содержания учебного материала дисциплин образовательной среды высшего учебного заведения, включающих этнопедагогический компонент, выявлены критерии и уровни этнопедагогической компетентности будущих учителей к работе в полиэтничном регионе, рассмотрен этнопедагогический подход к решению проблемы создания учебно-методического комплекса в образовательном пространстве вуза, ориентированного на развитие этнопедагогической компетентности будущего учителя. В результате проведенного исследования было выявлено, что этнопедагогическая подготовка студентов может стать одним из важнейших направлений в формировании профессиональной компетентности будущего учителя, если в целостном образовательном процессе педагогического вуза реализуется преемственность и единство национально-регионального и этнопедагогического компонентов. При этом образовательная среда в вузе должна строиться на основе отбора и структурирования содержания этнопедагогических дисциплин всех циклов учебного плана по принципу «единства в многообразии», а учебно-методический комплекс по этнопедагогике должен разрабатываться по логике применения междисциплинарного подхода. Кроме этого, педагогический процесс в вузе должен осуществляться с использованием активных методов и интерактивных форм обучения для обработки информации и усвоения знаний по этнопедагогике. В соответствии с современными требованиями к профессиональной подготовке учителя, критерием успешности являются этнопедагогическая компетентность, т.е. ценностное отношение к знаниям по этнопедагогике, умения применять эти знания в условиях педагогической практики и рефлексивная позиция будущего учителя.

По результатам проведенного исследования можно сделать вывод о том, что этнопедагогический подход к профессиональной подготовке учителя в вузе должен реализовываться с опорой на исторически сложившуюся систему народного воспитания, единство народной и профессиональной культуры, воспитание ценностного отношения к национальной культуре и этнопедагогике. Особую практическую значимость имеют разработка и внедрение в содержание национально -регионального компонента учебного плана педагогических специальностей вуза тех дисциплин, которые непосредственно ориентированы на сохранение национальных культурных традиций и способствует повышению уровня профессиональной подготовки учителя в соответствии с этнопедагогической и современной социокультурной ситуацией.

## **Литература**

1. Государственная программа развития образования в Казахстане на 2011 -2020 годы. Утв. 7.12.2010 г. № 1118.
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании».- Астана, 2007.
3. Болонский процесс: проблемы и перспективы / под ред. М.М. Лебедевой - М.: Оргсервис, 2006.
4. Базарбаева Г. А. Формирование социального государства в Республике Казахстан: политологический анализ. - Алматы, 2012.

5. Stukalenko N. About innovative development of university education in the Bologna process. [Электронный ресурс]: International Journal of Applied and Fundamental Research. 2015. URL: <http://www.science-sd.com/461-24834>
6. Stukalenko N. et al. [Электронный ресурс]: Research of ethnopedagogical approach in professional training of teachers. Life Science Journal - 2013 (11s): 205-207, New York. URL: <http://www.lifesciencesite.com>.
7. Этнопедагогический потенциал воспитания поликультурной образовательной среды Сборник статей Научно-практическая конференция, посвященная 160-летию со дня рождения И. Алтынсарина и 10-летию Независимости Республики Казахстан 27 ноября 2001 г. г. Костанай, 2001 Поликультурное образование в условиях многоэтнического Казахстана: Проблемы и перспективы Министерства образования и науки Республики Казахстан, доктор педагогических наук, профессор Кожаметова Клара Жантуриевна.
8. Қожахметова, Қ. Ж. Педагогика әдіснамасы / Қ. Ж. Қожахметова // Қазақстан ПҒА хабаршысы = Вестник АПН Казахстана. - Алматы, 2013. - № 5 (55). - 106 б.
9. Таубаева Шәркүл // Қазақстан ғалымдары : энциклопедиялық анықтамалық : 2 томдық / бас ред. Б. Ө. Жақып. - Алматы, 2013. -2-том. -417 б.
10. Таубаева Шәркүл // Қазақстан ғылымы : энцикл. / бас ред. Б. Ө. Жақып. - Алматы, 2010.- 355б.
10. Таубаева Шаркуль Таубаевна // Летопись Казахского национального университета имени аль-Фараби. 2004-2014 / редкол. : Г. М. Мутанов, М. М. Буркитбаев, Д. Ж. Ахмед-Заки, А. Т. Асан, Л. М. Шайкенова, Г. Ж. Ибраева, Т. Л. Тажибаева, А. 33 Хикметов, Х. С. Тасибеков, А. Б. Смаилова, М. С. Ногайбаева, А. И. Арещенко, Ж. Ж. Мамыкова, М. С. Нургазин, И. А. Александрова, Ш. К. Ергобек, Д. К. Дюсебаев, А. С. Мадиярова.
11. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы, 2008.
12. Кожахметова К.Ж., Таубаева Ш.Т., Джанзакова Ш. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах. - Алматы, 2005.
13. Этнопедагогизация экологического воспитания младших учащихся в казахской школе Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. Джанзакова Ш. И. Москва – 1998.

### **Literature:**

1. State program of education development in Kazakhstan for 2011-2020. Approved 7.12.2010 No. 1118.
2. Law of the Republic of Kazakhstan "on education".- Astana, 2007.
3. the Bologna process: problems and prospects / ed. by M. M. Lebedeva-M.: Orgservis, 2006.
4. bazarbayeva G. A. Formation of the social state in the Republic of Kazakhstan: political analysis. - Almaty, 2012.
5. Stukalenko N. About innovative development of university education in the Bologna process. [Электронный ресурс]: International Journal of Applied and Fundamental Research. 2015. URL: <http://www.science-sd.com/461-24834>
6. Stukalenko N. et al. [Электронный ресурс]: Research of ethnopedagogical approach in professional training of teachers. Life Science Journal - 2013 (11s): 205-207, New York. URL: <http://www.lifesciencesite.com>.
7. Ethnopedagogical potential of the recovery of the multicultural educational environment scientific and practical conference, dedicated to the 160th anniversary of the birth of I. Altynsarina and the 10th anniversary of the independence of the Republic of Kazakhstan November 27, 2001 G. Kostanay, 2001 multicultural education in under the conditions of multi-ethnic Kazakhstan: problems and

prospects of the Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan, doctor of Pedagogical Sciences, Professor kozhakhmetova Klara zhanturievna.

8. Kozhakhmetova, K. zh. methodology of Pedagogy / K. zh. Kozhakhmetova // Vestnik APN Kazakhstan. - Almaty, 2013. - № 5 (55). - 106 P.

9. Taubayeva Sharkul // galimlar of Kazakhstan : an encyclopedic reference book : in 2 volumes / Chief Ed. B. O. Jacob. - Almaty, 2013. - Volume 2. -417 P.

10. Taubayeva Sherkul // science of Kazakhstan : encyclopedia. / Chief Ed. B. O. Jacob. - Almaty, 2010.-3556.

10. Taubayev of Charcol Tubaina // Annals of Kazakh national University named after al-Farabi. 2004-2014 / editorial Board: G. M. Mutanov, M. M. Burkitbaev, D. Zh. Ahmed-Zaki, A. T. Asan, L. M. shaikenova, G. Zh. Ibraeva, T. L. Tazhibayeva, A. 33 Hikmetov, X. S. Tasibekov, A. B. Smailova, M. S. Nogaibayeva, A. I. Areschenko, Zh.Zh. Mamykova, M. S. Nurgazin, I. A. Alexandrova, Sh. K. Ergobek, D. K. Dyusebaev, A. S. Madiyarova.

11. kozhakhmetova K. Zh. Kazakh ethnopedagogy: methodology, theory, practice. - Almaty, 2008.

12. Khamatova K. J., Taubaeva sh. T, SH. I. Janakova Methodology of General and ethnic pedagogy in the logframe schemes. - Almaty, 2005.

13. Ethnopedagogization of environmental education of younger students in the Kazakh school abstract of the dissertation for the degree of candidate of pedagogical Sciences. Dzhanzakova III. I. Moscow-1998.

**ӘОК 57.01:37.01**

## **CLIL ӘДІСІН БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕ КІРІКТІРУДІҢ МАҢЫЗЫ**

М. Е. Камытпаева, А.С. Шарипханова, Н.М. Сүлейменова

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Өскемен қ.

*Кілттік сөздер: интеграцияланған оқыту, интеграция, ағылшын тілі CLIL әдістемесі, биологияны оқыту, жаңартылған білім беру мазмұнының компоненті, заманауи технологиялар.*

*Түйіндеме: Бұл мақалада мектептегі биология сабақтарында ұсынылған әдісті зерттеу тәжірибесі келтірілген. Автор CLIL (Content and Language Integrated Learning) – әдісіне түсініктеме беріп, оның маңыздылығын, арттықшылықтарымен таныстырады. Бұл әдіс шет тілдерін оқытудың ерекше тәсілі болып табылады, бұл білім беру процесінің көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Осы әдісті қолдана отырып, оқыту үрдісін жаңарту және жақсарту қажеттілігі айтылады.*

## **ВАЖНОСТЬ ИНТЕГРАЦИИ МЕТОДА CLIL В БИОЛОГИЮ**

М. Е. Камытпаева, А.С. Шарипханова, Н.М. Сүлейменова

Некоммерческое акционерное общество «Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова», г. Усть-Каменогорск

*Ключевые слова: интегрированное обучение, интеграция, английский язык методика CLIL, преподавание биологии, компонент обновленного содержания образования, современные технологии.*

*Резюме: В данной статье представлен опыт изучения метода, предложенного на уроках биологии в школе. Автор комментирует метод CLIL (Content and Language Integrated*

*Learning), знакомит с его важностью, перспективностью. Данный метод является уникальным способом обучения иностранным языкам, что позволяет решать многие задачи образовательного процесса. С помощью этого метода подчеркивается необходимость обновления и улучшения процесса обучения.*

## **THE IMPORTANCE OF INTEGRATING THE CLIL METHOD INTO BIOLOGY**

M. E.Kamytpaeva, A.S. Shariphanova, N.M. Suleimenova

Non-profit Joint Stock Company «Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University», city of Ust-Kamenogorsk

*Keywords: integrated learning, integration, English language CLIL methodology, biology teaching, component of updated educational content, modern technologies.*

*Summary: This article presents the experience of studying the method proposed in biology lessons at school. The author comments on the CLIL (Content and Language Integrated Learning) method, introduces its importance and prospects. This method is a unique way of teaching foreign languages, which allows you to solve many problems of the educational process. This method emphasizes the need to update and improve the learning process.*

Жылдам өзгеретін әлемде және ақпараттық ағымдардың артуы кезінде білім берудің негізгі мақсаты, міндеті өзгеру үстінде. Заман өзгерген сайын білім беру стандарты да өзгеруде. Қазіргі ұстаздардың негізгі міндеті, оқушыларды заман талабына сай тәрбиелеу, білімі терең, ойлау қабілеті жоғары, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы оқушыны дайындау. Осындай талаптарға сай білім беру үшін ұстаздар әрдайым ізденімпаз, кәсіби біліктілігі жоғары болуы тиіс.

Оқушылардың ой-өрісін дамытуға, өз бетінше керекті білімді меңгеруіне, шығармашылық және ғылыми дағдыларын дамытуына, біліктілікке ұмтылуына, жан-жақты дамуына әсер ету үшін әр түрлі технологияларды, әдіс-тәсілдерді қолдануымыздың маңызы жоғары.

Соның бірі- CLIL әдісі. Бұл терминді 1994 жылы Дэвид Маршам ойлап тапқан. CLIL термині ағылшын тілінде Content and Language Integrated Learning немесе қазақ тіліне аударғанда пән мен тілді біріктіріп оқыту болып табылады. Яғни, пәннің мазмұнын түсіндіре отырып пәнді екінші, үшінші (қазақ, орыс, ағылшын) тілдерінде оқыту деп қарастыруға болады. [4, 1 бет]

Соңғы бірнеше жылда мұғалімдер және саясаткерлер үшін CLIL терминікілт сөзі мен үмітіне айналды. CLIL әдісі бойынша сабақтарды жоспарлаудың негізгі және маңызды 4 «С» қағидаларын 1999 жылы профессор Ду Койл дамытты. Яғни олар:

1. Content –мазмұн
2. Communication- қарым-қатынас
3. Cognition-таным
4. Culture- мәдениет

CLIL әдісі бойынша, мысалы пәннің мазмұны ол пәнаралық байланыс, ал оқушылар бір-бірімен ағылшын тілінде қарым-қатынас жасайды, мысалы сабақта диалогқа түсу арқылы немесе басқа да тәсілдер арқылы. Таным арқылы орындалған әр түрлі тапсырмалар оқушылардың білімін, жан-дүниесін арттырады. Ал мәдениет ұстанымы арқылы, әлемде болып жатқан жағдайларға оқушылардың көзқарасын және өз ойларын айта алуға жағдай жасайды.

Үштілділік туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев

«Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі- жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу

тілі» деген болатын. Үштұғырлы тіл – дамыған мемлекет құрудың алғы шарттарының бірі, ол өмірлік қажеттіліктен туындаған игіліктің идеясы.

Үш тілде оқытудың негізгі мақсаты - бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік қабілетті, мәдениетті тұлға қалыптастыру. Қазіргі уақытта ғылымның дамуы адамдардың көптілі білу қажеттігін туындатып отыр. Осы мүддені жүзеге асыруда, біздің, яғни педагогикалық жоғары оқу орны ұстаздарының рөлі зор. Адам баласының рухани байлығы, тәрбиесі, білімі бәрі де тіл арқылы жетіледі. Сол себепті, болашақ ұрпаққа үштілділікті қажетті деп ұғындыру ұстаздың басты міндеттерінің бірі. Қазіргі таңда әлемдегі ірі мемлекеттер көптілі, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан бізге де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеру қажеттілігі туындап отыр. Себебі бірнеше тілдееркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз.

Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта үш тілді еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару қажет болып отыр.

Ұстаздың мақсаты - өмірден өз орнын таңдай алатын және өзара қарым- қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен біліктілігін көрсете алатын, кәсіби қызметін жүзеге асыруға қабілетті маманды қалыптастыру.

Ағылшын тілінде оқытуға бетбұрыс жасаған жаратылыстану пәндерінің бірі-биология. Биология пәндерін ағылшын тілінде оқыту – болашақ биолог мамандардың білім кеңістігіндееркін самғауына жол ашады, ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін толық танытуына мүмкіндік береді. Сабақ үдерісінде жаңа технологиялық әдістерді пайдалануда техникалық құрылғыларды қолдану кезінде ағылшын тілін білу маңызды. Бір ұтымдысы, биологиялық терминдер ағылшын және орыс тілінде де ұқсас келеді. Жаһандық терминология базасының бірдейлігі бізге оқыту үшін оңтайлы болып отыр.

Биология курсына жаңа терминдер, ұғымдар, анықтамалар өте көп кездеседі. Білімгерлерді терминдер мен ұғымдарды дұрыс пайдалануға үйрету олардың тілдік мәдениетін дамытып, ғылыми сауаттылығын арттырады. Сондықтан әр пәннен ағылшын тілінде терминологиялық сөздіктер дайындалып, оқу үдерісінде пайдалану жұмыстары үзбей әрі жан-жақты жүргізілуі тиіс. Білімгердің сөйлеуіндегі кемшіліктер пәндік тілді жәнә сол арқылы білімді үстірт игеруіне әкеліп соғады. Терминдердің мағынасын түсіне отырып игерсе, соғұрлым логикалық ойы мен білімі терең болады. Сондай-ақ әртүрлі сынақтарда таныс емес сұрақтарды тірек білімдеріне сүйеніп шеше алу мүмкіндігі туады. Әрине білімгерлерге биологияны ағылшын тілінде оқуда бірқатар қиындықтар туындауы мүмкін. Алайда оқытушының басты міндеті – білімді меңгерудің нақты жолын таба білу. Берілетін білім тиянақты, түсінікті, ойында қалатындай болуы керек. Сондықтан оқытушы өз білім деңгейін анықтап, әр сабақты жүйелі жоспарлап нақты мақсат қойғаны жөн.

Жоғарыда айтылып кеткен қағидаларға сүйене отырып, мен өз сабағымда тиімді әдістерді қолдануға тырысамын. Мысалы, «Match» әдісі, яғни сәйкестендіру. Тақырып бойынша берілген терминдерді ағылшын тілінде беріп, оның қазақ тіліндегі аудармасын табуға үйретемін. Екінші бір әдіс, Watch the video. Видео көру және сұрақтарға жауап беру әдісі арқылы, оқушылардың терминдерді көзбен көру және есту арқылы есте сақтауға дағдыландырамын.

Келесі әдіс, ол «Шыбынды өлтіру», «Flapper game» ойыны арқылы ағылшын тілінде берілген терминдерді тез және дұрыс тауып алу. Бұл ойын екі оқушы арасында жарыс түрінде өткізіледі. Оқушыларға биология пәнінің мазмұнын түсіндіріп және оны ағылшын тілінде меңгерту үшін көптеген әдістерді қолданамын және ары қарай дамытуға тырысамын. [2, 201 б]

Білім саласындағы мұндай күрделі өзгерістер қандай мүмкіндіктер береді?

Қазақстанның білім көрсеткішін әлемдік деңгейге көрсетуге;

Шетелде білім алуға ниетті азаматтарға үштілді жетік меңгеру үлкен жеңілдіктер береді;

Қазақстандағы білімді әрі білікті мамандар санының өсуіне оң әсерін тигізеді.

Мұндай көзқарас ұтымды, ең алдымен, жаратылыстану циклінің объектілері үшін, өйткені олар латын жүйесіндегі белгілер жүйесін және ерекше есеуіне терминдерін қолданады. Оқушыларға ағылшын тілін, когнитивті қызығушылықтарды, интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерді, табиғи құбылыстарды зерттеуде алынған білімдер мен дағдыларды ескеріп, сыни ойлауды қолдану, биологиядағы негізгі заңдармен танысу, технология мен күнделікті өмірде қолдану арқылы оқушылардың ғылыми көзқарастарын қалыптастыру.

Осыған сәйкес, осы оқу жылында Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен Модульдік білім беру бағдарламасын негізге алатырып, Биология мамандығында ағылшын топтарын ашып биологияны ағылшын тілінде оқытуды қолға алдық. Ағылшын тілінде білім алу барысында болашақ түлектеріміз оқу - тәрбие үдерісінде ақпараттық - коммуникативті технологияларды пайдалана білуге, ақпараттық білім беру орталықтары және электрондық ресурстармен жұмыс жүргізуге, әртүрлі инновациялық технологияларды меңгеріп, оларды өз мақсатына пайдалануға үйренеді. Демек, компьютер мен интернетті пайдалану және ақпараттаралу, ұсыну және алмасу дағдысы қалыптасады. Әртүрлі бағдарламалық операцияларды қолданады, WEB сайттарды және интернет ресурстарын пайдаланып ақпараттық білім беру көздерімен өзара әрекеттесе алады. [1, 145-б]

Биологияны оқыту әдістемесімен, ағылшын тілінде қазіргі білім беру технологияларымен оның ішінде онлайн тәртібімен оқытуды үйренеді. Негізгі биологиялық құбылыстарды, заңдылықтарды біледі.

Биология мамандығы бойынша білім бакалаврын дайындауда басты назарға алатын мәселелер:

1. Білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес болашақ биолог маманның сапалы кәсіби дайындығын қамтамасыз ету;
2. Мектепте биологияны ағылшын тілінде жүргізілетін және оның әдістерін меңгерген мамандайындау;
3. Биология мамандығының іргелі негіздері мен оқыту технологиялары саласы бойынша биолог мұғалімнің құзіреттіліктерін қалыптастыру.

Биологиялық пәндерді ағылшын тілінде оқып білім бағдарламасын меңгеру барысында мынадай құзіреттіліктер қалыптасады:

-Болашақ мамандар ғылыми терминдермен жұмыс істеуді, ағылшын және қазақ тілдерін дөңсөйлеу және жаза білу дағдысын меңгереді;

-Арнайы мәтіндерді түсініп, өзара қарым- қатынас жасау үшін ағылшын тілінен алған білімін пайдалана біледі;

-Кәсіби тақырыпта басқа мамандармен сөйлесе алатындай жеткілікті деңгейде ағылшын тілін меңгереді;

-Биологияның кәсіби терминологиясын меңгеріп, ағылшын тілінде биологияны оқыта біледі;

-Ағылшын тілінде қажетті ақпаратты табу, оны талдау, жинақтау және қажетті ақпаратты биологияны оқытуға пайдалана біледі.

Ағылшын тілінде оқыту жұмыстары дамытылуда. Әліде бірқатар оқылықтардың барекенін ескеріп, келешекте осы мәселені шешуге арналған нақты іс- шаралар жүргізілу үшін мынадай ұсыныстар береміз:

1. Оқушылардың білімдерін жетілдіру, сөздік қорын сөздіктермен байыту мақсатында жүргізілетін барлық пәндерден терминологиялық сөздіктер дайындау;
2. Ағылшын тілінде оқыту құралдарының аз болуына байланысты, барлық пәндерден зертханалық және практикалық сабақтарға арналған оқу-әдістемелік құралдар дайындау;
3. Дайындалған оқу және әдістемелік құралдармен кітапхана қорын байытып, білім алушылардың кең пайданауына қолжеткізу;
4. Оқытушыларды дайындық курстарына жүйелі түрде жіберуді ұйымдастырып, біліктілікті арттыру жұмыстарын жалғастыру.

Қорыта келе, жаратылыстану пәндерін оның ішінде биологияны ағылшын тілінде оқыту жаңа мағлұматтарға жол ашады. Білім алушы жастар заман көшімен бірге алға жүріп, білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті білікті мамандар қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002 ж. 145б.
2. Моминова А.Д. Биологияны оқытуда терминдерді пайдаланудың тиімді әдістері. 2016.
3. Бек Төлеуов. Үштұғырлы тіл білім беру жүйесіне көшу 2023 ж. толық аяқталады. – Алматы, 2017ж.
4. Marsh, D (Ed) (2002) Content and Language Integrated Learning (CLIL). A Development Trajectory. 1 бет
5. [https://www.researchgate.net/publication/251576256\\_CLIL\\_Content\\_and\\_Language\\_Integrated\\_Learning](https://www.researchgate.net/publication/251576256_CLIL_Content_and_Language_Integrated_Learning)

УДК 37 (075.8)

## ПЕДАГОГТЫҢ КҮЙЗЕЛІСКЕ ТӨЗІМДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Б.Н.Амангелдиева, пед.ғ.магистрі, аға оқытушы  
Т.Р.Ахметов, пед.ғ.магистрі, аға оқытушы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

*Ключевые слова: стресс, стрессоустойчивость, педагогические кадры, психосоматика, синдром профессионального выгорания.*

*Keywords: stress, stress resistance, pedagogical staff, psychosomatics, syndrome of professional burnout.*

### *Резюме*

*В данной статье рассматривается стресс и его симптомы и виды, проблема стрессоустойчивости педагога. Показаны причины стресса и эффективные способы формирования стрессоустойчивости педагогических кадров.*

### *Resume*

*This article considers stress and its symptoms and types, the problem of stress resistance of the teacher. The causes of stress and effective ways of forming the stress resistance of pedagogical workers are shown.*

Заман ағымының өзгермелілігі күйзеліске төзімділік мәселесін өзекті тақырыптардың біріне айналдырды. Адам өміріндегі оқиғаларды адамның әрекеті мен мінез-құлқы айқындайтын болды. Соңғы кезде елімізде болып жатырған саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер педагогтың да кәсіби іс-әрекетіне және құзыреттілігіне жоғары талап қойып отыр. Педагогтың кәсіби іс-әрекеті әлеуметтік белсенділік түрінің стресс факторлары көп жағына жатады, күйзеліске төзімділік талабы да сол себепті жоғары қойылып отыр.

Біздің өмірімізді күйзеліссіз елестету мүмкін емес. Күйзеліс немесе стресс - бұл ағзаның тепе-теңдікті бұзатын әртүрлі физикалық және психологиялық факторларға реакциясы. Күйзелістің қарқындылығы біздің денемізге тікелей әсер етеді, шиеленіс неғұрлым күшті болса, мұндай жағдайдың салдары соғұрлым ауыр болады.

Ғалымдардың айтуынша, әлемнің 142 елінде 150 мыңнан астам адамның денсаулығында күйзеліске байланысты проблемалары бар дейді. Олардың ішіндегі ең көп тарағандары - жүрек аурулары (стенокардия, гипертония, миокард инфарктісі).

Тұрақты күйзелістегі өмір адам үшін із қалдырмай өтпейді. Қандағы глюкокортикоидтар концентрациясының тұрақты жоғарылауы метаболизмге, жүрек-тамыр жүйесінің күйіне және мидың жұмысына әсер етеді. Нәтижесінде жүрек қызметінің бұзылуы, тері аурулары (экзема, псориаз), асқазан-ішек жарасы, гастрит, депрессия, суицидтік ойлардың пайда болуы, семіздік немесе керісінше, анорексиямен байланысты ауыр салмақ жоғалту (аштық сезімін жоғалту), аутоиммунды аурулар, ми жасушаларының тозуы, интеллектуалды деңгейдің төмендеуіне әкеледі [1].

Жалпы алғанда, стресс екі түрге бөлінеді: оң және теріс. Оң - мұнда жағымды эмоциялар басым. Мұндай стресс кейде денеге пайдалы, өйткені ол пайдалы гормондардың өндірісін белсендендіреді.

Теріс стресс немесе күйзеліс — бұл психиканың қалыпты жағдайын бұзатын өте жағымсыз құбылыс. Әсер ету сипаты бойынша күйзеліс екі түрде болуы мүмкін:

1. Нейропсихикалық немесе психологиялық. Бұл 2 түрге бөлінеді:

- ақпараттың шамадан тыс болуы, нәтижесінде пайда болатын ақпараттық күйзеліс.

Әдетте жұмысы ақпараттың үлкен көлемін үнемі өңдеуден тұратын адамдарда дамиды;

- қатты ашуланудан, реніштен немесе жеккөрушіліктен туындайтын психоэмоционалды күйзеліс.

2. Физикалық, ол бөлінеді:

- температура (мысалы, жылу немесе суықтың әсеріне жауап ретінде);

- азық-түлік (аштық немесе жиіркенішті тағамдарды мәжбүрлеп тамақтандыру кезінде);

- ауырсыну (ауырсыну, жарақат салдарынан);

- жарық (егер адам әрдайым жарықтандырылған кеңістікте болуға мәжбүр болса: жұмыста, ауруханада жатып, егер ол полярлық күннің жағдайына тап болса).

Күйзеліс сонымен қатар, төтенше жағдайлардан (әскери әрекеттер, дауылдар, су тасқыны, көшкін) немесе өте күшті психологиялық оқиғалардан (туысының қайтыс болуы, қарым-қатынастың бұзылуы, емтихан тапсыру) туындауы мүмкін.

Күйзеліс факторының (стресс) жіктелуі де бар. Сапасы бойынша болуы мүмкін:

- Өмірлік оқиға-ұзақ уақытқа созылатын оқиға: көшу, іссапар, ажырасу, жақын адамның қайтыс болуы.

- Апат. Бұған жарақат, жазатайым оқиға, соғыс, таныстың қайтыс болуы жатады.

- Созылмалы эмоционалды күйзеліс. Бұл отбасы мүшелерімен немесе әріптестерімен шешілмеген тұрақты қақтығыстардың салдарынан туындайды.

- Кішігірім өмірлік қиындықтар, олар "қар бұрқасыны" сияқты жинақталып, отбасындағы қалыпты қарым-қатынасты бұзуы мүмкін.

Бұл стрессорлар — дистресстің себептері [2].

Күйзеліс симптомастарын бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Физиологиялық белгілері:

- жоғары немесе төмен қан қысымы;
- тершеңдік;
- тремор, бұлшық тартқылау;
- бұлшықет гипертониясының, миалгияның пайда болуы;
- белгісіз сипаттағы ауырсыну;
- көбінесе бас ауруы, арқа және асқазан аурулары;
- бас айналу;
- ас қорыту бұзылыстары;
- салмақтың өзгеруі;
- аллергиялық бөртпелердің пайда болуы;
- ұйқының бұзылуы немесе жоғалуы;



- тәбеттің бұзылуы немесе жоғалуы;
- жыныстық белсенділіктің бұзылуы.

## 2. Эмоционалды белгілер:

- тітіркену ашуланудың жиілеуі;
- себепсіз мазасыздық,
- алаңдаушылықтың жоғарылауы;
- жүйке қысымының жоғарылауы;
- өзіне, оның жетістіктеріне, өзіне деген қанағаттанбау сезімі;
- жалғыздық сезімі;
- кінә сезімі;
- өзі үшін жауапкершілікті басқаларға ауыстыру.

## 3. Мінез-құлық белгілері:

- адамдармен кикілжіңдердің көбеюі;
- жұмысты орындау кезінде қателер санының көбеюі;
- мазасыздық және созылмалы уақыт жетіспеушілігі сезімі;
- жағымсыз әдеттердің күшеюі;
- шектен тыс еңбекқорлық, жеке өміріне және демалысқа уақыт қалдырмай жұмысқа ену.

## 4. Интеллектуалды белгілер:

- шоғырлана алмау;
- есте сақтаудың нашарлауы;
- бір ойға тұрақты және қайта-қайта оралу;
- шешім қабылдаудағы қиындықтар [3].

Стрестің табиғатын зерттеулер күйзеліс дамуында үш кезең болатынын көрсетті. Олардың әрқайсысы денеге белгілі бір қауіп төндіреді. Сондықтан олармен күресу жолдарын анықтау үшін әр кезеңнің қалай өтетінін түсіну керек.

- 1 Мазасыздық. Бұл кезеңде адреналин мен норепинефриннің бөлінуі жылдамдатады. Адам стресс көзін айқындайды, сезінеді.
- 2 Күресу. Екінші кезеңде жүйке жүйесінің ішкі күштері жұмылдырылып, түрлі мінез-құлық стратегияларын таңдап стресстен шығуға тырысады.
- 3 Шаршау. Ең қауіпті кезең - тітіркендіргішке ұзақ уақыт әсер еткеннен кейін пайда болады. Дене барлық ресурстарды ынталандырулармен күресуге жұмсайды. Осындай әрекеттердің нәтижесінде депрессия, жүйке бұзылуы және апатия дамиды.

Күйзеліс әр адамның өмірінде болады, бірақ барлық адамдар бірдей оқиғаларға, факторларға, құбылыстарға түрліше мінез-құлықпен реакция көрсетеді. Демек, күйзелісті игеру түрліше болады. Көбінесе ол адамның күйзеліске төзімділік қабілетінен байқалады. Күйзеліске төзімділік - ағзаның стресс факторларының зиянды әсеріне қарсы тұру қабілеті. Күйзеліске төзімділік - бұл адамның ішкі ресурстарының жиынтығы, ол бізге физикалық және психикалық жүктемелерге төтеп беруге мүмкіндік береді. "Жүктемелер" деп тек шұғыл, қиын жағдайлар ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмір, оның өзгермелілігі, байланыстары, басқа адамдармен қарым-қатынасы түсіндіріледі. Күйзеліске төзімділік өз сезімдерін түсіне алуға, оны басқара алуға, күйзеліс кезінде әрекетін ақылға бағындырып, эмоционалды тыныштық күйде болуға мүмкіндік береді. Сыртқы реакцияға жауап ретінде пайда болатын сезімдермен және ішкі шекараларды сақтай отырып, әңгімелесушінің сезімдерімен байланысу мүмкіндігі – бұл адам үшін үлкен ресурс. Адам күйзеліске төзімді болған сайын, психосоматикалық аурулардың пайда болу ықтималдығы аз болады, ол оқуда, жұмыста, адамдармен қарым-қатынаста соғұрлым сәтті болады. Керісінше, күйзеліске төзімділіктің төмендігі күнделікті жүктемелерге төтеп бере алмайтын, олардан зардап шегетін адамның өмірін едәуір қиындатуы мүмкін.

Күйзеліске төзімділік табалдырығы әр адамда әртүрлі болады: ол байланысты:

- жүйке жүйесінің типіне (реакциялардың жылдамдығы және шешім қабылдау, адам эмоциясының көріну сипаты);

- адамның өмірлік тәжірибесі;
- жағымсыз факторлар әсеріне психиканың төзімділігі.

Сонымен, холериктер мен меланхоликтер оңай күйзеліске ұшырайды, сангвиник адам – аз, флегматикалық – одан да аз (ол күйзеліс факторының үлкен күшін қажет етеді) [4].

Қазіргі кезде «адам-адам» бағытындағы қызметтегі мамандар күйзеліске шалдығудың алдыңғы қатарында деп есептеледі. Ал педагогтардың кәсіби қызметі - солардың бірі. Педагог мамандығына әсер ететін күйзеліс факторлары өте көп. Күйзелістердің әртүрлі жіктелуі бар. Әдетте ажыратады физиологиялық стресстер (мысалы, шамадан тыс ауырсыну және шу, дәрілік препараттардың әсер етуі) және психологиялық (ақпараттың шамадан тыс жүктелуі, әлеуметтік мәртебеге қауіп төндіреді, өзін-өзі бағалау және т.б.). Дәл осындай факторлар педагогикалық қызметінде де кездеседі. Күн сайын педагог осындай шиеленісті жағдайлармен кездеседі: жүйелі тексеру жағдайлары, оқушылармен (студенттермен), ата-аналармен немесе әріптестермен жиі және ұзақ байланыстар, кәсіби саладағы тұлғааралық қақтығыстар. Күн сайын педагогтар сөйлеу аппараттымен жұмыс кезінде айтарлықтай стрессті сезінеді және жеке мінез-құлқын да тұрақты ішкі бақылауда ұстауын педагогикалық қызметте талап етеді. Педагогтың өзге мамандықтардан ерекше күйзеліс көзі болып табылатыны үйде де қосымша жұмыс жасауы. Ақпараттық технологиялар дәуірінде педагог барлық заманауи стандарттарға сай және жоғары білікті болуы керек. Ол жаңалыққа бейімделе білу және білімді үнемі толықтыра білу болып табылады. Қазіргі уақытта педагог пен ата-ана арасындағы қақтығыстар жиі кездеседі. Ата-аналар педагогтың қызметіне атүсті қараса, педагогтар өз кезегінде, ата-аналардың бала тәрбиесінде жиі дәрменсіздігіне шағымданады.

Педагог мамандығы зияткерлік, физикалық және психикалық тұрғыда шамадан тыс күш жұмсауды қажет етеді. Іс жүзінде әрбір педагогтың күні күйзеліссіз өтпейді. Сондықтан жас педагогтарда, тіпті тәжірибелі педагогтарда да күйзеліске төзімділік қасиетінің болуы заман талабы болып отыр.

Күйзеліске төзімділік қасиетін қалыптастыруға болады, өйткені бұл қабілетжеке тұлғаның туа біткен қасиеті емес. Көбінесе күйзеліске төзімділік эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасу деңгейіне байланысты. Өзін-өзі реттеу - бұл адамның өзіне әсер ете алуының қалыпты жағдайы. Өзін-өзі реттеу әдістерін қолдана отырып, педагог жағдайды тыныштық күйде талдап, эмоционалды күйін реттеу арқылы сәтті жұмыс үшін қолайлы психикалық жағдай тудыра алады. Өзіндік рефлексиясын қалыптастыру арқылы эмоционалды күйзеліске төзімділігін дамытуға болады. Рефлексия - бұл процесс өз қызметін одан әрі дамыту мақсатында өз іс-әрекетінің мәніне үңілу деп түсіндіріледі және педагогикалық қызметте кез-келген әлеуметтік жағдайда өзбетінше әрекеттің стратегиясын жасауға көмектеседі. Ойлау стилін өзгерту арқылы рефлексияны дамыту педагогтардың күйзеліске төзімділігін арттырады, демек, оқытушылық қызметтің тиімділігі жоғарылайды. Күйзеліске төзімділікті арттыру үшін оның деңгейін тиімді әдісті таңдау арқылы анықтау қажет. Холмс пен Рагеның күйзеліске төзімділікті анықтау әдістемесін ерекше айтып кеткіміз келеді. Бұл әдісті 1967 жылы дәрігерлер Холмс пен Раге құрастырды. 50 жылдан астам уақыт өтсе де, бұл әдіс қазіргі күнде де өзектілігін жоғалтпады. Бұл әдістеме арқылы соңғы жылда адам басынан кешірген күйзелісіне байланысты өзін-өзі бағалауының психометриялық шкаласы деңгейін анықтауға болады.

Күйзеліске төзімділікті арттырудың тиімді тәсілдері басқалардың мінез-құлқына төзімділік, ымыралы шешімдерге деген ұмтылыс, барлық адамдар әртүрлі екенін түсінуден туындайды. Педагогтың күйзеліске төзімділігін арттырудың тиімді тәсілдері:

- Педагог өз кәсібилігін арттыру арқылы жүктемелерді тиімді бөле алу және өзін-өзі бағалауды арттыру;
- Күйзеліс жағдайларды талдау және бағалау, қателермен жұмыс;
- Ішкі түйсіктің және жағдайды бақылай алудың негізінде күйзеліске дайындықты дамыту;
- Салауатты өмір салты (жеткілікті ұйқы, пайдалы тамақ, физикалық белсенділік, таза ауада демалу, жағымсыз әдеттердің болмауы);

- Ағзадағы көмірқышқыл газы мен оттегінің деңгейін қалыпқа келтіретін диафрагматикалық тыныс (йога, медитация, аутотренинг);
- Релаксация (массаж, жылы ванна, ароматерапия, музыкалық терапия, арт-терапия);
- Ағымдағы істер мен оқиғаларды күнделікті жоспарлау, жұмыста да, үйде де төтенше жағдайларды болдырмау;
- Позитивті ойлау;
- Жинақталған жағымсыз эмоциялардан уақытында босаңсу (бар күш-жігерімен айқайлау, караокеде қатты дауыстап ән айту, су қоймасының жағасындағы суға тастарды лақтыру, допты лақтыру, би билеу және басқалар);
- Көңіл-күйді көтеретін сүйікті іс [5].

Бүгінде көптеген педагогтардың кәсіби қызметі күйзеліс факторларының қарқынды әсері жағдайында өтуде. Кейбір жағдайларда педагогтың психикасына түсетін жүктеме осындай жоғары деңгейге жетеді де дененің бейімделу мүмкіндіктерінен асып түседі. Нәтижесінде жоғары эмоционалдық күйзеліс, жүйкенің бұзылуы және мамандығы бойынша уақытша және кейде жұмыстың толық тоқтатылуына әкелетін түрлі психосоматикалық аурулар пайда болады. Мұндай шамадан тыс жүктемелердің салдары кәсіби эмоционалды күйіп кету синдромына әкеледі, сондықтан, қазіргі уақытта педагогтардың күйзеліске төзімділігін қалыптастыру өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Леви Л. Эмоциональный стресс. М.: Медицина, 1970. 326 с. 5. Сергеев И.С. Основы педагогической деятельности: учебное пособие. СПб: Питер, 2004. 316 с.

2. Куприянов Р.В., Кузьмина Ю.М. Психодиагностика стресса: практикум. М.: КНИТУ, 2012. 212 с.

3. Stress symptoms: Effects on your body and behavior. Available at: [http://www.mayoclinic.com/health/stress-symptoms/SR00008\\_D/](http://www.mayoclinic.com/health/stress-symptoms/SR00008_D/) Accessed on 17.09.2015.

4. Багадаева О.Ю. Стрессогенные факторы в профессии педагога. М.: Вектор науки ТГУ. Вып. № 2. Иркутск, 2014

5. Зубок Ю.А. Саморегуляции и рационализация в условиях трансформирующегося общества // Всероссийская научно-практическая конференция — Современная российская молодежь: от стихийной самоорганизации к целенаправленному формированию субъектности, 27–29 марта 2007 г., г. Белгород / под ред. Л. Я. Дьяченко. Белгород: БелГУ, 2007. С. 97–101.

ӘОК 37-097

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ-ЗАМАНАУИ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ БОЛАШАҒЫ

Л.С. Сагындыкова, жоғары санатты оқытушы, магистр.  
Ж.Н. Нагиметова, педагогика және психология пәндерінің оқытушысы.

Баишев жоғары медициналық колледжі, Ақтөбе қаласы

**Ключевые слова:** дистанционное обучение, исследование, образование, технология, интернет, дидактическая система, технологическая система

**Keywords:** distance learning, study, education, technology, internet, didactic system, technological system

**Резюме:** В статье описаны цели и задачи дистанционного обучения, его преимущества и недостатки. Также описывает, какие программы эффективны при дистанционном обучении.

**Summary:** The goals of distance learning and its advantages and disadvantages are described in the article. Also it describes useful programmes for distance learning.

Қазіргі уақытта білімалудың ілгері даму мүмкіндігі зортәсілдерінің бірі – заманауи телекоммуникациялық технологияларды, атап айтқанда интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді қолдана отырып, қашықтан оқыту.

Елбасымыз айтқандай "Қазір күш сынастыратын заман емес, білім мен сынасатын заман" деген. Елімізді биік шыңнан көргіміз келсе, ең алдымен білім саласын жоғары деңгейге жеткізуіміз қажет. Білім беружүйесі —

сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әртүрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны. «Білім беружүйесінің бастыміндеттерінің бірі —

оқытудың жаңа технологиялары мен ғылым, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін —

білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беружүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Соңғы он-

он бес жылдан астам уақыт ішінде Қазақстандағы білім беружүйелерінің құрылымдарында елеулі өзгерістер болып жатыр. Оқу мен білім технологиясы қаржы қорының байыбына жетіп түсінудің, нарықты өркендету жолында күресудің тиімді құралына айналып отыр. Осы ретте қазіргі замандағы технологиялық жетістіктергенің делген қашықтықтан білім беружетекші рөл атқарады. Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беружүйесі өркендетудің басты мақсаттарының бірі-

оқушылардың кез келген мектептер, колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білімалуларына жағдайтуғызуболмақ. Осылай еткенде ғана студенттердің бір елден екінші елге орнына ауыстыруларына ідейтеу қойып, кедергілертуғызудан гөрі көз қарастар жүйелерінің бір арнаға тоғыстырылғандықтары мен қаруланып, білім беру ресурстарының өзара алмастыру жағдайында бол ашағы зор жаңа істерді өркендетуге мүмкіндік туады. Коммуникациялық каналдарды ауқымды түрде тарату қурысымаңызды міндеттерді ойдағыдай іс жүзінде асыруға септігін тигізбек.

**Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты:** Білім берудің біртұтас ақпараттың жүйесін құру арқылы оқушылар мен студенттердің білім деңгейін көтеру.

### **Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттері:**

• бір-

бірі мен тығыз байланысты бола отырып, мемлекеттік (республикалық) деңгейіндегі қашықтан оқытудың құрамына енуі;

• құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау;

Қашықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жеке леген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждерді кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім берудің принциптері ойдағыдай іске асыруға жетеді. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістемелік бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелері ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент-

сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтан оқыту жүйесінің технологиясы мен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспаптері өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады.

Осындай санқырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда оқытушының атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол курстың бағдарламасының құрылымындайындап, оның қашықтан білім беружүйесі мен астырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, т

апсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстары орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерін тек көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізуісін орындау шарт.

Қашықтықтан оқыту тәсілі мен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

- Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.
- Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.
- Қашықтықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды таныстыра білуі қажет.
- Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.
- Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.
- Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі біртәртіптегі модульді курстардың әдісте мелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет.
- Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізуісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне басамән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірімейінше, кез келген өлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Республикалық білім берудің ақпараттандырудың ғылыми-әдістемелік орталығы ақпараттық қарым-қатынастық технологиялардың білім берудегі педагогикалық мүмкіндіктерін зерттеу жолында ЮНЕСКО институтының тірек нүктесіне жатады және онымен бірге қашықтықтан оқытудың спутниктік қаналы ендірудің бірлескен жобасын жүзеге асыруда.

Қашықтықтан оқыту (ҚО)-білім, білік дағдыларды алу үрдісі, бұл кезінде оқыту процедураларының тұтас немесе белгілі бір бөлігі оқытушы мен студенттің территориялық ақшақтығына қарамастан жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту технологиясының кейсі және желілік технологиядегі түрлерінен ерекше леп көрсетуге болады.

Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуына Интернеттің әсерін бағалау қиын. Оларақ қашықтықтың қысқартумен қатар, оқытушы мен студентке анағұрлым көпкіндік береді. Енді тыңдаушы немесе студент тапсырмалар және теспенөзіне ыңғайлы уақытта айналыса алады. Оқытушы материалды алмазмұнын жедел түрде өзгерте алады. Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуы-біздің білім беру жүйесінің болашағы болып табылады.

Қашықтықтан оқытуда өз бетінше жүргізілетін жұмыстың жұмбақтар, шарадан емес етапсырмалар арқылы ұйымдастыру, жаңа тақырыптарды меңгеру үшін өте ыңғайлы. Қашықтықтан оқытудың жетістігі-

оқытушының өзінің қатысуынсыз оқушылар назарын өзіне тартып қалдырмауға қабілеттілігіне байланысты болады. Жаңа тақырып бойынша берілетін материал баспағашығарылған түрде қашықтықтан оқыту курсына электрондық түрде немесе электрондық оқулық түрінде беріледі. Жаңа тақырыпты бұлай баяндау кезінде сабақтың басты элементі форум немесе чат болып табылады. Мұндай баяндаулар алдынала жоспарланып, алдынала даярланған сценарий бойынша жүргізіледі. Оқу үрдісін етәуторбелсенді қатысады. Қашықтықтан оқытуда жаңа материалды баяндаудың тағы бір нұсқасы виртуалды шебер. Әдетте оқу материалын баяндау және талқылау бір мезгілде жүргізіледі.

Қашықтықтан оқыту жүйесін әрқайсысы өз кезегінде бірнеше компоненттерден тұратын үш компоненттің жиынын ретінде қарастыруға болады. Олар:

- Дидактикалық жүйе;
- Технологиялық жүйе;
- Қамтамасыз ету жүйелері.

Қашықтықтан оқыту үшін оқытудың жалпы дидактикалық бес әдісін қолдануға болады:

1. Ақпараттық-рецептивті;
2. Репродуктивті;
3. Мәселелік мазмұндау;
4. Әврестикалық;
5. Зерттеу;

**Білім берудің жеке, креативті телекоммуникациялық сипаты- бұл түрдегі қашықтықтан оқытудың негізгі белгілері, алоның мақсаты— қашықтағы оқушының шығармашылық өзін-өзі көрсетуі. Қашықтықтан оқыту интернет-білім беру мен тығыз байланысты, бірақ онымен бірдей емес және ұғымдар түрғысынан екінші-жаһандық желінің мүмкіндіктерін қолдана отырып, оқытудың техникалық және технологиялық ерекшеліктерін қатаң реттейтін бірінші түрдің айырмашылығы. Осы жылы әлемде орын алған пандемияға байланысты еліміздегі білім жүйесі қашықтықтан оқыту форматына көшті.**

**Қашықтықтан оқытудың ерекшеліктерін зерттеу (қашықтағы сабақтарды ұйымдастыру, жоспарлау). Оқушылардың қашықтықтан оқытуға ынталандыру мен қатыстырудың ерекшеліктерін зерттеу (оқушылардың өзіндік жұмысын қалай ұйымдастыруға болады немесе ұйтап сырмасын қалай тексеруге болады және тағы да басқалар). АКТ құралдары мен қызметтерін зерттеу. Қашықтықтан оқыту форматындағы ата-аналар мен жұмыстың ерекшеліктері. Ерекшеліктері модулінің өзі бірнеше өзекті ақырыптар мен, ұстаздар қауымына қажет ақпараттар мен қамтамасыз етілген екен. Алғашқы дасинхрондық оқытудың асинхрондық оқытудан айырмашылықтары, қашықтықтан оқыту барысында мұғалімнің қызметі мен қашықтықтан оқыту барысында оқушының іс-әрекеті сияқты мәселелерге қарастырылды.**

Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың және телекоммуникациялық құралдардың қолданылып жүзеге асырылатын оқыту;

Қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқу сабақтарын «online», «offline» режимінде өткізуге негізделген. «Online» режимінде оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқудың өзара іс-әрекетіне тәуір ісін қарастырады (бейне конференция, Интернет желісімен хабар алмасу, телефон арқылы ратырқылық келіссөздер). «Online» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушы арасындағы асинхронды тілдесудің (электрондық пошта, кейіннен қорытынды бақылау тапсыру мен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы) оқу іс-әрекеті процесін қарастырады. Біздің білім беру орынында қашықтықтан оқыту жүйесі (classroom, zoom) жүргізіліп жатыр.

Білім алушылардың үлгерімі нағымдық бақылау және аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарына, оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Бағалауды ұйымдастыруда оқушыларға ізгілікті қарым-қатынас және қолдау көрсетіп, түсінікті және дәйекті ережелер мен рәсімдерді қалыптастыратын; оқу дерісіне қызықты әдіс-тәсілдерді қолдануды; оқуда және тапсырмаларды орындауды цифрлық немесе цифрлық емес құралдарды таңдау және пайдалануды; барлық оқушылардың табысқа жетуіне жағдай жасалатын, оқушылардың аөз пікірін айтуға және тапсырмаларды таңдауға мүмкіндігі болатын саралап оқытуға бағдарлануды ба астына зарда ұстау қажеттілігіне тап көрсетілді. Қашықтықтан жұмыс істеу барысында өзара жағымды және оңтайлы қарым-

қатынасасамаңызды. Бастыназардыынталандыру, қолдау, эмоциялардыбілдіру, адамиқарым-қатынастысақтаумүмкіндіктерінеаудару.

Бұлшешімдерэлектрондықпоштаарқылысалыстырыладыжәнеталқыланады; оқушыларсұрақтар, пікірлер, шолуларалмасады. Нәтижетуындағансұрақтардытұжырымдаужәнеоқувеб-серверінеорналастырылғантақырыпбойыншанегізгімәселелердіұжымдықтандау. Қашықтаноқытусабақтарыныңтүрлерібіржағынанпедагогикалықпроцестінерекшеліктерімен, екіншіжағынан—оқытуорталығыныңқарамағындағыақпараттықжәнетелекоммуникациялыққұралдарменсервистердіңжиынтығыменанықталады. Тәжірибеқашықтаноқытудасабақтыңкелесітүрлерінқолдануөнімділігінкөрсетеді. Кіріспесабақбүкілкурстықамту, оныңмәселелерін, алдағысабақтардышолумақсатындаөткізіледі. Оныбілімберусерверіндевеб-беттержиынтығытүріндежасағанжөн. Жекесабақ-кеңесберуэроқушыныңерекшеліктерінескереотырып, әртүрліформадаөткізіледі. Электрондықпоштабойыншақашықтықтанөткізілетінконференцияқашықтықтанхаталмасуаясындабірмәселеніталқылаудыңқұрылымыменрегламентінәзірлеудіалапетеді.

Интернет“желілік”мұғалімдердіңрөлінарттырады, өйткенітелекоммуникациялардыңкөмегіменолардыңәсеретуаймағыәдеттегіоқупроцесіменсалыстырғандажүздегенжәнемыңдағанесеартады. Дарындымұғалімонықоршағанадамдарғаанақызықтыемес; оныңмиссиясыкеңірек-қашықтаноқытутехнологиясынқолданаотырып, оданүйренгісікелетіндергекөмектесу. Біздіңғасырдаеңжақсыоқытушылар, еңалдымен, қашықтан, яғниэлектрондытелекоммуникациялардыңкөмегіменбүкіләлемменқарым-қатынасжасайалатынболады.

Модульмазмұнындақашықтаноқытукезіндеата-аналарменөзаратиімдіқарым-қатынастыұйымдастыруғақөмектесетінматериалұсынылды. Қашықтаноқытукезіндегіата-ананыңрөліасақұндыкеніненазараударуғаболады. Себебі: ата-анақадағалаушы, қолдаушыжәнеқорғаушы. Қашықтаноқытуда, балаата-анаменұстаздыңқолдауына, көмегінеқаншалықтызәруболса, ата-анаменұстаздардардәбір-біріментығызбайланыстаболу керектігінкөрсетті. Онлайнкурстаосымәселелердәідежауабынтапқандайболдым.

ПрезидентіміздіңқпалетуітарапынанҚазақстанРеспубликасыортабілімберужүйесінақпараттандырутуралы мемлекеттікбағдарламасында«ҚазақстанРеспубликасыдүниежүзініңдамығанелдерісияқтыортабілімберужүйесіненакпараттандырудыңнақтыжолынатүсуітиіс, яғни, бірыңғайақпараттықбілімберетінжелігенегізделіпоқытужүйесінжасауқажет»- делінген.

«Қашықтықтанбілімберудіұйымдастырудыңдидактикалықмүмкіндіктері»тақырыбынаорындалғанкурстықжұмыстамынамәселелеранықталды:

-білімберужүйесіндегіқашықтықтаноқытутехнологиясыныңмәніменрөлі;

- ҚазақстанРеспубликасыныңбілімкемелеріндеҚОтехнологиясыныңқолданылubarысы. Оқытудынауқымдыжәнежергіліктіжүйелеріойдағыдайпайдаланабілудіңнәтижесіндебілімніңбазалықжәнедеректердіңбанкілікмәліметтерінееркәнқолжеткізугеболады.

Қорытакелеайтарымыз, қашықтықтаноқытужүйесініңрөлібілімсаласыүшінөтежоғары, себебіұлжүйеарқылымұғалімдерімізбеноқушыларымызәлемдікақпараттарменбайланысуга, ғылымижәнешығармашылықжұмыстарынжетілдіруге, әлемдікақпараткеңістігіндеөздерініңбілімдеріншындауғазормүмкіндікалады.

Қашықтықтаноқытуақпараттықмәдениетдеңгейідидактикалықбағдарламаларбілімсаласындаоқытудыбасқаруменбақылаудыавтоматтандыру, студенткеөзбетіншеқайталанбайтынкөпнұсқалы, көпдеңгейдідидактикалықшарттарнегізіндетапсырмаларберу, біліммендағдыныобъективтібағалау, ерекшеақпараттықматериалдардымультимедиялықформадаберу, виртуалдыөміргеенгізут.с.с. жаңамүмкіндіктерұсынылады. Соныменқатар, мұндайбағдарламаларқашықтықтаноқытудыңматериалдыөзбетіншеигеружетілдірілгенпсихологиялықпедагогикалықәдістердіпайдалану, қашықтықтаноқытудыстуденттіңжекепсихологиялықерекшеліктерінеқарайтандауғамүмкіндікбереді.

АКТ-

ныбілімжүйесінеенгізудіқолғаалатынРеспубликалықкоординациялық(үйлесімдік)кеңесұйымдастырукерек. Олсоңғыкездекебейіпбаражатқансапасызэлектрондықоқулықтаршығарудыазайтып, өзұсыныстарыарқылыоқуорындарындағыістеліпжатқанжұмыстардыдұрысжолғақоюғамұрындық

болареді. Жақсы электрондық оқулық-информациялық технологиялар аймағындағы білікті мамандар мен педагогтар жұмысының нәтижесі, мұндай жұмысты техникалық жағынан жүзеге асыру біраз қаржы жұмсауды керек етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Журнал «Мектеп» №11 (6 бет)
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет, 38-39 бет, 118-119 бет, 460-461 бет).
3. Сайт: [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)
4. <http://el.kz/>
5. <http://e.edu.kz/>
6. <http://stud.kz/>
7. <http://adilet.zan.kz/>

ӘОК 37-056

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЖЕТІЛДІРУДЕ ФОЛЬКЛОР МЕН ДӘСТҮРЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Джанзақова Ш.И. п.ғ.д., профессор  
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Бисембаева Айзада Серикқызы «Педагогика және психология» 2 курс магистранты,  
Қасымғали Гүлмарал Маридатқызы «Педагогика және психология» 2 курс магистранты,  
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

*Ключевые слова:* этнопедагогика, традиционный фольклор, традиция, народные песни, профессиональное значение.

*Аннотация:* в предлагаемой статье научно рассматривается значение фольклора и традиций в повышении профессиональных ценностей будущих учителей. Цель статьи - привить национальные ценности для будущего подрастающего поколения и профессиональные ценности будущих учителей. Кроме того, традиционная научная система позволит больше узнать о жанрах фольклора и художественного фольклора. В частности, описывается влияние традиций и фольклора на улучшение личных ценностей будущего учителя.

*Keywords:* ethnopedagogy, traditional folklore, tradition, folk songs, professional meaning.

*Annotation:* The proposed article scientifically examines the significance of folklore and tradition in raising the professional values of future teachers. The purpose of the article is to instill national values for the future rising generation and professional values of future teachers. In addition, the traditional scientific system will allow you to learn more about the genres of folklore and artistic folklore. In particular, it describes the influence of traditions and folklore on the improvement of the personal values of the future teacher.

Жалпыадамзаттық, ұлтаралық және ұлттық байланыс, осылардың диалетикалық және динамикалық өзара әрекет ету процесін көрсетеді: ұлттық жалпыадамзаттыққа меншікті, бірлікті, жалпыға ерекше ретінде жатады. Жалпыадамзаттық тек ұлттықта және ұлттық арқылы көрінеді, олар гуманизмнің бірдей принципіне негізделгендіктен бір-біріне қарама-қайшылық



тудырмайды. Білім жүйесіндегі ұлттық-этникалық ерекшеліктерді жою мүмкіндігі бүгінгі күні қоғамдағы этноорталықтық, ұлттық тенденциялардың өсуіне, тек өз этносының мәдениетіне көңіл бөлудің күшеюіне әкелді. Этниканы сезінудің өсуі сияқты процесс алғашқы кезде отандық ғылымда анық ұғынылады, себебі этникалық қайта өркендеу адамзаттың транзитивті кезеңде дамуының негізгі бір белгісі ретінде қаралады. Әртүрлі халықтың өзінің түп-төркініне, тамырына деген қызығушылық әртүрлі халықта әрқалай көрінеді: көне әдет-ғұрыптар салт дәстүрлерді реанимиrovатьтан кәсіптік мәдениетті фольклоризациялауға дейін. Осыған байланысты кәсіптік дайындау жүйесінде фольклордың шынайылығын түсіну, ұғыну өте маңызды. Этнопедагогика пәнінің мазмұнына қазақ фольклорын енгізу болашақ мұғалімдердің гуманизм, патриотизм, шыншылдық т.б. маңызды құндылықтарды түсініп, кейін мектеп оқушыларына жеткізуге мүмкіндік береді.

Студенттерді оқыту процесінде қолдану мақсатында, қазақ фольклорын классификациялауда этнопедагогика мазмұнының іріктеу принципіне сүйендік:

- педагогикалық мақсаттылық тәрбиелік әрекеттің күші (тәрбиелік күш);
- көркемді құндылық;
- эмоциональды әрекеттің күші;
- практикалық бағыт;
- шығарма мазмұнының студенттерге қолайлы болуы;

революцияға дейін орыс әдебиетінде фольклор (ағылшын тілінен аударғанда «халық даналығы» дегенді білдіреді) ұғымы ретінде «халықтық сөз», «халық әдебиеті», «ауызша сөз», «ауыз әдебиеті» деген терминдер қолданып келген. Осының негізінде А. Байтұрсынов кейіннен кең тараған «ауыз әдебиеті» деген терминді енгізді.

Дәстүрлі ғылыми жүйеде фольклор жанры көркемдік фольклор және ғұрып фольклоры бөлінгендігі бәрімізге мәлім. Бұл жүйелердің жалпы типологиялық заңдылықтарға негізделгенін түсіне отырып, А. Байтұрсынов ауызша әдебиетті «сауықтама» және «сарындама» деп екіге бөлді. өкінішке орай, кейіннен қазақ фольклористері А. Байтұрсыновтың концепциясынан аулақ кетті (концепциясын мойындамады). «Сарындама» терминін А.Байтұрсынов «жұрттағы келе жатқан сарынды» сөздер ретінде анықтады. Біздің түсінігімізде, сөз жоқ бұл – ғұрып фольклоры. Бірақ А.Байтұрсыновтың соңғы айдарлары қазіргі фольклористика талаптарына сәйкес келмейді. Мысалы, оның ғұрыптық фольклорды үшке бөлуі. Оның ғұрыптық фольклорды жіктегендегі кейбір негізгі жанрлардың ертеректегі мәдениетте орын алғандығын көру қиын емес.

Ғұрыптық фольклор – фольклортанудың дәстүрлі ғылыми жүйесіне сәйкес үш бөлімнен тұрады:

- 1) отбасылық – ғұрыптық фольклор
- 2) күнтізбелік ғұрыптық фольклор
- 3) Арбау фольклоры

Салтқа ол келесі жанрларды жатқызды: мақал, ділмәр сөз, тақпақ, мысал. А.Байтұрсыновтың «салт-дәстүрін» ғұрып мағынасында қолданғаны байқалады. Дегенмен, мақал, ділмәр сөз, тақпақ, мысал т.б. жанрлары ғұрыптық жанр бола алмайды, олар көркемдік жанрға (А.Байтұрсынов «сауықтама» деп атаған) жатады. Сонда қазіргі көзқарас тұрғысынан оның жіктеуі дұрыс емес.

«той бастар», «жар – жар», «бет ашар», «жоқтау», «жарапазан» сияқты жанрларды ол көркемдік фольклор жанрлары ретінде қарастырды. Бірақ бұл жанрлар – отбасылық- ғұрыптық жанрлар болып келеді. «Кұрт шақыру», «жын шақыру», «дерт шақыру», «бесік жыры» жанрларын ол «Қалып сөз» тобына жатқызады. Бұл жанрлар (бесік жырынан басқа) – жын шақыру фольклорына жатады. Ал бесік жыры, сөзсіз отбасылық – ғұрыптық фольклор тобына жатады. Егер осы аталған жанрлар («салт» сөзінен басқасы) ғұрыпқа қатысты болса, онда олардың ғұрыптық фольклорға жатуы заңдылық. Бірақ, бұл ғұрып болса, қандай ғұрып? Мысалы, отбасылық- ғұрыптық фольклорға үйлену фольклорының жанры жоқтау фольклорының жанры, балалар фольклорының жанры жатады. Сондықтан той, үйлену тойы өлеңдерін үйлену фольклорына, қазаға байланысты өлеңдерді жоқтау фольклорына

жатқызудың керегі жоқ. А. Байтұрсынов бәрін өз орнына Менделеевтің кестесіндей анық қоймады деп сөуге ешкімнің құқығы жоқ. Енді басқа фольклористердің ғұрыптық фольклорды жіктеулеріне қысқаша тоқталайық:

М.Әуезов оны «сыршылдық салт өлеңдері» деп атап, А.Байтұрсынов сияқты үшке бөледі:

- 1) Ел салтындағы шер өлеңдер (жоқтау, естірту, қоштасу, көңіл-айту)
- 2) Дінмен байланысты өлеңдер (бақсылар сарыны, наурыз, жарапазан – ғұрыптық өлеңдер)
- 3) Қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдер (жар-жар, сыңсу, беташар)

Бұл жіктеудің негізгі айырмашылығы – нақты, белгілі бір ғұрыпқа байланысты жанрларды топтастыру болып табылады. Бірақ М.Әуезовте туыстас дәрежедегі айдарларды өзара араластырады. Оның «ел салтындағы шер өлеңдер» деп атағаны жерлеу салты мен үйлену салтына байланысты отбасылық- ғұрыптық фольклорға кіреді. Бұған күнтізбелік – ғұрыптық фольклор жанрлары (наурыз, жарапазан) немесе автор «діни өлеңдер» деп атаған бақсы сарындыларымен бірге жын шақыру және т.б. өлеңдер кіретін бәдік, жын шақыру фольклоры да кіре алады. С. Сейфуллин «ауызша әдебиетті» жеті топқа бөледі де, оның екеуінде ғұрыптық фольклоржанрларын қарастырады:

- 1) «Салт өлең – жырлар»
- 2) «Ескілікті дін салтынан туған жырлар»

Егер бірінші топқа отбасылық отбасылық- ғұрыптық фольклор жатса, екінші топқа күнтізбелік – ғұрыптық фольклор мен жын шақыру фольклоры жатады.

Кейіннен Б.Кенжебаев осы екі классификацияға сүйене отырып (М.Әуезов, С.Сейфуллин) өзінің «Қазақ әдебиеті тарихынан» атты еңбегінде (1948ж) «Салт өлеңдері» тарауына кішкене өзгерістер енгізді. С.Сейфуллин ұсынған «Мал туралы, қасиетті жануарлар, аңдар туралы» бөлімді салт өлеңдер жанрына енгізді де, оған М.Әуезов сияқты «діни өлеңдер», «шер өлеңдер», «той өлеңдер» жанрларын қосты осылай «салт өлеңдерін төрт топқа топтастырады. Бізді қызықтырған «діни өлеңдерді» былай топтастырады:

- 1) Наурыз
- 2) Бақсы сарыны
- 3) Бәдік, арбау, жалбарыну
- 4) Салт өлеңдер немесе тілек өлеңдер, жарапазан.

1960 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихы» еңбегіндегі «тұрмыс салт жырлары» тарауының авторы М.Сильченко өзінің классификациясын ұсынады:

1. Тұрмыс салт өлеңдері (наурыз, жануарлар туралы өлеңдер)
2. Үйлену салт өлеңдері
3. Діни ұғымдарға байланысты салт өлеңдер
4. Мұң-шер
5. Әндер
6. Өтірік өлеңдер

Олардың ғұрыптық фольклормен қаншалықты байланысты екендігі басқа мәселе болып табылады.

«Діни салт өлеңдер» жанр тақырыбына бәдік, арбау, бақсы сарынын сәйкестігіне назар аударуымыз керек. Сонымен берілген еңбектегі классификацияда М.Әуезов бастаған дәстүр жалғасып келеді.

Ғұрып фольклоры саласында жазылған құнды жұмыс Б.Уақатовтың «Қазақтың халық өлеңдері» (1974ж) еңбегі. «Материалды өндіріспен байланысты өлеңдерді (аңшылық, наурыз, жануарлар туралы), ескі нанымдарға баланысты өлеңдерді (бақсы сарыны, бәдік, арбау), тұрмыстық салтпен байланысты өлеңдері (балалар өлеңі той өлеңдері, мұңлы өлеңдер) ретінде классификациялайды. С.Қасқабасов та бәдік, арбау, бақсы сарынын діни нанымдармен байланысты жанрға жатқызады.

Жоғарыда айтылғандардан көргеніміздей, бақсы сарынын, бәдік, арбауды барлық еңбектерде бір топқа – діни тұрмыстық фольклорға жатқызады. Тек Б.Уақатов ғана «діни ғұрыптар» орнына «көне діни нанымдармен байланысты» деген терминді қолданған. Дегенмен, бұл терминдер өзара қарама-қайшылық тудырмайды

А.Байтұрсынов барлық үш жанрды бір бүтін қылып біріктіретін «қалып сөзі» терминін енгізудің себебін көрсетпейді. Кез – келген құбылысты анықтағанда оның негізгі қасиеттерімен белгілері ескерілетіні сөзсіз. Ғұрыптық фольклор жанры туралы сөз болғандықтан, олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды орнату фольклорлы кешендерге, нақты ғұрыптарға байланысты болады. Басқа сөзбен айтқанда ғұрыптық – фольклор жанрын классификациялау принциптері – ғұрыптың негізімен, нормасымен анықталуы керек.

Бұл жерде «ғұрып» және «салт» ұғымдарын, олардың арақатынасын түсініп алуымыз керек. Жоғарыда көрсетілгендей, А.Байтұрсыновтан бастап С.Қасқабасовқа дейін «ғұрып» ұғымында «салт» сөзін қолданған. Мысалы «тұрмыс салт» деген термин пайдаланылған. Берілген терминді «тұрмыстық поэзия», «тұрмыстық ертегі» деген ұғымдарда қолдану керек. Мағынасы әртүрлі сөздерді ойланбай, араластыру арқылы термин жасау дұрыс емес. «Әдет ғұрып» термині осындай қате жолмен туғанын айтып кетпеуге болмайды. Бұл термин «ғұрып» мағынасында қолданылады. Сөз жасауда екі әртүрлі сөзді қосу тәсілін қолдануға болмайды «Әдет» сөзінің мағынасы кең көлемді. Барлық ғұрыптар әдетке тиісті болады, бірақ әдет әрқашан ғұрып бола бермейді. Фольклористер қарапайым, нақты этнографиялық терминдерді араластырмаулары керек. Бұл- тілді құрметтемеу. «Ғұрып» мағынасы «салт» сөзімен нақтыланады. Оларды синоним сөздер ретінде қолдану дұрыс па, әлде оларды әртүрлі мағынада қолдану керек па?

Біз соңғы позицияны ұстанамыз, яғни, «ғұрып» терминінің мағынасы өте кең көлемде, ал «салт» ұғымындағы термин нақты ғұрыптық кешенді білдіруде қолданылуы керек. Сонымен отбасылық – ғұрыптық фольклор жанрының классификациясы: «үйлену фольклоры», «балалар фольклоры», «жаназа фольклоры», «рәсім» терминдері тар мағынаға ие. Арбау, бәдік, бақсы сарыныжанрларының топтасу себебі жұмбақ емес. Біздің фольклористер олардың діни ғұрыптармен байланысын жақсы түсінді. Бірақ олардың ұқсастықтарының басқа да негіздері бар. Х. Досмұхамедов, А. Байтұрсыновтың «Қалып сөзі» терминін қолданбай, үш терминге тағы «қағу», «үшкіру», «дем салу», «құдайы», «құмалақ ашу» терминдерін қосып, оларды «емдік өлеңдер» деп атады. А.Байтұрсынов «жын шақыру», «құрт шақыру», «дерт көшіру» терминдерін қолданғанын ескеруіміз керек. А.Байтұрсыновқа ұқсап, Х.Досмұхамедов та ғұрыптық әрекетті поэтикалық жанрлардың атауы ретінде қолданған. Жоғарыда аталған сөздер сиқырлы әрекеттерді білдіреді, ол ғұрыптық әрекеттермен байланысты сөз – арбау болып табылады.

Егер барлық арбаулар орыс ғұрыптық фольклорының бір тарауын құраса, қазақ фольклорында керісінше. Бәдік, арбау, бақсы сарыны әртүрлі негіздеріне қарамастан (сиқыр, анимистика, бақсылық) бір практикалық қызмет атқарады – аурудан емдеу. Сондықтан Х.Досмұхамедовтың «емдік өлеңдер» деген термині өте орынды. Дегенмен, бұл өлеңдер жай еместігін, белгілі бір нанымға негізделген өлеңдер екенін ұмытпауымыз керек. Жоғарыда аталған фольклористер еңбектерінен «наурыз», «жарапазан» жанрының қызметі – бәдік, арбау, бақсы сарынының қызметінен басқа болса да діни нанымдар тарауына жататынын көреміз. Бұл біріншіден. Екіншіден, олар күнтізбелігімен ерекшеленеді, үшіншіден «наурыз», «жарапазан» өлеңдерінің сөздері сиқырлы күшке ие емес.

Бәдік, арбау, бақсы сарынын – олардың сөздерінің күшіне сенуі біріктіреді. Бұл сөздер жай емес, олар белгілі бір рәсімдерде, жеке ғұрыптарда қолданылады. Бұл қатарды бата, тілек, қорғау жанрларымен толықтыруға болады. Бірақ біріншіден олардың қызметтері тіпті әртүрлі, екіншіден оларды тек отбасылық ғұрыптарға жатқызуға болады.

Сондықтан, бәдік, арбау, бақсы сарыны өзінің қызметтері бойынша ғұрыптық фольклор жанрының арнайы тобына кіреді. Педагогтың кәсіби педагогикалық қызметінде ұлттық құндылықтарды, кәсіби құндылықтарды, моральдық нормаларды басшылыққа алуы ұрпақ тәрбиесінде ең бірінші кезекте қойылатын талап екендігі даусыз. Егер мұғалімнің кәсіби құндылықтары жоғары болмаса, өз шәкірттері үшін тәрбиелік бағдарламалардың да нәтижесі төмен болар еді.

Зерттеу барысында педагогика сабағын прогрессивті халықтық дәстүр мен фольклор туралы материалдарды қолдану мазмұнымен толықтыру – болашақ мұғалімнің жеке құндылықтарын жетілдіруде дәстүрлер мен фольклордың жақсы әсерін тигізуге мүмкіндік беретініне көзіміз жетті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Б.Уақатов «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы»  
«Қазақтың халық өлеңдері»
- 2.С.Қасқабасов «Қазақ халық прозасы»
- 3.Б.Кенжебаев «Қазақ әдебиеті тарихы»
- 4.М.Сильченко «Қазақ әдебиетінің тарихы»
- 5.М.Әуезов «Қазақ халық әдебиеті»
- 6.А.Байтұрсынов «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті туралы очерктері»

**ӘОК 278.02: 14.35.07**

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНА БЕЙІМДЕЛГЕН БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАРЫСЫ**

Ыбыраимжанов Калибек Турдыгазиевич  
*Педагогика ғылымдарының докторы., профессор,*  
Майлыбаева Гүльмира Сабыровна

*PhD докторы., I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессоры,*

Толегенова Назиля Қуанышғалиевна  
*педагогика ғылымдарының магистрі, Zerde.Didakt компаниясының ғылыми жетекшісі,*  
Талдықорған қ.

**Кілттік сөздер:** Жаңартылған білім мазмұны, болашақ маман, бастауыш сынып мұғалімі, құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, педагог тұлғасы

**Түйіндеме:** Мақала мазмұны жаңартылған білім мазмұнына бейімделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру білім беру барысында қолданылатын әдіс-тәсілдері, әртүрлі іс-әрекеттері, қызметтегі икемділік, ғылыми тұрғыда ұйымдастырылған педагогикалық білім мен дағдының негізінде жүзеге асырылатындығы жөнінде болмақ.

Жаңартылған білім мазмұнына бейімделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, кәсіби құзыреттіліктері қалыптасқан, теориялық тұрғыда алған білімін іс жүзінде қолдануына негіз салатын, кәсіби педагогикалық шеберліктерін шыңдайтын, бастауыш сынып оқушыларымен ұйымдастыратын іс-шаралардың, олармен қарым-қатынасқа түсетін іс-әрекеттердің түрімен, әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Мақала «**Жаңартылған білім мазмұнына бейімделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру**» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.

Қазақстан Республикасының Білім заңында болашақта оның белсенді қайраткері болатын ұрпақпен, олардың білім алып, дамуымен айналысатын мамандарды білімді де, парасатты, шебер де, іскер етіп даярлауға, жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттібаса көңіл бөлу керектігі айтылған[1]. Осы ретте, жаңартылған білім мазмұнына

бейімделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылады.

Бастауыш сыныпта жеке тұлға қалыптасуындағы бүкіл болмысының негізгі ұйытқысы болар педагог ролі зор. Бастауыш сынып оқушысы бойында білім негізін қалайтын, баланың жеке басының дамуын қамтамасыз ететін тұлға ол мұғалім. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру білім беру барысында қолданылатын әдіс-тәсілдері, әртүрлі іс-әрекеттері, қызметтегі икемділік, ғылыми тұрғыда ұйымдастырылған педагогикалық білім мен дағдының негізінде жүзеге асырылмақ. Сондықтан жаңартылған білім мазмұнына бейімделген мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың алатын орны ерекше.

Жаңартылған білім мазмұнына бейімделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, кәсіби құзыреттіліктері қалыптасқан, теориялық тұрғыда алған білімін іс жүзінде қолдануына негіз салатын, кәсіби педагогикалық шеберліктерін шыңдайтын, бастауыш сынып оқушыларымен ұйымдастыратын іс-шаралардың, олармен қарым-қатынасқа түсетін іс-әрекеттердің түрімен, әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылмақ.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық, ғылыми, әдістемелік негіздерін айқындау мәселелері бірқатар ғалымдар еңбегінде көрініс тапқан. Атап айтқанда, С.А.Әбдіманапов, С.Т.Каргин, К.М. Кертәева, Б.Т. Кенжебеков, Б.К.Момынбаев, А.П. Сейтешев, Қ.А. Сарбасова[2-8] ғылыми зерттеулерінің аталмыш мәселе бойынша жүргізген зерттеулерінің маңызды зор.

Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселелері бойынша С.Е.Архипова, Ю.К.Бабанский, Л.В.Занков, Р.М.Қоянбаев, Т.Ш.Домаев, Т.С.Сабыров, М.Н.Сарыбеков, Н.Д.Хмель[9-16] және т.б. зерттеулерінде мұғалімдерді кәсіби даярлаудың теориялық негіздері қарастырылып, педагогикалық жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінің тиімділігін арттыру жолдары айқындалады, ал, О.А.Абдуллина, К.І.Аманкұлов[17-18] т.б. еңбектерінде педагогикалық қабілеттерді қалыптастыру, педагогикалық шеберлікті дамыту, мұғалімдерді педагогикалық іс-әрекетке даярлау мәселелері зерттелген.

Жаңартылған білім мазмұнына бейімделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесін теориялық, әдістемелік, педагогикалық, психологиялық тұрғыдан алсақ та педагогикалық жоғары оқу орындарында бастауыш сынып мұғалімдерін жан-жақты даярлау, кәсіби акмеологиялық шыңға жетуге нық қадам жасау, мамандықтың қыр-сырын ұғыну үшін заманның талабына сай талаптарды ескеру қажеттігінен туындайды.

Тақырыпқа сай зерттеу жұмысын жүргізу барысында, болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру туралы анықтама беретін болсақ «Құзыреттілік» түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде бастау алғандығы келесі ретте берілген. «Кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру» ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының және сипатының кендігімен, «кәсібилік», «жоғары біліктілік», «кәсіби педагогикалық мүмкіндіктер» сияқты ұғымдар жинағы болады.

Жоғарыдағы ғалымдар еңбектеріне теориялық тұрғыда талдау жасай отырып, «құзыреттілік» және «құзырет» сөздерінің арасындағы айырмашылықтарды дәлелдеуге тырысқандығын, «құзыреттілік» – хабардар болу, абырой; «құзырет» – болашақ маманның жеке тұлғалық кәсіби қасиеті мен қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы екендігінің дәлелін айқындайтындығын байқадық.

Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнаға тоғысуы екендігін айтуға болады. Ал, жаңартылған білім беру саласы болашақ маман өз ісінің шебері, креативті мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, этикалық нормалар, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға икемді болуын талап етеді.

Педагог қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын, ортамен, адамдармен, оқушылармен, қарым-қатынасқа тез түсе алатын, коммуникативті, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзыреттілігі қалыптаспақ.

Жаңартылған білім мазмұнына бейімделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық іс-тәжірибе үлкен рөл атқарады. Теорияда алған білімін тәжірибе жүзінде жалғастырып, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға кәсіби тұрғыда бейімделуді қажет етеді. Ал кәсіби тұрғыда бейімделу төмендегі құзыреттілікті меңгеруді талғайды.

Коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы үдерісіндегі мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, «бағдар ету», сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті.

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттілігінің жан – жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан – жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарында қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Білімнің негізі бастауышта бастау алатын болғандықтан, білімнің берік негізін қалау жаңартылған білім мазмұнына бейімделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің қолында екені және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жоғары оқу орындарында болашақ мамандарға берілетін теориялық білімді іс-тәжірибемен байланыстырудың маңызы зор.

Болашақ бастауыш мектеп мамандарын дайындайтын стандартта «Бастауыш оқыту педагогика және әдістемесі» мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білімді маманды даярлау деңгейіне қойылатын талаптарда қоғамдық-әлеуметтік ғылым негізін білуі, әлеуметтік маңызды мәселелер мен үдерістерді талдай және салыстыра алуы, адамның адаммен, қоғаммен, қоршаған ортамен қарым-қатынасын реттеп отыратын этикалық және заң нормаларын білуі оқушылардың жас ерекшелігі физиологиясының ерекшеліктерін білуі, бастауыш оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін, педагогика ғылымына қатысты негізгі материалдарды білуі қажет.

Жаңартылған білім мазмұнының тұрақты бөлігінде мектептің түріне, оқыту тіліне, бағдарына қарамай міндетті түрде оқытылатын пәндер жиынтығы. Әрине, білім мазмұнының тұрақты бөлігі жеке тұлғаның және мектептің мүддесін ұштастырады.

Бастауыш білімнің жаңартылған мазмұнына жүргізілген талдау инновациялық өзгерістердің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді:

- бастауыш білімнің қызметтік және нысаналы нұсқауы өзгертілген, яғни оқу қызметінің қалыптасуы негізінде оқушылардың тұлғасын тәрбиелеуге жұптық, топтық жұмыстар қамтамасыз етеді;

- бастауыш жаңартылған білім мазмұны жеті модуль, бестен елу әдіске дейінгі әдістер нормаларды игеруге бағытталған, олардың қалыптасуында алатын орны ерекше;

- бастауыш білім мазмұнындағы дамушы қызметтің басымдылығы жаңа оқыту технологияларының негізгі идеяларын жүзеге асырады;

Сондықтан қазіргі заман мұғалімі қоғамдық дамудың деңгейінен көрінетін, оның әлеуметтік парызына жауап беретін, жаңалыққа жаны сергек, педагогикалық құбылыстардың барысын идеялық адамгершілік тұрғысынан шеше алатын, жаңаша ойлау дағдысын меңгерген,

балалардың талапкерлігі мен қабілетін, өздігінен еркін дамуын ұйымдастыра алатын, әрі шығармашылықпен еңбек ете алатын, кәсіби шеберлігі дамыған шығармашыл мұғалім қажет.

«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық кадрларды даярлауда, білім беру жүйесін жаңартуға байланысты және бастауыш оқытудың бәсекеге қабілетті мамандарын даярлауға бағытталған құндылықтардың жаңа жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туындаған мәселе жан-жақты маман дайындау мәселесін жүзеге асыру болмақ.

Қорыта келгенде зерттеу барысында алынған теориялық қағидалар барысында қол жеткен нәтижелер мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. Бүгінгі таңда жаңартылған білім мазмұнына бейімделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру білім беру жүйесінің алдына құзыреттілігі жоғары, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау міндеті қойылып отыр, сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қазіргі заман талаптарына сай даярлау мәселесі көкейкесті болып табылады.

2. Қоғамның заманауи даму жағдайында жаңартылған білім мазмұнына бейімделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында пайдаланудың мүмкіндіктері ашылды.

3. Біз жасаған Жаңартылған білім мазмұнына бейімделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісінің нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 ҚР «Білім туралы» Заңы // Егеменді Қазақстан. – Астана, 2007.
- 2 Әбдіманапов С.Ә. Теория и практика совершенствования университетского образования: дис. ... докт. пед. наук. – Караганда, 1999. – 336 с.
- 3 Каргин С.Т. Влияние профессионального взаимодействия в вузовском педагогическом үдеріссе на качество подготовки у будущих учителей: дис. ... докт. пед. наук. – Алматы, 2000. – 272 с.
- 4 Кертаева К.М. Студенттің деонтологиялық дайындығы хақында // ПМУ хабаршысы. – Павлодар, 2005. - № 1.
- 5 Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: дис. ... докт. пед. наук. – Караганда, 2005. – 267 с.
- 6 Момынбаев Б.К. Теоретические основы профессиональной подготовки инженера–педагога в сельхозвузе: дис. ... докт. пед. наук. – Екатеринбург, 1991. – 321 с.
- 7 Сейтешев А.П. Профессиональная направленность личности: Теория и практика воспитания. – Алматы: Наука, 1990. – 332 с.
- 8 Сарбасова К.А. Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіру: пед.ғыл.канд. ... автореф.: 16.04.05. - Қарағанды, 2005. – 30 б.
- 9 Архипова С.Е. Подготовка будущего учителя к руководству развития математического мышления младших школьников: автореф. ...канд.пед.наук.: 19.12.1985. - М.: МГПУ им.В.И.Ленина, 1985. - 16 с.
- 10 Бабанский Ю.К. Оптимизация үдерісса обучения. Общедидактический аспект. - М., 1977. - 254 с.
- 11 Занков Л.В. О начальном обучении. – М., 1963. - 199 с.
- 12 Қоянбаев Р.М. Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі факультетінде // Бастауыш мектеп. – 1997. - №1. - Б. 10-11.
- 13 Домаев Т.Ш. Теория и практика подготовки учителей начальных классов в системе высшего педагогического образования. - Ташкент, 1988. - 148 с.

14Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімдерді даярлаудың теориялық негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. - Алматы, 1996.

15Сарыбеков М.Н. Теория и практика экологической подготовки будущего учителя начальных классов. - Алматы, 1997. - 152 с.

16Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. - Алматы, 1998. - 320 с.

17Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. - М., 1990. - 141 с.

18Аманқұлов К.І. Педагогикалық практика барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіптік шеберлігін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... автореф.: 02.07.04. - Алматы: ҚазҰПУ, 2004. - 20 б.

УДК

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОНЯТИЯ И СУЩНОСТИ ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ КОМПЛЕКСОВ У ЧЕЛОВЕКА

Д.Р.Муталиева, к.п.н., ассоциированный профессор  
Атырауский университет имени Халела Досмухамедова  
г.Атырау

Н.Б.Кайрлиева – докторант  
Казахский Национальный педагогический университет им.Абая  
г.Алматы

*Ключевые слова:* психологический комплекс, психоанализ, бессознательное, комплекс неполноценности, комплекс превосходства, неадекватная самооценка, психологическая защита.

### Түйіндеме

Мақалада ғалымдардың зерттеулеріне негізделген психологиялық комплекске теориялық талдау жасалған. Факторлары, олардың пайда болуы мен даму себептері анықталады.

### Summary

The article presents a theoretical analysis of the psychological complex based on the research of scientists. Factors, causes of their occurrence and development.

В качестве изначального пункта в научной характеристике психологического комплекса обоснованно используется определение его понятий. Мы обратились к словарным источникам, в которых дано описание понятия комплекса.

В словаре-справочнике М.Кордуэлла психологический комплекс представлен системой идей или представлений, наделенных эмоциональным зарядом. Человек, обладая тем или иным комплексом, заостряет свое внимание на чувствах, эмоциях или идеях и испытывает эмоциональное расстройство, когда пытается в них разобраться [1].

В словаре по психоанализу В.Лейбина дано следующее определение: комплекс - этосовокупность бессознательных представлений, эмоционально окрашенных воспоминаний, связанных между собой ассоциацией, разнообразных личностных черт, специфических и общезначимых переживаний, возникающих у человека на основе межличностных отношений [2].



В словарях наиболее полно отражается специфика понятия комплекса, как совокупности отдельных психических процессов и части психической конституции человека и более всего бессознательной структуры психики.

Успешные попытки системного изложения понятия и сущностных особенностей комплекса проведены в работах З.Фрейда, К.Юнга и А.Адлера.

Австрийский психолог, психиатр, невролог и основатель психоанализа Зигмунд Фрейд рассматривает комплекс как «группу представлений, связанных с ним аффектом», как совокупность взаимосвязанных и неразделимых элементов, вытесненных в предсознательную или бессознательную область психики. Комплексы образуются небольшими порциями, затем они перерастают в большие психические образования, проявляясь в виде эмоций, негативов, стрессов, которые при неблагоприятных условиях образуют патологические состояния психики [3].

Швейцарский психиатр, основоположник аналитической психологии Карл Густав Юнг рассматривает комплекс как сплав аффективно-эмоциональных переживаний. «Комплексы – это ... психические величины, которые лишены контроля со стороны сознания. Они отщеплены от него и ведут особого рода существование в темной сфере души, откуда могут постоянно препятствовать или же содействовать работе сознания» [4, с.94].

Указывая воздействие негативных особенностей комплексов, Юнг отмечает, что они могут стать движущими стимулами к достижению успехов в полезных делах.

Весьма полезными для нас явились результаты исследований австрийского психолога, психиатра и мыслителя Альфреда Адлера. В теории индивидуальной психологии он выделяет понятия «комплекса неполноценности» и «комплекса превосходства», как двух крайне неадекватных психологических свойств, присущих одному человеку. В совокупности оба понятия означают стремление человека компенсировать чувство собственной недостаточности чувством превосходства.

В результате изучения был получен материал, анализ которого позволяет заключить, следующее. А.Адлер рассматривает «комплекс неполноценности» у человека как проявление собственной недостаточности, ущербности, ненужности и несостоятельности в окружающей среде в силу влияния жизненных трудностей, что влечет недовольство над собой. Человек неуверен в себе, он неспособен к позитивному развитию творческих сил и дарований, плохо приспосабливается к условиям жизни и общества.

Несомненная важность идеи Адлера в том, что человек должен устранять в собственном поведении чувство неполноценности и обретать уверенность в чувстве превосходства.

Проявления у людей «комплекса неполноценности» своеобразны. В одних случаях, человек проявляет демонстративное или агрессивное поведение, скрывая свои слабости или недостатки, в других – он избегает людей, так как боится осуждения и разговоров.

Во всех этих случаях человек получает заряд нервозности, что ведет к разрушению нервной системы. Независимо от того, что испытываемые человеком негативные чувства вытеснены, он остается неудовлетворенным собой. Сверхкомпенсация как защитная функция пробуждает непревзойденность собственного «Я», вносит перемены для достижения реального или мнимого успеха [5].

Он компенсирует физические недостатки или дефекты, приобретенные в детские годы путем реализации самого себя в интересных и творческих видах деятельности. Ежедневные тренировки над физическими недостатками ведут к достижению высоких показателей вплоть до совершенства. В качестве примера приведем Демосфена, который с детских лет страдал заиканием, но стал выдающимся оратором. Вильма Рудольф с физическим недугом трижды завоевывала золотые олимпийские медали по легкой атлетике. Теодор Рузвельт в детстве рос слабым и болезненным мальчиком, но с возрастом обрел подтянутую физическую форму.

Собственные наблюдения в этом плане показали, что в жизни случаются истории с «гадким утенком», впоследствии ставшим красивым молодым человеком. Или девушка, с укороченной ногой научившись танцевать, выступает перед зрителями на сцене.

Если у человека в излишней степени проявляется чувство превосходства, то это ведет к чрезмерной увлеченности собой, тщеславию, самомнению и коварству. Он готов всех обвинять, стремится к господству над другими, представляя себя преуспевающим человеком, поддаваясь иллюзии и высокой самооценке. В других случаях человек прибегает к бегству, скрывается от людей, занимается исключительно своими делами, разрывая отношения с окружающими, тем самым стремится показать себя творческой и уникальной личностью. Чаще всего такое поведение присуще людям, страдающим неврозом. Невротическая личность создает собственный воображаемый мир, в котором чувствует себя выдающейся личностью, он маниакален и придирчив к окружающим.

В своей концепции А.Адлер утверждает, что чувство неполноценности приобретает в зависимости от условий существования в человеческой среде. Это чувство присуще, в первую очередь, невротической личности, но и не является расстройством психики для здорового человека. Данное чувство способствует здоровому развитию психики человека, достижению им успехов в жизни. Потому А.Адлер писал: «Люди стараются компенсировать чувство собственной недостаточности, вырабатывая свой уникальный стиль жизни, в рамках которого они стремятся к достижению фиктивных целей, ориентированных на превосходство или совершенство» [5, с.503].

Психоаналитические работы З.Фрейда, К.Юнга и А.Адлера показали, как в детском или юношеском возрасте «созревают» психологические комплексы, которые затем закрепляются во взрослом периоде жизни. Следовательно, комплекс является сложным психическим процессом, развивающимся на протяжении всей жизни человека и представляющий собой совокупность психических элементов (идей, мнений, отношений, убеждений), находящихся в тесном соединении чувств, эмоций, воображения и мышления у человека.

Анна Фрейд, изучавшая теорию и практику детского психоанализа, видит в комплексе совокупность эмоционально окрашенных элементов (мыслей, интересов, установок), сложившихся в раннем детстве и вытесненных в бессознательное с тем, чтобы оказывать воздействие на актуальную психическую жизнь индивида [6].

Психологический комплекс рассматривается как элемент внутриличностного конфликта, осознано или неосознанно выраженный в эмоциональном состоянии и связанный с использованием таких механизмов психологической защиты, как сублимация, проекция и вытеснение.

Еще З.Фрейдом были разработаны механизмы психологической защиты человека, одним из которых является сублимация. Он снимает внутреннее напряжение с помощью перенаправленной энергии на достижение социально приемлемых целей. В этом плане чувство неполноценности ведет к борьбе за достижение превосходства, власти над окружающими, совершенствованию самого себя. Данное чувство становится двигательной функцией, мотивацией в выполнении общественно-полезного труда. К примеру, Наполеон, имевший маленький рост, становится великим полководцем, а для вида он всегда носил удлиненную шапку. Невзрачный, незаметный с виду актер или ученый благодаря упорному труду становится великолепным артистом или выдающимся ученым.

Представитель гуманистической психологии Абрахам Маслоу говорит о том, что в личностном росте для достижения вершины своей творческой деятельности человек должен стремиться к самосовершенствованию, применять весь свой потенциал. Однако существуют препятствия для развития самоактуализации, когда начинается зарождаться «комплекс Ионы». Человек чувствует опасность в среде, он робок, уязвим, а процесс личностного роста требует постоянной готовности рисковать, отказываться от удобных привычек, мужества и выдержки. Данный комплекс ведет к враждебности по отношению к самостоятельным личностям, достигнувших успехов в жизни [7].

Психоаналитик Карен Хорни рассматривает «комплекс маскулинности» как продукт мужского доминирования в культуре и характерных особенностях динамики семьи девочки [8].

Комплексы оказывают огромное влияние на поведенческую сферу личности. Качествами конкретного комплекса называют свойства, присущих самому комплексу как таковому или сам комплекс.

1. Қуанбаева Б.У., Тумышева А.А, Ғайнеденов Н. Ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың танымдық –іс әрекетін қалыптастыру. Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының 50 жылдығына арналған «Жас ғалым -2017» атты VI халықаралық ғылыми практикалық конференциясы материалдары, Б. 45-47. 30 наурыз, 2017ж

2. Қуанбаева Б.У., Рахметова М.Т., Шамарова А Дәстүрлі емес физика сабақтарында ұлттық құндылықтарды қолданып есептер шығару«Физика -математика ғылымдарының қазіргі білім беру кеңістігіндегі рөлі»-атты V халықаралық ғылыми- практикалық конференцияның материалдары, Атырау, 2017, 06-07сәуір. Б.140-143.

3. Мураткалиева А.Н Сұйықтар мен газдардағы қысым тақырыбын демонстрациялық эксперименттер көмегімен түсіндіру. Қазақстанның ғылымы мен өмірі, халықаралық ғылыми журналы, 2018. № 6 (66). Б. 122-127.

УДК 373(07):5А2

## СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ФОРМИРОВАНИЮ УПРАВЛЕНЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ВЫПУСКНИКОВ

Набидоллина Ш.С. — к.п. н., доцент

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

*Ключевые слова:* компетентность, ИКТ-компетентность, управленческая компетентность, менеджмент.

*Резюме* В статье рассматриваются используемые определения компетентности, проводится анализ научно-педагогической и психологической литературы по исследуемой теме, представлены современные подходы к формированию управленческой компетенции выпускников педагогических факультетов .

*Кілт сөздер:* құзыреттілік, АКТ- құзыреттілік, басқару құзыреттілігі, менеджмент

*Резюме:* Мақалада қолданылып жүрген құзыреттілік ұғымдарына анықтама берілген, зерттеліп жүрген тақырып бойынша ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиетке талдау жасалған, педагогикалық факультет студенттерінің басқару құзыреттілігін қалыптастырудың қазіргі жолдары көрсетілген.

**Keywords:** competence, ICT competence, managerial competence, management.

**Summary:** The article examines the definitions of competence used, analyzes the scientific, pedagogical and psychological literature on the subject under study, and presents modern approaches to the formation of managerial competence of graduates of pedagogical faculties .

Динамичный рост экономики республики Казахстан, решение задач по вхождению Казахстана в число 50-ти конкурентоспособных стран требуют дальнейшего развития и совершенствования системы высшего профессионального образования, подготовки высококвалифицированных конкурентоспособных профессиональных кадров, соответствующих требованиям внутреннего и международного рынков труда.

В современных условиях обществу необходимы квалифицированные, профессионально компетентные, творчески мыслящие, способные принимать оперативные решения специалисты.

Работодатели ужесточают требования к навыкам работников, к недостаточному уровню их образования и слабым профессиональным навыкам выпускников, поэтому наблюдается большой приток иностранных специалистов, привлеченных на работу в Казахстан. Острой остается проблема трудоустройства выпускников, которая усугубляется также слабой информированностью потребителей и недостаточно четко структурированным рынком труда.

Для повышения качества подготовки и конкурентоспособности кадров проводится переориентация обучения в высших учебных заведениях не только на усвоение определенной суммы знаний, но и на профессиональное развитие личности, ее познавательных и созидательных способностей.

Формирование управленческих компетенций становится одной из основных задач процесса обучения студентов педагогических факультетов высших учебных заведений.

Компетентность — это личностная характеристика, целесообразность введения понятия "профессиональная компетентность" обусловлена широтой его содержания, интегративной характеристикой, объединяющей такие понятия, как "профессионализм", "квалификация", "профессиональные способности" и др.

Осуществленный нами анализ научной педагогической и психологической литературы показывает, что компетентность это сложное, многокомпонентное, междисциплинарное понятие. В литературе признаки проявления компетентности описываются с помощью слов «эффективность», «адаптивность», «достижение», «успешность», «понимание», «результативность», «владение», «качество» и «количество».

Адольф В.А. выделяет мотивационный, целеполагающий и содержательно-опережающий компоненты:

-мотивационный компонент профессиональной компетенции учителя детерминирован системой его побудительных сил, определенных потребностей, притязаний, поощрений;

-целеполагающий компонент профессиональной компетенции учителя включает в себя доминанту его педагогического менталитета и мировоззрения, систему его личностных смыслов, содержание которых ориентировано на изменение ценности педагогической деятельности;

-содержательно-операционный компонент в профессиональной компетентности характеризует его как творца, исследователя, конструктора.

Профессионально-педагогическая компетентность, по мнению Кузьминой Н.В., состоит в осведомленности в специальной, методической и психологической областях

Нам близко определение профессиональной компетентности, данное Ситаровым В.А., который трактует ее как сложное образование, включающее комплекс знаний, умений, свойств и качеств личности, обеспечивающее вариативность, оптимальность и эффективность построения учебно-воспитательного процесса. Профессиональная компетентность, по его мнению, включает систему органически связанных друг с другом частных видов компетентности: методологической, специальной, педагогической, психологической и методической

Хуторский А.В. предлагает следующие основные ключевые компетентности: ценностно - смысловую, общекультурную, учебно - познавательную, информационную, коммуникативную, социально- трудовую, личностную.

Байденко В.И. определяет профессиональную компетентность как готовность и способность целесообразно действовать в соответствии с требованиями дела, методически организованно и самостоятельно решать задачи и проблемы, а также самооценивать результаты своей деятельности.

В работах Валеевой Н.Ш. приводится современное понимание управленческой компетенции как выражение зрелости и развитости всей системы социально-значимых личностных характеристик, реализуемых в индивидуальной управленческой деятельности

Анализ управленческой компетенции выпускников показывает, что она имеет синтетическую природу, которая определяет готовность и способность выполнять управленческие функции в соответствии с принятыми стандартами и требованиям по управлению.

При обучении студентов мы убедились, как важно учитывать специфику и динамику изменения структуры содержания высшего профессионального образования, которая должна быть направлена на формирование профессиональной компетентности, повышение интеллектуального потенциала, образовательного и профессионального уровня выпускников, способных не только освоить, но и творчески использовать современные достижения научно-технического прогресса.

Компетентность формируется в деятельности, поэтому мы предлагаем подготовку выпускников к управленческой деятельности строить на основе формирования его ИКТ-компетентности.. Это позволит нацелить подготовку на формирование личности будущего педагога, умеющего ориентироваться и принимать обоснованные решения в информационной

среде, владеющего приёмами творческой деятельности и способного не только усваивать готовое знание, но и генерировать новое.

Курманалина Ш.Х. обосновала методологию и технологию создания электронной методической системы по методике обучения математике в начальных классах. Эффективность данного подхода связана с применением компьютера, непосредственно встроенного в управление учебным процессом в педагогических колледжах, как информационно-обучающей среды. Под информационно-обучающей средой понимается совокупность условий, способствующих возникновению и развитию процессов интерактивного взаимодействия между обучаемым, преподавателем и средствами информационно-коммуникационных технологий, а также формированию профессиональной компетентности обучаемого, при условии заполнения компонентов среды предметным содержанием.

Модульный подход к структурированию учебного содержания педагогического менеджмента позволил использовать сочетание информационных и развивающих технологий обучения. Перевод учебного материала в модули и учебные элементы, выявление дидактических целей определило выбор типов и форм учебных занятий, методов обучения и форм организации познавательной деятельности студентов. Представленные модули основаны на методологии системного, структурного, личностно-ориентированного подходов.

Эффективной является работа с применением активных методов обучения. На начальном этапе развивается интерес студентов к информационным и коммуникационным технологиям, СМИ, литературе по педагогике и психологии и педагогическому менеджменту. Всесторонне поддерживается стремление студентов к овладению современными способами получения информации, направленность на ИКТ.

Понимание сущности формирования профессиональной ИКТ-компетентности осуществляется через объяснение структуры электронных учебных пособий и требований к их построению, отличительных особенностей дистанционного образования, создание необходимых условий для овладения знаниями сущности методов обучения. Апробируются различные подходы к выбору методов сбора, анализа систематизации учебной информации. Поддерживается интерес студентов к систематизации предметных и межпредметных знаний, стремление к структуризации и алгоритмизации содержания предмета, направленность на профессиональную деятельность

Применение по образцу способствуют формированию профессиональной ИКТ – компетентности через создание фрагментов- электронных учебных пособий, разработку материалов дистанционного обучения, разработку уроков с использованием мультимедийных средств обучения.

Творческое применение способствует формированию управленческой компетентности через выбор педагогических технологий, наиболее активно взаимодействующих с информационными, создание оригинальных электронных учебных пособий, создание собственных образовательных Интернет-ресурсов, овладение способами реализации функциональных возможностей ИКТ, овладение педагогическими способами анализа качества знаний по педагогическому менеджменту с использованием ИКТ, разрабатывает наукоемкие педагогические программные продукты.

В результате исследования у выпускников формируются следующие компоненты ИКТ-компетентности: нахождение информации с использованием ресурсов Интернета, создание презентации с использованием анимации, гипертекстов, построение диаграмм. Студенты проектируют интерактивное взаимодействие, овладевают способами анализа и переработки учебной информации, педагогике, психологии, стремятся к поиску новых форм творческого взаимодействия.

### **Список использованной литературы**

1. Адольф В.А. Профессиональная компетентность современного учителя // Монография. Красноярск .1998г.- С. 310.
2. Байденко В.И. «Болонский процесс- курс лекций» // Москва.2004. «Логос».- С.208.

3. Кузьмина Н. В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения // Москва.- С.127.

4. Курманалина Ш.Х. «Методология и технология создания электронной методической системы в условиях информатизации образования» // Монография. Алматы. 2002. Издательство «Алем». – С.316

5. Ситаров В. А. Формирование методической компетентности будущего учителя // Изд. МПГУ им. Ленина, 1989г. с. 74-81.).

6. Хуторской А. В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты // Доклад на отделении философии образования и теории педагогики РАО.-Центр «Эйдос».2002.

7. Валеева Н.Ш. Профессионализм специалиста социальной работы: компетентностный поход // -Казань, Издательство Казан. Гос.технол.унив-2008г.- С.230

## **II.«МӘҢГІЛІК ЕЛ», «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ», «РУХАНИ ЖАҢҒЫРТУ» БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МӘНЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ**

### **II. ЭТНИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ В КОНТЕКСТЕ РЕАЛИЗАЦИИ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИДЕЙ ПРОГРАММ «МӘҢГІЛІК ЕЛ», «СЕМЬ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ», «РУХАНИ ЖАҢҒЫРТУ»**

## **2.ЛОГИКА ВНЕДРЕНИЯ РЕЗУЛЬТАТОВ ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В СИСТЕМУ ОБРАЗОВАНИЯ**

**Модераторы:** д.п.н., профессор **Иманғалиев А.С., п.ғ.к., Базарғалиев Ғ.Б.**  
**Аудитория:** ГУК 201

**ӘОК 37-005**

### **ОТАНСҮЙГІШТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДА ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

А.С. Иманғалиев педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау университеті

А.С.Нигметова, PhD докторы "Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы"  
Атырау музыка колледжі", Атырау қаласы

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті  
(Атырау, Қазақстан)*

#### **Аңдатпа**

Мақалада мектеп оқушыларының бойында отансүйгіштік құндылықтарды дамыту мәселесін зерделей барысында елбасының жолдауларындағы, тәрбие тұжырымдамасында, ғалымдардың еңбектеріндегі қамтылған патриоттық тәрбие беру мәселесіне жан жақты тоқталады. Мектеп оқушыларының бойында отансүйгіштік құндылықтарды дамытуда тұжырымдамадағы патриоттық тәрбие берудің мәселесіне тоқтала келе, мақсаты, міндеттері,

мазмұны ашылып қарастырылған. Патриотизм, патриоттық тәрбие, ерлік тәрбиесі, жауынгерлік тәрбие, патриоттық құндылық, ұлтжандылық, Қазақстандық патриотизм, жалпыазаматтық патриотизм ұғымдардың мәніне тоқталады.

Түйін сөздер: патриотизм, патриоттық тәрбие, ерлік тәрбиесі, жауынгерлік тәрбие, патриоттық құндылық, ұлтжандылық, Қазақстандық патриотизм, жалпыазаматтық патриотизм.

### **Аннотация**

*В статье всесторонне рассматривается важность патриотического воспитания и развития чувства патриотизма среди учащихся школ в ходе изучения послания Президента, воспитательной концепции, работ ученых о патриотическом воспитании. Остановившись на вопросе проведения патриотического воспитания в развитии среди учащихся школ, в концепции раскрыты цель, задачи и содержание. В статье заостряется внимание на смысле и значении патриотизма, патриотического воспитания, воспитании мужества и героизма, значимости патриотизма, любви к своему народу, казахстанской земле и гражданственности. Ключевые слова. патриотизм, патриотическое воспитание, воспитание мужества, воспитание героизма, значимость патриотизма, любовь к своему народу, любовь к Казахстану, гражданственность.*

### **Abstract**

*The article extensively considers the importance of patriotic education and development of sense of patriotism among school pupils in the course of study of the President's message, educational conception, and scientists' works about patriotic education. During development of patriotism among pupils in concept objective, mission and content were described. The article is focused on the meaning of patriotism, patriotic education, education for courage and heroism, importance of patriotism, love for the nation, Kazakhstani land, and civic consciousness.*

*Keywords: patriotism, patriotic education, education for courage, heroism, importance of patriotism, love for the nation, love of Kazakhstan, civic consciousness.*

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиялық жолдауында «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтанш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс» – деп атап көрсетеді [1].

Президент «жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі», – деп жеті бағытты ұсынып отыр: жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, барлық этностар азаматтарының тең құқықтылығы, қазақ тілі және тілдердің үштұғырлылығы, мәдениет, дәстүрлер және даралық, ұлттық интеллигенциясының рөлі, ХХІ ғасырдағы Қазақстандағы дін, болашақтағы Қазақстан.

«Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұратқылдық. Балалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз», – деп бүгінгі жастарды ата тарихты, ұлттық дәстүрлерді жалғастырып, Ұлы дала елі», «Мәңгілік ел» идеясын жалғастырудың белсенді мүшесі болуына шақырады [1].



Президентінің зерделеуі бойынша «Қазақ-стандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі атамекеннің иесі – қазақ халқы өз мойнына алуы керек. Өйткені халқымыз ұлтаралық жарастықты, сыртқы дүниемен өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыра алса ғана өзінің өркениетті мемлекетіне ие бола алады», – деген тұжырымы бүгінгі еліміздегі бірлік, тыныштық, тәуелсіздік, келісім қазақ халқының бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ерлік, шыдамдылық, кенпейілділік құндылықтарға байланысты екеніне баса баға беріледі.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты қазақстан халқына жолдауында қазіргі қоғамдағы қалыптасқан негізгі ұлттық идея: *бірінші*, еліміздегі тәуелсіздіктің тұрақты және баянды болуы, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарау; *екінші*, «... бар-ша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігерін жұмсауымыз керек»; *үшінші*, ұлттық ділімізді (менталитетіміз) сақтау; *төртінші*, экономикалық қарқынды даму және әлемдік техникалық прогрестен орын алу; *бесінші*, барлық халықтардың тілі, діні, мәдениеті, әдет-ғұрпы, т.б. еркін дамуы қарастырылады [2].

Патриоттық тәрбие беру мәселесі Қазақ-стан Республикасының Президентінің Қазақстан Республикасына азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламаларында, білім беру мекемелерінде тәрбие берудің кешенді бағдарламасында, Қазақстан Республикасы мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамасында жан-жақты ашылып көрсетіледі, негізгі бағыттарын айқындайды.

Бүгінгі ұсынылып отырған «Ұлы Дала Елі» және «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеялары тұлғаның бойындағы ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға негіз болады.

Сонымен қатар, тұлғаның бойында патриоттық құндылықтарды дамыту тәрбие тұжырымдамасында негізгі бағыт болып табылады. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде тәрбие жұмысының келесі 8 бағыты ұсынылады: Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие; рухани-адамгершілік тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасы тәрбиесі; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі; көп-мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Мектеп оқушыларының бойында отан-сүйгіштік құндылықтарды дамытуда тұжырымдамадағы бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбиенің мақсаты, міндеттері, қағидаларын, бағалау критерийлерін негізге алдық. Бұл бағыттың мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптастыруға, тұлғаның саяси мәдениетін дамытуға ықпал ету, балалар мен жастардың құқықтық мәдениетін, құқықтық санасын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға; ҚР Конституциясына, заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; елдегі ұлтаралық және конфессия аралық келісімге, халықтар достығына; өз елінің экономикалық және әлеуметтік мәдени даму саласындағы және әлемдік аренадағы жетістіктеріне; басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына; өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне; құқықтық біліміне; заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; құқықтың әлеуметтік құндылықтарына құрметпен қарауы, мақтаныш сезімінің болуы және жауапкершілік танытуы [3].

Мектеп оқушылардың бойында отансүйгіштік құндылықтарды дамытудың ғылыми негіздерін айқындау барысында патриоттық тәрбие мәселесіне мемлекет тұрғысынан аса мән берілетіні және осы тақырыпты зерттеген ғалымдар да көптеп табылады. Патриотизм, Қазақстандық патриотизм, ерлік тәрбиесінің ғылыми-теориялық тұрғыда зерттеген М.В. Зима, К.Құнантаева, С.Ешімханов, И.Р. Халитова, Е.Ө.Жұматаева, С.Т. Иманбаева, Р.Мұратханова, Н.Ә. Мұхамединова т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Профессор С.Т. Иманбаева «Патриоттық тәрбие берудің теориясы мен практикасы» атты монографиясында патриоттық тәрбиенің барлық бағыттарын нақтылайды:

Патриотизм – халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігімен қатар, әлемдік дамудың тыныштығы мен бейбітшілігін сақтау үшін барлық күш жігерін



жұмсауға ұмтылу, Отан үшін қызмет етуге дайын, шын берілген, Отанға деген сүйіспеншілік қасиеті. Патриотизм – ең жоғарғы сезім, өзгермейтін құндылық және таусылмайтын бастау.

Ұлтжандылық – ұлттық патриотизм. Ұлт- жандылық дегеніміз – елі мен жері, халқының бостандығы және мемлекет ретінде жер бетінде сақталуы үшін, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу. Ұлтжандылықты қазақ патриотизмі деп те қарастыруымызға болады. Ұлтжандылық – ұлт бостандығы, елі мен жерінің тәуелсіздігі, білім мен ғылым, мәдениет, спортта әлем сатыларының биік шыңынан көрінуі негізгі ұстаным болып табылады.

Қазақстандық патриотизм – Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік биіктен көріну үшін білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілік, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау.

Патриоттық тәрбие – конституциялық және құқықтық нормаларды, патриоттық идеяларды насихаттау, туған елге, салт- дәстүрге, тілге деген құрметті, Отан алдындағы парыз, сүйіспеншілік, адалдық, мақтаныш сезімін қалыптастыру, мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтауға, Отанды қорғауға дайын тұру.

Ерлік тәрбиесі дегеніміз – ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрі негізінде оқушылардың ерік-жігерін, табандылық, батылдық қасиеттерімен бірге ұлттық сана, парыз, намысты қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бүгінгі күн тұрғысынан алып қарайтын болсақ, егемен еліміздің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың санасына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты ендіру.

Жауынгерлік тәрбие – қазақ халқының көшпелі тіршілігіне байланысты – тұтас қазақ қолының жауынгерлік сипаттағы әзірлігін үзбей ұстауы, елін, жерін, тәуелсіздігін үнемі қорғауға дайын тұруды қамтамасыз ету. Қазір әскери тәрбие мағынасында беріледі.

Қазақстандық патриотизм – Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік биіктен көріну үшін білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілік, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау [5].

Ғалым ғылыми еңбектерді зерделей келе, патриотизмді қалыптастыруға себін тигізетін қасиетті белгілер: ұлттық сана-сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, парыз, намыс, бірлік және міндет. Патриотизм сапа, сенім тұрғысынан негізделіп, сезім арқылы көрініс береді. Ұлттық парыз, мақтаныш, намыс, сезім, сана, рух, т.б. құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады.

Бүгінгі жаһандандыру үрдісі тұрғысынан алатын болсақ, патриотизм ұғымы – халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігімен қатар, әлемдік дамуының тыныштығы мен бейбітшілігін сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау. ХХІ ғасыр ұрпағын тәрбиелеуде ұлттық мәдениет пен өркениеттік даму үрдісіне зара сабақтастыра отырып тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыруымыз керек. Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылық қазақ патриотизмі (ұлттық патриотизм), Қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық патриотизм арқылы көрініс бере отырып, тұлғаның бойында құндылықтың жоғары көрсеткіштері – парыз, намыс, ұлттық тарих, ұлттық салт-дәстүр, сезім, таным, ұлттық рух, т.б. қалыптасады. Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі көзі – отбасы, әулет, әлеуметтік орта, аймақ, мемлекет, әлемдік кеңістік. Осы тұрғыдан алып қарағанда патриотизм – тұлғаның бойындағы сапалық белгі. Патриоттық құндылықтар негізінен патриоттық сезім, патриоттық таным, патриоттық сана, патриоттық болмыс, т.б. қамтиды. Психологиялық тұрғыда патриоттық құндылықтар сапаға айналып, іс-әрекет (тұлғаның “мені”) тұрғысынан көрініс беруі қажет, – деп атап көрсетеді [5].

Мектеп оқушыларының бойында отансүйгіштік құндылықтарды дамытудың ғылыми негіздерін зерделеу барысында байқағанымыз, бүгінге дейін зерттелген ғылыми жұмыстар патриоттық тәрбие жұмысын жетілдіруге негіз болады. Қоғамда қалыптасқан «Ұлы Дала Елі» және «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеялары ұлттық білім беру жүйесінің негізгі қағидасы болып табылады.

### *Пайдаланылған дерек көздерінің тізімі*

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптас- қан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан
2. Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев- тың Қазақстан халқына жолдауы //Ақиқат. №1, 2013. – 5 - 27 бб.
3. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақ- стан» атты қазақстан халқына жолдауында
4. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21б. Қазақстан Республика- сының Білім және ғылым министрінің 2015 жыл- ғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген.
5. Қазақстан Республикасы мектеп оқушы- ларына патриоттық тәрбие берудің тұжырым- дамасы. – Алматы, 2005. – 25 бет.
6. Иманбаева С.Т. Патриоттық тәрбие берудің теориясы мен практикасы. Монография. – Алма- ты: Полиграф – Сервис. 305 бет.

**ӘОК37.013.83**

## **ЕРЕСЕКТЕРГЕ АНДРАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Меңлібекова Г.Ж.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

*Key words: andragogical education, ethnoculture, adult, human capital, ethnocultural competence*  
*Summary. The article examines the ethnocultural features of andragogical education of adults. The essence of the concepts «andragogic education», «ethnocultural competence»*

*Ключевые слова: андрагогическое образование, этнокультура, взрослый, человеческий капитал, этнокультурная компетентность*

*Резюме. В статье рассматриваются этнокультурные особенности андрагогического образования взрослых. Раскрывается сущность понятий «андрагогическое образование», «этнокультурная компетентность»*

Қоғамдық сындарлы сананың жасампаз жаңғыру үдерісімен үйлесімді үндесетін цифрлық технологиялар дәуіріндегі жүйелі желілік кеңістікте андрагогикалық білім берудің кең мүмкіндіктерінің айқындалып отырғаны білімге негізделген жаңа әлеуметтік болмыс пенинновациялық экономиканың ресурстық, зияткерлік, қаржылық т.б. әлеуетімен тығыз байланысты.

Білім экономикалық өсудің шешуші факторы ретінде елдің бәсекелік еңбек нарығының жүйесіндегі алатын тұғырлы орнын бекітудің алғышартын құрайды. Ересектерге білім беру - үздіксіз білім беру жүйесінің стратегиялық бағыттарының бірі, сондай-ақ ересектерге білім берудің көпвариантты және мультипарадигмалды жүйесін дамудың қажеттілігі нақтыланатын сала.

Ересек адамдардың түрлі сипаттағы (экономикалық, әлеуметтік, технологиялық, кәсіптік, рухани, мәдени т.с.с.) өзгерулерге кәсіби даярлығы, әлеуметтік ұтқырлығы (көлденең және тік), стандартты емес еңбек жағдаяттарындағы инновациялық үдерістерге бейімділік қабілеттілігі, адекватты басқару шешімдерін қабылдаудағы саналы жауапкершілігі мен дербестігі адами капиталды қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

Инновациялық іс-әрекет білімдік жүйені бастамашылық, шығармашылық, тәуекел тәрізді құндылықтармен астасып келетін қайта жаңғыру мен оны қайта құрудың сызықтық емес үдерісі болғандықтан, ересек адамдар белгісіздік деңгейі жоғары жұмыс жағдайында шешім қабылдау құзыреттілігін, мультимәдени және мультитілдік ортада әлеуметтік өзара әрекеттестікті іске асыру мақсатында қатысым құра білу дағдыларын қалыптастыру қажеттілігін ұғынады.

П.Штомпканың «Әлеуметтік өзгерулер әлеуметтануы» атты монографиясында әлеуметтік өзгерулерді зерттеудің теориялық парадигмаларының тарихи алуан түрлілігінің көрінісі сипатталған[1]. Оларды сыни тұрғыдан талдау әлеуметтік трансформация үдеріс деп саналған категориялар мен теориялардың концептуалды аппаратын құру міндеттерінен туындады. «Басқаша айтқанда, -деп жазды Н.Р.Аршабеков,- әлеуметтік өзгерулер теориясы қоғамдық деп аталатын объективті құрылымдар мен үдерістер, заңдар мен үрдістер, қозғаушы күштер мен субъектілер, трансформация идеологиясы мен үлгілері туралы ұғымдардың жүйесі ғана емес, сонымен қатар өзіндік өзін-өзі өзгерту теориясы болуы керек» [2]. Демек, әлеуметтік өзгерулер ересектерге андрагогикалық білім берудің факторларын, үрдістері мен заңдылықтарын, қағидалары мен жүйеқұраушы бөліктердің өзара байланыстарға тән ерекшеліктерді, оларды оқытудың жаңа технологияларын, күтілетін нәтижелерді зерделеуді керек етеді.

Кәсіби біліктілікті арттыру жүйесінде жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің этномәдени бөлігін қалыптастыру жағдайларын анықтау мақсатын белгілей келе, О.П. Нестеренко «кәсіби құзыреттіліктің этномәдени бөлігі дегеніміз мұғалімнің этнопедагогикалық және этнопсихологиялық білімдерінің, іскерліктер мен этномәдени бағытталған білімді жобалау бағдарлары мен қабілеттерінің, кәсіптік іс-әрекеттегі құндылықтық-мотивациялық позициясын белгілейтін тұлғалық сапалардың жиынтығы», - атап көрсетеді [3].

Этномәдени құзыреттілік қосымша білім беруді жүзеге асыратын педагогтің«кәсіптік іс-әрекетінің мәндік сипаттамасын құрайды және оның халықтың дәстүрлі төл мәдениетін меңгеру, оның құндылықтары мен халықтық педагогиканың өзекті қағидаларын нақты практикалық іс-әрекетте қолдану даярлығының дәрежесін сипаттайды» [4].

Білім адам мен қоғамның болашағына жұмсалатын инвестиция болғандықтан, ол ересек адамның жұмыскер/қызметкер ретіндегі тиімділігін ғана емес, оның ересек- оқушы ретіндегі білімдер мен дағдыларды одан әрі қарай жинақтау үдерісін қарқындыжеделдетеді жәнеоңтайлы түрдежеңілдетеді. Білім берудің пайдасы мен шығынын салыстыру оның экономикалық тиімділігін бағалауға ерік береді, өйткені адам капиталын беру оны иемденушілердің бірлескен іс-әрекеті үдерісінде ғана жүзеге асырылады.

С.М.Джакуповтың пайымынша, оқыту үдерісіндегі бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет оқытушы мен білім алушылардың арасындағы өзара әрекеттестіктің нәтижесі және дәрістік немесе басқа сабақтардың тиімділік критерийі болып табылады. Осыған байланысты оқытудың интенсивті деп аталып жүрген белсенді әдістері (іскерлік ойындар, әр түрлі тренингтер, топтық пікір-таластар, нақты жағдаятты талдау т.с.с.) ең алдымен бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекетті қалыптастыруға тікелей ықпал ететін оқытудағы топтық феноменге белсенді сипат беруге бағытталған[5].

Шетелдік тәжірибені талдау негізінде әлемдік білім беру кеңістігінде екі түрлі үлгіні (америкалық және еуропалық) оның ішінде, нақты айтқанда америкалық үлгіде информалды (дербес, өз бетінше, өздігінен) білім беру түрін ажырата отырып, Бабаева Э. С. «ересектерге арналған кіріктірілген білім беру бағдарламаларын жобалаумен байланысты зерттеу міндеттерін шешу үдерісінде әлемдік деңгейде жалғасып жатқан мәселелерді бірнеше топқа біріктірдік. Бұл: білім беруді әлеуметтік институт ретінде басқару мәселелері;кіріктірілген білім беру бағдарламалары қосымшасын педагогикалық жобалауды ғылыми тұрғыдан негіздеу мәселелері; ересек тұрғындарға білім беру тәжірибесіндегі стереотиптермен байланысты келетін және осы қызметке педагогикалық кадрларды даярлау мәселелері», - деп тұжырымдады [6]

Ересектерге андрагогикалық білім беруде этномәдени құзыреттіліктің маңызы айрықша, өйткені «білім берудің мәдениеттанулық үлгісін білім кеңістігінде жүзеге асыруға қажетті нормативтік, жалпы педагогикалық, қатысымдық құзыреттер жүйесінде білім бүкіл өмір бойы мәдени мұраларды игеруге ұмтылыс жасайтын «мәдениет адамын» тәрбиелеу мақсатын көздейтін мәдениеттің бір бөлшегі ретінде қарастырылады»[7].

Этномәдениет этнос үшін кеңістіктік-уақыттық болмысты құрады және ол әлеуметтік-мәдени құрылымдардың жиынтығын көрсетеді. «Этномәдениет дәстүрлі түрде этногенезбен байланысты тарихи игерілген мәдени тәжірибе ретінде этностың өзінің толыққанды іс-әрекеті үшін қажетті ішкі және сыртқы өзара әрекеттестіктерді бейнелейді»[8]. Этномәдениеттің, этноүдерістердің, олардың нәтижелерінің барлық элементтерін жүйелі біріктіру негізінде этнос бір мезетте өзара әрекеттестіктің, өзінің этномәдениетінің объектісі, субъектісі және оны иемденуші болады[9].

Мәдени-этикалық құндылықтар жүйесінде этномәдени маңыздылығы айқын бөлікті құрайтын эстетикалық идеалдар, нормалар, мінез-құлық үлгілері, ұлттық салт-дәстүрлер, мәдениет пен өнер туындылары тарихи рухани мәнге ие болып отыр, өйткені рухани құндылықтар, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ауызша поэтикалық және жазбаша шығармалардың т.б. әлеуметтік-тарихи формаға айналуы, яғни символдық құрылымдардың жиынтығы болуы этномәдениеттің өзгешелігін сипаттайды. Этномәдениет әмбебаптық сипатта және әлемді танып-білудің ұлттық бейнесімен ұштасады, өйткені білім беру әлеуметтік институт ретінде әлемдік үрдістерге сәйкес адам капиталын мәдени, әлеуметтік және кәсіби жағынан ұдайы жаңғыртылуын қамтамасыз етеді, яғни ересек тұлға үздіксіз білім беру барысында тек формальді оқытудың ғана емес, ең алдымен өзіндік/өз бетінше дамудың нәтижесі болады.

«Этномәдени сәйкестілік контекстінде этномәдени тұғыр топтық құндылықтарға, тарихқа, отбасы және отбасылық қызметтерге жинастырылады, яғни топтастырылды»[10].

Этномәдени құзыреттілік тұлғаның интегралды қасиеті болғандықтан, оның өзінің және басқа адамдардың этномәдениеті туралы, олардың әлемдік мәдениеттегі алатын орны, өзінің іскерліктері мен дағдыларында байқалатын этномәдени құндылықтарды меңгеру бойынша өзіндік тәжірибесінің жиынтығына негізделеді.

Білім беру адамның белгілі бір социумның өмірлік кеңістігінде белгілі бір өмір сүру салты жағдайында өмірлік үдерісін ұйымдастырудың және дамытудың құралы іспеттес. Мейлінше сыйымды өмірлік кеңістік ретінде адамның, қоғамның және табиғаттың біртұтас кеңістігі қарастырылатыны ақиқат. Тұлға қарым-қатынастар жиынтығы деген жалпы қабылданған түсінік те бар, дегенмен әлдеқайда жалпылай түсінік тұрғысынан алғанда тұлға адамның рухани-адамгершілік, материалдық және тарихи-генетикалық мәндерінің барлық көрінулерінің топтамасын көрсетеді.

Ересектерге андрагогикалық білім беру экономика салаларында талап етілетін деңгейде біліктілігі бар кәсіби мамандармен қамтамасыз ету, инновациялық үдерістерді кадрлық жағынан қолдау, ересек адамдардың жоғары сатыға қарай кәсіптік өзектендіруге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру міндетін шешеді. Дәлірек айтқанда, андрагогикалық білім кәсіптік қосымша білім жүйесі мен ішкі және сыртқы еңбек нарығын байланыстыратын аралық серпінді буын болғандықтан, жылдам әрі тез өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға ересек адамдардың үздіксіз бейімделуін қамтамасыз етеді.

Соңғы жылдары білім берудің заманауи үрдістері қатарында өмірде бір рет бүкіл өмірі үшін алатын квалификациядан бүкіл өмір барысында/өмір бойы өзін-өзі оқытуға және оқу мен өзін-өзі жетілдіруге ауысудың басымдығы байқалып отыр. Олай болса, ересектерге андрагогикалық білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда тәжірибеге бағдарланған және этномәдени тұғырларды, ересек адамдардың қашықтықтан оқытудың инновациялық формаларын, қосымша кәсіби білім беруді әдістемелік жағынан қамтамасыз ету тетіктерін дамытуға назар аудару қажет.

О.С.Попова ересектердің бүкіл өмір барысында біліктілікті көтеру, сонымен қатар бесінші және алтыншы технологиялық укладты өндірістік кәсіпорынға ендіруде «жастардың кәсіби еңбектік мәдениетін, әлеуметтік-тұлғалық құзыреттіліктерін, еңбек мәдениетін, кәсіптік

ұтқырлықты, еңбек адамының әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру; WorldSkills қозғалыстарын дамыту, табысты халықаралық тәжірибені қолдану, тұрғындардың барлық категорияларына арналған инклюзивті білім беруді дамыту керек», - деп тұжырым жасады [11].

Олай болса, «әлеуметтік-мәдени жаңғыруды азаматтық, этномәдени және жалпыадамзаттық сәйкестілікті қалыптастыру, үлкен және шағын топтардағы мінез-құлық құндылықтары мен нормаларын игеру; тұлғалық, әлеуметтік, кәсіби құзыреттіліктерге ие болу тәрізді әлеуметтік нәтижелерді туындататын жетекші іс-әрекет болып саналатын білім берудің миссиясы туралы ұғымды дамытатын бағдарлама» деуге де болады [12].

Этномәдени білім беру тұлғаның және оны ана тілі мен ұлттық мәдениетке әлемдік мәдениет құндылықтарды қатар меңгерумен тарту/ қатыстыру арқылы этномәдени сәйкестілігін сақтауға бағытталады.

Ш.И.Джанзакованың «ұлттық мәдениеттің жаңаруы ұлттық мектептің мұғалімін мәдени-рухани, тарихи-ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген және оны жалғастыратындай етіп дайындауын талап етеді», - деп [13] тұжырым жасауы ересектерге андрагогикалық білім беру барысында андрагог-педагогтердің де кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі үлгісінің құрамдас бөлігін құрайды, өйткені андрагогикалық тұғыр ересектердің этностық, мәдени, кәсіби сәйкестіліктерін ескеруге де негізделеді.

Этностық сәйкестілік ересек тұлғаның өзіндік санасының эмоционалды-құндылықты бөлігі болып саналатын өзіндік (өзіне қатысты) жағымды қарым-қатынасын қалыптастырады да, мәдени феномен ретінде этноспен байланысты келеді. Жағымды өзіндік қарым-қатынас және ішкі дау-дамайдың болмауы ересектердің өзіндік дамуының бағыттылығына ықпал ететін фактор болып есептеледі.

«Мен» тұжырымдамасы адамның өзі туралы ұғымдарының дамып отыратын жүйесі, сондықтан да ол ересек адамның денелік, зияткерлік, әлеуметтік сапа-қасиеттерін, өзіндік бағалауын, тұлғаның өзіне ықпал етуші сыртқы факторларды субъективті түрде қабылдауын қамтиды.

Андрагогиканың зерттеу нысаны «ересектерді дамытудың және әлеуметтік ұтқырлықты, зияткерлік және әлеуметтік-мәдени әлеуетті арттырудың, тұлғалық және кәсіби сәйкестілікті дамытудың құралы ретінде ересектерге үздіксіз білім беру жүйесі болып табылады [14].

«Румындық және молдавиялық ғылымға «андрагогика» (andragogy) ұғымын енгізген Д.Густин болса, Урбанчик ұсынған ересектерге білім берудің интегративті тұжырымдамасы мен Д.Топтың әзірлеген андрадидактика (adult didactics) тұжырымдамасында үздіксіз білім беру теориясының арнасында «мәдениет педагогикасы» мен тәжірибе; «халыққа білім берудің» құрамдас бөлігі; білім беруді диверсификациялаудың нәтижесі; өмір бойы білімдерді, іскерліктерді, тәжірибелерді беру және алмасу үдерісі» деп қарастырылды [15].

Ересек білім алушыларға андрагогикалық білім берудің этномәдени ерекшеліктері:

- ересектерге білім беру этномәдени құзыреттіліктің іргетасы ретінде толеранттылықты, әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастырады;

- еңбек ұжымдарының, отбасының, әлеуметтік ортаның этномәдени әлеуетін арттыруға ықпалын тигізеді;

- этномәдени қатысым жүйесінің тиімділігін арттырады;

- этномәдени медиабілім беру кеңістігінің мүмкіндіктерін кеңейтеді;

- қоғамның рухани-адамгершілік негіздерінің жаңғыру шарты және ересектерді әлеуметтендірудің нәтижесі болып табылатын азаматтардың этномәдени сәйкестіліктерін қалыптастырады.

Мәдениеттанулық тұғырдың феномендік мәнін талдау негізінде, қазақстандық ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ш.И.Джанзакованың «мәдениет - кез келген социум менталитетінің негізі, оның өзгеше эквиваленті» [16] деп белгілеуі андрагогика саласының этноандрагогикалық бағытын дамытуға мүмкіндік береді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Штомпка П. Социология социальных изменений. – М.: Аспект Пресс, 1996.
2. Аршабеков Н.Р. Философия социальных изменений. – Караганда: Болашак Баспа, 2006. – 405 с.
3. Нестеренко О.П. Формирование этнокультурного компонента профессиональной компетенции учителя в системе повышения квалификации//Автореф. дисс. .... канд. пед.наук. – М., 2010. -24 с.
4. Серякова С.Б. Формирование этнокультурной компетентности педагога дополнительного образования// Автореф. дисс. ... д-ра.пед.наук. –М., 2006. -44 с.
5. Джакупов С.М. Психологическая структура обучения. 2-изд. –Алматы, Қазақ университеті, 2009.- 308 с.
6. Бабаева Э.С. Концепция и технология проектирования интегрированных образовательных программ для взрослых обучающихся//Автореф. дисс. ... д-ра пед. наук.- Махачкала, 2019. - 41 с.
7. Жиркова Г.П. Развитие культурологической компетентности педагогов в системе повышения квалификации. Монография / Г. П. Жиркова. – СанктПетербург: Санкт-Петербургский государственный университет промышленности, технологии и дизайна, – 2015. – 200 с.
8. Узлов Ю.А. Этнокультура и ее трансформация в современном мире //Теория и практика общественного развития. - 2009. - №1. –С.4-6.
9. Шаваева М.О. Этнокультура как многофункциональная система взаимодействия // Дисс. ... канд.филос. наук. -Ростов-на-Дону, 2004.
10. Gutiérrez L. M. Education for multicultural social work practice: Critical viewpoints and future directions. – Council on Social Work Education, 2004. P. 329.
11. Попова О.С. Продвижение практик устойчивого развития в учреждениях профессионального образования//Профессиональное образование.-2020. - №1.-С.3-6.
12. Асмолов А.Г. Стратегия социокультурной модернизации образования как института социализации // Развитие личности. – 2009. – № 1. – С. 38–63.
13. Джанзакова Ш.И. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері// Пед. ғыл. д-ры .... дисс. автореф. -Қарағанды, 2007. -43 с.
14. Беляева Л.А. Андрагогика как наука: проблемы и перспективы развития// В сб.: Образование взрослых в условиях современности: проблемы и перспективы сб. науч. ст. / Урал. гос. пед. ун-т; под науч. ред., А. А. Симоновой, С. Л. Фоменко ; общ. ред. М. А. Воробьева. — Екатеринбург: Урал. гос. пед. ун-т , 2016.–С. 19-22.
15. Арпентьев Ю.Е., Арпентьева М.Р. Проблемы геронтогагики в работе с пожилыми инвалидами//Образование взрослых в условиях современности: проблемы и перспективы сб. науч. ст. / Урал. гос. пед. ун-т; под науч. ред., А. А. Симоновой, С. Л. Фоменко; общ. ред. М. А. Воробьева. — Екатеринбург: Урал. гос. пед. ун-т, 2016. –С. 235-242.
16. Джанзакова Ш.И. Культурологический подход в содержании учебной дисциплины - этнопедагогике//Человек в современном мире: идентичность и межкультурная коммуникация. Международная коллективная монография. Сост., ред. Н.Б. Михайлова, Т.Э. Соколовская. Дюссельдорф, Германия: ДрукхаусДуйсбург OMD GmbH: Энциклопедист-Максимум, 2019. –С. 418-427.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

А.Қ.Дүйсенбаев, п.ғ.к., профессор  
«Баишев Университеті» мекемесі, Ақтөбе қаласы

С.А.Камбарова, Үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназияның  
аға тәлімгері, Ақтөбе қаласы

**Ключевые слова:** Этнография, этнос, этнопедагогика, национальное воспитание.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются вопросы национального воспитания учащихся на основе духовного возрождения.

**Keyword:** Ethnography, ethnos, ethno-pedagogy, national education.

**Summary.** This article discusses the issues of national education of students on the basis of spiritual revival.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халыққа Жолдауында «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», дей келе тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бағыттарын атап көрсетеді: қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгерту, жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттыру, табысқа жетуге мүмкіндік, ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді деп нақтылайды[1].

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен байланысты адамдардың өз халқының тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне деген қызығушылығы терендей түсті. Осыған орай халықтың сарқылмас парасатының бейнесі этнопедагогикалық білімдерге ерекше көңіл аударылуда. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде, зерттеулерде этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері жасалып, жоғары оқу орындарында этнопедагогика зертханалары мен кафедралары, орталықтары құрылуда, этнопедагогика курсы оқытылуда. Этнопедагогика, салыстырмалы этнопедагогика мәселелері Қазақстанның көптеген ғалымдарының ғылыми зерттеулерінің пәніне айналды. Жалпы білім беретін мектептер үшін ұлттық тәрбиенің теориялық негіздері жасалуда. Бұл ұмтылыстар біздің республикада этнопедагогикалық білім берудің белгілі бір жүйесін жасауға мүмкіндік туғызды. Бұл жүйені жіктеу және нақтылау керек. Қазіргі уақытта этнопедагогика жеке оқу пәні болып қалыптасты. Ғылыми-педагогикалық әдебиетте оқу пәні білімдер жүйесі, оқу әрекеті түрлерінің жүйесі, оқу жоспарлары құрамының элементі ретінде анықталды. Оқу пәнінің білімдер жүйесінің компоненттеріне түсініктік аппарат, теориялық тұжырымдар мен түсіндірулер, зерделенген үрдістер мен құбылыстар жатады. Осыған байланысты этнопедагогикалық білімдердің қалыптасу көздерін зерделеу және талдау қажеттілігі туындайды. Бүгінгі күні этнопедагогикалық білімнің мол қоры жинақталған.

Этнопедагогикалық білім дегеніміз – нақты этностың педагогикалық мәдениеті үшін танымдық және тәрбиелік мәні бар білім, бұл жеке тұлғаның санасындағы әлемнің этникалық бейнесінің мазмұны К.Ж.Қожахметованың еңбегінде негізгі орын алады[2]. Этникалық білім – этникалық құбылысқа тікелей қатысты білім. Біз зерттеуімізде білімді педагогиканың категориясы ретінде қарастырған В.И.Гинецинскийдің тұжырымдамасын, философтардың білімдерді тәжірибелік, рухани-тәжірибелік және теориялық деп жіктеуін басшылыққа алдық [3]. Демек, этнопедагогика оқу пәні құралына енетін алты бөліктердегі білімдерді осылайша тәжірибелік, рухани- тәжірибелік және теориялық деп қарастырылды. Этнопедагогиканың осы күнге дейінгі даму үрдісі оның теориялық деңгейдегі білімі жақын уақыттан бері қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Этнопедагогиканың практикалық білімі әртүрлі тәжірибе аясында қызмет етеді. Рухани-тәжірибелік білімге қарым-қатынас туралы білім, культтік, реттеуші, көркемдік білімдер жатады. Рухани білім әлеуметтік танымдық тәжірибені жинақтайды, өңдейді және таратады, тікелей материалдық өндірістен алшақ жатады. Бұл білімнің бір ғана объектісі бар, ол адами әрекет пен қарым-қатынас үрдісі және нәтижесі. Рухани-тәжірибелік білім тәжірибелік білімнен ерекшеленеді де, практикадан бөлінеді. Рухани-тәжірибелік білімді қолдану өлшемі оның қоғамдық қатынастар жүйесімен келісілуі.

Егер тәжірибелік білім табиғи және әлеуметтік әлемді қайта құру жолын көрсетсе, ал рухани-тәжірибелік білім әлем бейнесін адамның қажеттіліктері мен қызығушылықтарынан туындататын, адамға өзіне және басқа адамдарға қалай қарау керектігін үйрететін білім. Рухани-тәжірибелік білімнің танымдық мазмұны көптүрлі және маңызы жоғары, адами үміттер, ұмтылыстар, бағалаулар және қызығушылықтарды және рухани дамудың жәйі мен болашағы сипатталады. Демек, халықтық тәрбие мен халықтық педагогиканың құрылымында негізінен практикалық және рухани-практикалық білімдерді көруге болады, ал этностық педагогикада тұтас алғанда рухани-практикалық білімнің жетілген түрлері мен теориялық білімдер дамиды. “Этнос – адамдардың белгілі бір территорияда тарихи қалыптасқан тұрақты жиынтығы, олар мәдениеті және психологиялық мүсіні, сондай-ақ, өзінің бірлігі мен басқалардан айырмасын сезінуінің жалпы белгілері мен тұрақты ерекшеліктерін білдіреді” [4].

Этнограф ғалым А.Сейдімбек “Этнос” терминіне ғылыми талдау жасап, “этнос” термині байырғы грек тілінде сөз орайына байланысты “үйір”, “топ”, “тайпа”, “халық” мағынасында қолданылғанымен, ғылыми әдебиет жүзінде ХҮІІІ ғасырдан бергі кезеңде көріне бастағанын дәлелді келтірген. Автор “этнос” сөзінің ХХ ғасырдың екінші жартысындағы әр салалы этнологиялық зерттеулердегі терең мәнін, яғни этностардың тарихи типологиясын, этникалық сана-сезімді, этностың биологиялық даралығы, этностың мәдени ерекшелігі, этностың территориялық және экономикалық байланысы, этносаралық кірігу т.б. тақырып өрістерінен “этнос” сөзінің мән-мағынасының тереңдегенін көрсетті. “Этнос” ұғымының қазіргі ғылыми айналымдағы мән-мағынасын былайша тұжырымдайды: белгілі бір мекенде тарихи өсіп-өнген, психикасына сәйкес ортақ және орныққан тілі, мәдениеті бар, сондай-ақ, өздерінің әрі біртұтастығын, әрі өзгелерден ерекшелігін сезінетін сана-сезімі қалыптасқан, өзіндік атауға ие адамдар қауымын “этнос” дейді [5].

Халықтың тәрбие тәжірибесінен әлеуметтік-тарихи құбылыс ретінде тарихи дамудың барлық кезеңдеріндегі жайын оқып-үйрену бұрынғы және қазіргі педагогтардың ғылыми қызығушылықтарының қатарына енді.

Гончаров Николай Кириллович занимал пост вице-президента АПН РСФСР. С ним связаны, по всей вероятности, лучшие моменты в жизни Г.Н. Волкова. К примеру, в 1970 году вместе ездили на юбилейные торжества в Прагу, посвященные Яну Амосу Коменскому, отцу педагогической науки. Жили в одном из номеров в отеле «Интернационал», в столице Чехословакии. На международном форуме приобщились к истокам мировой педагогики, обменивались мнениями, горячо дискутировали.

Подобные эпизоды случались довольно часто.

Однажды Николай Кириллович тяжело заболел. К нему в больницу пришла выпускница вуза, молодая узбечка, со своим преподавателем, чтобы просить о научном руководстве кандидатской диссертацией.

Академик Гончаров вежливо отказал: «А Вы что, Геннадия Никандровича Волкова не знаете?! Он же основатель этнопедагогике!»

«На следующее утро они пришли ко мне», – вспоминает в лекциях Геннадий Никандрович.

«Николай Кириллович посоветовал к Вам обратиться».

Г.Н. Волков долго хранил молчание и кратко ответил: «Согласен, – и добавил, – Вы знаете, Николай Кириллович вчера вечером умер...»

Впоследствии Г.Н. Волков подчеркивал, что он принял как благословение последние слова Николая Кирилловича.

Еще один портрет в галерее личностей-символов – Михаил Александрович Данилов, пожилой, совсем преклонного возраста.

Случилось так, что его взрослая дочь заболела. Он часто в больнице ее навещал. Любил ее, несмотря на возраст, как ребенка. Как-то дочь позвонила отцу: «Папа не приходи – скользко. Очень прошу тебя, не надо!»

М.А. Данилов мягко возразил: «Что ты доченька, соскучился! Я же вчера не был, только позавчера».

Михаил Александрович Данилов настоял на своем. Вышел на улицу, и вдруг несчастный случай: поскользнулся, упал – его жизнь оборвалась трагически...

По признанию Г.Н. Волкова, Александр Александрович Католиков – тоже личность-символ, один из самых любимых педагогов, наравне с В.А. Сухомлинским: «По наследию, по идее, по опыту – это великий педагог!».

К сожалению, имя его малоизвестно. Он – директор агрошколы-интерната для детей-сирот в Сыктывкаре; кроме того, последователь А.С. Макаренко, народный учитель СССР, член-корреспондент Академии педагогических наук СССР и Российской академии образования.

Александр Александрович предложил систему воспитания для детей-сирот, ориентированную на принципах гуманизма и уважения к личности ребенка. Школа-интернат под руководством Александра Александровича стала авторской школой, в которой разрабатывались и апробировались на практике методы воспитания и развития детей трудной судьбы. Воспитанникам были созданы условия близкие к семейным.

Вся жизнь и педагогическая деятельность А.А. Католикова – подвиг. Достаточно упомянуть, что при спасении детей из застрявшего автобуса на железнодорожном переезде он лишился ног. Чудом выжил и смог вернуться к плодотворной педагогической деятельности. Был награжден орденом «За заслуги перед Отечеством» III степени.

Александр Александрович Католиков прожил всего лишь 54 года, но оставил коллегам и потомкам замечательные книги «Моя семья», «Дом моих детей».

Анализ курса лекций по этнопедагогике, прочитанного студентам Калмыкии свидетельствует о том, что Г.Н. Волков не раз возвращался к теме воспитания молодого поколения. В этих случаях лекционный материал обогащался новой конкретикой, раскрывающей значение, роли и функции современных личностей-символов. Назовем еще имя проректора Чечено-Ингушского государственного университета имени Л.Н. Толстого – Абдул-Хамида Бислиева.

... Шел ноябрь 1991 года. Чечено-Ингушская АССР переживала трудные времена. Не без потерь наводился конституционный порядок в борьбе с дестабилизирующими силами. Однако особая опасность подстерегала с наступлением южных сумерек и ночной поры.

Драматические события разыгрались в г. Грозном, возле государственного университета имени Л.Н. Толстого. Когда ректор В.А. Кан-Калик, известный педагог и психолог, выходил из учебного корпуса, на него внезапно напала группа вооруженных неизвестных. На его защиту встал проректор, чеченец, Абдул-Хамид Бислиев, но был тут же расстрелян автоматной очередью.

Похищенный ректор был зверски убит.

Память о геройском поступке Абдул-Хамида Бислиева увековечена в Тель-Авиве – одна из улиц носит его имя.

Остается заключить, что личности-символы в жизни академика Г.Н. Волкова очень схожи, хотя представляют собой яркие индивидуальности. Их объединяет и роднит совокупность свойств и качеств, характеризующих как теоретиков, методологов и практиков педагогического дела; как подвижников, поборников гуманизма, богатых духовно и нравственно. Все они одарили потомков значительным вкладом в науку, в систему воспитания, основанную на любви и примере; оставили в истории отечественной педагогики заметный след в виде научных трудов и книг с раскрытием накопленного опыта. Вместе с тем, судьба этих личностей-символов – глубоко трагична.

Сегодня (это не парадокс) академик Г.Н. Волков тоже стал личностью-символом.

Неизгладимый след в биографии академика оставили научные командировки во Францию – выступления в студенческих аудиториях Сорбонны; посещение в Швейцарии кладбища, на котором захоронен один из классиков народной педагогики Иоганн Генрих Песталоцци; научные встречи в Берлинском и Пражском университетах [2].

В заключительном разделе краткого курса лекций студенты получили возможность ознакомиться с этнопедагогическими инвариантами; в этот континуум входят: 1) природа; 2) игра; 3) слово; 4) дело; 5) общение; 6) традиции; 7) быт; 8) искусство; 9) религия; 10) пример-идеал (идея-символ, событие-символ, личность-символ).

В заключение лектор обратился к студенческой аудитории со следующими словами: «Действительно, мне было с вами комфортно. Вы дали мне уроки очень хорошие и зачетными работами, и целеустремленным, пытливым взором. Думаю, что и огромный положительный «заряд» получил...» [2].

Курс лекций по этнопедагогике, прочитанный академиком Г.Н. Волковым в Калмыцком филиале МГГУ им. М.А. Шолохова предполагается опубликовать в многотомном издании выдающегося ученого, запланированном научно-исследовательским институте этнопедагогике имени академика РАО Г.Н. Волкова при Чувашском государственном педагогическом университете им. И.Я. Яковлева. Этот курс лекций послужит существенным подспорьем студентам и педагогам в овладении богатством этнопедагогических знаний, а также в воспитательной практике с подрастающими поколениями. Несомненно, он может быть транслирован в образовательном процессе других вузов, не только в Чувашии!

#### Список использованной литературы

1. Современный Конфуций – в Калмыкии. К 90-летию со дня рождения академика Г.Н. Волкова: коллективная монография / редкол.: А.Б. Панькин [и др.]. – Элиста: Изд-во Калм. ун-та, 2017. – 140 с.
2. Сокальский А.А., Сокальский Э.А. Калмыцкая осень академика Г.Н. Волкова. – Элиста: Изд-во Калм. ун-та, 2014. – 232 с.

## ӘОК 37.013

### ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Т.К. Ауелгазина, саяси ғылымдарының докторы, доцент  
«Өрлеу» «БАҰО АҚ филиалы Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің  
біліктілігін арттыру институты, Алматы қ.

*Ключевые слова: ценности, нация, национальные ценности, воспитание, народная педагогика.*



*Аннотация. Национальные ценности, духовное наследие народа на протяжении многих тысячелетий считались первоисточником духовного роста. И сегодня они являются важнейшим фактором воспитания молодого поколения в духе преданности своей стране и идеалам гуманизма. В связи с этим, в статье проводится анализ национальных ценностей, описывается важная роль возрождения и развития духовно-культурного наследия в деле воспитания молодежи Казахстана.*

*Key words: values, nationality, national values, education, folk pedagogy.*

*Abstract. National values and the spiritual heritage of the people have been considered the primary source of spiritual growth for many millennia. And today they are the most important factor in educating the young generation in the spirit of devotion to their country and the ideals of humanism. In this regard, the article analyzes national values, describes the important role of the revival and development of spiritual and cultural heritage in the education of young people in Kazakhstan.*

Әр халықтың қилы-қилы тарихында қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және материалдық игіліктері, мәдениеті, ауыз әдебиеті, өнері, ұлттық колөнері, ұлттық құндылықтары. Ұлттық дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы сараланып қалыптасты. Ұлттық құндылықтар – ұрпақтан ұрпаққа беріліп, әрбір ұлттың сан ғасырлар бойына сыннан өткен рухани-мәдени мұраларының жиынтығы. Жалпы құндылықтар ең алдымен адам санасында орын алып, нәтижесінде тұлға құндылықты игереді және соған сай әрекет ететіні белгілі.

Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе.

Ұлттық құндылықтарға белгілі бір ұлтқа тән адами қадір-қасиет, яғни, ғасырлар бойы жинақталған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар жатады. Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарды, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарды құрайды.

Ұлттық құндылықтарға: тіл, ұлттық дүниетаным, халық ауыз әдебиеті, салт-дәстүрлер, салауатты өмір салтын ұстану, ұлттық шаруашылық, ата-кәсіп тағы басқалар жатады. Қазақ халқының жүздеген жылдар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениеті, өнері, аңыз-ертегілері, жұмбақ, мақал-мәтелдері, әндері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, ұлттық ойындары, тағамдары, тұрмыстық бұйымдары ерекше тәрбиелік мәні бар баға жетпес асыл қазына. Бабалардан мирас болып қалған ұлттық мәдениет үлгілерін қаншама ғасырлардан бері сақтап келген біздің ата-бабаларымыз Алтайдан Атырауға, Арқадан Алатауға дейінгі ұлан-ғайыр атырапты мекендеп, киелі Қазақстан жерінде ұлттық бірегейлікті қалыптастыра білді.

Кез келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі - тілі, екіншісі - діні, үшіншісі - дәстүрі, төртіншісі - тарихы, бесіншісі - атамекені. Өз кезегінде қазақ халқының тәрбие дәстүрі де өзіндік ерекшелігімен әрқашанда қасиетті әрі қадірлі.

Қазіргі таңда бүкіл әлемдік өркениет ұлттық, әлеуметтік-мәдени жаңғыру кезеңін бастан өткеруде. Жаһандану заманында әр ұлт, әр мемлекет өзіндік бет-бейнесі мен ұлттық дүниетанымын сақтап қалуға тырысуда. Өзгеріске ұшырап жатқан дүбірлі дүниеде жаһандану көшіне ілесе отырып, өткенімізге жан бітіріп, ұлттық құндылықтарымыз бен төл мәдениетімізді дамытуға ерекше мән беруіміз қажет.

Өз кезегінде шығыс ойшылы М.Икбал «...менін жоғалтқысы келмейтін ұлт өзінің өткені, бүгінгі мен ертеңі арасындағы қан тамырларын үзіп алмауы» керектігін ескерткен екен. Ендігі жерде ұлттық болмысымыздың тарихи негізі болып табылатын әл-Фарабидің «белсенді санасын», Ж.Баласағұнның, А.Йүгінекидің, А.Яссауидің «көңіл көзін», Ұлы Абайдың «нұрлы ақылын (таза жүрек)», Ш.Құдайбердіұлының «жүрек көзін» әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату біздің ұлттық жаңғыруымыздың басты мұратына айналуы керек. Осымен байланысты енді ғана ұлттық болмысымызды сезініп келе жатқан

кезенде халқымыздың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығымен өскелең ұрпақтарды сусындатып, өсіру аса маңызды қоғамдық қажеттілік болып табылады.

«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» [1]. Себебі еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштер, рухани мәдениет, әдебиет пен өнер үлгілері халқымыздың ұлттық мұраларының берік діңі болып табылады.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат - міндеттің ең бастысы атадан балаға мұра болып, жалғасып келе жатқан ұлтқа тән ізгі қасиеттер мен асыл мұраны өзінің өмірі мен ісін жалғастыратын саналы да салауатты, ұлтжанды, ақыл-парасаты мол ұрпағының санасына сіңіру болып табылады. Бұл ретте адамзаттың тарихи қалыптастырған әлеуметтік тәжірибесін мақсатты түрде ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үдерісі – тәрбиенің алатын орны ерекше.

Тәрбие мәселесі – ғасырлар бойы жетілдіріліп, жаңа ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамның алға қарай дамуын қамтамасыз ететін үдеріс. Қазақ халқының тәрбие дәстүрі де қай халықтан болсын кем түсіп көрген емес. Олай болса, бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеп, олардың санасына ата-бабаларымыздың озық дәстүрлерін терең сіңіру қажет.

«Қай халық та ұлттық психологиялық және халықтық тәлім-тәрбие қазанында қайнап, жетілуі тиіс... Қай халықтың да тәлім-тәрбие мазмұны өзінің көпфакторлы, көпсатылы, дәстүрлі этнопедагогикалық құрылымымен ерекшеленеді. Ол көп ғасырлық тарихына сүйене отырып, жан-жақты, ұдайы, үдерісті жетіліп, толысып отыратын динамикалы процесс» [2]. Бұл пайымдама қазақ зиялысы М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі «...әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылуы туралы ескіден қалып келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деген тұжырымымен үндес.

Тарихқа үңілер болсақ, әрбір халық пен ұлттың өзіне тән мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, тәрбиелеу тәсілі болатынын білеміз. Демек, халықтық тәрбие – ұлттың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұрасы.

Қазақ зиялысы М.Жұмабаев баланы тәрбиелеуді халық өмірімен үйлестіре жүргізудің маңыздылығын көрсетіп: «Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес. Келешек өз заманына лайық қылып шығару ғой», - деген [3; 100-б]. Өз кезегінде жас ұрпақ өкілдеріне тәрбие беруде ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәлім-тәрбиенің, халықтық педагогиканың маңызы орасан. Ұлттық тәрбиенің көздері: фольклор, халық ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге-өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады.

«Біз балаларды тәрбиелеуде және оқытуда ғасырлық тарихи тамыры бар дәстүрлі қазақ халық тәрбиесінің негізгі идеялары мен құндылықтарын қалпына келтіріп, кеңінен пайдалануымыз керек» [4]. Олай болса, бүгінгі ұрпағымызды ұлтымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеп, олардың санасына ата-бабаларымыздың озық дәстүрлерін терең сіңіру қажет.

Қазақ халқының тәлім-тәрбиесінің озық үлгілері бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні - адамгершілік-имандылық, ақыл-ой, дене, отбасы, еңбек, эстетика, патриоттық тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. Демек, тәрбиенің көзі - ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер. Ұлтымыздың «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақалы бар. Халқымыз өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы

тәрбиелеп отырған. Бала аяғын жерге нық басқан кезден қоршаған ортаның, табиғи құбылыстардың құпиясын оның санасына сіңірумен айналысқан. Жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол табуға бейімдеп, қаршадайынан балалардың есту, көру сезімдерін шынықтырған. Осылайша, ата-бабамыздың кәсібі, тіршілігі мал шаруашылығына байланысты болғандықтан, бала 5-6 жасынан ат құлағында ойнай бастайды, бір естігенін қалтқысыз есте сақтайтын қабілеті күшті, алыстағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл әрі мергендік қасиетті бойына сіңірген. Сонымен қатар, көшпелі халықтың баласы небір қызық ертегілерді, жыр-дастандарды жаттап алатын болған. Сөйтіп, оның бала шағынан сөйлеу қорыбайып, мағыналы да мәнді сөйлеуге жаттыққан.

Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Халықтық педагогиканың негізінде ұлттық сана-сезімді, ар-ожданды, ұлтжандылықты, отансүйгіштікті, қоғамдық жүйедегі ережелер мен ұстанымдарды, ұлттық рухты ұрпақ жадына тоқыту әрекеті жүзеге асырылады. Өз кезегінде жас ұрпаққа тәрбие беру мәселесінде қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін негізге ала отырып, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – әрбір аға ұрпақ өкілінің алдындағы үлкен міндет.

Тәрбиенің қайнар бұлағы – халқымыздың сан ғасырлар бойына қалыптасқан халық фольклорындағы шығармаларда көрініс тапқан. Жеткіншектердің тұлғалық сапасын арттыруда халқымыздың даналыққа толы мақал-мәтелдерінің, жұмбақ-жаңылтпаштарының, қиял-ғажайып ертегілерінің, ой-өрісті дамытатын ойындарының маңызы ерекше.

Осы орайда қазақ ауыз әдебиетінің іргелі бір саласы - мақал-мәтелдер. Қазақ сөзбен түзеп, көзбен тәрбиелеген ұлы халық қой. Даналығы мен даралығы, тәрбиесі мен өнегесі сөзінде көмкерілген. Тәрбиені қашанда құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне ешқашан жүрдім-бардым қарамаған. Тәрбие мен өнеге туралы мақал-мәтелдер де аз емес. Мәселен, төмендегідей мақалдардың бала тәрбиелеу ісінде қаперде жүргені абзал: «Бала тәрбиесі бесіктен», «Дұрыс қанаттанған түзу ұшар», «Қызы анадан үйренбей өнеге алмас, Ұлы атадан үйренбей сапар шекпес», «Ағаштан ағаш сәнін алады, Адамнан адам тәлім алады», «Ұлың өссе, ұяттымен ауылдас бол, Қызың өссе, қылықтымен ауылдас бол», «Тәрбиелі адам тағаланған атпен тең», «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі».

Жас ұрпаққа қазіргі рухани жаңғыру жағдайындағы сан салалы тәрбие берудің ең көрнекті құралдарының бірі - ұлы дала ойшылдарының даналыққа толы ғибратты ойлары жинақталған асыл мұралары болып табылады.

Бұл ретте ұлы ойшыл, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби адамның бойына кішіпейілділік, қайырымдылық, шешендік, қанағаттылық, жомарттық және т.б. ізгі қасиеттерді негіздеуде тәрбие мәселесіне зор мән берген. Бұл ретте ол «тәрбиелеу дегеніміз - халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз... Тәрбиелеу кезінде халықтар мен қалалықтарға білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі., сөйтіп, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», - деген тұжырым жасайды [5, 343-6].

Әйгілі түрік ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы тәрбиенің түрлі салалары бойынша даналық ойлардан сусындайтын тәлім-тәрбиелік энциклопедия болып табылады.

Жас нәресте өмірге келісімен-ақ оны дұрыс тәрбиелей бастау - әке-шешенің қасиетті борышы екендігін:

«Сәбиінде көкірекке түйгені  
Өлгенінше санасында жүреді!  
Ұяда не көрсе, соны іледі,

Сүтпен сіңген өле-өлгенше жүреді!» [6, 175-6], - деп жырға қосқан. Бұл бәйіт «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» деген мақалдармен үндес.

Сонымен қатар, ойшыл:

«Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер,

Қос жалғанды бірдей көріп, күлімдер.

...Ұлды үйрет күллі өнер-білімге,

Онымен мал-дүниетабартүбінде.

Бақұлыңды, бекерге бос жүрмесін,

Бейбастақбопкетербекержүргесін» [6, 421-422-б], - депөмір есігін енді ғана ашқан жас ұрпақты отбасында және қоғамдық ортада әдептілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеудің орны бөлектігін атап көрсеткен. Міне, сонда ғана әрбір бала ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ізгі қасиеттерді, әдеп ережелерін өз өз өміріне серік етіп өседі дейді.

Ұлттық бітім-болмысымыздағы үлгілі қасиеттерді ұрпақ санасына сіңіруде халқымыздың ұлы ойшыл - философы Абай Құнанбайұлының (1845-1904жж.) биік таныммен көмкерілген поэтикалық шығармалары мен «Қара сөздерінің»ғибраты терең, бүгінгі жас ұрпаққа берері мол.

Ұлы ойшыл өзінің бүкіл саналы өмірі мен шығармашылық күш-қуатын адамдық қасиеттерді биіктетуге, адамды түбірінен жаңартып, оның рухани дүниетанымын байытуға, жетілдіруге сарп етті. Абай өлеңдерінде бала тәрбиесінен бастап тұтас ұлттың, халықтың санасына ықпал ету мақсатындағы ойларын ортаға салды. Оның тәрбиелік бағыттағы ойлары кең ауқымдағы ағартушылық идеяларға ұласты.

Хакім Абай өнегелік тұжырымдарын қара сөздерінде қарапайым тілмен түсіндіріп, халық санасына ықпал етуді көздейді. Адамгершілік, толық адам туралы ойлар үшінші, бесінші, алтыншы, тоғызыншы, он сегізінші, жиырма үшінші, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, қырық екінші, қырық төртінші сөздерінде жан-жақты сарапталады.

Ұлы Абай адамның әрқашан өзін-өзі жүйелі түрде жетілдіріп, тәрбиелеп отыруына айрықша көңіл бөліп, он бесінші сөзінде былай деп атап көрсетеді: «...Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің?

Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» [7]. Олай болса, бұдан шығатын қорытынды – адам күнделікті істеген әрекетіне талдау жасап, өмірін мәнді де мағыналы өткізуге тырысып, дүниедегі өз орнын тауып, лайықты іс-әрекет жасауға ұмтылуы тиіс.

Ұлы Абай адамды биікке көтерді, оны толық жетілген адам дәрежесіне жеткізуді мақсат етті. Ойшыл-дана сомдаған «Толық адам» келбеті немесе оның жүрек тәрбиесі туралы ой қозғауы – қазақ халқының ертеден келе жатқан ұлттық тәрбиесі мен халық даналығынан бастау алған. Хакім Абай адам бойындағы адамгершілік, ақыл тәрізді қасиеттерді аса жоғары бағалаған.

Өзінің бүкіл саналы өмірінде «Адам бол!» деген этикалық қағиданы ұстанған ағартушы-демократ ақынның құнды қазынасы өскелең ұрпақпен бірге жасайтын мәңгілік мұраға айналуы тиіс.

**Президенттің «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі», - деген тұжырымында терең мағына бар [8]. Осы орайда жас ұрпақтың санасына ұлы Абайдың мол мұрасы мен өсиет – өнегесін сіңіру мен өмірлік азығына айналдырудың маңызы зор.**

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» [9], - деген тұжырымы еліміздің бүгінгі мен ертеңгі және болашақтағы дамуының, басты шарты болуы тиіс. Бұл тұжырым барша заманаларға арналған айнымас қағида.

Қазіргі таңда әлемдік мәдени сұхбат пен өркениеттердің ұлы тоғысуы дүниежүзілік даму процесінің ең басты критерийлеріне айналып отырған шақ. Өзгеріске ұшырап жатқан дүбірлі дүниедеұлттық құндылықтарымызды әлемдік өркениетпен өзара үйлестіру мәселесі заман ағымына сай туындаған өзекті мәселе болып отыр. Осы орайда, ұлттық құндылықтарымыз бен төл мәдениетімізді ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын

тұлғаларды тәрбиелеуге ерекше мән беруіміз қажет. Жаһандану жағдайында елдігімізді жоғалтып, ұлттық бітім-болмыстың сара жолына нұқсан келтірмей, елдігіміздің мәңгілігін сақтау – көп болып қолға алар жұмыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев, Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)
2. Садуақасұлы Ә. Тәрбиені ұйымдастырудың этногенездік негіздері мен басымдық қағидалары // Отансүйгіштік және азаматтық тәрбие беру: жағдайы, мәселелері және шешу жолдары. – Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: ББЖ КБАРИ, 2009. – 13-б.
3. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. - 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. - Алматы: «Жазушы», 2008. – 100-б.
4. Құсайынов А. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы: 2013. – 166-б.
5. Әл-Фараби. Бақытқа жету жайында // әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1975. - 420 б.
6. Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен ауд. және алғы сөзі мен түсінік. жазғ. А.Егеубаев. - Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
7. Абай. Қара сөз, поэмалар. - Алматы Ел, 1993. - 36-б.
8. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы // <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>
9. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [bnews.kz/kk/news/post/181476/](http://bnews.kz/kk/news/post/181476/)

УДК37.017.4

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ИДЕЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

**Ш.Ж.Колумбаева**

педагогика кафедрасының профессоры,  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
Алматы, Қазақстан, e-mail: [kolumb\\_09@mail.ru](mailto:kolumb_09@mail.ru)

**Т. Ә. Жангазиева**

педагогика кафедрасының оқытушысы,  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
Алматы, Қазақстан, e-mail: [Tolkyn\\_26@mail.ru](mailto:Tolkyn_26@mail.ru)

*Ключевые слова:* национальное воспитание, национальное самосознание, этнопедагогика, народная педагогика

*Резюме:* в статье рассматривается проблема национального воспитания в контексте реализации Программы «Рухани жаңғыру». Обосновывается тезис, что одной из приоритетных задач национального воспитания является формирование национального самосознания

молодёжи. Сделана попытка определения основных механизмов, способствующих развитию и формированию национального самосознания учащейся молодежи. Обоснована актуальность и практическая значимость этнопедагогических исследований воспитательного потенциала народной педагогики для использования в процессе национального воспитания.

*Keywords:* national education, national consciousness, ethnopedagogy, folk pedagogy.

In article is considered problem of national education in the context of the Program "Rouhani gear". The thesis is substantiated that one of the priority tasks of national education is the formation of national consciousness of youth. An attempt is made to identify the main mechanisms that contribute to the development and formation of national consciousness of students. The urgency and practical importance of ethnopedagogical researches of educational potential of national pedagogy for use in the process of national education is proved.

Қазіргі таңда Қазақстанда орын алған саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдай елдегі өзгерістерге хабардар, болашақта тәуелсіздікті қамтамасыз ететін ұрпақ тәрбиелеуді талап етеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев, 2017 жылғы 12 сәуірде шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында, «тәуелсіз Қазақстанда басталған саяси және экономикалық жаңғырулар жүзеге асу үшін біздің санамыз ісімізден озық болуы, яғни одан бұрын жаңғырып отыру керек» деген негізгі ойды айтты. Жаңғырудың негізгі шарты өз мәдениетімізді, өз ұлттық кодымызды сақтау болып табылады делінген. Сонымен қатар, бүкіл әлем тұтас мемлекеттің, сондай-ақ жеке тұлғаның өмірге деген ынталану маңызын жоққа шығаратын заманауи біртұтас жағандық мәдениетті бойға сіңіруге дайын...

Әр елдің тәрбие мәселесі, жалпы әлемдік тенденциялармен қатар, өз міндеттері мен басымдықтарын ескере отырып қарастырылады. Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауында «Рухани жаңғыру»дың мағынасы болып табылатын мәдениетіміз бен идеологиямыздың ары қарай дамуы туралы айтылған. Тәуелсіз Қазақстан азаматтарының алдында тұрған мән-мағынасы терең және ауқымды міндет – сананы жаңғырту. Рухани жаңғыру – бұл мемлекеттің барлық саласын сапалы өзгеріске әкелудің негізі болып табылатын идеялық алаң. Бүгінгі жанаруға талпыныс ұлттық-мемлекеттік өзін сақтау және сапалы дамуға тең.

Болашақта, 2050 жылға дейін, рухани жаңғыру жаңа қазақстандықтар буынын қалыптастыратынына Елбасы сенімді. Заманауи сұраныстарға жауап беретін қоғам санасын қалыптастыру үрдісіне барлық әлеуметтік институттар, сонымен қатар, білім беру саласы кіріктірілген.

Білім беру – әр мемлекеттің, сондай-ақ Қазақстанның, ұлттық мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. Қазақ халқының ұлттық бірегейлігі әр қазақтың, қазақстандықтың білім деңгейіне байланысты. Қоғам болашағының білім беру саласымен байланысты екені жалпыға белгілі, өйткені бүгінгі балалар, мектеп бітіріп, есейіп, тұлға болып қалыптасқанда ел тағдырын шешіп, жаңа дәуір құрады. Дегенмен, тек жастар өздерінің жас ерекшеліктері, әлеуметтік-психологиялық және дүниетанымдарына сәйкес, басқа әлеуметтік және жас ерекшелігі топтарына қарағанда, нақты тәртіп түрлерін қалыптастырушы құндылықтар, нормалар жүйесін меңгеруге, өзгерістерге сезімтал келеді.

Жаңартылған қоғамдық сананы қалыптастыру білім берудің барлық деңгейінде жүзеге асады, бірақ оның негізі мектеп қабырғасында беріледі. Оқушыларда «білімді адам бейнесін» дамыту – білікті ұстаздың міндеті. Оқушылардың «құндылықтар жүйесінде» «білімді болу басты құндылық болса, онда ұлт болашағы кемел. Басқа жағдайда біз тағы тарих тұзағына түсеміз» [1].

Әлеуметтік зерттеулер нәтижесінің сараптау көрсеткендей, тәлімгер жастардың санасында жаңа оңтайлы тренд байқалады – білім алудың беделдігі, өз денсаулығын сақтаудың тиімділігі; дәстүрлі өмірлік құндылықтар болып отбасы, достары, денсаулық, әл-ауқаты, қызық жұмысы, мансап болып қалады. Сонымен қатар, ұлттық тәрбиенің қажеттілігін сезіну мен өз

азаматтық ұстанымының, балалар мен жастардың ұлттық намысы жеткіліксіз қалыптасуында карама-қайшылық байқалады. Сондықтан, жастар әлеуметтік-мәдени, этникалық сәйкестік, әлеуметтену және тәрбиеге мұқтаж.

Ғылыми зерттеулер мен білім беру практикасы бүгінде мемлекеттің әлеуметтік тапсырысын орындауға бағдарланған: білімді, адамгершілікті, бастамашыл, ел тағдырына жауапкершілікпен қарайтын, ынтымақтастық пен мәдениетаралық өзара іс-қимылға қабілетті, таңдау жасауға қажетті жағдайларда өз бетінше шешім қабылдауға дайын адам тәрбиелеудің біртұтас жүйесі қалыптасқанын көрсетеді. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі тәрбиені дамыту және зерттеу соңғы жылдары ғылым мен практиканың басым бағыттарының біріне айналды. Ғылыми-педагогикалық қауымдастықтың басты назарында тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбие мәселесі болды және алдағы уақытта қала береді. Бүгінгі таңда тәрбиенің өзекті және тиімді бағыттарының бірі – ұлттық тәрбие. Оның міндеттерінің бірі жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру болып табылады.

Ұлттық өзін-өзі тану – бұл белгілі бір ұлттық қоғамға жататынын түсінумен қатар, басқа ұлттардың мәдениет өкілдерін, жеке адамның тіл туралы мәдени идеяларына, олардың қоғамдастығының белгілері туралы, мемлекеттік аумағының тарихи тарауы туралы оңтайлы бағалауды қамтитын кіріктірілген жеке сипаттама.

Ұлттық өзін-өзі тану тұлғаның кіріктендірілген құрылымы ретінде ұлтты сақтаудың маңызды құралы болып табылады және еркін, ашық қоғам құруда шығармашылық мүмкіндіктерін ашу. Сонымен қатар, бұл этникалық әлеуметтендірудің нәтижесі және жеке адамның өз халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары мәдениетін игеру нәтижесі, демек бұл әлеуметтік тәрбие.

Сонымен, оқушы жастардың ұлттық сана-сезімін дамытуға және қалыптастыруға ықпал ететін негізгі тетіктер – ұлттық және мәдени өзін-өзі сәйкестендірудің мәдениаралық диалогы барысында ұлттық мәдениеттің құндылықтарымен таныстыру. Бұл тетіктер дәстүрлі және заманауи тәрбие түрлерін жүзеге асыру арқылы жүзеге асады: адамгершілік, эстетикалық, этникалық, көпмәдениетті, азаматтық, патриоттық және т.б. Білім берудің тәрбиелік мәнін күшейту Елбасы Н. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен тығыз байланысты. Ғылыми білімнің түрлі салаларында бағдарлама жобаларының ғылыми нәтижелерін енгізу: «Туған жер», «Қазақстанның қасиетті географиясы», «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Жаңа адамгершілік білім» тәрбие мазмұнын байытуға ықпал етеді.

Соңғы жылдары Қазақстанда тұлғаны тәрбиелеу мәселелерінің тұжырымдамалық тәсілдерін қарастыру өзектелуде. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы жасалып, бекітілді (2011 ж.), Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері (2015 ж.), «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері (2019 ж.). Осы тұжырымдамаларды талдау білім беру саласындағы ұлттық тәрбие мәселелерін шешу белгілі бір теориялық-әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік негіздерге сүйенумен байланысын көрсетті: тұлғаға бағытталған, іс-әрекетке негізделген, жүйелік, бірегейлік, кешенді тәсілдер, аксеологиялық және мәдениеттанулық, этнопедагогикалық және т.б. тәсілдер. Ұлттық тәрбиенің мақсаты жеке тұлғаны жалпыазаматтық ұлттық құндылықтарға бағдарлау, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарының, қазақ халқы мәдениетінің, ана тілі және мемлекеттік тілдерге құрмет көрсету. Жүзеге асыру тетіктері: оқу пәндерінде, қосымша білім беруде, сабақтан тыс кездегі жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды кіріктендіру. Этнопедагогика кабинеттерінің іс-әрекеті; «Мәңгілік ел» жобасының аясында іс-шаралар өткізу, Қазақстан Республикасының рәміздерін, мемлекеттік тілді, мәдениетін және қазақ халқының дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білуге арналған байқаулар өткізу; өлкетану жұмыстары және т.б.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жағдайында Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері (2019 ж.) тәрбиенің әр бағыты «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарын қамтитынын түсінікке негізделген, тәрбиенің заманауи тұжырымдамалары, білім беру мен тәрбиені дамытудың әлемдік тенденциялары (жаһандану, көпұлттылық,

кіріктендіру, компьютерлендіру, цифрландыру, әмбебаптандыру және т.с.), тәрбиенің әдіснамалық негіздері мен қағидалары.

Абай атындағы ҚазҰПУ, педагогика кафедрасының ғалымдары 2015 жылы Қазақстандағы жоо «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру тұжырымдамасын құрастырды [2], онда зияткерлік және бәсекеге қабілеттілікті дамытуға бағытталған Қазақстанның оқушы жастарының ұлттық сана сезімін қалыптастыруға жіті назар аударған.

Университеттің болашақ мамандарды даярлау оқу үрдісіне «Мәңгілік ел» пәні енгізіліп, қазіргі таңда «Ұлттық тәрбие» деп аталады. Пәннің негізгі мақсаты заманауи Қазақстанның әлеуметтік-мәдени жағдайында сұранысқа ие болатын болашақ маманның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру болып табылады,

ЖООда оқу пәнін меңгеру бұл қазақ халқының қалыптасу және даму тарихы туралы мектепте алған білімін жүйелеумен қатар ұлттық сана-сезімді дамыту үшін білімді кеңейту және тереңдету, кәсіби маман ретінде өзін тану және көрсете білу үшін болашақ мамандарды жоғары деңгейде қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу.

Қазіргі таңда еліміздегі ғалымдар ұлттық тәрбиені жүзеге асырудың түрлі жағдайларын анықтады:

ақпараттық қамтамасыз ету – заманауи ақпараттық және қарым-қатынас технологияларды қолдану, мектепаралық және жооаралық БАҚ, тәрбие мәселелері бойынша баспа жұмыстары және т.б.;

ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету – педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау, ғылыми-әдістемелік кешендер дайындау, вариативті бағдарламалар енгізу, тәрбие және ақпараттық технологиялар. Тәрбие үрдісін ұйымдастырудың озық тәжірибесін анықтап, зерделеп және кеңінен тарату; тәрбие үрдісінде, сондай-ақ оны басқаруда жаңа технологияларды меңгеру; адамның рухани әлемін қалыптастыруға кезеңмен бағдарлау.

Ұйымдастыра-басқаруды қамтамасыз ету - білім беру ұйымдарында және олардың құрылымдық бөлімшелерінде тәрбие жұмысын оңтайлы жоспарлау негізінде тиімді тәрбие қызметін ұйымдастыруға жағдай жасау, олардың жұмыстарын үйлестіру, негізгі және қосымша білім беру мазмұнын кіріктендіру негізінде бірыңғай білім беру кеңістігін құру; сәтті жұмыс тәжірибесін тұрақты зерделеу, қорытындылау және тарату, тәрбие үрдісінің мониторингін өткізу, тәрбие үрдісіне қатысушылардың пікірлерін білу. Зерттеу және инновациялық қызметті қолдау отбасылық тәрбие жүйесін жаңғырту және отбасын мектептің тәрбие жүйесіне қосу.

НЗМ тәрбие жұмысының тәжірибесін енгізу: акамедиялық пәндер арқылы, тәрбие жұмысын жүзеге асыру практикасы, қосымша білім беру, сыныптан тыс іс-шаралар және НЗМ-нің жобалары. «Шаңырақ» тәлімгерлер қауымдастығы, «Туған елге тағзым» өлкетану зерттеу саяхаты, жазғы әлеуметтік практикалар, еріктілер, әлеуметтік жобалар, зияткерлік ойындар және т.б.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе Қазақстан Республикасының ұлтаралық тұрақтылығын сақтауға бағытталған мемлекеттік мүдделерді негізге ала отырып, қоғамдық өмірді ілгерілендіруге байланысты қазақстандық патриотизм және қоғамдағы халықтардың этникалыққайта өрлеуін тұрақтандыру үшін халықтық педагогиканың рөлі артуда.

Адами келісімге деген ұмтылыс әр ұлттың қанында бар, әсіресе қазақстандықтар арасында кең тараған. Бұл қазақ жерінің байтақтығы мен жұмылған жұдырықтай бір отбасы болып өмір сүре алатын қазақ халқының кең пейілінен. Бұл жағдай ұстаздар қауымдастығының халықтық тәрбие мәселелеріне деген қызығушылығының айғағы, 21 ғасырда тәрбиедегі этнопедагогикалық тәсілдің өзектілігі, яғни өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халық тәрбиесінің көпғасырлық тәжірибесіне сүйену.

Бүгінгі таңда халық педагогикасының тәрбиелік әлеуетін педагогикалық зерттеулер, мінез-құлық пен рухани тәжірибесімен бірлесе халық дәстүрлері мәдениетінің ұлттық санасын жандандыру ерекше өзекті. Қазақ этнопедагогикасының ғылыми негізін қалауға отандық ғалымдар Ж.Асанов, К.Бөлеев, Ш.Джанзакова, К.Жарықбаев, Е.Жұматаева, С.Ғаббасов, К.Қалиев, К.Қожахметова, А.Мағауова, К.Оразбекова, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева және т.б. үлес қосқан.



Мухтарова Ш. өз зерттеулерінде [3] қазақ этнопедагогикасы бойынша негізгі жұмыстардан К. Ж. Қожахметованың «Қазақ этнопедагогикасы: әдістеме, теория, тәжірибе» атты монографиясы ерекшеленеді деген, өйткені ғалым қазақ этнопедагогикасының ғылыми мәртебесін негіздеп, Қазақстандағы этнопедагогикалық зерттеулерге талдау жасайды. К.Ж. Қожахметованың монографиясымен Ш. И. Джанзакованың «Этнопедагогиканы оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері» диссертациясында үндестік бар деп санайды Ш.Мұхтарова. Аталған жұмыста этникалық педагогика тарихы кірген ғылыми пән ретінде этникалық педагогиканың жалпы бөлімдер құрылымы ұсынылған, этникалық педагогиканың әдістемесі, салыстырмалы этникалық педагогика бар[4].

Қазіргі таңда Қазақстанда білім берудің барлық деңгейлерінде балалар мен жастарды тәрбиелеудің біртұтас жүйесі құрылды деп қорытындылауға болады. Тәрбие мазмұнының негіздері еліміздің білім беру жүйесінің басым бағыты ретінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын, «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласын, «Мәңгілік ел» құндылықтарын ескере отырып жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың үйлесімді бірлігін құрайды. Тәрбиенің әдіснамалық негізін ұғу және жаңғыру үрдісі жүреді, демек қоғам санасын жаңғырту алты бағыт бойынша жастарды тәрбиелеу мазмұны: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімді тұлға бейнесі, Қазақстанның эволюциялық дамуы, сана сезімнің ашықтығы.

Этнопедагогика - ғылым және оқу пәні ретінде ұлттық білім беру мақсатына қызмет етіп қана қоймай, Г.Н. Волковтың пайымдауынша «ұлтты құтқару педагогикасы» және адамзатты құтқару педагогикасы болып табылады.

Ұлттық тәрбие мәселелерін шешу ғалымдар мен тәрбиешілердің жіті назарында болуға тиіс, өйткені ол Қазақстанның болашағы, қоғамның құндылықтар бағдары, ұлт қауіпсіздігі, демек оның түп тамыры тәрбиеде, өскелең ұрпақтың азаматтық тұрақтануында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру».[Электрондық ресурс] [http://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya](http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya)

2.Қазақстандағы жоо «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру тұжырымдамасы

3. Мухтарова Шакира Мукашовна Методологическое обоснование этнопедагогической направленности этнического компонента в содержании высшего педагогического образования // Вестник ЧГПУ им. И.Я. Яковлева. 2017. №2 (94). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/metodologicheskoe-obosnovanie-etnopedagogicheskoy-napravlennosti-etnicheskogo-komponenta-v-soderzhanii-vysshego-pedagogicheskogo> (дата обращения: 05.11.2020).

4.Джанзакова Ш. И. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері: пед. Ғылым. д-ры . дис. автореф. : 13.00.01. – Қарағанды, 2007. – 43 б.

**ӘОК 37-32**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МІНЕЗ ҚҰЛҚЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Нурмукашева Салима Кайыржановна, п.ғ.к, қауымд. профессор  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті  
Атырау қ.,

Сұлтан Наркез Серікқалиқызы  
II курс магистранты,  
7М01101 – «Педагогика және психология» білім бағдарламасы,

**Кілттік сөздер:** ұлттық тәрбие, ұлттық рух, ұлттық құндылық, интеллектуалды мінез – құлық, мәдени мұра, салт дәстүр.

**Ключевые слова:** национальное воспитание, национальный дух, национальные ценности, интеллектуальное поведение, культурное наследие, традиции.

**Keywords:** national education, national spirit, national values, intellectual behavior, cultural heritage, traditions.

### **Түйіндеме**

Бұл мақалада, бастауыш сынып оқушыларының мінез – құлқын тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің алатын орны жөнінде айтылған. Мінез-құлық мәдениетінің әдеттері мен дағдыларын тәрбиелеу жөніндегі бағытты, жүйелі жұмыс балалардың мектепке келуімен басталады. Оқушы бойына ұлттық тәрбиені, ұлттық құндылықты, ұлттық рухты сіңірту арқылы олардың мінез – құлқын тәрбиелеу басты маңызға ие болып отыр.

### **Аннотация**

В этой статье речь идет о роли национального воспитания в воспитании поведения младших школьников. Целенаправленная, системная работа по воспитанию привычек и навыков культуры поведения начинается с прихода детей в школу. Особое значение приобретает воспитание поведения учащихся через привитие им национального воспитания, национальной ценности, национального духа.

### **Annotation**

This article deals with the role of national education in educating the behavior of primary school children. Purposeful, systematic work on the education of habits and skills of behavior culture begins with the arrival of children in school. Of particular importance is the education of students' behavior through instilling national education, national values, and national spirit.

Бастауыш сынып оқушыларының мінез – құлқының қалыптасуында ұлттық тәрбиенің алатын орны үлкен. Ал, қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – теңдесі жоқ тәрбие. Ұлттық деген сөздің астарында елге, жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Осы ұлттық тәрбиені баланың бойына сіңіруде бастауыш сыныптың рөлі өте маңызды. Себебі, барлық білім бастауын осы сыныптардан алады. Яғни, бала тәрбиені ана құрсағынан бастаса, мектеп атты білім кемесімен ұлттық құндылықтарды түсінуді жалғастырады. Балабақша, мектептерде ұлттық тәрбиені дәріптеу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз анық. Рухы асқақ, іргесі ел боламыз десек ұлттық тәрбиені оқушының бастауыш білімі кезінде – ақ бойына сіңіртуіміз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: Балаға мінез үш адамнан жұғады: біріншісі – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан, - деген. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби – педагогикалық оқулықтарға енгізген М.Жұмабаев. Ол педагогиканың дамуы ұлттық тәрбиеден басталатындығы жөнінде айтқан. Сонымен қатар, М.Жұмабаев ұлт тәрбиесі көптен бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлты үшін қызмет ететіндіктен, әрбір ұстаз оқушысын ұлт тәрбиесімен сусындатуы тиіс екендігін атап көрсетті. Ұлттық тәрбиенің міндеті – ұлттық тәрбиенің негізі – ана тілі болып қалатындығын негіздеу, қазақ тілі және оның тарихын, қазақ мәдениеті мен ділін, салт – дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез – құлқын қалыптастыру, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени – рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Оқушыларға білім

берумен қатар тәрбиелеу арқылы,білім мен ұлттық тәрбие бірлігіне қол жеткізіп, жаңа ғасырдың жаңа сипаттағы интеллектуалды ұрпағын қалыптастыру ісін басты назарға алуға тиіспіз. «Ел болам десең бесігінді түзе» демекші, ал бұл тәрбиені оқушының кішкене кезінен бойларына сіңіртуіміз қажет. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбиені, ұлттық құндылықты, ұлттық рухты түсіндіре білуіміз арқылы олардың бойында қалыптасатын мінез – құлқына әсер ете аламыз.

Елбасы өз сөзінде: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында» деп атап көрсетті. Қазіргі таңдағы мақсатымыз жаңа кезеңде жас ұрпақты тәрбиелеудегі өзекті мәселелерді тиімді шешілуін ұйымдастыру. Еліміздің болашағы - ұрпақ тәрбиесінде. Бүгінгі таңда оқушыға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар әр адамның кәсіби біліктілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру әділетті қоғамның міндеті болып табылады. Елбасының «Қазақстан-2030» басты стратегиялық жоспарында халықтың рухани жаңаруына ерекше назар аударылған. Сондықтан жан-жақты жетілген, дүниесі бай, белгілі дәрежеде ғылыми білім жүйесін игерген және оны бағалай, талдай алатын, өзге халықтардың тарихын, мәдениетін, тілін меңгерген, өздігінен денсаулығын нығайтуға, адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық талғамын дамытуға ынтызар, өмірдің қилы кезеңдерінде дербес еңбек етуге даяр ұрпақты тәрбиелеу - ең басты өзекті мәселе.

XXI ғасырдың табалдырығынан аттаған Қазақстан әлемнің дамыған елдерінің қауымдастығына жалпы әлемдік, саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени құрылымдарға кіруге бет алды. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер келер ұрпақтың білімді, білікті, ұлтжанды, жоғары мәдени, биік адамгершілік пен рухани қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу - адамзат алдындағы басты міндет. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында оқушылардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, Отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру басты назарға алынған. Ұлттық тәрбие сәбидің бойында ең алдымен, анасына, өз отбасына, үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға өскен сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Мектеп қабырғасынан бастап, ұлттық тәрбиемен сусындалған оқушыны даярлау жұмысы өз алдына бірқатар міндеттер қойылады:

- Мемлекеттік тілді оқыту;
- Ұлттық мәдени мұраны игеру;
- Қазақстан Республикасы рәміздерін құрметтеу;
- Қазақ халқының тарихын терең меңгеру;
- Салт-дәстүрлерді қастерлеу, мәдени рәсімдерді орындай білу.

Осы міндеттердің орындалуы арқылы жалпы ұлттық мәдениетті, ұлттық тәрбиені бойына сіңіре білген, рухы биік, жігерлі, нағыз отансүйгіш оқушылар қалыптасатыны анық. Яғни, бастауыш сынып оқушылары мемлекеттік тілді оқып қана қоймай оны құрметтеп, осы кезден бастап, оның қазақ ұлты үшін маңыздылығын түсіне білуі қажет. Сонымен қатар, ұлттық мәдени мұраны игеру, рәміздерді құрметтеу, қазақ халқының тарихын, салт – дәстүрлерін, мәдени рәсімдерін бойларына сіңіре білген жүректері қазақ деп соғатын нағыз отансүйгіш оқушы болатыны сөзсіз.

Оқушы бойында ұлттық тәрбиенің қалыптасуы отбасы тәрбиесі мен бастауыш сыныптан бастау алатыны айқын. Оқушы отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық мінез-құлық қалыптастыру, ұлттық салт – дәстүрді сақтауға баулу, шыққан ата тегін білуді таныту - ата - ана парызы. Халқына құрмет, тарихи дәстүрлерге адалдық, сондай - ақ туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сияқты перзенттік борыш тұлға бойына сәби шағында дарыса, бұл қасиеттер өсе келе, әрі қарай дамып, қалыптасуына қолайлы жағдай туғызады.

Бүгінгі таңдағы оқушыларда ұлттық тәрбие қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор. Осыған

байланысты оқу- тәрбие үрдісінде оқушыларды Отансүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа, елін, жерін қорғауға, шыншылдыққа тәрбиелеу қажет. Ал, осы айтылған қасиеттер арқылы олардың мінез – құлықтары да тәрбиеленеді.

Мінез – құлық тәрбиелеудің жалпы негізі ұлттық тәрбие болуы керек. Ұлттық тәрбие үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Ал мұғалімнің басты мақсаты - өзіндік ұлттық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыта отырып, мінез – құлқын тәрбиелеу. Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды рухани-адамгершілікке, мәдениеттілікке, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауға, азаматтық жүйеге тоғыстыру. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады.

Оқушының жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, олардың мінез – құлқын тәрбиелеу үшін мынадай міндеттерді орындауымыз керек:

- еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу, күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру;
- тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру;
- өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету;
- отбасы мүшелерімен өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып, түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету;
- оқушыны оқыған шығармалардың басты кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жағымды жақтарына көңіл аударып, талдауға, түйін жасауға үйрету;
- оқылған мәтіндерден кейіпкерлерге берілген авторлық көңіл-күйді табу;
- оқушының сана-сезім, ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына ықпал жасай отырып, шығармашылық қабілетін ашу, қозғау салу;
- оқушылардың сабақтар бойынша алған білім, білік дағдыларын одан әрі дамытып, тереңдету, өздігінен жұмыс істеу қабілетін ашу;
- оқушыларды сөйлету арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру, қорытындылау, бағалауға үйрету;
- оқушының өзін-өзі тануына, өзіндік мәнін оятуға бағдар беру. Тұлғаны рухани-азаматтыққа тәрбиелеудің маңызы зор екенін осыдан көруге болады.

Ұлттық тәрбие– халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталады. Қай халықтың болмасын табиғатына тән, өзгеде қайталанбайтын қасиеттері, мінезі, діні, тілі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Оны асқақтататын – ұлттық тәлім-тәрбие. Оның негізі ана тілінде. Қазақ тілі халқымыздың ұлттық болмысын, әдет-ғұрпы мен салтын, дәстүрін, ұлттық жадын қалыптастырушы негізгі құрал ретінде ұлттың тілі мен діні, біліктілігін болашаққа жалғайды.

Бастауыш сынып оқушыларының бойына ұлттық тәрбиені дарытудың жолдары төмендегідей:

- рухани-азаматтық қасиеттерді жеке тұлғаға үйретіп, оның орындалуын талап ету;
- азаматтық құндылықтар туралы пікірлесу;
- әдептілік негіздерін үйретіп, оның орындалу жолдарын көрсету;
- рухани-азаматтық дәстүрлер туралы пікірлесу. Пікірталас, ойжарыс, айтыс ұйымдастырып, ой мен істі ұштастыру.
- ұлттық мәдени қағидалардың рухани негізі екенін дәлелдейтін түрлі ойындар, қойылымдар ұйымдастыру.
- басылымдар арқылы рухани-азаматтық туралы материалдар оқып талдау;

Оқушылардың рухани дүниесін дамытпай, білім беру қажетсіз дүние. Мұғалімнің зерттеу нысаны-оқушының жеке жан дүниесін қалыптастыра отырып, рухани- азаматтыққа тәрбиелегенде ғана олардың өздігінен жетілуіне мүмкіндік жасалады.

Оқушының мінез – құлқын тәрбиелеуде ең маңызды рөлді бастауыш сынып мұғалімі алады. Ол тәрбие жүйесінің мақсаттарын анықтап, оқушы бойында рухани құндылықтарды тәрбиелеуде атқаратын іс-әрекеттерінің нәтижесін болжайды.

Ұлттық тәрбие берудегі бастауыш сынып мұғалімінің қызметі:

- Өмірдегі маңызды құндылықтар мен рухани-азаматтық құндылықтарды оқып үйрену.
- Өз адамгершілік қасиеттерін анықтау мақсатында өзін-өзі дамытудың тренингтерін тәжірибеге енгізу.
- Оқушылармен бірге халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпын, туған өлке, туған қаламыздың тарихы мен дәстүрлерін, өзотбасыларының дәстүрлерін, мектеп дәстүрлерін оқып үйрену.
- Сынып газетін шығару, көрмелерге бару.
- Мінез – құлыққа әсер ететін ұлттық тәрбиені дәріптейтін сынып сағаттарын ұйымдастыру.
- Оқушылардың бойындағы дарынды, талантты дәріптеу (өлең шығару, шығармашылық тапсырмалар).

Сынып жетекшісінің сыныптағы атмосфераны, әр оқушының бойындағы қабілеті мен қызығушылықтарын анықтау мақсатында өз жұмысында қолданатын диагностикасы:

- Балалар өз түсініктерін жазбаша жеткізеді.

Бастауыш сынып оқушыларының мінез – құлқын тәрбиелеудің басты жолы – ұлттық тәрбие болып келеді. Баланың сана – сезімін, адамгершілік мұраттарын қалыптастыратын ұлттық құндылықтар, ұлттық рух бастауыш оқушылары бойынан көрініс таба білуі қажет. Мінез – құлық тәрбиеленуінде осы нысандарды басты негізге алу қажет. Ұлттық тәрбиесі дұрыс жастар әрқашан жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, биікке ұмтылады. Жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп қана қоймай, жақсы мінез – құлық қалыптастырады.

Қорыта келгенде, бастауыш сынып оқушылары бойында ұлттық тәрбие қалыптастыру арқылы толыққанды, жағымды мінез - құлықты адамзат тәрбиелеуге болады. Тәрбие мен білім беру адам дамуының рухани үйлесімділігін түйсінуді қамтамасыз етеді. Елбасы өз сөзінде: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында» деп атап көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәрбиесін қалыптастыру арқылы толыққанды жетілген адамзат тәрбиелеуге болады. Сондықтан келер ұрпақта жағымды мінез – құлық қалыптастыру өзегі ұлттық құндылықтар, ұлттық тәрбие негізінде жатыр деп түсінемін. Жас ұрпақтың бойында ұлттық тәрбиенің болуы қай елдің, қай кезеңнің болмасын маңызды мәселесі болып келгеніне көз жеткізуге болады. Ендеше, оқушыларға халқымыздың ұлттық құндылығын, мәдениетін, дәстүрін, терең таныстырып, ойшылдарымыздың ой-пікірлерін оқу-тәрбие ісінің тірегіне айналдыру, яғни, ұлттық тәрбиені оқушыларға толыққанды жеткізу арқылы олардың мінез – құлқын тәрбиелеу - бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет
2. Оқыту ізденіс ретінде, ізденіс оқыту ретінде. С.Мирсеитова.
3. Бастауыш сыныпта оқыту № 5, 2011
4. Егемен Қазақстан газеті 2015ж Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөзінен
5. Бастауыш сыныпта оқыту барлық пәндер бойынша Республикалық ғылым әдістемелік және педагогикалық журнал. Алматы, 201

## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ.

**Ш.Б.Унгарбаева** , жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі,  
«педагог-зерттеуші».

«№3 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ,  
Атырау облысы Жылыой ауданы Шоқпартоғай ауылы.

**Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында** «...немістердің, италиялықтардың немесе үнді халықтарының жылнамасына көз жүгіртсек, олардың мыңдаған жылды қамтитын төл тарихындағы ұлы жетістіктерінің дені осы елдер қазір мекен етіп жатқан аумақтарға қатыстылығы жөнінде сұрақ туындайтыны орынды. Әрине, ежелгі Рим деген қазіргі Италия емес, бірақ италиялықтар өздерінің тарихи тамырымен мақтана алады. Бұл – орынды мақтаныш. Сол сияқты, ежелгі готтар мен бүгінгі немістер де бір халық емес, бірақ олар да Германияның мол тарихи мұрасының бір бөлшегі. Полиэтникалық бай мәдениеті бар ежелгі Үндістан мен бүгінгі үнді халқын тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан бірегей өркениет ретінде қарастыруға болады» деп атап көрсеткен болатын.

Осы мақаланың «Тарихи сананы жаңғырту» атты екінші тармағының 2-ші «Ұлы даланың ұлы есімдері» бөлімінде «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады.

Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр.

Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді.

Сондықтан біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын **«Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын** ашуымыз керек» деп атап көрсеткен.

Осы оқу-ағарту энциклопедиялық саябақта біздің өлкеміз Атыраудың да алар орыны ерекше. Біздің өлкеміз туралы халқымыз тарихында ерекше орын алатын Жерұйық іздеген Асан қайғы Атырау аймағына аяқ басқанда: «Апыр-ай, мынау бір тұзы мен соры бетіне шығып жатқан, аңызға аңқанды кептірген, қара суығы етіңнен өтіп, сүйегіңе жететін, жапанда жортқан кісінің жанын мұздататын, шет-шегі жоқ, шүйгін шөбі, құйқалы топырағы кем, құлазыған өңір екен, байлығы болса бауырына жасырып жатқан шығар» дей келе :

Еділ менен Жайықтың  
Бірін жазға жайласаң,  
Бірін қысқа қыстасаң,  
Ал, қолыңды маларсың  
Алтын менен күміске,-

деп сипаттаған, ал сол өлкемізді қызығушы елдерден жан аямай қорғап, бүгінгі ұрпаққа жеткізген, табиғатын түлетіп, қазіргі әлемдік аренада танытуына үлес қосқан ұлы тұлғалар жетерлік. Кейбір адамдар бар әлемге танымал, ал кейбір адамдар еңбегі тарих қойнауында әлі ашылмай жатыр. Олардың есімі ел экономикасы, шығармашылық, саясат немесе тағы да басқа да салаларда әңгімелер айтылған кезде ең бірінші ойыңа келеді. Еңбегі сіңген қайраткерлер әрбір кезеңдерде болған әлі де бола береді, сол себепті атақты адамдар тізімі азаймақ емес. Мектебімізде өткізілетін мектепшілік шараларда ұлы тұлғалар өмірі мен қызметі үнемі насихатталып отырады. Бұл шаралар барысында оқушылардың бойында тұлғалық қасиеттер қалыптастырылып, азаматтық көзқарастарының қалыптасуына, ұлттық сана сезімдерімен елі үшін аянбай еңбек еткен қайраткерлер өмірінен мол деректер беріліп отырады. Бұл жұмысымда

өлкеміздегі тарихи тұлғаларының қызметтерін көрсете отырып, олардың «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағының кейіпкерлері қатарынан табылады деп ойлаймын.

### **Өнердегі ұлы есімдер:**

Өнердегі ұлы есімдерді қазақ халқының қасиетті домбырасын өмірлік серіктері етіп, өнердің күдіретті салалары күй өнері мен айтыс өнерін дамытуға үлес қосқан Жылыойлық азаматтардан бастағанды жөн көрдім.

**Айтқали Жайымов**-қасиетті Жылыой жерінде дүниеге келген күйші, дирижер, композитор. 1978 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының домбыра және дирижер мамандықтары бойынша халық аспаптары факультетін бітірген, концерт орындаушысы, оқытушы, халық аспаптар оркестрінің дирижері. Ол «Домбыра ойнау өнері» (1989), «Домбыра үйрену мектебі» (тең автор, 1992), «Музыка» (тең автор, 2001) оқу құралдарының, «Шалқыма» (1997), «Шаттанамын» (1997) кітаптарының авторы. 1999 жылдан Композиторлар одағының мүшесі. Еліміздің өнерін дамытудағы үлесі үшін көптеген марапаттарға ие болған, атап айтатын болсақ : ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (1994), Өнертану мамандығы бойынша профессор (1997), ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері (2007), Атырау облысы, Жылыой ауданының Құрметті азаматы (2007), "Қазақстан республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл" медалімен(2011), Атырау облысының Құрметті азаматы (2014), "Қазақ хандығына 550 жыл" медалімен (2015), "Алпамыс батыр" медалімен (2017), "Түрксой" медалімен (2017), "Қазақ ұлттық өнер университетіне 20 жыл" медалімен марапатталды (2018), "Парасат" орденінің иегері (2018), Махамбет атындағы сыйлықтың иегері (2019)

**Салауат Исахаев Жұмағалиұлы** – 1974 жылы 25 мамырда Шоқпартоғай селосында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. 1981-1991 жылдар аралығында Жданов атындағы орта мектепте оқыды. Мектепте оқып жүрген кезінде 1990 жылы аудандық ақындар айтысында I орын, облыста оқушылар айтысында II орын алды.

1991-1996 жылдары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік университетінде филология факультетінде оқып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алып шықты. Университетте оқып жүрген жылдары студенттердің республикалық айтысында I орын, ВЛКСМ-ның 70 жылдығына орай айтыста I орын, Исатайдың 200 жылдығында II орын, Қашағанның 150 жылдығында III орын, Павлодар қаласында өткен «Үш жүз батырлары» арасындағы республикалық ақындар арасында II орын және Қабанбай батыр жұлдесін алды.

Жоғары білім алғаннан кейін туған еліне оралып, «Құлсарымұнайгаз» АҚ мұнайшы оператор мамандығымен жұмысқа орналасып, осы салада қазіргі күнге дейін абыройлы қызмет атқаруда. 2001 ж Жылыой ауданы бойынша «Жыл адамы» фестивалінде «Жыл өнер мақтанышы» деген атаққа ие болды. 2003 ж Маңғыстау облыстық мәдениет басқармасы ұйымдастырған Қашаған атындағы аймақтық ақындар айтысында «Алғыс хат» алды. 2007 ж наурызда Жәнипа Қарасаеваның «Аналар асыл жанды» атты облыстық ақындар айтысында I орын, 2007 жылы ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігінің бастамасымен жүзеге асқан «Айтыс-Қазақстан чемпионатында» үздік өнер көрсетіп, жүлделі II орын иеленіп, «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қайраткері» атағына ие болды. Маңғыстау облысы әкімдігі ұйымдастырған «Отпан тау» тарихи-мәдени кешенінің ашылу салтанаты аясында өткізген республикалық ақындар айтысында 2007 жылы ынталандыру сыйлығына ие болды. 2009 жылы Астана күніне арналған республикалық ақындар айтысында ормалы ой, көркем тіл шеберлігімен көзге түсіп, дипломмен марапатталды. 2010 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ұйымдастырған Ұлы Жеңістің 65 жылдығы мен Халық Қаһарманы, Кеңес Одағының батыры Б.Момышұлының 100 жылдығына арналған Республикалық «Наурыз» ақындар айтысында дипломмен марапатталды.

### **Саясаттағы ұлы есімдер :**



Саясат туралы сөз еткенде Атырау өлкесінде небір би-шешендер, болыстар мен әкімдік еткен тұлғалар баршылық. Олар өздері өмір сүрген дәуірлерде қоғамдағы күрделенген мәселелерді шешуде өр тұлғаларымен тарихта аты қалды. Солардың ішінде бірегей тұлға Саламат Мұқашев туралы айтып өткім келеді. Атырау өңірінен шыққан саяси тұлғалар ішінде ерекше тұлға **Саламат Мұқашев** (1927-2004) ҚКСР-на еңбегі сіңірген саяси және мелекеттік қайраткер. 1947 жылы Гурьев мұнай техникумын, 1951 жылы КОКП ОК жанындағы Жоғарғы партия мектебін, бітірген. Мақат кәсіпшілігінде еңбек жолын оператор болып бастап, 1961-1970 жылдары Ембі ауданы партия комитетінің 1-секретары қызметінде болған. Бұл жылдары Ембі ауданының экономикалық дамуында қиын кезеңдер десе де болады. Сол жылдары аудандағы «хрущевтік жылымық» кезеңінде ауыл шаруашылығын дамыту мен мұнай өнеркәсіп салаларындағы қиындықтарды шеберлікпен жеңе білді. 1970-1977 жылдары Гурьев облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы, 1980-1985 жылдары Маңғыстау облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы қызметтерін атқарды. Маңғыстау мұнайының игерілуі екі облыстағы болған экономикалық өзгерістер мен әлеуметтік мәселелерді шешуде еңбегі тарихта қалды. 1985-1988 жылдары Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Төралқасының төрағасы қызметін атқарды.

### **Ғылымдағы ұлы есімдер:**

Ғылым дамуына үлес қосушылар арасында өзіміздің мектеп түлектеріні мақтан тұтып біз әрдайым балаларға үлгі етіп айтып отырамыз. Олардың қатарында төмендегі түлектеріміз тек біздің мектебіміздің ғана емес Атырау өлкесінің мақтаныштары.

**Жанетов Боранбай**—мектебіміздің түлегі, Гурьев педагогика институтын бітірген, Атырау педагогикалық институтында 60-жылдардың аяғында институттың бір топ жас оқытушылары еліміздің ғылыми орталықтарына өндірістен қол үзіп, мақсатты аспирантураға жіберіліп, кандидаттық диссертацияларын ойдағыдай қорғап, өз институтына оралғандар ішінде болған биология ғылымдарының кандидаты. Алматы «Өлке» баспасынан «Ағылшынша-қазақша экологиялық сөздік» кітабының авторларының бірі

**Аманқос Қаржаубаев**—мектебіміздің түлегі, педагог-ғалым, «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері, педагогика ғылымдарының кандидаты. Ол - үш монографияның, алты оқу құралының, екі мақалалар жинағының авторы. Сонымен қатар, 260-қа тарта ғылыми-әдістемелік мақаласы баспасөз беттерінде жарияланды. Кеңестік дәуірде қазақ тілінде студенттер үшін әдебиеттердің аз болуы себепті, Аманқос Биязбайұлы өзінің ғылыми еңбектерін кафедра жұмысының қолданысына енгізіп отырған. «Мектепті басқарудың жалпы негіздері» атты оқу құралын, «Педагогикалық пәндердің берілу әдістемесі» еңбегін, «Болашақ мұғалімдердің мектепті кәсіби басқарудағы танымдық белсенділігін арттырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты монографиясын және тағы басқа ғылыми жұмыстары бар.

### **Спорттағы ұлы есімдер :**

Спорт туралы айтқанда ата-ана тәрбиесін алған, жеке кәсіпкер ауылымыздың абзал азаматы, мектеп түлегі **Достанов Бағытжан Қапанұлы** туралы танымды да әсерлі әңгіме айтуға болады. Мектебіміз шағын ғана ауылда орналасқан. 1978 жылдары кеңшар ретінде құрылған ауылда жаңадан 320 балаға арнап мектеп ғимараты пайдалануға берілген. Шағын ғана спортзал әрі акт залы ретінде мектеп ғимаратындағы осы спорт залдан бірнеше спорт шеберлері шығып қазіргі уақытта халықаралық және республикалық чемпионаттарында өз мықтылықтарын көрсетіп жүр. Сол ғимаратта орналасқан спортзалыдың ауыл балаларына тарлық етіп жүргенін сезген Бағытжан Қапанұлы 2015 жылы өз қаражатына 67 млн теңгеден аса қаржыға мектепке қосымша ғимарат спорт кешенін сыйға тартты. Қазіргі уақытта ауыл мектебіндегі оқушылар сабақта да, үйірмеде кең спорт кешені ғимаратында заманауи жаттығу құралдарымен дайындалады. Спорт шебері атанып, бірнеше дүркін чемпиондар дайындаған мектеп түлектерін айтып өткім келеді.

**Раушанов Асан**—мектебіміз түлегі, 1988 жылы Гурьев педагогика институтын бітірген соң өзі оқыған мектепке дене тәрбиесі пәні мұғалімі болып орналасты. 1989 жылы іскерлігімен көзге түсіп, ауданаралық мектеп оқушылар спартакиадасында №3 орта мектеп тұңғыш рет командалық есепте бірінші орынды жеңіп алды.



Мектепте дене тәрбиесі пәні мұғалімі бола жүріп «самбо» күресінен секция ұйымдастырып, еңбекақысына күрес кілемін сатып алған оның сол кездің өзінде көптеген шәкірттері облыс, республика және одақ дәрежесінде өткен жарыстарда топ жарды. 1993 жылы КСРО-ның ыдырап, жағдайдың қиын мезгілінде мектептен шығып, жеке «Бәйтерек» палуандар мектебін құрып, Шоқпартоғай ауылындағы иесіз қалған дүкен ғимаратынан ауылдастарды жұмылдырып, палуандар мектебін жасақтап, сол жерде ауыл балаларын дайындаған. Дайындаған шәкірттері мақтанарлықтай үлкен жетістіктерге жетті.

Олар Кощанов Аманбек, Амантай Өришанов, Жандос Қиянов, Сұлтанбек Қосжанов, Қайрат Нұрхатов, Береке Қайыржанов, Асман Есенғожиндер көптеген республика, одақ деңгейінде өткен жарыстарда жүлделі орындар алып жүрді. Асан Сайынұлы 1988-1993 жылдары дене тәрбиесі мұғалімі және Жылыой балалар спорт мектебінде жаттықтырушы, 1993-2002 жылдары жеке "Бәйтерек" палуандар мектебінің директоры, 2002-2003 жылдары Жылыой аудандық жастар, туризм және спорт бөлімі меңгерушісі, 2005-2007 жылдары Жылыой аудандық балалар – жасөспірімдер спорт мектебінің директоры болды. 2007-2012 жылдары Атырау қалалық дене шынықтыру және спорт бөлім бастығы, 2013-2014 жылдары Атырау облыстық Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы бастығы қызметтерін абыроймен атқарды. 2003-2009 және 2012-2015 жылдары Атырау облысының Дзюдо күресі федерациясының абыройын асқақтатты.

90-жылдары, қазақ елі жаңадан егемендік алып, барлық өнеркәсіп, мекемелердің жұмыстары жаңадан қалыптасып жатты. Осындай қиын мезгілде спортты тастамай, аудан, облыс, қала берді республикамыздың намысын қорғаған самбо күресінің сол кездегі мықты палуандарының көпшілігінің еңбегі елеусіз қалды. Содан бері біраз уақыт өтсе де, республикалық самбо федерациясы басшысы Каймен Есендияров мырзаның ұсынуымен олардың еңбегін ескеріп, Самбо күресінің ардагері деген құрметті атағымен және төсбелгісімен марапаттады. Атап айтсақ, олар: Асанның шәкірттері, Шоқпартоғай ауылының бір топ самбо күресінің палуандары - Жандос Қиянов, Наран Ешібаев, Асман Есенғожин, Сұлтанбек Қосжанов, Аманбек Қосжанов, Амантай Оришанов, Береке Қайыржановтар. Шәкірттерінің бірі әрі біздің мектебіміздің түлегі Жандос Қиянов- парадзюдодан ұлттық құрама жаттықтырушысы. Парадзюдодан ұлттық құрама жаттықтырушысы. Ол дайындаған шәкірті қазақстандық жас дзюдошы Ануар Сариев Дзюдодан Лондонда өткен Гран При турнирінде қола медалға ие болды.

Асан Раушанов ҚР Құрметті спорт қайраткері, Атырау қалалық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры.

Өз жұмысымды Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» еңбегіндегі «...қазақстандық ғалымдармен қатар шетелдік мамандар да тартылатын халықаралық көпбейінді ұжым құруға болады. Нәтижесінде, біздің қаһармандарымыздың өмірі мен қызметі жөнінде тек еліміздегілер ғана емес, сондай-ақ шет елдегілер де білетін болады» деген сөзімен қорытындылай отырып, осы бағыттағы еліміздің сындарлы саясатында біздің өлкеміздің дара тұлғаларының да үлесі болатынын мақтанышпен айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер мен басылымдар:

- 1.Н.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» 2018 жыл.
- 2.Атырау энциклопедиясы. Алматы «Атамұра» 2000.
- 3.Атырау университеті сайты.<https://asu.edu.kz/>
4. <https://atr.kz/economic/zhylyojdy-zher-jy-y-bolar-meken/>
- 5.facebook . @atyrau.mura. Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы
- 6.<http://www.turklib.com/page/141/>
- 7.Google.wikipedia

# ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЭТНОСАЯСИ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аймұратов С.Б.  
философия ғылымдарының кандидаты

## Аннотация

XXI ғасыр өркениеттің көшпелі түрінің ерекшелігін түсіну көшпелі халық тарихының құндылықтарын, олардың материалдық және рухани мәдениетін, қоғамдық және мемлекеттік құрылымын мойындаған еуроорталықтың сынына байланысты қайта қарастырылады. Сипаты, түрі, кейбір маңызды белгілері, дүниетанымдық дәстүрлері, тілі – осының барлығы қазақтардың рухани мұрасын Шығыс пен Батыс халықтарының тығыз өзара әрекетінің терең қабатын қамтитын бай түркітілдес мәдениеттердің көне далалық тармағы ретінде қайта қарастыруға мүмкіндік туады.

Ключевые слова: мировоззрение, цивилизация, духовность

Keywords: worldview, civilization, spirituality

**Резюме:** **Этнополитические и мировоззренческие основы духовности казахского народа** Введены в научный контекст ранее не обнародованные идеи и взгляды тюркских и казахских мыслителей. Это позволяет по-новому и с подлинно этнофилософских позиций рассмотреть наиболее злободневные проблемы философии истории, среди которых: историческая периодизация казахской философии, проблема человека и его свободы в этническом мире, статус этнического сознания и т.д. Авторы, исследуя проблемы духовно-нравственной преемственности, показывают пути развития философской мысли казахского народа в контексте исторического процесса.

**Summary: Ethno-political and ideological foundations of the spirituality of the Kazakh people** Introduced into the scientific context previously unpublished ideas and views of the Turkic and Kazakh thinkers. This allows us to consider in a new way and from a truly ethnophilosophical standpoint the most pressing problems of the philosophy of history, among which are: the historical periodization of Kazakh philosophy, the problem of man and his freedom in the ethnic world, the status of ethnic consciousness, etc. The authors, examining the problems of spiritual and moral continuity, show the ways of development of the philosophical thought of the Kazakh people in the context of the historical process.

Қазақтардың рухани әлемі ғасырлар бойы өзіне көптеген мәдени ықпалдарды байырғы далалық, түркілік дәстүр сынынан өткізіп, бейімдеп ендірген. Бұл дәстүрлер терең әрі берік еді, оларды ешбір саяси апаттар мен соғыстар да, Қытай мен Иран сияқты ұлы көршілердің мәдени өктемдігі де, араб пен моңғолдардың әсері де, ешбір исламдану да түбірімен өзгерте алмады. Мұндай өмірге деген бейімділік пен табандылықтың себебі көптеген ғасырлар бойы бұл өркениеттің түрі мен шаруашылықты жүргізуінің өзгермеуінен болған еді. Бұл әлемді қабылдаудың белгілі бір ділдік құрылымы мен халықтың әлеуметтік зердесі дамуының ерекше жоғары деңгейінің тұрақты жаңғыруына әсер етті. Сонымен бірге қазақтардың рухани әлемі, аймақ тарихының даму сипаты мен әлеуметтік толғаныстарында терең із қалдырады. Өткен кезеңдегі Қазақстандағы саяси толқындар жиі дәстүрлі мәдениет ошақтарының қирауына, жаңа діндердің пайда болуына, жазудың өзгеруіне алып келді. Осыған байланысты барлық зиятты шығармашылық, оның ішінде өркениеттер түрі мен оның даму екіні бұрынғыша қалса да философиялық формалар өзгерді. VII ғасырда Қазақстанның оңтүстігін арабтардың жаулап алуының салдарлары: исламның таралуы, жаңа, араб жазуы, философияның рухани шығармашылық формасы ретінде пайда болуын ерекше мысал ретінде айтуға болады. Сипаты, түрі, маңызды белгісі, дүниетанымдық дәстүрлері, тілі – осының барлығы қазақтардың рухани мұрасын үнді-ирандық мәдениет және дамыған іргелес өркениеттер мен Шығыс пен Батыс халықтарының тығыз өзара әрекетінің терең қабатын қамтитын бай түркітілдес мәдениеттердің көне далалық тармағы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бірақ Қазақстандағы әртүрлі мәдени және философиялық дәстүрлердің әрекеттестігі мәселесі және қазақ халқының рухани

калыптасуындағы идеялық синтезінің рөлі әлі де аз зерттелуде. Мұндай жағдайдың себептерінің бірі ретінде көшпенділік туралы кең тараған түсінік – «өркениетке қарсы» күйзеліс пен зұлматты іске асыру сияқты көрінеді. Мұндай түсінікте көшпелі өмір салты әлеуметтік-саяси апаттардың, соғыстар мен Азиядағы басқыншылықтардың негізгі және бірден-бір қайнар көзіне айналады, ал иран және түркітілдес халықтардың арақатынасы көне мәдениет пен көшпелі Тұранның жасампаз әрекетін бейнелейтін отырықшы Иранға қарама-қарсы келуге саяды. Көшпенділерге отырықшылардың байлығына «ашкөзденіп» қарап, дамыған мемлекеті, қаласы, қолөнері, сауда-саттығы, жазуы жоқ басып алушылар мен тонаушылар деп қарайтын «жалқау адам» рөлі беріледі.

Осындай кемсітушілік көзқарас мұсылмандық Шығыстың, әсіресе ертедегі көшпенді түркітілдес халықтар: қазақтар, өзбектер, түрікмендер, ұйғырлар, қырғыздар, қарақалпақтар, башқұрттар, татарлардың тарихы мен мәдениетін дәлме-дәл қарастыруға мүмкіндік бермейді. Ал, бұл өз кезегінде сол халықтардың философиялық мұрасын жалпы бағалауға, оның ерекшеліктерін, шығу тегін, даму жолдарын, әлемдік өркениеттегі орны мен рөлін түсінуге кері әсерін тигізеді. Кейбір ғылыми және оқу құралдары басылымдарында көшпелі өмір салтының дамыған зияткерлік қызметімен және оның жоғарғы формасы философиямен үйлесімсіздігі туралы пікір кездесетіні кездейсоқ емес.

Қазіргі уақытта өркениеттің көшпелі түрінің ерекшелігін түсіну көшпелі халық тарихының құндылықтарын, олардың материалдық және рухани мәдениетін, қоғамдық және мемлекеттік құрылымын мойындаған еуроорталықтың сынына байланысты қайта қарастырылады. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, көшпенділік – бұл әлеумет пен табиғаттың өзараәрекет тәсілі, өндірістің биологиялық құралдары әсіресе табиғаттың өзіне бара-бар табиғатты игеруге негізделген [1]. Бұдан шығатын қорытынды: көшпелі өмір салты ойлаудың, идеялардың, бейнелердің ерекше түрі арқылы дүниетанымды («Көшпендінің рухани өмірі») бейнелейтін өзіндік ділдік универсумның, рухани ғарыштың қалыптасуына сөзсіз әсер етті. Мысалы, көшпенділер әлемді, тарихты, уақыт пен кеңістікті, «адам – қоғам» және «қоғам – табиғат» арақатынасын, материалдық және рухани-адамгершілік құндылықтар бағыныстылығын, өмір мұратын және басқаларын ерекше түсінген. Тарихи деректер дәлелдегендей, оларға отырықшы халықтармен салыстырғанда өз мәдениеті мен әлемін қабылдау ерекшеліктері тән.

Егер философияны тек рационалды-догматтық білім түрі ретінде ғана емес жалпы ойлау формаларында көрініс беретін даналыққа, өзіндік санаға және өмірді түсінуге деген махаббат түріндегі байырғы мәнінде түсінсек, онда Қорқыт Ата, Асан қайғы сияқты көптеген дала ойшылдары – жыраулар мен ақындарды Шоқан Уәлихановтан кейін толықтай «көшпелі философтар» деп атауға болады. Скифтік (сақтық) көшпенді ортадан алғашқы пайғамбар Заратуштра шыққан әлемдегі көне діннің – зороастризмнің негізін қалаған және белгілі философы Анарыс. Қазақ философиясының тарихында көшпелі философ Асан қайғының (XV ғ.) рухани мұрасы үлкен құндылықтарға ие [2]. Асанның этикалық ойтолғамдарының негізі – жамандықты жойып, жалпыға бірдей үйлесімдікке апаратын жолды іздеу. Оның ойынша жамандық үстемдігі бастапқы этикалық қажеттіліктің, жалпыға ортақ этикалық көрсеткіш – өзін-өзі құрметтеудің бұзылуынан. Құрметтеудің жоқтығы адамдар мен адам және табиғат арасындағы қатынастың үйлесімсіздігіне әкеледі. Үйлесімдік жолы «жандының бәрін аяу, оны бағалау және құрметтеу» қажеттілік танымының негізінде жатыр [3]. Аяушылық сезімі тек адамға ғана емес, барлық тіршілік иелеріне тән. Өмірді қолдау және өсіру, оны жоғарғы үйлесімдікке жеткізу – Жақсы. Өмірді құрту, оған зиян келтіру, оның еркіндігін ығыстыру – Жаман. Асан қайғы әлем адамның қоршаған ортаға құрметпен қарау дәстүрін енгізді. Асан қайғы адамның барлық ойы мен іс-әрекеті, оның жоғары идеялық ұмтылысы әділеттілікке бағынуы керек деп сенген. Қоғамдағы әділеттілік өзара келісім мен түсінік, адамдар арасындағы ізгілікті істер арқылы мүмкін болады. Асан қайғы Абайдан бастап қазақ ойшылдарының шығармашылығындағы философиялық моральдың даму бағыттарын анықтаған бірнеше этикалық түсініктерге нақты анықтама берген. Асан қайғы әділдік, даналық, қорқақтық, жамандық, ақымақтық, надандық және т. б. этикалық категориялардың мазмұнын

алғаш рет ашып берген. Асан қайғы бұл ұғымдарды былайша сипаттап көрсетеді: «Әділдіктің белгісі – Біле тұра бұрмаса. Ақылдының белгісі – Өткен істі қумаса. Жамандардың белгісі – Жауға қарсы тұрмаса. Залымдардың белгісі – Бейбіттің малын ұрласа. Надандардың белгісі – Білгеннің тілін алмаса» [4].

Асан қайғының дүниетанымы – ішкі даму қозғалысына ие әлем, табиғат үйлесімдігін сақтауға бағытталған, сондықтан адам жүгенсіздігін қажет етпейтін дүниені сезу үлгісі. Асан қайғы дүниетанымы әлеуметтік бағыттылығымен ерекшеленеді. Ойшыл өмір бойы туған халқы бақытты, тыныш, аман-есен өмір сүретін «Жерұйықты» іздеген. «Жерұйықты» табу үшін қиындықтар мен азапты жеңіп, қазақ даласын көп шарлаған. Асан қайғы үшін «Жерұйық» – жер жаннаты [5]. Көрнекті ойшыл Асан қайғының әлеуметтік-философиялық көзқарастары XVI ғ. өмір сүрген белгілі ағылшын гуманисті Т.Мордың идеяларымен үндес. Халық құдай жолымен жүретін, жеке (тіпті өзінің) меншігі жоқ, барлық азаматтар еңбек ететін, әділдік, бейбітшілік пен игілік жайлаған фантастикалық Қиял (Утопия) аралының мінсіз құрылымы жайлы Т. Мордың идеялары қазақтың көшпелі философының қиялынан туған, Асан қайғының – «Жерұйық» туралы ойларымен үндеседі. Қазақ ойшылынан кейін өмір сүрген француз утопистері А. Сен-Симон мен Ш. Фурьенің көзқарастарымен сәйкес келеді. Қоғамды қалай құру керек, барлығы үйлесімді, әділ, адамдардың барлығы бақытты болатын – осы мәселелердің барлығы ойшылдарды бірдей толғандырады. Бірақ осы мәселелердің жауабын іздеуде батыс утопистерінен өзгеше Асан қайғы өз «Жерұйығын» қазақ даласында да және өзінің жеке өмірінде де іздеді [6]. Қазақ хандығы кезеңіндегі номадтық-отырықшылық қоғамның рухани универсумы заманауи ақиқат жағдайында терең және шексіз мүддені көрсетеді. Қазақ ұлттық идеясы жаршысының алғашқыларының бірі алғашқы қазақ хандары Керей мен Жәнібектің кеңесшісі болған Асан қайғы еді. Бұл қазақ мемлекеттілігінің құрылу кезеңі болатын және ұлттық идея утопия (Мысалы, «Жерұйық», «Жиделі Байсын» – ізгілік, жұмақ жер) формасында пайда болған. Алғашқы топтасқан ұлттық идея сакралдылыққа, киелілікке, «Атамекен» – ата-баба жерінің аса құндылығына негізделген. Асан қайғының Жерұйығы ерекше амбиваленттілігімен: «жер жаннаты» табиғат пен адамның, өлім мен мәңгіліктің, жала мен таулардың және т.б. үйлесімділігімен сипатталады.

Қазақтарда «Жол» сөзі бейнелі кеңістікті-уақыттық мәнге ие болады, «жол» – көбінесе жолға шығу, жолың болсын мағынасында да қолданылады. «Жол болсын!», «Ақ жол тілеймін!» деген сөз тіркестері халықтың рухани аясында тек оң сапар тілеу ғана емес, адам өміріне барлық игіліктерді тілеуді білдіреді. «Жол – тағдыр, жол жақсылық пен жамандықтың баламасы немесе қандай да бір мақсатқа бейімделу, алғыс білдіру» [7, 172 б.]. Қазақ үшін жол – бұл өмір мәні мен болмысын ерекше философиялық іздеу. Аңыздар мен халық ертегілерінде жиһангер-абыз бейнесі құрметтеледі. Жерұйықты іздеген Асан қайғы мен өлімнен қашқан Қорқыт Ата бейнесі этностық фольклорда халық мұратының айқын бейнесі болып табылады. Халықтық фольклорда Асан қайғы жоғары адамгершілік сипаттармен ерекшеленген және өмір бойы жер жаннаты «Жерұйықты» іздеген. Адам үшін әрдайым қасірет пен қайғыда жүру табиғатына сай емес. Бұл тек Асан бейнесіне ғана тән. Ол халық үшін жер жаннатын іздеп жиһан кезіп кеткен.

Ізденуші, ақыл иесі ретінде Асан қайғыға халықтың қалай өмір сүріп жатқанына көңілі толмай, Жәнібек ханға жүгінеді: «Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшер». Ол «Жерұйық» – жер жаннаты бар екеніне сенімді. Онда адамдар жүз жасайды, мал жылына екі рет төлдейді; ол жерді жау шаппайды, онда жұт болмайды; шөп шүйгін өседі, өзен-көлдер көп, керемет жайылымдар. Халық қайғы-қасірет дегенді білмейді, қамсыз тіршілік кешеді, барлық адамдар еркін, тең және келісіммен өмір сүреді. Бақыттың, тыныштық пен бейбітшіліктің нышаны қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кезең болып табылады. Асан қайғы өзінің Желмаясына мініп алып үздіксіз жер жүзін аралайды.

Аңыздарда арман еткен Жер жайында адамның кеңістік пен уақыттағы өз орнын, адамның қоршаған ортамен үйлесімдігін іздеуі анық көрінеді. Жер жаннатын таба алмаған Асан қайғы бейнесі қазақ қоғамының құндылықтық әлемі үшін келесі ұрпақтарға жолбасшы болады. Әр адам өзінің үйлесімді әлемін табуы тиіс. Шынайы географиялық, кеңістікті-уақыттық

аясында болатын кейбір кемшіліктер қай ортада болмасын заңды дерек болып табылады. Олар адам үшін кесім емес, этностық қоғамның жаңа тұтас әлеуметтік-мәдени әлемін құрудан басталады. Сондықтан Асан қайғы ілімінің утопизмі әртүрлі заманауилық инновациялық тәсілдің іргетасы болып табылады.

Ресейлік номадизмді зерттеуші Г. Гачев көшпенділіктің мәнін анықтай отырып, өз түсіндірмесін береді: «... Қазақтарда сөз басқа халықтармен теңқұқықты, мұнды қайратынды ауызша-рухани пайдалану, біреудің жазған жазуы – уақыт жауы – яғни, ол өлсе де, сөзі қалады, ол өзін өлместей сезінеді. Көшпелі логоста жаппай қаталдық пен қайталанбастық жоқ, сондықтан желілік уақыт жоқ – өрлеу жоқ: айналып жайлауға қайтып келеді. Ал Желілік өрлеу қалай көрінеді? Бір қабаты басқасына артады, ал ол – шешіледі – киіз үй, тұрақ, тек қайта келу үшін кетеді – көшпенді қазақтар тарихта өмір сүрмейді, тұрмыста өмір сүреді» [8]. Мұнда көшпелі мәдениеттен, өркениеттен тыс сипатталған, яғни оның тарихи кеңістіктік-уақыттық координаты жоқ сияқты. Бірақ маңызды факторды ескеру керек – номадтық мәдениеттің бірегейлену маңыздылығы танымдық тарихи мүддеден шықпайды (негізі бұл да бар), бірақ дәстүрлі қазақ мәдениетін зерттей отырып, номадтық өркениеттің ерекшелігін ашып көрсетеміз (тарихшы Н.Масановтың жұмысына назар аударыңыз) [9].

Көшпелі мәдениет өтпелі қоғамдық форманы да, «азиялық өндіріс тәсілінің» түрлерін де, «далалық феодализмді» деп есептемейді, адамның және құрғақ аймақтағы қауымдастықтың шаруашылық-мәдени түрін игеру. А. Тойнбидің «Тарихты игеру» атты кітабында көшпенділерді табиғат ортасының сын-қатерлеріне лайықты жауап бере алатын, бірақ бұл сынның шектен тыс қаталдығынан өздері де даланың тұтқынына айналған кешіккен өркениетке жатқызады. «Қуаң даланы тек малшы ғана игере алады, бірақ ол жерде өмір сүріп, гүлденуі үшін көшпенді-малшы тұрақты өзінің шеберлігін дамытып, жаңадан машықтанып, сонымен бірге ерекше адамгершілік және зиялылық қасиеттерін тудыру керек. Егер көшпенді өркениетті егіншілікпен салыстыратын болсақ, онда номадизмнің белгілі бір басымдылықтары бар екенін көруге болады. Біріншіден, жануарларды қолға үйрету – өсімдіктерді үйретуге қарағанда аса жоғары өнер, себебі бұл адам ақылы мен жігерінің жеңісі. Бұл жерде өнеркәсіптік өндіріспен қатар келеді. Егер егінші бірден пайдалануға болатын өнімді өндірсе, көшпенді өнеркәсіпке сай өз өнімін жақсылап өңдейді, әйтпесе пайдалануға жарамай қалады» [10, 185 б.].

Көшпендінің жылқыға ерекше қатынасы болғанын айтып кету қажет. Әсіресе, көшпенді қазақтың өмірінде жылқы ерекше мәнге ие болған, бұл туралы С.Е. Толыбеков дұрыс көрсеткен: «қазақ – малшылар жылқыны оның қасиетін, көшпендінің шаруашылығына қажет екенін жоғары бағалаған» [11, 196 б.]. Қазақ қашанда жүйріктермен, жорғалармен өз өмірлерін салыстырған. Сондықтан да көптеген қазақ әндері жылқыға арналған. Жылқы көшпенді үшін тек көшпелі мал шаруашылығы үшін өндіріс құралы ғана емес, этникалық қауымдастықтың рухани өмірінің жарқын көрінісі де болды.

«Далада көрінетін көкжиек бірыңғай көрінетін мен көрінбейтіннің де нышаны болды және дүниетаным мен дүниені қабылдаудың ойлау ерекшелігін көрсетті. Аспандағы Күн шеңбері мен қырдың үстінен түскен жартылай шеңбер Космос пен өмірдің дүниетанымдық қабылдау негізі болды. Күн мен жарты шеңбер – Ай – өмір негізінің нышаны болды» [12, 17 б.]. Номадтар мәдениетіндегі шеңбер нышаны көшпенділік динамикасымен, оның құндылықтар әлемімен үздіксіз байланысты болды.

Автохтондылық пен біркелкілік идеялары қазақ мәдениеті үшін сөз жоқ маңызды. Бұл жерде мәдениеттің дамуындағы «мемлекеттік кезеңді» бөліп көрсеткен Н. Данилевскийдің ойларына зер саламыз. Мемлекеттілікті күшейту этникалық қауымдастықтың құндылықтық әлемін жүйелендіруде үлкен рөл атқарады. «Автохтонды және кірген құндылықтарды ұтымды қиыстыру, өркениеттің даңғыл жолына еруге мүмкіндік беретін қатар өмір сүрудің жаңа формаларының түбегейлі жинақталуы және біздің қоғамның әлеуметтік және рухани сипаттамасының ерекшелігі жайлы мәселе тұрды» [13, 65 б.] – деп жазады М.С. Орынбеков. Барлық алдыңғы әлеуметтік-мәдени құндылықтар жалғасы ретінде көрінетін қазақ мәдениетінің рухани ішкі тұтастығын негіздеу әлі де қалыптасу үрдісінде. Бұл қазақ мәдениетін ғылыми

бірегейлендіруге, одан ішкі интеграциялық идеяларды, құндылықтық бағдарларды мемлекеттілік мағынасы тұрғысынан ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. –Алма-Ата: Наука, 1989. –С. 236–237.
- Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. –Алма-Ата, 1971.– 157с.
- Мағауин М.Алдаспан. –Алма-Ата, 1971.–254б.
- Поэты пяти веков. –Алма-Ата, 1993.–365с.
- Нысанбаев А. Философия взаимопонимания. –Алматы, 2001.– 354с.
- Нысанбаев Ә.Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм. –Алматы: «Қазақэнциклопедиясы», 2011.– 395с.
- Топоров В.Н. Пространство культуры и встречи в нем // Восток – Запад. Исследования. Переводы. Публикации. –М.: Наука, 1989. – 301 с.
- Гачев Г. Национальные образы мира.– М.: Сов.писатель, 1988. – 488с.
- Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов. (Основы жизнедеятельности номадического общества). –Москва, Алматы, 1995.–256с.
- Тойнби А. Постигание истории. – М.:Прогресс, 1991. –736 с.
- Толыбеков С.Е. Концепции основного экономического отношения кочевого общества казахов в XII – начале XX веков / Под научной редакцией акад. Кошанова А.К. – Алматы: ИЭ КН МОН РК. 2013. – 256с.
- Каракузова Ж., Хасанов М. Космос казахской культуры. – Алматы: Евразия, 1993. – 78 с.
- Орынбеков М.С. Ежелгіқазақтыңдүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. –168 б.

## **ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

Р.Қ.Қаражігітова – х.ғ.к., профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік Жұбанғалиева Г.Г – п.ғ.м. аға оқытушы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік

Құндылық кез-келген тұлғаның бойында қалыптасатын қасиеттердің негізгісі топтабылады. Құндылық тұлға, топ, әлеуметтік ортада адамгершілік ұстанымдар, мақсаттармен белгіленген әдістері және көрсеткіштерімен нақтыланады. Тұлға бойындағы құндылықтар тұлғааралық қарым-қатынас, іс-әрекетте, мінез-құлықта көрініс береді.

Рухани құндылық десек – көз алдымызға мәдениет, рухани байлық елестері анық.

*Рухани байлық* – ол біздің тіл байлығымыз, сөз саптауымыз. Қазақ халқы қашанда тілге шешен, ділмір, сөзуар халық. Дау бар жерде де, жау бар жерде де бір ауыз сөзбен шеше білген. Яғни сөзге жүйрік болған. Осындай құндылықтарымыздың сапасын жоғарғы деңгейге көтеріп жүргеніміз дұрыс болар. Рухани құндылық ішкі жан дүниенің жан дүниенмен сабақтастығы. Жан дүниен қандай көркем болса, сыртқы бейненде сондай әсем болары хақ. Бір – бірімізге мейірімділік танытып, жылы сөйлегеніміз әдептілік пен бірге сыпайылық болар. Міне, осының барлығын құнды да, рухани құндылық демей немене? Әрқашан сауатты да білімді, тілге шешен, рухани жағынан байда, қуатты болайық. Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым бола алатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапаларға «Адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелеу керек», - деген. Шәкәрім аталарымыздың терең ойын негізге ала отырып, жас ұрпақтың бойына адамгершілік – рухани қайнарын сіңіріп, мінез – құлқын тәрбиелеу үшін жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік ұстанымдарды, әділдік пен өзара көмекті ғұмыр бойы мұрат тұтуды тәрбиелеу ұстаздар міндеті.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың», деп бекер айтылмаған. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қылыптастыру оған туған күнінен басталуы керек. Мағжан Жұмабаевтың педагогикасында «Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда адам баласы туғанда өте әлсіз, зағып, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам туғанда інгәлаған айқайы мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз, тым шабан. Мінеки, адам баласы, осылай өте әлсіз болып туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды», – деген болатын. Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп отырған. Балаға білім беріп, дүниетанымын кеңейтіп, алғыр, күшті, сымбатты, ой - өрісі кең, рухы биік, жан – жақты жетілген ұрпақ өсіруді мақсат етіп, оны парыз деп білген.

Ата- бабамыз ана құрсағыннан бастап, бала дүниеге келгенше тәрбие жұмысын үзбей жүргізіп отырған. Алғашқы кезеңде тәрбие ойын–сауық түрінде жүргізілген. Бала жеті жасқа жеткенше бетінен қақпай, еркін, еркелетіп өсіреді. Зекімейді, жасқамайды, баланы ұрмайды. «Баланы басынан ұрма бағы таяды, арқасынан ұрма әруағы қашады» деп айту тәрбиенің негізі болып табылады. Әрбі отбасы ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән беріп, ұлттық тәрбиені қалыптастыратын ата, әже, әке, мектептері арқылы халықтың салт– дәстүрлері, әдет–ғұрыптарына, ата кәсібіне балаларды үздіксіз тәрбиелеу арқылы қол жеткізіп отырған. Аталарымыз табиғатпен етене өмір сүріп, барлық жақсы үздік, тәрбиелік мәні зор әдістемелердің барлығын ұрпақ тәрбиелеу жолына бағыштап отырған.

Біздің ата–бабаларымыз Әл–Фараби, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Абай, Қаныш т.б. аталарымыз қазақтың осындай ұлттық тәрбиесінде өскен. Ұлы бабаларымыздың бойынан қазақ халқының теңдесі жоқ бай қасиеттерін көріп, таңданасың.

Ұлы бабаларымыз аталардың өсиет, нақыл сөздерін, әжелердің ертегісі мен аңыз, әңгімелерін, танымдық, ұлттық ойындарын, жұмбақ, жаңылтпаштарын т.б. жаттап, естіп, үйреніп өсті. Жас ұрпақтың бойында ананың әуенімен оятатын бесік жырларымен қатар қиял–ғажайып ертегілер, ұлттық ойындары арқылы ұнамды жағымды әдеттер мен мінез – құлықты, жақсы қарым– қатынасты, ынтымақ пен жарасымдылықты, қайырымдылық пен ізгілікті, еңбек сүйгіштік пен үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер т.б. адамгершілік – рухани қасиеттер қалыптасады.

Бесік жырын, ана әлдиін естіп, «Ер Тарғын», «Алпамыс» т.б. ертегілерді оқып, халық дәстүрінде тәрбиеленген баладан туған халқын сүйетін, дінін, тілін қастерлейтін ержүрек, батыр, адал, мейірімді, тәрбиелі азамат өсіп шығары анық.

Ұлы бабамыз Әл – Фарабиден бастап өшпес мұра қалдырған ойшылдарымыз Қашқари, Иассауи, Дулати, т.б. еңбектері - қазіргі ұрпақ үшін теңдесі жоқ қазыналар. Ал Асан қайғы, Ақтамберді, Майлықожа сияқты ақын – жыраулардың толғаулары мен дана өсиеттерінің қосар үлесі қаншама! Жарық жұлдыздарымыз Шоқан, Ыбырайлармен қатар тәлімдік ой пікірлерімен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақыптардың еңбектері жас ұрпақты ұлттық құндылыққа тәрбиелеуде ерекше орын алады. Әдебиет, дүниетану, өзін – өзі тану пәндерінде ертегі, әңгімелер, бесік жыры, шешендік, сөздер, қара сөздер, мақал – мәтел, жаңылтпаштар, салт – дәстүрлерді оқыту арқылы оқушылардың бойына адамгершілік – рухани қасиеттерді сіңіре аламыз. Ертеден ата – әжелеріміз айтып келе жатқан халық ертегілері туралы атақты педагог В.А.Сухомлинский былай деген «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады».

Сондықтан ертегіні оқыту арқылы балаға рухани ләззат беріп, қиялына қанат бітіріп, жас баланың рухының өсіп жетілуіне жағдай жасаймыз. Ертегі баланың армандарын асқақтатады, қайратты, қайырымды істер жасауға құлшындырады, шебер де шешен сөйлеуге, өз ойларын әдемі де әсем баяндауға үйретеді. Ертегідегі батырлардың батырлығы, тапқырлығы, ақылы мен адалдығы, қайсарлығы өскелең ұрпақтарға ой салады, адамгершілікке жетелейді, отансүйгіштік қасиеттерін оятады, сана – сезімдерін дұрыс бағытта қалыптасуына әсер етеді. Жас ұрпақты ұлттық құндылыққа тәрбиелеуде ерекше орын алады.

Біздің ата–бабаларымыз, әке–аналарымыз осындай ертегілерді тыңдап, халқымыздың бай қазынасымен танысып, біліп өскен. Соның бір дәлелі М.Әуезовтың «Бала Абай» әңгімесінде былай делінген: Абайдың әңгіме, ертегі, жырларды жақсы көретінін білген анасы Ұлжан үйіне қонақ болып келген Байкөкше жыршы мен Барлас ақынды Абайдың тілегі бойынша бір айдай жатқызып өлең, жырды тыңдатқан. Сонда, Барлас ақын ұғымтал, зерек бала Абайға қатты риза болып бата берген болатын. Сол сияқты біздің бабамыз Қаз дауысты Қазыбек би 13 жасынан ел ішіндегі дауға, бітімге араласып өзінің шешендігін, қара қылды қақ жарған әділдігін көрсетіп, қазақ халқының Үш биінің бірі атанған, «Қаз дауысты Қазыбек би» атанған.

Атамыз қазақ өз ұрпағын жарық дүниеге келген күннен бастап дәстүрлі жолмен ұлттық тәрбие беріп отырған. Жастайынан құлағына сіңіп, ненің жақсы ненің жаман екенін білсін деп үлкендердің қолына су құясың деп ауыл ішіндегі дау, бітімге қатыстырып отырған. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би т.б.бабаларымыз үлкендердің саликалы небір шешендік сөздерін тыңдап, ойға түйіп, өз халқының ұлттық дәстүрін үйреніп, біліп өскен. Сондықтан біздің ата–бабаларымыз 12–15 жастан бастап, ат жалынын тартып, атқа мініп, қолдарына қару – жарак ұстап жауға қарсы шыққан, шешен болып, топ ортасына шығып ел дауына араласқан.

Оқушыларға «БалаАбай» мәтінін және Төле би, Әйтеке би. Қазыбек билердің шешендік сөздерін оқытып, таныстыру арқылы ата–бабаларымыздың бойындағы адамгершілік–рухани қасиеттерді атап айтқызып, мінездеме жаздыру, салыстырып, талдау арқылы Бала Абайдың және Ұлы билердің бойындағы жақсы қасиеттерді өз бойына дарытуға тырысады және өздерінің жауапкершілігін, міндеттерін түсінеді. Рөлге бөліп оқыту, сахналық көрініс көрсету арқылы ата–бабаларымыздың елін, жерін, ата–анасын қорғауда үлкен еңбек атқарғанын біледі. Ендеше, ата–баба мұралары арқылы адамгершілік–рухани тәрбие беруде алдамызға мына мақсаттарды қойып, жүзеге асыруымыз керек .

1. Халықтың ғасырлар бойы жинақталып, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым – қатынасын, дүниетанымын, өмірге көзқарасын және оған сай мінез – құлқын қалыптастыру ;
2. Жас ұрпаққа халқымыздың асыл дәстүрі мен салтынан мағлұмат бере отырып, дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар – ожданы мол, еңбекқор, бойында басқа игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу ;
3. Ұлттық мәдени байлығымызды танып – білуге тәрбиелеу. Өз Отанының және халқының мәдени мұраларын игерту ;

Ендеше, қазақ халқының ұлттық құндылығын бойына дарыту үшін алдымен ұлттық тәрбие беруіміз қажет. Ұлы бабамыз Әл – Фараби « Тәуелсіз қолға білім салма» деген екен. Ал ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынов: « Біз әрқашан білімге ұмтыламыз. Негізінде ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Біз тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет. Тәрбиелі білімдар.... Міне, адам! Міне, тұлға!» , - деп білімнен бұрын тәрбиегі көңіл аудару керектігін, тәрбиесіз адамға берілген білімнен ешқандай пайда жоқтығын баса көрсеткен. Ең алдымен, таза жанды, иманды, арлы, намысты, ұлты мен ұлттық құндылықтарын, сүйетін адамгершілік – рухани қасиеттері дамыған өскелең ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Жас ұрпаққа заманауи ғылым - білімнің тізгінін ұстатып, жүрегін жарық нұрмен көмкерген адамгершілік – рухани құндылықтармен сусындатсақ, санасына төл тарихын сіңіріп, жүздерін жарқын болашаққа қарай бағыттап білсек, ата – бабамыздың маңдай терін төгіп, бізге мұра етіп қалдырған еңбегінің зая кетпегені.

«Мен үш қасиетімді мақтан тұтам. Олар жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбады. Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең» - деген екен Ақан сері. Олай болса жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс – әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне – өзі талап қоя білуге тәрбиелеу – адамгершіліктің басты мақсаты.

«Еліміздің күші патшада, сәбидің күші жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз, - адамгершілік – рухани құндылығымызда. Ол үшін Ақан серінің осы үш қасиетін баланың бойына дарыта білсек – ұлы жеңіс болары анық. Өйткені адам баласы



қоғамда өзінің жақсы қасиетімен, рухани байлығымен, адалдығымен, бойындағы адамгершілік – рухани құндылықтарымен ардақталады. Ендеше, ата – баба мұраларын оқыту арқылы өз ұлтын сүйетін, ұлтжанды, адамгершілік – рухани дүниесі бас тұлға қалыптасады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы:Рауан,1998.-112б
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы:Жазушы.1989. – 360б
3. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы. «Дарын», 2004. – 348 б
4. Әл-Фарабидің философиялық трактаттары. –Алматы,1973 – 318б
5. Педагогика. / Редакциясын басқарған П.И. Пидкасистый. Аударғандар Г.К. Ахметова., Ш.Таубаева. – Алматы: Қазақ университеті.2006. – 366б

## ЗАМАНАУИ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАДА ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУ

**Маденова Л.М.**

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қаласы**

**Мәсел Е.Н.**

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қаласы**

**Ключевые слова:** этнокультура, ценность, современность, национальность, глобализация

**Keywords:**ethnoculture, value, modernity, nationality, globalization

**Аннотация:** В статье рассмотрена система обучения и воспитания молодежи в социальной среде через этнокультурное образование, а также направленная на усвоение ценностей мировой культуры.

**Abstract:** The article considers the system of training and education of young people in the social environment through ethno-cultural education, as well as aimed at assimilating the values of world culture.

как личности. Излагаются качества, служащие основой для обеспечения ученического самоуправления. Доказано, что основной целью воспитания является формирование личности и обеспечение ее всестороннего полноценного развития. В ходе общения студенты высказываются о формировании своей позиции и позиции, считаясь с ценностями личности, общества и личности.

*Keywords:* spiritual revival, national code, creativity, intelligence, spirituality, competitiveness, intelligence, personality, competence, pragmatism, openness of consciousness, intelligence, culture.

*Summary:* The article analyzes from a scientific point of view the conclusions of the head of state N. A. Nazarbayev on the modernization of the project "Рухани жаңғыру" and the words "Ulityk code", "Rukhaniyat". The Kazakh national code reveals the meaning of such concepts as humanity, honesty, nobility, morality, duty, etiquette, integrity. In the conditions of rukhani zhangyru, the Outlook associated with the development of students' self-government, formation as a person has been accumulated. The article describes the qualities that serve as the basis for ensuring student self-government. It is proved that the main goal of education is the formation of personality and ensuring its comprehensive full-fledged development. In the course of communication, students speak out about the formation of their position and position, taking into account the values of the individual, society and the individual.

Еліміз рухани жаңғыру үшін ұлттық сананы жаңғыртуымыз керек. «XX ғасырдағы батыстық жаңғырудың үлгісі бүгінгі егемен қазақ еліне үлгі бола алмайды», - дейді Елбасы, өйткені «жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу». Ұлттық код қайда? Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. Қазақ баласының тағылымы мол тарихында мәдени-рухани болмысы ізгілікпен әдіптеліп, қарапайымдылықпен шыңдалып, парасатпен шырайланған. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік инабаттылық, адамгершілік, парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, молынан қамтылған.

Тәуелсіздіктің бесігінде тербелген Мәңгілік Елдің іргетасын қалаған, әлемдік қоғамдастықта өзіндік дауысы бар Қазақстанның үшінші жаңғыруына қадам басқанда стратегиялық дамудың, ізгі мақсаттардың қайнар көздері мен күретамырын нақты, дәл, дөп айқындау, тереңнен тану ең бір абзал, өнегелі іс болса керек-ті. Бұл ретте елдің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» дейтін кең құлашты мақаласында кесек-кесек парасатты пайымдаулар, түйдек-түйдек көсем пікірлер тайға таңба басқандай келісті таңбаланған. Бұлар – өркендеуіміздің шарайнасы, кемел келешегіміздің құбылнамасы. Негізінде, ұлттық сана дегеніміздің өзі - мемлекеттік сана. Ұлттық – мемлекеттік сана бар жерде тіл, дәстүрлер, ұлы этностар, тарих, ізгілік қағидаттары қорғалады, жоғары деңгейде көтеріледі. Сөйтіп, өркениетті елдердің санатында көрінуге жойқын серпін берері сөзсіз.

Жоғары ұлттық сана ақылды, арлы, ғылым-білімге ынтық, сұлу мінезді майталман маман болуға құлшындырады. Елшілдікті, мемлекетшілдікті, ізгілікті құнттап, адал қызмет жасауды мұрат етеді. Абай: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар мінез деген нәрселермен озады» десе, бәсекелік қабілетті де, адамшылыққа, биік санаға ие болуды да қозғап отыр. Бұл тұста Елбасының: «Адам баласы шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі» деген хикмет келтіруге болады. Құран Кәрімде: «Адамды құт иесі қылдық» делінген. Демек, адам баласы ақыл-қайраттың, буырқанған жігердің, өнердің, білімнің, сезімнің, берекелі әрекеттің, биік сананың иесі. Рухани жаңғырудың өлшемі осылар. Ел көсегесінің көгеруіне де өлшеусіз қасиеттер қосатын, бәсеке-жарыста алға шаршандап бастыратын, оздыратын осылар. Сонымен қатар, ел ауызында «Халықтың ақылы - мұхит. Дананың ақылы- дария» деген даналық сөз бар. Ендеше, Елбасы тарихи тәжірибелерге, ұлттық-рухани құндылықтарға, «тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерге», тілге, әдебиетке, музыкаға, ұлттық рухқа, ұлттық болмысқа жүгіне отырып, жаңаша, тамаша, жарқын сипаттармен толықтыруды ерекше ескертеді.



Әрбір адамның интеллектуалдық мәдениетін, ұлттық санасын кемелдендіруді көздегенде уақытты үнемді, ұтымды қолдану, яғни еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру, қағазбастылықтан арылу, кәсіби біліктілігі жоғары таланттыны қолдап – қорғау, даңғыл жол ашу, әділетсіздік, опасыздық, істерді терістеу, үйренген білімді ісінде, сөзінде, қимыл – әрекеттерінде қолдану, «тіршілікке қажетті жарық сәулені сырттан алмай, өзің оған шаршаңқы болу, оған өз жаныңның сәулесін түсіріп, жана білу» (Саллютий) және Елбасы көрсеткендей, білім ордаларының аудиторияларында толыққанды сапалы білім беріп, келешектің тұлғасын тәрбиелеп өсіру, гуманитарлық кафедралардың мәртебесі мен дәрежесін көтеру – басты парыз. [6]

Ендігі адам баласы қандай болу керек және бүгінгідей аласапыран заманда өзінің адами бітім-болмысынан ажырап, тіпті ой-санасы адаса да бастаған адамзаттың не істеу керек? Елбасы осы өзекті мәселеге жауап берді. Елбасы «Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек», дегенді алға тартады. Әр ұлттың өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан асыл ойлары мен ізгі амалдарын және де жақсы кісілік болмыс-бітімін, салты мен дәстүр, ғұрпын сақтау бүгінгі күні жалпыадамзаттық мәселеге айналып отыр. Адамзат өмірі мен тұрмысына ғылым мен техника жетістіктері және ақпараттар ағыны араласқалы кез келген ұлттың санасына ауыр салмақ түсе бастады. Ол салмақ ұлттың санасына идеологиялық және саяси жүк болып артылғанын да бағамдар едік. «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі - олардың өздеріне тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз тануында» деген Елбасының тұжырымына тоқтай отырып, заманның қазіргі ахуалын алыңыз. Сондықтан да компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты алға тартып отырған мәселелері біздің қоғамның берік ұстанымына айналып, осы бағытта тынымсыз жұмыстар жүргізуді талап етеді. Сол үшін де Елбасы «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілді білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалардың қолға алынуы ол біздің халқымызды ХХІ ғасырдың талаптарына сай даярлаудың алғашқы қадамын баяндаған.

Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, ақын, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулет Рухани жаңғыру мақаласы туралы: «Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы мемлекеттік саясаттың бетін ұлттық-рухани тамырдан нәр алуға бағыттап, бұра білуімен маңызды да бағалы деп айтар едім. Мақала авторы жаһандану дәуірінде өз бетімізді жоғалтпауымыз үшін қанымыздан, ділімізден, рухымыздан айырылмауымыз керек деген ұғымды қазықтай қазып беріп отыр. Мәдениеттану ғылымында «прогрессивті консерватизм» деген ұғым бар. Бұл әсте де керітартпалықты әсірелеу емес, ескінің бойындағы жақсылықтың дәнін дәріптеп, топрағын түптеу, көнеден келген көмбені күптеу, ежелгі рухани қазынаны құрметтеу. Біздің бағзыдан жеткен салт-санамыз, әдет-ғұрпымыз, ұлттық болмысымыз ғасырлар аласапыранынан осы «прогрессивті консерватизмнің» арқасында аман қалған. Ұлттық код дегеніміз – бұл ата-бабадан келе жатқан рухани қазына, тарихи дәстүр, мәдени білім, сана-сезім. Біздің «ата мұра», «мәдени мұра» деп жүргеніміздің нақ өзі. Әдет-ғұрпымыз, салт-санамыз, тарихымыз, өнеріміз, ауыз әдебиетіміз, жазба әдебиетіміз бәрі қосылып келіп, ұлтымыздың мәдени кодын құрайды. Бұл – батыстың ақпараттық экспансиясына ұшырап отырған айырылып қалмауы, дүбәра жұртқа айналмауы үшін аса маңызды кілт. Мақалада қозғалған бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы туралы қадау-қадау тақырыптардың әрқайсысы біздің келешектегі даму жолдарымыздың алғы шарттарын меңзеп, белгілеп беруімен бағалы. Сонымен қатар таяу жылдар атқарылуға тиіс латын әліппесіне көшу, «Туған жер» мемлекеттік бағдарламасын, «Заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын жасау, «100 жаңа есім» жобасы арқылы ұлтымыздың мақтаныштарын ұрпақтарға үлгі ету, т.б. көзделген жоспар-ниеттердің қай-қайсысы да, қазақ деген халқымыздың сусаған

тамырына нәр болып құйылуға тиісті шаралар дер едім. Сондықтан, Елбасы мақаласындағы әдебиет, мәдениет, философия, саясаттану, психология пәндерінен әлемдегі ең үздік 100 оқулықты қазақ тіліне аударып, біздің оқушыларымыздың игілігіне ұсыну аса жауапты да сауапты іс болмақ. Ал «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы тіл туралы заңға өзгеріс енгізу жөнінде тікелей мәселе қозғамағанмен мемлекеттік тілге деген көзқарас енгізуімен де маңызды деп білемін. Осы мақаланың аясында «Туған жер» сияқты ауыл өміріне оң ықпалы тиетін бағдарламалар қабылданып, қазақтың киелі өңірлері қамқорлыққа алынуда. Игілікті, ізгілікті істерімен көп көңілінен шығып, ел аузына іліккен асыл азаматтарымыз ұлықтала бастады. Бұл да болса, адамзат өркениетіне ұлт, халық болып үлес қосу дегеніміз – жеке тұлғалардың үлесінен бастау алатынын естен шығармаудың бір мысалы. «Мәдениет – Адам атаның әбүйірін жапқан жапырақтан басталған, сол жапырақ жұлынған сәтте аяқталады» деген сөз бар. Мәдениет – өркениеттің ең биік сатысы. Мәдениет жоғарылаған сайын еңбек те жоғары бағаланады. Мәдениеттің халықтарға қалай өмір сүруді үйрететін ұлы ұстаз екенін бұрынғы ғұламалар тегін айтпаған. Ал біз қос қолымызды көтеріп қолдап отырған Рухани жаңғыру мәселесі осы мәдени өркендеудің алғы шарты.» деген болатын. Ұлықбек ағамыздың «Рухани жаңғыру» жобасының өзектілігі мен маңыздылығын талдауда үлесі зор. Өткенімізге көз жүгіртпей, тарихты бағамдамай, бүгінгімізге баға беріп, болашаққа бағыт ала алмаймыз. Қай кезеңде де қазақтың арғы тарихы мен мәдениеті біз үшін бастапқы орында тұруы тиіс. Қазақтың тілі мен діні, ділі барлығы дерлік ұлттық ерекшелігімізді танытатын негізгі факторлар.

Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Ел болам десең, бесіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда.

Руханият - ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа жеткен этностың саналы білімі мен ғылымы, мәдениеті мен ауыз әдебиеті, моральдық – этикалық, әдет-ғұрып, салт-дәстүр ережелері мен эстетикалық, әлеуметтік – тұрмыстық біртұтас кешенді материалдық рухани құндылықтары.

Руханияттылыққа жетудің жолдарын Ә.Сәдуақасұлы былай белгілейді:

1.Рухани дамудың амал-құралдары арқылы (адам санасы мен мәдени-рухани құндылықтар т.б)

2.Тәрбие ұстанымдары арқылы (демократизм, ізгілік, гуманизм, адамгершілік, мейірімділік, теңдік, бостандық, береке-бірлік, ынтымақтастық т.б)

3.Рухани кеңістікке шығу арқылы (ұлттық руханияттылық, ұлтаралық қарым-қатынас және ар-ождан төзімділігі, әлем халықтарының өркениеті т.б)

Рухани байлық – ұлттың тірегі, мемлекетіміздің тірегі, елдің қалыптасуының тірегі. Ұрпақты ұлттық рухпен сусындатуымыз керек. Рухани сусындамаған жерде тұрақтылық, сезімталдық болмайды.

«Жалпы философияның өзі қазіргі заманда руханилық мәселесін жоғары көтеруге бағдар ұстануда - дейді ҚР философия және саясаттану институтының директоры, академик, философия ғылымдарының докторы, профессор Әбдімәлік Нысанбаев: «Ол дегеніміз адамдарды өзара түсінісуге, толеранттық санаға қарай шақыру болып табылады. Қазіргі заманның негізге қайшылығы – қоғамдағы шынайы өзара түсіністіктің жоқтығы, адамдар арасындағы әлеуметтік қашықтықтың ұлғая түсуі болып табылады. Оның себебі адами

руханилықтың социумда өрбімей, өзіншілдіктің тереңдеп кетуінде.»«Рухани жаңғыру» жобасы аясында «10 жаңа есім» айдарымен студенттермен жұмыс жүргізілді. Жұмыс барысында студенттердің рухани жетілуі мен дамуын басшылыққа ала отырып, әртүрлі қасиеттерін қалыптастырдым. «10 жаңа есім» номинанттарын анықтау үшін студенттерге практикалық және шығармашылық жұмыстар жүргіздім. Олардың іскерлік және жеке қасиеттеріне, білім-ғылымға икемділігіне байланысты жұмыстардың нәтижесіне қол жеткізілді. Қазақстан қолға алынған «100 жаңа есім» жобасына сәйкес жасалды. Мақсаты студенттердің қоғамдық белсенділіктерін арттырып, ұлттық рухани көкжиектерін кеңейту болды. Студенттер жоба аясында жұмыс жасау арқылы патриоттық сезімдері ұлғайып, бұрынғыға қарағанда қоғамдық жұмысқа деген қызығушылықтары арта түсті. Студент жастар - өз заманымен қатар қадам басатын, қоғамның алға басушы күші, олардың ішінен әртүрлі салада қызмет ететін тұлғалар қалыптасады. «10 жаңа есім» жобасында студенттердің мына қасиеттері өзекті болды: -Өзін-өзі басқару қабілеті;

- қоғамдық жұмыстарға белсенділігі;

- көшбасшылық және креативтілік;

- ақпараттық сауаттылық; т.б. бағыттар бойынша сараланып, студенттер арасында ерекше академиялық даму тобы қалыптасты.

Студенттердің тұлға ретінде қалыптасуы мен өзін-өзі басқару қабілетін дамытуда рухани адамгершілік тәрбие берудің үлесі зор. Олардың санасын қалыптастыру негізі - ұлттық тәлім тәрбие. Әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасы – этномәдениеттің құнды бөлігі. Қазақ халқының бағалы педагогикалық ой-пікірлерін бүкіл оқу-тәрбие жүйесінің тірегіне айналдыруға бетбұрыс жасады. Барлық оқу орындарынлағы тәрбиелік мақсат өнегелі тәрбие ісін дүниежүзілік ғылыми және рухани қазынаны ұлттық мұрамен ұштастыру арқылы жүзеге асырыла бастады. Адамды жігерлендіріп, батыл ететін, алға қойған ұлы мақсатқа жетілдіруге ұмтылдыратын, үлкен арманды орындап шығуға құлшындыратын, қысқасы адамды нағыз адам ететін күштің бірі өзіндік саналы тәртіп пен өзін-өзі тәрбиелеу.

Рух дегеніміз нақты атымен атайтын болсақ – жан. Қазақта мынадай фразеологиялық сөз тіркестері көп кездеседі: рухани бай адам, адамның рухы, рухы мықты азамат, ұлттық рух деген сөздердің барлығы да адам денесіндегі бір қуат екендігіне көз жеткізуге болады. Адам бойында кездесетін барлық жақсы қасиеттер рухтан туындайды. Қазіргіні салыстырар болсақ сол үрдіс өз жалғасын тауып жатқанына көзіміз жеткендей. “Рухани жаңғыру” бағдарламасы аясында болашаққа көз тіге отырып, көнені қайтару мақсатында жасалып жатқан шаралар негізсіз емес. Оның ішінде бастысы тілдің мәртебесін көтеру мәселесі президент пен халықтың бірлесуімен ғана жүзеге асады. Еліміздің терезесінің өзге мемлекеттермен тең болуы да осы ынтымақтықтың жемісі.

Ата-бабадан сүйекпен дарыған тектілік ұғымы әр қазақ баласының бойынан табылып, ұлтқа деген шексіз сүйіспеншілігімен үйлесім тапсарухани мықты азаматтың халық мерейін үстем етеріне сөз жоқ. Өнеге көрсетер тұлғалардың болуы, мәдениет ошағының оты сөнбеуі де келер күнге жол сілтер бағыттың бір тарамы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «100 жаңа есім» жобасының қаһармандары – ұлттың «алтын қоры». Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 69б
2. «Етжеңді», «Егемен Қазақстан» /2006. Астана: 2007. – 411 бет
- 3.«Ақиқат» ұлттық қоғамдық саяси журнал. /2017. Алматы: - 14бет.
4. Момынова Б. Ұлттық кодты жаңғырту өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жағады // baq.kz сайтына берілген сұхбат.
5. Серік Негимов/ Рухани жаңғыру күретамырлары Егемен Қазақстан»
6. Ұ.Есдәулет «Салт-сана салтанаты» «Егемен Қазақстан» /2018. Астана: 2007. – 411 бет
7. Сейсекеева.А. Көшбасшылық пен желілік қауымдастықтағы магнитті – серіктес мектептер», авторлық құрал, 2019 жыл

### III. ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЕНДІРУ ЛОГИКАСЫ

### III. ЛОГИКА ВНЕДРЕНИЯ РЕЗУЛЬТАТОВ ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В СИСТЕМУ ОБРАЗОВАНИЯ

### III. THE LOGIC BEHIND INTRODUCTION OF THE RESULTS OF ETHNOPEDAGOGICAL RESEARCH INTO THE EDUCATION SYSTEM

Модераторы: д.п.н., профессор Умирбекова Ж.Б., п.ғ.к., Шугаева Г.Қ.  
Аудитория: ГУК 202

МРНТИ 14.35.07  
УДК 37.03

#### ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

*Джанзакова Шолпан*

*<sup>1</sup>Х. Досмухамедов атындағы Атырау университетінің Педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д.,  
профессор м.а.*

*Аманжолова М., Шапауова М.*

*<sup>2</sup>Х. Досмухамедов атындағы Атырау университетінің Педагогика және психология  
мамандығының 2 курс магистранттары  
Атырау, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ халық шығармашылығы арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде бүгінгі білім беру жүйесінің алдына ұлттық мұраларға, ұлттық мәдениетке деген құрметпен қатар, оларды бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалану негізгі орын алатынына аса мән берілген

Қазақ халық шығармашылығы арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру арқылы тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасын құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. Қазақ халық шығармашылық құралдарына ауыз әдебиеті мұралары фольклор жанры, айтыс өнері, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, музыка, ойын т.б. маңыздылығы қамтылады.

**Түйінді сөздер.** Қазақ халық шығармашылығы, ауыз әдебиеті мұралары, эстетика, эстетикалық тәрбие, эстетикалық құндылық, қазақ халық шығармашылық құралдары.

**Резюме.** В статье раскрывается сущность и значение эстетическом воспитании учащихся системы образования в через казахское народное творчество, наряду с уважением к национальному наследию, национальной культуре, их использование в воспитании современного поколения.

Создание поликультурной среды самоидентификации личности через эстетическое воспитание учащихся через казахское народное творчество, формирование у личности навыков общекультурного поведения в обществе, развитие его готовности к восприятию, освоению и оценке эстетических форм в искусстве и бытии. Значимости средствам наследие, казахского устного народного творчества: искусство импровизации, фольклор сказки, загадки, пословицы, музыка, игры и.д.

**Ключевые слова.** Казахский народное творчество, наследие устной литературы, эстетика, эстетическое воспитание, эстетические ценности, средства казахского народного творчества.

**Annotation.** The issue deals with the essence and importance of the esthetic accomplishment of students in the educational system through Kazakh folk art, along with respect for the national heritage and national culture, their use in upbringing of the modern generation.

Creating a multicultural environment of self-identification of the individual through the esthetic accomplishment of students through Kazakh folk art, the formation of the individual skills of general cultural behavior in society, the development of its readiness for perception, development and evaluation of esthetic forms in art. The role of the means of heritage, Kazakh oral folk art: the art of improvisation, folklore tales, riddles, proverbs, music, games, etc.

**Keywords:** Kazakh folk art, oral literature heritage, esthetics, esthetic accomplishment, esthetic values, means of Kazakh folk art.

Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайында ұлттың рухани құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа мирасқорлықпен жеткізе алатын, қазақ халқының тілін, тарихын, төл мәдениетін, мемлекеттің тұтастығы мен дербестігін сақтай алатын болашақ ұрпақтың ұлттық сана сезімін қалыптастырудың біртұтас жүйесін құру. Осы тұрғыдан алғанда үздіксіз білім беру жүйесінде аталған идеяларды енгізу қажеттілігі бүгінгі күнгі өзекті мәселесі болып табылады. **Ұлттық тәрбие – рухани жаңғырудың ірге тасы.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты тәрбие тұжырымдамасының алтыншы бағытын – «*Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие*» деп көрсете келе, *бағыттың мақсаты:* білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына; қарым-қатынас мәдениетіне; сөз мәдениетін сақтауға; эстетикалық түсініктерді жетілдіруге; көркемдік мәдениет саласында эстетикалық мұраттарға, өнердегі және болмыстағы мінсіз сұлулыққа шығармашылық қабілеттер қалыптастыруға; ойлауға және шығармашылық қиялға, шығармашылық қызметке; мәдениетаралық әрекетке; мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілдерін білуге; толеранттылық пен ғаламдық пікір қалыптастыруға; көпмәдениетті тұлға қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс танытуы екеніне баса мән берілген[2].

Қазақ халық шығармашылығы тәрбие тұжырымдамасында көрсетілген тәрбие бағыттарының мазмұнын ашуға, олардың бойындағы адамгершілік, ақыл ой, патриоттық, эстетикалық мәдениетті қалыптастыруға үлкен ықпал етеді.

Қазақ халық шығармашылық құралдарына ауыз әдебиеті мұралары фольклор жанры, оның ішінде жаңылтпаштар, айтыс өнері, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер; музыкалық бағытта бесік жырынан бастау ала отырып, әлди жыры, әртүрлі ғұрыптық өлеңдер т.б., ойын арқылы бағытқа - батырларға қойылатын ойын арқылы ерлікке шақыру, ұлттық ойын ерекшеліктері т.б.; ұлттық қолөнер - ою-өрнек, қару жарақтардың ерекшеліктеріне байланысты жасалуы, батырларға арналған әртүрлі киімдер, құралдар т.б. жатқызуға болады.

Біздің зерттеуімізге алып отырған негізгі бағыт қазақ халық шығармашылығы арқылы эстетикалық тәрбие беру арқылы тұлғаның бойындағы эстетикалық мәдениетті қалыптастыру. «Эстетикалық тәрбие рухани – адамгершілік құндылықтарды әсемдік, көркем мәдениет, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыруды көздейді. Адам бойында қазіргі кезең дамуының маңызды міндеттері болып саналатын өнер құралдары арқылы сана-сезімі анағұрлым жоғары, тұжырымдамалы ойлауға қабілетті, әлемді тұтас бағамдай білетін, өзінің

дербес шығармашылық қызметі мен әлемдік құндылықтар туралы танымын толық іске асыратын, ұжымда жұмыс істеуге бейімді, мәдениет әлемінде және адамдармен қарым-қатынасты жасай алатын тұлға қалыптастыру»[2].

Педагогикалық сөздікте атап көрсеткендей «эстетика» гректің «эстетис» сөзінен алынған, ол «сезімдік, сезіммен қабылдайтын дарындылық» дегенді білдіреді. Тұңғыш рет «эстетика» ұғымын ғылыми термин ретінде неміс философы А.Баумгартен 1750 жылы «Эстетика» кітабында қолданған болатын[3].

Педагогикалық сөздікте «эстетикалық тәрбие – оқушыларда эстетикалық білім, талғам, мүдделер және қажеттіліктерді дамытудың, тәрбиелеудің мақсаты және жоспарлы үрдісі»[3], М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде «Әр адамның сұлулық сезімдері әр түрлі нәрседен оянымпаз болады. Біреудікі – музыкадан, біреудікі – сұлу суреттен, ал біреудікі – поэзиядан. Искусствоның әйтеуір бір түрінен ләззат алмайтын, біреуіне құмар болмайтын адам болмайды, ал тәрбиенің міндеті – балада искусствоның қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, қызығушылығын, сол түр туғызатын сұлулық сезімдерін оятып, өркендету» [4] деп атап көрсетеді.

«Халық шығармашылығы» деген ұғымды білдеретін «фольклор» сөзі ағылшынның «folk» – халық және «fore» – даналық деген екі сөзінің бірігуінен шыққан. 1985 жылы ЮНЕСКО ның анықтамасы бойынша «Фольклор дегенміз, халықтың дәстүрлі мәдениеті, қоғамның арман-аңсары (идеал) тудырған, сол қоғамның мәдени және әлеуметтік төлтума жағдайымен үндесе көрініс тапқан, дәстүрлі тұғыр еткен топтар мен жеке адамдардың ұжымдық шығармашылығы, фольклордың үлгілері мен бағалы нұсқалары ұрпақтан –ұрпаққа ауызша, еліктеп үйрену арқылы және басқа да тәсілдермен ауысып отырады; өзгесі сияқты фольклордың санатынан тіл, әдебиет, музыка, би, ойындар, афсаналар, әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, қолөнер кәсібі, архитектура және басқа да өнер түрлері жатады»[5].

Қазақ халық шығармашылығы түркі жұртына ортақ Орхон ескерткіштері /ҮІІ ғ./, “Қорқыт ата кітабы” /ҮІІІ ғ./, “Оғыз нама” /ІХ ғ./ еңбектерінен бастау алады. Орхон ескерткіштеріндегі тасқа ойылған жазулардың да тәлімдік маңызы ерекше. Аталған ескерткіш жазбаларда Құлтегін батыр туралы: “Сәби кезінде ертоқым оның бесігі, жауынгер кезінде ертоқым оның отырар тағы болды. Оның ойыны да, өмірі де соғыс өнерін үйренумен өтті. Елтеріс қағаның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Құлтегіннің қанына ана сүтімен сіңді,”- деп жазылуы сол замандағы ерлік дәстүрінің ерекшеліктерімен қатар, батырды қоршаған құралдардың бесік, ертоқым, тақ т.б. әсемдігін ерекше сезінуге болады.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті мұралары асыл қазынамыз, мәдениетіміз, пәлсапамыз екені дау туғызбайды. Халық ауыз әдебиеті басынан талай заманды, дамуды, қалыптасуды өткізді. Ақын - жырау жырларынан сол заманда өмір сүрген тұлғалардың тарихи өмірінен мәлімет аламыз. Батырлар жыры сақ, ғұн дәуірінен бастау ала отырып, оның тарихи маңыздылығы өзінің әлі де көкейкестілігін жойған жоқ

М.О.Әуезов “Қазақтың батырлар әңгімесі ескі заманнан басталады. Батырлар әңгімесінің басы ескі түрік бірлігінің заманындағы әңгімелерден шығады. Қазақ елінің ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп санау керек”,- деп батырлар жырын түркі халқының мұрасы тұрғысынан қарастырады[ 3,57]. Түркі халқының батырлық жырлары “Алпамыс батыр”, “Қобыланды батыр”, “Қамбар батыр”, “Едіге батыр” т.б. оқушылардың ерлік дәстүріне деген қызығушылықтарын қалыптастырумен бірге, олардың бойындағы отансүйгіштік қасиетті дамытады.

Сонымен қатар, ұрпақтан- ұрпаққа жалғасқан халқымыздың шығармашылығын салт-дәстүрлерімізді: сүйінші, көңіл сұрау, қоштасу, естірту (күй, сөз, жыр арқылы), жоқтау т.б. ерекше атауға болады.

Қазақ халық шығармашылығы арқылы эстетикалық тәрбие беру мәселесі бойынша педагогика, тарих, филология, музыка т.б. салалар бойынша бірізді зерттеулер жүргізілді. Қазақ фольклорының тарихы, қазақтың әншілік өнері, қазақтың дәстүрлі музыкасы, тәлімдік мәні, тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда әл – Фараби, Абай Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ә Диваев, М.Әуезов, М.Мағауин, Ш.Әлібеков, С.А.Ұзақбаева Б.А.Әлмұхамбетов,

А.Мухамбетова, Ә.Қоңыратбаев, Т.Б.Байназарова, У.Белғозиева т.б. зерттеу еңбектерін атауға болады.

Қазақ халық шығармашылық құралдары арқылы эстетикалық мәдениетті қалыптастыруда М.Әуезовтің «Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизімді, халықтың қанатты үміті – оптимизімді, сол халықтың өткендегі өмірі, аңсау –арманы, әдеп-ғұрпын, халықтың ұжымдық тәрбиесінің жемісін көреміз», -деген тұжырымын негізге ала отырып, қазіргі таңда әлеуметтік мәдени кеңістікте өзара қарым-қатынасқа түсе алатын тұлға қалыптастыруға болатынын көре аламыз[6].

Ш. Әлібеков қазақ әдебиетінің үлгілері, халық мұрасы арқылы «қазіргі заман өнерімен үндесіп, оның сонылығын, эстетикалық бағалылығын айқындай түсуге көмектеседі. Қазақ фольклорының эстетикасын халық өнерінің алуан түрімен қатар алып зерттеу оның мазмұн байлығын, суреттеу тәсілінің молдығын, эстетикалық бағалылығын арттырады, халық шығармашылығының барлық саласы – поэзия, музыка, қол өнері, пластика, сәулет өнері сияқты түрлерінің көркемдік жолының бір екендігін, өзара тығыз байланыста өсіп қалыптасқандығын танытады», - деп халық шығармашылығы тұлғаның эстетикалық мәдениетін, эстетикалық сезімін қалыптастыруда негізгі орын алатынын нақтылайды [7].

Қазақ халық шығармашылығы арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде ақын жыраулар шығармасы, ертегілер, тұрмысты және сатиралық ертегілер, батырлар жыры, айтыс өнері т.б. негізгі орында тұр. Қазақ халқының мұраларында ерекше қасиеттер ауызекі бізге жеткен мұралары мен шежірешілдігі. Этнограф-ғалым А.Сейдімбек “Қазақтың шежірешілдігін, дәлірек айтсақ, қазақтың тарихшылдығын ұлттық қасиет деуге болады” деп атап көрсеткендей “қазақ халқының шежірешілдігін, тарихи санасының сергектігін, ең алдымен, оның ұзақ ғасырлар аясында көшпелі өмір салтында болуымен” сабақтастырған жөн. “...көшпелілер қоғамы үшін ғасырлар сынынан өткен салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының сол қоғам өмірін реттеуде, үйлестіруде ұлы міндет атқарғандығы. Түптеп келгенде, кез-келген қоғамның, кез-келген ұлттың мәдени- рухани өресі салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың орнықтылығымен өлшенуге тиіс”, - деп қазақ халқының тарихи санасының сергектігін ұзақ ғасырлар аясында көшпелі өмір салтында болуымен деп нақтылайды[8]. Аталған тұжырым XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген Ш.Уәлихановтың да еңбегінде “Далалық, олардың тұрғыны-қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ой қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр... Осынау дала қазақтарының ақынжанды болып келетіні, ой-қиялының жүйрік болып бітетіні мұңсыз-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болу керек немесе ұдайы ашық аспан астында, шет-шегі жоқ шүйгін дала құшағында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді Тәңірі тұтқандықтан да болар”, - деп қазақ ақыл-ой қабілеті жөнінен жүйрік болатыны, еркін дала құшағында ғұмыр кешкенінен, табиғаттың сұлулығы мен әсемдігінің ықпалы деп тұжырымдайды[9].

Қазақстандық ғалымдар эстетикалық тәрбие табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі, отбасындағы ең жақсыны қабылдау, ләззат алу барысында қалыптасады деп атап көрсете келе, эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттерін атап көрсетеді:

- эстетикалық сезімді, эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу, әдемілікті сезу, көру әр адамда әр түрлі. Сондықтан оқушыларды әдемілікті сезу үшін фольклор, бейнелеу өнері, ән-музыкадан, еңбекке баулудан білімге үйрету. Білім арқылы оқушы сұлулықты бағалап, әдемілікті түсінеді.

- эстетикалық ұғымды, пайымдауды, баға беруді қалыптастыру. Бұл жерде де білім керек. Бала фольклордағы, бейнелеу өнері саласындағы ырғақ, үндестік, музыка мен әндегі дыбыстарды және өнер әдістері туралы білімді терең меңгеруі керек.

- эстетикалық танымды қалыптастыру. Эстетикалық таным – бұл өмірдегі, еңбектегі және табиғаттағы сыртқы әдемілік пен нағыз сұлулықтың арасын ажырата білу, өнер шығармаларына жоғары талап қою. Эстетикалық танымның дамуына көбінесе өнер үлгілерін қабылдаумен, шығармашылықпен байланысты іс-әрекет мүмкіндік береді.

- баланың эстетикалық белсенділігін тәрбиелеу. Ол әсемділікті сезіп, оның заңдарын түсініп қана қоймай, осы заңдар бойынша өзін қоршаған айналаға өзгеріс жасауы қажет. Өмірге енген эстетика (еңбек, табиғат эстетикасы, адамдар қатынасы, отбасы эстетикасы) адамды сүйсіндендіреді. Балаларды осы арқылы ілтипатты оқырман, қайырымды көрермен, сезімтал тыңдаушы болуға үйретеміз. Бұл жеде түрлі әдеби, музыкалық шығармаларды пайдаланған жөн. Баланың эстетикалық мәдениеті және белсенділігі біртұтас педагогикалық процесте дамиды. Сондықтан оның барлық еңбегі демалыс эстетикалық бағыта тиімді ұйымдастырылса, ол өміріне әдемілік элементтерін енгізе алады.

- эстетикалық тәрбиенің тағы бір міндеті – өнер және әдебиет салаларында балалардың қабілетін, ынтасын және бейімділігін дамыту, балалардың қабілетін барынша ашу, отбасылық эстетика беру. Осы бес міндеттер эстетикалық тәрбиені дамытуда, балалардың бойына дарытуға өз үлесін қосады[10;11].

Қазақстан Республикасы «Мәдени мұра» бағдарламасында «...елдің маңызды тарихи мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту, мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін құру, аса көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрде орындаушы музыканттардың фоножазбаларын қалпына келтіру мен қазіргі аудиотаспаларға көшіру аса маңызды міндет», деп атап көрсеткендей қазіргі таңда ұлттық мұраларға деген қызығушылықтың туындауы «мәдени мұраларымызды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту ісіне кең көлемде білек түре кірісетін кез келді. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманат ету аса маңызды міндет»,- деуі үкімет тарапынан жасалып жатқан мұраларды жинақтап оны халқыны табыстауда үлкен ізгілікті шаралар атқарылып жатқаны белгілі[12].

Қазақ халық шығармашылығы арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде қазақ әдебиетінің үлгілері, халық мұрасы арқылы, халық шығармашылығының барлық саласы – поэзия, музыка, қол өнері, пластика, сәулет өнері т.б. өзара тығыз байланыста бүгінгі қоғамда эстетикалық бағдарларды қалыптастыруға негіз болады.

Қорыта келгенде, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы эстетикалық тәрбие беру оқушы бойындағы эстетикалық сезімді, танымды, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуге толық мүмкіндіктердің бар екендігі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2012.- 68б.  
Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Тұжырымдама. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б.  
Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: 1991. – 419 б.  
Әлібеков Ш. Қазақ фольклорындағы әсемдік. – Алматы, Қазақстан, 1979. – 120 б.  
Педагогикалық түсіндірме сөздік. -Алматы: 2008. -111 б.  
Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі. 1992. – 131 б.  
ЮНЕСКО и сохранение фольклора. // Курьер. - 1985. –С. 35  
Тарақты Ақселеу. Қазақ әлемі. – Алматы: Білім. 1998. – 155 б.  
Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы. 1985. – 560 б.  
Байназарова Т. Бастауыш сынып оқушыларына пән аралық кіріктіру арқылы эстетикалық тәрбие беру. Оқу құралы. Алматы. 2010.-142 б.  
Қарамолдаева Г.Ж., Белғозиева Ұ.Б. Халық композиторлары мұралары арқылы тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. Оқу құралы. –Алматы. 2010. – 74 б.  
Қазақстан Республикасы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы. Астана. 2004. – 44 б.  
Қазақ мектептері мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінде имандылық –эстетикалық тәрбие берудің тұжырымдамасы. Алматы. РБК. 1990. -52 б.



## ФОРМИРОВАНИЯ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ В ПРОЦЕССЕ ЭТНОКУЛЬТУРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ВУЗЕ

**Мағауова Акмарал Сабитоллаевна** – доктор педагогических наук, профессор, академик МАНПО, академик КазНАЕН, Почетный работник образования, Лауреат Национальной премии достижений женщин Казахстана «Ажар» (Казахстан, г. Алматы, КазНУ им. Аль-Фараби)

### ТҮЙІН

Бұл мақалада жаһандану қоғамдағы білім беру жүйесін жетілдіру этнопедагогикалық ағымдағы проблемаларды сипаттайды. авторы қазіргі заманғы білім беру процесінде халық педагогикасының прогрессивтік дәстүрлерін пайдалану болашақ мұғалімдерді дайындау қажеттілігін дәлелдейді; университет барысында «Этнопедагогика» оқу орны және рөлі. Авторлық «Жоғары мектепте этномәдени білім беру үрдісінде болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделі»

**Түйінді сөздер:** педагогика, халық педагогикасы дәстүрлерін, этно-мәдени, білім беру, біртұтас педагогикалық процесс, жаһандану

### АННОТАЦИЯ

В данной статье раскрываются актуальные проблемы совершенствования этнопедагогического образования в условиях глобализации общества. Автором обосновывается необходимость подготовки будущих учителей к использованию прогрессивных традиций народной педагогики в современном учебно-воспитательном процессе; роль и место изучения в вузе курса «Этнопедагогика». Представлена авторская «Модель формирования у будущих учителей профессиональных компетенций в процессе этнокультурного образования в вузе»

**Ключевые слова:** этнопедагогика, традиции народной педагогики, этнокультурное образование, целостный педагогический процесс, глобализация

### ANNOTATION

This article describes the current problems ethnopedagogical improving education in a globalized society. The author proves the necessity of preparing future teachers to use of progressive traditions of folk pedagogy in the modern educational process; the role and place of study in the university course "Ethnopedagogics". Author's "Model for the formation of future teachers' professional competence in the process of ethno-cultural education in high school"

**Keywords:** pedagogy, traditions of folk pedagogy, ethno-cultural education, a holistic pedagogical process, globalization

Интеграция Казахстана в мировое образовательное пространство в условиях глобализации, решение стратегических задач модернизации казахстанского образования в новых экономических, геополитических и социокультурных реалиях требуют его реформирования и серьезных изменений в подготовке будущих специалистов, поэтому важнейшей задачей современной педагогической науки является постоянный поиск путей и средств совершенствования системы образования в соответствии с национальными, экономическими и духовно-культурными потребностями развивающегося общества.

В «Концепции развития образования Республики Казахстан», развивающей основные принципы образовательной политики Казахстана, отмечалось, что развитие казахстанской системы образования происходит в условиях прежней методологии образования, структуры и

содержания, которые недостаточны для поэтапного её вхождения в мировое образовательное пространство, проявляется явное отставание образовательной системы от потребностей рыночной экономики и открытого гражданского общества [1].

Среди основных причин отставания системы образования авторами Концепции указывается «...недостаточная эффективность механизмов формирования у подрастающего поколения этнокультурной и гражданской идентичности, основанной на знании истории государства, государственного языка, национальных культурных ценностей народов Казахстана», поэтому выдвигается ряд задач, касающихся:

- совершенствования законодательной, нормативной, правовой базы функционирования казахстанской модели образования на основе дальнейшей демократизации и участия общества в управлении образованием;
- интеграции в мировое образовательное пространство;
- развития образования с учетом исторических, национальных, демографических, географических, экономических и культурных особенностей Казахстана.

Решение этих важных задач возможно в ходе дальнейшего реформирования и обновления содержания вузовского образования и воспитания на основе возрождения интеллектуального, духовного потенциала народа, выхода отечественной науки, техники и культуры на мировой уровень, становления национальной государственности и демократизации общества. Время требует обращения к народному опыту воспитания, к духовным корням развития этнических культур, что возможно на основе глубокого изучения общего и специфического в культуре разных народов, самобытности и уникальности системы воспитания каждого отдельного этноса, а также познания закономерностей развития национального самосознания, этнической идентичности, народного опыта и традиций этнического воспитания, необходимых в процессе подготовки будущих специалистов.

Целенаправленное научное изучение педагогических идей и народного опыта воспитания привело к появлению фундаментальных работ, посвященных исследованию проблем народной педагогики чувашского народа /Г.Н.Волков/, народов Сибири и Дальнего Востока /В.Ф.Афанасьев/, азербайджанского народа (А.Ш.Гашимов), народов Средней Азии (А.Э.Измайлов), туркменского народа (К.Пирлиев), узбекского народа (Н.Сафаров), адыгского народа (И.А.Шоров), татарского народа (Я.И.Ханбиков), казахского народа (С.А.Узакбаева, К.Б.Жарикбаев, К.Ж.Кожаметова, Ш.И.Джанзакова, А.С.Магауова и др.).

Анализ современных тенденций развития педагогической теории и практики показывает, что вхождению будущего учителя в социальный мир, его продуктивной адаптации и успешной самореализации в поликультурном пространстве, развитию его профессионализма и личностных качеств большое значение имеет целенаправленная работа по организации системы *этнокультурного образования студенческой молодежи в процессе их профессиональной подготовки.*

Этнопедагогические аспекты решения задач образования и воспитания, изучение и использование традиций и опыта этнического воспитания в этих условиях становятся предметом особого внимания, «ибо именно они и являются сердцевинной, ядром, стержнем всей и всякой культуры, поскольку развитие, подъем культуры надо начинать с создания благоприятных условий для возрождения традиционной культуры воспитания, что является началом всех начал». Подтверждением этому может служить «золотое правило» этнопедагогики, сформулированное Г. Н. Волковым: без исторической памяти – нет традиций, без традиций - нет культуры, без культуры - нет воспитания, без воспитания - нет духовности, без духовности - нет личности, а без личности – нет народа как исторической личности [2].

Таким образом, необходимость подготовки будущих учителей к этнокультурному образованию и воспитанию школьников определяется:

- особенностями современной социо и этнокультурной ситуации;
- условиями полиэтнической образовательной среды;
- расширениями международных связей с ведущими зарубежными университетами, участие в международных проектах и программах;

- сотрудничеством и интеграцией Казахстана в мировое экономическое, культурное, образовательное и информационное пространство;
- мировыми глобализационными процессами;
- условиями этнокультурного, иноязычного и полиязычного образования.

Необходимость и важность этнического воспитания нашли отражение в «Концепции этнокультурного образования в Республике Казахстан» (Ж.Ж. Наурызбай) [3] и «Концепции этнопедагогического образования студентов высшей школы» (С. Узакбаева, К.Ж. Кожаметова).

Значимый вклад в исследовании методологических аспектов этнической педагогики внесли ученые Казахстана К.Ж. Кожаметова, Ш.Т. Таубаева [4,5].

Особая роль в этнокультурном образовании будущих специалистов принадлежит «Этнопедагогике» как самостоятельной дисциплине, которая организует «обучение и воспитание с учетом этнических особенностей определенной этнической общности» (Е.Л. Христова). По мнению ученой: «Этнопедагогическое образование способствует формированию внутреннего мира будущего учителя, его духовно-нравственного облика, так как в содержании этнопедагогики как научной дисциплины гармонически сочетается национальное с общечеловеческим, что позволяет познать национальную специфику своего народа, глубже понять и увидеть своеобразие другого народа» [6].

К числу важнейших задач этнопедагогического образования следует отнести:

- формирование ценностного отношения к окружающей действительности;
- формирование способности острого эмоционального сопереживания историко-героическим событиям прошлого своего народа;
- развитие способности к восприятию этнокультурных ценностей;
- развитие интереса к приобретению специальных знаний, умений и навыков по этнопедагогике;
- развитие стремления к творческому самовыражению через самостоятельные продуктивные виды народного творчества (поэтическое, музыкальное, декоративно-прикладное);
- освоение родного языка;
- освоение традиций, обычаев и самобытной культуры своего народа;
- создание условий для удовлетворения культурных запросов студентов разных национальностей;
- формирование у студентов патриотизма и культуры межнациональных отношений на основе признания духовных ценностей разных времен и народов.

Необходимой предпосылкой становления в Казахстане системы этнокультурного образования является создание этнокультурного образовательного пространства. Значимость этнокультурного образования заключается в том, что она направлена на *формирование профессиональных компетенций будущих учителей*, способствующих результативности их профессиональной деятельности по использованию прогрессивных традиций народной педагогики в современном целостном педагогическом процессе. Нами была разработана и внедрена в практику профессиональной подготовки специалистов «*Модель формирования у будущих учителей профессиональных компетенций в процессе этнокультурного образования в вузе*», представленная в таблице 1

**Таблица 1. «Модель формирования у будущих учителей профессиональных компетенций в процессе этнокультурного образования в вузе»**

Ценностно-смысловые компетенции	Общекультурные компетенции	Профессиональные компетенции	Специальные компетенции
Воспитание	Владение культурой	Осознанием социаль	Способность к

уважительного и бережного отношения к историческому наследию и культурным традициям народов.	мышления, приобщения к общекультурным ценностям, достижениям разных народов в области культуры и образования	ной значимости своей будущей профессии в использовании наследия народной культуры, этнопедагогики в современном ЦПП	обобщению, анализу, восприятию информации об этнопедагогике
Понимание значения культуры как формы человеческого существования	Осознанию роли и места этнопедагогической культуры в условиях глобализации общества	Владение мотивацией к осуществлению профессиональной деятельности по этнокультурному образованию молодежи	Способность использовать систематизированные знания по этнопедагогике на практике
Готовность к толерантному восприятию социальных, культурных различий народов	Овладение знаниями о социальном предназначении этнопедагогики в современном обществе	Владение знаниями о предмете и методах этнопедагогики; месте этнопедагогики в системе педагогических наук	Овладение знаниями об этнопедагогике как компоненте общечеловеческой культуры
Готовность руководствоваться в своей деятельности базовыми культурными ценностями, современными принципами толерантности, диалога и сотрудничества	Овладение знаниями о факторах возникновения, становления и развития народного воспитания; цели, факторы и средства народного воспитания	Готовность будущих педагогов к работе по возрождению, укреплению и сохранению прогрессивных народных педагогических традиций, к использованию полученных знаний на практике.	Способностью решать задачи воспитания и духовно-нравственного развития личности обучающихся на основе использования прогрессивных традиций народной педагогики
Понимать сущность идей народности и культуросообразности в педагогической теории	Овладение знаниями о самобытности педагогических традиций казахского и других народов РК;	Способность выявлять и использовать возможности региональной культурной образовательной среды для организации культурно-просветительской деятельности	Способность осуществлять педагогическое сопровождение процессов социализации обучающихся на основе использования опыта народной педагогики
Готовность к приобщению ценностей духовно-нравственного, семейного,	Способность понимать значение этнокультуры как формы человеческого существования и	Готовность педагога к использованию прогрессивных традиций народной педагогики в	Готовность использовать в ЦПП методы, средства, приемы

трудового воспитания в народной педагогике	понимание ее роли в духовном развитии Общества	современном ЦПП	народной педагогики
Освоить нормы общечеловеческой морали, являющиеся основой народной педагогики.	Способность понимать движущие силы и закономерности исторического процесса, место этнопедагогики в культурно-историческом процессе	Готовность использовать систематизированные теоретические и практические знания для определения и решения исследовательских задач в области этнокультурного образования	Готовность к овладению исследовательскими компетенциями в области этнокультурного образования и воспитания
Знать об объективных связях обучения, воспитания и развития личности в социокультурном пространстве.	Способность руководствоваться в своей деятельности базовыми культурными ценностями, а также этнокультурными ценностями	Способность нести ответственность за результаты своей профессиональной деятельности по этнокультурному образованию и воспитанию молодежи	Способность использовать возможности прогрессивных традиций народной педагогики в обеспечении качества учебно-воспитательного процесса
Способность анализировать мировоззренческие, социально и личностно значимые философские проблемы, отраженных в культурном наследии народа	Способность руководствоваться в своей деятельности современными принципами толерантности, диалога и сотрудничества, межэтнического взаимодействия	Владеть навыками сравнительного анализа педагогических традиций, обобщения педагогического опыта, традиций разных народов	Готовность к взаимодействию с учениками, родителями, коллегами по внедрению опыта народной педагогики

Мы исходим из того, что для достижения целей этнопедагогического и этнокультурного образования в условиях высшей школы необходима целенаправленная подготовка студентов к использованию прогрессивных традиций народной педагогики [7].

Значительный вклад в решении проблемы совершенствования этнокультурного образования и воспитания студенческой молодежи, а также профессиональной подготовки будущих специалистов имеет разработанный автором учебный курс «Этнопедагогика», который апробирован во многих вузах республики [8]. Материалы учебника являются результатом многолетнего исследования проблемы выявления эффективных условий подготовки будущего учителя к использованию прогрессивных традиций народной педагогики в учебно-воспитательном процессе общеобразовательной школы, выполненной в научной лаборатории «Научные основы организации учебно-воспитательного процесса в педвузе», которой в течении многих лет руководила доктор педагогических наук, профессор Хмель Н.Д.

Таким образом, этнопедагогическое образование будущих специалистов следует рассматривать как составную часть целостного педагогического процесса вуза, и как результат

овладения студентами системой знаний о научных основах этнопедагогике как науки, формирования ценностного отношения к прогрессивным традициям народной культуры, приобретения умений и навыков творческого использования богатейшего воспитательного опыта народа в современных условиях.

Список использованной литературы:

1. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 года от 24.02.2004.
2. Волков Г.Н. Этнопедагогика, - Чебоксары: Чувашкнигоиздат, 1974. -376 с
3. Концепция этнокультурного образования в Республике Казахстан //Учитель Казахстана, 1996. – 14 августа
4. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика / К. Ж. Кожакметова. - Новое изд. - Алматы : Ғылым, 1998. - 317 с.
5. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах: учебно-метод. пособие для пед. вузов / К. Ж. Кожакметова, Ш. Т. Таубаева, Ш. И. Джанзакова. - Новое изд. - Алматы: - 2005. - 174 с.
- 6.Христова Е.Л. Народная педагогика: историографические и теоретико-методологические проблемы: Автореф. дис. ...канд. пед. наук. - М., 1988. - 25 с.
7. Магауова А.С. Этнопедагогическая подготовка будущего учителя (учебное пособие для студентов вузов).- Германия:LAMBERT Academic Publishing, 2011 – 220 с.
8. Магауова А.С. Этнопедагогика в системе профессиональной подготовки учителя. Учебное пособие.- Алматы: ТОО «Международное Агенство подписки»,2010 – 142 с.

ӨОК 37.015.3

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАР ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ САТЫСЫНДАҒЫ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ш.И.Джанзакова п.ғ.д., профессор  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

Г.Қ.Джонисова п.ғ.к., доцент  
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

**Ключевые слова:** национальные ценности, ценностные ориентаций, национальные ценностные ориентаций в начальных классах

**Аннотация.** В этой статье рассматриваются особенности формирования национальных ценностных ориентаций в начальной школе. Определено содержание работы и механизм формирования национальных ценностных ориентаций и методика формирования национальных ценностных ориентаций в начальных классах.

**Keywords:** national values, value orientations, national value orientations in primary classes

**The summary.** This article discusses the features of the formation of national value orientations in primary schools. The content of the work and the mechanism of formation of national value orientations and methods of formation of national value orientations in primary classes are determined.

Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында көрсетілген міндеттер бойынша: «...Ұлттық және жалпы адамзаттық

құндылықтарды игеріп, ғылым мен практика жетістіктеріне негізделген білім алулары керек». Осыған сәйкес білім беру жүйесінің барлық сатысында білімнің жетілдірілген үлгілерін енгізу және ұлт мектебінің жаңа моделін жасау бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылуда [1].

Қазіргі кезде жаһандану және қазақ халқының рухани қайта өркендеуі жағдайында жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық құндылықтары арқылы тәрбиелейтін ғылыми теориялық негіздерді жетік меңгеру, практикалық жағынан жетілдіре түсу қажеттілігі айқындалып отыр. Егемен елдің болашақ азаматтары - бүгінгі оқушылардың қандай құндылықтарға бағытталғандығы, нені қадірлеп, қастерлейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды орын алады. Қандай қоғам болмасын онда дүниеге келген баланың бойында ұлттық рухты, ұлттық сипат пен өзіндік сананы қалыптастыру сол қоғамдағы ересектердің, атап айтқанда, ата-ананың, мұғалімнің міндеті болып табылады. Бұл міндетті іске асыруда мектеп табалдырығын жаңа аттаған бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастырудың маңызы өте зор.

Құндылық бағдардың қалыптасуының теориялық негізін алыс және жақын шетел ғалымдары В.Н.Мясищев, Д.Н.Узнадзе, А.В.Кирьякова, Н.Г.Казакина қарастырса, оқушылардың адамгершілік құндылықтарының жалпы сипаттамасы мен түрлері Л.И.Рувинский, Н.Е.Щуркова еңбектерінде зерттелген. Қазақстандық ғалымдар Г.Қ.Нұрғалиева, Б.К.Құдышева, М.И.Кикина, К.Найманбаева жеке тұлғаның әлеуметтік даму құндылықтарын айқындау мәселелерін жан-жақты қарастырған. ұлттық құндылықтардың әлеуметтік, адамгершілік маңызы туралы идеялардың дамуы Г.Н.Волков, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Р.К.Төлеубекова, Е.Ш.Қозыбаев, Ш.И.Джанзакова т.б. ғалымдардың іргелі зерттеулерімен тығыз байланысты. К.Қожахметова әр адамның бойына қуат беретін, жігерін жасытпай рухтандыратын ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды ерекше бағалай келе өзіндік жіктемесін береді[2,3].

«Ұлттық құндылық», «құндылық бағдар» ұғымдарының теориялық негізіне сүйене отырып, біз «ұлттық құндылық бағдар» ұғымына мынадай анықтама береміз:

***Ұлттық құндылық бағдар - тұлғаның ұлттық келбетін анықтайтын өзіндік санасы мен ұлттық құндылықтарға қатынасын көрсететін сенімі, көзқарасы, ұмтылыстары түріндегі ерекше тұлғалық құрылым.***

Демек, ұлттық құндылық бағдар оқушылардың идеалын, сенімін анықтайды, жеке тұлға ретінде қалыптасуында жетекші рөл атқарып, жаңа қажеттіліктердің туындауына ықпал етеді. Сондай-ақ, ұлттық құндылық бағдар бастауыш сынып оқушыларын өз бетіндік, дербес іс-әрекетке бағыттайды. Ұлттық құндылық бағдарды сезінуі оқушының өз бетінше сол құндылықтарды ой санадан өткізіп, өзіндік тұжырымдар жасауы және соларға ұмтылуы түрінде көрініп отырады[ 4].

Бастауыш мектеп жасы оқушының психикалық қасиеттерінің өзгеріске ұшырауымен қатар, әлеуметтік статусының да өзгеруімен ерекшеленеді. Енді ол ойын баласы емес, оқушы болды. Бұл жастағы балалар сөз бен істің сәйкесті болуын талап етеді, жөнсіз кіналаудан жеркену сезімі туады, үлкен адамдардың жіберген қателерін тез байқайды, арманшыл, қиялшыл болады, өзіне сенімді серік іздейді т.б. Осы кезеңде тұлға бойында жалпы мәдениеттің негізі қаланады, өзін-өзі тануға қызығушылығы артады, дербестілігі дамиды. Бастауыш мектеп жасы құндылық бағдар қалыптастыру жұмысын тиімді іске асыру үшін біршама мүмкіндіктердің бар екендігімен ерекшеленеді. Балалардың осындай қасиеттері ретінде эмоциялық көңіл-күй көтеріңкілігі, сыртқы әсерлерге берілгіштік қасиеттері, жағымды құндылықтар әлеміне бағытталғандығы сияқты ерекшеліктерін қарастыруға болады. Сондай-ақ, бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда жас ерекшелігіне сәйкес мынадай жаңа құрылымдардың да маңызы зор деп есептейміз:

- білімді қажетсінуі және жаңа әсерлерге деген қажеттіліктері;
- тұлғаның жоғары эмоциялық-мотивациялық аясы;
- қарым-қатынасқа түсуге даярлығы;

- әлеуметтік әрекеттерді және әлеуметтік рөлдерді меңгерудегі жетістіктері.

Бастауыш сыныптарда қаланған құндылық негіздер бала тұлғасының бұдан кейінгі жас кезеңдеріндегі қалыптасуына әсерін тигізетіндігі туралы В.В.Давыдов, В.С.Мухина сынды ғалымдар еңбектерінде жазылған[ 5]. Алғашқы кезекте баланың жас ерекшелігіне сәйкес, ұғына алатын, меңгеруге мүмкіндігі жететін ұлттық құндылық таным-түсініктерінің көлемін анықтаудың маңызы зор. Ұлттық құндылықтарды тану адамның іс-әрекетін белгілі бір деңгейде бағыттап, әлеуметтік тәртібін анықтайды.

Бастауыш сынып оқушысының ұлттық құндылық бағдарының мазмұнын анықтайтын баланың дүниетанымы мен сенімдері, адамгершілік ұстанымдары мен мінез-құлқы оның жасына сәйкес әлеуметтік тәжірибесіне, өзіндік санасы мен сезімдік толғаныстарына негізделеді. Өйткені, ұлттық құндылық бағдар тұлғаның ішкі құрылымының маңызды бөлшегі бола отырып, баланың физиологиялық, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін есепке алуды қажет етеді.

**Іздену** сатысында оқушыларға ақпараттар беру, қызығушылық туғызу, құндылық объектілерге көңіл аударту арқылы мотивациялық-құндылық компонент көрініс табады. Бастауыш сынып оқушылары білуге құмарлығымен ерекшеленеді және олар өздеріне қызық немесе ұнаған нәрсеге мейілінше ұмтылыс білдіреді. Бұл жастағы оқушылардың ұлттық құндылықтарға қатысты мәліметтерді қабылдаудағы жағымды көңіл-күй жағдайы, оған әсерленуі, эмоционалды реңкті қабылдай алуы да әсер етеді. Мәселен, салт, дәстүр рәсімдерін орындауда қуаныш сезіміне бөлену, эмоциялық еліктегіштік, жаны ашу, ар-намыс, ықыластылық, алғыс т.б. адамгершілік көңіл күй арқылы көрініс тауып отырады.

**Бағалау** – салыстыру, мәнін ашу, құндылығын көрсету нәтижесінде мүмкін болады. Демек, бала ұсынылып отырған объектіні үлгімен салыстыра отырып, оның мәнділігін анықтайды. Таныған, бағалаған құндылықтарының жүйесі баланың ол құндылықтарды иеленуіне және осыған байланысты құндылық қатынасының пайда болуына көмектеседі. Бастауыш сынып оқушыларының «құндылық», «ұлттық құндылық» сияқты ұғымдарды меңгеруі, олардың ұлттық құндылықтарды қабылдаудағы ойлау белсенділігі, құндылықтарды бағалау, таңдау талпыныстары, меңгергенін достарымен талқылай алуы, сұрақтар қоя білуі. Бұл кезеңде құндылықтың маңызын, құндылықтар жөніндегі білімдердің қажетті мөлшерін, тереңдігін, әсерлілігін қамтамасыз ету көзделеді.

Құндылық объектілерді **таңдау**, сондай-ақ, жеке тұлғаның құндылықтарды тануы мен бағалауын қажет ететін жағдайларды тудыру барысында мақсатты іс-әрекетті жүзеге асыра отырып, ұлттық құндылықтарды жеке тұлғаның қажеттілік объектісіне айналдырамыз. Бұл саты тұлғаның бірнеше объектіден нақты біреуіне таңдау жасауы арқылы көрініс табады. Сондықтан, қабылданатын білімдер екі түрлі эмоциялық күйде жетеді:

- біреуі бөтен адамның бағасы мен жеке қатынасы арқылы жеткен білім;
- екіншісі өзінің жеке қатынасы мен сезімдері.

Осының әсерінен баладағы «білемін», «білмеймін» деген ұғымдар енді құндылық мәнге ие болып «жақсы», «жаман» ұғымдарына ауысады.

**Көшіру** сатысында баланың таныған, қабылдаған құндылықтарына қатынасы оның ішкі сеніміне айналып, оның әрекетін, мінез-құлқын реттеп отыруға көмектеседі. Бала белгілі бір затты, құбылысты ерекше бағалап, соған ұмтылады, бірнеше объектіден нақты біреуіне таңдау жасайды. Сөйтіп, баланың күнделікті өмір барысындағы мінез-құлықтары, іс-әрекет сапалары тұлғадағы ұлттық құндылық бағдар нәтижесі ретінде көрініс тауып отырады.

Бұл тұлғаның белгілі бір іс-әрекеттегі бағыттылығы, белсенділігі арқылы көрінеді[6].

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда төмендегідей міндеттердің жүзеге асыруы тиіс:

- бастауыш сынып оқушыларына қазіргі уақыт талабына сай, қоғамымыздың саяси дамуына жауап беретін ұлттық құндылықтар жөніндегі таным-түсініктерінің жиынтығын меңгерту (білімдік, ақпараттық);



- оқушылардың өздерінде қалыптасқан дүниетанымдық қағидалар негізіндегі қоғамның әлеуметтік құндылық идеяларына бағытталған, ұлттық құндылық бағалауын қалыптастыру (қатынас, эмоциялық);

- бастауыш сыныптың оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды меңгеруінің нәтижесі ретіндегі оқушылардың әлеуметтік құнды біліктіліктерін қалыптастыру (әрекеттік).

Сондай-ақ бастауыш сыныптарда бұл жұмысты жүзеге асырудың төмендегідей мүмкіндіктері айқындалды:

- ана тілі, дүниетану және музыка сабақтарындағы ұлттық құндылықтарға бағыттап отыратын шағын мәтіндерді таңдап, талғап пайдалану;

- арнайы факультатив курсы жүргізу;
- сыныптан тыс жұмыстарды жетілдіру;
- электронды оқу құралын пайдалану.

Бұның өзі бастауыш сынып оқушыларын қоғам талабына сай біліммен қаруландыра отырып, әлеуметтік тәжірибені меңгеруді көздеген оқыту технологияларын орнымен қолдана алатын мұғалімнің оқыту іс-әрекеті мен оқушының оқу іс-әрекеті арқылы жүзеге асады.

Ұлттық құндылық бағдар қалыптастыруда осы құндылықтардың мәнін ашып, оларға жағымды қатынас тудыратын ата-ана мен мұғалімнің құндылықтарға деген оң бағасының әсері зор. Құндылық баға білімдік және эмоциялық құрылымдарымен бірлікте тұлғаның құндылық қатынасын қалыптастырады. Ал ол өз кезегінде оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген жағымды көзқарасы түрінде айқындалады. Бала белгілі бір заттың немесе құбылыстың құнды қасиеттерін білмеуі және оны пайдаланбауы мүмкін. Мұндай жағдайда ол оған құндылық болып табылмайды. Сондықтан тұлғаны құндылықтарға бағыттауда ақпараттық қызметтің рөлі зор. Құндылық бағдар беру құндылықтардың қасиетін, сипатын ашқан кезде жүзеге асады.

Өзінің жеке басының құндылығын жоғары бағалай алатын, жеке басының мүддесін қоғамдық мүдделермен ұштастыра білетін, ұлттық сана сезімі оянған тұлға тәрбиесіндегі ұлттық құндылық бағдар қалыптастыру жұмысының мәні зор. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда олардың өз жетістік жақтары мен кемшіліктерін көре білуі, өзінің жеке басының құндылығын, даралық сипатын саналы түрде сезінуге бағыттап отырудың мәні зор. Өйткені құндылықтарды игеру тетіктері адамның өзін-өзі айқындау құндылығының үлгісі арқылы жүзеге асады. Өзін-өзі айқындаудың алғашқы кезеңінде оқушы игеретін құндылықтардың мәнін аша келе, белгілі бір құндылық бағдарға ие болады. Оқушының өзін-өзі реттеуі жүзеге аса отырып, жеке тұлғаның ар-ұят, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі сынау, өз мінез-құлқын қоғамдағы үлгімен, досымен салыстыра алу қабілеттері көрініс табады. Сол арқылы баланың ұлттық құндылық танымы кеңейе түседі.

Ұлт өкілінің бірден бір белгісі – оның ұлттық өзіндік санасының қалыптасуы. Ұлттық өзіндік сана адамның тұлға ретіндегі субъектілік анықталуы. Бұл өз кезегінде ұлттық құндылық бағдарының болуы арқылы жетіле түспекші. Ұлттық құндылықтар тұлғаның субъекті ретіндегі әлеуметтік белсенділігін қалыптастырады. Яғни, ұлттық тұлға өз бойында ұлттық тұлғалық қызметтерді меңгере отырып, этностық әлеуметтену процесінен өтеді. Сонымен қатар бала өзін ұлт өкілі ретінде жетілдіре отырып, ұлттық сипат пен мәдениетке ие болады.

Құндылықтар иерархиясын жасай отырып, оның басым бағыттарын белгілеуде ана тілі сабағындағы мәтінмен жұмыстану ерекше орынға ие. Ұлттық құндылықтар бастауын салт, дәстүрдің игі әсерлеріне негіздейтін және қоғамдық-әлеуметтік қатынастарға бейімдеп отыратын мәтіндерді сабақ мазмұнына енгізіп отырудың еш артықтығы болмас деп ойлаймыз. Бастауыш сыныптағы сабақтарда ұлттық құндылықтардың мәнін ашатын, арнайы бағыттайтын шағын мәтіндерді таңдап, талғап пайдалану арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеудің жалпы жүйесіндегі ұлттық құндылық бағдар қалыптастыру жұмысы жүзеге асырылады. Бұл арқылы мәтіндердің ақпараттық және тәрбиелік сипатына оқушы назарын аударуға болады. Осындай ұлттық құндылық бағдарлы мәтіндерді бастауыш сыныптың ана тілі, дүниетану, музыка т.б. пәндерінде де пайдалану мүмкіндігі мол екенін тәжірибе барысында байқадық[7].

Халқымыздың ұлттық дәстүр ерекшеліктерінің, шешендік сөз үлгілерінің мол мұрасын оқыту технологияларын пайдалану арқылы оқушыларды оқыту тілін дамыту, тәрбиелеу қазақ

мектептеріндегі бүгінгі таңдағы маңызы зор мәселе болып отыр. Оқушыларға ұсынылатын ұлттық құндылық мазмұнды мәтіндерде бастауыш сынып оқушысының жас ерекшелігіне сәйкес таным мүмкіндігі ескеріледі және оқыту мақсаты оқушы тұлғасын тәрбиелеуге бағытталады. Сонымен бірге, баланың санасына, сезіміне, мінез-құлқына әсер етудің бірлігі қарастырылады. Құндылық бағдарлы мәтіндердің мазмұнында қабылданған, мойындалатын құндылықтарға тікелей баға беріледі, эмоциялық қабылдауды белсендіретін, құндылыққа сендіруді көздейтін және қарама-қайшылық арқылы құндылықтарды көрсететін тұстары мол болады.

Бастауыш білім мазмұнында қамтылған ұлттық құндылық негіздері Отан, туған жер, ана тілі, отбасы, салт, дәстүр, ел рәміздері және ел тарихына үлес қосқан тұлғалар құндылығы түрінде қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда тиімді әдістер деп рөлдік ойындар, пікірсайыс, видео-әдіс, этикалық жағдаяттар, өнеге-үлгіні ұсынамыз. Мұғалім мен оқушының атқаратын іс-әрекеттерін талдай келе, олардың өзара белсенді әсерін ақпараттық технология арқылы қамтамасыз етуді көздейміз. Мұғалім ұлттық құндылық бағдар қалыптастыру жұмысында электрондық оқу құралын көмекші ретінде пайдалану нәтижесінде балалардың қызығушылығын, ақпараттарды бағалау іскерлігін жетілдіреді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. // Егеменді Қазақстан, № 160 15.08. 2007.
- 2 Қожахметова К.Ж. Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогике: дисс...док. пед. наук. - Алматы, 1998. – 431с.
- 3 Джанзакова Ш.И. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері: пед.ғыл.докт...дисс... – Қарағанды, 2007. – 347б.
- 4 Қожахметова К.Ж., Джонисова Г.Қ. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2010.-112б.
- 5 Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество: Учебник для вузов. М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 456с.
- 6 Нұрғалиева Г.К. Психолого-педагогические основы ценностного ориентирования личности: дисс... доктор. пед. наук. - Алматы,
- 7 Джонисова Г.Қ. Бастауыш мектептегі ұлттық құндылық бағдар. Монграфия. «Гүлім» баспаханасы. Орал, 2016ж.

**ӘОК 37-067**

### **ҰЛЫҚ ҰСТАЗ ҺӘМ ГУМАНИСТ ҒАЛЫМ**

Сабиров А.Р., доцент

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

Ермекова Э.Ш.

Жамбыл атындағы орта мектеп, эксперт-мұғалім, Атырау қ.

*Кілттік сөздер:* ойшыл, ғалым, ұстаз, тәрбие, білім, ізгілік, гуманист, ақыл-ой, жас ұрпақ, адам, әділдік, бақыт.

*Түйіндеме:* мақалада данышпан ойшыл Әл-Фарабидің еңбектеріндегі тәлім-тәрбие, ұстаз бен шәкірттің ара қатынасы, педагогикалық- психологиялық қасиеттері, адамдар арасындағы достық, адамның ар тазалығы, оның жеке басының тазалығы, еңбек сүйгіштігі мен қызығушылығы, адам атаулыны гуманистік, ізгілік қасиеттерге баулу мәселесі жазылған.

*Ключевые слова:* мыслитель, ученый, педагог, воспитание, образование, добро, гуманист, ум, молодое поколение, человек, справедливость, счастье.

*Резюме:* В статье рассматриваются вопросы воспитания в творчестве гениального мыслителя Аль-Фараби, взаимоотношения учителя и ученика, педагогических и психологических качеств, дружбы между людьми, чистоты совести, личностной чистоты, любви к работе и интересам, гуманизма и добродетели.

*Keywords:* thinker, scientist, teacher, upbringing, education, goodness, humanist, mind, young generation, man, justice, happiness.

*Summary:* The article discusses the issues of education in the work of the genius thinker Al-Farabi, the relationship between teacher and student, pedagogical and psychological qualities, friendship between people, purity of conscience, personal purity, love of work and interests, humanism and virtue.

Әл- Фараби есімі дүние жүзі мәдениеті мен ғылымының тарихынан берік орын алады. Оның екі жүз қырыққа жуық трактат жазуы ғылыми мұрасының аса мол екендігін айғақтайды. Олар ғылымның алуан түрлі саласын- философия мен логиканы, математика мен физиканы, астраномия мен ботаниканы, минералогия мен лингвистиканы, медицина мен музыканы, социология мен педагогиканы, поэзия мен психологияны қамтиды. Данышпан ойшыл өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластырып жазған. Оның арифметика, геометрия, астраномия, музыка ғылымдарын педагогикалық, яғни тәрбиелік ғылымдар деген жүйеге жатқызуы, педагогика, методика мәселелері жөнінде еңбектер жазуы ұлық ұстаз екендігін анық байқатады.

Әл- Фараби еңбектерінде ұстаз бен шәкірттің ара қатынасы, бұл екеуінің педагогикалық- психологиялық қасиеттерінің қандай болуы керек екендігі жөнінде аз айтылмаған. Ұстаз өз шәкіртінен адалдық, сыпайылық, ізгілік, әділдік сияқты жақсы қасиеттерді көргісі келсе, онда оның өзінде де осы аталған қасиеттер болуы шарт. «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу керек?» деген еңбегінде ол былай деп көрсетеді: «Ұстаздық еткен адамның әдісі тым қатаң болмасын және тым асыра босаңсытқан төмендіктен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғарлы болса, онда оқушылар мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер де өте босатып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, оның ғылымына жалқау қарау қаупі төнеді». «Ұстаз ескерер тағы бір жәйт,- дейді Әл-Фараби,-бұл шәкірттің мінез- құлқындағы жағымсыз мінезді, ұнамсыз қылықты болдыртпау, оның бойында жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру». Ұлық ұстаз осы тұста мінез тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Мінезділік- бақытты болудың басты шарттарының бірі. Кейбір адамдар қолдағы бақытынан оп-оңай айырылып қалады, кейде тіпті бақытсыздыққа ұшырайды. Оны мұндай күйге түсіретін- сол адамның нашар мінезі. Сондықтан, жастардың жаны мен тәнін тәрбиелеуді бесігінен бастаған абзал, ал оқу орындарында бұған ерекше назар аудару қажет. Фарабидің ұғымында ізгі, қайырымды қаланың басшысы да, медресе имамы да жұрттың әрі ұстазы, әрі тәрбиешісі. Егер имам шәкірттерді оқытып- тәрбиелесе, қала басшысы барлық жұртты ізгі қасиеттерге баулиды. Олай болса, мұның екеуі де «сегіз қырлы, бір сырлы», халыққа қай жағынан да болса үлгі көрсететін, ақыл- парасаты басқалардан көш ілгері тұратын, өн бойында атап айтқанда төмендегідей сипат- қасиеттері болуы керек: 1) мүшелері мүлде мінсіз; 2) жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін; 3) өзі түсінген, көрген, есіткен және аңғарған нәрселердің бәрін жадында сақтайтын; 4) алғыр да аңғарымпаз; 5) өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан- анық бере алатын өнер білімге құштар; 6) тағамға, ішімдік ішуге, сыр- сұхбат құруға келгенде қанағатшыл; 7) жаны асқақ және ар намысын ардақтайтын, жаратылысынан игі істерге ынтызар; 8) дирхем, динар атаулыға , жалған дүниенің басқа да атрибуттарына жирене қарайтын; 9) әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен

озбырлықты жек көретін; 10) жақындарына, жат адамдарға да әділ; 11) пасықтық атаулыға мүлде рақымсыз; 12) қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек; Міне осындай тұла бойында туа біткен он екі, сондай-ақ өмір барысында жүре қалыптасатын алты қасиетке ие болған, бұларды бір-бірімен сәтті ұштастырған адам ғана нағыз ұстаз, жұртқа басшы бола алады деп дәлелдейді.

Қазіргі педагогика ғылымының негізгі ұғымдары: оқыту, білім беру, тәрбиелеуге алғаш нақты анықтама берген ұлық ұстаз Әл-Фараби болатын. Ол оқыту дегеніміз- үйрету, дағдыландыру, әрекеттендіру дейді. Ал, білім беру- ғылым теорияларын іске асыру деп тұжырымдайды. Тәрбиелеу – жеке адамның кісілігін қалыптастыру деп көрсетеді. Әл-Фараби тәрбие процесінде «қатты әдіс» пен «жұмсақ әдісті» ұштастыруды талап етеді. Бүгінгі тәрбие процесі тұрғысынан қарағанда «қатты әдіс» деп отырғаны жазалау да, «жұмсақ әдіс» деп отырғаны мадақтау болса керек. Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін, қолдану жолдарын дәлелдеп кеткен дана ғалым.

Ғұлама дидактика, методика мәселелеріне де ерекше мән берген. Шәкірттердің білім меңгеруі, олардың жақсы әдет пен қажетті дағдыларға, икемділік пен шеберлікке машықтануы біртіндеп қалыптасатындығын ескерткен. Жасөспірім, жеткіншек үшін ұстаздың дұрыс бағыт беретін әсерлі де өнегелі сөздері аса қажет. Фараби ғылым-білімді, белгілі мамандықты өз қалауымен меңгеретіндерге сөзбен әсер етудің жеткілікті болатынын, ал оқуға ықыласы төмен, қисық-қыңыр адамдарға зорлау принципін қолдану керектігін де айтады. Ол жаратылыстану ғылымдарын меңгеруге айрықша көңіл бөледі.

Әл-Фараби ғылым-білім үйренемін деген жас адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек мақсаты тек ақиқат пен шындық жолында ғана болуы тиіс дейді. Онда ғылымнан жәй ләззат іздеу, нәпсіқұмарлыққа ұқсас әрекет болмауы қажет. Адам көздеген мақсатқа жету үшін, оған жетудің тәсілін, жүрер жолын жақсы білуі шарт. Бір кәсіпке, не өнерге талпыну үшін адамға бәрінен бұрын табандылық керек. Сонда ғана ол білім саласында сындарлы пікір айта алатындай жағдайға ие болады. Ғылымды ұғу үшін үнемі сол ғылымның жолында болу қажет. Ғылымнан басқамен шұғылдануды азайту керек. Әрбір нәрсемен шұғылдана беретін істе тәртіпсіздік пайда болады. Дәл осындай пікірді арада мың жыл өткенде өзінің отыз екінші сөзінде хәкім Абай да айтқан. «Көңілің өзге нәрседе болса білім, ғылым қонбайды. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі...Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек», - деген болатын. Ал, Әл-Фараби: «Нағыз ғалым принципшіл, қулық-сұмдықпен, ұсақ-түйекпен, өсек-аяңмен ісі жоқ, жұртты алдап-арбауды білмейтін, басқаларға асқан ілтипатпен қарайтын, ерекше кішіпейіл болуы керек, білімділік оның өнегелі мінез-құлқымен ерекше безендіріліп тұрмаса болмайды», - деп көрсетеді.

Данышпан ойшылдың оқу-білім, тәлім-тәрбие мәселелері жайлы айтқан пікірлері адам атаулыны гуманистік, ізгілік қасиеттерге баулу мәселесіне келіп тіреледі. Адам деген ардақты атты лайықты алып жүруден артық бақыттылық жоқ. Әлемдегі жаман мен жақсыны адамның ақылы ғана ажыратады. Адам алдымен ойлы, парасатты болуға, ақыл-ойының жан-жақты дамуына айрықша көңіл бөлуі қажет, парасаттылық адамға өзінен-өзі келмейді. Осы тұста, біз қазір ғылыми айналымда интеллект ұғымын жиі қолданамыз. Әл-Фараби интеллект сөзін парасатты, ойшыл адам деп түсіндіреді. «Интеллект адамның қасиеттері: 1) ойы мәнді; 2) ойы нақты; 3) біліктілігі жүре келе дарыған; 4) әрекетшіл, әмбебап адам», - деп дәлелдеп береді. Демек, интеллектуалды ұлт, интеллектуалды адам, интеллектуалды мектеп болуы үшін жоғарыдағы 4 қасиет орындалуы керек.

Педагогикалық тұрғыдан Әл-Фарабидің адамдар арасындағы достық, қастық қарым-қатынастар жөнінде айтқан пікірлері ерекше маңызды. Адамда достықтың екі түрі болады. Оның бірі- адал дос, екіншісі- айнымалы, алдамшы дос. Адал досқа үнемі зор ілтипатпен қарап, одан айырылып қалмау жағын көздеген дұрыс, достар бір-біріне жақсылық, өзара қамқорлық жасауы тиіс. Жақсы достың сенімін қастерлеп, ақтаған абзал. Достықтың екінші түрі- алдау-арбау негізінде құрылады.

Мұндай «досқа» адам өзінің құпиясын, мінез- құлқындағы кемшіліктерін айта берудің қажеті жоқ. Бір-біріне қас, жау адамдардың да екі түрі болады. Бірі- өшпенділігі мол, жаулығы басынан асқан адамдар да, екіншісі- көре алмаушылықтан жауығатындар. Фараби бұлардың біріншісінен ерекше сақ болуды, олардың ой-пікірін үнемі таразыға салып, қадағалап, біліп жүруді ескертеді. Ол осындай адамдардың арам ниетін біліп қана қоймай, тиісті жерінде аяусыз әшкерелеу қажет деген қорытындыға келеді. Ал, көре алмаушылық пен күндеуден жауласқан адамға байыпты қарым-қатынас жасалғаны дұрыс. Мұндай адамдардың көзінше көре алмаушылық пен күндеушіліктің себебін ашып, олардың көзін шындыққа жеткізу жағын ойластырған мақұл деп ескертеді.

Гуманист ғалым Әл Фараби тәрбиенің барлық мәселелерін логикамен, тәрбие мұратымен, білім алумен, үйренумен, үлгілі тәжірибемен, оқумен байланыстыра уағыздағанын білеміз. Ол өзі жазған «Ақыл мен түсінік» атты еңбегінде ақылдылық пен адамгершілік үлгілі тәрбиеге байланысты, оның негізі таза еңбекте, еңбек өз кезегінде- тәрбиенің негізінен туындайды деген болатын. «Бақытқа жету» атты еңбегіндегі жас ұрпақ тәрбиесі, жеке бала тәрбиесі, тіпті кейде жеке адам тәрбиесі, жастар тәрбиесі, жас жұбайлар тәрбиесі жайлы жан-жақты ұлағатты ұғымдары, тағылымды трактаттары, үлгілі-өнегелі сөздері халықтық педагогиканың қазынасына айналды. «Тәрбиені неден бастау керек», «Философияны үйрену үшін не білу керек» деген еңбектерінде Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алады. Адамның ар тазалығы, оның жеке басының тазалығын, еңбек сүйгіштігі мен қызығушылығын бірінші орынға қояды. Осыдан келіп, мұның барлығын меңгеру тәрбие әдістеріне байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Орта Азия ғұламасы, Фарабидің шәкірті Әбу Әли Ибн Сина: «Фарабидің тәрбие тағылымдарының ең маңыздысы әрбір жеке адамды еңбекке тәрбиелеу болды. Өйткені, еңбек сүйгіштік, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Ол кімде-кім өзінің тіршілігі үшін, өзіне пайда келтіретін еңбекпен айналысқанда ғана, нағыз ел адамы бола алады деген өмірлік өсиет қалдырып кетті», - деп көрсетті.

Ғалым Әл- Фараби денсаулықты сақтауда, ауруды жазуда айналаны қоршаған ортаның, дәрі-дәрмектің, тамақтың рөлі зор екенін айтады. «...Егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал егер сау болмаса, онда денді сауықтыру керек. Егер тән ауырса, көңілдің күрт түсуі- табиғи құбылыс. Сондықтан, алдымен сазды әуеннің әсерімен көңілді сергітеді. Осының арқасында дене біртіндеп сауыға бастайды». Сондай-ақ, дәрігердің білімі, тәжірибесі, түрлі дәріні, медициналық аспаптарды қолдана білуі де қажетті шарт екенін атап көрсетеді. Оның пікірінше, адамның барлық органдары бір-бірімен өзара байланысып жататындығын білу- дәрігерлік емдеудің ең маңызды принципі болуға тиіс деп ескертеді.

Егер бүгінгі мемлекеттік қызметкер болашақ мемлекеттік қайраткер екендігін ескерсек, елге тұтқа болар қайраткердің бітім- болмысын ғұлама ғалым Әл- Фараби нақыл сөздермен нақтылап, дәлелдеп берген:

1. Денені емдеуші-дәрігер, ал жанды емдеуші- мемлекеттік қайраткер.
2. Мемлекет қайраткері- бүкіл өмірді емдейді.
3. Қайырымдылық, әдептілік мемлекет қайраткерінің басты қасиеті болу керек.
4. Ұстамдылық- әрбір қайраткердің негізгі қасиеті болуы қажет.
5. Игілікті әрекеттер арқылы қайырымдылық, қамқорлық жасаушы басшы ғана ұлы құрметке ие болады. Жақсы әкім басқару өнерін әрдайым қолдануға қабілетті.
6. Басшыда практикалық ақыл-парасат, пайымдағыштық, әдепті қайырымдылық, айқын пікір, тапқырлық, ойшылдық, іскерлік, зеректік, шешендік, қиялшылдық, т.б. игі қасиеттер болуы керек.
7. Нағыз әкімде: даналық, асқан пайымдағыштық, қалтқысыз сендіру қабілеті, өте жақсы қиялдау қабілеті, басшылық қабілеті, әділеттілік, батылдық қабілеті болу қажет.
8. Басшының ақиқаты, көкейтесті мақсаты болуы шарт.
9. Бейқамдылық- сәтсіздікке бастайды, сондықтан басшы бейқамдылыққа қарсы күресе білу керек. (Әл Фарабидің «Әлеуметтік этикалық трактаттарынан»)

Осы бір ғибратты сөздерді қазіргі мемлекеттік қызметкердің «Ар-намыс Кодексіне» енгізсе, ұлтжанды азаматтардың қатары көбейген болар еді

Ұлы ғұламаның ұлық ұстаздығын, гуманист ғалымдығын, данышпан ойшылдығын дәлелдейтін мақаламыздың етек-жеңін жинақтайтын болсақ, Әбу Насыр Әл Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактаттарында» былай дейді: «Қайырымды қала тұрғындары мына сөздердің мәнін жақсы білу керек: Алла, періште, жұлдыз, жер-ана, сөз, тіл, адам, жан, қоғам, бақыт, надандық, әділдік, көнбістік және осы сөздерге байланысты игі іс-әрекетке қайырымдылар батыл болуы қажет». Дана бабамыз көрсеткен қасиетті сөздер мен игілікті іс-әрекетті бойтұмардай ұстанатын болсақ, еліміздің еңсесі биік, тәуелсіздігіміз тұғырлы болатындығы шындық!!!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақпанбек Г. Қазақтардың дүниетанымы. Алматы, Қазақ университеті, 1989.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, «Ғылым» баспасы, 1973
3. Әбиев Ж. Ә, Бабаев С. Б, Құдиярова А. М. Педагогика, Алматы «Дарын», 2004.
4. Жарықбаев Қ, Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі, Алматы, «Санат» баспасы, 2001
5. Көбесов А. Сөнбес жұлдыздар. «Қазақстан», 1979.
6. Нысанбаев Ә, Әбжанов Т. Ой. Ақыл. Адамгершілік. Алматы, «Білім», 1994.
7. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Алматы, «Санат», 2001.

ӘОЖ 37.035.6:512.1

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЛЕУ

А.Қ.Дүйсенбаев, п.ғ.к., профессор  
«Баишев Университеті» мекемесі, Ақтөбе қаласы

А.Е.Такенова, бастауыш класс мұғалімі, зерттеуші-педагог,  
Үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназиясы, Ақтөбе қаласы

**Ключевые слова:** патриотизм, национальный патриотизм, патриотическое воспитание.

**Резюме.** В данной статье рассматривается роль и значение проблем патриотического воспитания младших школьников через пословицы и поговорки казахского народа.

**Keyword:** patriotism, national patriotism, patriotic education.

**Summary.** This article examines the role and significance of the problems of patriotic education of primary school children through proverbs and sayings of the Kazakh people.

Еліміз егемендігін алғаннан бері республикадағы азаматтардың отаншылдық рухын қалыптастыру бағытында жобаларды іске асыру үшін, заман талабына сай барлық салада, соның ішінде білім беру саласында түбегейлі ауқымды жұмыстарын жүргізуде.

Қазақстан мемлекеті үшін азаматтардың Отансүйгіштік сезімін нығайту – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер қатарында болуына, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір жол. Бұған дәлел ретінде, Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері: .... азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны –Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікпен, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу» [1] – десе, ал орта білімді дамыту тұжырымдамасында «тәрбиелік жұмыстарды қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілікті негізінде қалыптастыру» – қажет екендігі көрсетіледі [2,14].

Еліміздің жас буындарын яғни болашақ қазақ елінің аманатын арқалайтын азаматтарын Отансүйгіштікке тәрбиелеу бүгінгі күннің кезек күттірмес міндеті. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылығымыз фольклор жанрлары арқылы жеткіншектерімізді отаншылдық сезімде тәрбиелеуде соның ішінде мақал-мәтелдердің қазіргі жастардың бойына ұлтжандылық және елжандылық белсенділігін арттыруға, олардың Отансүйгіштік қабілеттерін қалыптастыруға молынан демеу болары хақ.Отаншылдық – өз Отанын, халқын шексіз сүю, бар күш-жігерін Отан мүддесі үшін арнаған терең сезім. Патриот –өз елінің мүдделері мен тарихи тағдырына қамқорлық, ол үшін құрбан болуға әзір, өз елінің әлеуметтік және мәдени жетістіктерін мақтан ететін, өз елінің тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, тілін-дінін құрметтейтін өзінің туған жері атамекенін бар ықыласымен жақсы көретін адам.

Отансүйгіштік сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы отаншылдыққа тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ана сүтімен бірге келмейтіні ақиқат, оны баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Отансүйгіштік сезім тәрбие арқылы өсіп жетіліп отансүйгіштік сана түрінде қалыптасады. Ал, *Ұлттық патриотизм*– өз ұлтының, мәдениеті мен әдебиетін, тілі мен ділін, салт-дәстүрін тереңінен сезіну, жерінің Қазақстан екендігін жете түсіну.

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда «Отан», «Атамекен», «Ел-жұрт», «Ар-намыс», «Адалдық пен әділдік» т.б. құндылықтар негіз болады. Мысалы, қазақ халқы туып өскен жерін, ата-баба мекендеген өлкесін ерекше қадір тұтқан. Туған жердің топырағы әрқашанда ыстық болатыны мынау мақал-мәтелдерден аңғаруға болады: *“Отан-оттан да ыстық”, “Басқа елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол”, “Аққу көлін аңсайды, адам туған жерін аңсайды”, “Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі”*. Халық балалар мен жастарға өз Отанын, туған елін, халқын, ана тілін, салт-дәстүрін терең сезіммен сүйе білуге баулыған. Әр кімге өзінің туып өскен топырағы қымбат болатыны *“Ер елінде, гүл жерінде”, “Жемісті ағаш жер бауырлап өседі, жетелі жігіт ел бауырлап өседі”, “Ел іші- алтын бесік”, “Елінен безген ер оңбас, көлінен безген қаз оңбас”* деп ескертіп отырған. Яғни өз болмыс-бітімін Отанын жеке бөліп қарамаған. Отаны, елі мен жерін өзінің туған анасындай құрметтеген. Отанға деген сүйіспеншілік арқылы адамның бойында патриоттық сезімді туындатқан.

Бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштік сезімде тәрбиелеудің жолдары сан алуан. Солардың негізгілерінің бірі фольклор жанры мақал-мәтелдер. Балалардың дүниеге көзқарасын, ой-өрісін, сезімін оятып қалыптастыратын, адамгершілікке, бауырмалдыққа, достыққа тәрбиелейтін және ерлікке жігерлендіретін отансүйгіштік тәрбиеге баулудың жолдары көп. Мақал-мәтелдер – бастауыш сынып оқушыла жан-жақты тағылым береді, олардың дүниеге көзқарасын өзгертіп тұлғалық сапасын қалыптастырады, көркем сөз кестелері арқылы өткен дәуірдегі халқымыздың қайғылы халі мен бостандық үшін күрескен батыр бабаларымыздың қаһармандық істері жан-жақты тәрбие береді.

Біз енді шешендік өнерінің туын тіккен дана да ақылман қазақ билерінің, топ алдында сөз бастаған ұшқыр ойлы, өткір тілді шешен айтқыштардың, ел бастаған көсемдердің шығармашылығынан үлгілер келтіріп, даналықтың ұйытқысы – мақал-мәтелдердің «Көненің – көзі, дананың – сөзі» болғандығына біршама тоқталуды жөн көрдік.

Майқы би тауып айтатын тапқыр, әділ шешім беретін шешен әрі болашақты болжай алатын дана болған деген аңыздар бар. Соның бірінде: «...Бірде Майқы би билік құрып отырып қалғып кетіпті дейді шежіре. Жанындағы билердің бірі мұны ұят көріп, Майқы қауырт келген ұйқыдан сергісін деп тамағын кенеп, жөткірініпті. Сол кезде оянып кеткен Майқы:

- Қап, шіркін-ай, аяғын біле алмай қалдым-ау! – депті. Қасындағы билері оның түрі бұзылып, түсі қашқанынан шошып, үндемей қалыпты. Содан Майқы би:

- Көзі қысық, тісі қысық жаудан гөрі, көзі шегір, өзі жемір жаудан ұрпағым көп қорлық көретін болды. Аяғын біле алмай қалдым. Ұрпағымның керегесі сөгіліп, уығы сынып, шаңырағы шайқалатын кез болады екен. Ұрпағым ынжықтық танытып, мына маған сөйлей алмай отырған сендер секілді мөнді-мөнді деп ұзақ уақыт соның табанында болады екен. Әттең

аяғын білгенімде шаңырағы шайқалмаудың амалын білер едім, біреуің тамағыңды кенеп, жөткірдің, мажалы көзі шегір, өзі жемірге де алғашқы иек артуды өз тұқымым жасайтын болады екен. Әттең...» [3, 85].

Көне аңыз түрінде бізге жеткен осы әңгімедегі Майқы бидің әулиелігі – шын мәнінде қазақтың үш ғасырға жуық орыс патшалығының отарында болғанымызды ертеден болжай білген екен. Майқы би өз заманында сөз сәруарларының қуаты арқылы *«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Тәртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Бірлік түбі-береке, Береке түбі мереке», «Аспан ашық болса, күн шуақты болады. Хан әділ болса, Халық ынтымақты болады...»* секілді маржан сөздермен ерлікке, елдікке, алауыз болмауға, әділдікке, ар-намыс, ел бірлігін сақтауға үндеп отырды. “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би” деген аталы сөздің төркіні осыда болса керек.

Мақал-мәтелдерді қазіргі заман өмір талаптарына сай және оларды бастауыш сынып оқушыларының тәртібі мен сезімдеріне әсер ету құралы ретінде қарай отырып, біз осы халық ауыз өнері жанрын ұжымдық жағдайларда пайдалану әдістерін қарастырдық. Бұл үшін бізге алдымен, тәрбиеші бен балалардың түрлі жағдайлардағы қарым-қатыныстарында қолданылатын басымдылығы мол мақал-мәтелдерді саралау қажеттігі туды. Халық мақал-мәтелдері балалардың танымдық ақыл-ойының дамуы үшін және балабақша балаларына рухани -ізгілік тәрбиелеу үшін таптырмас құрал.

*«Жақсы сөз, жарым ырыс», «Жақсы адам елдің ырысы, жақсы сөз жанның тынысы»* дегендей балаға дұрыс қатынаста болу қажет. Баланың көңіл-күйі ұстазбен алғашқы күнінен байланысты болады. Балабақша жаңадан келген балағамұхият зер салған тәжірибелі тәрбиеші, балаға не айту керек екендігін біледі: *«Жақсы келді дегенше, жарық келді десеңші, Жақсылықтың ұрығын ала келді десеңші», «Ай жарығы әлемге, шам жарығы түбіне»* немесе *«Қаһарлы көз – сүтті ұйытар», «сен тимесең, мен тиме бадырақ көз»*. Аталмыш мақал-мәтелдердегі «жарық», «ай жарығы» педагогтың баланы қуанышпен қарсы алғандығын білдіреді. Ал, үшінші және төртінші келтірілген әзілді мазмұндағы мақал-мәтелдер – қабығынын қар жауған, бұртиған баланың назарын басқаға аударады. *«Ынтымақ – ой өтпес сауыт, татулық – тамаша сауық», «Жақсы сөз жан сүйіндірер, жаман сөз жан күйіндірер»* деген мақал-мәтелдер мұғалім мен баланың өткен өкінішті оқиғаларды ой таразысынан еліктеп алуға, сондай-ақ ашық әңгіме жүргізуіне өз септігін тигізеді. *«Ұрыспас ұл болмас, керіспес келін болмас»* дегендей бала болғансың ұрыс-керіс бір-бірімен жандалдасып қалады, осы жағдайда мұғалім ашуланып, көңілсіз отырған оқушыға *«Бір күндік ұрыстың, қырық күндік қырсығы бар», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Тәртеу түгел болса төбедегі келеді», «Ынтымақ болмай іс оңбас», «Жақсыда кек жоқ, кекиілде тек жоқ», «Кішіпейілдік – кішілік емес, кісілік»* деген халық даналығын қолдана отырып бала көңілін аулауға әбден болады.

Бастауыш сынып оқушыларына мұғалім берген тағылымын өте сезімталдықпен қабылдайды. Оған *«Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар», «Күшті – күшін көрсетпейді»* және тағы басқа мақал-мәтелдер дәлел бола алады.

Бастауыш сынып оқушыларының мейірімді, тілектес, қайырымды қасиеттерге баулуға тәрбиелейтін көптеген әдіс-тәсілдері бар. *«Жақсы өзінен көреді, жаман өзгеден көреді», «Басыңа іс түссе, жақсы көмек береді, жаман күліп кетеді», «Жақсылыққа жақсылық әр кісінің ісі дүр, Жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі дүр», «Жақсыға ізет, жаманды күзет», «Жамандық пайда етпейді, жақсылық зая кетпейді»* деген мақал-мәтелдер жақсылық пен жамандықтың мәнінің ара-жігін ашып көрсетіп береді. Идеялық-педагогикалық жұмыс көркем әдіс-тәсілдерді таңдауға жағдай жасайды. Оны зерделей отырып, халық мақал-мәтелдердің тіліне ерекше әдемілік беретін тиісті сөздік құрамын, метафораны, теңеуді таңдап алады. М.А.Рыбникова мақал-мәтелдерді оның қысқалығымен, көркемділігімен және дәлдігімен ана тілін оқып үйрену үшін бай материал беретін тілдің «молекулалары» деп атайды. Таңдап алынған зерттеу тақырыбымызды оқып үйренуге жақындай отырып, біз халық мақал-мәтелдерінің көркем-бейнелеу құралдарын зерделеуге мақсат қойған жоқпыз, себебі бұл білімнің басқа аймағы. Бізді қызықтырған балабақша балаларын жағымды эмоцияларға



әкелетін тілдің ерекшеліктері мен ана тілінің байлығын меңгеруге көмектесу және халықтың терең ойлы тілі мен сезімінің мәнін ұғындыру арқылы жас буын өкілдерін отансүйгіштікке баулу.

Жазушы Л.Н.Толстой халық тілі, мақал-мәтелдер тілі, адамның терең қасиеттерінің – танымдық және эмоциялық, патриоттық және көркемдік-этикалық қасиеттердің қалыптасуына белсенді әсер етеді деп санаған.

Ана тілінің тәрбиелік күші туралы кеменгер педагог К.Д.Ушинский: «Балаға тәрбие қоршаған адамдардың рухани өміріне қолданылатын отандық тілі арқылы кіреді және керісінше, баланы қоршаған әлем өзінің рухани жағы – отандық тіл сәулелендіреді ...» деген[133,126].

Қорыта айтқанда, қазақ халқының мақал-мәтелдері арқылы бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбилеу уақыт талабы.Мақал-мәтелдер жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін, ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын, әр халықтың тарихынан, өмірінен, мәдениетінен қызықты деректерді өз бойына жинақтаған халық даналығы, бабалар мұрасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Нұр-сұлтан, 2019. – 120 б.
2. Қазақстан Республикасы орта білімді дамыту тұжырымдамасы. //Қазақстан мұғалімі. – Алматы, 2017. №14 – 14 б.
3. Төреқұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: «Жалын»,1993. –133б.
4. Ушинский К.Д. История педагогики. – Москва: «Просвещение», 1998.– 305с.

УДК 37.036.5:391.34

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ  
У ОБУЧАЮЩИХСЯ СИСТЕМНОГО МЫШЛЕНИЯ  
В КОНТЕКСТЕ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ  
И ЭТНОЭСТЕТИЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ**

**PEDAGOGICAL BASES OF FORMATION  
STUDENTS OF SYSTEMS THINKING  
IN THE CONTEXT OF TECHNOLOGICAL KNOWLEDGE  
AND ETHNO-AESTHETIC VALUES**

Г.А. Никитин, к.п.н., профессор

Чувашский государственный педагогический университет  
им. И.Я. Яковлева, г. Чебоксары (Россия)

М.Г. Харитонов, д.п.н., профессор

Чувашский государственный педагогический университет  
им. И.Я. Яковлева, г. Чебоксары (Россия)

*Ключевые слова:* научные и этнические знания, проектный метод обучения, системные знания, системное мышление, технологическое образование, технологическая культура, техносфера, этноэстетика, этноэстетические ценности

*Key words:* scientific and ethnic knowledge, project method of training, system knowledge, system thinking, technological education, technological culture, technosphere, ethno-aesthetic, ethno-aesthetic values

*Резюме.* В статье рассматриваются педагогические основы формирования системного мышления обучающихся. Средством осуществления процесса предлагается использование проектного метода обучения в системе технологического образования.

*Abstract.* The article deals with the pedagogical bases of formation of system thinking of students. As a means of implementing the process, it is proposed to use the project method of training in the system of technological education.

В педагогической научной сфере все шире осознается потребность совершенствования системы технологического образования. Приоритетом выступает познавательный процесс обучающихся, направленный на активную самореализацию в практической деятельности. Значимость процесса заключается в том, чтобы обучающиеся на теоретических и практических занятиях развивали качества самостоятельности. В рамках требований ФГОС они должны быть сконцентрированы на стремлении учиться в течение жизни, умении мыслить, находить необходимую информацию и работать с ней, применять полученные технологические знания и умения в учебной, жизненной практике, социуме.

Решение проблемы предусматривает совершенствование содержания технологического образования. Естественно, процесс влечёт за собой необходимость поиска новых парадигм, подходов, педагогических технологий к отбору содержания, инструментарий его воплощения в формировании компонентов технологической культуры так необходимой в выборе будущей профессии, профессиональном обучении. В качестве методологического ключа в решении стратегии будущего берется принцип связи обучения с жизнью, с практикой формирования представления о техносфере. Одним из путей реализации принципа становится приближение обучающихся к традиционным ценностям окружающей среды, использование их и как источника знаний, и как практического жизненного опыта по приобщению к деятельности, начиная с привычного посильного труда.

Соответственно, принцип связи с жизнью предусматривает обращение к нетрадиционным формам обучения технологии, эстетическим этническим компонентам подготовки молодежи к трудовой жизни. Интегративные возможности педагогических составляющих этноэстетики представляются инноватикой расширения содержания технологического образования. Инновационная его направленность предполагает формирование у обучающихся представлений о техносфере, о деятельности в ней, духовности как инструмента социализации личности, вовлечением каждого в активную познавательную, учебно-практическую деятельность. Приоритетной в реализации комплексной насущной проблемы выступают интегративные связи научных знаний и этнических ценностей. Наиболее органичной формой их воплощения в интеграционном процессе при обучении технологии, технологического образования является метод проектов.

Под методом проектов подразумевается система обучения технологий обработки различных материалов в рамках технологического образования как базис приобщения обучающихся к жизни, процесс которого обуславливает самоутверждение их в деятельности и предусматривает создание естественных условий погружения в творческий поиск, способствующий развитию способностей, дарований, интеллектуальных, духовных, волевых личностных качеств при изготовлении конкретного изделия, продукта и оказания услуг, выражающих субъективную или объективную новизну, обладающих практической значимостью.

Проектная деятельность обучающихся в последние годы становится продуктивным методом технологического образования. Ее существенные алгоритмы, направленные на

умственную и физическую деятельность, охватывая этноэстетические ценности оказывают огромное влияние на формирование умений у учащихся учиться самостоятельно. При выполнении того или иного проекта обучающиеся осваивают навыки добывания необходимой информации, предусмотренной не только учебным содержанием, но и жизненной потребностью. Соответственно, проектная деятельность подразумевает решение конкретной проблемы или задачи, позволяющей формировать системные знания (А.М.Коршунов, В.П.Кузьмин, И.Б.Новик).

Под *системными знаниями* представляются научные и этнические знания как результат освоения техносферы, как базис формирования картины мира, отраженных в сознании обучающегося в виде ценностных ориентиров деятельности, эстетических жизненных представлений, практических, технологических понятий, теорий и целеполаганий.

В своих исследованиях В.П.Кузьмин замечает, что многомерное бытие предмета служит источником освоения многоаспектного знания. Каждый модус бытия представляется системой знаний и отражает знание о:

- целостности, в которой он выступает как «предмет» анализа на том или ином уровне (в многоуровневой картине) в составе частей, их структуре как основании системы, параметрах, характеризующих их целостность;

- отношениях, связях, взаимодействиях (внешних и внутренних, типе взаимодействий и характере возникающих изменений);

- процессуальных формах системы: развитии, функционировании, динамике состояний.

При выполнении творческих проектов происходит синтез научных и этнических знаний. Освоение обучающимися системных знаний осуществляется по законам моделирования концептуальных систем, характеризующих субординацию детерминант, способных обуславливать, определять их целостность и учитывать законы их бытия, функционирования. В системном синтезе научных и этнических знаний важным фактором выступают синтез «аспектного знания» и «синтез расширяющегося знания».

В данном процессе «аспектные знания» выражают специфику происхождения, становления, проявления отдельных аспектов технологического образования, педагогических составляющих этноэстетики одномерно. Акцент на «синтез расширяющегося знания» позволяет обучающемуся в проектной деятельности воплощать интеграционные связи научных и этнических ценностных ориентиров многомерно.

Қазақ халқының тәлім-тәрбиесінің озық үлгілері бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні - адамгершілік-имандылық, ақыл-ой, дене, отбасы, еңбек, эстетика, патриоттық тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. Демек, тәрбиенің көзі - ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер. Ұлтымыздың «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақалы бар. Халқымыз өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. Бала аяғын жерге нық басқан кезден қоршаған ортаның, табиғи құбылыстардың құпиясын оның санасына сіңірумен айналысқан. Жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол табуға бейімдеп, қаршадайынан балалардың есту, көру сезімдерін шынықтырған. Осылайша, ата-бабамыздың кәсібі, тіршілігі мал шаруашылығына байланысты болғандықтан, бала 5-6 жасынан ат құлағында ойнай бастайды, бір естігенін қалтқысыз есте сақтайтын қабілеті күшті, алыстағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл әрі мергендік қасиетті бойына сіңірген. Сонымен қатар, көшпелі халықтың баласы небір қызық ертегілерді, жыр-дастандарды жаттап алатын болған. Сөйтіп, оның бала шағынан сөйлеу қорыбайып, мағыналы да мәнді сөйлеуге жаттыққан.

Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Халықтық педагогиканың негізінде ұлттық сана-сезімді, ар-ождан, ұлтжандылықты, отансүйгіштікті, қоғамдық жүйедегі ережелер мен ұстанымдарды, ұлттық рухты ұрпақ жадына тоқыту әрекеті жүзеге асырылады. Өз кезегінде жас ұрпаққа тәрбие беру мәселесінде қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін негізге ала отырып, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – әрбір аға ұрпақ өкілінің алдындағы үлкен міндет.

Тәрбиенің қайнар бұлағы – халқымыздың сан ғасырлар бойына қалыптасқан халық фольклорындағы шығармаларда көрініс тапқан. Жеткіншектердің тұлғалық сапасын арттыруда халқымыздың даналыққа толы мақал-мәтелдерінің, жұмбақ-жаңылтпаштарының, қиял-ғажайып ертегілерінің, ой-өрісті дамытатын ойындарының маңызы ерекше.

Осы орайда қазақ ауыз әдебиетінің іргелі бір саласы - мақал-мәтелдер. Қазақ сөзбен түзеп, көзбен тәрбиелеген ұлы халық қой. Даналығы мен даралығы, тәрбиесі мен өнегесі сөзінде көмкерілген. Тәрбиені қашанда құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне ешқашан жүрдім-бардым қарамаған. Тәрбие мен өнеге туралы мақал-мәтелдер де аз емес. Мәселен, төмендегідей мақалдардың бала тәрбиелеу ісінде қаперде жүргені абзал: «Бала тәрбиесі бесіктен», «Дұрыс қанаттанған түзу ұшар», «Қызы анадан үйренбей өнеге алмас, Ұлы атадан үйренбей сапар шекпес», «Ағаштан ағаш сәнін алады, Адамнан адам тәлім алады», «Ұлың өссе, ұяттымен ауылдас бол, Қызың өссе, қылықтымен ауылдас бол», «Тәрбиелі адам тағаланған атпен тең», «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі».

Жас ұрпаққа қазіргі рухани жаңғыру жағдайындағы сан салалы тәрбие берудің ең көрнекті құралдарының бірі - ұлы дала ойшылдарының даналыққа толы ғибратты ойлары жинақталған асыл мұралары болып табылады.

Бұл ретте ұлы ойшыл, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби адамның бойына кішіпейілділік, қайырымдылық, шешендік, қанағаттылық, жомарттық және т.б. ізгі қасиеттерді

негіздеуде тәрбие мәселесіне зор мән берген. Бұл ретте ол «тәрбиелеу дегеніміз - халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз... Тәрбиелеу кезінде халықтар мен қалалықтарға білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі., сөйтіп, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», - деген тұжырым жасайды [5, 343-б].

Әйгілі түрік ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы тәрбиенің түрлі салалары бойынша даналық ойлардан сусындайтын тәлім-тәрбиелік энциклопедия болып табылады.

Жас нәресте өмірге келісімен-ақ оны дұрыс тәрбиелей бастау - әке-шешенің қасиетті борышы екендігін:

«Сәбиінде көкірекке түйгені  
Өлгенінше санасында жүреді!  
Ұяда не көрсе, соны іледі,

Сүтпен сіңген өле-өлгенше жүреді!» [6, 175-б], - деп жырға қосқан. Бұл бәйіт «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» деген мақалдармен үндес.

Сонымен қатар, ойшыл:

«Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер,  
Қос жалғанды бірдей көріп, күлімдер.  
...Ұлды үйрет күллі өнер-білімге,

Онымен мал-дүниетабартүбінде.

Бақұлыңды, бекерге бос жүрмесін,

Бейбастақбопкетербекержүргесін» [6, 421-422-б], - деп өмір есігін енді ғана ашқан жас ұрпақты отбасында және қоғамдық ортада әдептілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеудің орны бөлектігін атап көрсеткен. Міне, сонда ғана әрбір бала ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ізгі қасиеттерді, әдеп ережелерін өз өз өміріне серік етіп өседі дейді.

Ұлттық бітім-болмысымыздағы үлгілі қасиеттерді ұрпақ санасына сіңіруде халқымыздың ұлы ойшыл - философы Абай Құнанбайұлының (1845-1904жж.) биік таныммен көмкерілген поэтикалық шығармалары мен «Қара сөздерінің»ғибраты терең, бүгінгі жас ұрпаққа берері мол.

Ұлы ойшыл өзінің бүкіл саналы өмірі мен шығармашылық күш-қуатын адамдық қасиеттерді биіктетуге, адамды түбірінен жаңартып, оның рухани дүниетанымын байытуға, жетілдіруге сарп етті. Абай өлеңдерінде бала тәрбиесінен бастап тұтас ұлттың, халықтың санасына ықпал ету мақсатындағы ойларын ортаға салды. Оның тәрбиелік бағыттағы ойлары кең ауқымдағы ағартушылық идеяларға ұласты.

Хакім Абай өнегелік тұжырымдарын қара сөздерінде қарапайым тілмен түсіндіріп, халық санасына ықпал етуді көздейді. Адамгершілік, толық адам туралы ойлар үшінші, бесінші, алтыншы, тоғызыншы, он сегізінші, жиырма үшінші, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, қырық екінші, қырық төртінші сөздерінде жан-жақты сарапталады.

Ұлы Абай адамның әрқашан өзін-өзі жүйелі түрде жетілдіріп, тәрбиелеп отыруына айрықша көңіл бөліп, он бесінші сөзінде былай деп атап көрсетеді: «...Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірінді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды күнінді өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің?

Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» [7]. Олай болса, бұдан шығатын қорытынды – адам күнделікті істеген әрекетіне талдау жасап, өмірін мәнді де мағыналы өткізуге тырысып, дүниедегі өз орнын тауып, лайықты іс-әрекет жасауға ұмтылуы тиіс.

Ұлы Абай адамды биікке көтерді, оны толық жетілген адам дәрежесіне жеткізуді мақсат етті. Ойшыл-дана сомдаған «Толық адам» келбеті немесе оның жүрек тәрбиесі туралы ой қозғауы – қазақ халқының ертеден келе жатқан ұлттық тәрбиесі мен халық даналығынан бастау

алған. Хакім Абай адам бойындағы адамгершілік, ақыл тәрізді қасиеттерді аса жоғары бағалаған.

Өзінің бүкіл саналы өмірінде «Адам бол!» деген этикалық қағиданы ұстанған ағартушы-демократ ақынның құнды қазынасы өскелең ұрпақпен бірге жасайтын мәңгілік мұраға айналуы тиіс.

**Президенттің «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі», - деген тұжырымында терең мағына бар [8]. Осы орайда жас ұрпақтың санасына ұлы Абайдың мол мұрасы мен өсиет – өнегесін сіңіру мен өмірлік азығына айналдырудың маңызы зор.**

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» [9], - деген тұжырымы еліміздің бүгінгі мен ертеңгі және болашақтағы дамуының, басты шарты болуы тиіс. Бұл тұжырым барша заманаларға арналған айнымас қағида.

Қазіргі таңда әлемдік мәдени сұхбат пен өркениеттердің ұлы тоғысуы дүниежүзілік даму процесінің ең басты критерийлеріне айналып отырған шақ. Өзгеріске ұшырап жатқан дүбірлі дүниеде ұлттық құндылықтарымызды әлемдік өркениетпен өзара үйлестіру мәселесі заман ағымына сай туындаған өзекті мәселе болып отыр. Осы орайда, ұлттық құндылықтарымыз бен төл мәдениетімізді ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеуге ерекше мән беруіміз қажет. Жаһандану жағдайында елдігімізді жоғалтып, ұлттық бітім-болмыстың сара жолына нұқсан келтірмей, елдігіміздің мәңгілігін сақтау – көп болып қолға алар жұмыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев, Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)
2. Садуақасұлы Ә. Тәрбиені ұйымдастырудың этногенездік негіздері мен басымдық қағидалары // Отансүйгіштік және азаматтық тәрбие беру: жағдайы, мәселелері және шешу жолдары. – Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: ББЖ КБАРИ, 2009. – 13-б.
3. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. - 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. - Алматы: «Жазушы», 2008. – 100-б.
4. Құсайынов А. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы: 2013. – 166-б.
5. Әл-Фараби. Бақытқа жету жайында // әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1975. - 420 б.
6. Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен ауд. және алғы сөзі мен түсінік. жазғ. А.Егеубаев. - Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
7. Абай. Қара сөз, поэмалар. - Алматы Ел, 1993. - 36-б.
8. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы // <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>
9. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [bnews.kz/kk/news/post/181476/](http://bnews.kz/kk/news/post/181476/)

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЛЕУ

А.Қ.Дүйсенбаев, п.ғ.к., профессор  
«Баишев Университеті» мекемесі, Ақтөбе қаласы

А.Е.Такенова, бастауыш класс мұғалімі, зерттеуші-педагог,  
Үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназиясы, Ақтөбе қаласы

**Ключевые слова:** патриотизм, национальный патриотизм, патриотическое воспитание.

**Резюме.** В данной статье рассматривается роль и значение проблем патриотического воспитания младших школьников через пословицы и поговорки казахского народа.

**Keyword:** patriotism, national patriotism, patriotic education.

**Summary.** This article examines the role and significance of the problems of patriotic education of primary school children through proverbs and sayings of the Kazakh people.

Еліміз егемендігін алғаннан бері республикадағы азаматтардың отаншылдық рухын қалыптастыру бағытында жобаларды іске асыру үшін, заман талабына сай барлық салада, соның ішінде білім беру саласында түбегейлі ауқымды жұмыстарын жүргізуде.

Қазақстан мемлекеті үшін азаматтардың Отансүйгіштік сезімін нығайту – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер қатарында болуына, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір жол. Бұған дәлел ретінде, Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері: .... азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны –Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікпен, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу» [1] – десе, ал орта білімді дамыту тұжырымдамасында «тәрбиелік жұмыстарды қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілікті негізінде қалыптастыру» – қажет екендігі көрсетіледі [2,14].

Еліміздің жас буындарын яғни болашақ қазақ елінің аманатын арқалайтын азаматтарын Отансүйгіштікке тәрбиелеу бүгінгі күннің кезек күттірмес міндеті. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылығымыз фольклор жанрлары арқылы жеткіншектерімізді отаншылдық сезімде тәрбиелеуде соның ішінде мақал-мәтелдердің қазіргі жастардың бойына ұлтжандылық және елжандылық белсенділігін арттыруға, олардың Отансүйгіштік қабілеттерін қалыптастыруға молынан демеу болары хақ.Отаншылдық – өз Отанын, халқын шексіз сүю, бар күш-жігерін Отан мүддесі үшін арнаған терең сезім. Патриот –өз елінің мүдделері мен тарихи тағдырына қамқорлық, ол үшін құрбан болуға әзір, өз елінің әлеуметтік және мәдени жетістіктерін мақтан ететін, өз елінің тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, тілін-дінін құрметтейтін өзінің туған жері атамекенін бар ықыласымен жақсы көретін адам.

Отансүйгіштік сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы отаншылдыққа тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ана сүтімен бірге келмейтіні ақиқат, оны баланың бойында біртіндеп қалыптасатын күдіретті сезім. Отансүйгіштік сезім тәрбие арқылы өсіп жетіліп отансүйгіштік сана түрінде қалыптасады. Ал, *Ұлттық патриотизм*– өз ұлтының, мәдениеті мен әдебиетін, тілі мен ділін, салт-дәстүрін тереңінен сезіну, жерінің Қазақстан екендігін жете түсіну.

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда «Отан», «Атамекен», «Ел-жұрт», «Ар-намыс», «Адалдық пен әділдік» т.б. құндылықтар негіз болады. Мысалы, қазақ халқы туып өскен жерін, ата-баба мекендеген өлкесін ерекше қадір тұтқан. Туған жердің топырағы әрқашанда ыстық болатыны мынау мақал-мәтелдерден аңғаруға болады: “*Отан-оттан да ыстық*”, “*Басқа елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол*”, “*Аққу көлін аңсайды, адам туған жерін аңсайды*”, “*Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі*”. Халық балалар мен жастарға өз Отанын, туған елін, халқын, ана тілін, салт-дәстүрін терең сезіммен сүйе білуге баулыған. Әр кімге өзінің туып өскен

топырағы қымбат болатыны “*Ер елінде, гүл жерінде*”, “*Жемісті ағаш жер бауырлап өседі, жетелі жігіт ел бауырлап өседі*”, “*Ел іші- алтын бесік*”, “*Елінен безген ер оңбас, көлінен безген қаз оңбас*” деп ескертіп отырған. Яғни өз болмыс-бітімін Отанын жеке бөліп қарамаған. Отаны, елі мен жерін өзінің туған анасындай құрметтеген. Отанға деген сүйіспеншілік арқылы адамның бойында патриоттық сезімді туындатқан.

Бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштік сезімде тәрбиелеудің жолдары сан алуан. Солардың негізгілерінің бірі фольклор жанры мақал-мәтелдер. Балалардың дүниеге көзқарасын, ой-өрісін, сезімін оятып қалыптастыратын, адамгершілікке, бауырмалдыққа, достыққа тәрбиелейтін және ерлікке жігерлендіретін отансүйгіштік тәрбиеге баулудың жолдары көп. Мақал-мәтелдер – бастауыш сынып оқушыла жан-жақты тағылым береді, олардың дүниеге көзқарасын өзгертіп тұлғалық сапасын қалыптастырады, көркем сөз кестелері арқылы өткен дәуірдегі халқымыздың қайғылы халі мен бостандық үшін күрескен батыр бабаларымыздың қаһармандық істері жан-жақты тәрбие береді.

Біз енді шешендік өнерінің туын тіккен дана да ақылман қазақ билерінің, топ алдында сөз бастаған ұшқыр ойлы, өткір тілді шешен айтқыштардың, ел бастаған көсемдердің шығармашылығынан үлгілер келтіріп, даналықтың ұйытқысы – мақал-мәтелдердің «Көненің – көзі, дананың – сөзі» болғандығына біршама тоқталуды жөн көрдік.

Майқы би тауып айтатын тапқыр, әділ шешім беретін шешен әрі болашақты болжай алатын дана болған деген аңыздар бар. Соның бірінде: «...Бірде Майқы би билік құрып отырып қалғып кетіпті дейді шежіре. Жанындағы билердің бірі мұны ұят көріп, Майқы қауырт келген ұйқыдан сергісін деп тамағын кенеп, жөткірініпті. Сол кезде оянып кеткен Майқы:

- Қап, шіркін-ай, аяғын біле алмай қалдым-ау! – депті. Қасындағы билері оның түрі бұзылып, түсі қашқанынан шошып, үндемей қалыпты. Содан Майқы би:

- Көзі қысық, тісі қысық жаудан гөрі, көзі шегір, өзі жемір жаудан ұрпағым көп қорлық көретін болды. Аяғын біле алмай қалдым. Ұрпағымның керегесі сөгіліп, уығы сынып, шаңырағы шайқалатын кез болады екен. Ұрпағым ынжықтық танытып, мына маған сөйлей алмай отырған сендер секілді мөнді-мөнді деп ұзақ уақыт соның табанында болады екен. Әттең аяғын білгенімде шаңырағы шайқалмаудың амалын білер едім, біреуің тамағыңды кенеп, жөткірдің, мажалы көзі шегір, өзі жемірге де алғашқы иек артуды өз тұқымым жасайтын болады екен. Әттең...» [3, 85].

Көне аңыз түрінде бізге жеткен осы әңгімедегі Майқы бидің әулиелігі – шын мәнінде қазақтың үш ғасырға жуық орыс патшалығының отарында болғанымызды ертеден болжай білген екен. Майқы би өз заманында сөз сәруарларының қуаты арқылы «*Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді*», «*Бірлік түбі-береке, Береке түбі мереке*», «*Аспан ашық болса, күн шуақты болады. Хан әділ болса, Халық ынтымақты болады...*» секілді маржан сөздермен ерлікке, елдікке, алауыз болмауға, әділдікке, ар-намыс, ел бірлігін сақтауға үндеп отырды. “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би” деген аталы сөздің төркіні осыда болса керек.

Мақал-мәтелдерді қазіргі заман өмір талаптарына сай және оларды бастауыш сынып оқушыларының тәртібі мен сезімдеріне әсер ету құралы ретінде қарай отырып, біз осы халық ауыз өнері жанрын ұжымдық жағдайларда пайдалану әдістерін қарастырдық. Бұл үшін бізге алдымен, тәрбиеші бен балалардың түрлі жағдайлардағы қарым-қатыныстарында қолданылатын басымдылығы мол мақал-мәтелдерді саралау қажеттігі туды. Халық мақал-мәтелдері балалардың танымдық ақыл-ойының дамуы үшін және балабақша балаларына рухани -ізгілік тәрбиелеу үшін таптырмас құрал.

«*Жақсы сөз, жарым ырыс*», «*Жақсы адам елдің ырысы, жақсы сөз жанның тынысы*» дегендей балаға дұрыс қатынаста болу қажет. Баланың көңіл-күйі ұстазбен алғашқы күнінен байланысты болады. Балабақша жаңадан келген балағамұхият зер салған тәжірибелі тәрбиеші, балаға не айту керек екендігін біледі: «*Жақсы келді дегенше, жарық келді десеңші, Жақсылықтың ұрығын ала келді десеңші*», «*Ай жарығы әлемге, шам жарығы түбіне*» немесе «*Қаһарлы көз – сүтті ұйытар*», «*сен тимесең, мен тиме бадырақ көз*». Аталмыш мақал-мәтелдердегі «жарық», «ай жарығы» педагогтың баланы қуанышпен қарсы алғандығын

білдіреді. Ал, үшінші және төртінші келтірілген әзілді мазмұндағы мақал-мәтелдер – қабығынын қар жауған, бұртиған баланың назарын басқаға аударады. *«Ынтымақ – ой өтпес сауыт, татулық – тамаша сауық»*, *«Жақсы сөз жан сүйіндірер, жаман сөз жан күйіндірер»* деген мақал-мәтелдер мұғалім мен баланың өткен өкінішті оқиғаларды ой таразысынан еліктеп алуға, сондай-ақ ашық әңгіме жүргізуіне өз септігін тигізеді. *«Ұрыспас ұл болмас, керіспес келін болмас»* дегендей бала болғансың ұрыс-керіс бір-бірімен жандалдасып қалады, осы жағдайда мұғалім ашуланып, көңілсіз отырған оқушыға *«Бір күндік ұрыстың, қырық күндік қырсығы бар»*, *«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса төбедегі келеді»*, *«Ынтымақ болмай іс оңбас»*, *«Жақсыда кек жоқ, кекшілде тек жоқ»*, *«Кішіпейілдік – кішілік емес, кісілік»* деген халық даналығын қолдана отырып бала көңілін аулауға әбден болады.

Бастауыш сынып оқушыларына мұғалім берген тағылымын өте сезімталдықпен қабылдайды. Оған *«Үлкенге құрмет, кішіге ізет»*, *«Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар»*, *«Күшті – күшін көрсетпейді»* және тағы басқа мақал-мәтелдер дәлел бола алады.

Бастауыш сынып оқушыларының мейірімді, тілектес, қайырымды қасиеттерге баулуға тәрбиелейтін көптеген әдіс-тәсілдері бар. *«Жақсы өзінен көреді, жаман өзгеден көреді»*, *«Басыңа іс түссе, жақсы көмек береді, жаман күліп кетеді»*, *«Жақсылыққа жақсылық әр кісінің ісі дүр, Жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі дүр»*, *«Жақсыға ізет, жаманды күзет»*, *«Жамандық пайда етпейді, жақсылық зая кетпейді»* деген мақал-мәтелдер жақсылық пен жамандықтың мәнінің ара-жігін ашып көрсетіп береді. Идеялық-педагогикалық жұмыс көркем әдіс-тәсілдерді таңдауға жағдай жасайды. Оны зерделей отырып, халық мақал-мәтелдердің тіліне ерекше әдемілік беретін тиісті сөздік құрамын, метафораны, теңеуді таңдап алады. М.А.Рыбникова мақал-мәтелдерді оның қысқалығымен, көркемділігімен және дәлдігімен ана тілін оқып үйрену үшін бай материал беретін тілдің «молекулалары» деп атайды. Таңдап алынған зерттеу тақырыбымызды оқып үйренуге жақындай отырып, біз халық мақал-мәтелдерінің көркем-бейнелеу құралдарын зерделеуге мақсат қойған жоқпыз, себебі бұл білімнің басқа аймағы. Бізді қызықтырған балабақша балаларын жағымды эмоцияларға әкелетін тілдің ерекшеліктері мен ана тілінің байлығын меңгеруге көмектесу және халықтың терең ойлы тілі мен сезімінің мәнін ұғындыру арқылы жас буын өкілдерін отансүйгіштікке баулу.

Жазушы Л.Н.Толстой халық тілі, мақал-мәтелдер тілі, адамның терең қасиеттерінің – танымдық және эмоциялық, патриоттық және көркемдік-этикалық қасиеттердің қалыптасуына белсенді әсер етеді деп санаған.

Ана тілінің тәрбиелік күші туралы кеменгер педагог К.Д.Ушинский: *«Балаға тәрбие қоршаған адамдардың рухани өміріне қолданылатын отандық тілі арқылы кіреді және керісінше, баланы қоршаған әлем өзінің рухани жағы – отандық тіл сәулелендіреді ...»* деген[133,126].

Қорыта айтқанда, қазақ халқының мақал-мәтелдері арқылы бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу уақыт талабы. Мақал-мәтелдер жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін, ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын, әр халықтың тарихынан, өмірінен, мәдениетінен қызықты деректерді өз бойына жинақтаған халық даналығы, бабалар мұрасы.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Нұр-сұлтан, 2019. – 120 б.
6. Қазақстан Республикасы орта білімді дамыту тұжырымдамасы. //Қазақстан мұғалімі. – Алматы, 2017. №14 – 14 б.
7. Төреқұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: «Жалын»,1993. –133б.
8. Ушинский К.Д. История педагогики. – Москва: «Просвещение», 1998.– 305с.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕ ҚОЛДАНУ

Жумасейтова А.Е.— аға оқытушы, магистр

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті. Орал қ.

**Кілт сөздер:** мектепке дейінгі жастағы балалар, үстел үсті ойындары, ұлттық ойындар.

**Түйіндеме:** Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық үрдісін дамытуда үстел үсті ойындарын заманауи үлгіде қолданудың жолдары, маңызы, түрлері қарастырылған.

**Ключевые слова:** дети дошкольного возраста, настольные игры, национальные игры.

**Аннотация:** В данной статье рассмотрены пути, значение и виды использования настольных игр в современной модели развития познавательного процесса детей дошкольного возраста.

**Abstract:** this article discusses the ways, meaning and types of use of Board games in the modern model of development of the cognitive process of preschool children.

Мектеп жасына дейінгі балалардың оқуы мен тәрбиесін сапалы дәрежеге көтеру қазіргі Қазақстанның білім беру саласындағы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Осы маңызды жұмысты іске асыру барысында ұлттық ойын түрлерін баланың ой-өрісін, танымдық қабілеттері мен денсаулығын дамытуда пайдалануды зерттеу маңызды болып табылады, себебі ұлттық ойындар баланың сүйіп ойнайтын және оның күш-жігерін жетілдіретін әсерімен ерекшеленеді.

Қазақ халқы ұлттық ойындар бала тәрбиесінде қолданылатын негізгі құрал деп бекерге айтпаған. Себебі, көнеден келе жатырған ұлттық ойындар ойнату арқылы балалардың дене қасиеттерін дамыту, ойлау, есте сақтау, ұсақ қол моторикаларын дамыту процесінде ерекше орын алады.

Халық педагогикасына тән мектепке дейінгі білім беретін мекемеде өнімді де өміршең сала - ойын. Дәстүрлік таным-түсініктен туындайтын қазақ халқының ұлттық ойындары баланы іс-әрекетке, адамгершілік қасиеттерді игеруге, ақыл-ойын жетілдіруге, отан сүйгіштікке баулуда, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуде тандесі жоқ құрал. Халқымыздың өмірге дені сау, шыныққан балалар әкелуі жөніндегі өз ұрпақтарына қалдырған үлкен де бай мұрасы - ұлттық ойындар. Ежелден «Адам ақылымен сымбатты» деп санаған халқымыз тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған ұлттық ойындарды бала тәрбиесіне лайықтап, шебер пайдалана білген.[1]

Қазақ халқымен бірге жасап келе жатқан ұлттық ойындар балатәрбиесінде негізгі екі жауапты қызмет атқарады: біріншіден, балалардың ой-өрісін дамытса, екіншіден ұлттық ойындарының мазмұны ұлттық әдет-ғұрпымызбен байланысып жатады.

Ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде біздің заманымыздан бұрын бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық әрекеттерінен бастау алады.

Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы ғылыми тұрғыдан ғалымдар көп ізденген.

Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған. «Қазақстан.



Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған».

Қазақтың белгілі ғалым-ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудің тәрбиелік мәнін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырым даған. Ұлтымызды ұлықтайтын тұрмыс-салтымыздың өзі бала тәрбиесіне негізделген. Бесікке салудан бастап, баланы шомылдыру, маймен сылау, тұсау кесу рәсімі, атқа мінгізу, ұлттық ойындарға араластыру - баланы жастайынан шынықтыру, моральдық-рухани нығайту, темірдей тәртіпке үйрету, ерік-жігерді дамытуға тәрбиелейді. Ата-бабамыздан қаймағы бұзылмай жеткен ұлттық ойындарды бала тәрбиесіне енгізу баланың күш-жігерінің дамуына септігін тигізеді. Сондай-ақ дене құрылысы икемделеді, сымбатты, қырағы, алғыр, өмірдің барлық қиыншылығына төзімді азамат болып қалыптасады. [2]

Қазіргі таңда күнделікті өмірде көріп жүргеніміздей, балалардың, соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық ойынға деген қызығушылығы күннен күнге азайып бара жатқандай. Оған бірден-бір себеп заманауи технологиялардың дамуын жатқызуымызға болады.

Сондықтанда алдымен отбасында, содан кейін мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындардың маңызын балаларға ұғындыру отбасы мүшелерінің және педагогтардың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Ең басты міндет - ұлттық ойынның өзіндік құндылығын жоғалтпай, ойынды мазмұнды ұйымдастыруға жағдай жасау, тәрбиеге де, ой-санаға да лайықты етіп пайдалана білу. Ұлттық ойынның тәрбиелік мәні - бала өз халқының ұлттық мәдениетімен танысып, заттардың пішінін, көлемін, қасиеттерін байқауға, қоршаған ортаға еркін араласуына көмектесетіндігінде. Өмір туралы қарапайым түсініктер алады, жылдамдық, мергендік сияқты қасиеттері артады.

Қазіргі кезде елімізде болып жатқан өзгерістер мектепке дейінгі мекемелерде көптеген жаңалықтар енгізіліп отыр. Балабақшада ұлттық нақыштағы тәрбиелік жұмыстар көптеп жүргізілуде. «Халық айтса, қалып айтпайды» демекші, тәрбие басын тал бесіктен бастағанның өзі де еліміздің ертеңін ойлаған, яғни атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарымызды, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеу балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн.

Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге –құрмет, кішіге-қамқорлыққа баулып ұғындыру, қалыптастыру.

**Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсат-міндеттері:**

- ақыл-ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді
- ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді
- ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі
- ұлттық, эстетикалық тәрбие беру құралы
- еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді
- дене күшінің жетілуіне көмектеседі



Ойын мектеп жасына дейінгі баланың басты әрекеті. Оны тәрбиеші балабақшаның күн тәртібіне сай кез келген уақытта тиімді пайдалануға болады. Балабақшада ұлттық ойындарды табиғат аясына серуенге шыққанда, тәрбие жұмысына мүмкіншілікке қарай ұйымдастырса, балалар сол ойындар арқылы өмірге қажетті қимылдарды тез үйреніп, дамиды. Ойын барысында бала мінез-құлық ережелері мен нормаларын, өмірге көзқарасын, өзара қарым-қатынасын шығармашылықпен игереді.



Ұлттық ойындарды

дидактикалық, қимылдық, логикалық, үстел үсті, сюжеттік ойын түрлері арқылы өткізуге болады. Соның ішінде балабақшада баланың танымдық үрдісін, тілін дамытуда үстел үсті ойындарының маңызы зор. Үстел үсті ойындары – балалардың қимыл белсенділігін, ептіліктерін дамытады, өзара бірлесіп ойнау қабілеттерін жетілдіріп, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.

Жалпы *үстел үсті ойындары* – мектеп жасына дейінгі балалар үшін өте қызықты. Бұл ойын кезінде балаларды жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстарға тарту арқылы олардың қарым-қатынасын нығайта түсеміз. Себебі кішкентай балалар өмірінің алғашқы күндерінен бастап–ақ олар әрдайым біреумен немесе бір жерде өзара әрекеттестікте болғанды ұнатады. Үстел үсті ойындары түрі бойынша олар әр түрлі болып келеді. Оларды қолдануда шешілетін тапсырмалар да сан қилылығымен балаларды қызықтырады. Баланың қол моторикасын дамытып қана қоймай, ақыл-ой қабілетін, логикалық ойлау қабілетін ұшқырлауға септігін тигізеді. Сөздік қарым-қатынасы өрбиді. Достық, ұжымшылдыққа тәрбиеленеді.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» идеясының жариялағаны бәрімізге аян. Осымен байланысты заманауи ұлттық идеямызды балабақшада тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерден бастап үйретуге күш салуымыз қажет. Оған дәлел ретінде ұлттық ойындарды жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі күнделікті іс-әрекет барысында, тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып, ұлттық ойындарымызға жаңа мазмұн беріп, жаңа заман талабына сай заманауи үлгіде, бала қауіпсіздігін ескере отырып, түрлі материалдарды пайдаланып дайындап, қолдануымыз керек. [3]

Ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді насихаттау мақсатында, қазіргі ұрпақтың сындарлы ойлауға, креативтілікпен командада жұмыстануға қызығатынын ескере отырып қазақ халқының ұлттық ойындарын заманауи үлгіде үстел үсті ойындары ретінде пайдалануға болады. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық нақыштағы үстел үсті ойындарын қолдануда балалардың жас ерекшелігі мен олардың қызығушылығы, мүмкіндіктерін ескере отырып дайындап, балаларға үйретеміз. Әр ойын кезінде балалардың қабілеттері мен қарқынын ескере отырып жұптастырып, 4-5 баладан топтарға бөліп немесе жеке балаларға дайындалған ойындар өткіземіз. Бұл ойын түрлері тәрбиешінің нұсқауымен түсіндіріліп, балаларға қолдау көрсетіле отырып ойналады. Әрине бұл ойындар бір рет қана ойналып қана қоймайды. Балалар игеріп алған соң күннің II жартысында дербес ойын кезінде, ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балаларға ойнатылады. 4]

**Ұлттық нақыштағы үстел үсті ойындары:**

**Үстел үсті ойыны: «Асықтарды түсіне қарай топтастыр»**



**Мақсаты:** Түстерді ажырата отырып, асықтарды топтастыруға үйренеді. Ойлау, есте сақтау қабілеттері артады. Жұптық жұмыс жасауға дағдыланады. Достық қарым-қатынастары артады.

**Шарты:** Екі бала жұптасып отырып 6 ұяшықты үш үштен бөліп алып, өз түстеріне сай асықтармен толтырады. Жұбы қателесіп кетсе қолдау көрсетіп, қателікті түзеуге мүмкіндік береді. Ұяшықты ауыстырып екінші рет тағы да ойнауға болады.

**Үстел үсті ойыны: «Тышқан мен мысық»**

**Мақсаты:** Балалардың кеңістікте, берілген белгі бойынша жылдам қимылдау, ептілік, батылдық қабілеттерін дамыту



**Шарты:** Ойынға 7 бала шығады. Оның 1-уі мысық, 6-ы тышқан. 1-ден 6-ға дейінгі түстер бейнеленген сүйекшенің көмегімен ойналатын ойын. Ойын жүргізуші сүйекшені лақтырғанда қай түс түссе, сол түстегі тышқан мысықтан қашу керек. Мысық тышқанды ұстаған жағдайда айыбына өнер көрсетеді. Ойын жалғаса береді.

**Үстел үсті ойыны: «Қыз қуу»**



**Мақсаты:** «Қыз қуу» ұлттық ойынына қызығушылықтарын арттыру. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Шапшандыққа, ептілікке тәрбиелеу.

**Шарты:** Ойынға 2 бала шығады. 1 ден – 5 ке дейінгі сандар бейнеленген сүйекшенің көмегімен ойналатын ойын, ойынды қыз бала бастайды. Сүйекшені лақтырғанда қай сан түссе, сонша қадам жүреді. Бала қызға қуып жетсе, керісінше қыз бала ұл баланы қуады. Ойын жалғаса береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабекова Ф,Н. Мектепке дейінгі педагогика. Астана, 2012.
2. Мұқанова Б, Ильясова Р. Этнопедагогика. Астана, 2008.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты № 604 бұйрық, 2018 жыл
4. «Қазақ ұлттық ойындары – тәрбие көзі» әдістемелік нұсқаулық: Астана, 2011

**ӘОК 159.922**

## **БУЛИНГКЕ ҚАТЫСУШЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІНДІК САНАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

В.Е.Нурмуқанбетова, әлеуметтік ғылымдар магистрі  
Г.М.Умбетова педагогика және психология магистрі

Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті  
Орал қаласы

*Кілттік сөздер:* буллинг, жасөспірім, зорлық-зомбылық, мінез-құлық, қудалаушы, құрбан, құтқарушы.

*Резюме:* При определении понятия "буллинг" в области образования можно выделить несколько общих признаков: буллинг-это демонстрация силы (физической, психологической, эмоциональной), буллинг осуществляется одной или несколькими группами людей, буллинг ориентирован на психически или физически слабого человека, буллинг приобретает системный и долговременный характер.

*Summary:* In determining the concept of "bullying" in the field of education, we can distinguish several common features: bullying is a display of force (physical, psychological, emotional), bullying is carried out by one or more groups of people, bullying is directed at a mentally or physically weak person, bullying takes on a systemic and long - term character.

Зорлық мәселесі жалпы кең аймақты, әлемдік психологияда педагогикада, философия, әлеуметтану, мәдениеттану, медицина және басқада ғылыми білім беру салаларында кеңінен қолданылған мәселе болып табылады. Мектептерде сонымен қатар бала бақшалардағы зорлық туралы ертеден белгілі. 1905 бастап бұл мәселеге байланысты алғашқы зерттеу жұмыстары басылып шықты. Буллинг туралы алғашқы жүйелі зерттеу жұмыстары скандинавиялық ғалымдар айналысты. Кейін Великобританияда қызығушылық пайда болды. АҚШ-та буллинг мәселесіне 90 жылдардың басында ерекше назар аударылды. Қазіргі кезеңде мектептегі буллинг әлеуметтік-педагогикалық мәселе тұрғысынан қарастырылады. Батыс елдерінде буллинг мәселесі ең бірінші мәселе болып табылады. Европаның, АҚШ-тың көптеген елдерінде буллинг мемлекеттің қызығушылықтарымен байланысты. Евроодақ елдерінде буллинг бойынша бірнеше жиналыстар білім министрлігі деңгейінде өткізіліп, заңды түрде буллингті алдын-алу шаралары енгізілді.

Д.Ольвеустың буллингке қарсы бағдарламасы ең нәтижелі және ол Норвегияда кеңінен қолданылды, 2001 жылы ұлттық бағдарлама мәртебесі берілді. Батыс зерттеушілері статистикалық деректер, буллингтің пайда болуының түрлі нұсқалар, құрбандармен қудалаушылардың психологиялық ерекшеліктері, көмек көрсету, буллингке қарсы көптеген бағдарламалар құрастырылып ұсынылды.

Білім беру мекемелерінде зорлық-зомбылық, қаталдық, қатыгездік мәселесі әліде болса өз маңыздылығын жояр емес. 27 қаңтар күнтізбеде халықаралық буллингпен күрес күні деп белгіленген.

Отандық психологияда буллинг осы уақытқа дейін әлеуметтік қарым-қатынастың мәселесі ретінде қарастырылады. Оның жеке элементтері қатыгездік, топтың әлеуметтік мәртебесінің төмендігі. Қазіргі таңда буллинг мәселесіне

Отандық зерттеулерде ұзақ уақыт бойы мектептегі зорлық-зомбылық үндемей қабылдауға болатын мәселелер қатарына жатқызылды. Сондай-ақ ғалымдарда буллингпен байланысты мәселе жоғары қызығушылық тудырып, өміршеңдік феноменін туындатты. Алайда қазіргі қоғамда бұл құбылыс туралы пікірлердің әр түрлігін атап көрсетуге болады.

Буллинг түсінігі қазіргі кезде әр түрлі қақтығыс, зорлық-зомбылық әрекеттерінде түсіндіріледі. Буллинктің алғаш шығуын қарастыратын болсақ, ең алғаш бұл терминді ағылшын журналисті Эндро Адмс 20 ғасырдың 90 жылдары басында енгізген болатын. Скандинавиялық және ағылшын тілді елдерде бұл құбылысты анықтау үшін келесі терминдер қолданылды: қысымшылық, дискреминация, моббинг (балаға қысым көрсетудің топтық формасы), буллинг. Т.Фалд BullyOnLine ([www.bullyonline.org](http://www.bullyonline.org)) интернет ресурсын құрастырушы, буллинкті "бір жұмысшының басқа жұмысшыларға немесе жұмысшылар тобына қарсы мінез-құлқы, ұса-түйек нәрселерге байлану, жұмыстарына теріс баға беру, немесе қандай да бір бағалаудан бас тартуы, жұмысшыны немесе жұмысшылар тобынбасқалардан бөлу, әр түрлі теріс әңгімелер айтуы".

Д.Лейн және Э.Миллер буллинкті бір баланың немесе топтың әлсіз балаға физикалық және психикалық тұрғыдан ұзақ уақытты қамтитын саналы қатыгездік қарым-қатынасы деп анықтама берді.

Психотерапет И.С.Бердышев: «буллингке келесідей анықтама берді: саналы, ұзақ уақыт зорлық-зомбылық, өзіндік қорғау сипаты жоқ, бір немесе бірнеше адамнан тарайды» деп анықтама берді.

Белгілі әлеуметтанушы И.С.Кона буллинг бұл- қорқыту, физикалық немесе психикалық террор, басқаларда қорқыныш сезімін тудырып, сол арқылы басқаларды өзіне бағынышты ету деп түсінік берді.

Жоғарыда айтылған анықтамаларды талдау жасасақ буллинг қудалаушылардың құрбандарына әр түрлі әрекеті деп түсіндіруге болады. Сонымен қатар И.Г.Малкина-Пых қудалаушының құрбандарына эмоцияналды, физикалық, экономикалық, жыныстық зорлық-зомбылық, агрессия көрсетуі.

Буллинг мәселесінің бір аспектісі ретінде О.А.Мальцева балаларға деген қатыгездік қарым-қатынасты атап көрсетті.

Білім беру жүйесіндегі қатыгездікпен қатар, балалар мектепте құрбылары жағынан, жоғары сынып оқушыларының және педагогтар жағынан да құрбан болуы мүмкін.

Ғалым өз зерттеулерінде оқушылармен психикалық зорлық-зомбылық белгілерін бөліп көрсетуді және оларды келесідей қарастырады:

- Оқушылар тарапынан қорқыту;
- Оқушыларға жас ерекшеліктеріне сай емес шектен тыс талап қою;
- Ар-намысын төмендету, нұсқан келтіру;
- Баланы рухани тепе-теңдігінен айыру;
- Оқушыға үнемі кері мінездеме беру, оқушыға демонстративті қарым-қатынас;

Осылайша мектеп ортасында буллинг тек балалар арасында ғана емес сонымен қатар мұғалім-бала қарым-қатынас жүйесінде көрініс табады.

Біздің ойымызша буллинг түсінігіне нақты анықтама беру үшін буллинктің түрлерін қарастырғанымыз дұрыс.

Д.Лэйн зорлық-зомбылықтың физикалық және психикалық түрін бөліп көрсетті. И.С.Бердышев сөздік, мінез-құлықтық және физикалық тұрғыдан көрінетін агрессивтік буллинг түрлерін қарастырды. С.Т.Мерцалов зорлық-зомбылықтың физикалық, эмоциональды, вербальды, психикалық және жыныстық түрін бөліп қарастырды.

Американдық зерттеушілер буллинктің негізгі 8 түрін бөліп көрсетті:

1. Флейминг- екі немесе одан да көп адамдардың эмоционалды сөздік қақтығысы, әсіресе көпшілік байланыс орындарда туындайды.

2. Орынсыз шабуыл- адамның мазасын алатын орынсыз шабуыл жасау, құрбандыққа бағытталған сансыз балағат хабарламалар, қоңыраулар.
3. Жала жабу- тіл тигізу және бұрыс ақпарат тарату. Жыныстық сипатқа ие хабарламалар, фото, әндер тарату. Құрбан болып тек бір ғана адам құрбан болмауы мүмкін, аранайы сын кітаптары жасалып, сыныптастары туралы әзілдер жазылуы мүмкін.
4. Жалған ат жамылушы- қудалаушы өзін құрбан ретінде көрсетеді, әлеуметтік желіде жәбірленушінің аккаунттын және құпия сөзін пайдаланып немесе оның атынан аккаунт құрып жалған ақпарат таратады.
5. Алдаушылық- жәбірнеуші туралы жеке ақпараттар жинақтап, оларды интернет көздерінде тарату.
6. Шеттету. Кез-келген адамға топпен бірге өміру сүру тән. Адамды топтан шеттеу әлеуметтік өлім ретінде қабылданады. Адам қаншалықты топтан шеттетілген сайын, ол өзін соншалықты жайсыз сезінеді, өзін-өзі бағалауы төмендейді. Шындығында бұл баланың эмоциональды бұзылысына әкелуі мүмкін. Онлайн шеттету- құпия сөз қолданылатын кез-келген ортада болуы мүмкін, қажет емес хабарламалар немесе достар тізімі қалыптасады. Кибер-шеттеу көптеген хаттармен хабарламаларға жауаптың болмауынан пайда болады.
7. Киберқудалау- зорлық көрсету, ұрып-соғу, қауіп төндіру мақсатында құрбанды жасырын түрде бақылау.
8. Хеппислепинг (Happy Slapping-бақытты шапалақ, қуанышты ұрып-соғу)- бұл атау ағылшың метроларында жасөспірімдердің өткінші жолаушыларды ұрып-соғуы, оны басқалардың ұялы телефон камересына жазып алуынан шыққан. Бұл роликттер құрбан болушының келісімінсіз, интернет көздеріне салынады, оларды бірнеше мыңдаған адамдардың көруі.

Ресейлік ғалымдар зерттеулерінде дәстүрлі тұрғыда зорлық көрсетудің келесідей түрлері бөліп қарастырылады:

Эмоциональды күш көрсету- жәбірленушіде эмоциональды теңсіз туындатып, өзін-өзі бағалауын төмендетеді. Бұл жағдайда бастық құралы дауыс болып табылады. Эмоциональды күш көрсетулердің ішінде ең кең тараған түрлері: келемеждеу, лақап ат қою, ескертулер, әдетсіз бағалау, келеке ету, басқа адамдар көзінше кемсіту. Бұл буллинг түрі негізінен физикалық тұрғыдан сырттай ерекшеленетін, акценті бар, сойлеуінде ерекшеліктері бар, оқу үлгерімі төмен балаларға бағытталған. Бұл әдісті қолданатын бұзақы балалар. Құрбанды сыныптан алшақтатып, сыныптын жартысы немесе барлық сынып оқушылары бөледі. Бұл әр түрлі жазбалар тарату, құрбанға естілетіндей балағат сөздер айту, немесе тақтаға кемсіту сөздер жазу, қоғамдық орында баламен ойнаудан бас тарту, бір партаға отырмау, туған күн кештеріне шақырмау т.б.

Физикалық күш көрсету- құрбанға қарсы физикалық күш көрсетуді қолдану, нәтижесінде физикалық шрам қалуы мүмкін. Физикалық зорлық көрсетуге ұрып-соғу, мүлкіне зиян келтіру, кітаптарын немесе жеке заттары заттарын ұрлау не жасыру болып табылады. Мұндай мінез-құлықты И.Г.Малкина-Пых өз зерттеулерінде көрсеткендей қыз балаларға қарағанда ер балалар арасында кең тараған. Ережеге сай физикалық және эмоиональды зорлық көрсету бір-бірімен ты,ыз байланысты. Келеке ету немесе қорлау ұзақ уақытқа созылып, құрбан бойында уайым тудыруы мүмкін.

Жыныстық күш көрсету немесе азғыру- баланы (ер немесе қыз бала) үлкендердің немесе басқа балалардың жыныстық қажеттіліген қанағаттандыру немесе қандай да бір пайда табу мақсатында қолдануы. Жыныстық зорлы-зомбылық көрсетуге баланы жезөкшелікке тарту т.б жатады.

Экономикалық күш көрсету көрсету- басқа тұлғаны бақылау үшін ақша қолдану. Буллингқа экономикалық күш көрсету құрбаннан ақша талап ету, талон, тамақ алып беруге міндеттеу. Сонымен қатар құрбанды мүлік ұрлауға мәжбүрлеу. Қудалаушының негізгі мотиві И.Г.Малкин-Пых көрсеткендей кінәні құрбан болушыға аудару.

Қазіргі зерттеушілер соның ішінде О.А.Мальцев мектептегі буллингтің тағы бір түрі-кибербуллинг екенін көрсетті. Зәбірленушіге өзінің электронды мекен-жайына немесе басқа электронды құрылғылар арқылы балағат сөздер жіберу. Білім беру аймағында «буллинг» түсінігін анықтауда бірнеше жалпы белгілерін бөліп көрсетуге болады: буллинг- бұл күш көрсету (физикалық, психологиялық, эмоциональды), буллингті бір немесе бірнеше адамдар тобы жүзеге асырады, буллинг психикалық немесе физикалық тұрғыдан әлсіз адамға бағытталады, буллинг жүйелік және ұзақ мерзімді сипат алады.

Буллинг қиын құбылыс тұрғысынан бір ғана анықтама немесе алдын алу, нақты жеңу жолдары жоқ. Соған қарамастан біз ғалымдардың үш принципін көрсетуді жөн деп ойлаймыз:

- 1) буллинг мен құрбанның жеке, тұлғалық басымдылықтарын зерттеу,
- 2) буллингті әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қарау және виктимизация (бір баланың басқа баланы өз құрбандығына айналдыруы),
- 3) топтармен қауымдастықтардың макро микроәлеуметтік заңдылықтарын бөліп көрсету.

Біз өз зерттеулерімізде О.А.Мальцев көзқарасын бөліп көрсетеміз және мектеп ортасында қаталдықты насихаттайтын негізгі факторлар тобын қарастырамыз:

- жеке ерекшеліктерімен байанысты баланың ішкі тұлғалық агрессивтілігі;
- баланың өмірлік тәжірибесі, отбасында, құрдастары ортасында, бұрын барған білім беру мекемелерінде бала бойында агрессивтіліктің туындауына әкелген жағдайлардың орын алуы;
- Коммуникативтік дағдыларының дамымауы, соның ішінде күш көрсетпейтін қарым-қатынас тәжірибесінің аздығы өз құқықтары туралы білімі аздығы;
- Мектеп ортасының дәстүрлері, қаталдыққа ынталандыратын (мекеменің жалпы психоэмоциональды фоны, оның саяси жүйесі, педагогтардың оқушыларға қарым-қатынасы, референстік топ ретінде сынып ішкілік ұжымның қарым-қатынас жүйесі, жалпы мойындалған әлеуметтік рөлдердің болуы, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихатталады).

Зерттеулерде мектептегі күш көрсетуді психологиялық талдауда мынадай психологиялық рөлдерді қарастыруға болады қудалаушы, құрбан, құтқарушы. Бұл түсініктер өз кезеңінде адамдар арасындағы драматикалық жағдайларды түсіндіру үшін С.Карпман енгізген болатын (Карпман үшбұрышы: Қудалаушы-Құрбан-Құтқарушы). Негізгі қатысушылардың айналасында жағдайға қатыспайтын- бақылаушылар болады.

Д.Ольвеус өз жұмыстарында буллингті бастайтын балалардың негізгі мінез құлық ерекшеліктерін бөліп көрсетті. Сонымен қатар ғалым мұндай мінез-құлық ерекшеліктерінің буллингке қатыспайтын балалар бойында да кездесуі мүмкін екенін атап көрсетті.

Қудалаушылар қатарына келесідей оқушылар жатады: басқа сыныптастарын бағындырып отыру, оларға өз мақсатына жету оңайырақ деп өзіне сенетін; агрессивті мінез-құлықты немесе өте импульсивті; өз құрбандарын аяушылық сезімі жоқ; физикалық тұрғыдан күшті ер балалар. Сонымен қатар буллингті бастаушы болып әр қашан ортада болуды көздейтін балалар; өзін құрбаннан басымшылдығына сенімді; бағындырушылық қасиеті жоғары; сыныпта көшбасшы болуды қалайтын; өзін-өзі жетілдеру үшін құрбандықты қажет ететін агрессивті балалар; өзін-өзі бақылауы төмен; өзіне қарсылық білдірмейтін сыныптастарын іштей сезіне біледі. Негізгі буллинг не қудалаушы бір-екі бала, олай болса басқа оқушылар әдетте мектептегі буллингке қатысушылар болып табылады. Негізінен қудалаушының одақтастары болып буллинг көшбасшысымен өз қарым-қатынасын бағалайтын, құрбан орнында болуға қорқу; өз сыныптастары арасында бөлінгісі келмейтін; басқа балалар үшін уайымдамайтын, аяушылық сезімі жоқ балалар; зорлық көрсетуді көңіл көтеру деп қабылдау; өз еркінен тыс; жазалаудан қорқатын жағдайы наша отбасынан шыққан балалар; өзін төмендеткені үшін құрдастары арасында тепе-теңдікке ұмтылу.

Кез-келген бала құрбан болып табылуы мүмкін, әдетте ол үшін басқалардан әлсіз, немесе басқалардан ерекшеленетін балалар тандалып алады. Буллинг құрбаны өзіне сенімсіз, ұялшақ, өзін қорлағанын ешкімге айтпауға тырысады. Құрбан эмоциональдық және әлеуметтік тұрғыдан жетілмеген, осал, нормадан тыс әдеттерді түсіне бермейтін, қалыпты сақтамайтын



балалар болып табылады. Сондықтан үлкендерде мектептегі жәбірленуге баланың өзін кінәлау сезімі туындайды. Педагогтар мектептегі жәбірленушілікті талдай келе бұл аластатылушының мәселесі деп қарастырады. Бірақ бұл құрбанның емес, әрқашан да тұтас ұжымның мәселесі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Степанов В.Г. “Психология трудного школьника”- М.,1998. 226-227с.
2. Бейсебаева С.Б. “Жастардың девиантты мінез-құлқының дамуына әсер ететін факторлар”. ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы, №3(28).2003,132-134б.
3. Бодалев А.А., Столин В.В. Общая психодиагностика. СПб.: Изд-во «Речь»,2006.
4. Кривцова С.В. Буллинг в школе VS сплоченность неравнодушных. М.,2011.
5. Петросянц В.Р. Психологическая характеристика старшеклассников,участников буллинга в образовательной среде, и их жизнестойкость: дис. канд. психол.наук.19.00.07. СПб., 2011. 4, 6 с.

**ӘОК 34-023**

### **ЭТНОПЕДАГОГИКА – ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ ТҰҒЫРЫ**

А.Т.Ақыжанова, ф.ғ.к. ассоциациялық профессор  
Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті,

Қ.Қ.Құнапина, т.ғ.к., ассоциациялық профессор  
әл - Фараби ат.Қазақ Ұлттық университеті

*Ключевые слова:* национальная идеология, национальные ценности, запретные слова-табу, пословицы-поговорки.

*Резюме.* В данной статье поднимаются проблемы воспитания современного поколения. Расскрывается роль запретных слов-табу и пословиц в этом процессе.

*Keywords:* national ideology, national values, taboo words, Proverbs.

*Abstract.* This article raises the problems of education of the modern generation. The role of taboo words and Proverbs in this process is revealed.

Ұлы даланың тамыры тереңге жайылған, өмірден оқығанынан гөрі көңілге тоқығаны, түйгені мол ұлтымыздың сан алуан сынақтан осы күнге сүрінбей өтіп келе жатқаны – ұрпақ тәрбиелеудегі мүлтіксіз даналығының арқасы. Бұл даналыққа халқымыздың абыз ақыны Мұсафар Әлімбаев «Халық – ғажап тәлімгер» деп баға берген. [1] Алайда, қазіргі қоғам дамуының үдерісіне қарай халықтың дәстүрі мен санасында айтулы өзгерістің болып жатқаны мәлім. Өскелең өмірдің өсуімен салт пен сананың дамуы заңдылық, дей тұрғанмен, өркениеттер тоғысында ұлт тағдыры сынға түскен кезеңдегі күнделікті тіршілікте көзге түсіп жүрген кей жағдайлар алаңдаушылық туғызып, күнгейлі өмірдің көлеңкелі дағындай көрінетіні – шындық. Қазіргі адамдардың, әсіресе, жастардың бойындағы қаталдық, өзге тұрмақ өзін аямайтын қаттыбас оқшау жағдай, уыткерлікке берілушілік, ұятты мүшесіне қарамай жалаңаштану, бет-аузынан басқаның бәрін тұмшалап, сөлеңдеген киім кию, т.б. осындай халықтың дәстүр-салтында жоқ келеңсіз көріністің көлбеңдеп қалмауы еріксіз ой салады. Сол ойдың ұшығы бодандық кезеңнің зардабынан көмескі тартқан ұлттық тәрбиеге барып тіреледі. Ежелгі халықтық тәрбиеге үрке қарап, кертартпа ескішіл үлгі деп бағалаудың салдарынан халықтық тәрбие қағидалары ұмыт бола бастады. Бүгінгі барлық ата-ана халықтық тәрбиені біле бермеуі де

мүмкін. Екіншіден, ашық қоғам болғандықтан да, жат жұрттық салт-сана иектеп, ел өміріне ентелей басып кіруде. Бұл – барлық өркениетті елдерге ортақ жағдай. Бұған қарсы тұратын ұлы күш бар, ол – ұлттық тәрбиені күшейту.

Соңғы жылдары ұлттық идеологияға көңіл бөлініп, қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың арқасында ғана ұлттық тәрбиенің тамырына қан жүгіріп, енді бел алып келеді. Бірақ осы мәселені қолға алу ата-аналар тарапынан толық жүзеге асты деп айту қиын.

Әр елдің өзінің ғасырлар бойы жасаған ұлттық құндылықтары – тарихтың қатал тезінен өтіп, ғасырлар өткелінде шындалып бүгінге жеткен асыл мұрасы, ұлттық коды. Асылы, халықтық тәрбие сол елдің тұрмыс-тіршілігіне, тарихи танымына, ой-санасына, дәстүріне сай қалыптасады. Бұл – атадан балаға қанымен беріліп, ес кірген шақта тәрбиемен шоқтанып, жас ұрпақтың жанына жалын беретін рухани ұлы күш. Мұны әр ата-ананың жүзеге асыруы қасиетті парызы екенін түсінгені жөн. Ұрпақтың жақсы-жаман болуы, алдымен, олардың бойына ата-ананың сіңірген үлгі-өнегесімен өлшенеді.

Халқымыз ғасырлардың небір талқысынан ұрпақтың бойына дарытқан рухани күшінің құдіреті арқасында аман өтті. Осы тәрбиенің нәрімен қазақтың болмысынан өлмес рухтың өрлігі өсті. Ата-бабамыз ұрпағын ұлттық тәрбиенің тұнығынан сусындата отырып, талай тар кезеңде қазақтық бейнесін жоғалтпай, елдігі мен өрлігін көрсете білген өмірлік жолы бұған куә. Қазіргі кезеңде біз үшін тәрбиенің кілті ұлттық сана мен ата дәстүрін адал сақтай отырып, халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан әрекет ете білуге ұрпақты үйретуде және адамзат қоғамы жасаған әлемдік адами құндылықтармен байыта отырып тәрбие мазмұнын жетілдіре түсуде.

Ұрпақ санасында ұлттық қасиеттерді қалыптастыру тіл мен дін, салт пен сана, ұлттық дәстүр арқылы жүзеге асады. Халқымыз ғасырлар бойы сайын даланың қатал табиғатымен бетпе-бет келгенде, шапқыншы жаумен шайқасқанда, бейбіт өмірдің мамыражай тірлігінде жинақталған бай тәжірибесінен көрген-түйген қорытындысы ретіндегі ырым-тыйым сөздердің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні қазір де жойылған жоқ. Ізгілікті аңсаудан туған ырымдар, бәле-жала кесапаттан сақтандыратын тыйымдардың тәрбиелік мәні әлі де өте зор. Ырымдар мен тыйымдар бұрындары халқымыздың әлеуметтік өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде жас буын тарапынан бұлжымай орындалып отырған. Тыйым сөздерді заң ретінде қабылдаған. Егер осы мәселеге тереңірек көз салсақ, ырымдар мен тыйымдар құқықтық норма деңгейінде қолданылғанын аңғарамыз. Әлеуметтік өмірдегі түрліше қарым-қатынаста адамдардың әрекеті үстінде көрсететін мінез-құлқын анықтайтын, жалпыға міндетті ережелердің жиынтығы ретінде танылады. Ырым-тыйым сөздерді халқымыз міне, осындай деңгейде пайдаланып, баршаға бірдей, міндетті түрде орындатқан. Мұның өзі қоғамдағы үлгі-өнеге, әдептіліктің негізгі қағидасы болып қалыптасқан. Сондықтан қазіргі біздің ортамызда олқы соғып отырған имандылықтың, сұйылып бара жатқан адамгершіліктің негізі болып саналатын тыйым сөздер кесел мен кесапат атаулыдан, жүгенсіздік, тәртіпсіздік атаулыдан сақтандырушы қалқан, инабаттылық пен ізгіліктің қайнары еді.

Атқарар қызметіне сай, тыйым сөздердің айтылу мәнінде, қолданылу бағытында айырма бар: тыйымдарда ой қысқа қайырылып, нақты талап, бұйрық мәнінде жеткізіледі. Мысалы, күлді баспа, ақты төкпе, көкті жұлма, ұяны бұзба. Тыйым сөздер балалардың есі кірген кезден-ақ қолданылғандықтан, ойы айқын, жас ерекшелігіне сай түсінікті, нақты тұжырымдарды білдіреді. Балаларды ертеден-ақ жаман әдет, жат қылықтан сақтандырады. Есі жаңа кірген кезден бастап ержеткенге дейін құлағында жүріп, жүрегінен орын алатыны сөзсіз. Мұндай өнегелі, мейірімді сезімге, адами құндылыққа үйрететін бұл сөздердің естілуі қатқылдау болғанымен, жас баланың жанына төгер шуағы мол, нұрлы. Қысқа да нұсқа, айтылу екпіні де ерекше тіркестер шоғыры жас адамды сол айтылғанды орындауға еріксіз мойын ұсындырғандай. Өйткені ойлы, мағынасы терең бұл сөздер баланың өмірлік есте сақтауына да жеңіл, сөзсіз орындалуға тиісті өмірлік міндеттей мәнді тұжырымдар. Оны үлкендердің ұрпағына сөзсіз орындатуы халықтың бала тәрбиесіндегі ұстанымы болған.

Халықтық тәрбиенің тағы бір қайнар көзі – мақал-мәтелдер. «Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» деп, атаның тілін бала қайтару, айтқанын орындамау адамшылық жолдан таяумен тең саналған. Мұны көргенсіздік, шектен шыққандық деп білген.



Сондықтан әр жас ата салтынан аспай, айтқанын қалтқысыз орындаған. Міне, қазақы тәрбиенің құдіретті ерекшелігі осы жерден көрінеді. Қазақ халқының ата дәстүріне беріктігін кезінде олармен қоян-қолтық араласқан өзге ұлт өкілдері де байқап, еңбектерінде атап көрсеткен. Солардың бірі – Э.С.Вульфсон. «Қазақ баласын үлкенді сыйлауға кішкентайынан үйретеді. Қарттардың үлкен құрметке ие болатыны сонша – үй-ішінде бір мәселе төңірегінде кеңес өтсе, бәрі де қарттың сөзіне тоқтауға мәжбүр. Қазақ балаға «егер қарттарды сыйласаң, құдай сені сыйлайды» деген нақылды титтейінен миына құйып өсіреді. Егер үйге қарт ақсақал кіріп келсе, барлық жас түрегеліп бас иеді және әзіл-қалжың да кілт тыйылады» [2]. Ата салтын тәрбие үдерісінде басшылыққа алудың мәні де осыдан көрінеді. Осы дәстүр қайта қолға алынса, ата-ананы тыңдамайтын бала, тыңдата алмайтын ата-ана болмас еді. Қапысыз педагог -халық құнды бір қағиданы іркілмей ұсынады. «Өзін-өзі міней алмаған, басқаны түзей алмайды». Тәлім-тәрбие ісіне араласушыларға тікелей қатысты сөз. Әуелі өзің түзік бол. Өйткені «Тездің қасында қисық ағаш жатпайды». Өнегелі ұстаздың, үлгілі ата-ананың тәрбиесін көріп, тәлімін алғандар ішінен қиыр жайлап, шет қонар шектен шыққан қыңыр мінезділер шығуы мүмкін емес.

Адамды қалыптастыру қоғамдық қатынастар жүйесінде, мақсатты тәрбие жолымен жүргізіледі. Мұны дәлелдейтін қағида оқыту мен тәрбие берудің ғылыми теориясының бірден-бір негізі болып табылады. Педагогика ғылымы тұқым қуалаушылық факторлардың белгілі бір рөлі барлығын жоққа шығармайды, жеке бастың қабілеттері мен қасиеттері адамның өмірі мен қызмет процесінде қалыптасып, дамиды деп дәлелдейді. Табиғат адамға ішкі мүмкіншіліктер негізін салып береді, олар белгілі бір әлеуметтік жағдайларды болмаса, көзге көрінбей қалуы да мүмкін. Бұл оптимистік педагогиканың концепциясы, тәрбие мен оқыту ісінің барлық теориясы осыған негізделеді.

Халқымыздың ғасырлардан қалыптасқан дана ойы ғылыми педагогиканың теориясына еш қайшы емес, тіпті соған орайлас, өзектес, сабақтас десе болады. Халық өз педагогикасындағы уақыт сынына жарамаған, жас буын тәрбиесіне себі тмеген, не жаңсақтыққа ұрындырған қағидалардан ұдайы құтылып, үздіксіз арылып, озық ойлы, ілгерішіл, сыналған ережелерді, түйіндерді ұстанған, басшылыққа алған. «Көре-көре көсем боларсың». Бұл дегені, алдыңғылардан, ағалардан, өмір тәжірибесі бай, көрген-түйгені мол жандардан үлгі алуға, үйренуге шақырғаны.

Халық өнегемен тәрбиелеу тенденциясына еңбекпен тәрбиелеу тенденциясын ұштастырады. Өйткені сол үйренуге де еңбек, қажыр-қайрат қажет. Оны да ескертеді. «Оқу–инемен құдық қазғандай», «Ерінбеген етікші болады, ұялмаған әнші болады», «Білем десең – көре бер, көрем десең – жүре бер». Ілім-білімді меңгеріп, биік мақсаттарға жету маңдайың тершімей, қолма-қол тындыра салатын шаруа емес, оған қажымас қайрат, қаһарман табандылық, таудай талап қажет. Бүгін бейнетін шексең, тер төксең, ертең игілігін өзің көресің, елің көреді. Халық тілімен айтқанда, «Бейнет түбі – зейнет», түптің түбінде «Есесі қайтқан еңбек – игі». Алайда, кемеңгер ата-бабамыз не істесең де, ақылға салып істеуді, алаңғасар, алып ұшпа болмауды да ескерте кеткен. «Ақылсыз қайрат бас жарар».

Ата-бабаларымыздан қалған осы асыл сөздерді пайдалану үшін арнайы сабақ өткізу немесе белгілі бір аудиторияның болуы шарт емес. Іскер оқытушылар мен тәрбиешілер ғибратты сөздерді орайы келгенде, жүйесін тауып жастардың зердесіне құя алады.

Бүгінгі заман – керемет динамиканың, ұшқыр жылдамдықтың, қауырт қимылдың заманы. Соған ілесе білу қажет. Тоқмейілу жер соқтырады, биікке шығармайды, алысқа апармайды. Ол – өсудің жолы емес. Көреген тәрбиеші халқымыз бұл турасында да «еңбектеп жүрсең де, ертеңіне ұмтыл», «Талаптыға нұр жауар», «Армансыз ұлан – қанатсыз қыран» деп түйіндеген. Елбасы Н.Назарбаев та «Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді» деп осыны меңзеп отыр. [3]

Мақал-мәтелдер де, тыйым сөздер де моральдық-этикалық, құқықтық нормалар сияқты қоғам мүшелерін игі мақсаттарға бағыттап, адамдар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Адамдардың өзара қарым-қатынасына байланысты туған тыйым сөздерде үлкен-кішінің арасындағы, әке мен балаға қатысты, ағайын арасындағы, адамның жеке басына байланысты тыйым сөздердің үлгілері бар, атап айтсақ, адамгершілік, әдептілік,

имандылық, экологиялық, гигиеналық және тағы басқа. Олар: нанды баспау, дастарханды аттамау, табалдырықты баспау, үлкенге дауыс көтермеу, ата-ананың назасына қалмау, ағайынға пышақ, қайрақ, балта, ит сыйламау, әйелдің мінетін атының құйрық-жалын күземеу, некелілердің төсегіне отырмау, кіндігін көрсетпеу, неке қиылғанша тазалық сақтау,

Әдептілік – адамдармен қарым-қатынаста көрінетін сыпайыгершілік, ізеттілік таныту арқылы өз ортасында сүйкімді, жұғымды көрсететін ерекше қасиет. Ол адамгершілікпен, имандылықпен қанаттас жүретін ұғым. Біздің мұны ерекше бөліп көрсетуіміз бүгінгі қоғам үшін орны мен маңызы ерекше болғандығынан. Мұндай сөздерге: үлкеннің алдын кесіп өтпе, үлкенге әрқашан орын бер, үлкеннен бұрын сөйлеме, үлкеннен бұрын тамаққа қол созба, топта даурығып сөйлеме, адамды қорлама, орынсыз күлме, қолыңды білеп сөйлеме, кісінің көзінше қасынба, мұрныңды шұқыма, кісінің үстінен аттама, тосып сөйле, кісіге қарап түкірме, т.б. жатады.

Кемеңгер халқымыздың педагогикасы тұрмыс-тірліктің ешбір қырын көзден таса қалдырмаған. «Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес. Оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады. Өзіне жоғарыдан қарайтын халықтар арасында бұл көшпенділердің де құрметті орын алатын кезі болады» [4] деп көрегендікпен топшылапты қазақ жанын жақсы түсінген ғалым А. Янушкевич.

«Қазақ халқының әдет-ғұрыптарында, аңыздарында, эпостарында, мінез-құлық белгілерінде бірегейліктің көптігі соншалықты, мол материал бере алатын осы тарихи мұрадан қазақ өмірі кейінде неғұрлым салауатты бағытта даму үшін элементтерді таба алады. Мейлі дала құнарының аңқасы кеуіп қалса да, мейлі табиғат шөлейтке төнген қатерге қарсы күресте дәрменсіз болса да, қазақ өмірі үшін халықтың рухани жан-тамырында күш-жігер мен құралдардың көл-көсір қайнар көзі бар, тек қазақтардың өздері осы қайнардан теріс айналмаса болғаны» депті қазақтардың адал сыншысы Г. Н. Потанин. [5]

Жаңа дәуір ұрпағы тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын». [3]

Өркениетті елдердің өрге тартқан көшінде, алға тартқан легінде халқымыздың замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерін, ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, тиімді жарастыра білуіміз қажет. Кемеңгерлеріміздің кемел ойларының мән-мағынасын, тағылымын жете таразылап, пайдамызға жарата білсек игі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. Алматы «Рауан». 1994
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір-антологиясы. // Вульфсон. Э.С. Қазақтар. 226 б.
3. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір-антологиясы. // А. Янушкевич. Г.З-ге хат. Аягөз, 12 маусым. 232б.
5. Г. Н. Потанин. Қазақтың соңғы ханзадасының киіз үйінде. 245б. Сонда.

ӘОК 37-015

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘНІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.Л. Саурбекова, магистр, аға оқытушы

Х. Досмухамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

*Кілттік сөздер:* Өмір салты, денсаулықты нығайту, зиянды әдеттер, салауаттану, өмір сапасы, өмір деңгейі, ұлттық ойындар.

*Резюме:* В этой статье рассматривается как формировать здорового образа жизни в Казахстане. Особенности обучения и значение в формировании здорового образа жизни. Главные вредные факторы для здоровья. Стиль жизни, укрепление здоровья, вредные привычки.

*Summary:* The article talks about how the formation of health mode of life in Kazakhstan is considered in this paper. Features of educating and value in forming of healthy character of life. The main bad factors for humans health.

Ұлттық денсаулық сақтау саясаты және денсаулық сақтау саласы қызметінің нысанасы халықтың белсенді қатысумен айқындалады. Салауаттану туралы білім беру және жеке тұлғаның валеологиялық мәдениеттің инновациялық стратегиялары қарастырылған.

Өмір салты – адамның өмір сүру типін айқындап көсететін және еңбек қызметін сипаттайтын биоәлеуметтік категория. Өмір салты жайлы айта отырып, оған әлеуметтік-экономикалық факторлардың қатыстылығын, сонымен қатар адамның қызметіне, оның психикалық ерекшеліктеріне, денсаулық жағдайына және ағзаның функциональдық ерекшеліктеріне байланысын атап айтқан жөн. Адамның өмір салты үш категориядан тұрады: өмір деңгейі, өмір сапасы және өмір стилі. Өмір деңгейі – ең алдымен экономикалық категория. Ол адамның материалды, рухани және мәдени қажеттіліктерінің деңгейін айқындайды. Өмір сапасы адам қажеттіліктерін айқындайды. Өмір стилі адамның жүріс-тұрыс ерекшеліктерін сипаттайды.

Адамдардың денсаулығы оның толыққанды тіршілік етуін ғана емес, сонымен қатар оның мүмкіндіктерінің әлеуетін анықтайтын факторға айналып отыр. Халық денсаулығы жағдайының деңгейі өз кезегінде, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустриялық даму шамасын айқындайды. Медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, уақтылылығын, сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз етуге қызмет ететін бірыңғай дамыған, әлеуметтік бағдарланған жүйені білдіретін денсаулық сақтау саласы халық әл-ауқатының орнықты және тұрақты өсуі тұрғысынан алғанда республикадағы негізгі басымдықтардың бірі болып табылады.

Президент Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің дамуының жаңа кезеңіндегі мемлекеттік саясаттың бір бағыты медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту және денсаулық сақтаудың жоғары технологиялық жүйесін дамыту болуы керек деп атап көрсетті. Медициналық қызметтердің сапасы кешенді ұғым болып табылады және ол көптеген көлемді себептерге байланысты, олардың ішінде медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық жарақталуын, клиникалық мамандардың кәсіби деңгейін және оны арттыруға деген уәждемесінің болуын, медициналық көмекті ұйымдастыру мен көрсету үдерістерін басқарудың қазіргі заманғы технологияларын енгізуді, медициналық көмекке ақы төлеудің тиімді әдістерін енгізуді бөлек атап өткен жөн. Медициналық қызметтердің сапасын басқаруды жетілдіру Қазақстанның денсаулық сақтау саласын 2020 жылға дейін стратегиялық дамыту аясында маңызды орын алады. 2010 жылғы Жолдауда Президент таяу онжылдыққа нақты міндеттер қойды. Оның ішінде Нұрсұлтан Әбішұлы «Саламатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидаты - міне, осылар денсаулық сақтау саласындағы және

халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс» екендігін атап көрсетті.

Салауатты өмір салты - белгілі популяцияның денсаулығын сақтап, нығайтуға, салауаттандыруға арналған мінез-құлқы, тәрбиесі. Салауатты өмір салты-тек медициналық емес, сонымен қатар өндіріс пен өндірістік қатынастардың дамуына байланысты болып келетін әлеуметтік-экономикалық категория. Салауатты өмір салты жеке адамның тіршілік жағдайын денсаулығына сәйкес таңдауы, яғни жеке әлеуметтік топтар мен жалпы қоғамның жоғары гигиеналық мәдениеті. Организмнің қорғаныш қабілетін жоғарылатуға жағдай жасайтын тәртіптер және организмге зиянын тигізетін әдеттерге қарсы тәртіптер-гигиеналық дұрыс тәртіп болып саналады. Организмнің қорғаныш қабілетін жоғарылатуға әр түрлі іс-әрекеттер мен демалысты дұрыс пайдалану, рационалды тамақтану, жақсы қимыл-қозғалыс белсенділігі, денешынықтыру, шынығу, жеке бас гигиенасын сақтау, өзінің денсаулық жағдайына ерекше көңіл бөлу, жақсы экологиялық жағдай т.с.с. әсер етеді. Бұл жағдайда балалардың өзіне қажетті тіршілік ортасын қалыптастыра алмайтындығын ескеру керек. Сондықтан бұндай жағдайларды қалыптастыру негізінен ата-аналарға, ағарту жұмыстарын ұйымдастырушыларға, педагогтарға байланысты. Яғни, баланың болашақтағы мінез-құлқы оның сәби кезінен бастап тіршілік ортасына байланысты болады. Салауатты өмір зиянды әдеттермен үйлеспейді. Алкоголь және басқадай маскүнемдікке әкелетін заттар, анаша, шылым шегу салауатты өмір салтын қалыптастыруға жан-жақты кедергі келтіреді. Зиянды әдеттер көптеген аурушандықтың қауіптілік факторы болып саналады және балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайына кері әсер етеді.

Маскүнемдікке бейім келетін ең қиын кезең - жасөспірім кезеңі. Бұл кезеңде жасөспірімдер тіршілігінде бірқатар маңызды өзгерістер болып жатады. Біріншіден, организмнің психо-эндокриндік қайта құрылуы қалыптасады, екіншіден жаңа көзқарас, қажеттіліктер қалыптаса бастайды. Психологиялық қайта құрылу дискомфорттық жағдайлардың пайда болуының себебінен қиын қалыптасады. Жасөспірімдердің мінез-құлқы тұрақсыздықпен, жылдам жәбірленгіш, өкпешілдікпен сипатталады. Осы кезеңде жолдастар тауып, топ құрып жүру қажеттілігі жоғары болады. Сонымен қатар, жасөспірімдер тобында өздерінің бағалайтын бағыт, пікірлері, демалыс уақыттарын өткізу, көптеген қиын жағдайларды шешу тәсілдері қалыптасады. Сондықтан бұл кезеңде топтармен бірге арақ-шарапқа үйрену қауіпі артып, ата-аналары мен педагогтардың ескертпелері оның еркіндігіне, құқығына қарсылық көрсету сияқты қабылданып, көбінесе олардың мінез-құлқына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан, оларды бір жақты тыңдауға мәжбүр ету олардың қарсылығын туғызып, өз бетімен кетуіне әкеліп соғады.

Жасөспірімдер арасында алкогольге қарсы ағартушылық, тәрбиелік жұмыстар жүргізу - ішімдікке қарсы арнаулы профилактикалық тәсілге жатады. Мектептерде алкогольге қарсы тәрбие жүргізген кезде төмендегі принциптерді басшылыққа алған дұрыс:

- Мектеп оқушыларын ерте жастан зиянды әдеттерге қарсы тәрбиелеп, қалыптастыру. Алкогольге жеке көзқарас 9-10 жастың өзінде қалыптаса бастайтындықтан, ішімдікке қарсы тәрбиені бастауыш сыныптардан басталғаны жөн;
- Зиянды әдеттерге қарсы тәрбие мен ағартушылық бір бағытта, бірізділікпен жүруі қажет; мұнда оқушының жас мөлшеріне сәйкес қарапайым мысалдан бастап, ішімдікке байланысты қоғамға да, өзіне де келтіретін зор кесепатты түсінідіру арқылы ішімдіктің зиянын ашып беру керек;
- Ішімдікке қарсы жұмысты балалар арасында қойылған фазалар мен кезеңдерге сәйкес жоспарлау;
- Ішімдікке қарсы жүргізілген жұмыстарда оқушылардың әр түрлі жас топтарының психикалық ерекшеліктерін ескеру;
- Оқушыларды зиянды әдеттерге қарсы тәрбиелеп, қалыптастыру жұмыстары гигиеналық және әдет-ғұрыптық, эмоционалдық және мазмұндық аспектерге сәйкес келуі тиіс;
- Балаларды әлеуметтік-гигиеналық пайдалы белсенділігін жоғарылату, толыққұнды демалыстар ұйымдастыру;

Мұндай жұмыстар жоғарғы сынып оқушыларымен қатар бастауыш сынып оқушыларына да пайдалы болады. Өйткені бастауыш сынып оқушылары өзінің ата-анасымен, мұғалімдерінен гөрі жоғарғы сынып оқушыларына көбірек сенеді.

Жасөспірімдер аудиториясында зиянды әдеттердің ішкі ағзаларға тигізетін зияны туралы дәрістер онша тиімді емес. Мұндай орталарда зиянды әдеттерге қарсы жұмыстар балалар мен жасөспірімдер үшін қажетті құндылықтарға, яғни оның қабілетін, мүмкіндігін ашу, олардың жанұядағы, балалар арасындағы, қоғамдағы орнын тауып беруге бағытталғаны дұрыс.

Кесте 1

4 курс студенттерімен жүргізілген денсаулық, өмір салтының деңгейі жөнінде әңгіме, пікір – талас қорытындысы.

Р/с	Студенттің аты-жөні	Әдістеме нәтижесі
1	Респондент 1	Орташа деңгей
2	Респондент 2	Төменгі деңгей
3	Респондент 3	Төменгі деңгей
4	Респондент 4	Орташа деңгей
5	Респондент 5	Орташа деңгей
6	Респондент 6	Орташа деңгей
7	Респондент 7	Жоғары деңгей
8	Респондент 8	Төменгі деңгей
9	Респондент 9	Орташа деңгей
10	Респондент 10	Төменгі деңгей
11	Респондент 11	Орташа деңгей
12	Респондент 12	Ортаңғы деңгей
13	Респондент 13	Жоғары деңгей
14	Респондент 14	Жоғары деңгей
15	Респондент 15	Орташа деңгей
16	Респондент 16	Төменгі деңгей
17	Респондент 17	Төменгі деңгей
18	Респондент 18	Орташа деңгей

Статистикалық материалдар мен бірқатар зерттеу жұмыстары соңғы жылдардағы Қазақстан Республикасында өкпе (туберкулез), ВИЧ - жұқпалы індеттері, жыныс және жүрек-тамыр аурулары, түрлі қан және зат алмасу ауруларының өрши түскенін көрсетіп отыр. Мұндай өзгерістерді көпшілік қазіргі өркениеттің жағымсыз әсері деп түсіндіреді (экологиялық жағдайдың нашарлауы; стрестік жағдайлар, құнарсыз және жеткіліксіз тамақтану, жастардың темекіге, алкогольдіктер мен нашақорлыққа әуестенуі),

Бүгінгі күні ғылыми жүйеде адам туралы «адам денсаулығы» түсінігін анықтау үшін төмендегі анықтамалар қолданылады:

туылғаннан пайда болған және биологиялық, әлеуметтік құбылыстар арқылы алынған биологиялық және әлеуметтік сапалардың гармониялық үйлесімдігі;

- адамның биологиялық, физиологиялық және психологиялық мүмкіндіктерін және максималды өмірінің ұзақтығы кезіндегі оптималды әлеуметтік белсендігін сақтау мен дамыту процесі;

- сыртқы қоршаған ортаның өзгерістерімен еркін түрде өзара әрекет ете отырып, адамның биологиялық, психологиялық және әлеуметтік мәні негізінде организмнің бейімделу мүмкіндігі.

Педагогикада «денсаулық» түсінігінің өз анықтамасы бар. Педагогикалық ғылымда жеке тұлғаның психофизикалық сапаларының туындау сипатының әсері мен оның әлеуметтік бейімделу дәрежесі адам денсаулығына игі әсер етеді немесе керісінше ықпал етеді. Және де

бұл денсаулыққа деген бүтін көзқарастар төмендегі суретте келтірілген үлгі ретінде көруге болады.

Рухани компонент жеке тұлғаның бір мақсатқа және өмір құндылығына адамгершілік бағдармен, өзіне қатысты менталитетіне, табиғат пен қоғамға байланысты ұмтылу деңгейімен анықталады. Дене компонент дененің даму деңгейімен, дене мүшелері мен жүйелердің өзін - өзі реттеу дәрежесімен, организмдегі резервтік мүмкіндіктердің болуымен сипатталады. Психологиялық компонент психикалық процесстердің даму деңгейімен, қызметі мен эмоционалды – еріктік саласының реттелу деңгейімен анықталады.

Зиянды әдеттерге қарсы жұмыстың мазмұны мәнді, түсінікті, адамзат баласының қажеттіліктерін дұрыс қамтитын терең ұғымға негізделуі керек. Балалардың салауатты өмір салты көбінесе ата-аналарының тіршілігіне, өзі тәрбиеленіп отырған ортасына байланысты болып келеді.

Балалар мен жасөспірімдердің салауатты өмір салтын қалыптастыруды, олардың белгілі жас-жыныс, ұжымдық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізген тиімді болады.

Ұлттық қимыл - қозғалыс және спорт ойындарымен жүйелі түрде жаттығу кезінде балалар мен жасөспірімдердің ағзасы және мүше жүйелерінің функционалдық мүмкіндіктері жоғарылап бұлшық- ет жұмыс қабілетінің тиімділігі едәуір артады .

Спорттық ойындарды балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі сабақтарында тиімді қолдану, олардың ағзасындағы морфологиялық және функционалдық жағдайларының елеулі өзгерістерін тез жақсартады.

Спорттық ойындармен жүйелі түрде жаттыққан кезде орталық жүйке жүйесінің функционалдық жағдайлары жақсарады. Оны жетілдіру жаттығу барысында қолданылатын дене жаттығуларының түрлері мен көлеміне және спорт ойындарының ұзақтылығына байланысты. Сондай-ақ, спортпен шұғылданбайтын балаларға қарағанда, спортпен жүйелі түрде күнделікті жаттығып жүрген балалардың орталық жүйке жүйесінің тұрақтылығы, күштілігі, қозғалғыштығы жақсы байқалады.

Дене тәрбиесімен, әсіресе, спорттық ойындармен жүйелі түрде күнделікті жаттығу балалар мен жасөспірімдердің денсаулықтарына жақсы әсерін тигізеді. Сабақтан тыс уақытта спортпен шұғылданбайтын балаларға қарағанда, спорттық ойындармен шұғылданатын оқушылардың аурулары едәуір аз. Спорттық ойындар ағзаның сыртқы ортадағы қолайсыз әсерлерге қарсы тұру мүмкіндіктерін жоғарылатып, ауруды емдеу шаралары мен денсаулықты нығайтудың негізгі таптырмайтын құралы болып саналады. Ойындар ағзаның пропорционалды және үйлесімді дамып жетілуіне көмектеседі. Бұл, әсіресе, қазіргі уақыттағы оқушылардың өтпелі кезеңінде маңызды. Өйткені, даму кезіндегі антропометриялық немесе морфофункционал-дық байланыстардың үйлесімділігі ғылымда кең тараған.

Дене жаттығуларын орындауда берілетін жүктемелерге сәйкес, күштің дайындық деңгейі, сүйек жүйесінің дамып жетілуін жақсартып, оның өсу кезеңін ұзартатындығы анықталған.

Спорттық ойындармен шұғылданған балаларды, спортпен шұғылданбайтын құрбыларымен салыстырып қарағанда, жалпы дене даму көрсеткіштерінің ерекшеліктерімен және әр түрлі антропометриялық көрсеткіштерінің жылдық өсу деңгейімен ерекшеленеді. Мысалы, жас спортшылардың дене салмағының өсуі, дене жаттығуларымен шұғылданбайтын құрбыларымен салыстырып арағанда едәуір басым болып келеді.

Ал бойдың өсу жағдайына спортпен шұғылдану аз деңгейде әсер етеді. Бірақ, осыған қарамастан 3-4 сыныптағы оқушылардың бойының өсу қарқыны, спортпен шұғылданбайтын құрбыларымен салыстырып қарағанда жақсы өсіп жетілетіндігі байқалады. Сондай-ақ, спорттық ойындармен жүйелі түрде жаттыққан кезде, ағзаны оттегімен қамтамасыз ететін, яғни оттегін қабылдап жеткізетін және пайдаланумен қамтамасыз ететін барлық жүйелердің жұмысына тиімді әрі дұрыс әсерін тигізеді.

Ұлттық ойындар балалардың күнбе-күнгі өмір ағысында, өздерін қоршаған ортаға еліктеу нәтижесінде, қиялынан туған ойындардан өзгеше. Ұлттық ойындар ғасырлар түпкірінен бастау алып, әбден екшеленіп бізге жеткендері. Ол талай ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, ұлттық

тұрғыда тәрбиелеп, олардың ақылымен қиялын ұштап, өзін қоршаған ортаның жақсысы мен жаманын бірдей терең сезініп, қабылдауға үйретеді. Ұлттық ойын ең алдымен сезімталдыққа, қимыл-әрекетке, басқалармен қарым-қатынасқа, өзімен бірге ойнаушымен тіл табыса білуге тәрбиелейді. Бала ойын үстінде ең алдымен өзі қоршаған ортамен тілдесуді, сөйлесуді, бірін-бірі ұғынуды үйренеді. Өзінің көңіл күйі арқылы басқаның көңіл күйімен санасуды меңгереді. Ойын үстінде бала өз ана тілінің мағынасын немесе мазмұнын меңгеріп, тілдің логикасын ұғынады. Ойын үстінде бала өз ұлтының психологиясын, өз жұртының әдет-ғұрпын, салт-санасын, сол ұлтқа тән өзіндік дәстүрін бойына сіңіріп, оны бүкіл өмір бойы жадында сақтап, өз ұрпағына жеткізетін болады. Сөйтіп ұлттық ойындары арқылы ұрпақ жалғасып, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, үнемі жаңарып, молығып жетіле береді. Бұл ұлттық ойындарының оқушы жастарға жалпы сырттай тигізетін әсері ғана. Ал оның әлденеше қырлары мен ішкі әсері, әр тарапты көп бағытты болып келеді .

Ұлттық ойындар ұлтқа тән қасиеттерді ғана тәрбиелеп қоймайды, ол оқушыларды өз ұлтына, өз халқына деген ілтипатқа, оның ғасырлар бойы жасаған рухани, мәдени, тарихи, әдет-ғұрып, салт-санасын, дәстүрін қадірлеуге, оны мақтан тұтып, тілін, дінін, дәстүрін құрметтеуге үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы №1113 Жарлығымен, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.
2. Рахыпбеков Т.К. «Формирование здоровья студента». Оқуәдістемелікқұрал. - Семей, 2010.
3. Жузжанов О.Т., Филатов А.М. Проблемы нравственного воспитания молодежи и демографическая ситуация в республике // Региональная научно-практическая конференция «Молодежь и актуальные проблемы современного мира». - Караганда, 2002
4. Неменко Б.А. Оспанова Г.К Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы (Оқулық).- Алматы 2002.344б.
5. Кучма В.Р. Гигиена детей и подростков., М., Медицина, 2004

УДК371.8:37.017.925

## **ЭТНОКУЛЬТУРНО ОРИЕНТИРОВАННАЯ ВНЕУРОЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБУЧАЮЩИХСЯ 10–11 КЛАССОВ: ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ**

**Данилова Людмила Николаевна**

научный сотрудник,

научно-исследовательский институт этнопедагогике имени академика РАО Г. Н. Волкова,  
Чувашский государственный педагогический университет им. И. Я. Яковлева,  
428000, г. Чебоксары, ул. К. Маркса, 38, e-mail: [lyuda\\_69@list.tu](mailto:lyuda_69@list.tu)

Авторизлагает результаты теоретического анализа сущности, целей и задач этнокультурного образования и форм ее реализации в системе общего образования. В работепредставлена модельинтеграции этнокультурного компонента в основную образовательную программу образовательной организации. Особое внимание уделено описанию опыта работы педагогов по организации этнокультурно ориентированной внеурочной деятельности обучающихся.

**Ключевые слова:** этнокультурное образование, внеурочная деятельность, этнокультурная коннотация, обучающиеся, этнокультурный компонент, общее образование.

## ETHNO-CULTURALLY ORIENTED EXTRACURRICULAR ACTIVITIES OF STUDENTS IN GRADES 10-11: FROM WORK EXPERIENCE

**Danilova Lyudmila Nikolaevna**

research scientist,

Research Institute of Ethno-pedagogy named after academician of RAE G. N. Volkov,

I.Ya.YakovlevChuvash State Pedagogical University

428000, Cheboksary, K. Marx street, 38, e-mail: [lyuda\\_69@list.tu](mailto:lyuda_69@list.tu)

The author presents the results of a theoretical analysis of the essence, goals and objectives of ethnocultural education and the forms of its implementation in the general education system. The paper presents a model for the integration of the ethnocultural component into the main educational program of an educational organization. Particular attention is paid to the description of the experience of teachers in the organization of ethnoculturally oriented extracurricular activities of students.

**Keywords:** ethnocultural education, extracurricular activities, ethnocultural connotation, students, ethnocultural component, general education.

Основные направления государственной политики в экономике, науке, социокультурной сфере и других областях жизнедеятельности человека оказывают влияние на состояние и развитие системы образования. Введение федеральных государственных образовательных стандартов (далее – ФГОС) в школах России привело к серьезным изменениям в организации образовательного процесса. Одним из таких нововведений можно считать формы реализации основной образовательной программы: урочную и внеурочную деятельность. Актуальность исследования проблемы организации этнокультурно ориентированной внеурочной деятельности обусловлена, во-первых, с нарастающими процессами глобализации и унификации исторически сложившихся традиций и обычаев народов, населяющих Российскую Федерацию; во-вторых, необходимостью выполнения требований ФГОС к результатам освоения основной образовательной программы, к ее структуре и условиям реализации. Основные положения «портрета выпускника школы», обозначенные в ФГОС: «любящий свой край и свою Родину, уважающий свой народ, его культуру и духовные традиции; осознающий и принимающий традиционные ценности семьи, российского гражданского общества, многонационального российского народа, человечества, осознающий свою сопричастность к судьбе Отечества» [8, с. 4] и др. – актуализируют необходимость этнокультурного образования в региональных образовательных организациях. Портрет выпускника национальных республик немислим без таких личностных результатов, как этнокультурная компетентность, культура межэтнического общения, этнокультурная идентичность. На решение данных задач и должна быть нацелена этнокультурно ориентированная внеурочная деятельность учащихся 10–11 классов современной образовательной организации.

Методологической основой исследования выступают основные положения культурологического, аксиологического, личностного, системного, комплексного, ситуационного подходов. Рассмотрение проблемы организации в условиях современной школы этнокультурно ориентированной внеурочной деятельности учащихся 10–11 классов нами проводится с использованием общенаучных методов: теоретического анализа и синтеза педагогических явлений, изучения и обобщения педагогического опыта. Основное противоречие, актуализирующее необходимость изучения опыта этнокультурного образования, находим между значительным потенциалом внеурочной деятельности и недостаточным его использованием в образовательных организациях при реализации основных положений нормативно-правовых документов, регулирующих образовательную деятельность в области этнокультурного образования учащихся.



Проблема этнокультурного образования обучающихся не нова для педагогической науки. Положения о необходимости использования этнокультурного материала при организации учебных занятий находим в трудах ученых – основоположников образования: Я. А. Коменского, Г. Песталоцци, А. Дистервега, Ж.Ж. Руссо, К.Д. Ушинского, Л.Н. Толстого, И. Я. Яковлева и др. Особую актуальность вопросы учета этнокультурных потребностей и особенностей самобытной культуры народов, населяющих Российскую Федерацию обретают в 90-е годы XX века в связи с реформированием российской системы школьного образования. Данная проблема в качестве приоритетной обозначена в «Стратегии государственной национальной политики Российской Федерации на период до 2025 года» [7], а ее решение возложено на общественные институты, важнейшими из которых являются образовательные организации.

Становление и развитие в научных исследованиях понятия «этнокультурное образование» можно отнести к 1990-ым годам. В «Концепции этнокультурного образования в Российской Федерации», разработанной коллективом авторов (Т. Я. Шпикалова, Т. И. Бакланова, Л. В. Ершова) находим следующее определение: «Этнокультурное образование – это целенаправленный непрерывный педагогический процесс приобщения учащихся к этнической культуре (или культурам) в учреждениях дошкольного, общего, дополнительного и профессионального образования, на основе взаимодействия с семьей, учреждениями культуры и средствами массовой информации» [11, с.5]. А. Б. Афанасьева, определяя этнокультурное образование как целостный учебно-воспитательный процесс освоения учащимися этнокультуры, осознания ими преемственности развития культуры этноса, признания этнокультурного многообразия и взаимодействия культур, обозначает следующие цели и задачи этнокультурного образования: передавать опыт этнокультурных традиций, способствовать формированию этнического сознания, этнокультурной идентичности личности, принимающей и понимающей особенности культуры иных этносов. При этом педагогической целью является формирование личности, обладающей этнокультурной компетентностью, целостным представлением о феномене и ценностях традиционной культуры, владеющей системой знаний об этнокультурах разных народов, имеющей художественно-творческую мотивацию и опыт освоения этнокультурного наследия, понимания межкультурного взаимодействия [1, с. 38].

В отечественной педагогической науке различные аспекты решения проблемы этнокультурного образования представлены в трудах Л. В. Кузнецовой, А. Б. Панькина, Т. В. Поштаревой, Г. Д. Сундуй, С. Н. Федоровой, А. С. Шаалы, В. К. Шаповалова, Ф. Г. Ялалова и др. Профессор Чувашского государственного педагогического университета им. И. Я. Яковлева Л. В. Кузнецова рассматривает этнокультурное образование как основу гражданского и межнационального согласия в поликультурном российском обществе и выделяет необходимость создания особых условий в рамках общеобразовательной школы для реализации этнопедагогического потенциала музыкального и прикладного народного творчества [4].

В работах Т. В. Поштаревой представлен теоретический анализ и практический опыт работы по формированию этнокультурной компетентности учащихся через урочную и внеурочную деятельность в поликультурном образовательном пространстве. Исследователь выделяет поликультурный аспект проблемы межэтнического взаимодействия и дает следующее определение понятия «этнокультурная компетентность» как свойства личности, выражающегося в наличии совокупности объективных представлений и знаний о той или иной этнической культуре, реализующейся через умения, навыки и модели поведения, способствующие эффективному межэтническому взаимопониманию и взаимодействию» [6, с. 92]. При этом этнокультурный компонент определен как полиэтнический, так как отражает особенности и своеобразие разных народов, включает учащихся в диалог культур и позволяет входить в мировую культуру через родную. Т. В. Поштарева описывает следующие модели введения национально-регионального и полиэтнического компонентов в содержание образования: межпредметная – равномерное распределение соответствующего материала по всем предметам учебного плана; модульная – выделение модулей или специальных тем в

дисциплины гуманитарного цикла; монопредметная – специальные учебные предметы; комплексная – интегрированные курсы; дополняющая – внеурочные, внеклассные, внешкольные мероприятия; специальная – в ходе специальных элективных занятий и курсов по выбору; практико-ориентированная – активные формы и методы работы с детьми (тренинги, игры, мероприятия и другое)[6, с. 187–188]

В. К. Шаповалов в исследовании в рамках проекта ЮНЕСКО «Развитие национальной школы» основной идеей этнокультурной направленности образования считает учет этнокультурных потребностей обучающихся и их родителей и введение национально-регионального (этнокультурного) компонента в учебные планы и программы учебных предметов[10]. Результатом данного проекта можно считать включение в базисные учебные планы школ регионов России этнокультурного компонента. Так в качестве этнокультурного компонента в региональные программы образования внедрены учебные предметы «Родной язык», «Родная литература», «История и культура родного края» и др. Рекомендательный характер носит предложение об интеграции этнокультурного содержания в объеме до 15 % учебного материала. Цель деятельности школы с этнокультурным компонентом образования – обеспечить изучение национального языка, культуры, традиций этноса.

А. Б. Панькин разработал и обосновал концепцию этнокультурной коннотации содержания образования, цель которой сохранение и развитие этнических констант центральной культурной темы этноса, что должно составлять основу образовательной программы и выполнять функцию интеграции содержания учебного материала на всех уровнях образования. Сквозная этнокультурная тема способствует формированию у ребенка этнической картины мира, этнического менталитета, этнического самосознания, этнопланетарного мышления и ответственности за сохранение и развитие этнокультуры по принципу концентрического нарастания трудностей в зависимости от возможностей обучающихся и условий их обучения [5, с. 257]. В основе концепции этнокультурноконнотированной системы образования А. Б. Панькина лежит идея первичности родного языка в развитии ребенка. Этнокультурная коннотация содержания образования нацелено на полноценное развитие человека как представителя этноса и гражданина мира.

С. Н. Федорова на основе анализа современных форм этнокультурологической подготовки учащихся систематизирует этнокультурные образовательные технологии с точки зрения их сущности, компонентов и методики использования в гражданско-правовом воспитании молодежи и выделяет: этнокультурные образовательные технологии теоретической направленности (лекции, экскурсии, самостоятельная работа и др.); этнокультурные образовательные технологии практической направленности (праздник, обряд, мастер-класс и др.); инновационные этнокультурные образовательные технологии (с использованием современных электронных и информационных систем); комплексные этнокультурные образовательные технологии [9, с. 41–54].

Наибольшую ценность для нашего исследования представляют идеи актуализации этнокультуры в деятельности образовательной организации, проектирования и конструирования этнокультурного образовательного пространства, предложенные А. Б. Панькиным.

Рассмотрим законодательные документы, регулирующие организацию и реализацию внеурочной деятельности и проведем анализ этнокультурной составляющей федеральных государственных образовательных стандартов. Федеральный государственный образовательный стандарт среднего общего образования разработан с учетом этнокультурных потребностей народов Российской Федерации и предполагает формирование базовых национальных ценностей через урочную и внеурочную деятельность, хотя в федеральном законе «Об образовании в Российской Федерации» отсутствуют понятия «национально-региональный» и «этнокультурный» компоненты образования. В разделе I «Общие положения» среди направлений федерального государственного образовательного стандарта обозначено, что стандарт обеспечивает сохранение и развитие культурного разнообразия и языкового наследия многонационального народа Российской Федерации, способствует реализации права

на изучение родного языка, на овладение духовными ценностями и культурой многонационального народа России [8, с. 2]. В разделе II «Требования к результатам освоения основной образовательной программы» среди личностных результатов освоения основной образовательной программы мы выделяем следующие результаты: «Личностные результаты освоения основной образовательной программы должны отражать:

– российскую гражданскую идентичность, патриотизм, уважение к своему народу, чувство ответственности перед Родиной, гордости за свой край, свою Родину, прошлое и настоящее многонационального народа России, уважение государственных символов (герб, флаг, гимн);

– сформированность мировоззрения, соответствующего современному уровню развития науки и общественной практики, основанного на диалоге культур, а также различных форм общественного сознания, осознание своего места в поликультурном мире» [8, с. 4–5].

Данные ожидаемые результаты отражают содержательные элементы этнокультурной компетентности старшеклассников, возможности для формирования которой мы находим в этнокультурно ориентированной внеурочной деятельности.

На основе анализа теоретических основ и обобщения практического опыта и возможностей конкретной образовательной организации – средней общеобразовательной школы № 62 имени академика РАО Г. Н. Волкова г. Чебоксары (МБОУ «СОШ № 62» г. Чебоксары) нами разработана модель интеграции этнокультурного компонента в основную образовательную программу школы через внеурочную деятельность, в структуре которой: внеурочная деятельность по учебным предметам как продолжение и расширение изученного учебного материала и внеурочная деятельность как форма реализации концепции духовно-нравственного воспитания и развития школьников.

Модель предусматривает объединение учебных предметов по блокам с учетом специфики программного материала.

1 (основной) блок учебных дисциплин в модели этнокультурного образования представлен предметами: родной язык и родная литература, история и культура родного края, мой город.

2 блок учебных дисциплин составляют иностранные языки. Программа внеурочной деятельности по иностранным (английскому и немецкому) языкам строится на основе сравнения культурных ценностей и языковых особенностей чувашского, русского и англоязычных народов.

3 блок учебных дисциплин – предметы естественнонаучного цикла. В результате интеграции национального компонента в естественнонаучный цикл учебных дисциплин формируется единая научная картина мира в сознании обучающихся, устанавливаются связи между явлениями, различными системами, находятся точки соприкосновения.

4 блок учебных дисциплин – технология, физическая культура, изобразительное искусство. Программы данных предметов составлены с учетом особенностей трудовой деятельности и народно-художественного промысла соседствующих этносов.

5 блок представлен русской литературой. Интеграция на данных уроках осуществляется на принципе сопоставительного анализа художественных текстов, мотивов, тем, образов, жанров и существующих интертекстуальных связей. Отличительными особенностями программы по литературе являются сквозные понятия: культура, история, личность писателя. Основной принцип интеграции – диалог культур.

6 блок–внеурочная деятельность: кружки, элективные курсы, творческие объединения по интересам, интегративные образовательные экспедиции. Особое внимание отводится исследованиям, связанным с изучением родного края – проекты «Улица, на которой я живу», «Литературные места Чувашии» и др.

7 блок направлен на установление социальных партнерских связей «Семья и школа». Особое внимание на занятиях уделяется знакомству с семейными традициями, особенностями воспитания в отдельной семье.

С учетом возрастных особенностей и потребностей учащихся 10–11 классов мы предлагаем следующие формы организации внеурочной деятельности на уровне среднего общего образования: учебно-исследовательские проекты и исследования, фестивально-конкурсное движение «Хавхалану» (Вдохновение), посв. памяти академика РАО Г. Н. Волкова, интегративные образовательные экспедиции, класс музейной педагогики.

Подводя итоги вышеизложенному, приходим к выводам:

1) этнокультурное образование можно организовать следующими способами: создание национальных школ с обучением на родном языке; этнокультурноконнотированная система образования; введение учебных дисциплин с этнокультурным (национально-региональным) компонентом содержания образования в учебный план; билингвальное образование, интеграция этнокультуры в программы учебных предметов; использование потенциала внеурочной деятельности;

2) этнокультурно ориентированная внеурочная деятельность представляет собой форму этнокультурного образования школьников и создает условия для приобретения знаний о культуре как своего этноса, так и народов ближайшего социального окружения, различных навыков межэтнического общения, которые не всегда могут быть развиты в ходе обучения в школе. Этнокультурно ориентированная внеурочная деятельность – это система обучения и воспитания, направленная на развитие и сохранение этнической идентичности, духовности, компетентности, сенситивности, межкультурной коммуникативности путем приобщения к родному языку и культуре с одновременным освоением ценностей мировой культуры.

Список литературы:

1. Афанасьева А.Б. Этнокультурное образование как феномен культурного поля : монография / А. Б. Афанасьева; Министерство образования и науки РФ. – СПб : ФГБОУВПО «СПГУТД», 2014.–188 с
2. Данилова Л.Н. Фестиваль-конкурс творчества учащихся и педагогов как технология формирования этнокультурной компетентности старшеклассников / Л. Н. Данилова // Вестник Красноярского государственного педагогического университета им. В.П. Астафьева. – 2014. – Вып. 4 (30). – С. 220–224
3. Данилова Л.Н. Педагогические условия формирования готовности учащихся 10–11 классов к этнокультурно ориентированной учебно-исследовательской деятельности / Л. Н. Данилова // Межэтническое взаимодействие в поликультурном образовательном пространстве: проблемы языкового взаимодействия и межкультурной коммуникации : сборник научных статей по итогам Всероссийской научно-практической конференции / отв. ред. С. Л. Михеева, О. А. Дмитриева. – Чебоксары : Чуваш. гос. пед. ун-т, 2018. – 276 с.
4. Кузнецова Л.В. Этнокультурное образование как основа гражданского и межнационального согласия в российском обществе : монография / Л. В Кузнецова [и др.]. – Чебоксары : Плакат, 2015. – 181 с.
5. Панькин А.Б. Этнокультурная коннотация образования : монография / А. Б. Панькин. – Элиста :КалмГУ, 2009. – 380 с.
6. Поштарева Т.В. Теория и практика формирования этнокультурной компетентности учащихся в полиэтнической образовательной среде : монография / Т. В. Поштарева. – Ставрополь : Литера, 2006. – 300 с.
7. Стратегия государственной национальной политики Российской Федерации на период до 2025 года. Утв. Указом Президента Российской Федерации от 19 декабря 2012 года № 1666 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_139350/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_139350/). – (Дата обращения: 07.04. 2019).
8. Федеральный государственный образовательный стандарт среднего (полного) общего образования / М-во образования и науки Рос. Федерации. – 2-е изд. – Москва : Просвещение, 2014. – 62 с.

9. Федорова С.Н. Этнокультурные образовательные технологии: сущность, компоненты, методика использования в гражданско-патриотическом воспитании молодежи : монография / Мар. гос. ун-т; С. Н. Федорова, З. В. Медведева. – Йошкар-Ола, 2014. – 248 с.
10. Шаповалов, В. К. Этнокультурная направленность российского образования / В.К. Шаповалов. – Москва : Ин-т развития регион. образования, 1997. – 173 с.
11. Шпикалова Т.Я. Концепция этнокультурного образования в Российской Федерации / Т.Я.Шпикалова, Т.И.Бакланова, Л.В. Ершова. – Шуя : Издательство «Весть» ГОУ ВПО «ШГПУ», 2006. – 23 с.

УДК 7.03 (512.122)

## ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТӘЛІМДІК ТАҒЫЛЫМДАРЫ

**Б. Т. Махметова**- Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика кафедрасының п.ғ.к., профессоры. ,  
**Г. А.Абылханова**- Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика кафедрасының магистр, аға оқытушысы

**Кілт сөздер:** тәрбие, адамгершілік, өнер, ар-абырой, құрмет, қарапайымдылық, сыпайылық, инабаттылық, имандылық

**Аңдатпа.** Бұл мақалада тәрбие арқылы қыздарды арлы болып, адамгершілігін биік ұстауға; өнерлі іскер болып, ар-абыройын таза ұстауға баулиды. Ерлерді кадрлеуге, құрметтеуге, отбасының ұйытқысы, перзенттерінің тәрбиешісі, ұстазы болып, адамдық арына дақ түсірмейтін өнегелі, үлгі-тағылымды адам болып есеюге баулиды. Ұлтәрбиесінде, ұлдарға болашақ ел мен жұрттың қорғаны, отбасының ұйытқысы, халыққа бақыт-байлық жаратушы екендігін шынайы ұғындыру басты мақсат етіледі. Ержігіттің қалай болу керектігі, ел-жұрт үлкен-кіші, кәрі-жас алдында өзін қалай ұстап, әйелдер мен балаларға қалай қамқорлық жасау, отбасы мен ел-жұртына қалай үлгі-өнеге болу, қиын сәттер мен ел басына күн туған сын сағаттарда қалай ерлік көрсетіп, қалай азаматтық таныту секілді істердің барлығы мұқият үйретіледі.

**Ключевые слова:** воспитание, человечность, искусство, честь и достоинство, уважение, скромность, вежливость, порядочность и гуманность.

**Резюме:** В этой статье вы найдете ответы на вопросы о воспитании будущего поколения казахского народа. Воспитание является одним из важных моментов жизни, как родителей, так и детей. С ранних лет девочек воспитывали высокой нравственности, добродушию, рукоделию и быть честными. А также их воспитывали уважать мужчин, сохранять очаг семьи, быть примером и воспитательницей своих детей, не запятнать свое достоинство и быть примером для всех потому что девушка, прежде всего лицо не только семьи но и народы. Поэтому на воспитание девушек уделялось особое внимание. Целью воспитания мальчиков считалось объяснить им что они будущее страны, опоры семьи, и они способны обогатить и осчастливить народ. Их тщательно обучали как мужчина должен держать себя, защищать родину, уважать старших и женщин, заботиться о семье, быть мужественным, и умелым.

**Keywords:** education, humanity, art, honor and dignity, respect, modesty, courtesy, decency and kindness

**Summary:** In this article you will find answers to questions about the education of future generations of Kazakh people. Education is one of the important things in life of both parents and children. From an early age girls are raised for high morals, good nature, needlework, and be honest, And they were brought up to respect men, to keep the family hearth, to be an example and a teacher for their children, do not tarnish the dignity and to be an example for all because the girl is the face not only of the family

*but also the country. Therefore, special attention has been given for the education of girls. The aim of education of boys is to explain to them that they are the future of the country, to support the family, and they are the one who brings happiness to the people. They are carefully trained how man should look like, to defend their country, respect their elders and women, take care of the family, to be courageous and skillful.*

Өз тіршілігінің сан ғасырлық тарихының ішінде қазақ халқы тәрбие саласында мол тәжірибе жинақтады. Нақтырақ айтқанда, педагогикалық қағидаларды, ережелерді, заңдылықтар мен принциптерді, құралдарды, әдіс-тәсілдер мен амал-жолдарды жинақтап жүйеге келтірді. Тәрбиенің біртұтас өзіндік жүйесінің қалыптасуына ықпал етуші басты себеп қазақ халқының балажандылығы, балаға деген ерекше махаббаты, ілтипаты болса керек. Бала өміріндегі әрбір маңызды кезеңдерді: дүниеге келуін (шілдехана), балаға ат қою, бесікке салу, тұсау кесу, сүндетке отырғызу, тілашар тойы, алғаш рет ат жалын тартып мінуін, бәйгеге қатысуын және т. б. қуаныштай білген.

Сөз басын Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының: «Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман елдерінде әйел затын ерекше бағалайтын, қарындасты қатты қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де -біздің қазақ», - деген пікірінен бастасақ. Рухани тарихымыздың тарғыл беттерін парақтасақ, қазақ қыздары мен қазақ әйелдері, жалпы аналар әлемі туралы толғанбаған тұлғалар сирек екен, оның үстіне жүрек тербер, сезім қоздырар қазақтың халық әндеріне немесе мақал-мәтелдеріне бір сәт көңіл аударып көрелікші. Бұларда аналарға, қыздарға тән әрі тәрбиелік, әрі тағылымдық мәні ерекше толғамдар бар. Қазақ қауымында қыз баланың орны ерекше болған. Оны мынадай мақал мәтелдерден анық аңғарамыз. Ата-бабаларымыз қызды қонақ деп есептеген, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. «Қыз - өріс, ұл - қоныс» деп білгендіктен қазақ халқы өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «Қызға қырық үйден тыйым» жасайды. Қыз тәрбиесіндегі жеңге рөлі де көзден таса болмайды, «Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді келеді». Өйткені, әкешесіне айта алмаған сырды жеңгесі арқылы жеткізіп отырған. Қыздың балғын болмыс бітімі мен тәрбиесінің басы қасында аяулы жеңгелері жүреді. Сүйген жігіті мен екі арадағы әдепті қарым - қатынастың табиғи өрбуіне себепкер болатын осы жеңгелер. Ата-ана қызынан ешнәрсені аямайды. Оның ешнәрседен мұқтажсыз, толыққанды өсуін қадағалайды. Өйткені, қызға бергенді қызыр өтейді деп біледі. Сонымен бірге қазақ халқы қызды бетімен де жібермейді. «Қызды қымтап ұстаған ұялмайды» дей отырып, оларды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіруді парыз санайды. Олардың әр-ұятының сақшысы бәріне жауапты екенін ешуақыт ұмытпаған. Содан да болар, бір жағынан «қыз бен жылқы жаудыкі» деп қыз тәрбиесіне мейілінше сақ қарайды. «Қыз баққаннан қысырақ баққан оңайлығын» жадынан шығармай баянды отанын тапқанша өзінің, жауапты екенін еш ұмытпаған. Сөйте тұра қызды жағадағы күндыздай күтеді.

«Күйеу жаман болса қызыңнан» деуінде үлкен мән бар. Өзінің отбасында керекті тәрбиенің бәрін көріп өскен қыз бала, соған қоса мінезді де қылықты болса, парасатты да пайымды болса екен дейді. «Қызды күте алмаған күң етеді, жібекті түте алмаған жүн етеді» мұның көбі, негізінен қыздың шешесіне байланысты дүниелер. Сондықтан, қыз көретін жігіттер, алдымен жеңгесі арқылы шешесінің қандай адам екенін анықтағысы келеді. «Шешесі жаманның қызын алма, немесе «шешесін көріп қызын ал» деуге осындай мақсат бар. Заманның бағыт бағдарына қарай мақал мәтелдер де түрленіп, өзгеріске түсіп отырады, «Шешесі отырып, сөйлеген қыздан безін» деп келе, қыздың жақсысын іздейді. «Ақылды қыз білімге жүгінер, ақылсыз қыз сөзге ілігер» деп біледі. Осындай негізгі тәрбиелік жұмыстарды жүргізіп алған соң, қазақ халқының құдайдан тілейтіні қызының барған жеріне тастай батып, судай сіңуі. Барған жерінде бағының ашылғанына қатты қуанады, бағы тайса қатты күйінеді. Қорқатыны - "қайта шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман» екені. «Шыққан қыз шиден тысқары» қыз баланың ендігі жердегі тіршілігі шектеулілеу болатыны. Ол келіндік және әйелдік дәуір. Бұл қыз бала үшін мейілінше жауапты кезең. Жаңа түскен келінге сыншы көп. Ал енді төркінінде алған тәрбиенің қаншалықты екенін көрсетуге тиіс. Жеңгесі мен

шешесінің көргенін істеп, қайын жұртының көңілінен шығуға тырысады. Қазақ қыздың өз жұрты мен бірге қайын жұртының да тәрбиеге жауапты екенін қатты сезінеді. Оның қандай елге, қандай отбасына келін болып түсуіне көп нәрсе байланысты. "Жақсы елге түскен келін - келін, жаман елге түскен келін - келсап», Бұл жерде қайын ененің рөлі көріне бастайды. Көбінесе «Келіннің қайын ене топырағынан жаралғандай» болып келуін қалайды. Шынында көргенді елден шыққан қыздың көсегелі елге тап болуы зор бақыттың кепілі. Сонымен бірге келген келін татулық жаршысындай болса деп армандайды. Әсіресе, абысындар арасының ынтымақты болуы көзделеді.«Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп". "Ағайынның азары болса да, безері жоқ», "Ағайынға қарап мал өсер, ағашқа қарап тал өсер». тағылымның тамаша үлгісін түйіп айтып отырған. Халқымыз "қыз-қонақ" деп, төрінен орын беріп, қыздарды алтынның сынығына балап өсірген. Жалпы бала тәрбиесіне, соның ішінде қыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген: Ата-бабаларымыз "қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күңнен тыю" деген мақалаға қаншама ой сыйғызған. Яғни, қыз бала тәрбиесіне тек анасы жауапты емес, бүкіл ауыл, ел жауапты болып отырған. Ал қазіргі заманда бала тәрбиесіне тек қана ана емес, радио мен теледидар, газет-журнал, түрлі кинофильмдер жан-жақты әсер етуде. Қазақ қыздарының менталитетіне қарапайымдылық, сыпайылық, инабаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ақылдылық, имандылық сияқты қасиеттер кіреді. Тарихқа көз жүгіртсек, Айман, Құртқа, Назым сияқты қыздарымыз, Домалақ ана, Айша Бибі сияқты аналарымыз нағыз қазақ әйелдерінің үлгісі болды. Аналарымыз «баланы жастан" деп, бала тәрбиесін құрсақтан бастаған. Ұлжан ана данышпан Абайды ғұсыл-дәретсіз емізбегені – адамзаттың баласын тәрбиелегені болып табылады.

Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы мәдени құндылықтары қалыптасады. Халқымыздың «Он үште - отау иесі" деген дәл айтылған аталы нақыл сөзінде үлкен, ауқымды көп тәрбиелік негіз жатыр. Бұл сөз ұл мен қызға бірдей қатысты. Ата-бабамыз ұл баланы ертеңгі абыройлы әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр, би, ақын, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кешірімді болуына, өнерге, білімге, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелеген. Ұл бала – қазақта шаңырақ иесі, ер-азамат ата-ананың отын тұтатушы болып саналады. Қазақ отбасының ерекшелігі жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде. Қазақ отбасындағы үлкенді құрметтеу әдегі жауапкершілік, адамгершілік сезімдерін туғызған. Дұрыс бағытқа бағдарлау көп жағдайда абыройлы әкеге, үлгілі отағасына, қадірлі ағаларына байланысты. Халқымыз ұл бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Қай халықта болмасын, ұл бала тәрбиесі - әке меншігінде. «Ата көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» дей отырып, қазақ отбасында әкелер өзінің білетін бар өнерін алдарына үйретіп, оларды мерген, аңшы яғни, «Сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт етіп тәрбиелеген. Бала ес білгеннен бастап, оның құлағына «сен ертеңгі шаңырақ иесің, болашақ әкесің, арқа сүйер жарсын, отбасының асыраушысысың, сондықтан да жаманнан жирен, жақсыдан үйрен" деген сөздерді құйып отырған. Халқымыз ер баланың 12-15 жасынан бастап, оның алдында өмірдің дайындаған талай қиын-қыстау шақтары мен қуанышты сәттері бар екендігін ескере отырып, «Аты аталмаған жігіттен, аты аталған төбе артық» деп намыстандыратын, «Айтсан үйде туып, түзде өлетін жігіттерді айт» деп таңдандыратын, "Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар" деп шамдандыратын, "Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді", «Ерлік білекте емес, жүректе» деп қайраттандыратын, «Ақыл жастан, асыл тастан» деп сеніміне шек келтірмейтін, «Атадан ұл туса игі еді, ата жолын қуса игі еді" деп армандайтын еді халқымыз. Қазақтың ұлы ойшыл ғұламаларының бірі Ж. Баласағұни өзінің "Құтты білік" дастанында балаға тәрбиені отбасында бер, "ақ маңдайлы ұл-қыз туса, үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма» деп келер ұрпаққа ете отырып, баланы жас кезінен білім мен өнерге, еңбекке баулу арқылы жаны мен тәні сабақтас жетілген парасатты ұрпақ өсіретінімізді атап көрсеткен.

- баланың дұрыс тәрбиеленуі мен білім алуына көңіл бөлу;

- балаға шаңырақ иесі, бабалар ісін жалғастырушы екендігін ұғындыру;

баланы әруақтарды ардақтауға, ата-баба дәстүрін сақтауға, құрметтеуге, ұрпақтан-ұрпаққа көздің қарашығындай жеткізе білуге баулу;

- балаға өзінің мінез-құлық этикасы мен үлгі болу;
- балаға әділетті, қайырымды болу;
- баланы жас кезінен өнерге үйрету, еңбекке араластыру;
- баланы тәрбиелеп, оқыту барысында мінезін қалыптастыруға көңіл бөлу;
- баланың тәні мен жанының жақсы жетілуіне назар аудару;
- балаға өмірдің әрбір сағаты санаулы екенін, сол себепті оны дұрыс өткізу қажеттігін ескерту және т. б.

#### Ата-анасын

аялай, құрметтей білген баладан жақсы азамат шығады. «Әкесін аман сақтап қалу үшін, жанын қиған ұлдың өлімі бақытты өлім болып табылады» – деген тұжырымдамасында. Шығыстың басқа ұлт өкілдерінің отбасындағы сияқты қазақта дүниеге ұл келсе, ұрпағымыздың жалғасы, шаңырақ иесі туды деп ұлан-асыр, ат шаптырып той жасау күні бүгінге дейін сақталған. Дүниеге ұл әкелу әсіресе, әке үшін зор бақыт, үлкен мақтаныш. Қазақта бір кісі қайтыс болса, артында қалған баласы бар ма еді деген сауалы болады. Бардегенжауапестісе, «Орнында бар оңалар» деп бата береді. Отбасындағы ер баланыңөзорны бар. Мысалы, тұңғыш ұл - кейінгі іні-қарындастарының қамқоршысы, ата-анасының көмекшісі, оған «Ағасы бардың - жағасы бар» деп арқа сүйенген. Кенже ұл - шаңырақ иесі. Басқа балалар енші алып, бөлек отау құрып жатса да кенже ұл әке-шешенің қолында қалады. "Ұлға отыз үйден тыйым, он сан үйден сын" демекші, ер жігітке айтылар сын көп, қойылар талап жоғары. Халықтың дәстүрлі тәрбиесінде осы баға –«жігіт сыны» деп аталады. Қазақ халқының менің ұлым деп көкірек қағып, мақтаныш тұтар ұлының қандай болу керектігі туралы халықтың талғамына сай бейнеленеді:

а) кескін-келбеті: «Еңсегей бойлы, өткір кезді, қара қасты, кең маңдайлы, қыр мұрынды, кең маңдайлы, кең иықты, жуан білекті, темірдей салмақты».

ә) қадір-қасиеті: «Қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қасқырдай өжет, жау жүректі, жылқыдай мінезді, бұланды алып, сауысқандай сақ».

б) қабілет-икеімі: «Көсем жігіт» - ел басқаратын жігіт, «Шешен жігіт» - дау шешетін тұлға, «Батыр жігіт» - еліне қамқор, жауына алып ерен жігіт, "Сері жігіт" - аттың жүйрігін мініп, иттің алғырын ертіп, қыранның қырағысын баптап, ат құлағына ойнап, ер қаруы - бес қаруды сайлап, мың құбылтып ән салып, күмбірлете күй тартатын өнерлі жігіт. "Жомарт жігіт" - дастарқаны берекелі, пейілі кең, өзі жайдары, «Палуан жігіт» - мойыны жуан, жауырыны қақпақтай, бұлшық еті темірдей, қимылы шапшаң, иненің көзінен өтердей епті, алып күш иесі. Осы аталған қадір-қасиеттерді бүгінгі ұландар бойына дарыта білсек, онда зерделі де зейінді, өнерлі де талантты, жігерлі де қайратты, адам да парасатты елі-халқы сыйлайтын ер жігіттің келешегі жарқын, жолы ашық. Осы орайда ойға оларға берілетін тәрбиенің артықшылығы неде деген сұрақ оралады, өйткені, оларды бесік жырына құлағын қандырудан бастап, ауыз-әдебиеті мен ата-баба тарихына сусындатудан бір ізділікпен балаларға негізделген тәрбиенің әдістемесінің жасалуы ер бала тәрбие маңыздылығын сезіндіріп қана қоймайды. Сондай-ақ, нәтиже де берері анық, Ал, керісінше, жалқаулықты серік етіп, жанын өтірікпен бағып, біреуді алдап, біреуді арбап, шыққан тегін білмейтін, отбасы түгілі өз басын да асырай алмай жүрген ерлерімізден қандай ұрпақ жалғастығын күтуге болады? Осындай кереғар тәрбиеленген ұрпақ өкілдерінің тәрбиесіне кімді кінәлаймыз? Қоғамды ма, әлде ата-ананы ма? «Атадан тағылым алмаған ұл жаман, анадан енеге көрмеген қыз жаман», "Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас», «Бала тәрбиесі – бесіктен» деп түйіндей отырып, ер бала тәрбиесінің отбасында және мектепте қыздармен қатар берілуіне ерекше мән беріп, арнайы тәрбие бағдарламалары жасалуға тиіс. Өйткені, ер баланың дұрыс тағылым-тәрбие алуы, дүниенің сырын танып білуі отбасындағы ата-аналардың ақыл-кеңесі мен үлгі өнеге көрсетумен байланысты. Ұлттық тәрбиенің бұрынғы әдістерін бүгінгі күн талабымен жаңаша қарастырған жөн. Ата-бабамыз жасап, сомдап кеткен жігіттің моделін одан әрі, бүгінгі күннің талабына сай жетілдіріп өсіп келе жатқан өскелең ұрпағымыздың бойына дарыту, тағдырдың қандай тәлкегін көрсе де, қайсарлығы мен тектілігін жоғалтпаған дана халықтың ұрпағы екендігін ұғындыру, олардың бойына мақтаныш сезімін туғызу ата-ананың бірден бір міндеті. Кейінгі жылдары ұлдар арасында тым жұмсақ мінезділер де кездеседі. Мамандар мұны ер-азаматтардың ұрпақ тәрбиесінен мүлде сырт қалуының салдары дейді. Кей уақытта бала әкесіз өсіп, анасының



тәрбиесінде болады, Алайда, баланың жігіт болып өсуі тән кейбір қасиеттерін бойына жинап өсуі де осыдан. Жүрегі жұмсақ аналарымыз кейде ұлды тым еркелетіп жібергенде, әкенің салмақты сөзі таза ауадай қажет. Ата-бабамыз қан тазалығына, тектілікке қатаң қанаған. Қазақта «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деп барлық саналы қазақ азаматтарына айтылған. Жеті атаға дейін өз руының қыздарына үйленбегуге тырысқан. Қазақтар ұлдарын он үш жасында отау иесі деп дайындаған. Бала дүниеге келгенде кіндігін кім кеседі, бесікке кім бөлейді сол адамға тартады деп те ырымдаған. Адамгершілік, қайырымдылық, әдептілік сияқты қасиеттер үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» дейді дана халықымыз. Ер баланы алты жасқа дейін хандай көтер, сыйла. Алты жастан он алты жасқа дейін құлша жұмса. Он алты жасқа толғасын досындай сырлас, сыйлас деген қазақ халқында нақыл сөзі бар. Ер баланың тәрбиесін неден бастауымыз керек? Бала кезінде ұлдың жұмысы, қыздың шаруасы деп бөлген дұрыс емес. Ата-анасына көмектескісі келсе, қолын қақпау керек. Бала әкені сенімді дос ретінде санайтын болсын. Үлгі тұтатын әке болсаңыз, бала сізге адал дос, қолдаушы болады. Ұл бала ерлерге тән ойлау жүйесін, жігіттік болмыс-бітім, мінездердің - анасына, ұлдардың - әкесіне еліктейтіні анық. Ұл бала әкесіне ұқсас болғанын қалайды. Ол үшін әкесінен асып түсер мықты адам жоқ: ол көлік жүргізеді, ауыр заттарды оп-оңай көтереді, ештеңеден қорықпайды. Қазақта үстелдің төрінде әкенің тұрақты орны бар, оған басқа ешкім отырмайды. Балалары әкесі наннан ауыз тигеннен соң тамақтануға кіріседі, сосын әкелерінің ас қайыруынан соң ғана орындарынан тұрады. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы азамат болса: оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көрегенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой деп мақтайды, «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан оң моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді. Қазақта ұлдар әкесі немесе атасының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр. Әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы - оны жақсы тәрбиелеуі дей отырып, баласын оқытып, жақсы көріп, баласына ат қою, баласын сау етіп өсіру, үйленер жасқа келгенде баласын үйлендіру - қазақ отбасының басты міндеттерінің бірі. Қандай ата-ана болсын баласының адам болғанын, өзінен артық болғанын қалайды. Бұл - ниет қана. Тәрбие беру барысында қателіктерді болдырмау, жетістікті нәтиже алуда тәрбиенің түрлі әдіс-тәсілдерін қолдануы қажеттігін ата-ана ұғына бермеуі мүмкін. Ақыл да анадан дариды, дана да әйелден туады. Қыз бала тәрбиесін ұрпақ тәрбиесі деп қарау қажет. Бүгінгі қазақ бойжеткендері ертеңгі еріне адал жар, балаларының анасы. Олардың бойында имани тәрбие болғанын қалаймыз. Бүгін ол қыздар өнегелі тәрбие алса, ертең ұрпақ тәрбиелейтін қазақтың дана аналарына айналары сөзсіз. қорытындылағымыз келіп отыр. Қаракөздеріміз бұрымды шашымен, инабатты мінезімен, ақылдылығымен, кіршіксіз арымен әрқашан басқалардан ерекшелене білгей.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлімбаев М. Халық - ғажап тәлімгер. А., Рауан, 1998.
2. Омарова Р. С. Халық тәлімі - тәрбие бастауы. Қазақстанмектебі, 2007.
3. Макаренко А. С. Ата-аналаркітабы. -А., 1985.
4. Қ. Жарықбаев "Ақылдыңкөні" Алматы-2008ж
5. ХалелАрғынбаев "Қазақтыңотбасылықдәстүрлері" .
6. А. Жумадуллаева. «Отбасынекеліктәрбиенегіздері» Алматы 2007же 1436
7. Әтемова Қ. «Қазақотбасындағытәрбиеүрдісі" Қазақстанмектебі, 2006 №1

## ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ - ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІ

*Б.Т. Махметова, А.А.Махметова*  
*п.ғ.к, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ*  
*Алматы қ., Қазақстан*  
*оқытушы, ҚазҰӨУ*  
*Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

### *Аңдатпа*

Мақалада ұлттық мәдениет ұғымы және оның студенттер - болашақ мамандарды тәрбиелеудегі тәрбиелік мәні туралы айтылады. Қоғамның рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік капиталын құрайтын қазақ халқының мәдени мұрасына ерекше көңіл бөлінеді. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, олардың жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызы, сондай-ақ бүкіл көп ұлтты қоғам толығымен сипатталған.

**Түйін сөздер:** мәдениет, ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, қазақ халқының мәдени мұрасы.

*Махметова Б.Т., к.п.н., проф*  
*Махметова А.А., преп*  
*КазНУИ*  
*г. Нур-Сұлтан, Казахстан*

## Национальная культура как основа общественного воспитания

### *Аннотация*

В статье раскрывается понятие национальной культуры и ее значение в воспитательном процессе будущих специалистов. Особое внимание уделено культурному наследию казахского народа, который являет собой духовный и социальный капитал общества. Подробно описаны обычаи и традиций казахского народа, их значение в формировании отдельной личности, а также всего многонационального общества.

**Ключевые слова:** культура, национальная культура, традиция, культурное наследие казахского народа.

*Abai Kazakh National Pedagogical University*  
*Almaty, Kazakhstan*  
*Makhmetova B.T. k.p.n., professor*  
*Makhmetova A.A., lecturer*

### *National culture – the basis of national education*

### *Abstract*

On it theme – world to the level our national values to produce national prosperity I kept peculiar values, spiritual-cultural associateness of heritage. Capable widow to bring up. For her the future for national consciousness-sens specialist; to the people, that was born, respect, love, that said, felling pride to allow to nest, to develop national character, examined.

**Keywoeds:** culture, national culture, tradition, heritage Cultural Kazakh people.

Культура – это система ценностей, связывающая человека с окружающим миром. Это особое явление, сформировавшееся в результате межличностных взаимоотношений. Люди оказывают

влияние на окружающую среду, ее социальные и культурные устои. Культура является важным элементом в жизни любого общества и предметом исторического наследия. В этой связи национальная культура представляет собой тысячелетнюю историю народа, его систему ценностей, философские взгляды на происходящее в конкретный исторический отрезок времени. Как никакая другая сфера именно культура очень четко и емко отражает менталитет и духовное богатство каждого народа. Можно сказать, что национальная культура является своего рода визитной карточкой любого этноса. Как отметили В.М.Межуев, Л.Н.Коган, Н.С.Злобин (1), «Культура – это процесс создания самого человека, общества и социальных отношений».

В то же время культура является мощным пластом, в котором гармонично сосредоточены две важные ипостаси общественной жизни: духовная и материальная составляющая.

Материальные ценности означают связь человеческого мира (микрокосмоса) с окружающим миром. Предметы, созданные человечеством, несут в себе определенные задачи: это практичность, эстетическая красота и ценность.

Наука, изучающая ценности, называется аксиологией, а самая высшая ценность – сам человек. Одно из направлений, всесторонне исследовавших понятие культуры, связана с именем М.М.Бахтина. По его мнению, «культура не ограничивается границами текста и в основном существует в виде диалога» (2).

Здесь речь идет о том, чтобы найти в себе других, а в других найти себя. Понятие культуры избавляется от объективных характеристик, объединяя в себе субъект, т.е. должна быть самостоятельная теория о взаимодействии культур. Когда культура заявляет о себе, то она ассимилируется с другими культурами, происходит диалог культур.

Культура возникает и формируется в соответствии с условиями жизни и потребностью общественных формирований, групп, родов, классов, национальностей, отдельных личностей. Эти потребности тесно связаны с общественным прогрессом, его развитием. Таким образом, культура складывается согласно желаниям и потребностям общественных формирований, отдельных личностей.

В обществе культура вне человеческого желания не формируется. В основу изучения национальной культуры, ее оценки были положены взгляды Ш.Уалиханова, Ы.Алтынсарина, А.Кунанбаева, А.Байтурсынова, Ж.Аймауытова, М.Жумабаева (3,4,5).

В трудах ученых-исследователей М.О.Ауезова, Е.Б.Бекмаханова, М.Габдуллилина, С.А.Каскабасова, А.Маргулан, Б.Р.Казыханова, Б.Байжигитова, Н.Сарсенбаева и др. эти вопросы нашли дальнейшее развитие. В масштабе республики исследуемая проблема с точки зрения культуры, этнокультуры и национальной культуры еще не нашла своего достойного места в педагогической науке.

Отмечая особенности культуры кочевников, А.Маргулан писал: «Единство хронологии развития культуры, а также отличия в культуре народов отмечены в памятниках различных эпох. Так, например, единство культурного развития особенно заметно у андронов, а также в сказаниях, встречающихся на территориях Центрального и Юго-Восточного Казахстана». Казахские художественные ремесла, представляющие особую ценность, не только дополняют культурное наследие казахского народа, но и вносят большой вклад в исследование истории национального искусства (6).

Культура – это система ценностей человека. У каждого народа в воспитании ребенка формируется свои особенности, ценности, присущие только ему. Важность ценностей для человеческой жизни, обладание общественным характером дает возможность обратить особое внимание на их духовно-человеческую природу. Культура – это социальный фактор, движущая сила общества, причем ее развитие продвигает вперед и само общество.

Необходимо разделять материальную и духовную культуру. Одна из них является продуктом материального производства, а другая - продуктом духовной генерации.

В таком случае у материальной и духовной культуры имеются свои особенности. Вместе с тем обе культуры - материальная и духовная - это единое целое. Между материальной и духовной культурой имеется глубокая взаимосвязь, поскольку обе являются результатом

человеческого труда, у их истоков стоят идеи, проекты, мысли, которые превращаются в материальную форму человека. Однако разделение на материальную и духовную культуру в основном происходит в договорном порядке, потому что в жизни они тесно взаимосвязаны, постоянно дополняют друг друга и взаимообогащают.

Поэтому не следует делить культуру материальную и духовную, а необходимо рассматривать их как единое целое. Вопрос не в том, чтобы их разделить, а в том, чтобы признать их органическое целое в соответствии с развитием общества. Человек – это субъект культуры. Его человеческие качества зависят от владения языком, от ценностей общественной жизни, от усвоения обычаев и традиций, навыков, присущих именно этой культуре. Словом культура – это обобщение достижений человека в производстве, в общественной жизни, индивидуальном бытии. Уважительное отношение к личности, соблюдение законов и человеческих установок - это основа культуры.

Культура - это мерило человечности, она характеризует развитие феномена человеческого общества. Поэтому культура существует в тесной связи с человеком. В этих отношениях человек впитывает в себя культуру, существовавшую с давних времен, и создает предпосылки для будущей деятельности. Так, развивая свои знания и навыки, он формирует свою культуру, свою человеческую сущность.

С развитием материальной культуры духовная культура может успешно развиваться. Например, через такие материальные инструменты как радио, телевидение, компьютер, различные архитектурные строения, распространяется духовная культура. Танец, песня, баллада не могут исполняться без инструментов. С чем же связана народная культура?

Материальная и духовная культура тесно взаимосвязаны. Все виды национальной культуры формировались на основе вековых ценностей народа. О славной истории великой степи свидетельствуют бесценные сокровища народного творчества: сочинения литературного творчества казахского народа, профессиональные узоры мастеров прикладного искусства, великолепные здания, украшенные красивыми куполами, торжественные дворцы, поражающие великолепием, мраморные скульптуры, памятники, воспевающие героизм предков, ювелирные изделия. Так, С.Узакбаева, давая определение понятиям «культура», «этнокультура» «национальная культура», а также их взаимосвязи, сделала обобщение – «это первооснова культурной жизни народа, забыв которую можно потерять национальную самобытность и уникальность».

Казахстан по своему этническому составу – одна из самых богатых стран мира. Казахское общество является центром мирного сосуществования различных наций, демонстрирующее братские отношения и терпимость друг к другу.

18 октября 2011 года был проведен Всемирный духовно-культурный форум, охвативший широкий круг вопросов. Выступивший на форуме Президент РК Н.А.Назарбаев особо отметил: «Основой духовной культуры любого народа является стремление к миру, согласию и справедливости. Укрепление духовных начал, присущих культуре многонационального народа, является важной частью государственной политики» (8).

Ежегодно в Казахстане отмечается День духовного согласия. Это еще один большой шаг к объединению духовных ценностей различных этносов и людей с различными вероисповеданиями.

Таким образом, культура – это синтез материальной и духовной культуры. Наши различные культурные ценности, такие как родина, наследие предков, материальная культура, произведения искусства, являются составной частью нашей родной истории и культуры. Насколько высок материальный уровень общества, настолько высока и содержательна его духовная жизнь. В таком случае главная задача общества - воспитать будущего специалиста, сохраняя при этом взаимодействие национальных и общечеловеческих ценностей, а также используя плоды духовно- культурного наследия.

Национальная культура должна тесно взаимодействовать с гуманистическими идеями мировой культуры, поскольку будущее духовной культуры измеряется объемом социального

мировоззрения. Исследуя мировые процессы по вопросу воспитания будущих специалистов, необходимо проявление воли и разума, а также знаний в развитии искусства.

### *Литература*

1. *Макотрова Г.В. Школа исследовательской культуры. (Электронный ресурс): учеб.пособие. /Под ред. Проф. И.Ф. Исаева.-2-е изд. Стер. –М.Флинта, 2014.-300с.*
2. *Бахтин М.М. «Философская эстетика» 1920-х годов. –М.: Русские словари; Языки славянских культур, 2003. -957с.*
3. *Валиханов Ч. Этнографическое наследие казахов. Астана, Алтын китап, 2007.*
4. *Алтынсарин Ы. Избранные произведения в 3-х томах.-2 том.-Алма-Ата, 1976.*
5. *Абай Кунанбаев. Избранное. Пер.с каз.под ред. Л.Соболева. –Алма-Ата: Худ.лит., 1945.*
6. *Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство (Текст)-Алма-Ата: Онер. Т.1.-1986.-256с.; Т.2.-1987.-288С., Т.3.-1987.-288С.*
7. *Узакбаева С.А., К.Ж. Кожжахметова. Использование материалов Казахской этнопедагогике при изучении педагогических дисциплин. - Алматы, 1997г.*
8. *Доклад президента РК Н.А. Назарбаева в «Всемирном форуме духовной культуры».- г. Астана, 2011. 18 октября.*

УДК.159.922

## **ТҮЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ**

Р.С. Кинжекова - п.ғ.к, доцент

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

*Ключевые слова: межличностное общение, этнокультурное, лингвокультурное, языковое пространство, самобытность нации, познание.*

*Резюме: В статье анализируется этнокультурный характер межличностного общения-речи, мышления, познания. Определены задачи осуществления общения в этнокультурном аспекте.*

*Keywords: interpersonal communication, ethnocultural, linguocultural, language space, national identity, cognition.*

*Summary: The article analyzes the ethno-cultural nature of interpersonal communication-speech, thinking, and cognition. The tasks of communication in the ethno-cultural aspect are defined.*

Соңғы кезде адамдар қарым-қатынасының жүйесін –сөйлеуін, ойлауын, танымын ұлттың этномәдениетінің табиғатын танытумен байланыстыру кең қолдау табуда. Бұл бағыт тілдік кеңістік пен мәдениет бірлігін, әр ұлттың өзіндік ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді. Үнді тілдерінің ішінде хопи тілін зерттеген американдық Уорф «Тіл, ой және шындық» (1956ж.) атты еңбегінде европа тілдерімен салыстыра келе тілдердің грамматикасының өзі сол тілде сөйлеуші халықтың мәдениетімен тығыз байланысты екеніне көз жеткізеді. Ол европа тілдерінде етістіктің үш шақтағы әрекетті білдіре алуы және ол әрекеттердің шындық өмірді бейнелеуі заңды құбылыс деп бағалайды. Өйткені, европа мәдениетіне тарихлық, болған оқиғаларды тіркеп отыру (болған күні, хронологиясы, жылнама жазу) тән. Ал үнді халқында уақыт түсінігі тым нәзік, күрделі және үнемі өзгеріп отыратын құбылыс көрінеді. Бұл тілде бір әрекеттің қашан басталып, қашан аяқталатыны туралы түсінік ала алмайсыз. Олардың пайымдауынша, бір кезде өтіп кеткен іс-әрекет қазірде де қайталанады, алайда дәл сол қалпында емес өзгеше болады деп түсінеді. Сондықтан өткен оқиғаларға мән берудің қажеттілігі төмендейді. Ал осы шақ бір іс-әрекетке дайындық ретінде түсіндіріледі. Бұл ойға қосылсақ, қазақ тілінде де іс-әрекеттің созылыңқылығын білдіретін- *айта бастады*,

*айтпақ болды, айтқысы келді*- етістіктерінің болуы халқымыздың өз мінезіне сай деуге болады [1].

Ж. Наурызбайдың «Оқушыларға этникалық-мәдени білім берудің ғылыми-педагогикалық негіздері» атты іргелі зерттеу еңбегінде оқушыларға этномәдени білім беру тұжырымдамасы мен моделін тіл саясаты тұжырымдамасымен байланыстырады. Оның ойынша, этномәдени білім беру- тұлғаның ұлттық-мәдени және тілдік сәйкестілігі мен этникалық топтың өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, басқа мәдениет құндылықтарын игертуге бағытталған білім беру үлгісі.

Автордың: «Мәдени-этникалық сұраныс көптеген факторлардың ықпалымен тарихи ұзақ уақытта қалыптасады. Бұған этностың саны, орналасу тығыздығы және жас ерекшелігі, білімділік деңгейі, әлеуметтік-кәсіптік құрамы және діни дәрежесі бойынша бөлінуі, этносаралық қарым-қатынастың шағын ортасы мен этносаралық байланыстың әлеуметтік ортасы және басқалар жатады. Бұл факторлар мәдени-этностық қажеттіліктің қалыптасуына мына жағдайларда анықтайды:

а) ана тілін дамыту, оны біліп, қарым-қатынастың түрлі саласында қолдану, көркем әдебиет пен баспасөзді оқу;

ә) өз халқының тарихын, ұлттық батырларын білу;

б) қазыналық мәдениетті (ұлттық тағам, киім, тағы басқалары) білу;

в) халықтық әдет-ғұрып пен ырым-жораларды (үйлену тойы, жерлеу, т.б.) білу және қолдау;

г) халық әндерін, ертегілерін, қиссалары мен аңыздарын, қазіргі ұлттық көркем мәдениетін білу», – деген ой-тұжырымымен толық келісуге болады.

Эномәдениет лингвомәдениетпен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып тұрады.

Этномәдени аспектіде қарым-қатынасты жүзеге асырудың мынадай міндеттері бар:

- Қарым-қатынасты жүзеге асырушылар халықтың шындық өмірді қабылдауы жөнінде сана қалыптастыру;

- Қарым-қатынасқа түсушілер социумның тілдік қарым-қатынас мәдениетін меңгерту, дағдыға айналдыру;

- тілдің қарым-қатынас құралдарын сөйлеуде дұрыс қолдана білуге үйрету.

Этномәдени бағытта қарым-қатынас орнатуда студенттерде мына мәселелер жөнінде түсінігі болуы керек:

- қазақ тілінде тілдік сана қалыптастыру негізі жөнінде;

- қазақ мәдениетінің негізгі бағыттары;

- қазақ этномәдениетінің ерекшеліктері турасында;

- мәдениетаралық қарым-қатынас негіздерін меңгеруі [2].

Сонымен бірге, этномәдени білім беруде мынадай іскерліктердің түрлерін қалыптастыруы керек:

- шын өмірлік ситуацияларда қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы;

- түрлі шын тілдік жағдайларда тілдік құрылымдарды қажетіне қарай қолдана алуы;

- мәдениетаралық диалогтарда студент басқа этнос мәдениетіне түсіністік танытуы

Басқа ұлт өкілдері бір-бірімен қарым-қатынас орнатуда дүниенің этномәдени бейнесі жөніндегі түсінігі, тілдік сана, қазақ халқының өмір сүру салты, әдет-ғұрпы жөніндегі түсінігі қалыптасуы керек.

Этномәдени қарым-қатынас *әрекеті, тілдік қарым-қатынас және сөйлеу үрдісі* арасындағы байланыс арқылы жүзеге асатыны белгілі. Сөйлеудің (айтылым мен жазылым) жүзеге асуы мен қабылдаудың (тыңдалым мен оқылым) және қарым-қатынас пен әрекет арасында тығыз байланыс бары белгілі. Адамдардың барлық ұйымдасқан әрекеті тілдік қарым-қатынас арқылы жүзеге асатыны сөзсіз. Адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу үшін олардың ортақ бір мақсатқа бағытталған әрекеттері болуы керек. Тіптен, көшеде өзіңіз іздеген үйді табу үшін бейтаныс біреуге сұрау салғанның өзінде сол адаммен екі ортада ортақ әрекетке түсесіз: алдымен мазалағаныңыз үшін кешірім сұрайсыз, сол арқылы көңілін өзіңізге

аударасыз, одан көмек сұрайсыз сол арқылы оның көңілін тоқтатасыз, іздеген үйіңіздің қай жерде екенін айтып, үйді сипаттайсыз, сол арқылы тыңдаушыңызды сізге қажетті әрекетке қатыстырасыз, ол үйді біраздан іздеп жүрген ренішіңізді айтып, өзіңіздің көңіл –күйіңізге ортақтастырасыз [1.32].

Бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруға қажетті жағдайлар:

- бірлескен іс-әрекетке бағатталуы (қайда, қашан, не мақсатта т.б.);
- бірлескен іс-әрекеттің мотивациясы ( өзара тиімділігі);
- бірлескен іс-әрекеттің қажеттілігін екеуара мойындауы;
- бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыратын ортақ әрекеттерді анықтау.

Белгілі бір мақсатқа бағытталған әрекеттен қарым-қатынастың айырмашылығы ол тікелей адамға бағытталады. Тілдік қарым-қатынас нақты әрекеттер түрінде емес, таңбалар арқылы жүзеге асып, есту және көру арқылы қабылданатыны белгілі. Қарым-қатынас жүзеге асу үшін:

1. Тыңдаушының көңілін өзіңе аудару;
2. Тыңдаушының сөйлеушіге көңіл тоқтатып тыңдауы;
3. Сөйлеушінің айтпақ ойын ұғынуы; (Бұл бір тілде сөйлеушілер арасында жылдам жүргізілсе, әр түрлі тілде сөйлеушілер арасында қиындық келтіреді)

Сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас вербальдық және вербальдық емес құралдар арқылы да жүргізіледі. Вербальдық тілдік құралдар арқылы дыбыстау таңбалар түрінде болса, вербальдық емес адамның бет құбылысы, киім-киісі, униформалар, жеке көлігінің түрі арқылы да сөйлеуші жөнінде мәлімет береді.

Ақпаратты жіберуді және қабылдауды, тұлғааралық және бұқаралық коммуникация процесін, сөйлеушінің сөйлеу мәнерінің мотивация факторларын зерттеуде психология және психолингвистика ғылымдары жақсы жетістіктерге жетіп жүр [1.19]. Қарым – қатынас - ақпарат алмасу. Тілдік қарым-қатынас жүзеге асу үшін сөйлеуші мен тыңдаушы жалпыға түсінікті білім жүйесімен қатар, сөздің сол тілге тән «*терең*» мағынасын да түсіне білуі керек. Әсіресе, бұл өзге тілді меңгерушілер үшін маңызды. Мысалы, орыс тіліне енген латын тілінің *гонор (honor)* сөзінің о бастағы мағынасы рыцарларға қатысты *ар, намыс* (честь) болса, орыс мәдениеті оны тым мәнерлі, екіұшты ұғым ретінде қабылдап, бұл сөз *менмендік, тәкаппарлық* деген мағынаға ие болды. Француз тілінен енген *сентименты* (сантименты), *сентиментальный* сөзі орыс тілінің *чувство, чувствительный* сөздеріне қарағанда келеңсіздеу мағынаға, сезімнің жағымсыз, жасанды екендігін білдіретін коннотацияға ие болды. Бұл айтылғандардан орыс халқының мінезіне жат тым әсерлеу, жалғандық, құр мақтану сезімдерін қабылдай алмайтындығын байқаймыз.

Орыс тіліне түркі тілінен енген *богатырь* сөзі Киев Русі кезінде мыңдаған жылдар бұрын енген. Бұл сөз күшті, батыр, құдіретті деген мағынада мықты бала, спортшыларға әлі де қолданылып келеді. Сөздің халық санасына сіңуі өздерінің *Бог* сөзімен және *монастырь, псалтырь* сөздерімен үндес келуінен де болуы мүмкін.

Адамдар көне замандардың өзінде өздерінің жануарлармен ұқсас жақтарының бар екенін байқаған. Қажет жағдайда адамдардың мінез-құлқын, сыртқы түрін әсерлі, көркем бейнелегісі келсе, жан-жануарлардың атымен атаған. Дүниежүзі тілдеріндегі зооморфизмдер сол халықтың дүниені түсіну, қабылдау мәдениетінен ақпарат береді.

Мысалы, орыс халқы қоян деп қорқақ, жасқаншақ адамдарды атаса, американдықтар үшін өз ісін жылдам жасайтын адам, Африка халықтары үшін қоян - жылдамдықтың символы.

Орыс тілінде «баран» мен қазақша «қой» сөзінің түсініктері арасына теңдік қоя алмаймыз. Орыс халқы қойды қыңыр, жөнге жүрмейтін түлік деп түсінсе, қазақ үшін қой жуас, момын күн көрісінің мәні, тірлігінің тынысы деп бағалайды. Адамдарға қатысты да «қойдан жуас», «қой аузынан шөп алмас» ұғымдары пайда болған.

Қасқыр зоомонимі - орыс халқында ашулы, арам ниетті, жан-жағына сезікті, жалғыз жүретін адамның бейнесі. Бұған қатысты сөз тіркестері қалыптасқан: злой как волк, живет как волк, смотрит волком, голодный как волк т.б. Ал қазақ халқында алғыр, ер жүрек, ештеңеден қаймықпайтын адамды қасқырға теңейді.

Халықтың санасында кейіннен пайда болған бейнелер негізінде пайда болған сөздермен қатар халықтың «балаң» кезінде қалыптасқан түсініктер сөздік қордың негізін құрайды. Мысалы, орынсыз айтылған сөзді «жүрегіме қанжар сұққандай болды» дейміз. Орыс тілінде «Это меня поразило», «Это меня ошеломило» Бұлар сонау жаугершілік заманнан қалған түсініктер халықтың санасында сақталып, біздің тіліміздің экспресті - эмоциональды бояуын қоюландыра түседі. Сөзде халықтың мындаған жылдар бойғы сақталған рухани қазынасы қарапайым адамның санасында бекіп, сол халықтың өзіне тән мінез-құлқын, философиясын, өмірлік қағидаларын айқындайды. «Қоғамдық сана мен жаңа бағыттағы зерттеулер деңгейі контекстінде ұлттың болмысын дәлелдейтін күшті құрал – ұлттық тіл екенін сезіну зерттеу мәселесіне бұрынғыдан басқаша келу талабын қойып отыр: атап айтқанда, ұлттық тіл ерекшелігінің сырын, табиғатын сол тілде сөйлеуші ұлт өкілінің рухани, психологиялық, әлеуметтік т.б. сипаттарымен біртұтастықта зерттеу»-деп атап көрсетеді профессор Ж. А. Манкеева [3]. Сондықтан да тілді тек қарым-қатынас құралы немесе ойды құрастырушы құрал деп қана қарастырмай, әрбір сөздің мәнінен халықтың жанын, болмысын танытуға күш салуы керек.

Тіл мәселесінде де қазақтардың түсінігі өзгеше. Бұл алдымен тұрақты сөз тіркестерінде: сөйлеу, ойын жеткізу мүмкіндігін - *тілге жүйрік, тілге шешен, тілі ащы, тілі тәтті, тілі қысқа, тілі ұзын*; сөзден жаңылу, орынсыз сөйлеу – *тілінен таяқ жеу, тілден жазу, тілден сүріну, тіл қайтару, тіл тию, тілі күрмелу*; бос сөйлеу, сөзі мен ісі үйлеспеген жағдайда – *тілімен бидай қуыру, тілімен орақ ору, тілі мен жағына сүйену, тілімен тындыру, тілінен жазу*; тіпті адамның о дүниеге аттанар сәтін де тілмен байланыстырады – *тілі күрмелу, тілі қимылдамау, тілі байлану* т.б.

Тіл тек адамдардың қарым-қатынасын ғана жүзеге асырып қоймаған. Өмірлік жиған тәжірибелерін де ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жеткізіп отырған. Қазақтың дау-дамайы да билердің бір ауыз сөзі арқылы шешілгені белгілі [4].

«Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап ісін ал» -дейді Абай. Дұрыстап сөйлей алмайтын адамның ісінде де береке жоқ. Әдепті адамның тілі де жұмсақ, сөзі де жағымды, ойы да қисынды. Басқа пәле –тілден деп әдептен аспай сөйлеуге, орынсыз біреуді ғайбаттамауға, әр сөзінді ойланып айтуға тәрбиелейді. «Тәрбие басы-тіл»- бұл көне түркілер дәуірінен келе жатқан сөз. Махмуд Кашкаридың атақты сөздігінде кездеседі. Әр отбасында ана тілінен нәр алып, ана тілінде тәрбиеленбеген бала өз ұлтының толыққанды өкілі бола алмайтыны дәлелденген жайт. «Бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе, өз ұлтына қызмет ете алмайды»-деген қазақтың азаматы Жүсіпбек Аймауытов. Адамның адамдық болмысын айқындайтын қасиеттер көп. Бірақ солардың арасында негізгісі де, маңыздысы да адамдардың өзара қарым-қатынас жасап, пікір алмасып, өзара әрекеттесіп қоғамды дамытушы күші –тіл екенін дұрыс түсінген. «Тіл-адамның адамдық қасиетінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі»- деп қорытқан Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл –ақылдың өлшемі. Ақылды адам тауып сөйлейді, ақылсыз адам қауып сөйлейді. Қазақ жұрты күні бүгінге дейін адамдарды сөзіне қарап бағалайды. Мақалдап-мәтелдеп, шешен сөйлей білетін ел басшыларын риза болып, ісіне де сондай шығар деп түйіндейді. Әр түрлі тілдер тек дыбыстық, сөздік жағынан ғана бөлек емес, бұл - түрлі мәдениеттің көрінісі. Сондықтан, әр сөздің мағынасын біліп қана қоймай мәдени ұғымымен де сәйкестендіру керек.

Тәуелсіздік алған жылдан бастап жан-жақты жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанда этномәдени білім беру мен осы саланы зерттейтін ғылым қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық-теориялық негіздері қалыптасты. Тәуелсіз елімізде оқушыларға этностық-мәдени білім берудің әдіснамалық, теориялық және практикалық мәселелерін шешуде Н.Ә. Назарбаевтың өкімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасында мәдени-этникалық білім беру» тұжырымдамасының маңызы зор болды. Бұл ғылыми-теориялық құжат өмір қажеттілігінен туындады. Тәуелсіздік алған күннен бастап Қазақстан Республикасы адамның ұлтына қарамастан оның құқықтары мен бостандықтарын тануға, ұлттардың тең құқықтылығы мен этносаралық тұрақтылықтың сақталуына, қазақстандық патриотизмнің кеңінен тарап, халықтың этностық-мәдени мүдделерінің іске



асуына бағытталды. Білім беру саласында да оң өзгерістер қанат жайды: жаңа типті оқу орындары өмірге келді, жаңа буын оқулықтары әзірленді, ұлттық тәлім бағдарламалары іске асырыла бастады, мектепке ұлттық құндылықтар орала бастады. Дегенмен, соңғы жылдары жақсы бағыт алған оң өзгерістер түрлі білім беру жүйесіндегі реформалардың көлеңкесінде қалды. Оқыту мен тәрбиенің этномәдени бағыттылығы Қазақстан Республикасындағы қазіргі білім беру саясатындағы басты бағыттардың бірі болуы тиіс..

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.А. Брагина, В.В. Дронов и др. Лингвокультуроведческие аспекты формирования языкового сознания иностранных студентов в процессе изучения русского языка.- Москва, 2008г
2. Ж.Р.Бәшірова Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы//Оқу құралы.-Алматы«Қазақ университеті», 2011ж -19б.
3. Ж.А. Манкеева Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері-Алматы, 2008.
4. Әбдуали Қайдар Қазақтар ана тілі әлемінде (Этнолингвистикалық сөздік) I том. Алматы, 2009
5. С.Б.Бабаев Тұлғалық педагогика//Педагогикалық теория негіздері. Оқу құралы.- Алматы, 2013ж
6. А.Қалыш Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестер//Оқу құралы.- Алматы «Қазақ университеті», 2015ж

**ӘОК 37-43**

## **ХАЛЫҚТЫҚ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ**

*Губашева Айман, педагогика ғылымдарының магистрі*

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы*

**Кілттік сөздер:**Халықтық қолданбалы өнер, этнопедагогика, этнопедагогикалық тәрбие, этнопедагогикалық құндылық, ою-өрнек,халық мұрасы, халықтық салт-дәстүр, қолөнер.

**Түйіндеме:** Мақалада халықтық қолданбалы өнер арқылы оқушыларға этнопедагогикалық тәрбие беруде бүгінгі білім беру жүйесінің алдына ұлттық мұраларға, ұлттық мәдениетке деген құрметпен қатар, оларды бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалану негізгі орын алатынына аса мән берілген.

Халықтық қолданбалы өнер арқылы оқушыларға этнопедагогикалық тәрбие беру арқылы тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасын құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы этнопедагогикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласында, ұлттық жаңғыру ұғымы ұлттық сананың кемелденуін білдіретіндігі айтылған. Сондай-ақ, осы мақалада қазақ халқының «ұлттық салт-дәстүрі, қолөнері, мәдениеті, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухы мәңгі қалуға тиістігі» атап өтілген. Ал бұл болса, балалардың ұлттық санасын дамытуға ықпал ететін халықтық қолданбалы өнерін, олардың бойына ерте жастан сіңіру қажеттілігін көрсетеді[1].

Халықтық қолданбалы өнер құралдары –қолөнерінің түрлері ерте жастағы балалардың қабылдау, қиял, зейін, жады, ойлау психикалық құбылыстарына, сөйлеу коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуіне, тілін дамытуға тез ықпал етіп, олардың танымдық белсенділігін арттырады. Өйткені халықтық қолданбалы өнер құралдарының бай табиғаты, бар болмысы балалардың заттар мен құбылыстар, адами қатынас, отбасы, табиғат, өмір және т.б. туралы білімдерді олардың сөйлеу, айту, сипап-сезу, ұстап көру, жасай алуы арқылы жүзеге асуына мүмкіндіктер береді. Әсіресе, халық шығармашылығы құралдары ерте жастағы балалардың «қажетсінуден-күштарлыққа, күштарлықтан байқауға, байқаудан-білуге, білуден-үйренуге, үйренуден-жасап көру» сұраныстарын қанағаттандырып, танымдық әрекеттерін белсендіреді. Халықтық қолданбалы өнер құралдары бір жағынан ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін арттыруға әсер етсе, екінші жағынан олардың тұлғалық ерекшеліктерінің ұлттық негізде қалыптасуына ықпал етеді. Олай болса, халықтық қолданбалы өнер түрлерін ерте жастағы балалардың ерекшеліктеріне сәйкес саралап, жіктеп, олардың осы бағыттағы мүмкіндіктерін анықтап, пайдаланудың жолдарын айқындап практикаға енгізу қажет.

Қазақ халқының ұлттық мәдениетін сақтап, оны келер ұрпаққа жаңа көзқараспен жетілдіріп жеткізуде білім беру ісі басты құрал болып саналады. Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, оның қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Білім берудің негізгі мақсаты – білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның белсенді азаматы – бүгінгі оқушы тұлғасын қалыптастыру.

Ұлттық мәдениеттің негізі болып табылатын этнопедагогикалық білім беру мен ұлттық тәрбие берудің басты құралдарының бірі – ұлттық өнер екендігі белгілі. Ұлттық өнер – ата-бабаларымыздан келе жатқан, ұлттық санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде қалыптасқан өнер түрі.

Халықтың рухани, мәдени әлемі оның дәстүрлі өнерінен көрінеді және тиісті өз орнын алады. Ұлттық өнер, халқымыздың қолданбалы өнерінің ең биік жетістіктерінің бірі. Бүгінгі күнге дейін өмірде пайдаланылып келген ою-өрнектер, сәндік, әшекейлік өнерлер талай ұрпақтың ақыл-ойы мен шеберлігінің жемісі. Біздің мақсатымыз, ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан ұлттық өнерімізді ұмытпай, келесі ұрпаққа аманат етіп жеткізу, ұлттық мәдениетте өзіндік орнын көрсету және де мүмкіндігінше қазақ сәндік қолөнерінің өзіне ғана тән құндылықтарын, халықтың мінез-құлқын, жалпы адамзаттар мәдениеттерқатарынан көрсете білу. Осы мақсатқа жету үшін қазақ қол өнері арқылы оқушының эстетикалық талғамын қалыптастыруды теориялық және тәжірибелік тұрғыдан қарастыру қажеттігі туындап отыр.

Бүгінгі жағдайда оқушылардың санасында, ой-өрісінде, жалпы азаматтық, адамзаттық рухани құндылықтар мен жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, оқушы тұлғасының даму барысын психологиялық жан-жақты және үздіксіз зерттеу, оның даралық ерекшеліктерін танып, дұрыс бағытта дамыту, әртүрлі әлеуметтік және моральдық психологиялық жағдайларда қолдау көрсету және қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында жаңа азаматты қазақтың ұлттық өнері арқылы қалыптастыру мәселесінің маңыздылығы мен көкейтестілігі күннен күнге артып отыр. Сондықтан, білім беру жүйесін реформалау саясаты ең біріншіден – еңбек, технология, кәсіптік білім беру сияқты өмір талабына қойылатын сұранысқа сәйкес жүргізу, екіншіден – оқу үрдісіндегі білім беру мен ұлттық тәрбие бірлігін сабақтастыра отырып, білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір оқушының дербес ерекшелігін ескеріп, қабілетіне, белсенділігіне сәйкес бағдар ұстау болып отыр. Бұдан ұлттық тәрбие мәселесіне бұрын соңды көңіл бөлінбеген деген ой туындамау керек. Оған этнопедагогика саласындағы зерттеулер дәлел бола алады. Дегенмен де, қазіргі қоғамның ғылыми, әлеуметтік, практикалық

талабына, тәрбие беру мақсатын жүзеге асыру қажеттілігіне сай, оқу-тәрбие үрдісінде жергілікті жердің экономикалық, экологиялық, және этномәдени ерекшеліктерін ескере отырып, технология сабағында оқушыларға ұлттық тәрбиеберу арқылы эстетикалық танымын дамыту мәселелері әлі күнге дейін шешімін толық тапқан жоқ.

Әр халықтың рухани әлемі, ең алдымен оның дәстүрлі өнерінен көрінетіні мәлім. Сол себепті Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы жағдайымен бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің негізіне – қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған, уақыт сынынан өтіп, сараланған ұлттық тәлім-тәрбиесінің, ұлттық қолөнерінің бай қазынасы, мол тәжірибесі алынып отырғаны мәлім. Өйткені жастардың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп дүниеге дұрыс көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық.

Технология пәнін жүргізу барысында оқушылардың біліктілігін жетілдіру, қол өнер бұйымдарын жасай білуге үйрету және дағдысын қалыптастыру басты орында тұрғанның өзінде оларға дәстүрлі өнер мұраларын таныстыру, сол арқылы олардың көркемдік талғамын, эстетикалық танымын жетілдіру мәселесі де естен шығарылмауы тиіс. Бұлай дейтініміз, ұлттық қолөнер бұйымдары мектептегі «Технология» бағдарламасындағы жетекші орындардың бірі болып саналады. Оқушыларды ұлттық өнер туындыларымен таныстырып, олардың біліктілігін жетілдіріп, қол өнер бұйымдарына жеткілікті дәрежеде баға беру сапасын арттыру, сол арқылы баланың этномәдени танымына дамытуда игі әсер ету мәселесі артта қалып келеді. Ол оқушылардың төмендегідей қасиеттерін қалыптастырып, дамыта түсуге жағдай жасайды деп ойлаймыз:

а) ұлттық өнердің негізінде жасөспірімнің этнопедагогикалық танымын қалыптастыру олардың көру, қарастыру, талдау және сөйлеу мәдениетін, талғампаздық қасиетін жетілдіріп, этномәдени, сезімдік тәжірибесін дамытады;

ә) оқушының ұлттық өнер туралы терминдер жаңа ұғымдарды толығырақ меңгеруі оның этнопедагогика танымын тереңірек қалыптастыра отырып, ұлттық қолөнерінің образды мәнін тереңірек түсінуге, ол туралы толық мағлұмат айту мүмкіндігін молайтады;

б) ұлттық өнерге деген өзінің көзқарасын басқаларға түсінікті тілде жеткізе білуге үйретеді;

в) ұлттық өнер арқылы жеткіншек ұрпақтың эстетикалық танымын қалыптастырып, оған этнопедагогикалық тәрбие беру барысында ұлттық мәдени мол қазынаны, рухани тәжірибені тануға үйрету оқушылардың ұлтына деген сүйіспеншілік қасиетін қалыптастырып, оның сезімін тәрбиелейді, эстетикалық танымын дамытады.[2]

Ұлттық мәдениеттің маңызы және оның жеке тұлғаның рухани дамуына тигізер әсері туралы ой-пікірлердің қалыптасуына қазақ ғалымдары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтың қосқан үлесі зор. Олардың еңбектерінде жас ұрпақтардың тәрбиесіне байланысты өзекті мәселелер бойынша өте құнды пікірлер айтылған.

Жас ұрпаққа ұлттық, патриоттық негізде этномәдени тәрбие берудің негізгі құралдарының бірі – ұлттық өнер. Ұлттық қолөнерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін С.Қасиманов, А.Тәжімұратов, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Сондай-ақ, ұрпақ тәрбиесі туралы түйінделген ойлар, жасалған тұжырымдар тарихшы, этнограф, философ, психолог ғалымдар Т.Бәсенов, М.Мұқанов, Ә.Нысанбаев, А.Сейдімбеков, т.б. зерттеулерінде айрықша орын алған.

Қазақстанда жалпы білім беретін мектептерде бейнелеу өнері мен қолөнерін оқытудың теориялық, әдістемелік, тәжірибелік мәселелері Ә.Қамақов, С.Ұзақбаева, Қ.Әмірғазин, Е.Асылханов, Б.Әлмұханбетов, Ж.Балкенов, Қ.Ералин, О.Сатқанов, С.Жолдасбекова т.б. еңбектерінде қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің тарихы және бейнелеу өнері арқылы ұлттық, этнопедагогикалық тәрбие беруде халықтық педагогиканы басшылыққа ала отырып жүргізудің жолдарын қарастырған.

Соңғы жылдарда қазақстандық ғалымдардың зерттеу жұмыстарында оқушылар мен студенттерге ұлттық тәрбие беру мақсатында өнер түрлерін пайдалану жолдары қарастырылып,

педагогикалық мүмкіндіктері ашылып көрсетілген (М.Х.Балтабаев, Т.А.Қышқашбаев, Р.К.Дүйсембінова) зерттеулерінде халық музыкасы арқылы, Ф.Жұмабекова, Қ.Болатбаев, Б.Жиентаева т.б. бейнелеу, технология сабақтарында қолөнер арқылы ұлттық тәрбие беру мәселелері қарастырылған.

Сонымен бірге, оқушыларға, студенттерге ұлттық қолөнер арқылы этнопедагогикалық тәрбие беру мәселесі бойынша Ш.Ақбаева, А.Ералина, Ж.Мұнашова, П.Абашева, З.Айдарова, Ұ.М.Әбдіғашпарова, Ө.Заимоғлу, С.Ш.Әлімбаева т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстарына тап өтуге болады.

Бұл ғылыми-педагогикалық еңбектерде жалпы білім беретін мектептерде және жоғары оқу орындарында студенттер мен оқушыларды қолөнерге баулу және сол арқылы тәрбиеленуші жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейту, эстетикалық талғамын тәрбиелеу мәселелері жөнінен аса маңызды тақырыптар зерттелген.[3]

Ұлттық қолөнер арқылы этнопедагогикалық тәрбие беру, мектеп оқушыларының ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту, танымын қалыптастыру мәселелерін зерттеуде Әл-Фараби, Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, И.Ф.Герbart, А.Дистервег, К.Д. Ушинский, Ы. Алтынсарин және т.б. оқыту арқылы оқушылардың ақыл-ой қабілеттері мен дербестігін дамытуға баса назар аударған.

Сонымен, біздің байқауымызша, ұлттық өнер арқылы жеткіншек ұрпақтың этномәдени танымын қалыптастыру проблемасы ғалымдармен жан-жақты қарастырған, атап айтсақ ұрпақ тәрбиесі туралы түйінделген ойлар, жасалған тұжырымдар тарихшы, этнограф, философ, психолог, педагог ғалымдардың еңбектерінде орын алған. Осы жағдай ұлттық өнер арқылы жеткіншек ұрпақтың этномәдени танымын қалыптастыру проблемасы маңызды екенін көрсетіп отыр.

Еуразия құрлығының нақ жүрегіндегі шетсіз-шексіз далада, биік таулар мен мыңжылдық көлдер аралығында көшпенділер ортасында өзіндік ерекшелігі бар, табиғатты қадір тұтатын айрықша мәдениет өмірге келді. Ол моңғол және түрік халықтары мәдениетінің қосындысынан пайда болып, кейінірек ислам және парсылық дүниетаным әсерімен байи түсті. Ол кезде әлі Қазақстан мемлекеті болмаған еді. Алайда, сол заманның өзінде көп ғасырлық ортақ мәдениет қалыптаса бастады. Еркін деген ұғымды білдіретін «қазақ» атауының өзі кейінірек пайда болды (XIV-XV ғасырларда).[4]

Білім жөнінен артық, басқа өздері сияқтылар арасында осынау мәдениеттің алатын орынын анықтауға деген айрықша құштарлықтан, қандай да болсын біртұтас, ділі де, тілі де бір, (түркітілді), мекендеген жерлері ұқсас Дала тайпаларының бірлестігін құру қажеттілігі пайда болды. Осылайша, мемлекеттің пайда болуына алдына-ала жол ашқан, көшпенділердің кеңістік пен уақыт жөніндегі үнемі қозғалыс жағдайындағы күрделі таным білімі және рухани ұғымдарына негізделген еркін мәдениеті туды. Кейінірек осынау жоғары дамыған, көпқұрылымды мәдениет жаңа білімдермен және отырықшы өмірге тән қағидалармен байи түсті. Оның құрамында тек далалық, көшпенді этностардың өкілдері ғана пайда болған жоқ. Қазіргі кезде мәдениет: түпнұсқалық қазақ мәдениеті (дәстүрлер, салт-жоралғылар, тіл, және т.б. сақталған) және бүгін біздің елде тұрып жатқан көптеген (130-дан астам) этностың ерекшеліктерін сіңірген қазақстандық мәдениет боп дамуда. Бүгінгі Қазақстан мәдениеті – қазақстандық халықтың тұрмыс-салттары мен әр алуан рухани және материалдық формада айқын байқалатын этнопедагогикалық құндылықтарының кешені. Мәдениет табиғи күшіне сәйкес өзінің шығармашылық қуатын дамытып және байытып, әлемдік ұлттық мәдениеттер отбасында алатын дара орынмен қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, білім беру және мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселесіне жаңаша ойлаумен қаруды талап етеді. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үрдісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын» қалыптастыру негізінде құру керек» деп баса көрсетті. Бала бойына азаматтық тәрбиені сіңіру мақсатында жалпы педагогтардың іс-тәжірибесінде қолданылып жүргені бәрімізге аян. Өздеріңізге белгілі қазіргі жаһандану үрдісінде елімізде бәсекеге қабілетті ұрпақ

тәрбиелеу басты назарда болып отыр. Бәсекеге қаблетті ұрпақты жан-жақты қылып тәрбиелеу үшін алдымен жан қазынасының негіздерінің бірі, сенімділік пен шындықтың бастауына үңілу керек.

Оқыту, білім беру, тәрбиелеу – баланың ішкі жан – дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған оқушылар екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. Кез-келген мектептің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет.

Ұрпаққа берілетін ең өзекті идеясына халықтың адами қасиеттері тұғыр болуы тиіс. Қай халық болсын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі тәрбие. Тәрбие мәңгілік және адамзаттық. Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа мирасқа қалып отырады. Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Тәрбиенің негізгісі – ол ғибратты, ғасыр бойы бойымызға салт-дәстүрмен берілген – ұлттық педагогика. Небір ғасырлар шектеулі шеңбер аясынан шырмауықтай шырмалып шыға алмай келген ұлттық тәрбиенің жаңа талапқа сай жаңғыртып өскелең жас ұрпаққа толыққанды тайға таңба басқандай жеткізсек, тапсырмас тағлым болары сөзсіз. Рух дегеніміз – мәңгі шексіз, махаббат мен мейірімнен тұратын, әр адамның ой, сөз, ниет, пиғыл, іс-әрекетіне, өмірлік рухани ұстанымдармен тікелей байланысты, таза сана мен ақыл, күш-қуат, бірлікке негізделген ғаламдық, өрістік-ақпараттық жүйе. [5]

Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды азаматтық жүйеге тоғыстыру. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен – ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады.

Этнопедагогика құндылықтар арқылы оқушыларды азаматтыққа тәрбиелеуде толыққанды жетілген адамзат тәрбиелеуге болады. Ұлттық тәрбие мен білім беруде адам дамуының рухани үйлесімділігін түйсінуді қамтамасыз етеді.

Сондықтан келер ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру өзегі ұлттық құндылықтар негізінде азаматтық тәрбиені қалыптастыруда жатыр деп түсінеміз және ол кезек күттірмейтін мәселе. Жас ұрпақты азаматтыққа тәрбиелеу қай елдің, қай кезеңнің болмасын маңызды мәселесі болып келгеніне көз жеткізуге болады. Ендеше оқушыларға халқымыздың рухани байлығын, мәдениетін, салт-дәстүрін, терең таныстырып, ойшылдарымыздың ой пікірлерін оқу-тәрбие ісінің тірегіне айналдыру, яғни, азаматтық тәрбиенің жаңарған жүйесін жасау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Егеменді Қазақстан. 12 сәуір 2017.
2. Ж. Артыкбаев. «Этнология және этнография». Астана, 2001 ж.
3. Наурызбаев «Этномәдени білім» Алматы, 1999 ж.
4. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987. 121-бет.

ӘОК 37-57

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РОЛІ

Н.М.Какпанбаева, PhD докторы  
Г.Б.Акмурзиева, магистр  
Г.А.Нұрмұханова, аға оқытушы

Атырау инженерлік-гуманитарлық институты, Атырау қаласы

*Ключевые слова:* семья, этнос, этнокультура, ценность, гармония, поколение.

*Keywords:* family, ethnos, ethno-culture, value, harmony, generation.

*Аннотация:* В статье рассматриваются вопросы приобщения молодежи к семейной жизни через национальные ценности, вопросы преемственности поколений в психолого-педагогическом, этнографическом направлениях.

*Annotation:* The article deals with issues of introducing young people to family life through national values, issues of continuity of generations in psychological, pedagogical and ethnographic directions.

Адамзат отбасын құра отырып, сол шағын мемлекетке әлеуметтенеді, отбасылық құндылықтар қалыптастырады және әдет-ғұрып дәстүрлерін дамытады. Отбасы- отбасындағы қатынастар, отбасының құрылымы мен формасы тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топ.

Қазақстан Республикасының Конституциясында балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы екендігі көрсетіліп, сонымен қатар, отбасының міндеттері нақты көрсетілген.[2]

Бүгінгі күні отбасы тәрбиесін байланысты «Қазақстан-2030» бағдарламасында болашақ ұрпақты алыс болашақта қандай сапада көруіміз керектігі нақты айтылған. Сонымен бірге, өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті отбасы туралы Заңда, жоғары және орта білім тұжырымдамасында әрбір отбасына жүктелген.

Адамзат баласының отбасындағы тәрбиесі қай ғасырдың болсын өзекті мәселелерінің бірі болды. Ежелгі антикалық дәуірден бастап ойшылдар отбасылық тәрбие мен отбасылық өмірге дайындық жасау мәселесіне ерекше мән берген. Соның бір дәлелін грек ойшылы Платонның көзқарастарынан табамыз. Оның пікірінше, адамдар отбасын құру үшін болашақ өмірдегі серігінің қандай отбасынан шыққанын, оның әке-шешесі мен ата бабаларын жақсы білуі қажет деген тұжырым жасайды. Ал, белгілі ойшыл Аристотель болса, «отбасы - адамдардың қарым-қатынастарының ең бірінші түрі және ол- мемлекеттің бірінші кішігірім бөлігі» деп санаған. [3]

Қазіргі уақытта жастардың отбасыға және некеге деген қатынастары ерекше сипатта болып отыр. Өйткені көптеген бүгінгі жастар өз әріптестерімен қарым-қатынасқа түсуге, істі жауапкершілікпен орындауға үйренбей жатып, ойланбастан немесе неке құруға асығыс шешім қабылдайды. Көптеген зерттеулерде көрсеткендей, неке сәтті болуы үшін жастар жауапкершілікті ең басты орынға қоюлары керек. Кейбір жастар ерлі-зайыпты өмірдің бірінші жылында стресстік жағдайларға ұшырап, өмірлік қиындықтарға толық дайын емес болып шығады. Мұның салдарынан жас отбасылар дағдарысқа ұшырап, ажырасулар көптеп белең алып кетеді. Осы орайда, «Үйлену оңай, үй болу қиын» деген нақыл сөзі еріксіз еске түседі. Алып ұшпа-сезімдерінің салдарынан жастардың бір-бірінің өміріне жауапсыздығы белең алып,

«әкесіз бала», «жалғызбасты ана» деген ұғымдар белең алып отырғаны кімді де болса ойландырады.

Қазіргі жаһандану жағдайына жастарды неке құруға және болашақ отбасылық өмірге дайындау- өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде басты міндеттердің бірі болып табылады. Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде жастарды белгілі бір жасқа келгенде отбасын құруға толығымен дайын деп есептеген. Дегенмен, әлеуметтік ортаның мәдени-тарихи динамикасына орай, өсіп келе жатқан жас ұрпақты отбасын құруға арнайы дайындық жүргізу қажет. Толып жатқан әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық зерттеулер және этностық құндылықтар арқылы жастарды неке және отбасын құруға дайындау психологиялық жұмыстың басты мақсаты болып отыр.[3]

Нарық жағдайында, материалды құндылықтар басып болып тұрған уақытта отбасылық тәрбиеге негізгі психологиялық талап - махаббат болып табылады. Яғни, баланы сүйіп және күнделікті соны жетекшілікке алып қоймай жанжалдар туындатып отырса да, тіпті ол өзара қарым-қатынаста болмасын, мейірімін, олардың оған деген кіршіксіз махаббатын, жылуын үнемі сезінуі керек. Тек осы жағдайда ғана адамның ішкі әлемі дұрыс қалыптасып, сүйіспеншілік негізінде ғана адамгершілік құлықтық іс-әрекет жасалады, ал сүйіспеншілікке тек сүйіспеншілік қана үйретуі сөзсіз.

Қоғамдағы түбегейлі бетбұрыстарға орай, отбасылық қарым-қатынас сипатында, оған деген көзқарас жаңа сипатта көрініс беріп жүр. Ғылыми-экономикалық даму жағдайында ата-ана өз сезімдеріне, жүрегінің үніне, өз баласының қабілеттеріне сенімділікпен арқа сүйеуі керек. Осы орайда, ата-ана тәрбиеніңқандай жүйесін ұстануына тек өзі ғана шешім жасауы тиіс. Бұл жағдайда баланың жараланғыш нәзік жүрегі үшін оның отбасында сүйікті екенін сезіну, ата-анасы үшін қымбат екенін ұғыну болып табылады.[4]

Ғылыми зерттеулер көсеткендей, өскелең ұрпақтың қалыптасуындағы отбасының маңызды ролі оның бала дамуындағы әсерін және қайталанбастығымен, даралығымен және жақындығымен анықталады.

Адамзаттың рухани әлемі ең жоғарғы деңгейде меңгерілуімен ғана емес, сондай-ақ, ұлттық құндылықтар сипатында да көрінеді. Осы сипатты отбасылық өмірге дайындауда кіріктіру этностық құндылықтардың адамзат әлеміндегі орнын анықтайды. Тұлға өзінің еріктік әрекеттері мен мінез-құлқын ұйымдастыруда мақсатқа сәйкестілікті, тәсілдерді іздеуді, нәтижелерді бағалауды, яғни өзінің өмірлік бағытын білуі тиіс. Қазақ халқының бүгінге дейін жеткен ұлттық тарихын, демек даму кезеңдерін терең білмейінше, оның ұлттық құндылықтарын дәріптемейінше біз өзімізді өзіміз айқындай алмайтынымыз сөзсіз. Сондықтанда қазіргі кезеңдегі нақты өмір шындығына сәйкес алға қарай қадам басу және алға мақсат қою жөнінде әңгімелеп отырудың өзі артық. Әрбір ұлттың ұлттық құндылықтарына тілі, діні, ділі, мәдениеті мен салт-дәстүрлері мен ырым-жоралғылары кіреді. Осы құндылықтарымызды жастарға дәріптеу арқылы отбасылық өмірге дайындау болашақтың берік кепілі ақпараттар легі қоғамның дамуына оң ықпалын тигізумен қатар, жанымыз бен тәнімізге тән емес мінез-құлықтардың қалыптасуына алып келіп отыр.[1]

Этностық құндылықтар арқылы отбасылық өмірге дайындауда мінез-құлықтың әр түрлі жағымды жақтары «кісілік» ұғымның төңірегіне топтасады. Мұның басты белгілері: ар-ұятты қастерлеп сақтау, намыстылық, мейірімділік пен қайырымдылық, ізеттілік, қарапайымдылық, адамдық пен шыншылдық, ілтипаттылық пен кішіпейілділік болып табылады. Осындай белгілер жастардың бойында отбасылық жауапкершілік сезімінің жоғарылата отырып, оған деген жағымды қатынасты туындатары сөзсіз.

Отбасылық қатынастардың жай-күйін, сондай-ақ, оның өнегелік ахуалын, әлеуметтік, құрамын, демографиялық ерекшеліктерін ескеріп, жастарды оған дайындау және оған негізделген зерттеулерді жүргізу аса маңызды болып есептелінеді. Қазіргі таңда біздің ұлтымыз тарихи дамудың өзіндік жолынанөтіп, өзінің бай мұралары арқылы жалпы адамзаттық мәдени өркениетке аса зор үлесін қосуда. Ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар отбасылық өмірді ғылыми неіздеуде этнопсихологиямен тығыз астасып жатқанын айқын аңғартады. Қазақ халқындағы мәдениеттегі, әдебиеттегі, өнердегі, этнопсихологиядағы, ұлттық және

жалпыадамзаттық мәселердің басты тақырыбы жалпы және айрықша қасиеттері болып есептеледі. Жалпы алғанда-оларды жақындастырады, ал айрықша қасиеті болса сол, олардың әрқайсысы ерекше мәнге ие болып келетінінде болып табылады.

Психологиялық тұрғыда отбасына деген құндылықты көзқарастар арқылы студент-жастардың отбасылық өмірге деген жағымды қатынасын қалыптастыра, сонымен қатар, демографиялық, этнопсихологиялық, әлеуметтік, мәдени және өзге де факторларды мүкіят ескере отырып, отбасы тәрбиесін дамытудың жаңа бағытын анықтау заман талабы болып отыр. Осы орайда, басты мәселердің бірі - жастардың бойында құндылықтар негізінде отбасылық өмірге жауапкершілікпен қадам жасауды негіздеу болып отыр.

Педагогикалық - психологиялық тұрғыда отбасы ұғымына сипаттама берсек, ата-ана мен балалар арасындағы, ерлі-зайыптылардың және басқа да оның мүшелерінің қарым-қатынасының тарихи нақты жүйесі болып табылады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде отбасына - неке мен қандас туысқа негізделген шағын топ деп анықтама берілген. Отбасының ерекшелігі мынада: тұрмыстық жағдайдың ортақтығы, өзара көмек пен қолдау және өзара рухани жауапкершілік арқылы байланысқан.

Кез-келген отбасының өмір жағдайы материалдық және рухани құрылымдармен, тіпті құндылықтармен сипатталады. Оның табиғи-биологиялық және шаруашылық тұтыну қатынастары материалдық жағын білдірсе, ал, руханилықты құқықтық, адамгершілік және психологиялық қатынастар құрайды.

Отбасылық өмірге психологиялық дайындауда құндылықтардың негізделуіне орай ұлтымыздың рухани қазынасы сараланып, жағымды қатынас туындату жағдайы қарастырылады. Отбасында әке мен ананың қарым-қатынасы тұлғаның болашақтағы отбасы иесі ретінде қатыптасуының негізі болып табылатындығы тұжылырымдалады.

Екіншіден, жастарды отбасылық өмірге дайындауда қоғамның отбасының мектептің, яғни әлеуметтік институттардың рөлі теориялық тұжырымдалып, олардың әрқайсының орны жүйеленді. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы әлеуметтік қатынастардың, яғни жаһандану жағдайының отбасылық өмірге тигізіп жатырған жағымсыз жақтары да сараланады. Отбасылық дағдарыстар мен шиеленістер себептері анықталып, қазіргі таңдағы түйткілді мәселелерді шешу жолдары бойынша тұжырымдар жүйеленді.

Отбасылық қарым-қатынастардың жай-күйін, сондай-ақ, оның өнегелік ахуалын, әлеуметтік, құрамын, демографиялық ерекшеліктерін ескеріп, жастарды оған дайындау және оған негізделген зерттеулерді жүргізу аса маңызды екендігі баса айтылады.

Қазіргі таңдағы еліміз тарихи дамудың өзіндік жолынан өткен, өзінің бай мұралары арқылы жалпы адамзаттық мәдени өркениетке зор үлесін қосу жағдайында дәстүрлер, әдет-ғұрыптар отбасылық өмірді ғылыми негіздеуде психологиямен тығыз астасып жатырғаны белгілі.

Сондықтан қазақ халқының мәдениетіндегі, әдебиетіндегі, өнердегі, психологиясындағы ұлттық және жалпыадамзаттық мәселелердің басты тақырыбы жалпы және айрықша қасиеттері болып есептеледі. Жалпы алғанда-оларды жақындастырады, ал айрықша қасиеті болса сол, олардың әрқайсысы ерекше мәнге ие болып келетінінде болып табылады.

Тұлға қоршаған әлеммен эмоциялық байланысқа түсе отырып, оны сезінеді, оқиғалардың мәнділігін түсінеді.

Жастардың мінез-құлық ерекшеліктері мен сезімдер тұрақтылығының жіті есепке алынуы болашақта ойдағыдай отбасын құрудың ең басты шарты болып белгіленіп келеді. Жастардың өзінің бойындағы мінезін білуі, болашақтағы жарының мінезінің ерекшеліктерін түсінуі, отбасылық қиындықтарға төзімділік пен ұстамдылық танытуы көп жағдайда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға мүмкіндік туғызып отыратыны сөзсіз. Қазіргі таңда отбасылық қарым-қатынаста ерлі-зайыптылардың бір-бірінің іс- әрекеттеріне баға беруде оң көзқарас танытып, оның үстіне төзімділік пен әділдік танытуы аса маңызды сипатқа ие болып отыр. Қазақ халқының қанына сіңген ізеттік пен имандылық қасиеттері отбасылық қарым-қатынасты үйлесімділікке алып келіп, оның беріктігінің діңгегі болады.

Қазіргі таңда отбасылық өмірде адами қасиеттерге баса назар аудару талап етілуде. Осы орайда, жауапкершілік, өзін-өзі ұстай білу, мақсаткерлік, дербестік, шешімділік, тұрақтылық,



қайсарлық, тәртіптілік пен өз сұранымын басқарудағы қабілеттілік сияқты қасиеттерді жастардың бойына сіңірту әлеуметтік институттардың алдында тұрған басты мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Жастарды отбасылық өмірге ұлттық құндылықтар негізінде дайындауда тұлғаның басты қасиеттерін назарда ұстау қажет. Демек, тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеудегі нәтижесінің көрінісі, яғни, ерік-жігер сапасының дамуы. Отбасылық өмірлік берік ұстанымда, қайсарлықта, қажет кезінде жоғары азаматтықта тұлғаның ерік-жігерінің сапасы көрініс табады.

Өмірдің өзі дәлелдеп отырғандай, кез-келген халықтың салт-дәстүрлері мен ырым-тыйымдары қоғам тарихының барысында қалыптасатыны белгілі. Әрбір қоғамдық-экономикалық формацияның даму кезеңінде, тақырыбымыздың өзегінде бар мәселе жаһандану жағдайында өзіндік салт-дәстүрлер жүйесі болды. Бұл өзіндік салт-дәстүрлер жүйесі экономикалық қатынастардың сипатына сәйкес өскелең ұрпақтың рухани жан дүниесін қалыптастырудың маңызды құралы қызметін атқаруы тиіс. Бұл жүйелер ішкі рулық әлеуметтік қатынастарды ретке келтіріп отырды. Бұл жағдай отбасылық қарым-қатынас барысында ұжымдық рулық-тайпалық қызметті ұйымдастырудың қажетті формасын қалыптастырып, әлеуметтік тәжірибені рулық-тайпалық салт-дәстүрлер мінез-құлықтың орныққан өлшемдерінің, көрсеткіштерінің және тәртіптерінің деңгейін анықтап, оны тарату қажеттілігін айқындаушы болып табылады.

Кейбір зерттеулерде ұрпақтан ұрпаққа жалғасы келе жатқан этностық мәдени жетістіктерді, құндылықтарды тарихи біріктіре отырып, адамзат тіршілігінің аксиологиялық және семантикалық кеңістігін белгілеуге болады деп көрсетеді (С.Қ. Бердібаев, А.Ж. Аяғанова). Әрбір этностың этномәдени құндылықтары ұлан-ғайыр шексіз болып табылады. Бұл этномәдени құндылықтар әртүрлі сипат пен мағыналар бере отырып, тұлға мен этностық әлем көрінісінен құруда ерекше авторлық формадағы ұлттық мәдени жағдайды шоғырландырылады. Осы шоғырландырулар арқылы жастардың отбасылық өмір туралы алғашқы білімдерін тереңдетіп, оны негіздеу басты, әрі маңызды мәселелердің бірі ретінде алға шығады.[5]

Қазіргі кезде жаһандану мен нарық жағдайында отбасы мәселелерінің арасында ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста түсінбеушілік пен келіспеушілік жиі орын алып отырғаны белгілі. Осының салдарынан біріне-бірі түсіністікпен және кешіріммен қарау процесі кешуілдеп, оларға психологиялық қызмет көрсету жағынан мәселе туындап отырғанына куә болып отырмыз. Осы орайда, қазіргі таңда отабасында орын алған қиындықтарды шешуге көмек көрсету жолдарын жан-жақты зерттеу қажеттігі туындап отыр. Әсіресе осы келеңсіздіктердің алдын алу үшін жастардың отбасылық өмірге дайындығы мәселесін зерттеу уақыт табылынан туындағаны сөзсіз. Бүгінгі жастарды отбасылық өмірге ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу мәселесі жоғардағы айтылған проблеманың шешу жолдарын іздестіруге мүмкіндік береді. Халықтың қанына сіңген дәстүрлі отбасылық-тұрмыстық мәдениетін зерттеуге арналған еңбектерді талдау барысында ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері сақталғанын байқауға болады. Дегенмен бұл жағдай уақыт талабына сәйкес біршама өзгерістерге ұшырағанын, нақтырақ айтқанда, еуразиялық мәдениеттің ықпалы күшейе түскенін, қазақ халқының отбасы тарихы, отбасылық функция және тәрбиенің идеялары мен дәстүрлері, олардың толық көлемде даму динамикасының барынша зерттеліп болмағанын көрсетеді.

Бүгінгі күні дүние жүзіндегі кез-келген халық сияқты, біздің елімізде де мәдени мұрағалардың құрамдас бөлігі болып табылатын отбасы мәселесінде терең педагогикалық-психологиялық идеялар мен тәрбиелік тәжірибелердің жиынтығы қордаланған. Отбасы тәрбиесі мен отбасылық қарым-қатынас мәселесі дүние жүзіндегі кез-келген ұлттың тұтас даму тарихы мен оның салт-дәстүріндегі, әдет-ғұрпындағы, фольклорындағы, ән-музыкасы мен қол өнеріндегі сондай-ақ көркем шығармалары мен тарихи этнопсихологиялық материалдарында аса бай негіздерін құрайды. Осы орайда, бұл бай тәжірибені игеру мен ғылыми жүйеге келтіру; келешек отбасы тәрбиесінде оны пайдаланудың ғылыми теориялық негіздерін жасау; отбасы тәрбиесіндегі этнопсихология негіздерін педагогтардың теориялық және практикалық қызметіне айналдыру; этностық құндылықтардың алғышарттарын жастарды отбасылық өмірге дайындау процесінде пайдалану аса маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы, 1996. Б.272.
2. Қазақстан Республикасының неке және отбасы туралы заңы. 17.12.1998ж.
3. Қоңырбаева С. Отбасы: бала мен ата-ана. Алматы, 2006. Б.199.
4. Жұмадуллаева А. Жастарды отбасы-некелік өмірге даярлаудың негізі ата-ана өнегесі.
5. Ибраимова Л. Қазақ халқының отбасылық тәрбиесі. Оқу әдістемелік құрал. А,Б.555

**ӘОК 37-78**

### **ЭТНОПЕДАГОГИКА – ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ ТҰҒЫРЫ**

А.Т.Ақыжанова, ф.ғ.к. ассоциациялық профессор  
Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті,

Қ.Қ.Құнапина, т.ғ.к., ассоциациялық профессор  
әл - Фараби ат.Қазақ Ұлттық университеті

*Тірек сөздер: ұлттық идеология, ұлттық құндылықтар, тыйым сөздер, мақал-мәтелдер.*

*Резюме. В данной статье поднимаются проблемы воспитания современного поколения. Расскрывается роль запретных слов-табу и пословиц в этом процессе.*

*Abstract. This article raises the problems of education of the modern generation. The role of taboo words and Proverbs in this process is revealed.*

Ұлы даланың тамыры тереңге жайылған, өмірден оқығанынан гөрі көңілге тоқығаны, түйгені мол ұлтымыздың сан алуан сынақтан осы күнге сүрінбей өтіп келе жатқаны – ұрпақ тәрбиелеудегі мүлтіксіз даналығының арқасы. Бұл даналыққа халқымыздың абыз ақыны Мұзафар Әлімбаев «Халық – ғажап тәлімгер» деп баға берген. [1] Алайда, қазіргі қоғам дамуының үдерісіне қарай халықтың дәстүрі мен санасында айтулы өзгерістің болып жатқаны мәлім. Өскелең өмірдің өсуімен салт пен сананың дамуы заңдылық, дей тұрғанмен, өркениеттер тоғысында ұлт тағдыры сынға түскен кезеңдегі күнделікті тіршілікте көзге түсіп жүрген кей жағдайлар алаңдаушылық туғызып, күнгейлі өмірдің көлеңкелі дағындай көрінетіні – шындық. Қазіргі адамдардың, әсіресе, жастардың бойындағы қаталдық, өзге тұрмақ өзін аямайтын қаттыбас оқшау жағдай, уыткерлікке берілушілік, ұятты мүшесіне қарамай жалаңаштану, бет-аузынан басқаның бәрін тұмшалап, сөлендеген киім кию, т.б. осындай халықтың дәстүр-салтында жоқ келеңсіз көріністің көлбеңдеп қалмауы еріксіз ой салады. Сол ойдың ұшығы бодандық кезеңнің зардабынан көмескі тартқан ұлттық тәрбиеге барып тіреледі. Ежелгі халықтық тәрбиеге үрке қарап, кертартпа ескішіл үлгі деп бағалаудың салдарынан халықтық тәрбие қағидалары ұмыт бола бастады. Бүгінгі барлық ата-ана халықтық тәрбиені біле бермеуі де мүмкін. Екіншіден, ашық қоғам болғандықтан да, жат жұрттық салт-сана иектеп, ел өміріне ентелей басып кіруде. Бұл – барлық өркениетті елдерге ортақ жағдай. Бұған қарсы тұратын ұлы күш бар, ол – ұлттық тәрбиені күшейту.

Соңғы жылдары ұлттық идеологияға көңіл бөлініп, қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың арқасында ғана ұлттық тәрбиенің тамырына қан жүгіріп, енді бел алып келеді. Бірақ осы мәселені қолға алу ата-аналар тарапынан толық жүзеге асты деп айту қиын.

Әр елдің өзінің ғасырлар бойы жасаған ұлттық құндылықтары – тарихтың қатал тезінен өтіп, ғасырлар өткелінде шындалып бүгінге жеткен асыл мұрасы, ұлттық коды. Асылы, халықтық тәрбие сол елдің тұрмыс-тіршілігіне, тарихи танымына, ой-санасына, дәстүріне сай қалыптасады. Бұл – атадан балаға қанымен беріліп, ес кірген шақта тәрбиемен шоқтанып, жас ұрпақтың жанына жалын беретін рухани ұлы күш. Мұны әр ата-ананың жүзеге асыруы қасиетті парызы екенін түсінгені жөн. Ұрпақтың жақсы-жаман болуы, алдымен, олардың бойына ата-ананың сіңірген үлгі-өнегесімен өлшенеді.

Халқымыз ғасырлардың небір талқысынан ұрпақтың бойына дарытқан рухани күшінің құдіреті арқасында аман өтті. Осы тәрбиенің нәрімен қазақтың болмысынан өлмес рухтың өрлігі өсті. Ата-бабамыз ұрпағын ұлттық тәрбиенің тұнығынан сусындата отырып, талай тар кезеңде қазақтық бейнесін жоғалтпай, елдігі мен өрлігін көрсете білген өмірлік жолы бұған куә. Қазіргі кезеңде біз үшін тәрбиенің кілті ұлттық сана мен ата дәстүрін адал сақтай отырып, халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан әрекет ете білуге ұрпақты үйретуде және адамзат қоғамы жасаған әлемдік адами құндылықтармен байыта отырып тәрбие мазмұнын жетілдіре түсуде.

Ұрпақ санасында ұлттық қасиеттерді қалыптастыру тіл мен дін, салт пен сана, ұлттық дәстүр арқылы жүзеге асады. Халқымыз ғасырлар бойы сайын даланың қатал табиғатымен бетпе-бет келгенде, шапқыншы жаумен шайқасқанда, бейбіт өмірдің мамыражай тірлігінде жинақталған бай тәжірибесінен көрген-түйген қорытындысы ретіндегі ырым-тыйым сөздердің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні қазір де жойылған жоқ. Ізгілікті аңсаудан туған ырымдар, бәле-жала кесапаттан сақтандыратын тыйымдардың тәрбиелік мәні әлі де өте зор. Ырымдар мен тыйымдар бұрындары халқымыздың әлеуметтік өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде жас буын тарапынан бұлжымай орындалып отырған. Тыйым сөздерді заң ретінде қабылдаған. Егер осы мәселеге тереңірек көз салсақ, ырымдар мен тыйымдар құқықтық норма деңгейінде қолданылғанын аңғарамыз. Әлеуметтік өмірдегі түрліше қарым-қатынаста адамдардың әрекеті үстінде көрсететін мінез-құлқын анықтайтын, жалпыға міндетті ережелердің жиынтығы ретінде танылады. Ырым-тыйым сөздерді халқымыз міне, осындай деңгейде пайдаланып, баршаға бірдей, міндетті түрде орындатқан. Мұның өзі қоғамдағы үлгі-өнеге, әдептіліктің негізгі қағидасы болып қалыптасқан. Сондықтан қазіргі біздің ортамызда олқы соғып отырған имандылықтың, сұйылып бара жатқан адамгершіліктің негізі болып саналатын тыйым сөздер кесел мен кесапат атаулыдан, жүгенсіздік, тәртіпсіздік атаулыдан сақтандырушы қалқан, инабаттылық пен ізгіліктің қайнары еді.

Атқарар қызметіне сай, тыйым сөздердің айтылу мәнінде, қолданылу бағытында айырма бар: тыйымдарда ой қысқа қайырылып, нақты талап, бұйрық мәнінде жеткізіледі. Мысалы, күлді баспа, ақты төкпе, көкті жұлма, ұяны бұзба. Тыйым сөздер балалардың есі кірген кезден-ақ қолданылғандықтан, ойы айқын, жас ерекшелігіне сай түсінікті, нақты тұжырымдарды білдіреді. Балаларды ертеден-ақ жаман әдет, жат қылықтан сақтандырады. Есі жаңа кірген кезден бастап ержеткенге дейін құлағында жүріп, жүрегінен орын алатыны сөзсіз. Мұндай өнегелі, мейірімді сезімге, адами құндылыққа үйрететін бұл сөздердің естілуі қатқылдау болғанымен, жас баланың жанына төгер шуағы мол, нұрлы. Қысқа да нұсқа, айтылу екіпіні де ерекше тіркестер шоғыры жас адамды сол айтылғанды орындауға еріксіз мойын ұсындырғандай. Өйткені ойлы, мағынасы терең бұл сөздер баланың өмірлік есте сақтауына да жеңіл, сөзсіз орындалуға тиісті өмірлік міндеттей мәнді тұжырымдар. Оны үлкендердің ұрпағына сөзсіз орындатуы халықтың бала тәрбиесіндегі ұстанымы болған.

Халықтық тәрбиенің тағы бір қайнар көзі – мақал-мәтелдер. «Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» деп, атаның тілін бала қайтару, айтқанын орындамау адамшылық жолдан таюмен тең саналған. Мұны көргенсіздік, шектен шыққандық деп білген. Сондықтан әр жас ата салтынан аспай, айтқанын қалтқысыз орындаған. Міне, қазақы тәрбиенің құдіретті ерекшелігі осы жерден көрінеді. Қазақ халқының ата дәстүріне беріктігін кезінде олармен қоян-қолтық араласқан өзге ұлт өкілдері де байқап, еңбектерінде атап көрсеткен. Солардың бірі – Э.С. Вульфсон. «Қазақ баласын үлкенді сыйлауға кішкентайынан үйретеді. Қарттардың үлкен құрметке ие болатыны сонша – үй-ішінде бір мәселе төңірегінде кеңес өтсе, бәрі де қарттың сөзіне тоқтауға мәжбүр. Қазақ балаға «егер қарттарды сыйласаң,

құдай сені сыйлайды» деген нақылды титтейінен миына құйып өсіреді. Егер үйге қарт ақсақал кіріп келсе, барлық жас түрегеліп бас иеді және әзіл-қалжың да кілт тыйылады» [2]. Ата салтын тәрбие үдерісінде басшылыққа алудың мәні де осыдан көрінеді. Осы дәстүр қайта қолға алынса, ата-ананы тыңдамайтын бала, тыңдата алмайтын ата-ана болмас еді. Қапысыз педагог -халық құнды бір қағиданы іркілмей ұсынады. «Өзін-өзі міней алмаған, басқаны түзей алмайды». Тәлім-тәрбие ісіне араласушыларға тікелей қатысты сөз. Әуелі өзің түзік бол. Өйткені «Тездің қасында қисық ағаш жатпайды».Өнегелі ұстаздың, үлгілі ата-ананың тәрбиесін көріп, тәлімін алғандар ішінен қиыр жайлап, шет қонар шектен шыққан қыңыр мінезділер шығуы мүмкін емес.

Адамды қалыптастыру қоғамдық қатынастар жүйесінде, мақсатты тәрбие жолымен жүргізіледі. Мұны дәлелдейтін қағида оқыту мен тәрбие берудің ғылыми теориясының бірден-бір негізі болып табылады. Педагогика ғылымы тұқым қуалаушылық факторлардың белгілі бір рөлі барлығын жоққа шығармайды, жеке бастың қабілеттері мен қасиеттері адамның өмірі мен қызмет процесінде қалыптасып, дамиды деп дәлелдейді. Табиғат адамға ішкі мүмкіншіліктер негізін салып береді,олар белгілі бір әлеуметтік жағдайларды болмаса, көзге көрінбей қалуы да мүмкін.Бұл оптимистік педагогиканың концепциясы, тәрбие мен оқыту ісінің барлық теориясы осыған негізделеді.

Халқымыздың ғасырлардан қалыптасқан дана ойы ғылыми педагогиканың теориясына еш қайшы емес, тіпті соған орайлас,өзектес, сабақтас десе болады. Халық өз педагогикасындағы уақыт сынына жарамаған, жас буын тәрбиесіне себі тмеген, не жаңсақтыққа ұрындырған қағидалардан ұдайы құтылып, үздіксіз арылып, озық ойлы, ілгерішіл,сыналған ережелерді, түйіндерді ұстанған, басшылыққа алған. «Көре-көре көсем боларсың». Бұл дегені, алдыңғылардан, ағалардан,өмір тәжірибесі бай, көрген-түйгені мол жандардан үлгі алуға , үйренуге шақырғаны.

Халық өнегемен тәрбиелеу тенденциясына еңбекпен тәрбиелеу тенденциясын ұштастырады. Өйткені сол үйренуге де еңбек, қажыр-қайрат қажет. Оны да ескертеді. «Оқу–инемен құдық қазғандай», «Ерінбеген етікші болады, ұялмаған әнші болады», «Білем десең – көре бер, көрем десең – жүре бер». Ілім-білімді меңгеріп, биік мақсаттарға жету маңдайың тершімей, қолма-қол тындыра салатын шаруа емес, оған қажымас қайрат,қаһарман табандылық, таудай талап қажет. Бүгін бейнетін шексең, тер төксең, ертең игілігін өзің көресің, елің көреді. Халық тілімен айтқанда, «Бейнет түбі – зейнет», түптің түбінде «Есесі қайтқан еңбек – игі». Алайда, кемеңгер ата-бабамыз не істесең де,ақылға салып істеуді, алаңғасар, алып ұшпа болмауды да ескерте кеткен. «Ақылсыз қайрат бас жарар».

Ата-бабаларымыздан қалған осы асыл сөздерді пайдалану үшін арнайы сабақ өткізу немесе белгілі бір аудиторияның болуы шарт емес. Іскер оқытушылар мен тәрбиешілер ғибратты сөздерді орайы келгенде, жүйесін тауып жастардың зердесіне құя алады.

Бүгінгі заман – керемет динамиканың, ұшқыр жылдамдықтың, қауырт қимылдың заманы. Соған ілесе білу қажет. Тоқмейілсу жер соқтырады, биікке шығармайды, алысқа апармайды. Ол – өсудің жолы емес.Көреген тәрбиеші халқымыз бұл турасында да «еңбектеп жүрсең де, ертеңіне ұмтыл», «Талаптыға нұр жауар», «Армансыз ұлан – қанатсыз қыран» деп түйіндеген. Елбасы Н.Назарбаев та «Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді» деп осыны меңзеп отыр. [3]

Мақал-мәтелдер де, тыйым сөздер де моральдық-этикалық, құқықтық нормалар сияқты қоғам мүшелерін игі мақсаттарға бағыттап, адамдар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Адамдардың өзара қарым-қатынасына байланысты туған тыйым сөздерде үлкен-кішінің арасындағы, әке мен балаға қатысты, ағайын арасындағы, адамның жеке басына байланысты тыйым сөздердің үлгілері бар,атап айтсақ, адамгершілік, әдептілік, имандылық, экологиялық, гигиеналық және тағы басқа.Олар: нанды баспау, дастарханды аттамау, табалдырықты баспау, үлкенге дауыс көтермеу, ата-ананың назасына қалмау, ағайынға пышақ, қайрақ, балта, ит сыйламау, әйелдің мінетін атының құйрық-жалын күземеу, некелілердің төсегіне отырмау, кіндігін көрсетпеу, неке қиылғанша тазалық сақтау,

Әдептілік – адамдармен қарым-қатынаста көрінетін сыпайыгершілік, ізеттілік таныту арқылы өз ортасында сүйкімді, жұғымды көрсететін ерекше қасиет. Ол адамгершілікпен,

имандылықпен қанаттас жүретін ұғым. Біздің мұны ерекше бөліп көрсетуіміз бүгінгі қоғам үшін орны мен маңызы ерекше болғандығынан. Мұндай сөздерге: үлкеннің алдын кесіп өтпе, үлкенге әрқашан орын бер, үлкеннен бұрын сөйлеме, үлкеннен бұрын тамаққа қол созба, топта даурығып сөйлеме, адамды қорлама, орынсыз күлме, қолыңды білеп сөйлеме, кісінің көзінше қасынба, мұрныңды шұқыма, кісінің үстінен аттама, тосып сөйле, кісіге қарап түкірме, т.б. жатады.

Кемеңгер халқымыздың педагогикасы тұрмыс-тірліктің ешбір қырын көзден таса қалдырмаған. «Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес. Оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады. Өзіне жоғарыдан қарайтын халықтар арасында бұл көшпенділердің де құрметті орын алатын кезі болады» [4] деп көрегендікпен топшылапты қазақ жанын жақсы түсінген ғалым А. Янушкевич.

«Қазақ халқының әдет-ғұрыптарында, аңыздарында, эпостарында, мінез-құлық белгілерінде бірегейліктің көптігі соншалықты, мол материал бере алатын осы тарихи мұрадан қазақ өмірі кейінде неғұрлым салауатты бағытта даму үшін элементтерді таба алады. Мейлі дала құнарының аңқасы кеуіп қалса да, мейлі табиғат шөлейтке төнген қатерге қарсы күресте дәрменсіз болса да, қазақ өмірі үшін халықтың рухани жан-тамырында күш-жігер мен құралдардың көл-көсір қайнар көзі бар, тек қазақтардың өздері осы қайнардан теріс айналмаса болғаны» депті қазақтардың адал сыншысы Г.Н. Потанин. [5]

Жаңа дәуір ұрпағы тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын». [3]

Өркениетті елдердің өрге тартқан көшінде, алға тартқан легінде халқымыздың замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерін, ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, тиімді жарастыра білуіміз қажет. Кемеңгерлеріміздің кемел ойларының мән-мағынасын, тағылымын жете таразылап, пайдамызға жарата білсек игі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. Алматы «Рауан». 1994
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір-антологиясы. // Вульфсон. Э.С. Қазақтар. 226 б.
3. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір-антологиясы. // А. Янушкевич. Г.З-ге хат. Аягөз, 12 маусым. 232б.
5. Г.Н. Потанин. Қазақтың соңғы ханзадасының киіз үйінде. 245б. Сонда.

ӘОК 37.013.43

**ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ - ҰСТАЗ Қ.Қ. ШАЛҒЫНБАЕВА**

**Б.А. Матаев**

6D010300 «Педагогика және психология» мамандығының PhD докторанті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нур-Султан.

Кілті сөздер: Қадриша Қадырқызы Шалғынбаева, педагог, ғалым, зерттеуші, көшбасшы, Қазақстан педагогикасы, халық педагогикасының тарихы.

Ключевые слова: Кадриша Кадыровна Шалғынбаева, педагог, ученный, исследователь, женщина-лидер, педагогика Казахстана, история народной педагогики.

В статье рассмотрена личность доктора педагогических наук, профессора кафедры «Социальной педагогики и самопознания» Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева Кадришы Кадыровны Шалғынбаевой в развитии педагогической науки в Казахстане посредством исследования истории Казахской народной педагогики и современной научной литературы. Профессиональная деятельность как педагога-ученного, исследователя, руководителя педагогических коллективов по подготовке конкурентоспособных специалистов, активная социальная позиция по вопросам развития нашего гражданского общества, формирования молодых ученых современного общества К.К. Шалғынбаевой внесли огромный вклад в развитие педагогической науки и образования страны.

The article considers the personality of Kadisha Kadyrovna Shalgynbayeva, doctor of pedagogical Sciences, Professor of the Department of Social pedagogy and self-knowledge of The L. N. Gumilyov Eurasian national University in the development of pedagogical science in Kazakhstan through the study of the history of Kazakh folk pedagogy and modern scientific literature. Professional activity as a teacher-scientist, researcher, head of teaching teams for the training of competitive specialists, active social position on the development of our civil society, the formation of young scientists of modern society K.K. Shalgynbayeva made a huge contribution to the development of pedagogical science and education in the country.

*Ұстазымның тұлғасы қасиетті,  
Хақ сөйлеп, адал күлетін - жан.  
Қайда жүрсе балам дейтін,  
Ұлағатты ұстазым!*

Ұстаз... Оңашада отырып ұстаз туралы ойға кетсем, көз алдымнан ақжарқын мінезді, ақ жүректі, жылы жүзді ұстазымның бейнесі шыға келеді. Ұстаз бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі. Ұстаздың лаулаған жалыны — әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі. Тіршіліктегі шырақтың сөнбес ошағы. Ұстаз — өзінің бар күшін, бүкіл өмірін шәкірт тәрбиесіне бел буған жан. Ұстаздық — бұл қасиетті мамандық иесі, өте қайырымды, шәкіртіне деген қол үшін аямайтын маман... Қасиетті Құранда «Зүмәр» сүресінің 9 - аятында ««Айтшы, білетіндер мен білмейтіндер тең бе?» [1], -деу арқылы, көзі ашық, білімді адамның тұғыры қашанда биік тұратындығын меңзейді. Ол дегеніміз білім алушы білім берушінің дәрежесін жоғары бағалап, ұстазын сыйлауы тиіс.

Қазақ халқының Ұлы классик ақыны Абайдың «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» дегеніндей, тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың көпшілігі ұстазына ерекше құрметпен қарап, әрдайым ізеттілік көрсетіп отырған. Айталық, Ескендір Зұлқарнайын - Аристотельді, Абылай хан - Төле биді, Шәкәрім - Абайды, Бердақ - Күнқожаны, Жамбыл - Сүйінбайды өзіне ақылшы әрі ұстаз тұтқан. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, олар өздерінің өмірде бағындырған зор асуларына ұстаздарының сіңірген еңбегі көп екенін жақсы түсінген. Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын өз ұстазын «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмірді алсам, Аристотельден сол өмірге керектінің бәрін алдым» деп еске алатын болған. Осыорайда қазақ педагогикасында өзіндік орны бар, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қадриша Қадырқызы Шалғынбаеваның Қазақстан Республикасының ғылым мен білім саласындағы еңбегінің мәні зор.

Қадриша Қадырқызы 1954 жылы 29 қазанда Талдықорған облысы Алакөл ауданындағы Көктұма ауылында дүниеге келіп, 1971 жылы осы ауылдағы Г.М. Безродных атындағы орта мектепті үздік бітірген. Сол жылы Қазақ халқының тұңғыш қара шаңырағы атанған Қазақ педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетіндегі «Химия-биология» мамандығына оқуға түсіп, 1976 жылы бітірген.

Өзінің академиялық кәсіби еңбек жолын 1977-1988 жылдары Жамбыл облысы, Өрнек ауылының Н.К.Крупская атындағы орта мектебінде химия және биология сабағының мұғалімі болып бастаған. Ал, 1989-2009 жж. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің оқытушысынан бастап доцент, педагогика ғылымдарының докторы, профессор лауазымдарына ие болған.

2009 жылдан бүгінгі күнге дейін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде жұмыс істейді. 2010-2019 жж. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ң «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

1992-1995 жж. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің күндізгі бөлім аспиранты. 1996 ж. «С.Торайғыровтың педагогикалық көзқарастары» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған. Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы – С.Торайғыровтың педагогикалық бай мұрасы мен оны практикада пайдалану деңгейі арасындағы сипаттама берілген; С.Торайғыровтың рухани мұрасының қазіргі педагогикалық ғылым мен практика үшін мәнділігі; С.Торайғыровтың педагогикалық мұрасын талдауға арналған алғашқы диссертация болып табылады [2].

2006 ж. «Қазақ халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған [3]. Мұндағы *бірінші ғылыми нәтиже* автордың қазақ халқының тарихы, этнографиясы, мәдениеті жәйлі әр кездері зерделенген тарихи-этнографиялық әдебиеттерге талдау жасауымен, халқымыздың жас өспірімдерін еңбекке баулып, тәрбиелеу әдіс-тәсілдерінің тарихи және әлеуметтік-экономикалық алғышарттарының анықталуымен, бұларды дәстүрлі қазақ ұлтына тән еңбек әрекетінің өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасуына ықпал еткен факторлардың (шаруашылық, қолөнер кәсібі, тұрмыстық еңбек және т.б.) даму кезеңдері мен мазмұнының сыр-сипаты дәлелденген.

Еңбекте *екінші ғылыми нәтиже* ізденушінің «мораль», «этика», «әдет», «әдет-ғұрып», т.б. ұғымдарға жасаған ғылыми талдауымен, жас өскінді еңбек етуге тәрбиелеуде ұлттық тұжырымдарды басшылыққа алуымен, жас ұрпақты еңбекке даярлаудағы қазақи моральдық-этикалық көзқарастарды анықтауымен негізделіп, дәлелденген.

*Үшінші ғылыми нәтиже* ізденушінің аталмыш тақырыпқа орай қазақтың халық педагогикасының теориялық мәселелері қарастырылып, оны пайдалану идеялары талданып, мұнда сондай-ақ алыс және жақын шетел педагогтары мен ойшылдарының, әсіресе тегі бір түркі халықтарының еңбектеріне жасаған талдауымен, сайып келгенде бұрын-соңды ғұмыр кешкен қазақ ойшылдары мен қазіргі қазақстандық педагог ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап, оларға тиісті баға беруімен қазақ халық педагогикасындағы жас өскінді еңбекке баулу әдістері мен тәсілдерін саралап, оларды теориялық тұрғыдан негізделген.

*Төртінші нәтиже* қазақ халық педагогикасының мазмұны мен дәстүрлері, ерекшеліктері қарастырылған әдебиеттер мен зерттеулерге талдау жасап, жас ұрпақтарды дәстүрлі еңбекке тәрбиелеу моделін, ер бала мен қыз балаға тән еңбек түрлерін топтастырып, олардың мазмұны анықталған.

*Бесінші ғылыми нәтиже* өткен ғасырдың 1917-2000 жылдар аралығындағы білім беру жүйесіндегі еңбекке тәрбиелеу процесіне байланысты еңбектерге жасаған талдауымен, жастарды еңбекке тәрбиелеуде жалпы білім беретін орта мектептердің оқу жоспарлары мен бағдарламаларына өзінше талдау жүргізіп, оларды қазіргі кездегі үздіксіз білім беру жүйесінде пайдалану үшін тұжырамдама мен ғылыми-әдістемелік кешен жасап, олардың оқу-тәрбие ісінде қолданыс табуы түйінделген.

2008-2010 ж. – Абай атындағы ҚазҰПУ. Д.14.05.01. диссертациялық кеңестің мүшесі. 2011ж. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі бұйрығымен «Экономика және құқық академиясы» жоғары білім беру мекемесін мемлекеттік аттестациялау комиссиясының мүшесі. 2012-2016 жылдары кафедрадағы Шанхай ұйымдары университеттерінің ынтымақтастығы (ШҰУЫ) бағдарламасы бойынша «Педагогика» бағытындағы жұмыс тобының жетекшісі. ҚР білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының 2013 жылғы 28 қаңтардағы № 197 бұйрығымен «Білім беру (гуманитарлық ғылымдар) бағыты бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесінің төрайымы. 2014 жылдан Білім сапасын

қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінің (НКАОКО) эксперті. 2014 жылдан Аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институтының (ACQUIN, Германия) эсперттік комиссия мүшесі. 2015 жылы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің мүшесі. 2015 жылдан Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің (НААР) эксперті. 28.09.2015 ж. № 1276 бұйрығымен шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттарды нострификациялау бойынша эксперт. 2016 жылдың Жаратылыстану ғылымдар академиясының корреспондент мүшесі. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының 14.11.2019 ж., №1841-п бұйрығымен «8D011 - Педагогика және психология» және «8D018-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтарының философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесінің мүшесі.

Рухани жаңғыру аясында жаңа заманғасай жаңашыл білім берудегі негізгі мақсат тек білімді, кәсіби мамандандырылған тұлғадайындау ғана емес, сонымен қатар рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны даындап шығару. Осы мақсатта Қ.Қ. Шалғынбаева қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының жоғары мектеп саласында, ғылыми-әдістемелік қызметте қазақ еліне зор еңбек етіп келеді. Бүгінгі таңда Қадияша Қадырқызы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының профессоры. Білім беру саласында «Педагогика және психология» мен «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтары бойынша бәсекеге қабілетті бакалавр, магистр, PhD доктор мамандарындайдауда ат салусыда.

Сонымен қатар, Қ.Қ. Шалғынбаеваның ғылым саласында 120- дан астам ғылыми еңбектері, монографиялары, электронды оқу құралдары, 10-ға жуық оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген. Оның ішінде «Этнопедагогика» қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде 2010 ж., «История социальной педагогики и самопознания» 2014 ж., «Жоғарғы мектеп педагогикасы» 2014 ж., «Өзін-өзі тану негіздері» 2017 ж., «Өзін-өзі танудың теориясы және практикасы» 2018., «Әлеуметтік психология» 2018 ж., «Кәсіби лидерлік негіздері» 2018 ж., «Әлеуметтік педагогика» 2019 ж.

Ғылыми қызығушылықтары: қазақ халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі, қазақ халқының XX ғасырдағы ағартушыларының педагогикалық ой-пікірлері мен идеялары, тұлғаның этникалық әлеуметтенуі мәселелері. Ал бүгінгі таңда Қадияша апайдың жетекшелігімен PhD докторлық зерттеу жұмыстарының тақырыптары қазіргі егеменді еліміздің құрделі де, маңызды да мәселелері ашылуда. Олардың ішінде «Кәсіби даярлау жағдайында студенттердің «Мен» концепциясын қалыптастырудың ғылыми негіздері» - Матаев Б.А. [4], «Болашақ педагог-психологтардың рефлексиясын дамытудың ғылыми негіздері» - Казиев Қ.О., «Этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамыту» - Кажимова К.К., «Педагогикалық колледждегі болашақ мамандардың өзін-өзі кәсіби іс-әрекетке дайындаудың ерекшеліктері» - Сламбеков Е., «Болашақ педагогтардың лидерлік сапасын дамытудың педагогикалық шарттары» - Алимбекова А.А., «Болашақ әлеуметтік педагогтардың эмоционалдық интеллектісін қалыптастыру» - Туякова У.Ж., «Болашақ әлеуметтік педагогтердің жетістіктерін өлшеудің педагогикалық негіздері» - Бапанова Г.К., «Ғылыми зерттеу іс-әрекет арқылы болашақ мамандардың педагогикалық шығармашылығын қалыптастыру» - Ибрагимқызы Ш.И., «Болашақ әлеуметтік педагогтердің ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйелмелдеудің ерекшеліктері» - Сағатбек Ж., «Педагогты инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлау» - Оспанова Б.К., «Отбасындағы зорлық-зомбылықты әлеуметтік-педагогикалық оңалтудың этнопсихологиялық аспектілері» - Махадиева А.К. және т.б.

Профессор Қадияша Қадырқызы жастарға білім беру мен тәрбиелеуде зор үлесі үшін «Мақтауқағаздарымен»,  
2008 жылы  
Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің ұсынысымен білім берудің жүйесінің дамуына қосқан үлесі үшін «Алғыс хатпен» марапатталған, «Білім беру ісінің құрметті



қызметкері» төсбелгісіне, сондай-ақ,

2012

жылы

«Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» атағына ие болған. 2019 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті білім мен ғылымды дамытуға қосқан арнайы үлесі үшін «Күлтегін» медалімен. 2020 жылы ҚР «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы білім және ғылым саласына қосқан айрықша еңбегі үшін «Ұстаз-ұлағатты есім» атты төсбелгісіне ие болды.

Қазақстан педагогикалық ғылымдары академиясының толық мүшесі - академик Қадиша Қадырқызы 2001 ж.

«Білім берудің барлық мекемелерінде оқу үдерісінің тәрбиелік мазмұнын жетілдіру жоспары» жобасы нәтижесінде бойынша жұмыс тобының мүшесі, Ұлттық тәрбие бойынша Республикалық «Үйлестіру» кеңесінің мүшесі, 2014 жылдан Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ң «Хабаршы» Педагогика. Психология. Социология сериясы бойынша ғылыми журналдың редакция алқасының мүшесі, жалпыхалықтың игілігі үшін еңбек етіп жүрген белгілі жаңашыл педагог - ғалымдардың бірі.

«Медиа білім беру үдерісінде студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негізі» атты гранттық жобаның атқарушысы (2012-2014 жж.), «Қазақстан педагогикасы мен білім беру тарихы» оқу пәндерін іс-тәжірибеге енгізудің теориялық-методологиялық негізі» атты гранттық жобаның орындаушысы (2012-2014 жж.) және «Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында шетелдік тәжірибе негізінде (АҚШ, АНГЛИЯ) студенттерге академиялық қолдау көрсету». (2015-2017 жж.), «Тәжірибеге «Қазақстандағы білім беру мен педагогикасының тарихы» оқу пәнін енгізудің теориялық-әдіснамалық негіздері» гранттық жобасының атқарушысы. (2012-2014 жж.), «Экологизация вузовской системы образования как инновационный путь модернизации духовного сознания студентов» (2018 – 2020 гг.), «Разработка методологии андрогогического образования в контексте третьей модернизации Казахстана» (2018 – 2020 гг.) тақырыптарындағы Республикалық гранттық ғылыми - зерттеу жобаларын орындай отырып, жастардың ұлттық санасының түбегейлі жаңаруының негізін құруда.

Педагог, ғалым, әдіскер, көшбасшы – Қ.Қ. Шалғынбаева жастардың санасының рухани жаңғыруына негіз болатын ерекшеліктерді былайша атап көрсетеді: *«Жастарға – әлемдегі, өз елінің барлық саласындағы болып жатқан жаңалықтарды түсіне білуге мүмкіндік беру керек. Сондай-ақ, жастар ақпарат ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын бола отырып, әлемдік тәжірибенің қоғамдық санасын жаңғырту, ол жалпы адамзаттық құндылықтармен қатар, өз ұлтының ұлттық құндылықтарынан тағылым алу»* – дейді.

Қ.Қ. Шалғынбаева қазақ әйелдерінің интеллигент бейнесін бейнелейді, ол ХХ-шы және ХХІ ғасырлар аясында қазақ педагогикасының заманауи зерттеу әдіснамасы мен мәдениетін құрған ғалымдардың бірі. Сондықтан мен Қадиша Қадырқызымен сұхбаттасқанда, әрдайым ол кісіден ғылыми ақыл-кеңес алғанда, өте қызығушылықпен тындап, мазмұнды мағлұматтар алып, ғылым, мәдениеттану және адамгершіліктің баға жетпес үлгісін көремін. Оның жетекшілігімен жүргізіліп жатқан зерттеу жұмысымды мақтан тұтам және біздің зерттеу нәтижелеріміз жоғарғы мектеп ұстаздарына, болашақ мамандарға маңызды болатына сенімдімін.

Қадиша Қадырқызының қазақ педагогикасы туралы көзқарастар жүйесін, оның тұлғалық ерекшеліктері жайында бір мақалада қарастыру мүмкін емес. Ұстазымның мақсаткерлігі мен табандылығын біле отырып, мен білім беру саласы прагматикалық әдістер мен инновациялық формаларға, яғни әр түрлі мәліметтерге - әдіснамасы одан әрі байытылатынына сенімдімін. Осы мақалады мен тек өзіммен керемет ғалыммен, өз ұстазымен мақтан тұтатындығымды бөліскім келді. Қадиша Қадырқызы Шалғынбаеваға тілейтінім мықты денсаулық, ғылыми және педагогикалық табыс, рухани үйлесімділік және еңбегіңізді жалғастыратын ізбасарларыңыз көп болсын демекпін!

Пайданылған әдебиет тізімі:

1. Халифа А.Ғ., Құран Кәрім қазақша мағынасы және түсінігі, «Зүмәр» сүресінің 9 – аят. 459 бет
2. Шалғанбаева Қ.Қ., С.Торайғыровтың педагогикалық көзқарастары: п.ғ.к., автореферат, Алматы, 1995 ж.
3. Шалғанбаева Қ.Қ., Қазақ халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі: п.ғ.д., диссер, Алматы, 2006 ж.
4. Матаев Б.А., «Мен» концепциясының зерттеу бағыттары мен тұғырлары // Қазақстан Республикасы ғалымдары мен педагогтерінің «Қазақ білім академиясы» қоғамдық бірлестігінің «Қазақ білім академиясының баяндамалары» ғылыми журналы. №3, 2019 жыл. 211-218 бет.

ӘОЖ 37.014.21

## **КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ТҰЛҒА ЕТІП ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ РӨЛІ**

Нурмукашева Салима Кайыржановна п.ғ.к, қауымд. профессор

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

Зинолла Нұрайна Саматқызы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті 7М01101 «Педагогика және психология» мамандығы, магистрант 2 курс . Атырау қ.

**Кілттік сөздер:** ұлттық тәрбие, салт-дәстүр, жас ұрпақ, ұлт, тәлім-тәрбие, ұлт мәдениеті, ұлттық ойындар, ертегі.

**Ключевые слова:** национальное воспитание, традиции, молодое поколение, нация, воспитание, национальная культура, национальные игры, сказки.

**Keywords:** national education, traditions, young generation, nation, education, national culture, national games, fairy tales.

### **Түйіндеме**

Бұл мақалада ұлттық тәрбие берудің кіші мектеп оқушыларын тұлға етіп қалыптасырудағы маңыздылығы баяндалады. Ұлттық тәрбиенің бүгінгі таңдағы өзектілігі, тәрбие берудің негізгі әдістері жөнінде айтылды. Оқушы бойындағы ұлттық сана-сезімді ояту жолдары қарастырылды.

### **Аннотация**

В данной статье освещается важность национального воспитания в формировании личности младших школьников. Была озвучена актуальность национального воспитания на сегодняшний день, основные методы воспитания. Были рассмотрены пути пробуждения национального самосознания у школьников.

### **Annotation**

This article highlights the importance of national education in the formation of the personality of younger students. The relevance of national education to date, the main methods of education were announced. The ways of awakening national consciousness in schoolchildren were considered.

Тәрбиені қашанда құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне ешқашан салғырттықпен қарамаған. Ал оған ұлттық сипат беру – ұлт болашағын ойлаудан туған даналық. Сондықтан да «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе», – деп айтты ұлы Мұхтар Әуезов.

Мектеп жасындағы оқушыларға ұлттық тәрбие берудің педагогикалық маңыздылығы орасан зор. Қазіргі кездегі жаңаша ойлау мен әлеуметтік-саяси өзгерістерге байланысты кіші мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру бүгінде өзекті мәселеге айналып отырғаны баршамызға мәлім.

Ғасырлар сынынан еленіп, ұрпақтан ұрпаққа ұласып, ежелден келе жатқан халықтық педагогикасы жеке тұлға болып қалыптасуда, дамуда, ұлттық тәрбиесінде жалпы білім беру саласында да, оқу тәрбие үрдістерінде тәлім-тәрбиелік маңызы ерекше.

Қазақстандық білім беруді жаңғырту тәрбиені білім берудегі маңызды басымдық ретінде оқыту мен дамыту процесіне кіріктірілген педагогикалық іс-әрекеттің құрамдасы болуын көздейді. Оқытудың өмірмен байланысының күшейтілуі оқыту әдістерінің тәрбиелік ықпалын күшейту туралы, тәрбие және білім беру жұмыстарының бірлігі жайындағы мәселені алдыңғы орынға шығаруда. Тұлғаны қалыптастыру – өзін-өзі ұйымдастыру, отбасы және қоғамдық тәрбиелеу мен ағартудың ұзақ, табанды және мақсатты процесінің нәтижесі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы халыққа Жолдауында: «... оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық. Бұл құндылықтар, меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан, барлық оқу орындарында да сіңірілуге тиіс», – деп атап көрсетті [2]. Тәрбиенің басты міндеті – оқушыларда азаматтық жауапкершілігі мен құқықтық өзіндік санасын, руханилығы мен мәдениетін, ынталылығын, дербестігін, толеранттылығын, қоғамда табысты әлеуметтену қабілеттілігін қалыптастыру.

Заманауи жағдайларда білім беру мекемелеріндегі тәрбиені дербес түр ретінде емес, кез-келген педагогикалық қызметке тән іс-әрекет ретінде қарастыру қажет. Оқу процесінің тәрбиелік бағыттылығын арттыру қажеттілігіне орай, мектептегі оқу пәндерінің тәрбиелік бағыттылығын күшейту бойынша мектеп мұғалімдері үшін нақты практикалық басшылықтар, құралдар, әдістемелік ұсыныстар қажет. Сондықтан, әдістемелік ұсыныстардың мақсаты – тәрбие процесін білім берудегі маңызды басымдық ретінде жетілдіру және қазіргі мектептегі оқу процесінің тәрбиелік бағыттылығын күшейтуге ықпал ету. [1]

Халқымыздың сан ғасырлар бойы ұстанған ұлттық салт-дәстүрлері мен рухани құндылықтары бар. Оларды әлем елдерінің озық дәстүрлері мен тәрбие үлгілерімен байытып, білім беру ісі мен ұлттық тәрбие бірлігіне қол жеткізудің маңызы айрықша.

Мектептегі оқу және тәрбие жұмыстары, инновациялық технологияларды қарастыра отырып, жеке тұлғаның қалыптасып дамуына бағытталғаны бәрімізге мәлім. Ол істі жүзеге асыру тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін тәрбиелік іс-әрекеттермен ұштасатыны анық. Жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, ұлттық рухы биік парасатты, адамгершілік қасиеттері қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға мектеп- ата-ана-қоғам бірлесе отырып этнопедагогика негізінде сапалы тәрбие беру қажет. Сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлерді, ырым-тиымдарды, халқымыздың әдеп-ғұрпын сақтауды, үйрететін әрине мектеп мұғалімдері, сынып жеткшілері. Біздің қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуы өз ұлтымызға тән рухани, мәдени өмірдің өркендеуімен үйлесім тауып, жас ұрпақты салт – дәстүрге, тілге, ұлттық өнерге, өз елінің және әлем халықтарының тарихын құрметтеуге тәрбиелеу жауапты да басты міндеттер ретінде жүзеге асырылуда. Ұлттық тәлім– тәрбие берудің нәтижелілігі мұғалімнің педагогикалық қызметінің дәрежесімен айқындалады. Сондықтан мектеп оқушыларына сыныптан тыс жұмыстарда халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәлім– тәрбие тәжірбиесін тиімді пайдалану мәселесі басты назарға алынады.

Қоғамымыздың ертеңгі болашағы- мектеп жасындағы жас жеткіншектер. Оларды халықтық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты қастерлеуге, құрметтеуге үйреткен абзал. Өз халқының мол мұрасын, ұлттық ерекшеліктерін білудің адам болып қалыптасуына берер пайдасы зор.

Оқушыларды ұлтжандылыққа , халқын қастерлеп , оған қалтқысыз қызмет етуге тәрбиелеу және адамгершілікке , қайырымдылыққа баулу мақсатында күнделікті оқу-тәрбие жүйесіне халықтық педагогиканың тағылымдарын енгізу кең өріс алып келеді.

Міне, өз ұрпағының өнегелі , өнерлі , еңбексүйгіш , абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады.

Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Онсыз өсіп-өну , ілгерілеу жоқ. Халықтық оқу-тәрбие ісінің негізгі мақсаты – жалпы адамды , ең алдымен баланы сұлулық хабардар ете отырып тәрбиелеу. Оқу мен тәрбие алдында ата-ана да, тәрбиеші мен ұстаз да , адамды қоршаған ұжым да , тіпті көшедегі кездейсоқ халық та жауап береді.

Сыныптан тыс тәрбие жұмыс – жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған және сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады. Сыныптан тыс ұлттық тәрбие беру жұмыстар әртүрлі формалар арқылы іске енгізіледі, сонымен қатар, бірнеше педагогикалық шарттардың орындалуын талап етеді. Сыныптан тыс жұмыстарды іске енгізу үшін әр бала тәрбиешісінің өзіндік әдіс-тәсілдері болады және ол жұмыстардың түрлі формаларын қарастырады. Мысалы, әңгімелесу, сұхбаттасу, диспут, дебаты, байқау, шоу,викториналар, ойындар, т.б.Сабақтан тыс әртарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан — жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді.

Ұлттық тәрбие бере отырып кіші мектеп жасындағы оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуында елеулі әсер тигізетініміз белгілі болғандықтан, «оқыту процесінде оқушыны қалай ұлттық тәлім-тәрбиемен сусындатқан дұрыс» деген сұраққа аса мән беріп ойланып, әдісті үнемі жаңартып отыру маңызды болып саналады.

Ж.Наурызбаев “Ұлттық мектептің ұлы мұраты” атты еңбегінде жас ұрпақ тәрбиесіне ұлттық мәдени құндылықтарды пайдалану мәселелерін жан-жақты қарастыра отырып, шынайы мәдени-этникалық мұраны жандандырумен болашаққа аманаттау, ұлттық тектестікті сақтау міндеті ең алдымен мектеппен байланысты”-дей келе ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың, мәдениеттік мүдделердің құралы болып табылатын білім беру ісі алдына басты-басты үш міндетті береді:

1)табыстаушылық (ұлттық мәдениетті өркендету, сақтау және дамыту);

2)даралаушылық (адамның, этникалық топтың немесе этностың ұлттық-мәдени қажеттіліктерін, жеке тұлғаның ерекшеліктерін айқындау);

3)ынтымақтастырушылық (мәдениеттердің өзара бірлігін, кірігуін, байытуын, жеке тұлғаның әлемдік және ұлттық мәдениет жүйесіне ұмтылысын қамтамасыз ету);

Ата-ананың тәрбиелеу әсеріндегі маңызды ерекшелігі, баланың дидактикалық ойындар ойнауы, рухани және ақыл-ой тәрбиесіндегі маңызы көп және сол үрдісте баланың еңбек құралдары, мамандықтары туралы түрлі заттардың ерекшеліктері туралы біліп, білімде, жұмбақта және жаңылтпашта жарысады. Халық педагогикасы өзіне баланың өмірінің түрлі жақтарын қосып алды, соған қоса олардың денсаулығы, мінез-құлқы, мінез ерекшеліктері және т.б. Көптеген халықтар қыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлген және оны жоғары бағалаған. Өйткені, қыз балаға ертеңгі ұрпақтың анасы, тәрбиешісі деп қараған. Халық педагогикасы тәрбиенің көптеген әдістерін қолданған. Ғасырлық тәжірибеде балаға тәрбиенің әсер ету әдістері мынадай: түсіндіру, оқыту, мадақтау, қолдау, көндіру, жеке үлгі, жаттығуды көрсету, ымдау, тұспалдау, жазалау т.б.

Ұлт мәдениетінің жеке тұлға қалыптасуында тигізер әсері туралы ой – пікірлердің қалыптасуына Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, т.б. шығармалары мен халықтық педагогиканың ұлттық тәрбие мәселесінде алатын орнын зертеу кезінде А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, т.б. еңбектерінің үлесі зор.

Мектеп жасындағы, оның ішінде, кіші мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие берудің бірден бір, ең тиімді әсер ету әдісі ретінде ұлттық ойындар ойнату, халық ертегілерін сабақта

пайдалануды айта аламын. Халық ертегілері – балаларға ұлттық тәрбие берудің тұнып тұрған құралы десек болады.

Ертегі арқылы айнала қоршалған ортаны барлай алады, табиғаттың сиқырлы сырларын сезіне біледі, халықтың әдемілік және әдептілік жайлы ұғымдарын бойына сіңіреді, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы түсінік алып, адамгершілік тәрбиесінің бастауларына ден қояды.

Ертегілер халқымыздың тарихын, дүниетанымын, тұрмысы мен салтын, әдет-ғұрпын, нанымы мен сенімін білдіреді. Ертегілер қоғам дамыған сайын адамның да ой-санасын өскен, өмірге деген көзқарасы өзгереді. Қазіргі заманның жетістіктерін көре отырып, ертегі оқиғаларындағы халық арманының іске асқаның байқаймыз. Қазақ халық ертегілері жас ұрпақты тәрбиелеумен қатар, олардың бойына өз халқының игілігін дарытып, ана тілінде ойлау және мәдениетті сөйлеуіне, сауатты жазу дағдыларына барынша мол әсерін тигізеді. Сонымен қатар, қазақ халық ертегілерін пайдалану оқушыларды қызықтырады, дұрыс сөйлеуге үйретеді, логикалық ойын жетілдіретіні сөзсіз. Ертегілер бізге сонау ерте заманнан келді. Ертегіге біз сенеміз, ондағы оқиғалар кейде өзімізбен болып жатқандай, қорқынышты жерінде көзімізді жұмамыз. Ең негізгісі – бәрі де жақсы аяқталатынына сенеміз. Қазақ халық ертегілері тұнып тұрған даналық.

Қазақ халқының салт-санасы мен ата-бабасынан келе жатқан дәстүрін өз бойындағы ерекше қасиеттерін талантымен, дарындылығымен, өзгелерден ерекше табиғи қабілеті арқылы биіктерден көрсеткен. Қасиетті ертегілер арқылы тәрбие берген, салт-дәстүрін сол қалпында сақтап қалған. Сонымен қатар еліміз егемендік алғалы мемлекеттік тілде сөйлеуіне, бұл қасиетті ертегілердің халық ауыз әдебиетінде ең маңызды орын алатыны сөзсіз екенін салыстырып көрсету.

Қазақ халық ертегілері – тәрбиенің айнымас көмекші құралы, олар бізге түсінікті тілде өмір туралы, қиын жағдайлардан шығу жолдарын көрсетеді. Ертегілер өмір бойғы тәртібімізді, қарым-қатынасымызды қалыптастырады, шыдамдыққа, қайсарлыққа, болашаққа міндеттер қойып, соған жетуге үйретеді. Ертегі ойлау қабілетін, қиялдауға да көп септігін тигізеді. [4]

Ұлттық ойындар қазақ халқының ежелгі - мәдениеті мен өнерінің де ешкімнен кем болмағанын байқатады. Қазақ халқы ұлттық ойындарға бай халық. Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып жатыр. Ата – бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың береке бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек өмір сүруімізде ұлттық ойындардың атқаратын міндеті айрықша. Қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі. [3]

Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, олардың жауынгерлік рухта ержетуін ұқыптылықпен қадағалаған.

Жалпы баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл әрекеті ойын арқылы басталады. Ойын адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Сондықтан бала үшін ойынның мәні ерекше. Ойын баланың негізгі іс - әрекетінің бір көрінісі болып табылады. Қазақ халқының ұлы ойшылы А. Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болама?» деп айтқандай ойын бала өмірінде ерекше орын алады. Ойынды көркемдік іс - әрекетінің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойынға шартты түрле мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс - әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл - ой, адамгершілік дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі. Балалар ойын барысында өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады.

Ойын тәрбие құралы арқылы ақыл - ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, жақсы ұғысады және өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай, олардың көзқарастарын, мінез - құлықтарын қалыптастыру құралы деп те ерекше бағалаған. Ойынды сабақта қолдану оқушының ой - өрісін жетілдіру мен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы деп білген. Бос уақытта әртүрлі ойындар ойнаған баланың денсаулығы үшін өте пайдалы.

Көрнекті Нидерланд оқымыстысы Иохан Хейзинганың «Ойнаушы адам» деген дәлелдемесіне кең тараған еңбегінде: «ойын – адамзат әрекетінің жан-жақты қамтылған әдісі, адамзат тіршілігінің универсал категориясы» [6].

Қорытындылай келе, тұлға — жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жанжақты сипаттайтын ұғым. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнатуарқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі. Кіші мектеп жасындағы балалардың тұлға болып қалыптасуында ұлттық тәрбиеге ерекше мән беріп, тәрбие беруде алдыңғы қатарға қоюды өзімізге міндет санауымыз қажет. Балаларға ұлттық тәрбие берудің негізі ретінде ұлттық ойындар мен ертегілерді атап өттім. Жас ұрпақтың санасына салт-дәстүрімізді, тіліміз бен дінімізді, ұлттық мұраларды дәріптеп жеткізсек қана қазақтың болмысы жоғалмасы анық!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектептегі оқыту процесінің тәрбиелік бағыттылығын дамыту. Әдістемелік құрал. – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 4б.
2. Назарбаев, Н.Ә.: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы/ Н.Ә. Назарбаев //Егемен Қазақстан. – 2012 жыл – 27 қаңтар.
3. Ж.Н. Данибекова «Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың маңызы» Білім айнасы газеті, 2018
4. Д. Қастай. Халық ертегілерінің тәрбиелік мәні. martebe.kz – сайтында жарияланған мақала.
5. Рудик Г. А. Игры и их педагогическое значение. Изд-во «Значение», 1949.
6. Кожаметова К.Ж., Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 3 бет

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

С. Қасенов,

Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Алматы

**Ключевые слова:** национальное мировоззрение, молодежь, образование, искусство, наука и образование, природа.

**Резюме:** в статье рассматривается значение богатого наследия казахского народа, накопленного веками в сфере образования Ибраем Алтынсариним, в формировании научных и познавательных взглядов молодежи.

**Key words:** national worldview, youth, education, art, science and education, nature.

**Summary:** The article discusses the importance of the rich heritage of the Kazakh people accumulated over the centuries in the field of education of Ibrai Altynsarin in the formation of scientific and cognitive views of young people.

Адамзат тарихында әр ұлттың бақытына туып, артына мәңгі өлмес мұра қалдыратын қайраткерлері болатыны белгілі. Олар туған халқының рухани әлемінде жарық жұлдыздай болып, әр заманға, әр ұрпаққа дұрыс жол мезгеп отырмақ. Бұндай ұлы адамдар В.Белинскийдің

сөзімен айтқанда "Күллі әлемнің азаматы" бола отырып, адамзат баласының өмірімен бірге мәңгі жасайды.

Ұлттық дүниетанымды биікке көтерер күш, оның талантты өкілдерінің өрелі істері мен дарынды туындылары. Халқымыздың тарихи дамуының қайсыбір кезеңіне көз салсақ, шоқтығымызды биіктетіп тұратын қайталанбас дарын иелері баршылық. Бүгінде тәуелсіздік алып, ұлттық дүниетаным үлгілерін жинақтап, жаңғыртып жатқан қазақ ұлты үшін бұл мұраны өз бойына сіңіру және келешек ұрпаққа қалдыру - асыл парыз. Әр халық өз ғұламаларын тану, дәріптеу, насихаттау арқылы ғана шын мәніндегі өркениеттілікке үйренбек. "Халық өзіндік жолын тауып, өз мәдениеті мен идеологиясын жасау үшін байырғы тарихы мен түсінігіне, өмірлік мұраттарына үніле түсуі керек және солардан қазіргі кезеңде өз рухына қуат берерлік нәр таба алады да. Рухани дүние байлығы адамзатқа ортақ болғанымен, әр ел оны түсінуге өз тіршілігі тұрғысынан келеді," - деп жазады Қазақстан философтары І.Ергалиев пен Е.Телібаев[1].

Қазақ жері талай ғұламаларды дүниеге әкелді. Қазақ топырағында туып, өздерінің барлық ізгі тілектерін жас жеткіншектердің ұлттық дүниетанымының қалыптасып, дамуына арнаған ағартушыларымыз - Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев болды. Өйткені, халық дүниетанымы мол сулы өзен болса, үшеуі сол өзенге құйған үш саласындай елестейді. Шоқан, Ыбырай, Абайдың халқымыздың рухани өміріне сіңірген еңбектері туралы әйгілі М.Әуезов: "Олар-кең Қазақстанның шалғай жатқан өлкелерінен шықса да, үш бір туғандай сезілетін асыл жандар. ...Бұл үшеуінің өмір, еңбек майдандары үш алуан болумен қатар, үшеуін бір туғандай ететін ұқсастық та аса айқын. Ол ұқсастық-олардың нәр алған тамырларынан, аналық топырағынан туған. Бұлардың бәрі де қазақтың киіз үйінде туып, өз елінің өкілі болып шығумен қатар, тек қазақ халқының ғана тіл, өнер, тарихи мәдениет ерекшеліктерінің көлемінде қалған жоқ, туысы қазақ болса да бұлардың өрісі, өсуі басқаша. Олар өздерінен бұрынғы қазақ баласы бармаған ырыс өлкесіне жетті.

...Бұл үшеуі заманында надандық түнегі басқан қараңғы сахарадан шыққан алғашқы елшілер, ізденушілер еді", - деп ерекше атады[2].

Қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин - өзінің барлық педагогикалық еңбектерінде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жинаған бай тәжірбиесін жеткіншектер дүниетанымын қалыптастырып, жетілдіруде негізге алу қажет деген қағиданы ұстаған. Ағартушы мұндай ұлттық дүниетанымға деген көзқарасының қалыптасуына тәлім-тәрбие алып өскен ортасы, әсіресе Қостанай өңіріне белгілі атақты би-Балқожаның ықпалы ерекше болды. Ыбырай өзі жас кезінен халық педагогикасынан алған тәлім-тәрбие, үлгі-өнегесін ағартушылық жұмысы арқылы қазақ балаларының бойына сіңіре білді.

Ы.Алтынсариннің демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарастарының үш бірдей саласынан көрініс тапты.

Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз-тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ыбырайдың туған халқы алдында сіңірген еңбегі жайлы М.Әуезов: "... Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы", - дей келе, "... Сонымен қатар ол қазақ халқының толып жатқан мұңдарын, шаруашылық, ағартушылық, саяси-қоғамдық қалдерін ірі мәселе етіп, жазып танытқан публицист те болды", - деп атап көрсетті [3].

Ыбырай тақырыбы балаларды қызықтырып, мазмұны олардың дүниетанымдық көзқарастарын дамытатындай етіп, қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дәстүріне негізделген "Қазақ хрестоматиясын" жазып шығарды. Оқулық жасау жұмысына ұлы педагог мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің ең негізгі шараларының бірі деп қарады. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретуді, шағын көркем шығармалар арқылы олардың қоршаған орта, табиғатқа деген дүниетанымдарын қалыптастыруды көздеді.

Ол "Қазақ хрестоматиясын" балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллалардан құрастырды. Оқу құралының сөз басында: "...Қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу, салып берген тар шенбердің қыспағына сия алмайды; оның ой-пікірі еркін; оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр,"-деді [4].

Ыбырайдың "Қазақ хрестоматиясына" кірген әңгіме-новеллалары баланың жас ерекшелігіне орай, тілі жеңіл, мазмұны тартымды болып, жас жеткіншектің ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге бағытталған. Онда жастарды еңбекті сүйеге, оқу-өнерге ұмтылуға, елін сүйетін отаншылдық сезімге, талапты, жігерлі, кішіпейіл болуға баулиды. Ағартушы әдебиетті бала санасына әсер ететін, сөйтіп оның дүниетанымдық көзқарасын қалыптас-тыратын құрал деп ұқты. Сөйтіп, шығармаларын өмірдің өзекті мәселелерін суреттеуге арнады. Жеке оқиғалар мен құбылыстарға өз ойы тұрғысынан баға беріп, оны жас ұрпақ санасына үлгі ретінде ұсынды.

Қоршаған табиғат, әлеуметтік ортаға деген жеткіншектердің дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруда "Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш", "Сәтемір хан", "Әке мен бала", "Бақша ағаштары", "Жан-жануарлардың дауласқаны", "Бай баласы мен жарлы баласы", "Таза бұлақ" және тағы басқа әңгіме-новеллалары табиғат пен қоршаған дүние сырына терең оймен көз жіберуге, табиғаттың сұлулығымен тылсым құпия-сырын танып, үйрене білген адам ғана, оны өз пайдасына асыра алатынын, айта отырып, жастарды білімге, оқу-өнерге шақырды.

Сондай-ақ, Ыбырайдың "Өнер-білім бар жұрттар" және "Өсиет өлеңдері" жеткіншектер дүниетанымын қалыптастыруда терең философиялық ой қозғайды. Ол "Өнер-білім бар жұрттар" атты өлеңінде оқу, білім алудағы мақсат неде екенін және оның дүниетанымдық маңызын кеңінен аша түседі.

Өлеңнің негізгі идеясы-қараңғы қазақ қауымына озық мәдениетті елдердің үлгі-өнегесін көрсету.

“Өнер -білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды.  
Айшылық алыс жерлерден  
Көзінді ашып жұмғанша  
Жылдам хабар алғызды...”

Ұлағатты ұстаз-білімді жастың көзі ашық, көкірегі ояу, дүниетанымдық көзқарасы кең адам болатындығында және оқу-мәдениет жағынан артта қалған өз елін, тастан "сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзінді ашып-жұмғанша жылдам хабар алдыратын" елдер қатарына жеткізу деп білді.

Келешек оқыған, білімді жастардікі деп сенген Ыбырай арманын өзі орындай алмаса, оны өзінен кейінгі жастар орындайды деп сенді. Қазақ халқы басын қоршаған қараңғылық, надандықты сынай келе, Ыбырай:

“Біз надан боп өсірдік  
Иектегі сақалды,  
...Біз болмасақ, сіз барсыз  
Үміт еткен достарым,

Сіздерге бердім батамды!” – деп, халқының болашағы жастар, соларға дұрыс жол сілтеу деп ұқты. Бұл өлеңдегі - жақсылық пен жамандықты, білімді мен наданды салыстыра суреттеу әдісі-жас бала дүниетанымына өмірдің жағымды, жағымсыз жақтары жайлы әсер қалдыру мақсатынан алынған. Оқымағанның надандығы әрқашан білімдімен қатар тұрғанда көрінетіні ақиқат.

Қазіргідей ұлттық рухани қайта түлеу заманымызда жазушының аталған этнографиялық еңбектері жас жеткіншектердің өз ұлтының ерекшелігін, оның тәлім-тәрбиесін терең біліп ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда маңызы зор.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ерғалиев І, Телібаев Ғ. Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары. // Ақиқат. 1994 № 9, 83-84 бет
2. Әуезов М. Таңдамалы шығармалары. 19-том-Алматы: Жазушы 1985.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-том- Алматы: Жазушы. 1984. 34-б.
4. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. - Алматы: Жазушы 1988

## **КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ПРОЦЕСІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Джанзакова Шолпан Исағалиевна, п.ғ.д., профессор  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті  
Атырау қ.,

Нұрғабылова Жаннұр Нұрғабылқызы  
2 курс магистранты, 7М01101- «Педагогика және психология» білім бағдарламасы,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті Атырау қ.,

*Ключевые слова:* гражданская компетентность, педагогическая деятельность, профессиональный учитель

*Аннотация:* В данной статье рассматривается место гражданской компетентности будущих педагогов в профессиональной компетенции и связь с другими необходимыми для нее компетенциями в соответствии со стратегией образования, руководствуясь компетентностным подходом.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік” жолдауына сәйкес, ЖОО мақсаты әлемдік талаптарға сай мобильді, жаңаны қабылдауға бейім, креативті, сыни ойлай алатын, поликоммуникативті кәсіби құзыретті кәсіби маманды қалыптастыру болып отыр. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттігі туындауда. Жаһандық бәсекеге қабілеттілікке жету мақсатында билікпен белгіленген стратегиялық мақсаттар, білім беру іс-әрекетінің приоритеттерін түбегейлі өзгерту және өз бетімен іздену дағдыларын дамыту ағымына бағыттауды ұйғарады. [2]

Осыған орай, университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтардың азаматтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін жаңа идеяда, жаңа тұрғыда қарастыру мәселесі туындап отыр.

Азаматтық құзыреттілікті қалыптастыру кез-келген ғылым аясында сәттілікке жету жолы екені сөзсіз. Қазіргі кезде болашақ мамандарда азаматтық құзыреттілікті қалыптастыру жолдары педагог арасында қарқынды пікір алмастыруда. Әлемде академиялық сауаттылықты дамыту негізінде азаматтық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі кеңінен қаралуда. Бұл, кәсіби маман даярлауда жаңа серпін. Шетелдік тәжірибеде академиялық сауаттылық сыни және рефлексиялық ойлау, өзіндік оқуға қабілеттілік және өзін әлемдік академиялық қоғамның бөлігі ретінде қабылдауы ретінде қарастырылады.

Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын, заман талабына сай ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны терең меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалімнің кәсіби шеберлігінен көрінеді. Басқаша айтқанда, білім беру үдерісі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамытуына, өзіндік білім алуына және өздігінен

шығармашылық түрде қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді. Мұғалім – бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғамның, елдің тірегінің өмірге дайындаушы. Кәсіби мұғалім - құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. [3]

Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен роль атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың (студенттердің) психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада – педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға (студенттерге) өз қабілет- қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды, кәсіби дамуды көздейді.

Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қоюда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама-қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзыреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды. [5]

Мұғалімнің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал мұғалімдерден негізгі кәсіби құзырлықтарын дамытуды талап етеді.

Ғылыми әдебиеттерге шолу-талдау жасай келе университеттік білім беру жүйесінде болашақ кәсіби педагогтардың азаматтық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі әлі де зерттеліп жатыр. Оларға жататындар: болашақ әлеуметтік педагогтарда азаматтық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған ұйымдастырушылық педагогикалық жағдайды анықтау, негіздеу, жүзеге асыру, болашақ әлеуметтік педагогтарда азаматтық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған диагностикалық бағалау құрал-жабдықтарын әзірлеу, азаматтық құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын, әдістерін айқындау. [6]

Болашақ кәсіби маманға азаматтық құзыреттілікті қалыптастыру қажеттілігінің педагогикалық қауымның мойындауы, педагогикалық теорияда құзыреттілік тұғырдың негізгі қағидаларының жеткіліктілігі және ЖОО-ғы аталған құзыреттілікті қалыптастырудың ұйымдастырушылық педагогикалық шарттарының жеткіліксіз орындалуы. [7]

Болашақ маман – мұғалімдерді дайындау соңғы уақытта педагог тұлғасының кәсіби қалыптасуына әсер ететін тиімді факторларды іздеуге бағытталған өзгерістерді талап етуде. [3] Жоғары педагогикалық оқу орнын бітірген түлек жоғары білім ала отырып, үнемі білім беру мекемесі қоятын міндеттерді орындай алмай жатады. Осыдан кедергілер туындайды да, педагогикалық кәсіби өшу орын алып кетуі әбден мүмкін. Сол себепті жас маманға ұжым тарапынан психологиялық қолдау көрсетіліп, әдістемелік жұмыстарға тарту кеңінен жүзеге асқаны жөн. Қазіргі мектепке, соның ішінде зияткерлік мектепке оқыту мен білім берудің міндеттерін сәтті шеше алатын, оқушы тұлғасын дамытуда қажетті нәтижеге жете алатын мұғалім керек. Әр кәсіби маман жоғары өзін – өзі жетілдіруге, өзінің тұлғалық және кәсіби даму болашағын саналы сезінуге, кәсіби оқу мен педагогикалық шығармашылыққа дайын, білім берудің гуманизациялау қағидасын жүзеге асыратын, толеранттылық танытатын, психологиялық сауатты және құзыретті болуы тиіс.

"Ұстаз дегеннің өзі - биік атауға тең. "Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз!"- деп ұлы данышпан Абай айтып кеткендей, және де ұстаздың өзі- адам құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы, қазір жаңалықтар легімен енген соны технология, технологиялық дәуір. Осыған орай қазіргі кезеңнің талабына сай өскелең ұрпақты білімді,

мәдениетті, ұшқыр ойлы, халқының салт-дәстүрін дәстүрлей білетін, туған Отанын, жан-тәнімен сүйетін азамат дәрежесіне тәрбиелеу және осыған жетелеудің өзі педагогикалық шеберлік, педагогикалық құзыреттілікке сәйкес демекпін. Абай атамыздың: «Ақырын жүріп анық бас, Еңбегін кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға» - деп айтқанындай, мұғалім үшін кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін біз жақсы түсінеміз және өмір бойы ізденішулікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін анық аңғарғанда ғана толық нәтижеге жетуге болады. Мұғалімнің әрбір сөзі мен ісі, қимылы, киімі, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегінен үлкен орын алады. Әрбір ұстаз үшін оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруда мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдануды қажет етеді. Осы ретте кейбір мәселелерді жаңаша көзқараспен қарастыруды жөн деп есептей отырып, мынадай эталондарды атап өтуге жөн көрдік: - сабаққа педагогикалық – психологиялық талдау жасау; - дамыта оқыту жүйесінің мәні мен міндеттері; - сабақты ұйымдастырудың педагогикалық – психологиялық негіздері; - мұғалім жұмысының шығармашылық сипаты.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, зерттеушілік қызметі мұғалімдік жұмысқа дайындық барысында, іс – тәжірибеде және қайта даярлау кезінде қалыптасып тәрбиеленеді. Ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынов «Білім - біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік - сол білімді іске асыра білу дағдысы» - деп бекер айтпаған. [9 ]

Құзыреттілік – оқу нәтижесінде меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, проблеманы шеше білу, оқушылар дайындығы сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа. Нәтижеге бағытталған сапалы білім беруде бастауыш сынып мұғалімінің құзыреттілігі. Арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби қызметпен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалай білетін қабілет. Мұғалім үнемі ізденісте бола отырып, жаңаша оқытуды іске асыруда түрлі инновациялық технологиялардың әдіс–тәсілдерін өз ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады.

Сонымен қатар психологиялық– педагогикалық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін өз ісінде шебер сұрағына жауап беруге даяр болуға тиіс.

Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді, іскер, шебер болу керек.

“Ғылым қалғып кетсе, қараңғылық бас көтереді” дегендей, заман талабына сай жаңа технологиялармен жұмыс жүргізу алдымызда отырған бала тәрбиесіне зор ықпал ететіні белгілі. Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай оқыту, ғылыми – ізденіс қабілеттерін қалыптастыру.

Өйткені, ХХІ ғасыр – білімділер ғасыры. Ендеше біз мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – оқыту сапасын арттыру кепілі екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Оқушылар оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті:

нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ оқытушы - қазіргі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады: бағдарлы құзыреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б); мәдениеттанымдылық құзыреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті); оқу-танымдық құзыреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу); коммуникативтік құзыреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы); ақпараттық-технологиялық құзыреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті); әлеуметтік- еңбек құзыреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті); тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті). [8]

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан- жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана оқушы құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан- жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Ұстаздың педагогикалық шеберлігі мен кәсібилігінің айырылмас құрам бөлігі ретінде оның кәсіби құзыреттілігі саналады. Құзыреттілік ұғымы адамның қайсыбір қызметті атқаруға дайындығының құймасы ретінде сипатталады.

А.К.Маркова кәсіби құзыреттіліктің бірнеше түрін бөліп көрсетеді: [8]

- Арнайы құзыреттілік;
- Әлеуметтік құзыреттілік;
- Тұлғалық құзыреттілік;
- Даралық құзыреттілік;

Педагогикалық кәсіби құзыреттілігінің негізін оның іс – жүзінде оптималды шешімдерін таба білуі, өзін бақылай білуі, нәтижелердің жүйелі болуы, өз қызметтерін жоспарлы түрде іске асу факторлар мен қоса ақпарат іздеу, алмастыру, өңдеу құзырлығының шеберлігі мен дүние танымы орасан маңыздылығымен білімнің тереңдігіне байланысты іске асады.

Тұлғаның кәсіби бағыттылығына сүйене отырып өмірімнің кәсіби құзыреттілігінің тың идеяларына сүйене отырып үлкен шыдамдылықпен еріктік жасап, әрбір функцияларға мән беріп өз құндылығын ойлауына ықпал жасайтын рухани – байлық болып саналады. Әрбір педагогтің кәсіби құзырлығы – оның шеберлігінде құндылығы жоғары жұмысына бейімделген үнемі шығармашылықпен жетілдіріп отыратын және кәсіпкерлігін кеңейтіп ізденімпаз жүйемен жұмыс жасап келетін қарым – қатынас процесін үзбейтін механизм және ойлаудың шыңына шығу нәтижесіндегі өнім болып отыр.

Педагогиканың кәсіби құзыреттілігі саласындағы зерттеулер – білім заңдылықтары, оның құрылымы мен механизмдері мен мазмұны, принциптері және технологиясы жөніндегі

жаңа мәліметтерді алуға бағытталған ғылыми ізденіс процесі және оның нәтижесі. Оқу мен оқытудың тиімділігін арттыру негізі – сапалы өзгерістердің желісі мен нәтижесі.

Педагогтің кәсіби құзыреттілігі – оның кәсіби беделі орталықтан орын алатын мінез-құлықтың қасиеттерін қамтушы оң қасиеттердің ауқымын белгілейді. К.Ушинскийдің пікірінше, бала өз оқуы тиіс, ал педагогтың қызметі – оған игерілуі қажет материалды ұсынып беру, оны оқу процесін басқару. Қазақстан білім беру кеңістігінде реформалау бағыттары жалпы әлемдік бағдар мен үндес келетін фактілерінің іске асырылуында деп қорытындылағым келеді. [4. 18 бет].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Әбиев., С.Бабаев., А.Құдиярова Педагогика Дарын-Алматы 2004ж
2. Ж.Әбиев Педагогика тарихы, Алматы – 2006ж
3. А.Н.Каримов Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері, Алматы 2011ж
4. С.Б.Бабаев., Ж.К.Оңалбек Жалпы педагогика Алматы 2005
5. К.Өстеміров Кәсіптік оқыту әдістемесі, «РАДиАЛ» баспасы, 2006
7. Маркова А.К. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі. - 2009
8. Скаткин М.И. Зерттеу мәдениеті-педагогикалық қабілет. - 2008
9. Горбунова Л. Зерттеу туралы білімі, білік дағдысының болуы. - 2007

## ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Дауымов Н.Ғ.

Қазақ Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі  
Атырау облыстық дарынды балаларға арналған мектеп- гимназиясының директоры  
*Аннотация*

*В данной статье рассматриваются этнопедагогические аспекты воспитания личности*

Тәрбиеліден тәлім, ғалымнан ғибрат, өнерліден өнеге алу - ежелден қазақ халқының тәрбие берудегі басты бағыттары. Халқымыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Жас кезінде адам жазылмаған дәптер, ішіне ештеңе құйылмаған ыдыс сияқты. Сол дәптерге түзу ой, ұтқыр есеп, ұшқыр білім тізіле ме, жоқ керекті-керексіз уақытша жазбаларға пайдаланылып, ертеңге жаратылатын ештеңесі қалмай, жарамсыз заттай әр жерде жатып жырымдалып, жыртыла ма; сол ыдысқа алдымен хош иісті зат құйыла ма, жоқ, іріген зат салына ма – адамның келешегі соған байланысты.

Атадан балаға қанмен тараған ақылдылық, байсалды мінезді тәжірибе мен білім толықтырса, төңірегіне нұр шашып тұратын азаматтар солардан шығады.

«Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық болсын» деп Саққұлақ бабамыз айтқандай, бүгінде де дұрыс бағыт, түзу жол сілтеуші, тәрбие беруші ата-әжелеріміз аз емес-ті.

Бүгінгі таңда, осы тәрбие, төл мәдениетімізді қажетсіз деп санап, әдет-ғұрпымызға мұрнын шүйіре қарайтын жастар, өз ана тілін құрметтеуден қалған, басқа ұлттар тілімен шұбарлап келе жатқан «жаңа заманның жаңа талабын» тауып алған жастарға да аздық етпес еді.

Еліміз бен жеріміздің тарихын танудан қалған жастардың пайда болуы, бүлдіршіндердің қызығушылықтары қаршадайынан көгілдір экранның көк-ала «американдық» мультфильмдерінің қызығынан аспайтындығы – ұлттық тәрбиенің төмендеп келе жатқанын айқын аңғартады.

Қытайдың ұлы философы Конфуций өз сөзінде: «Ұрпақтан ұрпаққа, әкеден – балаға не қалып жатқанын дәл білсек, оныншы емес, жүзінші ұрпаққа да не қалатынын болжып білу қиын емес» деген екен, ендеше біз өз болашағамызға не қалдырып келеміз деген сауалға ойланып көрейікші...

«Өркениетті елдердің адамдары ең алдымен, өз денсаулығын бағалайды, содан соң еркіндік, одан кейін – ақша. Сондықтан да, оларда дәрігерлер көп жалақы алады, содан кейін заңгерлер. Бізде ең алдымен ақша, денсаулық ең соңында» деп жазған Мырзагелді Кемел ағамыздың ойын оқып, шындығында да, бүгінгі күні әрбір жас отбасының алдында ең бірінші орында қаражат табу мәселесі тұрғанын аңғардым. Біз ақша табу қамын ойлап, күндіз-түні дамыл таппай жүргеніміз де, үйдегі бүлдіршіндердің тәрбиесіне жете назар аударуға уақыт та, көңіл де жетіспейді.

Израиль елі теледидар алғаш шыққанда: «Біздің ұлттық дәстүрімізді, мәдениетімізді қирататын күш» деп, оны елге кіргізбеуге тырысқан. Одан ештеңе шықпаған соң, ақылына айласы сай еврейлер теледидарды өз мүдделеріне тиімді пайдаланып, тілін, дінін, ділін дамытты.

Бізге де, жаһандану кезеңінің қажеттіліктерін, ұялы байланыс, теледидар, интернет желісін өз қажеттіліктерімізге, өз мүддемізге, пайдамызға сай етіп пайдалануды үйрену керек. Ұлттық тәрбие беру құралына айналдыруға, қазақ тілін үйретуге, қазақ салт-дәстүрінің қайта жаңғыртылуына пайдалануымыз керек.

«Тәрбие басы – тіл» болғандықтан, ең алдымен өскелең ұрпақтың өз ана тілінде еркін сөйлеуіне, қазақ тіліндегі қызықты бағдарламалар мен танымдық телеойындарды көбейте түсуіміз керек.

Осы жайында «Айқын» газетінде де айтылған: «...Жаһандастыру ұлтсыздану емес. Жаһандастыру кезінде қазақ халқының мойнында төрт міндет тұр: біріншісі – дініне беріктігі, екіншісі – тіліне беріктігі, үшіншісі – міндетті түрде технологиясын дамыту, төртіншісі – бала туу. Осылардың біреуі болмаса алға жүре алмаймыз, ал төртеуі түгел болса, төбедегі келеді.», деген ескертуді қаперімізге алуымыз қажет сияқты.

Сондықтан, ұлттық тәрбиемізді жаңа заман технологиясына орайластыра орынды жүзеге асыруға бар күшіміз бен мүмкіншілігімізді аямастан пайдалансақ, тіл беріктігін де, даму үдерісін де сақтай аламыз.

Ең бастысы, «Ұлттық арнаның» ұлт саясатына сай жұмысын жақсарту. Ол үшін:

- қазақ тіліндегі бағдарламалар санын көбейту;
- қазақша мультфильмдер мен кинофильмдер санын арттыру;
- ұлттық салт-дәстүрді насихаттаушы телеойындар мен бағдарламалар санын көбейту;
- діни бағытта қосымша мәлімет беретін бағдарламалар санын көбейту;
- мектеп оқушыларына танымдық ойындарды, қызықты викториналарды көбейту керек деп ойлаймын.

Бұл мәселе бүгінгі күні қолға алынған іс-шаралардың қатарына жатады. Соған қарамастан, әлі де жетіспейтін тұстары көп-ақ...

Қазіргі қоғам дамуында және білім беру жүйесінде екі тенденция байқалады: саралау және кірігу. Этностық қатынастар саласында оларды бірлікте қарастыру этно-мәдени білім беру қажеттілігін тудырды. Педагогикалық үдерісте бұл тұжырымдаманы жүзеге асыру этностық сәйкестілікті мемлекеттік кірігумен бірлікте қалыптастыру мақсатына әкелді.

Мемлекеттік сәйкестілік (кірігу) – этно-мәдени білім берудің фундаментальды және стратегиялық мақсаты. Егер этностық сәйкестілікке жеке және топтық түрде қысқа уақыт мерзімінде жетуге болса, мемлекеттік кіріуге жету – мемлекетте тұратын барлық этностардың күштерін талап ететін ұзақ процесс (ҚР этномәдени білім тұжырымдамасы).

Елбасының өзінің «Қазақстан - 2050» Жолдауында: «...оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет... бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тектілік, білімділік, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек», - деген болатын. Елбасының бұл сөздері педагогтар үшін негізгі бағыт, бағдарлама болып табылады.

*Этностық-мәдени сәйкестілікті қалыптастырудың алтыншы ерекшелігі тұқымқуалаушылық, орта және тәрбиенің әсерінен туындайды.* Бұқар жырау «Жаманнан жақсы туса да, жақсыдан жаман туса да, адамның ата-тегінен» деген. Қазақ сонау ұрпақтан

ұрпаққа беріліп келе жатқан, тұқым қуалайтын барлық жақсы қасиеттердің жиынтығын «тек» деген ұғымға сыйғызып, ондай адамдарды «текті» деп бір ауыз сөзбен сипаттаған. Ұлттық ерекшеліктерін қатаң ұстап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуіне осы тектілік негіз болғаны хақ. Тәрбиедегі негізгі түп – тектілік, оның тамырын, өмір тұрғысын дұрыс қалыптастыру - ата-ананың негізгі міндеті. Ол міндетті дұрыс атқару үшін олардың өздері баласына өнеге болуы тиіс.

Қазақтар «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле», - дегендей халқымыздың бойына сіңген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі өзге ұлттардан ерекшеленіп, өздеріне тән қасиеттерді көрсетіп тұратындығын жоққа шығара алмаймыз. «Балаңа басқұр қалдырғанша, тозбас дәстүр қалдыр» - деген қазақ халқы озық жұрттардың санатында болашақ қамын қатты ойластырған.

Демек, оқу-тәрбие жұмыстарына қатысты бағыт-бағдарды, мән-мазмұнды, үлгі-өнегені айқындауда көзсіз еліктеу мен келеңсіз көшіру оң нәтиже бермейді. Әрбір тәлім-тәрбие жүйесінің ең өзекті идеясына халықтық қасиеттер тұғыр болуға тиіс”.[1]

Мұндай ақиқат ойларды Қазақстандағы білім жүйесінің ахуалымен шендестіргенде, өзінен-өзі жоталы-жоталы проблемаларға маңдай тірейміз. Қазақстан сияқты көптеген ұлттардың өкілдері шоғырланған мемлекеттің алдында, біріншіден, біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру міндеті тұрса, екіншіден, жас ұрпақты қазақстандық мәдени-рухани қайнарлардан сусындату тарихи қажеттілік болып отыр. Осы тұрғыдан келгенде, қазақстандағы мектептердің мәдени-кіріктіруші және мәдени-түлетуші қызметін танытатын әлеуметтік мұраттарын бажайлауға болады. Бұлар:

*Біріншіден*, оқушының ұлттық дүниетанымын әлемдік мәдени құндылықтар мен диалектикалық тұтастықта жетілдіріп отыру қажеттілігі ден қойдырды.

*Екіншіден*, ұлттық құндылықтар жүйесін сақтай білуге және оны белсенді түрде басшылыққа алуға оқушыларды баулу мәселесі назар аударады.

*Үшіншіден*, жас ұрпаққа білім беру барысында, бір жағынан, бүгінгі өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескеріп отыруға, екінші жағынан, өз елінің этномәдени, тарихи, әлеуметтік-экономикалық ахуалын терең тануға айрықша көңіл бөлу қажет.

Мұндай мақсаттардың орындалуы көп жағдайда білім мазмұнына тікелей байланысты. Әсіресе, Білім мазмұнының гуманитарлық компоненті негізгі рөл атқаратынын айрықша атап өткен жөн. Яғни, Қазақстан тарихы, қазақ тілі, қазақ әдебиеті Қазақстандағы мектептердің ең бір басым ынтамен көңіл бөлетін, қызғыштай қорғайтын оқу пәндері болуға тиіс. Мұның өзі түптеп келгенде, сөз болып отырған отаншылдықты өмір шындығына айналдырудың ең бір пәрменді тетігі екеніне мән беретін мезгіл жетті. [2]

Оқушының азаматтық тұлғасы мен отаншылдық асқақ сезімдері тек қана білім мен, моральдық-этикалық нормалар туралы білім мен біліктің қайнар көзі қоғамдық ғылым пәндерінде екені, әсіресе, сол пәндердің қазақ тілді мәтіндерінде екені басы ашық ақиқат. Өкінішке орай, пәндерді саралау мен білім мазмұнын айқындауда осы мәселелерге ойдағыдай мән берілмей келеді. Рас, отаншылдық сияқты асыл қасиетті ұрпақ бойына қалыптастыру тек қана білім жүйесінің мойнындағы міндет емес. Отаншылдық кез келген ұлттық-мемлекеттік жаралымның өмір салтына, өмір сүру нормасына айналуға тиіс. Яғни, жас ұрпақты отаншыл етіп тәрбиелеу мемлекеттік маңызды да жауапты істердің бірі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. “Тарих толқынында” Алматы 1999
2. Педагогика тағылымы Алматы 2016
3. Шаханов М. “Төрт ана” Г. “Егемен Қазақстан” 23.08.218.

## САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР - ЖАС ҰРПАҚТЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қожрақова А.С. аға оқытушы, п.ғ.магистрі  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

Омарова Г.Р. аға оқытушы, п.ғ.магистрі  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

*Ключевые слова:* традиции, социализация, молодежь, воспитание, народ, семья, общество.

*Резюме:* в статье рассматривается актуальность воспитания молодежи в современных условиях и формирование ее социализации в обществе через традиции.

*Keywords:* traditions, socialization, youth, education, people, family, society.

*Summary:* the article examines the relevance of educating young people in modern conditions and the formation of their socialization in society through traditions.

Қай халықты алсақ та, оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі, әдет-ғұрпы, салты болатындығын білеміз. Мұның бәрі сол халықпен бірге жасасып, оның тарихына өзінше ілесе жүретіндігін байқаймыз. Қоғамдық өмірдің, экономикалық жағдайлардың ілгерілеп дамуына байланысты, халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, сана-сезімі, дүниеге көзқарасы, т.б. өзгеріп отырады. Бір заманда туып, бертін келе, көп уақыт бойына қалыптасқан, белгілі жүйеге түскен дағдыға айналған тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып, салт-сана, алғашқы мазмұнын біртіндеп жоғалта да бастайды. Бұлардың орнына қоғамдық-таптық тілек жағдайларына сәйкес жаңа мазмұн, түр туады. Демек, қоғамдық және экономикалық жағдайлар, олардың дамуы ертеден келе жатқан, қалыптасып қалған тұрмыс-тіршілікке, әдет-ғұрып, салтқа өз әсерін тигізеді, жаңа мазмұнда өзгеруіне, бұрынғы қалпын біртіндеп жоғалтуына жағдай жасайды. Қазіргі таңда қазақ жастарының арасында батыс мәдениетіне еліктеушілік үрдісі кең етек жаюда. Ел болашағы жастар екені белгілі. Алайда, олар өзге мәдениеттердің теріс ықпалын өз бойына жинай берсе, болашағымыз бұлыңғыр болмақ. Сондықтан қазақ жастарының болмысын сақтап қалу үшін олардың әлеуметтену процесіне қазақи салт-дәстүрлерді тәрбие арқылы енгізуіміз қажет.

Бүгінгі таңда жастарымыздың арасында батыс мәдениетіне еліктеушілік асқындап барады. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деген Абай атамыздың өзі өзге мәдениеттің жетістіктерін ғана игеріп, яғни өзіңе, халқыңа пайдалысын ал деген еді ғой. Өзге ұлттың білімі асты екен деп ұлттық салт-сананды ұмыт деген сөз емес қой бұл. Олай болса, ұлтымыздың келешегі жарқын болсын десек алдымен ұлттық салт-санамызды қолға алайық. «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген халық даналығы осыны меңзейтін секілді. Тұлғаның әлеуметтену процесіне салт-дәстүрдің әсер ететіндігін ата-бабамыз ертеден-ақ ескерген. Қыз бойжетсе сырға тағып, ұл ержетсе атқа мінгізіп, біріне отбасының тұрмыс-тіршілігі – қазан-ошақ қызметі мен бала тәрбиесін үйретсе, біріне отағасы болуды, ата салтын жалғауды, әке жолын қууды меңгертті. Бұл үрдістің барлығы дерлік ұлттық тәрбие артқылы атадан-балаға беріліп отырды. Тәрбие әлеуметтенудің мақсатқа бағытталған формаларының бірі ретінде тұлғаны әлеуметтік байланыстарға қатыстыру мақсатында, сонымен қатар бұл процестердің кепілдігі мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында қоғам арқылы жүзеге асады.

«Әлеуметтену» және «тұлғаның дамуы» деген ұғымдарды қарастырсақ – бұлар жеке адам мен ортаның белсенді түрде өзара байланысуын және адамның дамуының бір ғана кезеңін емес, бүкіл өмірін қамтитын, әлеуметтік сапаларды қалыптастыру процесі – деп анықтама берсек те, бұл ұғымдарды теңдес деп есептей алмаймыз. «Әлеуметтену» ұғымы «тұлғаның дамуы» ұғымымен салыстырғанда нақтырақ, өйткені ол адамның бойында сол өзі өмір сүріп отырған



әлеуметтік жүйенің тарихи типіне сай қасиеттердің қалыптасуын бейнелейді. Тағы да бір тоқталатын мәселе – бұл «әлеуметтену» және «тәрбие» ұғымдарының ара қатынасы. Әлеуметтену өзіне әлеуметтік тұрғыдан бағытталған процестерді (тәрбие) де, сонымен қатар тұлғаның қалыптасуына әсер ететін стихиялық процестерді де қамтиды. Осыған байланысты, ғылыми әдебиеттерде әлеуметтердің бағытталған және бағытталмаған түрлерін ажыратады. Бірінші түрге, қоғамның мақсатына, оның «әлеуметтік тапсырыс» сәйкес тұлғаны қалыптастыру үшін, арнайы түрде жасалған әсер ету құралдарының жүйесін жатқызуға болады. Әлеуметтенудің бағытталмаған түрі қоғамдық қатынастардың сипатына байланысты болады. Стихиялық әлеуметтену – жеке адамның өмір сүріп отырған ортасына сәйкес келетін әлеуметтік дағдылардың белгілі бір түрлерінің «автоматты» түрде қалыптасуы.

**Салт** – тұрақтылық қасиетіне ие болған мәдени іс-әрекеттер жинағы. Салт ғасырлар бойы тарихи негізде қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын әдет-ғұрып, жалпыға бірдей тәртіп. Салт - әлеуметтік ақпараттың жиналуының, сақталуының және келер ұрпаққа жеткізілуінің өзіндік құралы.

**Дәстүр** - әлеуметтік және мәдени құндылықтардың ұзақ уақыт қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа сабақтастық арқылы сұрыпталып келуін білдіретін және мәдениеттануда да кеңінен қолданылатын ұғым-термин. Дәстүрдің негізі ретінде белгілі бір қоғамдық ұстанымдар, мінез-құлық, құндылықтар, идея, әдет-ғұрып, басқа да рухани дәстүрлік қасиеті бар іс-әрекет көрініс табады. Қазақтың дәстүрлік мәдениетінің басты типі, қайнар-бастауы – ауыз әдебиеті, фольклор.

Өзге халықтар сияқты, қазақ елінің де бала тәрбиесі жөнінен де атам заманнан жиып-терген мол тәжірибесі бар. Аға буын өз бойындағы ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін-жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйретіп, қан мен жанына сіңіріп келеді. Адамның жарық дүниеге келген күнінен бастап, оның есейіп, қартайып, о дүниеге аттанып кеткенге дейінгі өмірі мен іс-әрекеті, басқалармен қарым-қатынасы атаулының барлығы – салт-дәстүрлерден өзекті орын алып, адамның дүниетану көзқарасын қалыптастыратын тәрбие мектебі. Өз ұрпағының «сегіз қырлы, бір сырлы», өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен ата-бабамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін әлде неше ғасырлар бойы өлең жырмен насихаттады.

Қай дәуірді алып қарасақта жастар – аға буынның жалғасы, қоғамның бүгіні мен ертеңі дейміз. Аға буынның жасаған мәдени және рухани байлықтарын игеріп, оны жаңа жағдайға сәйкес іргелі дамытып, заманмен сабақтастырып отыратындар да осы жастар. Сондықтан оларды өмірге баулу, тәрбиелеу, үйрету мәелесі қай қоғамда болмасын басты міндет болып саналып келген. Осыған орай, жұмыр жер бетін мекен еткен қай халық болмасын, ел ертеңі саналатын жас ұрпақ тәрбиесіне тал бесіктен бастап, база назар аударып, баласының саналы да салиқалы азамат болып, бойтүзеулеріне ерекше көңіл бөлген.

Біздің халқымыздың да күнделікті тұрмыс салтында қалыптасқан бала тәрбиесіне байланысты туындаған озық тәжірибелер аз емес. Кез-келген қоғамның ең маңызды функциясы және оның дамуының таптырмас шарты - жас ұрпақты әлеуметтік тәрбиелеу, ондағы ұлттың өзін-өзі сақтап қалуына ықпал ететін құндылықтарды әлеуметтік қайта жаңғырту. Қазіргі жағдайда жастардың әлеуметтік тәрбиесінің өзектілігі жастардың құндылық дағдарысына жастармен жүргізілетін тәрбие жұмысының инновациялық тұжырымдамаларын, оның ішінде халықтық педагогика дәстүрлері арқылы - адам санасының негізгі рухани-адамгершілік негіздерін жеткізуші қажеттілігінен туындайды. Ұрпақ тәрбиесіне арнаған бұл талаптардың қай-қайсысын алып қарасақ та, жас өскіннің еңбек сүйгіш, төзімді, талапшыл, намысшыл болып өсуіне әсерін тигізген. Мәселен қазақта «Жеті атасын білген ұл, жеті жұртқа жөн айтар» - деген даналы сөзді түсіне білген адамға талай дүниеден хабардар етіп тұр емес пе? Жеті атасының басып өткен өмір жолын жақсы білген адам, өз халқының екі ғасырлық тарихынан хабардар болады екен.

Міне осындай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан қазақы салт-дәстүріміз бүгінгі қазақ қоғамының бірлігінің, ынтымағының, ауызбіршілігінің, адамгершілігінің белгісі. Ғасырлар бойы қалыптасқан осындай інжу-маржан дәстүрлеріміздің біразы кешегі кеңестік

уақытта жоғалтып алғанымызда рас. Дегенмен еліміз егемендігін алып еңсесін көтеріп ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртып жатқандығы бізді қуантады. Әрбір халық ұрпағымен көктеп, өркен жаяды. Әрбір мемлекет рухы таза, санасы биік, білімді де білікті ұрпағынан қуат алады, ол әрбір жаңа буын жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді бойына сіңіруден басталады. Ендеше ұрпақ тәрбиесіне жеңіл қарау ұлт тағдырына, қоғам мен мемлекет болашағына опасыздық таныту болмақ.

Халықтық тәрбие дегеніміз – таным, наным, ұғым, салт-дәстүр, сенім, әдет-ғұрып, мінез-құлықтың жиынтығы. Халқымызда ұрпағына жақсы тәрбие беретін салт-дәстүрлері болған. Қазақ этнопедагогикасының үлкен бір саласы – қазақ халқының салт-дәстүрлері болып табылады. Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет-ғұрыпқа, әсерлі әдет-ғұрыптар салт-дәстүрлерге, халықтың өмірінде қалыптасқан салт-дәстүрлер салт-сана болып қалыптасқан. Халықтың салт-дәстүрлері рәсімдер мен жөн-жоралғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер арқылы өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі дамып, толысып, жаңарып отырады.

Халықтың игі мәдени дәстүрлері: ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, имандылық, иманжүзділік – барлық мәдени үлгі-өнегелі іс-әрекеттердің көрінісі – әдеп деп аталады. Қазақ халқының осы игі дәстүрлерін айқындап, дәлелдей келе, халықты рухани тазалығы жағынан алып, қазақ халқын әдепті яғни қайырымды, мейірімді халық деп атауға әбден болады. Бұл – мәдениетінің ең озық көріністері. Халықтық әдеп – ұрпақ тәрбиесінің өзекті арқауы болып табылады.

Халықтық тәрбие қағидаларына сүйене отырып, халықтың ғасырлар бойғы санасына енген бұл әлеуметтік құндылықтар жеке тұлғаның өзіндік ішкі мәдениетін байыту үшін шексіз білім беру мүмкіндіктеріне ие. Салт-дәстүрлер мен этностың этномәдени құндылықтары өзінің мәні, ерекшелігі және әлеуметтік мәні бойынша өзара тығыз байланысты және бір-біріне тәуелді. Осы тұрғыдан алғанда, халықтық дәстүрлерді тәрбиелік ықпалдың негізі ретінде пайдалану бізге жастармен тиімді әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізудің маңызды шарты болып көрінеді.

Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың тәрбиелік және әлеуметтендіру әлеуетін, сондай-ақ олардың жеке және қоғамдық сананың күйіне әсер ету мүмкіндігін ескере отырып, жастар арасында ауытқудың алдын-алу жөніндегі әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу кезінде оларды практикалық қолдануды ескеру керек, бұл, жалпы алғанда тиімділіктің артуына ықпал етеді. Сонымен қатар, салт-дәстүрлерді қолдана отырып, дұрыс қалыптаспаған және девиантты мінез-құлықты жастарға қатысты профилактикалық іс-шараларды жүзеге асырудың тиімділігі артады, олардың санасында және мінез-құлқында қоғамға жат дәстүрлерден (экстремистік, қылмыстық, тәуелділік және т.б.) арылып, жоғары адамгершілік қасиеттері қалыптасуына ықпал етеді.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі жастарға салт-дәстүрді сақтаудың күнделікті өмірде маңыздылығын жеткізетін, олардың ұлттық мәдениетінің әсемдігін, қарапайымдылығы мен даналығын түсінуге жетелейтін әлеуметтік-тәрбиелік әдістерді дамыту қажеттілігі туралы айтады. Халқымызда қалыптасқан ең прогрессивті дәстүрлер, еңбексүйгіштік, отансүйгіштік және отбасы, адамдар алдындағы борыш сезімі, ар-намыс пен абырой, үлкендерге құрмет, қонақжайлылық және т.б. Сондай-ақ отбасындағы өмір салты бізге осы салаларда адамгершілік принциптері мен негізгі құндылық бағдарын сақтауға мүмкіндік береді.

Этнопедагогикадағы салт-дәстүрлердің ұлттық санаға сіңіп, біржола заңдандырылуы – салт-сана деп аталады. Ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт-дәстүрлер сол ұлттың ой-санасының дәрежесін көрсетеді. Ұлттық сананың қозғаушы күші – ұлттық намыс, ұлттық абырой. Ол жеке тұлғалардың перзенттік борышты өтеу дәрежесіне сай өмірден өз көріністерін байқатады. Сондықтан әрбір әдет-ғұрыптың, салт-дәстүрдің салт-санаға әсер ететін тәрбиелік мәні зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері.- А.- 1995.-463 б

2. Қожахметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. - Алматы: РБК, 1997. - 47 б.
3. Ұзақбаева С.А. - Тамыры терең тәрбие. - Алматы, 1993. - 65 б.
4. Г.О.Әбдікерова. Тұлғаның саяси әлеуметтенуі. Алматы, 2002

**УДК 316.28**

## **РОЛЬ ТРАДИЦИЙ СЕМЬИ В ФОРМИРОВАНИИ ЛИЧНОСТИ**

А.А.Мынжасарова, преподаватель русского языка и литературы  
Актюбинский высший медицинский колледж, город Актобе

*Түйіндеме:* Мақалада қазіргі заманғы отбасының тұлғаны қалыптастырудағы рөлі ашылған, отбасылық қатынастарды оңтайландыру мәселесін шешудің негізгі бағыттары көрсетілген, отбасылық тәрбие процесіндегі дәстүрлердің рөлі сипатталған.

*Summary:* the article reveals the role of the modern family in the formation of personality, highlights the main directions in solving the problem of optimizing family relations, characterizes the role of traditions in the process of family education.

*Ключевые слова:* социум, семья, традиции, этнопедагогика, ценностные ориентации

В фольклорных памятниках народов и произведениях классической литературы отмечается, что всё необходимое для жизни и блага человека, высокие нравственные качества зарождаются в нормальной семье, будущность ребёнка - в её руках. Вековая история взаимоотношений социума, семьи и личности доказала целесообразность существования семьи как «ячейки общества. Семья понималась как колыбель человеческой цивилизации, хранительница общечеловеческих, культурных и нравственных ценностей, семейное воспитание связывалось с развитием дарований человека. Определяющая роль семьи в становлении личности обусловлена её глубоким влиянием на весь комплекс духовной и физической жизни растущего человека. Семья для ребёнка является одновременно и местом обитания, и воспитательной средой. При этом влияние семьи на ребёнка, особенно в начальный период его жизни, намного превышает другие формы воздействия. Семья играет определяющую роль в формировании готовности и желания подрастающих поколений участвовать в жизни социума, осознании человеком ценности общественной деятельности, умения принимать самостоятельные решения и совершать поступки, проявляя инициативу, исполнительность и ответственность.

Очень важно обращать внимание на обрядовую сторону жизнедеятельности семьи, поскольку обрядность, как система определённых обычаев в социально-культурной жизни человека, как явление постоянное и всеобщее, свойственна всем народам, во все времена. Без сложившейся системы обрядности - одного из признаков стабильности общества - невозможно его полноценное существование, она неотъемлемая часть образа жизни социума. Обрядность считается эффективным средством воспитания. Следуя тому, что принято в обществе, как поступают все, человек незаметно для себя усваивает эти требования, нормы и правила.

Действенным средством формирования духовности и защиты подрастающего поколения от бездуховности является использование в семье положительного опыта народной педагогики - всеобщей мудрости воспитания. В условиях развития демократии этнопедагогизация целостного педагогического процесса в рамках общечеловеческого движения к гуманистическим идеалам воспитания является одной из движущих сил совершенствования современного образования и воспитания. Педагогическое значение семейных традиций огромно, т. к. они одновременно выступают и как результат воспитательных усилий народа в течение многих веков, и как незаменимое воспитательное средство. Через систему традиций, в

том числе семейных, каждый народ воспроизводит себя, свою духовную культуру, свой характер и психологию в ряду сменяющих друг друга поколений.

Будучи общественным явлением, обычаи и традиции проявляются во всех сферах существования социума, отражая многообразные взаимоотношения людей, их привычки и поступки, получившие всеобщее признание. Неизменная повторяемость обычаев и традиций приводит к тому, что они принимаются большинством как обязательные нормы жизни, которые каждое новое поколение берёт на вооружение. В вековых воспитательных обычаях и традициях сконцентрирован большой морально-нравственный опыт регулирования поведения и поступков людей. Функционирование и соблюдение их осуществляется благодаря таким социально-психологическим механизмам, как внутренняя убежденность личности в целесообразности следовать им, авторитет общественного мнения и др. Каждый народ стремится к сохранению, укреплению и развитию гуманных национальных традиций, беспокоится о том, чтобы передать подрастающему поколению производственный, духовный и педагогический опыт. Историческая память народа аккумулирует в рамках семьи многие элементы воспитательной практики прошлого.

Следует подчеркнуть, что стабильность традиций отнюдь не означает их застывленности, неприкасаемости на все времена. Каждой эпохе свойственно дополнять прежние традиции и обычаи или отказываться от тех из них, которые перестают играть значимую роль в жизнедеятельности народа. Назначение традиций в сфере образования как составной части культуры - в обеспечении человечества возможностью решения новых творческих задач на основе обогащения коллективным опытом предшествующих поколений. Традиция не может быть чем-то неподвижным, статичным, ведь по мере накопления свежих данных выдвигаются новые теоретические объяснения, интерпретации, способствующие её развитию. Каждая традиция обладает разновременными по своему происхождению элементами, в том числе ценностными ориентациями, и далеко не всегда самые старые из них имеют наименьшую актуальность. Можно согласиться с высказыванием П. Ф. Каптерева, который писал, что «следует критически относиться к прошлому, переоценивать его результаты, с выбором применять их к настоящему, но отбрасывать все более ранние приобретения целиком нет достаточных оснований».

Но современная семья утрачивает позиции хранительницы лучших человеческих качеств, которые должны передаваться от поколения к поколению. В этой связи важнейшей задачей XXI столетия провозглашается создание такой семьи, в которой воспитательный процесс осуществляется путем сотрудничества, сопереживания, сотворчества взрослых и детей. Изменение ценностных ориентаций общества, наблюдающееся последние десятилетия, непосредственным образом отразилось на идеологии семейной жизни. Аристотель обращал внимание на особые чувства, которые связывают детей и родителей, и предупреждал, что разрушение цельности семьи влечёт за собой и разрушение чрезвычайно важных для развития чувственных связей, микросреды формирования личности.

Развитие подрастающих поколений и помощь им невозможно оторвать от реалий жизни в семье. Взаимоотношения родителей и детей тесно связаны с характером отношений между самими родителями, с образом жизни семьи, её благополучием. В семье ребёнок получает азы знаний об окружающем мире, а при высоком культурном и образовательном потенциале старших членов семьи всю свою последующую жизнь продолжает получать не только азы, но и впитывает саму культуру. Семья для ребёнка - это своеобразная школа отношений с людьми: семья помогает становлению представлений о добре и зле, порядочности, об уважительном отношении к духовным и материальным ценностям. С близкими людьми в семье человек переживает чувства любви, дружбы, справедливости, ответственности, долга. На процесс формирования личности заметное влияние оказывают не только отец и мать, но и другие члены семьи - как старшие, так и младшие. Очень важно, чтобы подрастающие поколения росли в доброжелательной атмосфере, чтобы у родителей не было расхождений по поводу методов их воспитания, чтобы подопечные не были свидетелями ссор и конфликтов. В

противном случае из них могут получиться асоциальные личности, наносящие вред себе и окружающим.

Таким образом, на современном этапе главной задачей семьи остаётся выполнение воспитательных функций: сохранение определённых взаимоотношений между взрослыми и детьми, создание предпосылок этих взаимоотношений; утверждение такого образа жизни семьи, который способствовал бы гармоничному и всестороннему становлению личности; устранение неуверенности родителей в вопросах воспитания детей; воплощение в жизнь условий, при которых физиологические, интеллектуальные и эмоциональные потребности ребёнка будут удовлетворяться на необходимом качественном уровне и в достаточной мере. Результатом такого воспитания будет здоровый, счастливый и благополучный ребёнок.

Список использованной литературы:

1. В. В. Айрапетова. Роль современной семьи в формировании личности. Пятигорск, Россия.
2. Протасова И. А. Зеньковский о влиянии семьи и школы на процесс социального воспитания личности / И.А. Протасова, Н. В. Гирфанов // Психолого-педагогическое наследие прошлого в современной социально-педагогической деятельности. Материалы 6-х международных Макаренковских студенческих педагогических чтений. Екатеринбург // [Электронный ресурс]. - 9 апреля 2009.
3. Субботский Е. В. Детство в условиях разных культур // Вопросы психологии. 1979. № 6.

УДК 316.28

## ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ВОСПИТАНИЯ ТОЛЕРАНТНОСТИ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

М.Р. Жаманкулова, преподаватель русского языка и литературы  
ТОО «Баишев высший медицинский колледж», г.Актобе

*Ключевые слова: этнопедагогический аспект, толерантность, воспитание, народ, ценность, достоинства, культура.*

*Резюме: Мақалада студенттердің толеранттыққа тәрбиелеудің міндеттері этнопедагогикалық тәсіл негізінде анықталады. Қазіргі заманғы адамның маңызды қасиеттерін: толеранттылықты, жанашырлықты, ана тілін білуге және сүйуге, өз халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу үшін «Орыс тілі» пәні бойынша сабақта қолданылатын тәсілдер туралы айтылады.*

*The article defines the tasks of educating students in tolerance on the basis of ethnopedagogical approach. It tells about the methods used in the lesson on the subject "Russian language" to educate the most important qualities of modern man: tolerance, compassion, knowledge and love of the native language, respect for the culture of their people.*

В Казахстане мирно проживают представители более 120 этносов, принадлежащих к разным конфессиям. Это достигнуто благодаря стабильности в нашей стране, дружбе разных народов и толерантности.

Толерантность (*от лат. tolerantia — терпение*) терпимость к чужим мнениям, верованиям, поведению. По мнению Г.Олпорта «толерантный человек – это тот, кто одинаково дружелюбно настроен ко всем без исключения».

Воспитание толерантной личности — процесс сложный, осуществляется всей социальной действительностью, окружающей человека, обществом, под влиянием взаимоотношений в семье, сложившихся взглядов и отношений ее членов к другим людям и

обществу в целом, под влиянием общения со сверстниками и окружающими людьми. В этнопедагогике понятие толерантности неоднозначно, оно определяется историческим опытом разных народов. Важным и наиболее распространенным является вопрос определения этнотолерантности, который проявляется в отношениях между представителями разных национальностей и предполагает терпимость к людям другой национальности. В связи с этим усиливается значимость огромного опыта жизни многих поколений людей. Богатая философская мудрость, этнопедагогические знания народов используются в учебно-воспитательном процессе.

**Этнопедагогика** - наука о жизненном опыте народа, о воспитании и образовании детей, о морально-этических и экологических нормах и правилах поведения подрастающего поколения в природно-социальной среде. Народ - единственный и неиссякаемый источник духовных ценностей. Он испокон веков вырабатывал самобытный нравственный уклад духовной культуры.

К задачам воспитания толерантности студентов на основе этнопедагогического подхода относятся:

- ориентация на общечеловеческие нравственные ценности, на достижения науки, на осознание принадлежности к человеческому сообществу;
- приобщение личности к культуре ценностей;
- воспитание в духе мира и уважения ко всем народам Земли, их этносоциальным и этнокультурным особенностям;
- воспитание в духе толерантности к различным религиозным чувствам людей; привить любви и уважения к многонациональному народу Казахстана.

Язык является инструментом, формирующим личность, поскольку он, язык, тысячелетиями впитывал в себя ум, традиции, философские взгляды на жизнь - все духовное богатство народа. К.Д. Ушинский писал: «Язык есть самая живая, самая обильная и прочная связь, соединяющая отжившие, живущие и будущие поколения народов в одно великое историческое живое целое. Оно не только выражает собой жизненность народа, но есть именно сама эта жизнь. Когда исчезает народный язык – народа нет более! Отнимите у народа все – и он все может воротить, но отнимите язык, и он никогда более уже не создаст его: новую родину даже может создать народ, но языка – никогда; вымер язык в устах народа – вымер и народ».

Предмет «Русский язык» дает благодатный материал для воспитания важнейших качеств современного человека: толерантности, доброжелательности, умения сострадать, при этом быть патриотом, знать и любить родной язык, уважать культуру своего народа. Задача преподавателя русского языка – помочь обучающимся осознать, что в мире толерантности неважно, какого цвета твоя кожа, к какой национальности ты принадлежишь, какую религию исповедуешь. Важно другое: любить людей, понимать их, протянуть руку помощи при необходимости.

Устное народное творчество, фразеологизмы, пословицы и поговорки языка формируют толерантность, в них сосредоточены результаты культурного опыта народа. На уроках практикуем изучение культурного наследия посредством фольклорных и литературных источников, к примеру пословиц и поговорок разных народов. Такой подход способствует приобщению обучающихся к мировой культуре и, тем самым, к лучшему осознанию своей собственной культуры.

В пословицах зафиксирован народный опыт, классическая литература разных народов учит терпимости и лояльности ко всем и всему окружающему на нашей общей планете. Как говорят психологи, человек, любящий себя, способен полюбить и других, следовательно, если человек любит и уважает свой народ, свой язык, он будет способен принять и полюбить другие культуры. Сравнение эквивалентов пословиц разных народов позволяет обратить внимание обучающихся на единство духовных ценностей всех людей. В пословицах говорится о мире, дружбе, о различных человеческих качествах и т.д. Каждая пословица является ключом воспитания.

Ағаш тамырымен, Адам досымен мықты (каз.)

Дерево крепко корнями, человек – друзьями (русск.)

Сыйласу екі кісіге бірдей (каз.)

Дружба крепка взаимностью (русск.)

Задача преподавателя показать, как в пословицах и поговорках отразились этические нормы, правила социальной жизни и поведения в обществе, отношение нации через ее культуру и язык к миру, другим народам и культурам. Например: Не рой другому яму, сам в нее попадешь.

- Толерантность - уважение, принятие и правильное понимание многообразия культур нашего мира, форм самовыражения и проявления человеческой индивидуальности (Каждый кулик свое болото хвалит).

- Толерантность – доброжелательность (Злое слово хуже стрелы ранит).

- Толерантность - самообладание, разрешение конфликтов и проблем (Злобу ум побеждает, держать язык за зубами).

Эти поговорки учат толерантному отношению к людям и миру, потому что они помогают найти пути разрешения конфликтов и проблем: необходимо быть сдержанным, следить за речью, не доводить до ссоры и до появления недоразумений, недопонимания и конфликтов. Для этого человеку следует уметь управлять своими действиями, а они в свою очередь окажут влияние на реакции этого человека.

На уроке обучающиеся отвечают на вопросы: Можно ли считать, что толерантность и терпимость одно и то же? Как связаны со словом толерантность слова ценность, устойчивость, взаимопонимание, приспособление, знание, радуга?

Предлагаю обучающимся «вырастить» Дерево толерантности, на листьях которого пишут свои пожелания. Готовят коллективный проект «Толерантность-искусство жить в мире с непохожими на тебя людьми». Обязательное условие - включить в проект «портрет» нашей страны как толерантного государства, охарактеризовать казахстанский народ с точки зрения толерантности.

Таким образом, важнейшая цель воспитания толерантности состоит в утверждении ценности человеческого достоинства и неприкосновенности каждой человеческой личности. Это – центральная ценность во всех теориях прав человека и во всех международных стандартах; это – главный мотив для осуществления усилий по достижению мира и главный стимул для установления демократических форм правления; это – полная противоположность нетерпимости.

Список использованной литературы

1.Болотина Т.В. Культура мира, права человека, толерантность, ненасилие и миролюбие. М. 2003.

2.Ахметова М. Ф. Урок толерантности русского языка. URL: [festival.1september.ru](http://festival.1september.ru)

3.Гордон У.Олпорт. Природа предубеждения. Век толерантности с.39.М.2003.

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ЖАҢАНДАНУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ**

Өмірбек БЕКЕЖАН,

философия ғылымдарының докторы,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің кафедра меңгерушісі

Адамзат өркениеті дамуының әрбір тарихи уақыт пен кеңістігінде өзіне тән басым болып келетін терминдері мен концепциялары болатыны мәлім. ХХІ ғасырда әлемдік саяси-әлеуметтік лексиконда кең тараған ұғымның бірі – «жаңғыру» (модернизация) сөзі болып отыр. Бұл

дискурс әсіресе, жаңа тәуелсіздік алған елдерге кеңінен тарап отыр. Бұл қазіргі әлемдегі мемлекеттер мен ұлттардың ұстанған бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін білдіретін әмбебап терминге айналды. Әрине, ондай ұғым осы заманда пайда болған, жаңа мемлекеттердің еншісіндегі ұғым емес. Бірішіден, қазіргі еуропада сонау Ренессанс дәуірінен басту алған, сосын ХІХ-ХХ ғасырлар бойы жалғасып отырған модернизм және постмодернизм аталып жүрген жаңғырудың осы елдерде өзінше, ұлттық нақышта көрініс табуы. Бұл бүкіл Батыс пен Шығысқа үлгі болған, әлем халқының өз жұртында жаңғыру жүргізу істерінің негізгі моделі, парадигмасы түрінде жүзеге асып отырған негізінен еуропалық жетістіктер мен ғылымға, технологияға сүйенуден туған кешенді жаңғырулар көші. Тек оған бір елдер ерте бір елдер кеш түсіп жатады. Бізге қай жағынан да жақын, түркі баласының алға ұстар бағыт-бағдары Түркия елі де осы жолға түсіп, Ататүріктің елге жасаған түбегейлі модернизациясының арқасында бүкіл түркі халқынан суырылып алға шықты. ХХ ғасырда Түркиядан басқа шығыс халықтары да замана көшінен қалмау үшін саяси-мәдени, экономикалық модернизациялар жасады. Ол үшін елді сондай жаңғыруға жұмылдыратын ұлттық идеологияда қалыптасты. Мысалы, Жапонияда ұлттың рухын көтерген, жапон халқының ұлттық идеясы мен ұлттық бірегейлігінің негізіне айналған «Кокутай» доктринасы, Қытайда Дэн Сяопиннің (Компартияның) «төрт негізгі қағидасы» (төрт модернизация), Малайзияда премьер-министр Абдулла Ахмад Бадавидің «Ислам хадари», Индонезияда «Панчашила» (5 қағида), Түркияда Мұстафа Кемалдің «Алты Оқ» концепциялары қабылданды. Бұл жаңғыру реформаларының саяси, діни, мәдени кейбір ерекшеліктері мен сипатына қарамастан өз елдерінің әлемдік қауымдастықтан ойып өз орнын алған заманауи мемлекет болуына үлкен септігін тигізді дей аламыз.

Модернизацияның бағыты мен саласы да көп, жүйелеп, нақтылайтын болсақ, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және т.б, болып кете береді. Біздің елімізде көп жыл бойы экономика мен әлеуметтік-саяси модернизация алдыңғы орынға қойылып келді, яғни, қоғамның базистік, материалдық жаңғыруы мәселесі басым сипат алды. Жас мемлекет үшін оның маңызын да жоққа шығаруға болмайды. Соңғы жылдары, бірінші Президенттің мақаласына орай, рухани жаңғыру да болашақтың негізгі құндылығының бірі ретінде жарияланып, арнайы бағдарлама бойынша кешенді жұмыстар жасалуда екені белгілі. Ғаламдану дәуірінің бір қыры-елдер мен ұлттардың өзін өзі сақтау үшін, заманауи өркениет көшінен қалмау әрекетіне көшуі екені белгілі. Оның өзі осы заманның «жаһандық» сипатына байланысты бола отырып, соған реакция жасау, қарсы тұру, амалы жетсе тайталаса өмір сүріп, өз болмысын, мәдениетін әлемге көрсету, қара үзіп кеткен елдерге ілесу мақсатынан туындайды. Өткен ғасыр бойы бұрынғы бодан, колония елдер өз тәуелсіздігі үшін күресумен болды және ғасырдың аяғында кеңес елдерінің тарауымен деколонизация үрдісі аяқтала келді. Енді ХХІ ғасырда осы және басқа да елдердің алдында тұрған мақсат-барлық жағынан жаңғыру болып табылады. Бұл процестің көптеген қырлары бар екенін естен шығармаған жөн. Мысалы, кейбір ғалымдар, соның ішінде баяғы «Рим клубы» өкілдері және басқа да футурологтар техногендік өркениет, жаһандық қоғам, әлемдік біртұтас эконмика қалыптасуына байланысты жеке ұлттардың аясы тарылады деген пікір айтқаны белгілі. Осындай пікірлерді атақты А.Печчи, Ф.Фукуяма сияқты ойшылдар да айтады. Еуропалық гуманизм ұлт мүддесіне назар аудармайды, ол үшін әрбір ұлттың жеке өкілінің мүддесі жоғары. А.Печчи өзінің белгілі кітабында осы туралы айтады, ол жаһандану үрдісінің кең жайылып келе жатқаны туралы алғашқылардың бірі болып айта отырып, адамзаттың болашағы біртұтас глобалдық (жаһандық) қоғамда деп санайды, осыған байланысты дүниеде белең алып бара жатқан ұлттық мемлекеттердің тәуелсіздік алу (ол ұлттық мемлекеттердің суверендігі қағидасы деген ұғым қолданады- *Ө.Б.*) процессі тоқтау қажет екенін айта келіп аймақтық, субаймақтық және аймақтық одақтар мен коалициялар құрудың арықшылығына назар аударады. Оның ойынша әлемдік көкейтесті мәселелерді тек бірлесіп және ұлттық мүддеден жалпыадамзаттық мүддені жоғары қойғанда ғана шешуге болады. Печчи техникалық революцияны тізгіндеу үшін адамның өзі, оның сапасы өзгеру қажет екенін алға тартып бірнеше қағиданы іске асыруды ұсынады:

- негізгі мәні тұтас жеке адам болатын жаңа гуманизм;
- әлемнің бірлігі және адамзаттың тұтастығы;



-ұлттық мемлекеттің суверендігі (егемендігі) қағидасынан бас тарту;  
-ұлттық және аймақтық зақмерзімді жоспарларды әлемдік контексте қарау. Жалпы батыстық зерттеушілердің техногендік қоғам дәуірлеуіне қатысты қазіргі көптеген ұлттар, ұлттық мемлекеттер орнына әлдебір әлемдік ұлт немесе әлемдік ортақ мемлекет, қала берді жаһандық корпоративтік құрылым келеді деген болжам жасауға бейім екенін көреміз. Сондықтан батыс ойының өкілдері қазіргі әлемдік мегақоғам мен ұлттық мемлекеттер бәсекесінде соңғылары жеңілуі мүмкін деген жорамал жасауға тырысады. Міне, осының бәрі әлемдегі ұлттар мен олардың мемлекеттік өмір сүру формасына деген қауіпті көрсетеді. Менің ойымша, Рухани жаңғыру идеясының да осындай жаһандық қауіптердің алдын алу мақсатынан туындап отырғаны сөзсіз. Осындай жағдайда ұлтқа төнер қауіп пен мүмкіндік те қатар туады.

Н. Назарбаев өз мақаласында ұлттық кодты сақтау мәселесін қозғайды. Қазір ғалымдар мәдени кодтың үш кезеңі туралы пікір айтып жүр: 1. дәстүрлі. 2. жазбаша (кітаби). 3. экрандық. Қазақ мәдениетінде үшеуі де бар. Біз дәстүрлі мәдениеттің озық үлгілерін кітап түрінде жарияладық («Мәдени мұра» бағдарламасы). Ендігі мақсат оларды экрандық үлгіге көшіру. Порталдар, сайттар, роликтер, вайндар арқылы ұлттық дәстүрді вербальді және вербальді емес формаларда беру мүмкіндігі молайып келеді. Олар арқылы ұлттық символды, тұспалды, ишараны, ымды беруге мүмкіндік туып отыр.

Біздің ұлттық жаңғыруымызға кері ықпал етуге тырысатын сыртқы мәдени күштердің барлығын да естен шығармау керек. Алға қарыштап кеткен еуропа немесе АҚШ жолымен кету ме, болмаса әлі де өзіміздің ешкімге ұқсамайтын евразиялық жолымызбен кетеміз деп бұра тартатын Ресейге ілесу керек пе, әлде жалпы түркілік ортақ құндылықтар айналасына шоғырланамыз ба, болмаса ислам дінін ұстануды «арабтану» деп түсінетіндердің жолына ереміз бе, осының бәрі шешуді талап етеді. Егер біз мәдениет жолынан өркениет жолына түсетін болсақ, ол өркениетті біз қалайша түсінеміз керек, егер оны Шпенглерше қабылдасақ, онда біз дәстүрді, салтты, рухани жан-дүниемізді материалдық зат-дүниеге саналы түрде алмастырғанымыз болып шығады.

Жаһандану міндетті түрде ұлттық мәдениетке, рухани құндылықтарға инвентаризация (*С. Қондыбай сөзімен айтсақ*) жасауды мәжбүр етеді (тозығы мен озығын айыру), мысалы келешектің өкілдері, бүгінгі жасөспірімдер мен балалар кейде өз таңдауын жасағандай көрінеді, олар баяғыда-ақ Ертөстікті Бетманға, Алпамысты «өрмекші адамға» ауыстырғандай, солайша, біз, үлкендер орнап жатқан компьютерлік, нарықтық базистік қоғамға қондырма тапқанша, болашақ өз қалауын жасап үлгерді. Сондықтан мақсат, жаһандық бәсекелестікте өз рухани құндылықтарымызды сақтау мен дамыту һәм тарату.

Біз жаңа ақпараттық технологиялар арқылы, заманауи арнайы техникалық әдістермен дайындалған жат ықпалдармен әлі де «кітаби» жолдармен, ауызша үгіт - насихат арқылы қарсы тұрғымыз келеді. Көп жағдайда бұл тиімсіз болып шығып жатады. Ұлттық мәдени мұралар мен салт – дәстүрлік құндылықтарды заманға сай озық технологияларды қолдану арқылы насихаттау ғана балама дүниетанымдық жүйе ретінде белгілі бір табысқа жеткізуі мүмкін. Қазіргі бала білімі аз болса да ақпаратты көп алады, сондықтан басқа елдер мен мәдениеттер туралы молынан хабардар, Америка мен Жапон мәдениетінің шоқтығы неге олар үшін өз мәдениетінен биік деген, жалаң патриоттық күйіну ештеңе әкелмейді, себебі әңгіме мүлдем басқа нәрседе. Әңгіме біз рухани, тарихи тұрғыдан мол әрі терең мәнді санайтын ұлттық мұраларымыздың өзінің формасы жағынан әлі ескі форматта сақталуында, тіпті жазбаша түрінің өзі модернизациялауды қажет етеді, тіпті оларды жаңа дәуірге бейімдеу үшін мазмұндық тұрғыдан да жаңарту жасау, ревизиялау қажет сияқты. Мысалы, Қобланды батырды, Ер төстікті болмаса Қыз Жібекті қазіргі жас ұрпақ өзінің ата-анасы қабылдағандай сезініп, түсіне алмайды. Себебі бұрынғы ұрпақта оларды түсінетін әлдебір архетиптік негіз болды, қарттар, ескі тұрмыстық артефактар, жылқылар, кең дала, қаймағы бұзылмаған ұлттық, образдық тіл- міне осының бәрі санаға, эмоцияға, қиялға ерекше әсер етті. Қазіргі жастарда оның көбі жоқ, енді ондай атмосфераны тек қана жаңа технология жасай алады. Сондықтан Қобландының заманауи суперменге, ал Ер Төстіктің, Керкұла атты Кендебайдың танымал компьютерлік ойынға айналуы өзімізге байланысты. Ал әлемге өзін көрсетуі ұлттың

техникалық, әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуымен байланысты. Бұл ешкім таласа алмайтын қағида, сондықтан кез-келген тәуелсіздік алған ел өзінің тәуелсіздігін шынайы егемендікке айналдыру үшін осыларды қатар дамытуға ұмылады. Бірақ онсызда тәуелсіз болу салыстырмалы болып табылатын заманда рухани және мәдени тәуелсіздік қаншалықты дәрежеде екенін анықтау тағы да көңілге қаяу түсіреді және күмән тудырады.

Жоғары экономикалық жетістік, қарыштаған материалдық даму өзімен өзі рухани биіктіктерге жеткізбейді, себебі немістің немесе жапонның озық технологиясының барлық жерде сапасы бірдей, айырмашылығы бағасында, бірақ неміс елінде немесе жапон еліндегі жасалған фильм болмаса басқа да туынды, басқа да қоғамдық құбылыс басқа ұлт үшін құндылық болмауы мүмкін, міне рухани жағынан сақтық туралы осыны айтуға болады. Өз елінде шыққан бренд аталатын қазіргі ұғымның патриотизм, ұлттық құндылық жағынан орны осында. Сондықтан жоғары технологияларды игере отырып оған рухани нақыш беру, материалдық – техникалық құбылысты ұлттық семиосферамен байланыстыру және ұлттық санада бекіту, тәрбиелік аспектіде ұтымды мемлекеттік іс болып табылады. Бізде өкінішке орай символикалар жүйесінде, әсіресе жастар субмәдениетінде шетелдік белгілердің ролі үлкен және оған қарсы қоятын, жастарды баурап алатын ұлттық дискурстегі белгілер, бұқаралық мәдениеттік деңгейдегі «артезаттар» әлі тапшы.

Осы жағдайда ұлттың бәсекеге лайық болуы, рухани өресі биік болуы өзіне байланысты. Техника, ақпарат құралдары-адамзатқа ортақ, бірақ әрбір халық сол құралдан өзінше пайда көріп, өзінше заманауи көшке ілесуге тырысады. Міне осы жағдайда ұлттық антропологиялық дағдарыс әбден меңдеп кетпес үшін бізге бірнеше ақиқатты қағидаға айналдыру керек сияқты, біріншіден, техноцентрлік өркениетті әлдебір идолға айналдырмау, оның қоғамдағы ролін таза практикалық, құралдық сипаттан жоғары көтермеу, қазіргі ақпараттық-технологиялық жетістіктерді этноцентрлік ұстаным тұрғысынан барынша пайдалану. Екіншіден, ұлттық жанұялық, ағайындық-туыстық құндылықтарды дәріптеу, рулық-аталық генеологияны үзбеу, бірақ рушылдық дертіне ұшыратпау, ұлттық нақыштарды үнемі жарнамалау. Үшіншіден, ұлттық мәдениетті әлемге паш ететін дүниелер жасау, біздің мифологияны, әдеби-мәдени образдарымызды таныту. Төртіншіден, ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайту ұстанымын ұлттық тарихты зерттеудің әдістемелік қағидатына айналдыру. Бесіншіден, осының бәрінің негізі ретінде жағымды, гуманистік этноцентризмді қолдау. Бірақ оның бәрі қазіргі заманауи деңгейде, арнайы эффектілермен өтсе ғана өзінің мақсатына жетеді. Қазақ халқы көңіл-күйдің, терең сырдың, жасырын мұңның, тебіреністің иесі, қазақ та жалпы шығыс халқы сияқты өмірдің өзін сүйеді, сондықтан жалған дүниені прогресс, бәсекелестік, жоғарғы технологиялық жетістіктер үшін сүргісі келмейді. Балалары, жанұя, ар-ұят үшін, басқаның көңілін қалдырмай, аруақтардан қорқып тыныш тіршілік ету үшін өмір сүреді. Бұл әрине жаһандану дәуірінің жан-беріп жан алған аласапыран тіршілігі үшін тым қарапайым қағидалар болуы мүмкін, бірақ қазақтың ұжымдық-туыстық, жанұялық менталитеті үшін ең дұрыс жол. Бізде техника мен технология дамып келеді, ұлттық рухани құндылық пен менталитет әлі сақталуда, бірақ оларға төніп тұрған қауіп те баршылық, сол жағдайды ескере отырып әсіресе мәдениет, рухани салада, тәрбиеде, білім саласында техниканы пайдаланудың әлдебір ұлттық концепциясын жасау міндетті шарт. Әрине, әртүрлі идеялар, теориялар бар, бірақ олардың көбі теория түрінде тамаша болғанымен іс жүзінде іске аспайтын болып шығады. Бұл бағытта бізде әлде жалтақтық көп, әлде посткоммунистік сана әсері қатты, болмаса жаһандану жағдайында ол идеялардың тұзы жеңілдеу болып шығып тұр. Бірақ, менің ойымша техниканы, әсіресе ақпарат, интернет, компьютер құралдарын ұлттық нақышты тарату мен насихаттауға кеңінен қолдануға болар еді. Мысалы, қазір айтыс өнерінің интернет арқылы кеңінен тарауын осы мүмкіндіктің бір көрінісі деп санаймын. Айтысты дәстүрлі ұлттық код ретінде заманауи ғаламторға салу, олардың үздік жерлерін тарату қазір жастардың да қызығушылығын тудыруда. Қазақта сөз мәдениеті жоғары деңгейде дамыған, ол әуелі ауызша болды, кейін жазбаша болды, мысалы, кешегі кеңес үкіметі кезінде қазақтар көп оқитын халықтың бірі екенін танытты, енді сол рухани жетістік компьютерлік, интернеттік сипат алуы керек, ол үшін жаңа формаға ие болып, халықты, әсіресе жастарды тартуы тиіс. Қазіргі кезде интернетте қазақ тілді сегменттің жақсы

дамып келе жатқаны белгілі. Әрине, онда тәрбиелік, шығармашылық, жоғары мәдени (элиталық) нәрселермен қатар арзанқол - «бұқаралық мәдениет» элементтері де баршылық. Бірақ одан да қорқудың көп қажеттігі жоқ сияқты, бұл әсіресе қазіргі ұлттық мәдениеттің жаһандық интернет кеңістігінде қалыптасуы кезінде маңызды рөл атқаруы мүмкін. Себебі, кез-келген мәдениетте бұқаралық міндетті түрде болады, сондықтан ұлттық тілдегі, ұлттық «бұқаралық» элемент дамуы да заңды және тиімді мәдени тенденция. Бұқаралықтың өзі де баяғы «халықтық» мәдениеттің заманауи түрі, М.Бахтин айтқан карнавалдық мәдениет. Егер ол болмаса бұқара оны басқа тілдегі, басқа мәдениеттік материалдармен толтырады. Ал бізге қазір заман талабына сай электрондық, коммуникациялық технологиялар мәдениетіне көшуді үдете жалғастыру қажет болады, сонда біз жаһандану дауылына қарсы тұра аламыз, ұлт ретінде өзімізді сақтаймыз және рухани жаңғырудың заманауи мүмкіндігіне ие боламыз.

Адамзаттың қазіргі тарихи кезеңінде көптеген ортақ сұрақтар, жаһандану көшіндегі әрбір ұлт болмаса ел шешуге күш салып отырған проблемалар баршылық. Соның бірі бірегейлік немесе сәйкестік(*identitas*) мәселесі. Бірегейлік мәселесіне байланысты айтылып жүрген пікірлер мен белгілі бір қалыптасқан концепцияларға көз жүгіртсек бұл сұрақтың жалпы көп елге, ұлттарға тән көкейтесті сұрақ екенін көреміз. Сондықтан ұлттық бірегейлікті іздеу әлемдік қоғамдастықтың (өркениеттің) жаһандану дәуірі деп аталатын кезеңіндегі әлемдік рухани дағдарыстың бір көрінісі саналады. Бұл күрделі мәдени-гуманитарлық, антропологиялық, әлеуметтік сұрақ болып табылады. Бұл сұрақты құрылымдық – элементтік жағынан талдасақ ұлттық мәдениет, дәстүр, дүниетаным, ұлттық сана, моральдық нормалар дағдарысы сияқты кешенді проблемаларды байқаймыз. Бұл дағдарыстың екі жағы бар екенін де ескерген жөн. Оны объективтік және субъективтік деп айырсақ та болады. Біріншіден, сыртқы фактор, ол қазіргі әлем үшін негізгі өркениеттік парадигма болып табылатын- жаһандау процессі. Бұл ешбір ел, жеке ұлт тыс қала алмайтын қазіргі тарихи заманның болмысы мен даму траекториясы. Екінші фактор-осымен байланысты туындап отырған, бірақ өзіндік тарихи-мәдени, саяси-идеологиялық, рухани себептері бар ішкі, ұлтқа имманентті тән факторлар. Осы проблеманы ХХІ ғасырдағы қазақ ұлтының және ол негізін құрушы мемлекеттің проблемасы ретінде қарастырсақ. Ұлттың бірегейлігі мәселесі әрине, тек қазақ халқының басындағы жағдай емес, бұл бүкіл әлемдік тенденция, бірақ бұл ұлт өкілі маңызды роль атқарады. Жаһандану заманында ұлтты біріктіретін қандай факторлар, өлшемдер, құндылықтар бар және оларды қалай сақтау керек деген мәселенің зерттейтін қыры да, оған әртүрлі жауап беруіп жүрген гуманитарлық ғылымның саласы да жетерлік. Соның бірі-этнопедагогика екені талас туыдырмайтын шығар деп ойлаймын. Этнопедагогика саласының осы тұрғыдан көтеретін жүгі, атқаратын қызметі ерекше екені сөзсіз. Егер ұлттың негізі генетикалық іргетасы оның тілі дейміз, ол да талас туғызбайтын аксиома. Бірақ этнопедагогиканың да өзіндік маңызы атқаратын қызметі бар. Бұл туралы осы бағыттың негізін салған Волков та, басқалар да жиі айтып жүр. Меніңше педагогиканың бұл саласының пайда болуының өзі ұлт басындағы белгілі бір рухани-мәдениеттің дағдарысынан хабар береді. Бұл тек чуваш ұлты емес Ресейдегі және әлемдегі барша кішкентай халықтарға тән құбылыс. Тіпті Ресейдің ғалымдары да орыс ұлтының жағдайына алаңдаушылық білдіреді. Міне, осы жағдайда этнопедагогика ұлт үшін мәдени талқармаушылық сияқты көрінеді. Қазақстандағы ұлттық сәйкестік мәселесі көптен әңгіме болып, әртүрлі аспектіде пікір талас қозғалып жүрген тақырып. Бұл мәселе тек мәдени, ұлтаралық, мәдени, тарихи ғана емес саяси бағытта да көптен қайшылық, қоғамда жиі өткір пікірлер тудырып жүр. Бұл мәселенің бір ұшы тіл мәселесіне, азаматтық мәселесіне, ұлтаралық қатынас мәселесіне тіреліп жүр. Бұл жерде сәйкестендіру өлшемі мен бағыты да әуелден қоғам құлақ түрген сұрақ. Бұл сұрақты шешуге арналған, осымен айналысатын көзқарас ұстанушылардың дені екі бағыт бар екенін айтады. Оның бірі қазақтың өз ішіндегі

сәйкестендіруге қатысты болса, екінші сұрақ қазақстандық сәйкестік деген мәселе. Қазір екінші сұрақ көбіне «азаматтық» сәйкестік түрінде қаралады. Енді осы екі ұшты мәселені қалай шешуге болмаса әлдебір жолмен келістіріп, бір арнаға тоғыстыруға бола ма деген сұрақты қарастырсақ, басқа да ғылымдармен қатар этнопедагогиканың ерекше орны бар екенін байқаймыз. Жоғарыда бұл сұрақпен айналысатын ғылыми бағыттардың болмаса пәндердің баршылық екенін айттып өттік. Бірақ олардың көбі теориялық концепциялар, тұжырымдар. Олардың теориясы мен ұстанымдары арнайы, әсіресе үлкендер аудиториясынан асып, сыртқа шықпай жатады. Осы мәселені болашақта болдырмаудың, оны оңтайлы шешудің жолы бір жолы өскелең ұрпаққа ұлттық құндылықтарды тарату, ұлттық, дәстүрлі тәрбиені олардың санасына сіңіру екені белгілі. Ал осының бәрін қандай жолмен іске асыруға болады? Әрине, сірескен теорияларды, концепцияларды балалар мен жастар оқымайды. Оларға нақты пәндік, практикалық білім, үлгі керек. Оны тек қана осы этнопедагогика бере алады. Қазір біз «рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы көп айтамыз, ол бағдарламаны айтып, түсіндіріп, көптеген шараларды жүзеге асырып жүрміз. Өткізілетін шаралар жеткілікті. Бірақ ол осыны жүзеге асыруға тиісті, ұйымдастырылған жұмыс істейтін адамдар мен шараға қатысушыларға таныс. Ал қалған жастар осы ұлттық тәрбие мен құндылықтарды қайдан алады. Әрине, әлеуметтік желілер, интернет, теледидар хабарлары жеткілікті, бірақ оларды қызықпайтын адам қарамайды. Демек, осының бәрін мектепте немесе оқу орындарында оқыту қажет. Біздің жағдайымызда этнопедагогика екі қордаланған сұрақты түбегейлі шешпесе де, бағыт беруге үлес қосар еді. Біріншіден, ұлттық сәйкестік мәселесі. Бұл қиын проблеманың өзегі: тіл мәселесі яғни, ұлт өкілдерінің бәрі бірдей өз тілінде сөйлемеуі, ұлт арасында салт-дәстүрдің жойыла бастауы немесе олардың шектен шыққан жаңа формат ала бастауы, ұлттың өз ішінде діни, рулық, жүздік және т.б. сипаттағы бөлінісі, ұлт ішіндегі әлеуметтік-экономикалық жіктеліс, мәдени қайшылықтардың болуы, қандастар мәселесі, ауылдық және қалалық болып бөлінісі және т.б. Екінші мәселе қазақстандық сәйкестік деген сұраққа қатысты. Сондықтан этнопедагогика сияқты пән осы мәселені реттеуде маңызды рол атқаруы керек сияқты.

## **БОЛАШАҚ ҰСТАЗДАРҒА БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ**

**Қуджанов Ә.**

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті  
Шет тілін оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы*

*Аннотация*

*В данной статье рассматриваются проблемы, касающиеся воспитания и обучения будущих педагогов. Особый акцент сделан на их готовности развивать ценностные ориентиры у молодежи .*

Қоғам өмірінің жаңарып-жаңғыруы, демократиялық өзгерістерге бет бұруы педагог кадрлар даярлығының маңызды міндеті ретінде жеткіншектерге тәрбие мен білім беру процесін халқымыздың рухани-мәдени мұраларымен, өмірлік бай тәжірибесімен тығыз байланыста ұйымдастырып, ұштастыра жүргізуде қажеттілік туындайды.

Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Қоғам талабы – заман талабы, өйткені «Әр адам өз заманының баласы», сол себептен адамды заман билейді, заманына сай заңдылық та туындайды. Жас адамды есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы. «Ес түзелмей, ел түзелмейді», олай болса, егеменді еліміздің болашағы отбасында

тал бесіктен басталып оқу тәрбие орындарында есті ұрпақты тәрбиелеу ісімен шешілетін. «Тәрбие адам тағдырын шешетін ұлы іс» демекші білім беру мен тәлім-тәрбиенің бірлігіне негізделген бұл негізгі маңызды міндетті жүзеге асыру-әрбәр саналы азаматтың қасиетті борышы [1]

Қазіргі қоғам талабы-өз халқының мәдениетін, әдебиетін, тілін, салт-дәстүрін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті адамды қалыптастыру. Ол үшін бүгінгі студент-ертеңгі маман, ескінің көзіндей, жаңаның өзіндей болып, дүниежүзілік мәдениетті танитын төл мәдениетін сыйлайтын, оны таныта, сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық деңгейі жоғары, білімді, білікті болуы шарт. Ендеше, өркенді істерімізді, ертенімізді жалғастыратын, жерін, халқын жанымен сүйетін адал патриотты тәрбиелеу құзыры ұстаздарға жүктеліп отырғанын неге мақтаныш етпеске! Әрине, жаңа дәуір, тағдырымыз тап келген үшінші мыңжылдықтың жастарына құнды қасиеттерді дарыту оңай іс емес.

Бұл ұстаздар қауымына зор жауапкершілікті рухани ізгі қарым – қатынасты т.б. өз бойынан аса құнды қасиеттердің табылуын талап етеді. Сол себептен, ең алдымен жаңа ғасыр азаматтарын тәрбиелейтін болашақ ұстаздардың тәрбиесі мен білім беру ісіне қажетті көңіл аударған жөн.

Бала тұлғасының даму және адамгершілік-рухани тәрбиесі мәселесіне деген қазіргі кездегі жобаланған жаңа қатынас негізінен тәрбиедегі тенденциялыққа, формализмге және моральділікке қарсы бағытталған. Педагогика теориялары және әдістемелік жоспарлар бізді тәрбиенің мақсаты мен жоғары мотивтерге бағыттағанмен де, тәжірибеде бұл мақсаттардың ойдағыдай іске асуы өте сирек кездеседі.

Мұғалім – ол адамзат мәдениетінің әлемімен қатынас орнату арқылы басқа адамдардың тұлғасының даму жағдайларына, мінезіне және перспективасынан өзіне жауапкершілікті қабылдайтын ерекше кәсіптік рөл. Бұл кәсіптік рөл адамның адамға деген әмбебап қарым – қатынасты сипаттайды, юасқа адамдардың тұлғалық мәні, құндылықтар мен көзқарастар жүйесіне өзі енгізетін өзгерістерге жауапкершілікті анықтайды. Бұл міндеттерді шешудің принципіалды шарттары мұғалімнің ата – аналармен, оқытушы мен оқушы арасында қарым – қатынастың ерекше бір формасын ұйымдастыру іскерлігіне негізделетін сияқты. Осы қарым – қатынас типінің негізгі сипатын оның кезеңдері ретінде де белгілеуге болады.

Әрбір кезеңдерде сыртқы және ішкі мақсаттардың динамикасын белгілеуге болады. Ең басты бірінші кезең – ата – аналарға баланың жағдайларын белгілеуге болады. Ата – аналарға баланың жағымды бейнесін жеткізу, осыған орай әу – бастан тәрбиеші мен ата – аналар арасында болашақ ынтымаққа бағытталған мейірімді қарым-қатынас қалыптасады. Екінші кезең – ата – аналарға тілдесуде, ойында, тұрмыс балаға бере алатын білімді жеткізу. Үшінші кезеңде мұғалім ата-аналармен баланы тәрбиелеуде отбасы мәселелерімен таныса алатындай диалог құра білуі керек. Онда атап өтетін жағдай – диалогта мұғалім позициясы «бағалаушылық» емес, партнерлік (тең деңгейдегі қарым – қатынас). Төртінші кезең – баланы бірігіп зерттеу және адамгершілік-рухани тұлғасын қалыптастыру.

Ата – аналармен мұғалімнің мұндай мазмұнды эмоцияға толы, іс-әрекетті жанама қарым – қатынасының басты нәтижесі – балаға «жеткізілетін» өздерінің ұстанымдарын түзетуге бағытталған дайындық түріндегі ата – аналардың белсенді позициясы болу керек. Жоғарыда аталған сыртқы және ішкі мақсаттардың динамикасы сенімді іскерлі байланысты ұйымдастыруда мынандай: бірінші кезеңде «акценттерді ауыстыру» сыртқы мақсат болып табылады, ал ішкісі ата – аналармен сенімді қарым – қатынас орнату. Төртінші кезеңде сыртқы және ішкі мақсатта ұқсас болып келеді. Бұл өзінің стереотиптерін қайта құру негізінде бала тұлғасының руханилығы мен адамгершілігін бірігіп зерттеу. Өкінішке орай білім беру жүйесінде тек білім, іскерлік дағдыларымен қаруландыру, аялау және бұйыру, бақылау инстанциялар талаптарын қанағаттандыру мақсатын көздеген қарым – қатынастың негізінен оқу – тәртіптік моделі қалыптасқан. Мұндай қалыптасып келе жатқан тұлғаға біркелкі трафаретті ықпалдан айырылу үшін де, бала мен ересектердің өзара әрекеттесуін іскерлікпен қалыптастыруға бағытталған болашақ мұғалімдерді даярлауда альтернатива ұсынылуда.

Оның мақсаты:

- Психологиялық қорғаныс сезімін, өмір сүру қуанышын, әлемге сенімін қамтамасыз ету;
- өзіндік мәдениет базисін қалыптастыру;
- баланың даралығын дамыту.

Мұндай модель қарым – қатынас барысында олардың байқалатын даму мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі, бала өмірі мен денсаулығына қауіп тудырмайтын және адамгершілік нормалардың қайшы келмейтіндей барлығын шешіп қарастырады, «бағдарламалауды» жояды, тұлғаның дамуына әрекеттеседі, өзіндік логиканы анықтау мөлшері бойында динамикалық түрде жобалайды. Мұндай қатынас педагогтың тұлғалық позициясын түзетеді және анықтайды, яғни бала қызығушылығынан, оның әрі қарай даму перспективаларынан негізделу және балаларға деген манипуляторлық қатынасты жою. Бала интеллектісі әлеуметтік белсенділікке қосылуы керек.

Бала тұлғасының адам адамгершілік – рухани дамуы шарты ретінде мұғалімнің өзіндік өзгеруі, өздігінен жетілуі әр түрлі өзгерістерді оқушының құндылық бағыттары жүйесінде және мінез – құлқындағы позитивті өзгерістерді тудырады. Мұндай қатынастың мән – мағынасын анықтау үшін ересектерге тән баланы билеу сенімінен айыру қажет.

Әлемді эстетикалық және адамгершілікті меңгеру негізінде жатқан өзінің өмірімен байланысын және тұтастығын ойлау балаға тән екендігін алға ұстау. Мұғалім баламен және оның ата – аналарымен тек тұлғалық қатынасты орнату негізінде әлеуметтік позицияларды анықтап алады.

Осы міндеттерді шешу үшін қабілетті, стресске тұрақты, шығармашыл, әрқашан өзін бағалауы арқылы өз кемшіліктері мен құмарлығын жеңе алатын педагог қажет, ал бұл өз кезегінде – педагогикалық әрекеттерден құралатын негіз.

Қай маман иесі болсын, әлеуметтік – экономикалық жағдайына қарамастан, педагогикалық қызметті қаласа да, қаламаса да араласатыны хақ. Тіпті бірге жұмыс істеген адамдарға ықпал ете алса, оның өзі тәрбиелік мәнге ие. Сондықтан кімде – кім болсын тәрбиелік қателіктер жібермеуге алдын – ала дайын болуға саналы бойсынғаны жөн. Балалардың қателіктері – ересектің жіберген кемшіліктері. Егер бала көңілдегідей болмай шықса, бұған оны қорғаған тәрбиешілер кінәлі екенін саналы мойындамағанынша, адами құндылық тәрбиелері межелі нәтиже бермейді. Ендеше тәрбиені мақсатты да, мазмұнды ету үшін, мектепте педагогикалық жағдай жасалу керек. Ал, педагогикалық жағдай дегеніміз – оқушыны жақсы ой, жағымды мінез, пайдалы әрекеттерге жетелеп, ұмтылыс жасайтынына ықпал ететін педагогикалық шарт. Рухани – адамгершілік тәрбиесінің педагогикалық шарттары рухани байлығы мен әлеуметтік ахуалын қамтиды. Мұны мектепте, отбасында оқушының ақыл – ойы, жүріс – тұрысы мен мінез – құлқына әсер ететін, оның бойындағы қабілеттерін дамытуға мүмкіндік туғызатын шынайы жағдайлар деуге болады. Яғни, туындаған жағдай жағымды болса, ол қауіп – қатер тудыруы мүмкін. Сондықтан мектеп рухани – адамгершілікті қасиет – құндылықты тәрбие беру барысында мұғалімдердің, ата – аналардың ықпалын арттыратын мынандай педагогикалық шарттарды белгілеп алуы тиіс: мотивациялық – мақсаттылық, ғылыми - әдістемелік, әлеуметтік, тұлғалық, интеллектуалды – эмоциялық, танымдық – шығармашылық, ақпараттық.

Бұл үшін, біріншіден, мұғалім рухани – адамгершілік тәрбиесіндегі алдына қоятын мақсатты анықтап алғаны ләзім. Педагогика ғылымының жүздеген жылдардан бергі тәжірибесіне сүйенсек, баланы рухани – адамгершілікті болуға тәрбиелеу өте қиын үрдіс. Себебі, қазіргі таңда рухани – адамгершілік қасиеттердің құндылығы төмендеп, озбырлық, арсыздық, ұятсыздық, көргенсіздік, мейірімсіздік, қатыгездік белең алып, осындай мінезі бар адамдардың жағдайы, керісінше ұяты бар адамдарға қарағанда тәуір секілді болып көрінеді. Бірақ, сырттан қарағанда, олардың жағдайы жақсы болғанымен, әлемді ұстап тұрған жақсылық пен жақсы адамдардың арқасында екенін олар іштей мойындайды.

Адамның адамгершілік түйсігі – оның эмоциялық танымы мен мінезіне де байланысты болатын күрделі құбылыс. Адамгершілік қасиеттер басқа да қоғамдық таным түрлерімен байланысты болады. Ол әсіресе, құқықпен тығыз байланысты. Адамгершілік тәрбиесі оқушылардың өзін-өзі дұрыс ұстауын қамтамасыз етеді. Яғни, қазіргі уақытта рухани-

адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру мақсатында түрлі педагогикалық теориялар мен шарттар қалыптасып отыр.

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің екінші шарты – біртұтас педагогикалық үрдіс ретінде танымдық, жастық қарым-қатынасқа қарай, нормаларға сай жүзеге асырылуы керек. Өйткені адамның танымындағы тұлғаның ар-ожданы, сезімі, жігері, дағдысы, әдеті, қоғамдық бағалы мінезінің қалыптасуы біртұтас педагогикалық үрдістің нәтижесі болып табылады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінің үшінші шарты: эмоциялық сезімдер, уайым, шынайы адамгершілік қатынастар мен олардың бір-бірімен байланысы және барлық адамгершілік сезімдердің тұтас түсінігі. Рухани-адамгершілік нормалары баланың сезімдік қабылдауының субъектілік ынтасына байланысты қалыптасады. Ал, адамдық сезім рухани адамгершіліктің қалыптасуына әсер ететін жүйелілік бастау мәнге және бұл ұғым адамгершілік шарттарына бағынышты болады.

Педагогтың балалардың субъективті адамгершілігін көрсететін адамдық әлемін білуі – төртінші шарт. Осының барлығы рухани – адамгершілік тәрбиені терең түсінуге көмектеседі. Сыртқы және ішкі қарама-қайшылықты игеру адамдық қасиетті тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Педагогикалық үрдістегі рухани – адамгершілік тәрбиенің бала рөліндегі қарама – қайшылықтарды, сұрақтарды, мәселелерді шешуде маңызы зор.

Рухани – адамгершілік тәрбиенің нәтижесі – бесінші шарты. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен сапалары қарым – қатынастарында қалыптасады. Рухани – адамгершілік тәрбие-дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары. Бұл ұжымдағы қарым – қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады.

Алтыншыдан, рухани – адамгершілік тәрбие жөнінде сөз еткенде баланың ерік – жігеріне, өзін - өзі бақылаушы жүйенің болуына да мән беріледі. Ол оның белсенді өмірінде, сөз бен іс бірлігінде, өмірдің қиын тұстарында өз тұжырымына адал қалуына әсер етеді.

Жетіншіден, рухани – адамгершілік тәрбиесінде баланың өзін-өзі тәрбиелеуі мен өзіндік-әрекеті болса, онда ол жақсы көмек болады.

Дамудың қайнар көзі қарама-қайшылықтырдан тұрады. Демек, баланың дамуы күрделі үрдіс. Бұған негізінен үш фактор әсер етеді: тұқым қуалаушылық, тұқым, тәрбие. Жеке адамның қалыптасуында, әсіресе әлеуметтік ортаның әсері зор екені көптеген ғалымдар тарапынан зерттелген.

Өмірде жас ұрпақты «көше тәрбиелейді», «ортаның тәрбиесі» және т.б. түсініктер жиі қолданылады. Демек, әлеуметтік жағдайлардан туындаған мәселелер бүгінгі сұраныстарды қанағаттандыруға көздейді. Ал, адам табиғаттың бір бөлшегі және ол қоғамнан тыс өмір сүрмейді, бүкіл кеңістіктен бастап адасды қоршаған нәрселердің барлығы: болмыс, дүние оның қалыптасуына өзіндік тұрғыдан ықпал етті. Осы тұрғыдан алғанда, мұғалімнің жеке басына қойлатын талап, ең алдымен, оның адам ретіндегі сапасының жоғары болуына келіп тіреледі. Ал оны, әрине болашақ мұғалімдерді даярлауда жетілдіріп отыру қажет. Әрине, бұл өте күрделі үрдіс. Ол шартты түрде мынадай бөліктерден тұрады:

- мұғалімдердің әлеуметтік-жүйелілік жоғары сапалары, саяси сауаттылығы, демек азаматтық болмысы, ұлтжандылығы және т.б. ізгі қасиеттері;
- олардың құндылық дүниесі, құндылық бағдарлары сипатталатын рухани-адамгершілік сапасы;
- олардың психикалық даму деңгейі;
- интеллектуалдық даму мен ойлау сапасы;
- өз білімін оқушы жүрегіне еркін ұялата аларлықтай әдіскерлік шеберлігі .

Шәкірттер өз ұстаздарының жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, дүниетану көзқарастарына еліктемей тұра алмайды. Ұлы орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да, ешбір орынның жасанды әрекеті де оның орнынбаса алмайды» [2]. Бұл туралы француз жазушысы әрі ойшылы Антуан де Сент-Экзюпери де «Әлемде сезімін оятуға ешкім жәрдемдеспеген көп адам бар. Адамның адамгершілік негізін ояту, ең алдымен мұғалімдерге жүктеледі. Мұның өзі үлкен тәрбиелік мәселе» деп бекер айтпаған [3]. Сондықтан, ертеңгі ел

иелерінің, жеткіншектердің рухани байлығын яғни қоғамымыздың жалпы гуманизациясын қалыптастыратын білімді, рухани байлығы мен мәдениеті жоғары, адамгершілік, имандылық, ізгілік мінез-құлқы қалыптасқан болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесіне ерекше көңіл аударған жөн.

#### Әдебиеттер:

1. Өтебаева Ә. Рухани- адамгершілікке тәрбиелеу // Қазақстан мектебі, 2016, №10, -70б.
2. Иржасова Ж.С. Новый подход к проблеме духовно- нравственного воспитания и развития личности ребенка в системе профессиональной подготовки учителя // Образование, 2016, №2(26). –С. 101
3. Сманов.Э., Тлеуова.С. Болашақ ұстаздардың құндылық бағдар жүйесін қалыптастырудың мәні мен мазмұны // Ұлт тағылымы, 2013, №2. -76.

## **ТРАДИЦИИ ЭТНОПЕДАГОГИКИ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ ЦЕННОСТЕЙ МОЛОДЕЖИ**

Г.Г.Жубангалиева, магистр  
Университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау

А.С.Тухтарова, учитель русского языка  
средняя школа имени М.Ауэзова  
Атырауская область

Ключевые слова: этнокультурные ценности, этническая идентичность, социокультурная сфера, этносы, государственная интеграция, многогранное развитие

#### **Аннотация**

В статье авторы на основе этнопедагогических идей рассматривает закономерности учебно-воспитательного как фактора воспитания и формирования социокультурных ценностей молодежи.

#### **Аннотация**

Мақалада авторлар этнопедагогикалық идеялар негізінде жастардың элеуметтік-мәдени құндылықтарын есте сақтау және қалыптастыру факторы ретінде оқыту мен тәрбиелеу заңдылықтарын қарастырады.

#### **Аннотация**

In the article, the author, considers the patterns of teaching and education as a factor in the upbringing and formation of socio-cultural values of young people on the basis of ethnopedagogical ideas.

Образование является одной из ключевых сфер реализации этнокультурных интересов населения. Основной идеей является модель образования, ориентированная на сохранение самобытности этнических групп и одновременно освоение ценностей и стандартов других культур. Здесь важно обратить внимание на то, что при этом не утрачивается этническая идентичность. Стратегия этнокультурного образования направлена на осуществление двух взаимосвязанных целей: этнокультурная идентичность и государственная интеграция.



Состояние этнической идентичности, т.е. самосознание как представитель своей культуры, своего народа, носителя духовных ценностей своих предков достигается, прежде всего, через созданную народом социокультурную сферу, в которой одной из ключевых позиций, после семьи, занимает учебное заведение, вуз [1].

Государственная интеграция - это достижение единого интегративного поля успешного взаимодействия представителей всех этносов в государстве. Этническая идентификация народа, населяющего Казахстан, способствует утверждению единого поликультурного пространства, где образование является средством формирования национального самосознания, реализации культурно-языковых интересов. Ведь именно образованный человек является частью исторической и культурной традиции. Он осознает принадлежность к определенному этносу, у него сформированы культурные характеристики, стремление к осмыслению своей деятельности, высшим духовным ценностям. В первую очередь человек осознает себя как представитель этноса, носитель культурных ценностей народа, преемник национальных традиций родной культуры.

Продуктом этнокультурного образования является поликультурная личность. Знание родного и государственного языков, изучение иностранного языка расширяют кругозор личности, содействуют ее многогранному развитию, способствуют формированию установки на толерантность и всестороннее видение мира. Гуманизация личности предусматривает поликультурное образование, через сознание истории своего народа, осмысление этнической принадлежности, национальный менталитет, преемственность поколений, изучение народов, символов, традиций, стереотипов. Знание истории родного народа порождает чувство общности судеб народа, живущих вместе многие века.

Духовность народа - это его культура. Гуманизация личности через этнокультурное образование означает духовное начало, дающее предпосылки для всестороннего, поликультурного развития личности. Преподавание географии, страноведения, этнографии, экологических дисциплин способствует географическому сознанию, т.е. сознанию родного края, родного очага, чувство Земли как общего дома, Казахстана, как общей родины, чувства ответственности за общий дом и за природу страны. Экологическое образование лучше всего воспитывает в детях чувство патриотизма, уважение к родной земле, народу. Ощущение личной причастности к культуре народа происходит через художественно-эстетическое сознание: тягой к прекрасному, способностью ценить красоту, художественный вкус, изучение лучших образцов родной и мировой литературы, музыки, живописи, театрального искусства.

Новые знания человек способен усвоить только тогда, когда он в полной мере познал культуру, духовный потенциал, наследие своего родного народа, умеет успешно взаимодействовать на иностранном языке, и осведомлен о некоторых важных культурных реалиях этого народа, его духовных ценностях. И чтобы выйти на такой уровень общения ему необходимо, в первую очередь, постичь культурные, духовные ценности своего народа. Выход на межкультурный уровень общения возможен только через призму родной культуры, а именно в рамках изучения этнопедагогических воззрений, исследование этнопедагогических проблем в условиях гуманизации образования.

Концепция народной педагогики включает множество проблем воспитания и обучения, сохранивших свою актуальность до наших дней. Научно-педагогический интерес в этнопедагогике вызывает также вопросы, использование средств, методов и приемов воспитательного воздействия на детей и молодежь. Культура - это всеобъемлющий компонент педагогического процесса и неотъемлемый атрибут любого языка мира, т.е. другая сторона одной медали.

Как фактор преемственности накопленного человечеством опыта, социальных и нравственных ценностей, культура оперирует понятием «справедливость», «красота», «добро» и т.д. Она определяет ведущие ценностные категории для всех поколений и не может существовать вне и помимо человека. Богатство его способностей, форм общения и видов деятельности направлено на создание различных ценностей. Одна из особенностей

культуры в том, что обладая множеством ценностей, она объективно дает возможность человеку при ихприятии сделать самостоятельный выбор [3].

В современном образовании происходит ориентация на индивида, на развитие личности, что превращает культуру в важнейший фактор духовного обновления как общества в целом, так и отдельной личности.

Именно культура выступает связующим фактором между социальным и генетическим в личности, делает человека членом цивилизованного общества.

Пренебрежение национальным, мировым, историческим и культурным наследием, законами общественного развития, развития природы приводит к снижению уровня образованности и культуры, а также социальной зрелости специалистов, вследствие чего возникают социальная напряженность, экономические осложнения, конфликты на национальной почве. В результате дестабилизации общества ухудшается его морально-нравственное состояние, и оно становится менее гуманистичным.

Гуманитарные знания - это все то лучшее, что было когда-то задумано, сказано, написано об опыте человечества. Знания облагораживают человека, расширяют его кругозор, развивают в нем чувство долга перед своим народом и человечеством в целом, направляют его на истинный путь, помогают разбираться в сути вещей.

Понятие «ценность» стало одним из наиболее употребляемых в сфере гуманитарного знания. Нынешний момент в истории нашей страны представляет собой некий переходный этап к новому состоянию общества. С точки зрения педагогики, этот переход означает наличие установки на перемены, провозглашающие в качестве одного из главных приоритетов образования гуманизацию, ставящую в центр педагогических усилий личность ребенка [4].

Во все времена, у всех народов накопленные духовные ценности передавались из поколения в поколение. В современной полиэтнической образовательной среде также доминирует необходимость решения важнейшей задачи – воспитание личности, признающей общечеловеческие, этнокультурные ценности и культурные достижения других народов. Одним из подходов, способствующих воспитанию молодежи в условиях поликультурной среды, является привлечение лучших традиций народной педагогики. Именно в ее недрах формировались, оттачивались базовые духовные ценности и идеалы: бескорыстие, совесть, трудолюбие, любовь к Родине, к матери и семье. Народную педагогику принято рассматривать как исторически сложившуюся совокупность сведений и воспитательного опыта, сохранившихся в системе этических и эстетических идеалов, норм, в национальных традициях, устном народном творчестве, языке, своде правил поведения и воспитания, обычаях, обрядах, детских играх и игрушках. Основанные на принципах народного воспитания, эти социальные ценности, заложенные в многовековом сознании народа, располагают неограниченными воспитательными возможностями для обогащения собственной внутренней культуры личности.

Народная педагогика социальна по своей природе. Процесс социализации ребенка предполагает активное взаимодействие его с окружающим миром и включение его в образ жизни общества, на двух уровнях: семейном и общественном. Эти традиции, в свою очередь, затрагивают отношение ребенка к самому себе как личности, к другим людям (к родителям, к ближайшему окружению, сверстникам и пр.) и к миру (к стране, культуре, к природе, к окружающим предметам). Являясь основополагающими элементами в процессе нравственного воспитания подрастающего поколения, семейные и общественные традиции определяют человеку желательный идеал личности, жизненную программу «каким следует быть», а также те ценности и цели, исходя из которых, он будет руководствоваться при совершении определенных действий и поступков.

В народной педагогике раскрываются исторические и природные особенности условий жизни, быта, традиций, взаимоотношения людей, воспитательные ценности которых выражаются в обычаях, обрядах, поверьях нравах, в многочисленных произведениях народного искусства. Смысл существования многих старых обрядов и обычаев невозможно

объяснить, так как они не имеют видимой связи с сегодняшней действительностью. Тем не менее, они прочно сохраняются, переходят от поколения к поколению, оказывая влияние на современный образ жизни людей.

Традиции, семейный уклад жизни воспитывает в молодом человеке лучшие человеческие качества подлинно народного характера: заботливое отношение к детям, больным, слабым, сиротам, терпение, скромность, гостеприимство и другие.

Традиции народной педагогики и этнокультурных ценностей этноса тесно взаимосвязаны и взаимообусловлены в своей сущности, специфике и общественной значимости. Народная педагогика и этнокультурные ценности является разновидностью этнических ценностей, отражением этнического самосознания, связанного с самоопределением этнической принадлежности и осознанием своего места среди других общностей

В современных условиях поликультурной среды интеграция традиций народной педагогики в процесс формирования этнокультурных ценностей молодежи имеет важную социальную значимость, так как не только способствует возрождению национальных культур, но и является условием преодоления многочисленных проблем в области межэтнического взаимодействия народов. Так использование различных сравнительно-сопоставительных методов при изучении школьниками народно-педагогических традиций разных народов помогает избежать межнациональной нетерпимости, способствует выявлению общности духовных истоков разных этносов и их гуманистических ценностей.

Проблема приобщения подрастающего поколения к этнокультурным ценностям средствами традиционной народной педагогики поднималась лучшими отечественными просветителями. В кругах русских философов и просветителей вынашивалась мечта о создании школы, в которой в полной мере могла быть представлена традиционная культура патриотического, художественно-эстетического и национального воспитания.

Современная образовательная практика выявила необходимость разработки концептуально-теоретических подходов к изучению проблем развития региональной образовательной системы, которая должна являться составной частью образовательного пространства Республики Казахстан. В основе ее определяются цели и задачи в обеспечении исторической преемственности поколений. Однако перед педагогической наукой и системой образования возникает целый ряд теоретических и практических проблем. Одна из них связана с изучением механизма трансляций умений, знаний и навыков в средство формирования этнокультурных ценностей личности. По мнению Белогурова А.Ю., «содержание одной из проблем заключается в нарушении баланса единого образовательного пространства, связанное с введением общероссийских образовательных стандартов и отсутствие четких требований к реализации этнокультурного компонента. С одной стороны, в рамках обязательных дисциплин идет процесс приобщения к общецивилизованным ценностям и знаниям, с другой стороны, в рамках этнокультурных курсов реализуется стремление к самоидентификации личности. Таким образом, в структуре образования нарушается связь между целым и составляющими его частями, между спецификой этнокультурного образования и его неспособностью интегрироваться в образовательном пространстве» [1, с.100].

В результате данных противоречивой тенденции возникают проблемы и в практической плоскости реализации этнокультурного компонента. Как показала школьная практика, этот процесс осуществляется, чаще всего, в произвольной форме. В большинстве случаев затрагиваются фрагменты чужой культуры, взятые из общего контекста. В результате изучаемый материал воспринимаются без осмысления и теряется комплексное представление о данной культуре. Часто возникает проблема культурологической подготовки учителя, связанная с использованием местного материала в узких рамках только своего региона.

Остается дискуссионным вопрос о месте этнокультурного компонента в учебных планах и рабочих образовательных программах. Отсутствует необходимое учебно-методическое обеспечение, нет методических рекомендаций по проведению данных занятий, недостаточно

подготовлены педагоги, способные осуществлять полноценный образовательный процесс. Эти факторы стали причиной возникновения ситуации, при которой приобщение детей к традиционной культуре в образовательных учреждениях не ведется или носит локальный, несистемный характер.

Внедрение инноваций в область этнокультурного образования невозможны без подготовки педагогов в области этнокультурного образования. Наше общество нуждается в педагоге, принявшем и усвоившем систему общечеловеческих и духовно-нравственных ценностей отечественной культуры, знающем основы традиций народной педагогики, национальной и мировой культуры. Этнокультурная компетентность педагога предполагает умение транслировать этнокультурное содержание (систему знаний, понятий, представлений о традиционной культуре), в конкретные воспитательные задачи.

В современных условиях составляющими элементами образовательных технологий в подготовке компетентных специалистов этнокультурной направленности являются:

- этнокультурная грамотность;
- межкультурная компетенция;
- навыки этнокультурного диалога.

При этом от педагогов требуются инициативность и ответственность, умение творчески решать профессиональные задачи.

